

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІГІ
Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҰЛТТЫҚ ТАРИХТЫ ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ ӨЛКЕТАНУ РӨЛІ

Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті және Тәуелсіздік
күніне арналған
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
материалдары

АТЫРАУ, 2013ж.

29 қараша

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

АКИМАТ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

**АТЫРАУСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ Х.ДОСМУХАМЕДОВА**

МАТЕРИАЛЫ

*республиканской научно-практической конференции,
посвященной*

*Дню Первого Президента Республики Казахстан и
Дню Независимости*

РОЛЬ КРАЕВЕДЕНИЯ В ИЗУЧЕНИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИСТОРИИ

АТЫРАУ, 2013г.

29 ноября

УДК 908
ББК 26.89
743

Баспаға ұсынған Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің редакциялық баспа кеңесі

Редакциялық алқа

Төраға:

Б.Б.Мамраев – ф.ғ.д., профессор, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры

Редакциялық алқа мүшелері

Б.А.Жаутиков, Ж.Т.Таңатарова, Р.Ш.Абдинов, Ж.Е.Балтоғаева, Л.Б.Бердыгужин.

743

ҰЛТТЫҚ ТАРИХТЫ ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ ӨЛКЕТАНУ РӨЛІ Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті және Тәуелсіздік күніне арналған респуб. ғыл.-тәж. конф. материалдары = **РОЛЬ КРАЕВЕДЕНИЯ В ИЗУЧЕНИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИСТОРИИ материалы** респ. науч-практ. конф. посвященной Дню Первого Президента Республики Казахстан и Дню Независимости.

Республики Казахстан. – Атырау: Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, 2013 – 230 б. – қазақша, орысша

ISBN 978-601-262-087-0

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті және Тәуелсіздік күніне арналған республикалық-ғылыми тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы.

Материалы республиканской научно-практической конференции, посвященной Дню Первого Президента Республики Казахстан и Дню Независимости.

УДК 908
ББК 26.89

ISBN 978-601-262-087-0

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспа орталығы, 2013.

Университет ректоры, профессор
Б.Мамраевтың «Ұлттық тарихты зерделеудегі өлкетану рөлі» республикалық ғылыми - тәжірибелік конференцияға арналған алғы сөзі

Құрметті конференцияға қатысушы ғалымдар мен қонақтар және ғылым жолындағы жастар!

Бүгінде қарқынды экономикалық дамуымен, демократиялық бастамаларымен, сенімділігімен және бейбітшілік сүйгіштігімен әлемдік қауымдастыққа Қазақстан кеңінен танымал болып отыр. Осыған орай тәуелсіздікті нығайту, отаршыл саясаттың зардабынан жоғалып кетуге шақ қалған өткен тарихымызды қалпына келтіріп, оның белгісіз парақтарын ашу міндеті біздің алдымызда тұр. Бүгінгі Тұңғыш Президент күні қарсаңында өтіп отырған «Ұлттық тарихты зерделеудегі өлкетану рөлі» атты конференция соның дәлелі.

Отансүйгіштік сана-сезімді тәрбилеуде Қазақстан тарихының алатын орны ерекше. Тарих ғылымының тыңғылықты зерттелуі қоғамымыздың дамуына сүбелі үлес қосары сөзсіз. Сондықтан да, мемлекет тарапынан өткеніміз бен бүгінгімізді мұқият саралау үшін салмақты қадамдар жасалуда. Н.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек» деген болатын. Елбасы «Тарих толқынындағы халық» атты тарихи зерттеулердің арнаулы бағдарламасын жасауды ұсынды. Осының нәтижесінде Қазақстан республикасының мемлекеттік хатшысы Марат Тәжиннің ұлттық тарихты зерделеу жөнінде өткен кеңейтілген отырыстағы «Нағыз ұлттық қадір-қасиет тарихтан басталады» деген,- сөздері жаппай қолдауға ие болғанды.

Тарихсыз қоғамның, халықтың, мемлекеттің болуы еш мүмкін емес. Тарих туралы әңгіме қозғағанда бір жағынан тарихтың өзін дәлдікпен, деректілікпен маңыздылығы қандай болса, оның түпкі мазмұнының шырқын бұзбай, соншалықты нақтылықпен келер ұрпаққа жеткізу - парыз. Негізінен, «тарихтың өзі екшейді, өзі әділдігін айтады, өзі бағасын береді» деген сөз бар. Демек, тарихтың қоғамның, халықтың, жеке адамның сана-сезіміне, зейін-зердесіне және мәдени дәрежесіне тікелей байланысты екендігін жоққа шығаруға болмайды. Тарих мемлекеттің, қоғамның өркениеттілігін көрсетеді. Өкінішке орай, біздің еліміздің талай ұрпағы Кеңес үкіметі заманында тарихты тек бұрмаланған жағдайында ғана оқып білді. Мемлекетіміз тәуелсіздігін алып, бұрынғы идеологиялық, әкімшілік-әміршілдік құрсаудың бұғауы үзілген соң, тарихымызға да шыншылдықпен бет бұрдық. Осы тұста тарихты білу күрделілігіне кереғар жағдай, қазақ тарихын жазушы «білгіштердің» көбейіп кеткені де шындық. Осыдан келіп «төл тарихымызға деген адалдықты, әділдікті бойымызға қалай сіңіреміз?» деген заңды сұрақ туындайды. Тарих ғылымының салалары сан алуан екендігі айғақты дүние. Осы бағытта деректану, тарихнама, әртүрлі пікірлерді сараптау және археология мәселелері назардан тыс қалмау керек. Соның ішінде халқымыздың рухани өміріне қатысты мәдениет тарихы мен қоғамымыздың, мемлекетіміздің даму тарихының орны да, маңызы да ерекше.

Атырау өлкесі және Қазақстанның батысындағы - Ақтөбе, Орал, Маңғыстау облыстары мен Арал аймағы - Тұран мен Европаның, Тұран мен Иранның, Тұран мен Таяу Шығыс елдерінің өзара ықпалдасу үдерістеріне маңызды роль атқарғаны ғылыми болжам түрінде қалуға тиісті емес, оның тарихи шындығын ашу, бүгінгі форумды ұйымдастырушы ғалымдар мен зерттеушілердің еншісінде деп білемін.

Өлке тарихшыларының алдында көптеген міндеттер мен жұмыстардың тұрғаны да айқын. Өлке тарихын тың мұрағат құжаттары негізінде кешенді түрде зерттеуді, жаңаша тұрғыдан зерделеуді жүзеге асыру қажет. Осы зерттеулердің нәтижесінде өлкеміздің жаңа энциклопедиясы түзілсе құба-құп болар еді. Туған өлкені зерттеп білу әрбір адамға қажет екендігі есте болғаны жөн. Өйткені, өз өлкесін, оның өткені мен бүгінін, мәдениеті мен экономикасын жақсы білмейінше, өз Отанының патриоты болу қиын. Ал, өлкетанушы дегеніміз - белгілі бір мамандықтың иесі емес, бұл әрбір азаматқа қатысты мәселе. Осы тұрғыдан алғанда жас жеткіншектер санасына, олардың келешекте қай мамандықтың иесі болса да өз өлкесін жақсы білетін азамат болып шығуы қажеттігін ұғындыра білудің маңызы айрықша.

Өңірімізде жер бетінде қараусыз, ұмыт қалған қорымдар, ондағы бейіт-құлпытастардағы ескі араб жазулары өлкенің ХҮІІІ ғасыр, одан арғы тарихынан, өлке тұрғындарының рулық-тайпалық, саяси-экономикалық өмірінен белгі беретін жәдігерлер ретінде жойылып кету жағдайында. Бұларды анықтау, олардың ғылыми құндылығын айқындау және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері С.Әжіғали бастаған бір топ ғалымдары үлкен роль атқарды. Олай болса, туған өлкенің тарихи жәдігерлерін жинақтау, зерттеу жұмыстарына облыс ғалымдары мен өлкетанушыларын қатыстырып, республикада белгілі ғалымдардың басшылығымен бірлескен ғылыми жобалар жасаудың уақыты жетті.

Атырау облыстық әкімшілігі және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің бастамасымен ұйымдастырылып отырған осы Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция - Атырау аймағының өткен тарихы мен қоғамдық-рухани өміріне елеулі жаңалықтар енгізіп, жаңаша іргелі зерттеулерге жол ашады деп санаймын. Сонымен қатар, алдағы жұмыстарымызға бағыт-бағдар көрсететін, ғылыми-теориялық тұрғыда бірлескен зерттеулерді жоспарлауға ықпал ететін ғылыми шара болады деген сенімдемін. Конференция жұмысына ғылыми-шығармашылық тұрғыда сәттілік тілеймін!

ӨЛКЕ ТАРИХЫ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мәжитов Саттар Фазылұлы

Ресей жаратылыстану және Халықаралық ақпараттандыру академияларының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының аға ғылыми қызметкері (Алматы қаласы), sattar_f@mail.ru

Қазіргі кезде елімізде қалыптасқан мемлекет құрылды деген сөз жиі айтылуда. 2012 жылдың 14 желтоқсанында Қазақстан Президенті халық алдында жария еткен «Қазақстан - 2050» Стратегиясында бұл ұғым өзінің орнын тауып, ерекше мәнге ие болды. Қазіргі заман тарихы үшін мұндай шегеленіп айтылған ойлар өте маңызды, методологиялық ұстанымға тең. Сондықтан 2013 жылдың 5 маусымынан бастап отанымызда ұлттық тарихқа қойылатын талаптар күшейтіліп «Халық тарих толқынында» атты мемлекеттік бағдарламаға жол ашылды. Расында қалыптасқан және әр мемлекеттің негізін қалайтын халық. Олай болса ол өзінің тарихынан дәрежесіне теңдес орнын алуға тиісті. Мұндай қалыпқа оны жеткізетін ең алдымен кәсіби тарихшылар қауымы. Осы сәтте соңғылардың жұмысы көбейіп ғана қоймай, әлеуметтік, яғни халық алдындағы жауапкершілігі арта түседі. Халықтың тарихын жазу үшін талап та қажет, қаһарлықта керек, ең алдыңғысы оны ішінен түсіну қиынға келетінін көпшілік кәсіби тарихшылар жақсы біледі. Адамдардың санасына тарихшының айтқан сөзі мен оның жазған еңбегінің тікелей әсер ететініні туралы аз жазылған емес. Кейбір жағдайда тарихтың қызығушылық қырларынан гөрі тарихшының бір ғана айта салған сөзі мен оның артында тұрған ойы арқылы адам санасы күрт өзгертіліп, адамзат тарихы беттері аударылып жатады. Сондықтан мемлекеттік деңгейде тарихты зерттеу ісімен оны жазу қолға алынып отырғанында белгілі бірізділік пен заңдылық байқалады. Әсіресе қайнап жатқан жаһандану мен нарық заманында мемлекеттің ұлттық тарихқа көңіл бөлуі халықтың өзіндік ерекшелігі мен оны ұлт ретінде сақталуына үлкен ықпал етеді.

Бүгінгі таңда отандық, яғни қазақ жерінің тарихы мен тарихнамасы замана талаптарына сай өзіндік трансформациялану көпірінен өту амалы алдында тұр. Мұндай жағдайда көптеген мәселелер күн тақырыбына қойылып іргелі және қолданбалы түрде зерттелуін қажет етеді. Соның бірі - өлке тарихы. Ғылыми және өмірлік тәжірибеде бұл тақырып әрине тамыры ертеде жатқан еңбектерден етек жайып белгілі мағынада зерттеу нышанына айналған. Дегенмен тарихтың әр саласы бірдей зерттеліп қарқынды дамып жатыр деуден алшақ болғанымыз жөн.

Ғылым тоқтауы жоқ тәулік мезгіліне жалтақтамайтын үнемі мәңгілік құбылыс. Ол бір сәтте секунд сайын жаңалықтар ашып тұратын, ал басқасында адамзатты жылдар мен ғасырлар бойы өз нәтижелерін күттіріп қоятын сипатқа ие. Осыған сай өлке тарихының да беттері мен қырлары бір мезгілде өз сырыларын ортаға ақтара салмайды. Тіпті кейбір құпияларын болашақ ұрпақ үшін жасырып қалатындай болып көрінеді.

Өлке тарихы жалпы отандық тарихпен тығыз байланысты болғанымен көбінде көленкеде қалып жергілікті өлкетанушылар иелігінен аса алмайтын халге ұшырайды. Бұның бастапқы себебі өлке тарихының тарихтың басқа да салалары сияқты тиісті теориялық-методологиялық негізге бейімделмей ақсап жатқанында. Жасыратыны жоқ еліміз егемендік пен тәуелсіздік алғалы жалпы отандық тарихымыздың сүбелі және ең маңызды мәселелерін енді-енді теория мен методологиялық тұрғыдан тазартып аяғынан тұрғызып жатырмыз. Өлке тарихына назар аударсақ ол әлі де сол фактаждық жергіліктік жұпынымен жамылып жүргендігі бірден көзге түседі. Сондықтан ең алдымен жалпы тарих құрамындағы өлке тарихына қатысты мәселелерді анықтаған жөн сияқты.

Жалпы және жергілікті тарихтың өлке тарихын тануға қатынасы қаншалықты деген мәселеге көңіл бөлейік. Тарихи зерттеудің бұл екі тармағы да зерттеу үрдісіне қарағанда білімді жіктеуде жеңіл ерекшеленеді. Жалпы және жергілікті тарихта, қоғамның жетістіктері де, құрылысы да бір мезгілде зерттеледі, қоғамның жетістігіне қарап қоғамның табиғатын және оны құрған күштердің іс-әрекеті немесе керісінше қоғамның құрылысы арқылы қоғамның жетістігі өлшенеді. Алайда жалпы және жергілікті тарихта екі пән тепе-теңдікте болмайды, біреуінде бір пән, екіншісінде екінші пән артығырақ болады. Оны түсіну мақсатында жалпы және жергілікті тарих көлемінде тарихшының зерттеуі үшін көлемді мәлімет алу деңгейін салыстырып, алдына әлеуметтік сипаттағы мәселелер қойған тарихшыға қатысты қырларыды сараптаған жөн.

Жекелеген халықтардың аз немесе көп деңгейде пайдаланатын адамдар қоғамының жетістіктері, мәдениетке және өркениетке қол жеткізуі, олардың қызметінің ғана жемісі емес, барлық мәдениетті, яғни өркениетті халықтардың біріккен күшінің жемісі, оларға қол жеткізу барысы жергілікті өркениеттің жалпы адамдықпен байланысын ғана көрсететін бір ғана жергілікті тарихтың көлемінде ғана емес, адамзаттың жалпы мәдени жұмысы мен тірлігі барысында жинақталады. Бұл жұмыстың барысы мен адамзат қоғамының жалпы дамуының көрінісін пайымдаған жағдайда зерттеушілер олардың өлкелік тарихпен тығыз байланысты екенін ұмытып кетеді. Тіпті сол өлке тарихы жалпы тарихтың клеткасы екені ойдан тыс қалады.

Халықтар мен ұрпақтардың ауысуымен қоғам тәртібі өзгереді, бірақ тарихи даму өзегі өшпей, халықтар мен ұрпақтар, бірінен кейін бірі дүниеге келіп, біртіндеп белгілі мәдени қор жинақтап, ол ұзақ ғасырлық қордан бөлініп, бізге дейін жетіп, біздің өміріміздің құрамына еніп, біз арқылы бізден кейінгі ұрпаққа тарайды. Бұл күрделі үрдіс жалпы тарихты зерттеудің негізгі пәніне айналады; хронологиялық тәртіптің және себептер мен салдардың байланысы қоғам дамуындағы халықтардың өміріндегі бірлескен күшпен қол жеткізген табыстарын бейнелейді. Құбылысты өте үлкен көлемде қарай отырып, жалпы тарих халықтардың қол жеткізген мәдени жетістіктеріне көңіл бөле отырып, өлке тарихын көлеңкеде қалтырады. Жекелеген халықтың тарихы ерекше, яғни өлкелік тұрғыдан зерттелетін болса, зерттеушінің көзқарасы зерттеу пәнімен ығыстырылады. Мұндайдың қауіптілігі де бар. Өйткені оқиғаның мәдени мәні, тарихи жалғастығы мұнда өркениеттің негізгі мезеттері, адамзат дамуының сатысы ретінде қаралмай, тек түрі өзгерген қоғам үрдісіндегі жекелеген этнографиялық және хронологиялық көлемде зерттеледі. Ой адамзат қоғамының құрылысына, осы құрылысты тудыратын құбылыстың себептік байланыстарына, тарихи күштердің қасиеттері мен әрекеттеріне терең бойлап, өмірдің басқа жақтарына үлкен көңіл бөлінбей кетеді.

Жергілікті тарихты зерттеу тарихи социология, басқа да әлеуметтік пәндермен тығыз байланысып ұштасады. Олар үшін дайын және көлемді материал береді. Сондықтан өлке тарихы тағдыры туралы әңгіме қозғаған кезде пәнаралық зерттеулер ауадай қажет екенін естен шығармаған жөн.

Жалпы және жергілікті, яғни өлкелік тарихты зерттеу мәселесінің айырмашылығы көзқарастардың әр түрлі болуымен де байланысты. Тарихтың беттері бұрмаланып, мифологияға немесе аңызға айналуы осыдан туындайды. Ғылыми және кәсіби салыстырамалы зерттеулер жүргізуге өлкетанушылардың қабылеттері жетпей жатқан жағдайда олар міндетті түрде мамандарға қарай ат басын бұрып кеңесуге тиісті. Айтқандарына құлап салып ашқан «жаңалығын» лезде жария етуден аулақ болуы керек. Мұндай ұстаным көзқарастарды бірін-бірі жоққа шығаруға шақырмайды, керісінше толықтыра отырып белгілі немесе беймәлім тарихи құбылыс жөніндегі көпшілікке зиянын келтірмейтін түйіндер жасауға жол ашады. Тек жалпы және жеке тарих ғана емес, сонымен бірге, тарихты зерттеуші мен онымен шұғылданушының таңдауы бойынша жекелеген тарихи фактілер зерттеу нысанына айналуына мүмкін. Өлке тарихын жан-жақты тану үшін тарихи зерттеуде екі көзқарас та тиімді қолданылғаны дұрыс. Бірақ түсініктің тұтас реті тарихшыны жергілікті өлке тарихын зерттеу барысында жан-жақты немесе пәнаралық қатынастарды жақсы меңгерген маман болуына шақырады.

Өлке тарихы белгілі бір уақытта қалыптасқан адамзат өмірінің жиынтығынан емес, еш жерде қайталанбайтын алуан түрлі жергілікті және уақытша күшпен жағдайларының ауысуынан құралады. Тарихи сахнадағы халықтардың үздіксіз ауысуы, тарихи күштер мен жағдайлардың мәңгілік өзгерісі тарихи өмірді жоспарлылықтан және заңдылықтан шектейді. Белгілі бір елдің басқа жерде қайталанбайтын және болжай алмайтын тарихи шығармалары мен жағдайларын анықтайды. Өлкелік тарихтану адамдардың қарым-қатынасындағы және қоршаған ортамен күресте адамның ішкі табиғатының қалай ашылғанын біліп, тарихи үрдістің мазмұнын құрайтын құбылыстарды меңгеру барысында адам жасырын күшін қалай пайдаланғаны арқылы ашып көрсетеді. Мәңгіге кеткен ұрпақтың көз жетпес тізбегінің ізіне түсе отырып, өлкетану арқылы өзімізді, өзіміздің ішкі қасиеттеріміз бен күшімізді тану мүмкіндігіне ие болып, жер бетіндегі өмірімізді әрі қарай жалғастыруға жол ашамыз.

Дегенмен тұрмыстың жергілікті жағдайларына байланысты, тұтас халықтарда да және жекелеген адамдарда да адамзат табиғаты кездейсоқ және тұтас ашылмайды, ол жердің және уақыттың жағдайларына бағынады. Бұл жағдайлар бойынша тарихи үрдісте көрнекті орын алған жекелеген халықтар адамзат табиғаты күшінің белгілі бір жақтарын көрсете бастады. Дала, қала, теңізді меңгерген қазақ халқы ерекше күшпен әдеби шығармашылық пен философиялық ойлауды дамытты, жерін сақтады, найзаның үшімен тарихын жазды, ұрпақтарына бай материалдық және рухани мұра қалдырды. Өлке тірлігі мен болмысы, жердің жағдайы дегеніміз осы.

Тарихи үрдістің құпиясы елдер мен халықтарда емес, олардың ішкі ерекшеліктерінде, оның ішкі және сыртқы жағдайлары дамуының сәтті және сәтсіз сәйкессіздіктерінде сақталады. Сөйтіп олар өлке тарихының еншісіне айналады. Жергілікті ерекшелік ғылыми қызығушылық танытпай қоймайды. Әсіресе қазақтың дәстүрлі қоғамы, оны құрайтын жеке адам мен артефактілер қасиеттерге айналып, арнайы зерттеуді талап етеді. Барлық тарихтағы оқиғалар өзінің қазіргі заман тұрғысынан тарихи

шындыққа сәйкес болуын тілейді. Мұндай сәйкестікті көп зерттеген сайын, бұл жағдайлардың қасиеттері мен іс әрекеттердің ашылмай жатқан қырлары мен сырларын біле береміз. Осы жолмен жүрудің тәжірибелік мазмұны мен мәні бар. Оларды өмірдің өзі дүниеге әкеледі. Соларды түсініп ақиқатты парасатқа айналдыру өлке тарихын жан-жақты зерттеуден бастау алады. Жергілікті тарихты зерттей отырып, біз адам қоғамының құрамы мен оны құраушы элементтердің ішкі бөлшектерімен танысамыз. Жергілікті тарихты зерттеген кезде мәдени-тарихи және әлеуметтік көзқарастардың арақатынасы қандай жағдайда болу керектігін анықтағаннан кейін біз жалпы қоғамның даму жағдайлары, бұл жағдайлардың арақатынасы жөніндегі мәселені жақын зерттеуге көшеміз.

Жергілікті тарихты зерттеудің ортақ ғылыми мақсаты болуға тиісті. Бастысы тарихи құбылыстардан қандай мәселелерді іздеу керектігін біле отырып, халықтың жалпы адамзат тарихын зерттеуге қатысының ғылыми мәнін анықтауға ерекше назар аударылуға тиісті. Жер бетіндегі бірде бір халық әлемдік жалпы тарихи үрдістерден тыс қалмайды. Тым құрығанда оның бір шетінде жүреді. Әр халықтың даму қуатымен, осыған байланысты оның басқа халықтарға ықпал ету деңгейімен және адамзаттың жалпы дамуына ықпалымен дүние жүзі тарихы жазылады. Сондықтан белгілі халықтың жеке тарихы оның мәдени мәніне тікелей қатысты өзіндік ерекшелігімен маңызды. Осыны тарих мұхитынан сүңгіп жүріп аулау өлкетанушылардың міндетіне жатады. Мұнда зерттеушіге тарихи өмірдің технологиясын ашу мүмкіндігі туады және оған тарихи қасиеттердің сирек қайталанатын қырлары көріне бастайды. Бұл жағынан белгілі бір халықтың тарихының ғылыми мүддесі жергілікті сәйкестік санымен және қоғам қойнауан ашылған қасиетімен анықталады. Сондықтан да кейбір кезде өлкетанушылардың еңбектерісіз археологиялық немесе этнографиялық зерттеулерді жүргізу мүмкіндігі тумай жатады.

Қазақстанда өлке тарихын зерттеудің көптеген тәжірибелік үлгілері бар екендігі көпшілікке белгілі. Соның кейбір әдістемелік ыңғайлылықтарына назар аударсақ. Бұл ыңғайлылықтар:

- ✓ Қазақ жерінің қайсы бір өлкесін алмасақ оның тарихы өте бай болып келеді.
- ✓ Салыстырмалы тұрғыдан алғанда әр өлкенің тарихы ерекше келеді, бірақ олар ортақ бір халықтың еншісі болып есептелінеді.
- ✓ Жалпы тарихтағы халық өмірі жағдайларының өзіндік сәйкестігі.

Біздің тарихи өміріміз құрылысының салыстырмалылығы оның құрылымының ерекшелігіне бөгет болған емес. Мұнда басқа қоғамдардағы сияқты тарихи күштер мен элементтердің әрекетін байқаймыз, бірақ бізде бұл күштер біркелкі қысыммен қимылдайды да, басқа елдерде жоқ қасиеттер пайда болады. Осының нәтижесінде қоғам өзіндік құрам мен сипатқа ие болып, халық өмірі қозғалысының келеңсіз жылдамсыздығына әкелетін ерекше жағдайларға тап болады.

Осылай, біздің өткенімізден өлкетанушылар қазақ қоғамының жан-жақтылық икемділігін көрсететін көптеген құбылыстарды, оның қажетті жағдайға пайдалану қабілеттілігін және халық тұрмысқа қажеттілігіне қарай қалайша бейімделгені туралы мәліметтерді кездестіреді.

Дәстүрлі қазақ қоғамының ерекшеліктеріне қарамастан біздің қоғам жергілікті жағдайлардың ықпалымен және халық өмірінің қажеттілігіне сәйкес өзіндік келбетін сақтай білді. Бұл мәселені қарастыра отырған жағдайда ғана өлке тарихы ерекшелігінің алғашқы көзін табуға мүмкіндік туады. Барлық қазақ халқына ортақ тарих қоры сол жергілікті және өлкелік өзінділіктердің анағұрлым көбейуімен тікелей байланысты. Әр өлкеге көршілес елдер және жалпы олардың төңірегінде жүріп жатқан геосаяси үрдістердің әсер ететінін естен шағармауымыз керек. Осы жағдайлар өлкелік тарихымыздың бастан кешкен мезеттерін түсінуге, оларды тиісті түрде баяндауға көмектеседі.

Өлке тарихы тәжірибеснің негізін жалпы тарихта сияқты фактілер құрайды. Егер де жалпы тарихты жазу барысында олардың ең ірілері немесе маңыздылары ғана есепке алынса, өлке тарихында әр тарихи факт жекешеленіп қарастырылады. Бәрінен бұрын олардың шығу тегі мен түрі немесе пайда болуы анықталынады. Фактілерді тарихқа айналдырып жазу барысы жергілікті өлкетану әдістерімен ерекшеленеді. Бұл фактілер өлкелік мүдде мен оның тарихының мәнін ашуды көздейді. Сөйтіп ол белгілі өлкенің өткені туралы тарихи-ақпараттық жиынтығына айналады.

Кейбір кезде осы себептен мұнда жалпы тарихнамадағыдай тұжырымдамалар мен ой пікірлер жиі кездеспейді. Өлке тарихында жеке фактілерде көбірек көңіл бөлініп, ой-талғамдарға көп жол берілмейді. Ойлар мен түйіндер көбінесе жеке адамдардың өмірі мен қызметіне арналған немесе естеліктер мен қолжазбаларда жиі кездеседі. Таза күйінде фактілер ғылым мен әдебиет ескерткіштерінде, суретшінің шеберханасында немесе жақын адам үшін жасалған жеке шығармада көрініс табады. Сол себептен жергілікті немесе өлке тарихына арналған тарихты анасы мен мынасы жетпейді деп артық сынаудың қажеті жоқ сияқты. Оның толық немесе толық еместігін сөз жолдары арасынан іздестірген жөн. Жергілікті адамдармен сұхбаттасу әдістемесінің өзінде айтылған ғой, толық мәліметтің жеке тұлғадан ешқашанда алуға мүмкін еместігі туралы. Өйткені ол белгілі бір тарихи оқиғаны баяндаған кездің өзінде сұхбат алушымен әңгімелесу барысында оның қолданып отырған құралдарының әсерінен алаңданып айтайын дегенінің тең жартысын айталмай қалады.

Кез келген уақытта тарихи фактілер өлкелік тарихтың келбетін толық ашпайтыны туралы немесе оны бұрмалайтыны туралы ұмытпауымыз керек. Бұл жерде айта кететін нәрсе, неғұрылым тарихи оқиға туралы мәліметтейтін фактының қайнар көзі немесе дерек одан мерзімдік шеңбер тұрғысынан алғанда алшақ тұрса оның ақиқаттығы мен сенімдік танытуға болатын дәрежесі төмендей түседі. Бұған уақыт ғана емес ең бастысы техника мен ақпараттық технологиялардың өзгеруі ықпал етеді. Мысалы, Кенесарының 1837-1847 жылдары болған Ресей империясымен соғысы туралы мәлімет XX ғасырдың басындағы ақпарат көзі арқылы жеткен болса ол бір мәселе. Ал сол ғасырдың ортасындағы естелікте айтылса ол басқа болып табылады. Өйткені ғасырдың басында радио мен теледидар дамыған емес, тіпті газеттер мен журналдардың өзі кеңінен таралмаған. Сондықтан дерек көзінің мәліметі құндылау болады.

Өлкелік тарихты зерттеудің тәжірибелік мақсаты да зор. Ол отан тарихын зерттеудің реті мен әдісін көрсетіп береді. Бұл мақсатқа байланысты жергілікті тарихты зерттеудегі таза ғылыми нәтижеден басқа да мәселелер шешіледі. Өлке тарихы жалпы отан тарихының қолданбалы бөлігі емес, ол дербес қажеттілік пен ұмтылыстан туындайтын зерттеу саласы. Керісінші жағдайда ол адам баласы тарихи жадының жай ғана балансына айналып уақыт өте тарих ғылымының перифериясына немесе жетім баласына айналуы мүмкін. Осыған байланысты өлке тарихы мемлекет пен халықтың ара-қатынасын ерекше тұрғыдан көрсете білу қабылетін арттырып жалпы өзіне тән функцияларын байытуға тиісті.

Бүгінгі таңда өлке тарихы жеке тұлғаны зерттеу мақсатын арттыруға тиісті. Бұл – тарихты зерттеудің негізгі пәні. Тарихи тұлға, яғни жеке адам арқылы халықтың тарихи деңгейде танылуына ықпал етеді. Халықты тану жеке тұлға мен қарапайым адамның әлемдік деңгейге көтерілуінен басталады, одан көрініс табады. Әлемдегі өзінің рөлі мен ұлттық абыройын көрсете білмеген халықтың тарихы қоңыр тобырдың тарихына айналады. Ондай халықтың тарихы тарихи тәрбиелік мәнінен айрылады. Халықты тарихи тәрбиелеудің идеалы - қоғамның барлық элементтерін толық және дұрыс дамытуда, әрбір элементтің қоғам құрылысындағы қалыпты деңгейде әрекет етіп өзіндік таңбасын қалдыру болып табылады. Бұл тәрбие барысы - тек өлкелік тарихи зерттеу арқылы тексеріледі. Келешектің тікелей ісі – өлке тарихы мен халық тарихы мәселесін тепе-тең қалпына келтіру. Сан ғасырлық күшпен және құрбандықтармен осы күнге дейін жеткен Қазақстан тарихы өлкелік тарихтың сүтімен емізделген.

Егеменді тәуелсіз мемлекетті құрған халық, өзінің рухани және материалдық құндылықтарын ұпайлау үшін өлке тарихына бірнеше рет қайта оралып, шыққан тамырына су құйюға шаршамауы керек. Әр ел мен оның халқы ғылыми, қоғамдық-саяси, басқа салаларда басқалармен бәсекелесу үшін өлкетану ісін қолдарына алып жергілікті барлық мүмкіндіктерді пайдалануға тиіс. Өлке тарихы – ол біздің ата-бабаларымыздың ұзақ жылғы еңбегі мен маңдай терінің жемісі. Біз олардың не істеуге үлгермегенін білуіміз келсек әр өлкенің, оның ішінде қазақ ауылдарының сары сандықтарында сақталған, жер-жерінде көміліп қалған тарихи артефактілерді іздестіру жолдарын анықтауымыз қажет.

Өлкелік тарихи зерттеу - адамдар ауыр сезінетін қоғамдағы сәйкессіздіктерді, оның шығу тегін ашады және бұзылған тепе-теңдікті қалпына келтірудің жолдарын түсінуге мүмкіндік береді. Әрбір халыққа өлке тарихы екі жақты мәдени тапсырма береді – бірінші, өзі өмір сүрген елдің табиғатын және екінші, өзінің жеке табиғатын, өзінің рухани күштері мен қоғамдық қатынастарын дамыту мақсатында кейбір кезде зейін салып есте сақтап қалуды қажет етпейтін оқиғалар туралы бір жолдық болса да мәліметті жазып кету, есте сақтау жолын ойластыру.

Осылайша, өлке тарихын зерттеу тәжірибелік қызметтегі алдағы мақсатымыз бен бағытымызды анықтауға көмектеседі. Әрбір ұрпақтың өз тарихы мен өлкетанудан хабары болмаса ол барса келместің құрбаны. Саналы тарихи ойдың нағыз таза бұлағы - өлке тарихы. Онымен сусынданған азаматтың санасы ешқашан да уланбайды, жаман мен жақсыны, ақиқат пен аңызды, бөтен мен жатты ажырата біледі. Сондықтан адам баласы қай салада болсын еңбек атқарып жатса, қоғам мүшелерінің қайсысы саналы және ар-ожданмен іс-әрекет ететін азамат болу үшін қандай жағдайда да көпте болмасын тарихшы болуға тиісті.

Өлке тарихының оны танып білемін дейтін немесе онымен шұғылданатын тұлғаға жүктейтін жауапкершілігінің мәні зор – таңдаған мамандық деңгейінде шектеліп қалмау, тарихшылардың кең көлемді ортасында, өмірлік ауқымда болу міндетін қояды. Егер тарихшы белгілі межеден аспай жатса, тарихи үрдістің барысынан хабарсыз болса, өзін аралас пәндердің – философияның, экономиканың, құқықтанудың, тағы да басқа салалардың мағлұматтарымен байыта алмаса, адамзат жинақтаған көркем қазынаны өз бойына сіңіре алмаса, оның өрісі кеңеймейді. Тарихшы, сондай-ақ, кез келген ғалым, жан-жақты білімді, өзінің пәнінен басқа да ғылым салаларының жетістіктерін қадағалап отыратын маманның деңгейіне көтерілуге тиіс. Сонда ғана оның ақыл-ойы тарихи құбылыстардың негізіне терең бойлауға, алған нысанасына тиянақты талдау жасауға, өзінің саласын кең қамтуға қабілетті болады.

1-СЕКЦИЯ

ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ӨЛКЕТАНУ: ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ, ЭТНОЛОГИЯ, ГЕОГРАФИЯ, ТУРИЗМ

ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКОЕ КРАЕВЕДЕНИЕ: ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ, ЭТНОЛОГИЯ, ГЕОГРАФИЯ, ТУРИЗМ

ӨЛКЕ ТАРИХЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Б.Б. Мамраев

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

Бүгінде қарқынды экономикалық дамуымен, демократиялық бастамаларымен, сенімділігімен және бейбітшілік сүйгіштігімен әлемдік қауымдастыққа танылған Қазақстанның жарқын болашағы тәуелсіздікті нығайту, отаршыл саясаттың зардабынан жоғалып кетуге шақ қалған өткен тарихымызды қалпына келтіріп, оның белгісіз парақтарын ашу міндетін қояды.

Отансүйгіштік сана-сезімді тәрбилеуде Қазақстан тарихының алатын орны ерекше. Тарих ғылымының тыңғылықты зерттелуі қоғамымыздың дамуына сүбелі үлес қосары сөзсіз. Сондықтан да, мемлекет тарапынан өткеніміз бен бүгінімізді мұқият саралау үшін салмақты қадамдар жасалуда. Н. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек» деген болатын. Елбасы «Тарих толқынындағы халық» атты тарихи зерттеулердің арнаулы бағдарламасын жасауды ұсынды. Осының нәтижесінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік хатшысы Марат Тәжиннің ұлттық тарихты зерделеу жөнінде өткен кеңейтілген отырысындағы «Нағыз ұлттық қадір-қасиет тарихтан басталады» деген сөздері жаппай қолдауға ие болғанды.

«Өткенді білмей, болашақты болжау мүмкін емес». Дана халқымыз түйіп айтқан ойлы сөздің бірі – осы. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың ел тарихын жаңаша көзқараспен, әлем тарихымен бірге алып қарастыра жазуды айрықша тапсырып отыр. Енді зерттеуші-ғалымдарымыз осы мүмкіндікті тиімді пайдаланып, Қазақстан тарихының қоғамдағы орнын нақтылап, ұлттық мүдде тұрғысында жазылған оқулықтар мен ғылыми еңбектерді жарыққа шығарып, жас ұрпақтың бойында патриоттық рухты арттыруға жұмыс істеуі тиіс. Алдағы уақытта тағылымды тарихымызды қайтарып алмасақ, ақтаңдағынан арылтып, еркін елдің ар-ожданына сай зерделеп жазбасақ, елдігімізге сын.

Тарихсыз қоғамның, халықтың, мемлекеттің болуы еш мүмкін емес. Тарих туралы әңгіме қозғағанда бір жағынан тарихтың өзін дәлдікпен, деректілікпен маңыздылығы қандай болса, оның түпкі мазмұнының шырқын бұзбай, соншалықты нақтылықпен келер ұрпаққа жеткізу - парыз. Негізінен, «тарихтың өзі екшейді, өзі әділдігін айтады, өзі бағасын береді» деген сөз бар. Демек, тарихтың қоғамның, халықтың, жеке адамның сана-сезіміне, зейін-зердесіне және мәдени дәрежесіне тікелей байланысты екендігін жоққа шығаруға болмайды. Тарих мемлекеттің, қоғамның өркениеттілігін көрсетеді. Өкінішке орай, біздің еліміздің талай ұрпағы Кеңес үкіметі заманында тарихты тек бұрмаланған жағдайында ғана оқып білді. Мемлекетіміз тәуелсіздігін алып, бұрынғы идеологиялық, әкімшілік-әміршілдік құрсаудың бұғауы үзілген соң, тарихымызға да шыншылдықпен бет бұрдық. Осы тұста тарихты білу күрделілігіне кереғар жағдай, қазақ тарихын жазушы «білгіштердің» көбейіп кеткені де шындық. Осыдан келіп «төл тарихымызға деген адалдықты, әділдікті бойымызға қалай сіңіреміз?» деген заңды сұрақ туындайды. Тарих ғылымының салалары сан алуан екендігі айғақты дүние. Осы бағытта деректану, тарихнама, әртүрлі пікірлерді сараптау және археология мәселелері назардан тыс қалмау керек. Соның ішінде халқымыздың рухани өміріне қатысты мәдениет тарихы мен қоғамымыздың, мемлекетіміздің даму тарихының орны да, маңызы да ерекше.

Кең байтақ Қазақстанның маңызды геостратегиялық, экономикалық аймағы-Атырау облысына қатысты тарихи ескерткіштерді кешенді зерттеу кезек күттірмейтін тақырыптардың бірі. Аймақтағы индустриялық-инновациялық даму нысандарының көптігі, оларды жүзеге асыру қазіргі кезде облыс территориясында ашылған, әлі де белгісіз болып жер қойнауында жатқан археологиялық нысандарды Қазақстанның әлемдік маңызы бар құнды тарихи ескерткіштері қатарына қосу, қорғау және ғылыми айналымға түсіріп, кейінгі ұрпаққа мәдени мұра етіп қалдыру қажеттігін өткір қойып отыр.

Атырау өлкесі және Қазақстанның батысындағы - Ақтөбе, Орал, Маңғыстау облыстары мен Арал аймағы - **Тұран мен Европаның, Тұран мен Иранның, Тұран мен Таяу Шығыс** елдерінің

өзара ықпалдасу үдерістерінде маңызды роль атқарғаны ғылыми болжам түрінде қалуға тиісті емес, оның тарихи шындығын ашу, бүгінгі ғалымдар мен зерттеушілердің еншісінде деп білемін.

Өлке тарихшыларының алдында көптеген міндеттер мен жұмыстардың тұрғаны да айқын. Өлке тарихын тың мұрағат құжаттары негізінде кешенді түрде зерттеуді, жаңаша тұрғыдан зерделеуді жүзеге асыру қажет. Осы зерттеулердің нәтижесінде өлкеміздің жаңа энциклопедиясы түзілсе құбақұп болар еді. Туған өлкені зерттеп білу әрбір адамға қажет екендігі есте болғаны жөн. Өйткені, өз өлкесін, оның өткені мен бүгінін, мәдениеті мен экономикасын жақсы білмейінше, өз Отанының патриоты болу қиын. Ал, өлкетанушы дегеніміз - белгілі бір мамандықтың иесі емес, бұл әрбір азаматқа қатысты мәселе. Осы тұрғыдан алғанда жас жеткіншектер санасына, олардың келешекте қай мамандықтың иесі болса да өз өлкесін жақсы білетін азамат болып шығуы қажеттігін ұғындыра білудің маңызы зор.

Өңірімізде жер бетінде қараусыз, ұмыт қалған қорымдар, ондағы бейіт-құлпытастардағы ескі араб жазулары өлкенің ХҮІІІ ғасыр, одан арғы тарихынан, өлке тұрғындарының рулық-тайпалық, саяси-экономикалық өмірінен белгі беретін жәдігерлер ретінде жойылып кету жағдайында. Бұларды анықтау, олардың ғылыми құндылығын айқындау және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері С.Әжіғали бастаған бір топ ғалымдары үлкен роль атқарды. Олай болса, **туған өлкенің тарихи жәдігерлерін жинақтау, зерттеу жұмыстарына облыс ғалымдары мен өлкетанушыларын қатыстырып, республикада белгілі ғалымдардың басшылығымен бірлескен ғылыми жобалар жасаудың уақыты жетті.**

Биыл жылы осы бір өзекті мәселеге біздің университет ғалымдары тарапынан бетбұрыс жасалып, ҚР Ғылым және Білім Министрлігінің 2012-2014 жж. ғылыми жобаларды гранттық қаржыландырудың мемлекеттік конкурсына Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті бір топ тарихшылары ғалымдары (Ж.Таңатарова, Ж.Жұмабаева, Ж.Мұстафин) және облыстық тарихи-өлкетану мұражай қызметкерлері (Қ.Өтеғалиев, Миращ) жасаған **«Атырау аймағының тарихи - мәдени ескерткіштері - өлкенің тарихының құнды дереккөздері: кешенді тарихи-деректемелік зерттеу»** атты ғылыми жоба дайындалды. Бұл ғылыми жоба конкурстың техникалық және ғылыми-эксперттік 2 деңгейінен өткенімен, қаржыландыру мәселесі шешілмеді. Алайда бұл жоспарланған зерттеуді аяқсыз қалдыруға болмайды. Облыстық мұражай, өлкетанушылар және Атырау университеті ғалымдарының бірлескен кешенді жоспарлы зерттеулері ғана нәтижелі болады деген сенімдемін.

Атырау өлкесі тарихи ескерткіштерге өте бай, олардың толық зерттелуі өз еншісін күтуде. ХVІІІ-ХІХ ғасырлардағы Қазақстанның батыс өңіріндегі тарихи тұлғалардың өлке тарихындағы алар орны ерекше. Сондай-ақ кешегі отаршылдық кезеңде Ресей патшалығының қызметіне амалсыздан кіріп, бірақ халық алдында беделін жоғалтпай, қоғам үшін адал қызмет атқарған жеке тұлғаларды зерттеп, оларды халық алдында кеңінен танытып, ғылыми айналымға енгізу кезек күттірмес іс болып табылады. Сонымен қатар тәуелсіздік алып, аяғынан енді ғана тік тұрып келе жатқан Қазақ елінің ұлттық идеологиясына мұндай еңбектердің қажет екендігі шындық.

ӘОЖ 355.211.2

АТЫРАУ ӨҢІРІНДЕ ҚҰРЫЛҒАН ҚОРҒАНЫС КҮШТЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ

Табылдиев Х.Б.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

1940 жылдың орта кезінде КСРО-ны жаулап алу үшін неміс фашистерінің командованиясі «Барбаросса жоспары» аталатын стратегиялық жоспарын жасағаны тарихтан белгілі. Бұл жоспар бойынша олар Оралға дейінгі жерді тез уақыт ішінде алуға тиіс болды. Соңғы кезде табылған архив материалдарына қарағанда жау Қазақстанға, соның ішінде мұнайға, балыққа, кенге бай Атырау бойына да ерекше көңіл бөлген. Гитлер командованиясі бұл жерлерді (демек Еділ мен Жайық аралығын) жаулап алғаннан кейін «Еділ-Жайық мемлекетін» құрмақшы болған.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президумы 1942 жылы тамыз айында құпия Указ шығарып, Каспий өңірін соғыс жағдайында деп жариялайды. Бірақ Указ құпия болғандықтан соған байланысты алынған шаралар да құпия жүргізілді. Жақында Алматыдағы Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатында болғанымызда сол құжаттардың түп нұсқаларымен танысуға тура келді. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президумы Каспий бойын соғыс жағдайында деп жариялануына байланысты Гурьев облысы партия комитеті мен Қазақстан Орталық партия комитетіне Гурьевте Қорғаныс комитетін құруды

тапсырады. Осыған орай 1 қыркүйекте облыстық Қорғаныс комитеті құрылып, оны 3 қыркүйекте Қазақстан Орталық партия комитеті қаулы шығаруға бекітті. Біз сол қаулының түп нұсқасын сол (орысша) күйінде оқушы қауымға беруді жөн көрдік. Ол қаулыда былай делінген:

«В связи с объявлением военного положения на побережье Каспийского моря ЦК КП(б) Казахстана постановляет:

1. Утвердить решение Гурьевского обкома КП (б) Казахстана об организации в области комитета обороны в составе т.Бекжанова – секретаря обкома партии (председатель комитета) и членов: Иргалиева – председателя облсовета депутатов трудящихся, Гончарова – начальника областного управления НКВД, Голосова - облвоенкома и начальника гарнизона города Гурьева;

2. В целях выполнения имеющегося задания на призыв военнообязанных в Красную Армию при отсутствии в области необходимого количества незабронированного контингента, разрешить Гурьевскому комитету обороны призвать в ряды Красной Армии годных к строевой службе 1100 человек от мобилизованных рабочих рыбной промышленности, речных ловцов, охраны запретных зон, рабочих рыбзаводов и подсобных предприятий, не затрагивая морской лов, с заменой призванных невоеннообязанными, женщинами из рыболовецких колхозов;

3. Просить ЦК ВКП(б) утвердить настоящее постановление.

Секретарь ЦК КП(б) Казахстана, Н.СКВОРЦОВ». (*Архив Президента РК, фонд 708, опись 1, дело 5, лист 408*).

Жоғарғы Кеңестің Указында Гурьев Қорғаныс комитетіне шексіз билік берілетіні, олардың тапсырмаларын сол жердегі мемлекеттік ұйым, мекемелері шаруашылық, өндіріс орындары бұлжытпай орындайтыны айтылған. Сөйтіп облыстағы барлық органдар, буындар бір қолға бағынатындығы, Қорғаныс комитетіне штаттағы жай адамдар емес, тек басшы жауапты қызметтегі адамдар кіретіні қатты ескертілген. Қорғаныс комитетінің құрылуы Атырау өңірінде жұмысты күрт өзгертіп жіберді.

1942 жылдың 29 қыркүйегінде Гурьев қалалық партия комитетінің активі өткізіліп, оған облыстағы барлық өндіріс басшылары шақырылды. Активте «Облыстың соғыс жағдайында болуына байланысты партия ұйымдарының алдында тұрған міндеттері» деген тақырыпта Мырзахмет Бекжанов баяндама жасайды. Облыстың соғыс жағдайында деп жариялануына байланысты Гурьев Қорғаныс комитеті әскери-ұйымдастыру мәселесінде көп жұмыстар істейді. Сол жылдың қыркүйегінен бастап Гурьев қаласы толықтай қараңғыланып, түнде көшелерде, үйлердің терезелерінен жарық көрсетуге тыйым салады. Гурьев қаласында, облыс, аудан орталықтарында тәртіпті сақтау үшін күндіз-түні кезекшілер қойылады. Облыстық партия комитетінің басшылығымен атқыштар батальоны, арнаулы әскери бөлімдер құрылады. Сондай-ақ әуе қорғанысына да ерекше көңіл бөлінеді. Осындай алдын-ала жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде жау самолеттерінің Гурьев территориясына тастаған бомбалары, антисоветтік листовкалары мен үндеулері халық арасында ешбір қобалжу туғыза алмады, еңбекшілердің майдан үшін жан аямай еңбек етуіне кедергі келтірмеді.

Облыстық Қорғаныс комитетінің жасаған үлкен жұмыстарының бірі, олар тек неміс самолеттерінен құрылыс объектілерін, ауыл, аудан, қаланы бомбылаудан аман алып қана қойған жоқ, сонымен бірге жау жіберген диверсант топтарды ауыздықтады.

Соғыс алдында Атырау мұнайын Орскідегі мұнай жөндеу заводына жеткізу үшін ұзындығы 800 шақырым Каспий-Орск мұнай құбыры іске қосылған болатын. Құбырдың бойына мұнайды айдайтын жеті станса салынған еді. Немістердің диверсанттар жіберудегі бір мақсаты осы стансаларды істен шығару болса, ендігі бір жоспарлары ел арасында үгіт жұмыстарын жүргізіп, бүлік жасау болды.

1944 жылы мамыр айында самолетпен Жылыой ауданы жеріне десант түсіру жайлы хабар алған чекистер стансаларды күзетке алып, диверсанттарды іздейді. Ақыры, екі жақ кездесіп, атыраулықтар соғыспай берілуін талап етеді. Бірақ шпиондар басшысы обер-лейтенант Алихан Агаев одан бас тартады. Екі арада атыс басталып, Агаевты Жылыой ауданы НКВД капитаны Г.Хусайнов атып өлтіреді. Мұнан басқа тағы төртеуі оққа ұшады. Қалғандары біздің жаққа беріледі. (*«Егемен Қазақстан» 2001 ж. 25 шілде*).

Кеңес үкіметі Атырау чекистерінің ерлік істерін ерекше бағалап Г.Хусайнов, Р.Шармай, К.Виноградов, С.Гончаров, И.Бабич, тағы басқалары «Қызыл Жұлдыз» орденімен, ал мұнай құбыры стансасының басшысы Р.Пархоменко «Құрмет белгісі» орденімен марапатталады.

Ал Алихан Агаев тобын (шын аты-жөні Амирхан Тлеумағанбетов) айдалаға адастырып жіберген, сөйтіп қазақтың Сусанині аталған, ерлікпен қаза тапқан Байжан Атағозиев бейіті басына ескерткіш қойылды.

Атырау өңірін соғыс жағдайында деп жариялауға тағы бір себеп болған Солтүстік Кавказ жау қолында қалып, онан алып тұрған жанармай тыйылып, самолет, танк, машиналарымыз жанармайсыз қалуға тірелді. Сондықтан жанармайларды Бакуден Гурьевке баржымен тасуға мәжбүр болды. Екіншіден, Сталинград майданының дүрсілі Атырауға естіліп жатты. Егер Қорғаныс

комитеті 1942 жылы 1 қыркүйекте құрылған болса, он күннен кейін 10 қыркүйекте неміс «юнкерстері» қаланы бомбалай бастады. Тек біздің истребительдердің, оның ұшқыштарының қырағылық қимылдары қаланы талқандаудан аман алып қалды. Сондықтан да Атырау өңірін соғыс жағдайында деп жариялау өзін толықтай ақтап шықты. Оның үстіне кешегі соғыс кезінде Қазақстан терең тыл болды деген кейбір зерттеушілеріміздің пікірін жоққа шығарып отыр. Оларды осы пікірі үшін айыптауға да, қаралауға да болмайды. Өйткені ол кезде бұл құжаттар «Особая папка», «Совершенно секретно» деген әріппен ешкімге берілмеген, қазірдің өзінде оны қарау үшін біраз бедел қажет.

Әрине ол құжаттардың құпия болуының өзіндік сыры бар. Мәселен КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1942 жылғы 22 маусымдағы Указына орай Гурьев Қорғаныс комитетінің төрағасы, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Мырзахмет Бекжанов сол жылы 10 қыркүйекте қаулы шығарып, онда «Облыстық НКВД бастығы Гончаров соғыс жағдайында деп жарияланған біздің аймақта тұратын немістер және басқа да біздермен соғысып жатқан елдердің ұлттары территориядан шығарылсын» делінген. Ал мұның өзі құпия жүргізілді (*Қазақстан Республикасы Президенті архиві, Ф.708. опись 6/2, дело 71, лист 53*). Сондай-ақ Атырау өңірін жау самолеттерінің бомбылауынан қорғау үшін қалада құрамында 300 адамға дейін мүшесі бар истребитель отрядтарын, ал аудандар мен мұнай кәсіпшілігінде 50 адамдық отрядтар құрып, оны ұйымдастыру, оқыту облыстық НКВД бастығы Гончаров жолдасқа, аудандық жерлерде аудандық НКВД басшыларына отрядтарды оқыту күнде жүргізілсін деп тапсырған (*Бұл да сол архивте*).

Осындай алдын ала өткізілген шаралардың нәтижесінде немістердің қазан-қараша айларында мұнай резервуарларымен Ширина, Қарабатан және Таушық поселкелеріне тастаған фугастық бомбалары ешқандай зиян келтіре алмады.

Кешегі сұрапыл соғыс тарихын жазуда тек біздің облыстың (демек Қазақстан терең тыл болды деген ұғыммен) соғыс жағдайында болғаны бүгінге дейін бірде-бір оқулықтарға енбей, Гурьев Қорғаныс комитетінің жасаған қыруар жұмысы тиісті бағасын ала алмай отырғаны қынжылтады, «Атырау» газетінде (15 мамыр 2004 ж.) тарих ғылымдарының докторы, белгілі тарихшы Әзімбай Ғалидың «Қазақстан тарихында Ұлы Отан соғысы тақырыбы біржақты жазылып жүр» деген мақаласына толықтай қосыламыз. Шынында да солай. Мәселен, кеңес халқының, оның ішінде қазақстандықтардың еңбектегі ерлігін, майданға көрсеткен көмегін жоққа шығарғысы келген буржуазия тарихшылары Кеңес үкіметін немістердің талқандауынан алып қалған Америка берген көмектің арқасы ден бұрмалауда. Ал тарихи шындыққа келсек, біріншіден, АҚШ-тың көмегі КСРО өндіріс өнімдерінің тек 4 пайызы болды, екіншіден, ол Англияның берген көмегінен 3 есе аз болды. Үшіншіден, американдықтар көмегінің негізгі бөлігін Кеңес әскерлері барлық майданда шабуылға шыққан уақытта ғана бере бастады. Мұны Кеңес үкіметінің қас жауы АҚШ-тың бұрынғы президенті Гувер де «Кеңестер Одағы немістерді біздің көмегімізден бұрын тоқтатты» деп мойындады. Төртіншіден, қару-жарақ шығару жөнінде КСРО сол кезде барлық елдерден басым болды. Демек, Кеңес Одағы соғыс жылдары танкіні АҚШ-қа қарағанда 2,5 есе, артиллерия қаруларын 3 есе, минометтерді алты есе, винтовкаларды екі есе артық шығарды. Майданға жіберілген 10 оқтың 9-ы Қазақстаннан шықты.

Қалаберді шетел тарихшыларының соншама жалған жазып жүргендерін Атырау облысы еңбекшілерінің бұл соғыста шығарған өнімдері, майданға берген көмегі, мұнайшылардың, балықшылардың, колхозшылардың, әйелдер мен жастардың қажырлы еңбегі толық дәлелдеп бере алады.

Соғыс жылдарында Атырау облысы Қазақстандағы ең ірі өнеркәсіпті аудандардың бірі болды. Сондықтан да облыстық партия комитеті мен облыстық Қорғаныс Комитеті алдында үлкен міндеттер тұрды. Сөз арасында айта кетейік, Атырау еңбекшілері бұл қиын да әрі құрметті үлкен абыроймен атқарып шықты. Соғыс басталған күннен-ақ Атырау өңірінде көптеген митингілер мен жиналыстар ұйымдастырылды, онда облыс еңбекшілерін жауды түпкілікті жеңгенге дейін аянбай еңбек етуге, майданға аттанған ерлердің, тәжірибелі маман адамдардың орнын жоқтатпау жөнінде жұмыстар жүргізілді. Осындай бір митингіде Доссор кәсіпшілігінің жұмысшылары мұнай шығаруды шұғыл арттыру үшін жаңадан ашылған мұнай кәсіпшіліктерін тез іске қосу үшін өздерінің барлық күш-жігерлерін қосатынына сендірді.

Облыстық партия комитеті еліміздің Батыс аудандарынан эвакуацияланған кәсіпорындарды жұмысқа тез қосу, тапсырылған заказдарды мерзімінде орындау, адамдарды орналастыру, кәсіпорындарын мамандармен толықтыру жолында көптеген игілікті істер атқарды. Мәселен, Атырауға көшірілген Петровский атындағы Донбастың станок жасау заводының аспап саймандар жасау цехы механикалық заводтың үйіне орналастырылып, Петровский атындағы Гурьев машина жасау заводы болып қайта құрылды. Заводпен бірге келген мамандардың бәрі жұмысқа орналастырылды. Ал басқа цехтар үшін 15 мың шаршы метр жаңа үй салынды. Облыстық Қорғаныс Комитеті заводты қысқа мерзім ішінде іске қосу үшін барлық жергілікті кәсіпорындар мен

құрылыс ұйымдарын, қала жұртшылығын қатыстырды. Осындай игі жұмыстың нәтижесінде 2 айдан кейін Атырау жерінде алғашқы өнімін шығарып, Ембі мұнай кәсіпшілігін техникамен қамтамасыз ете бастады.

Соғыстың бірінші күнінен бастап-ақ Доссор, Сағыз, Байшонас, Мақат, Ескене, Қосшағыл, Құлсары, небәрі тоғыз мұнай кәсіпшілігі өз өнімдерін еселеп бере бастады. «Соғыс басталған кезде, - дейді қарт геолог Сапар Қарымсақов өзінің естелігінде, - Құлсары кәсіпшілігі мұнай өндірудің жоспарын орындамай келген болатын. Бұл Орскідегі мұнай айыру заводын шикізатпен жабдықтап отыруды қиындатты. Облыстық партия, совет ұйымдары кәсіпшілік басшылары мен мамандары бұл жағдайдан шығудың шұғыл шараларын қарастырып, жүзеге асырды. Он тоғызыншы горизонт ашылып, 181 скважина іске қосылды. Сөйтіп, Құлсары кәсіпшілігі бүкіл соғыс жылдарында жоспарды асыра үзбестен орындап, майданға сұйық отынды эшолондап жөнелтіп тұрды». (С.Қарымсақов соғыстың алғашқы жылына дейін облыстық партия комитетінің хатшысы болды, 1942 жылы мұнай кәсіпшілігіне басшы жұмысқа жіберілді).

Өлке мұнайшыларының қажырлы еңбегі Ембі мұнайлы ауданының атағын елімізге әйгілі етіп, Қазақстанды Одақтағы Үшінші қара алтынды аймаққа айналдырды. Мұнайды көптеп өндіруде жаңа әдістер қолдануға жаңа мұнай көздерін ашуда Өтебаев, Калинин. Досмағамбетов, Сағындықов, Ханин, Конаненко, Комаров, Аваров, Тулин, Швенберген, Неверов сияқты геологтар, инженерлер мен ғалымдар ерекше көзге түсті.

Бұлардың іздестіру жұмыстары нәтижесінде, соғыс жылдарында Комсомольск (1942 жыл), Қошқар (1944 жыл), Байшонас маңынан Тентексор (1945 жыл) кәсіпшіліктері іске қосылды. Одақтағы ең ірі Гурьев мұнай айдау заводы салынып, пайдалануға берілді.

Өлкеде мұнай жөнінде өнертапқыштардың ұсыныстарына, жаңалықтарына ерекше мән беріліп, ол ұсыныстарды өндірісте кенінен пайдаланып отырды. Жаңа әдістердің жүзеге асуының арқасында 15 000 тонна жоғары сортты мұнай алынды. 1941 жылы Ембі мұнайшылары 1940 жылмен салыстырғанда қара алтынды 24,4 процент артық өндірді.

Архив материалдарына сүйеніп біздің есептеп шығаруымыз бойынша 1941-1945 жылдардың арасында Гурьев облысы мұнайшылары Отанға 42 970 мың тонна мұнай өткізген.

Мемлекеттің Қорғаныс Комитеті Гурьев мұнайына ерекше көңіл бөліп, оны өндіріс құралдарымен, маман кадрлармен толықтырып отырды. Мәселен, 1943 жылы Азербайжаннан Гурьевке 334 құрылысшы келді. Оның үстіне, «Азнефтестрой» мен «Эмбанефтьстрой» ұйымдары біріктіріліп, «Казнефтестрой» тресі құрылды. Гурьев облысы басшылығы мұнай саласына ерекше көңіл бөле отырып, бір жылда бұл мәселені өздерінің отырысында 50 рет қарады.

Облыстық партия комитетінен басшылық көмек алып отырған Ембінің қара алтын өндірушілері өздерінің арасынан Есқариев, Үжібаев, Құрманалиев, Доспаева сияқты еңбек озаттарын шығарды. Үкімет олардың Ұлы Отан соғысы жылдарында сіңірген еңбектерін жоғары бағалап, Ленин орденімен марапаттады. Кейін Балғаным Доспаева бірнеше рет КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды.

1941-1942 жылдардың аралығында Ескене мұнай кәсіпшілігі Мемлекеттік Қорғаныс Кеңесінің Қызыл туын сегіз рет жеңіп алды. Мұндай ең жоғары табысқа Атырау малшылары да ие болды. Ақырында, Қорғаныс Кеңесі Атырау малшыларының ерлік еңбегін ескере отырып Қызыл туды мәңгі сақтауға қалдырды.

Отанды жаудан азат ету жолында Гурьев теміржолшылары да зор белсенділік көрсетті. Мәселен, Қандағаш-Гурьев темір жолының машинистері 1941 жылы 700 тонна жүк тасудың орнына 12000 тонна жүк тасыды.

Гурьев облысының еңбекшілері Қорғаныс Комитеті басшылығымен жау қорғауында қалған қалалардың халықтарына, майдандағы жауынгерлерге белсене көмектесті. Бір ғана Атырау қаласының тұрғындары 1942 жылдың қысында Сталинградты қорғап жатқан жауынгерлерге арнал 4 вагон сыйлық жіберді. Атыраулықтар мұндай көмекті ленинградтықтарға да жіберді. Ленинград қалалық атқару комитетінің төрағасы Попов Атырау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Кругловқа жолдаған хатында гурьевтіктердің жіберген 9 вагон сыйлығын, 1400 тонна жанармайын леинградтықтар зор ризашылықпен қарсы алғанын айта келе, рахмет айтады. Сондай-ақ, Атырау Қорғаныс Комитеті басшылығымен Ескене мұнайшылары «Қазақстан мұнайшысы» танк колоннасын, қала тұрғындары «Гурьев еңбекшілерінің» танк колоннасын жасақтады.

Соғыс жылдарында облыс Қорғаныс Комитеті жастардың инициативасына, қажырлы еңбектеріне жете мән беріп, ағалық қамқорлық жасап отырды. 1942 жылғы наурызда облыстық Қорғаныс Комитеті барлық учасоктер мен цехтарда социалистік жарыс ұйымдастырылып, үздік шыққандарға ауыспалы Қызыл тулар белгілеу, комсомолдық рейдтер ұйымдастыру жайлы шешім қабылдады. Гурьев комсомолдерінің еңбектегі ерліктерін Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті ерекше дәріптеп, 36 комсомолец-

жастар бригадасына «Үздік комсомол бригадасы» деген құрметті атағын берді. «Нармұнданақ» мұнай кәсіпшілігі жастардың жанқиярлық еңбегі құрметіне «Комсомольск» мұнай кәсіпшілігі деп аталды.

Осылайша Атырау Қорғаныс Комитеті басшылығымен өлке өңірінің, еңбекшілері соғыс жылдарында фашистік Германияны талқандауға өздерінің қажырлы еңбегімен лайықты үлес қосты.

ӘОЖ 321

«ГУРЬЕВ (АТЫРАУ) ОБЛЫСЫ ХАЛҚЫНЫҢ МАЙДАН МЕН ТЫЛҒА КӨРСЕТКЕН САН – АЛУАН КӨМЕГІ»

Сарсенов А.С., Бозахаева Г.К.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
daurenbi@bk.ru*

Ұлы Отан соғысы жылдарында фашистік Германияны жеңуде халықтық қозғалыстардың тарихи маңызы ерекше болды. Солардың бірі «Халықтық қорғаныс қорын жасау» болды. Бұл халықтық қозғалыстың алдыңғы сапында болған коммунистер мен комсомолдар тек өздері емес, бүкіл халықты майданға көмек көрсету ісіне жұмылдырды.

Майданға ерікті түрде көмек көрсету жөніндегі халықтық қозғалыс бір ғана мақсатты – майдан мен тылдың бірлігін нығайту мен жауды талқандауды тездетуді көздеді. Қазақстан еңбекшілері соғыстың алғашқы күндерінен – ақ қорғаныс қорына өздерінің қаражаттарын, мемлекеттік заемдар, облигацияларын, алтын, күміс, қымбат бағалы заттарын өткізді [1, 123 б.].

Отан қорғау қорын жасап оны молайту жолындағы халықтың қолдауында шек болған жоқ. Бұл қорды кей жерлерде халық өзара «Отан сақтау қоры», «Жеңіс қоры» деп те атады. Мұның бәрі билік органдарының ұйтқысымен халықтың шынайы көңіл – күйінен туған ұғым еді. Қорғаныс қорына қаржы жинау жұмысын жолға қойып, оның күннен күнге молая түсуіне жергілікті партия, кеңес ұйымдары тарапынан ерекше көңіл бөлінді [2, 154 б.].

Қорғаныс қорын жасаудың халықтық бастамасы алуан түрлі болды. Республикада «Кеңестік Қазақстан», «Қазақстан комсомолы», «Қазақстан колхозшысы», «Қазақстан әйелдері», «Қарағанды шахтері», «Қазақстан мұнайшысы», «Озат ғылым үшін» тағы басқа да танк колонналарын қолдау үшін қаржы жинау еркін және жүйелі сипат алды [3, 11 б.].

Бұл игілікті іске Гурьев (Атырау) облысы да белсене араласты. Отан қорғау қорына арнайы есеп ашылғаннан кейін мемлекеттік банк бөлімшелері еңбекшілердің жеке қаражатынан берген ақшалай көмегін қабылдап ала бастады. Мұндай есеп ашылысымен – ақ ақша жинап, өздерінің алтын, күмістен соғылған зергерлік бұйымдарын тапсырды [4, 13 б.].

Қорғаныс қорына түсіп жатқан қаржы мөлшері мұқият есепке алынып, оның барысы айына үш рет (әрбір он күн сайын) баспасөз бетінде жарияланып тұрған [2, 156-157 пп.].

1-кесте – Отан қорғау қорына Гурьев (Атырау) облысынан түскен қаржы мәліметі. (1941 ж. 21 желтоқсан)

Облыс	Түскен барлық ақша, (мың сом)	Қымбат заттар, ақшалай құны, (мың сом)	Шетел валю тасы	Алтын грамм	Күміс грамм	Платина грамм	Мемлекеттік заем облигациясы (мың сом)
Гурьев (Атырау)	2377	-	41	-	-	-	2746

Гурьев (Атырау) облысында салынып жатқан Мақат – Қосшағыл теміржол құрылысының бірінші бөлімінің жұмысшылары қорғаныс қорына 2 күндік жалақыларын аударған. [6].

1942 жылы желтоқсанда Гурьев (Атырау) облысы Ескене мұнай кәсіпшілігі мен Мақат ауданы еңбекшілерінің ынтасы бойынша «Қазақстан мұнайшысы» танк колоннасын құруға қаржы жинау басталып, бірінші ұжым мүшелері колонна құру үшін 240286 сом ақша жинаған [7, 13 б.].

Соғыстың алғашқы екі жылы ішінде ғана тек танк колоннасын жасау үшін Қазақстан халқы 500 млн. сомға жуық қаржы жинаған. [2, 189 б.].

Халықтың қорғаныс қорына жолдаған ерікті жарналар күн сайын тұрақты өсіп жүйелік сипат алған. Бұл істің қанатын кеңейту үшін арнайы үгітшілер тобы құрылып ел ішін аралап, үгіт – насихат жұмыстарын жүргізген. Барлық облыс орталықтарында үгіт курстарының арнайы жоспары жасақталып, үгітшілерді арнайы курстарда оқытып, тәжірибе алмасқан. Тек қана Гурьев (Атырау)

облысы бойынша мұнай кәсіпшіліктері мен ұжымшарларда, аудан орталықтарында 43 үгітшілер курстары ұйымдастырылып, онда 1470 тыңдаушы теориялық және тәжірибелік білім алған. Үгітшілер курсының 58 % - дан астамы ауыл ұжымы мүшелері мен зейнеткерлер құрамынан жиналған. [8].

Танк колоннасы мен самолет эскадрильясын жасақтау үшін 100 және 150 мың сом көлемінде қаржы аударған колхозшылар қатарында Гурьев (Атырау) облысы Новобогат ауданы «Қызыл балық» ұжымшарының төрағасы Б. Құрмашев, сол ауданның «Рақуша» колхозының төрағасы Ж. Наурызбаев т.б. болды [9]. Сонымен қатар, танк колоннасын жасақтауға Гурьев (Атырау) облысы Бақсай ауданы Павлов атындағы колхоздың төрағасы Константин Александрович Нам 1943 жылы 50 мың сом, 1944 жылы 100 мың сом берсе . [2, 184 б.], Гурьев (Атырау) облысы «Алғабас» балықшы ұжымшары партия ұйымының хатшысы Сағын Алпатапов 60 мың сомнан аударды. [2, 184 б.].

1942 жылы 6 наурыздағы Гурьев (Атырау) облысы Таушық селосында майданға кеткен Қызыл Армия жауынгерлерінің отбасыларының тұрмыстық жағдайын тексерген комиссия мүшелерінің қысқаша хабарламасы бойынша 27 ақпанда 430 қызметкерлер мен жұмысшылар жасайтын №2,3 және 5 шахталар тексерілген. Тексеру барысында жұмысшылардың отбасыларының ауыр тұрмыстық жағдайлары анықталып, жекеленген Қызыл Армия отбасы мүшелеріне ақшалай және заттай көмектер берілді [10, 70 б.].

Жұмысшылар комитеттеріне барлық Қызыл Армия отбасыларын есепке алып, оларға көңіл бөліп, қамқорлықтар жасау, совхоз басшылығының көмегімен тұрғын үймен, отынмен қамтамасыз ету, еңбекке жарамды жанұя мүшелерін жұмысқа, балаларын бала – бақшаларына орналастыру міндеттелді [11].

1944 жылдың 1 шілдесінде Гурьев облыстық атқару комитеті қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы әскери қызметкерлердің отбасына көмек беру мақсатында құрылған қорға 2 күндік жалақыларын аударды. Қорға 2225 сом ақша, 29 текше метр ағаш, 47 метр мануфактура, 500 сомға әртүрлі тоқыма бұйымдары т.б. тұрмыстық қажетті заттар жиналып, 28 адамға тегін көмек берілді [12].

Соғыс жылдарында Гурьев (Атырау облысында) Отан үшін өз денсаулығынан айырылып, елге мүгедек болып келген жауынгерлерге де қол үшін беріп қамқорлыққа алды. Соғыс мүгедектеріне ұн, май, кондитер өнімдері, картоп, аяқ киім, шаруашылық сабыны берілді. Бақша егуге жер, ақшалай көмек және зейнетақы төленді.

КСРО ХКК мен БКП (б) ОК – нің 1943 жылы 21 тамыздағы «Неміс басқыншыларынан азат етілген аудандардың шаруашылығын қалпына келтіру шаралары» қаулысы бойынша [13, 417 б.]. қазақстан азат етілген аудандардың қалаларын, елді мекендерін қалпына келтіру жұмыстарын орындауда белсенділік танытып, КСРО республикалары арасында алғы шепте болды. Қазақстан облыстары 14 гвардиялық дивизиялар мен әскери бөлімдерін, неміс басқыншыларынан азат етілген 12 қаланы, 45 ауданды, 35 шахтаны өз қамқорлығына алды. [14, 1 б.].

Аталған нысандар республиканың барлық облыстарына бөлінді. Оның ішінде Гурьев облысына – 195 атқыштар дивизиясы, автоматшылар батальоның қамқорлыққа алды. [15].

Тез арада облыстық атқару комитеттері азат етілген аудандарға көмек беру және шаруашылығын қалпына келтіру жөнінде арнайы қаулылар қабылдап, комиссиялар құрды. Гурьев облыстық партия комитетінің бюросы мен облыстық атқару комитетінің 1943 жылы 22 қазандағы (№ 136.б.) қаулысына сәйкес Орлов облысына көмек беру мақсатында арнайы комиссия құрылды. Оның төрағасы - облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары А.Савостьянов, мүшелері – Ж.Камбаров, К. Төлебаев, Е. Жұмағалиев, С.Ротань, В.Наумов, Б.Струлевич тағайындалды. Осындай комиссиялар аудандар мен қалаларда, ауыл ұжымдарында да құрылды. [15].

Азат етілген аудандаға ең алдымен ауыл шаруашылығының білікті мамандары жіберілді. Мәселен, Гурьев облысынан азат етілген аудандарға 17 адам жолдамамен жіберілсе, оның 2 – і МТС директоры, 6 – ы зоотехник, 4 – і агроном, 5 – і ветфельдшер болды. [16, 14 б.].

1943 жылдың 15 ақпанындағы мәлімет бойынша Гурьев облысы Орёл облысына көмек ретінде 99 бас мүйізді ірі қара, 568 бас қой – ешкі, 12 бас шошқа, 2 бас жылқы, 1 электромотор, 162 жұп қолғап, 11 келте тон, 1320 жүн шұлық, 942 байпақ, әртүрлі 566 киім, 6386 үйге қажетті заттар, 134 кг, 200 кеңсе бұйымдары, 6135 медициналық институтқа арналған кітаптар, 24122 сом тұратын дәрі – дәрмек, 4150 кг тары, 75 кг күріш, 60 кг кептірілген нан, 312 кг май, 181 центнер балық әзірленіп жіберді. Доссорда 2 трактор, 1 машина, 2 жол арбасы, 1 грейдер, 2 нефтедвигатель, т.б. тұрмыстық қажетті заттармен қатар 1 088 375 сом ақша жиналды. [17].

Гурьев облысы атқару комитетінің бірінші хатшысы Ә.Қамбаровтың 1943 жылы 24 қарашада Шаяхметовке берген хабарламасында 20 қарашаға дейін Орёл облысына көмекке 76 мүйізді ірі қара, 386 ұсақ мал, 2 бас жылқы, 3 трактор, 2 мотор, автомашина т.б. азық – түлік, киім – кешек, дәрі – дәрмек, тұрмыстық заттар жиналғанын, оларды 6 желтоқсанда облыстан құрамы 5 адамдық делегациямен Орёл облысына жөнелтілетін хабарлады. Оларды жөнелтуге қажетті жабық платформа вагондар бөлуді сұрады [15].

Қорыта келгенде, соғыс жағдайындағы Гурьев (Атырау) облысының тұрғындары ауыр тұрмыстарына қарамастан майданды, Қызыл Армия отбасыларын, азат етілген аудандарды өз қамқорлықтарына алып, оларға қаржылай – заттай, рухани жағынан көмектерін беріп отырды.

Жергілікті жерлерде жүргізілген қаражат жинау, қорға ақша аудару т.б. шараларда асыра сілтеушілік, көзбояушылық әрекеттер де орын алған, бірақ олар белгіленген мақсатқа жетуге кері әсерлерін тигізе алмаған. Сөйтіп, соғыстағы Ұлы Жеңіске аймақ тұрғындары Отан алдындағы азаматтық борышын абыроймен өтеп, туған жеріне үлкен патриоттық сезімін таныта білген.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. – Алматы: Ғылым. 1984. - 728 б.
2. Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941-1945 ж.ж.) – Алматы: Ғылым, 1985. -320 б.
3. Қашқынбаев З.Ш. Қазақстан майдан арсеналы. Алматы, 1975.
4. Боздақтар. Естелік кітабы. Торғай облысы. – Алматы, Қазақ энциклопедиясы. 1995.
5. БҚО ММ. 850 – қор. 1– тізбе, 1143 – іс.
6. Ат. О ММ, 369 – қор, 1- тізбе, 4 – іс.
7. Ахметов Қ., Досқалиев Қ. Қазақстан – Сталинград майданының арсеналы. Алматы, 1992.
8. ҚР ПМ. 708 – қор, 5/1- қор, 250 – іс
9. ҚР ПМ 708 – қор 7/1 – тізбе, 667 – іс.
10. Тағзым. Маңғыстаулықтар Ұлы Отан соғысы жылдарында 1941-1945 ж.ж. – Астана: Фолиант. 2005
11. ҚРО ММ. 1474 – қор, 1- тізбе, 105 – іс.
12. Ат.О ММ. 1045 – қор, 1 – тізбе, 34 – іс.
13. Советский Союз в годы Великой Отечественной войны. Москва. 1985, - 711 с.
14. ҚР ПМ. 708 - қор, 9 - тізбе, 1361 – іс.
15. Ат. О ММ. 855 - қор, 1 - тізбе, 241 – іс.
16. Ат. О ММ 855 - қор, 1 - тізбе, 244 – іс.
17. МО ММ 17 – қор, 1- тізбе, 801 – іс.

ИННОВАЦИОННАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ХРАНЕНИЯ НЕФТЕПРОДУКТОВ

Жаутиков Б.А., Айкеева А.А., Жаутиков Ф.Б., Мухтарова П.А.

Рост производства нефти в Казахстане привел к интенсивному развитию современной инфраструктуры. В настоящее время сектор добычи нефти является одним из самых динамичных в энергетической отрасли Казахстана. Казахстан является одной из старейших нефтедобывающих стран мира. Нефть в Казахстане начали добывать ещё в конце XIX века, намного раньше, чем в Иране, Кувейте, Мексике, Норвегии, Саудовской Аравии. Первыми высокую вероятность нахождения в этом регионе промышленных запасов нефти отметили российские военные, путешественники и ученые. Сведения о нефтеносности казахской земли встречаются, например, в записках А. Бековича-Черкасского, направленного по указу Петра I из Астрахани в Хиву.

Добыча нефти в Казахстане в 1992 году составила 25,8 млн тонн, в 2012 году составила 80 млн. тонн. а за последние 9 месяцев 2013 года в стране произведено более 60-ти миллионов тонн нефти. Гигантским шельфовым нефтегазовым месторождением Казахстана является Кашаган. Он является одним из самых крупных месторождений в мире, открытых за последние 40 лет, а также крупнейшим нефтяным месторождением на море. Пиковая добыча Кашагана (50—75 млн. тонн нефти) выведет Казахстан в пятёрку нефтедобывающих стран в мире. Следовательно, будет увеличиваться и производство нефтепродуктов.

При постоянном увеличении добычи нефти и производства нефтепродуктов актуально стоит вопрос способа и метода хранения нефти и нефтепродуктов, уменьшения их потерь. Испаряемость легких фракций углеводородов (ЛФУ) нефтепродуктов (бензина и т.д.), хранимых в резервуарах, является основной причиной технологических потерь моторного топлива и вредных выбросов в окружающую атмосферу. Потери нефтепродуктов в виде испарений из резервуаров происходят в результате больших и малых «дыханий» резервуаров. В зависимости от условий (температуры окружающей среды, объема газового пространства в резервуаре и т.д.) концентрация бензина в паровоздушной смеси может достигать существенной величины – до 1,2 кг в 1 м³. Так, за одно наполнение вертикального резервуара вместимостью 5000 м³ светлыми нефтепродуктами в летнее время теряется в среднем 4 т бензина, при заполнении резервуара вместимостью 20 тыс. м³ теряется около 15 т бензина.

Был проведен анализ современных технологий решения поставленной научной задачи. Компанией ООО «НПО «Санкт Петербургская электротехническая компания» предлагается новая технология, предназначенная для 100% улавливания легких фракций углеводородов при хранении нефти и нефтепродуктов на нефтебазах и автозаправочных станциях (АЗС) [1].

Данная технология основывается на применении низкотемпературных холодильных (криогенных) машин Стирлинга и относится к классу конденсационных систем, обеспечивающих улавливание легких фракций углеводородов за счет их охлаждения с последующей конденсацией [1].

Рост производства и потребления природного газа и все возрастающая их роль в системах топливной энергетики и газоснабжения привели к интенсивному развитию современной инфраструктуры и рынка сжиженного природного газа в Казахстане. В настоящее время этот сектор является одним из самых динамичных в энергетической отрасли: объем добычи газа в I полугодии 2013г. вырос на 1,9% - до 20,8 млрд куб. м.

Перспективы производства и использования рынка сжиженного природного газа в Казахстане связаны с решением проблем автономного энергоснабжения удаленных районов страны, а также с использованием сжиженного природного газа в качестве моторного топлива на транспорте. В технологической цепи всего процесса производства и использования сжиженного природного газа (сжижения, хранения и распределения) одним из наиболее ответственных элементов являются хранилища (резервуары) рынка сжиженного природного газа, поскольку на их долю приходится значительная часть материальных и трудовых затрат.

Большая концентрация рынка сжиженного природного газа на относительно небольших площадях хранилищ, с одной стороны, обуславливает серьезную проблему обеспечения пожарной безопасности, а, с другой стороны, требует обоснованных конструктивных решений и выбора типов хранилищ, из-за значительных финансовых затрат на их строительство. Все это вызывает необходимость детальной проработки проблемы технико-экономического обоснования перспективности применения наземных, заглубленных или подземных типов хранилищ рынка сжиженного природного газа в зависимости от объемов хранилищ и функционального назначения потребителя.

Компанией ООО «НПО «Санкт Петербургская электротехническая компания» предлагается совместная разработка методики технико-экономического обоснования выбора типа хранилища и конструктивных решений для создания высокоэффективных хранилищ рынка сжиженного природного газа различных типов [2,3,4].

Литература

1. Кириленко А.В., Кириллов Н.Г. Установка по улавливанию паров легких фракций углеводородов для автозаправочных станций и нефтебаз (Патент RU 2300715)
2. Кириллов Н.Г. Криогенная емкость для сжиженного газа (Патент RU 2194917)
3. Кириллов Н.Г. Высокоэффективная система длительного хранения сжиженных газов по схеме Кириллова (Патент RU 2166708)
4. Кириллов Н.Г., Лазарев А.Н. Стационарное хранилище для сжиженного природного газа (Патент RU 2437027)

ӘОЖ 351. 853. 1

ТАС КЕШУ КЕРУЕН САРАЙЫ – КӨШПЕЛІ ӨРКЕНИЕТ ЕСКЕРТКІШІ

Жұмабаева Ж.К.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
zia_88@mail.ru*

Атырау- Алтай мен Солтүстік Монғолиядан батысқа жылжыған бүкіл түркі жұртының көші тұрақтайтын шеткі аймағы, этникалық бірігу мен ынтымақтасу, араласуы мен байланысуының куәсі болған қасиетті топырақ, кең байтақ Қазақстанның маңызды бөлігі. Осы жерде тынығып, күш жинаған ертедегі түркілер дүниенің төрт бұрышына қоныс іздеп таралған, қазіргі Батыс түріктерінің (венгерлер, бұлғарлар, осман түріктері, т.б.) ата жұрты, Шығыс түріктерінің өрісі болып, кейін қазақ атауымен ұйысқан түрік ру- тайпаларының ат тұяғы тұрақтаған жері. Алайда бұл тарихи шындық кеңестік кезеңде жазба деректердің жоқтығынан және кеңестік маркстік формациялық концепцияға орай талай бұрмаланды. **Тарихы жоқ, дамудың алғашқы қауымдық деңгейінен жоғары көтеріле алмаған, патриархальдық, артта қалған деп** бағаланған **қазақ қоғамы мен халқының** сақ-сарматтар мен ғұндарды айтпағанның өзінде, **Түрік қағанаты, Оғыз, Қыпшақ жұртына,**

Шыңғысхан мемлекеті сияқты Еуразиялық көшпелі империялар тарихына т. б. қатысы жоқтығы санамызға сіңірілді.

Өлке тарихының маңыздылығын аттыратын фактордың бірі– Алтын Орданың кіші астанасы, Ноғай Ордасының бас қаласы, ноғай-қазақ тұтастығында Қазақ хандығының ордаларының бірі - **Сарайшықтай тарихи қаланың** Атырауда болуы. **Тек осы тарихи фактіні сезінудің өзі бодандық құрсауына шырмалып, өшуге айналған тарихи санамыздың саңылауын ашып, тарихымызды түгендеу үшін әбден жеткілікті.**

Өткенсіз болашақ жоқ дегендей, адамзат тек бүгінгімен ғана **мәнді емес**. Өйткені бүгінгіміз - бабалар мұрасы және келешек ұрпақты жалғастыратын көпір. Біз ғасырлар тұңғығында қалған қасиетті қазыналарымызды бағалай алдық па? Ата-бабамыз жүріп өткен жолдарды қаншалықты зерттеп-зерделедік? Біздің заманымыздан бұрынғы өркениетті тануға өреміз жетті ме? Осы сұрақтардың қойылуының **өзі** тарихымыз бен мәдениетімізді терең, ғылыми танып білудегі кемшіліктерді көрсеткендей.

Өлке тарихы- байтақ еліміздің шынайы тарихын қайта жаңғыртатын, толықтыратын маңызды фактор. Облыс аймағындағы тарихи орындар мен ескерткіштерді іздестіру, **жүйелеуде республикалық және облыстық мекемелер үлкен жұмыстар** атқарды. Бүгінде олар сыныпталып, жүйеленуде. Соңғы деректер бойынша облыста 605 көне ескерткіштер (қорғандар, археологиялық тұрақтар, қалашықтар, қорымдар, құлпытастар, сағанатамдар, архитектуралық және мемориалдық ескерткіштер т.б. бар[12].

Оларды өлке тарихымен, өмір-тұрмысымен байланыстыратын ғылыми тұжырымдар жасалса, өлкенің ауызекі тарихы емес, ғылыми тарихын қалпына келтіру шындыққа айналар еді. Бұл бағытта алғашқы қадамдар жасалып жатыр. Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, ескерткіштерді қорғау инспекциясы **және Х. Досмұхамедов** атындағы Атырау мемлекеттік университеті тарихшы- ғалымдары **Индер, Қызылқоға, Құрманғазы, Исатай, Мақат, Жылой** аудандарындағы тарихи ескерткіштердің Жинақтарын жарыққа шығарып, тарихи зерттеулер мен ізденістерге жол ашты.

Осы мақаламызда облыс өлкетанушыларының археологиялық ізденістері нтижесінде алдын – ала болжамдары жасалған «Таскешу» керуен -сарайы туралы мәліметтер тарихи тұрғыдан талданды.

«Таскешу» керуен-сарайы Атырау облысындағы Мақат пен Қызылқоға аудандары шекарасында , Кенбай ауылынан оңтүстік -батыста 16 км жерде Сағыз өзенінің сол жақ жағалауында тек құландысы қалған ортағасырлық ескерткіш.

Алғаш рет «Таскешу» керуен-сарайы 1950 жылы кеңес архелогы С. Толстовтың Хорезм этно-археологиялық барлау экспедициясы кезінде есепке алынған. Сол жылдарда Қазақстан ҒА Археология институтынан Ә.Х.Марғұланнның жетекшілігімен, Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы да керуен-сарай құландысының сызбасын жасалды[6].

2008-2011 жылдары «Атырау облыстық тарих және археология орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны бұл ескерткіште тұрақты қазба жұмысын жүргізді. **Қазба жұмыстары кезінде табылған жәдігерлерге сүйеніп, атыраулық археологтар керуен сарай ХІҮ ғасырда салынған деген тұжырым жасады[4], алайда бұл пікір ғылыми негіздеуді талап етеді.**

Біз жазба деректер жоқтығын ескере отырып, «Таскешу» керуен- сарайын ғылыми талдауда жанама деректерді пайдаландық. Ең алдымен бұл тарихи ескерткішті Ұлы Жібек жолымен байланыстыруға маңыз бердік.

Б.з.д.ІІ- ғасырдың ортасынан бастап, Ұлы Жібек жолы әлемдік тұрақты дипломатиялық және сауда артериясы ретінде қызмет ете бастағаны белгілі. Жібек жолын кейбір тарихшылар Түркілер жолы деп те атайды. Өйткені б.з.б.ІІІ - б.з. ХІҮ ғғ. Батыстағы Византия мен Еуропа елдері мен Шығыстағы Қытай мен Индияны байланыстырған Жібек жолы тарихтың әртүрлі кезеңдерінде *ғұн империясы, түрік қағанаты, Қыпшақ конфедерациясы, Хорезм, Шыңғысхан империясы, Алтын Орда* жерлері арқылы жүрді.

Сондықтан аса маңызды халықаралық артерияны түркі халықтарының тарихынсыз елестету мүмкін емес.

VI – VII ғғ. Түрік қағанатының күшеюіне байланысты Ұлы Жібек жолының түркілік керуендік бағыттары үздіксіз қызмет атқарды. Орта Азия мен Қазақстан территориясы арқылы өткен Ұлы Жібек жолының гүлдену кезеңі VII - XII ғасырларды қамтыды. VIII– XIV ғғ. Жібек жолы арқылы елшілік миссиялары атқарылды. Ғасырлар өте келе, олардың маршруттары өзгеріске ұшырады, бір жолдардың бөліктері жойылса, жаңа жол сілемдері пайда болды. Жойылған жол бөліктеріндегі қалалар мен тұрақтар құлдырады. Мысалы , VI – VIII ғғ. *жолдың бір сілемі Византия арқылы Каспийдің оңтүстік батысындағы Дербентке , одан – Маңқыстауға , одан Арал бойы арқылы – оңтүстік Қазақстанға барды. Бұл жол Сасанидтік Иранды айналып өтіп, Батыс түрік қағанаты мен Византия арасындағы сауда-дипломатиялық одаққа ықпал етті. Осы жолдағы Маңғыстау мен Арал*

аралығын қамтитын сілем Атырау облысындағы керуен сарайлар мен тұрақтар арқылы өткен деп жорамалдаймыз.

IX-X ғғ. Орта Азия және қазіргі оңтүстік Қазақстан жерлері арабтардың вассалдығын қабылдаған кездегі араб билеушісі Курант ибн Джафар жазған „Китаб-ал-харадж“ деректері Батыс пен Шығысты жалғастырған бұл жол түркілер қолында болғанын, онда сауда керуендеріне қызмет көрсететін керуен- сарайлар мен тұрақтар, бекеттер болғанын жазады. Бұл қызметтің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын араб авторы " **түрік почтасы" қызметімен** түсіндіреді, ол " **жай керуен 15 күн жүретін жерді түрік почтасы -3 күнде жүріп өтеді** " деп таңданыспен жазған. Бұдан біз бұл жолдарда әрбір 20 шақырым сайын бекет болғанын, **онда керуен- сарайлар** қызметімен қатар, жедел хабар жеткізетін **аттылы байланыс жүйесі -почта** болғанын көреміз. Түркілердің арғымақтары туралы б.з.д. I- ғ. қытай елшісі **Чжан Цянь да айтса, одан кейін 800** жылдан соң қытайланған түрік, Қытайдың ұлы ақындарының бірі Ли Бо (701 - 762 жж.), өзінің „Аспан аттары туралы өлеңінде" мұндай аттардың үлкен қашықтықтарды алатынын жазған[1].

Түркілердің Ұлы Жібек жолы туралы өз мәліметтері сақталмағандығын қалай түсіндіруге болады? Біріншіден, тарихи жазбаларда Жібек жолы деген термин мүлде жоқ. Себебі Шығыс пен Батыс саудагерлерінің ежелгі керуендік жолының **Жібек жолы деп атауды XIX ғасырда неміс ғалымы,** Қытайдың физикалық географиясы мен Азияның орографиясы туралы классикалық ғылыми еңбектердің авторы- **Фердинанд фон Рихтгофен** (1833 - 1905) енгізген болатын. Осыдан кейін барлық елдер керуендік ежелгі сауда жолын Ұлы жібек жолы деп атап кетті. Екіншіден, 751 жылдан бастап, ежелгі Түркістан жері арабтардың қол астына өтті. Ислам дінін енгізу бағытында арабтар түркі жазуын, жабаларын жойғаны Хорезмдік ұлы ғалым, ақын, философ Абу Рейхан Бирунидің жас кезінде жазған **«Ежелгі дәуірлер және жыл санау жүйелері туралы»** еңбегінде келтіріледі. Оның пікірінше, бұрынғы түркілік, хорезмдік аңыздар, жазу, білім толық жойылды. Моңғолдарға дейін Жібек жолында түркілердің басты роль атқарғанын, түрік тілінің халықаралық деңгейде байланыс тілі болғанының тағы бір дәлелі-Х ғ. «Кодекс куманекс» жазба ескерткіші.

Осы почта қызметі біз қарастырып отырған Тас кешу керуен сарайында да бар. Сондықтан оның салынуын моңғолдық немесе алтынордалық кезеңмен шектеуге болмайды.

Жібек жолының **Далалық бөлігі туралы Геродот еңбектерінен белгілі. Жерорта** теңізінен **Дон өзені** жағалауын, одан кейін оңтүстік **Оралдағы савроматтар жері арқылы Ертіске,** одан **әрі Алтайға, агрипейлер елі орналасқан Жоғарғы Ертіс, Зайсанға** дейін жететін. Осы далалық жолдың XIII-XIV ғғ. моңғол кезеңінде Еділ өзені жағалауында Алтын Орда мемлекетінің астаналары- Сарай –Бату, Сарай-Берке қалаларының салынуына орай, жаңа сілемдері пайда болып, **Дон өзенінен Каспий арқылы Еділ өзеніне түсіп, Алтын Орда астаналарына(Сарай, Джутарханға(Астрахань), кіші Сарай-Сарайшыққа жету мүмкіндігі туды. Ал Сарайшықтың жүзбелі көпірінен арғы жағалауға өтіп,** керуеншілер Хорезм астанасы – **Үргенішке, Бұхараға, одан әрі Қытайға бағыт алатын**[9].

Түркілердің Жібек жолын моңғол империясы тиімді пайдаланып, жаулап алған ұлан байтақ иеліктерді әкімшілік басқару үшін пайдаланды. Бұл кезеңде Ұлы Жібек жолы гүлденіп, халықаралық сауда мен мәдени байланыстарда орасан зор роль атқарды. Шыңғысхан империясы мен Алтын Орда дәуірлеген тұста Жібек жолының күшейгенін Қарақорымға барған еуропалық және араб жиһангездері еңбектерінен көруге болады.

Осы Далалық жол Алтын Орданың Еуропамен қатынасында маңызды роль атқарды. Еуропалық және араб жиһангездері осы Далалық жолды көп қолданатын. Плано Карпини, Рубрук, Марко Пололар осы жолмен жүрді.

Сонымен қатар осы жолдың ежелгі екендігін флоренциялық саудагер *Франческо Пеголотти* 1355 жылы Қытайдан керуендік саудамен 8 жыл жүріп, Италияға оралып, жазған „Сауда тәжірибесі. Немесе жер бөліктері, сауда өлшемдері және барлық елдердің көпестеріне қажетті мәліметтер, басқа да нәрселер"атты еңбегі растайды.

Бұл еңбектің 1347-1355 жж. Еуропа мен Шығыс елдері арасындағы сауда қатынастарын баяндайтындығы Тас кешу керуен сарай тарихын зерделеу барысында маңызды роль атқарады.

Итальяндық саудагер Қара теңіз арқылы кемемен Дон өзеніне түсіп, ондағы қыпшақ бекінісі - Азаққа* (Азов) жетіп, ат жегілген арбаға орналастырылған күймен 25 күнде Итиль (Волга)өзені құйылысындағы Ноғай бекінісі- Джутарханға (Астрахань) келгенін баяндайды. Одан әрі Жібек теңізімен (Каспий) Жайық(Яик) өзені құйылысына түсіп, онымен жоғары бойлап, Кіші Сарай-Сарайшыққа жеткен. **Франческо Пеголоттидің саяхаты кезінде оның маршруттарын көрсете отырып, оның Таскешу керуен сарайы арқылы өту мүмкіндігі туралы болжам жасаймыз.**

Пеголоттидің маршруты : Еуропадан Қара теңіз, Азов теңізі арқылы кемемен---- Азов бекінісі----керуендік жолмен ----- Ноғай бекінісі- Джутарханға (Астрахань) ----Каспий теңізі арқылы кемемен ----Жайық(Яик) өзені ----Сарайшық--- түйе арбамен 20 күнде Хорезм астанасы Үргенішке жеткен[1]. Біз үшін маңыздысы осы Сарайшық пен Хорезм арасындағы Жібек жолының сілемі. Өйткені сусыз, елсіз дала арқылы «Таскешу» керуен- сарайына соқпай, Үргенішке жету мүмкін емес.

Яғни Шыңғысхан империясы, одан кейінгі Алтын Орда кезінде Ұлы Жібек жолы түркілік ежелгі дәстүрлер негізінде қайта жаңғырған. Шыңғыс ханнан кейін күллі моңғол тағына отырған Үгедей тұсында (1229 – 1241) моңғол империясының шегі Батыс Еуропаға жетіп, түрік почтасы жүйесінің жанданды. Әрбір 25 – 30 км жерге бекет салынып, бекет сайын жиырма лаушы, тасымалға керек көлік, жолаушыларға азық-түлікке керек ұсақ мал ұсталды; керуендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әскери күштер бөлінді. Мұны жамдық жүйе дейміз. Сондықтан «Таскешу» керуен-сарайының салынуын Алтын Орда гүлденген кезеңімен байланыстырған археологтар мен зерттеушілердің тұжырымдары осыған сәйкеседі. **Егер б.з. д. пайда болған Ұлы жібек жолында түріктер үстемдік еткенін және ғасырдағы араб авторының түрік почтасы туралы пікіріне сүйенсек, «Таскешудегі» қызмет көрсету түрлері монғол заманында басталған жоқ, ежелгі замандардан жалғасып келе жатқан үрдіс болып табылады**

Ұлы Жібек жолымен жүрген керуендер, Хорезм- Алтын Орда аралығындағы қазақстандық территория- **Атырау және Маңғыстау далалары арқылы өтіп, Сағыз өзенінің сол жағасында орналасқан осы керуен-сарайда аялдап, күш-қуатын толықтыратын болған. Керуеншілерге қызмет етіп отырған керуен-сарайдың орта ғасырда жолаушылар үшін маңызы зор болғандығы ақиқат, ал бүгінгі күні тарих үшін, соның ішінде археология саласындағы маңызы өлшеусіз.**

Бір таңқаларлық жайт: *Үстірт үстімен өтетін Ноғай жолында да, Маңғыстау арқылы өтетін көне Хиуа жолында да 25 – 30 км сайын суы ащы болсын, тұщы болсын міндетті түрде құдық кездеседі де, ал 100 – 150 км сайын тұщы су көзі – бұлақ не құдық ұшырасып отырады.* Шамасы, суаттардың бұлай орналасуы шөл түзде бір күндік жол жүргеннен кейін көлік суарып, ал үш-төрт күн сайын жолға алынатын ауыз суды жаңартып отыруды көздеген есепке құрылса керек.

Қарақорым мен Ханбалыққа беттеген Алтын Орда керуендері Үстірт пен Маңғыстаудың үстімен өтті. Сарай-Беркеден шыққан керуен Үргенішке қырық күнде, ал Сарайшықтан шыққан керуен Үргенішке отыз күнде жететін. Сонда бұл сапардың тең жарымынан астамы қазіргі Атырау Маңғыстау облысының аумағымен өтеді екен[7].

Ал Сарай-Беркеден Ханбалыққа дейінгі жол 9 айдан астам уақытқа созылатын. Соған қарамастан, 14 ғасырдың басына дейін Алтын Орда мен Ішкі Моңғолияның арасындағы байланыс үзілмеген. Оған орыс князьдерінің Ярослав Всеволодовичтен (1190 – 1246) бастап Қарақорымға жарлық алуға баратын сапарлары қосылды[8,172].

Шығыс Еуропа мен Азия арасындағы сауданың дағдарысқа ұшырауы **Тас кешу керуен сарайының** құлдырауына әкеп соқты. Оған басты себеп Тоқтамыс пен Ақсақ Темірдің алауыздығы, Алтын Орданың әлсіреуі. Маңғыстау мен Үстірттің бірнеше ғасыр бойы тарих сахнасынан таса қалуы, Тоқтамыстың 1381 ж. өлімі, Ақсақ Темірді күшейтіп, ол Қырым, Еділ сағасы, Маңғыстау, Үстірт, Хорезм арқылы өтетін Шығыс Еуропа – Қытай керуен жолын құртып, Батыс пен Шығыс саудасының тізгінін өз қолына алуға тырысты. 1388 жылы атышулы сауда жолының ең басты орталығы болған Үргеніш қаласы жермен-жексен етіп талқандалды. Бір кезде керуеннен көз тұнатын Ноғай жолы, Маңғыстау жолы қайтадан қаңырап бос қалды[3].

XIV ғ. Ноғай жолы атанған Ұлы Жібек жолын Ноғай Ордасы да ұстап тұра алмады. Ноғай Ордасы халқының бір бөлігінің Ресейге, халқының басым бөлігі-алшындар, кейін Кіші Жүз қазақтары Қазақ Ордасына қосылуына байланысты **Сарайшық –Үргеніш сауда жолын Ресей Орта Азиямен** байланыста қолданды. Ал Алтын Орда күйреп, 1552 жылы Қазан, 1556 жылы Астрахан хандықтарын бағындырғаннан кейін Ресей **Сарайшық –Үргеніш сауда жолын** Шығысты отарлауда пайдаланды.

1558 жылы Астраханнан шыққан ағылшын көпесі **Дженкинсон** Маңғыстау түбегіне келіп түсіп, Хиуа мен Бұхар әміріне орыс патшасының грамотасын тапсырып, қасына Хиуа мен Бұхар елшілерін ертіп, **Сарайшық –Үргеніш** жолымен Мәскеуге қайтады. 1567 жылы Петров пен Ялычев деген орыс саяхатшылары **көне Хорезм жолымен Орта Азияға, одан Пекинге өтіп, сонау Жапон теңізінің жағалауларына** дейін барып қайтады[8].

Ноғай Ордасын түпкілікті жойып, Еділ бойын алған Ресей Түркия(Византия) бағытындағы сауданы тоқтатып, **Каспий теңізі арқылы Иран, Орта Азия елдерімен саудаға көшті. Ресейдің** Орта Азияға шығатын негізгі қатынас жолдары - **Қазанда** немесе **Самарада** кемеден түсіріліп, түйе жеккен арбаларға тиеліп, далалықпен жүріп отырып, **Жайық** пен **Жемнің** сағасынан өтетін, одан әрі **Үстірт** үстіндегі үлкен керуен жолына түсіп, **Бұхараға** жететін[2].

Шөл, жапан түз арқылы Хиуа мен Үргенішке баратын бұл жол қауіпті болғандықтан орыс саудагерлері енді Каспий теңізі арқылы өтетін әлдеқайда жақын әрі әлдеқайда қауіпсіз басқа жолды таңдады. Бұның бәрі Ресей мен Орта Азия арасындағы сауда негізінен Маңғыстау түбегі, ондағы Қараған, Қабақты пристаньдары арқылы жүргізілгенін көрсетті. ХҮІІ ғасырда Маңғыстау арқылы өтетін керуен жолының жүргіншілері екі есе көбейді. **Сонда Тас кешу керуен сарайы ХҮІ ғасыр аяғына дейін өмір сүрген боп шығады.**

Ұлы географиялық жаңалықтар әлемдік сауданы теңізге көшіріп, Шығыс Еуропа мен Азия арасындағы саяси-экономикалық, мәдени қарым-қатынастардың негізгі арнасы болған **ежелгі керуен жолдарына қажеттілік** азайды. **ХҮІІІ ғасырдан бастап Қазақ жері Ресей патшасына бодан болғаннан кейін Сарайшық –Үргеніш керуендік сауда жолының қажеті болмай қалды.**

Егер қазіргі кезеңде Азов теңізі немесе Шығыс Каспий жағалауларынан Алакөлге дейін жүк тасымалданатын болса, бұл жолдар сол баяғы замандарда қалыптасып, антикалық Рим, араб шапқыншылығы, ортағасырлық Қайта Өрлеу кезеңдерінде де өзгеріске ұшырамаған бұрынғы маршруттармен жүрер еді. Өйткені қазіргі автомобиль және темір жолдар негізінен сол ежелгі Жібек жолының керуендік бағыттарын қайталайды. Бұған қазіргі әлемдік қатынастарды нығайтуға бағытталған, Қазақстанның Елбасы Н. Назарбаев ұсынысымен салына бастаған Ұлы Жібек жолының *XXI ғасырдағы жобасы*: Батыс Еуропа-Батыс Қытай халықаралық трассасын салуы дәлел бола алады[10].

Космостан түсірілген өте дәл геофизикалық құралдар адамдардың ерте замандардан бері өздеріне тиімді жолдар таңдай алғанын дәлелдеген. Олардың біздің ата-бабаларымыз түркілер болғандығы ұрпақтары үшін мәртебе.

«Таскешу» керуен- сарайы қолданыстан шығып, оның құландысы ұрпаққа аманат ретінде қазірге дейін жетті.

«Таскешу» керуен-сарайының қазба жұмыстарының нәтижелерін қорытындылау толық аяқталған жоқ. Десек те, алғашқы тұжырымдар **бұл тарихи ескерткіштің Ұлы жібек жолының бір сілемі ретінде Қазақстан тарихының ежелгі түркілік өркениеттермен тығыз байланыстылығын, және солардың заңды мұрагері екендігін тағы да дәлелдейді.**

«Таскешу» керуен- сарайын зерттеу нәтижелері облыс аймағындағы бұдан басқа және осы ескерткішпен тікелей байланысты тарихи орындарға кешенді зерттеу қажеттігін көрсетті. Оны **Сарайшық тарихы, Хорезм, Алтын Орда, Ноғай Ордасы тарихтары тоғысында қарастыру қажет.** Сонымен қатар «Таскешу керуен сарайының» ақиқаты Ұлы Жібек жолы проблемаларына арналған еңбектерді, халық ауыз әдебиетінде сақталған үлгілердегі –Ноғайлы эпостық жырлары, батыс қазақтардың жыраулар шығармашылығы мен тарихи әңгімелердегі мәліметтерді салыстырып екшеуді талап етеді. Осы мақала бұл ұланғайыр ізденістердің бастамасы ғана.

Сарайшық, Лаэти, «Таскешу керуен сарайы» сияқты Ұлы Жібек жолының сілемдері бойындағы тарихи қалалардың құландылары жоғалса, қазақ тарихының Алтын Орда, Ноғай Ордасы мемлекеттері тарихымен байланыстылығын тарихи негіздей алмаймыз. Көшпелі елдің тұрғындары, біздің ата- бабаларымыздың екімыңжылдықтар бойына Батыс пен Шығыс байланыстарын қамтамасыз етіп, керуендік сауданың қайталанбас инфрақұрылымын жасақтағанын, сөйтіп, қайталанбас өркениет иесі болғандығын дәлелдей алмаймыз.

Өз тарихын сыйламаған халықты ешкім де сыйламайды. Қазақтың бодандық, отарлық кезеңінде ұмыт қалған, халық санасынан өшірілген бұл тарихи ескерткіштер бізге өткенмізбен мақтану, қазіргіге қуану және болашағымызға сену үшін керек. Қазба жұмыстары кезінде атыраулық археологтар тапқан тақтайшада жазылған мынадай сөздер жазылған екен: ««Бұл жер аталарымыздан қалған көненің көзі. Аталар рухы қолдасын. АМИН» [5].

Сондықтан қазақстандық патриотизмді дамытудың басты факторы- халқымыздың өткен тарихын бағалау, тарихи жәдігерлеріміз бен құндылықтарымызды түгендеп, әлемдік тарих ғылымында бекіту болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Насыров Р. «Великий Шелковый путь», Алматы, 1991.
2. Толстов С.П. По следам древнехорезмской цивилизации, 1978.
3. Атырау энциклопедиясы . Атырау-2000.
4. Тас кешу. Қазба жұмыстарының 2008 жылғы есебі. Атырау. 2008.// Мақат аудандық тарихи-өлкетану музейі қорынан. 2008.
5. Тас кешу. Қазба жұмыстарының 2012 жылғы есебі. Атырау. 2012.// Атырау облыстық тарихи-өлкетану мұражайы қорынан. 2012.
6. Л.Галкин, В.К. Афанасьев, С.Бикенов «Работы в Западном Казахстане» Археологические открытия. М.1976. с. 513
7. Маңғыстаудың ежелгі тарихы.Маңғыстау энциклопедиясы, Алматы, 2002.

«Көк Нарын жаман болса енді болды,
Мөр ұстап, қағаз жазған шенді болды,
Алдырып жеті жұртты бізден бұрын,
Бишара қалғандарға үлгі болды.
Соңғысы ойлап тұрсаң жалған екен,
Жеті жұрт бізден бұрын алған екен»[6]

-деп жырлайды. Осы өлең жолдарын келтіре отырып, нақты жұрт санына тоқталу қиындау.

Ақын толғауларындғы жеті жұрт ұғымына өлкетанушы Берік Қорқытов берген түсініктемені келтіре кетсек: «Алтын Орда Хандығында мекен еткен негізгі ұлттар бүгінгі тілмен айтқанда түрікпен, өзбек, қазақ, қырғыз, татар, башқұрт. Басқалары көшіп, қонған жерлерінде қалып қойып қазақтың ескі жұртына екі келіп, екі кетуі де ғажап емес. 1990 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің 14-ші қыркүйектегі санында Ш. Құдайбердіұлының «Қазақтың қайдан шыққаны» деген еңбегі жарияланды. Еңбекті Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар» деген 1911 жылы Орынборда басылып шыққан кітабынан алып жариялатқан жазушы-ғалым Қ. Мұхамеджанов. Сол еңбегінде Шәкәрім былай деп жазыпты: «Жошы нәсілінен Өзбек хан мұсылман болғанда барша Жошы ұлысы өзбек атанып онан кейін Өз Жәнібек ханға еріп, Ноғай ханынан бөлінгенде қырғыз-қазақ атанған елміз. Ол кезде ол атпен атанған ел жалғыз ғана біздің үш жүздегі қазақ емес, көп ел еді. Оның көбі отырықшы өмірге кіріп, әр жерге барып, бір талайы ноғай, башқұрт атанып, бір талайы өзбек, сарт атанып кеткен. Ақырында қазақ деген ат бізде қалған.» Онда Мұраттың айтқаны дұрыстыққа шығады. Дегенмен бұл әлі анығы ашылмай жатқан тың мәселе. Мұны ашу әдебиетшілердің емес, тарихшылардың міндеті».[7]

Қорытындылай келе жеті жұрт біздің тұжырымдауымызша бұл-ноғайлар, қазақтар, башқұрттар, татарлар, өзбектер, қарақалпақтар, қырғыздар. Жеті жұрт ұғымын жеті хандық ұғымымен ауыстырғанда Алтын Орда ыдырығаннан кейін пайда болған хандықтарға сәйкес келеді. Олар: Сібір, Өзбек, Астрахань, Қазан, Қырым, Қазақ, Ноғай хандықтары. Жырда жұрттардың көшіп кеткенін, қазақтардың қалғанын айтса, жоғарыда аталған алты хандық қазақ жерінен көшіп өзге жерге өз хандықтарының іргесін қалаған.

Бұл ұғым әлі де жұмбақ, шешу үшін әлі де көп зерттеулер керек етеді.

Сонымен қатар, ақынның толғауларында кездесетін тарихи тұлғаларда аз емес. Бұл тұлғалардың барлығы тарихта болған адамдар. Осы тұлғалар жайында қысқаша мәліметтер келтіре кетсек.

«Ақтөбе мен Қорғанша
Асан қайғы бабаның
Қызыл тастан үй салдырып,
Он жыл тұтас отырып
Әңгіме құрып кеткен жер».[8]

Асан қайғы Сәбитұлы (14 ғасырдың ақыры-15 ғасырдың басы)- мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, философ. Ол Керей мен Жәнібек хандардың ақылшысы болған. Әкесі Сәбит Арал өңірінің Сырдария жағасын мекен еткен. Қызылорда облысы Шиелі ауданында «Жеті әулие» қорымындағы Асан ата кесенесі, Асан қайғы мазары делінеді. Асан қайғы заманында Алтын Орда ыдырап, оның орнына Қырым, Қазан, Өзбек хандықтары пайда болды. Ноғай ордасы тарап, Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуы кезеңі хандықтар арасындағы қым-қиғаш талас-тартысты аласапыран кезеңмен тұспа-тұс келді. Асан Қайғы қазақ халқы ұсақ хандарының басын біріктіріп, іргелі ел етпек болған Керей, Жәнібек сұлтандарды жақтады. Шу мен Арал аралығында Қазақ Ордасы құрылған кезде Асан Қайғы жаңа мемлекеттің ұраншысына айналады.[9]

«Үш Қиян» толғауында Асан қайғы елдің ақылшысы ретінде айтылады. Жырда әрқашанда халықтың мұңын жоқтайды. Асан қайғының Атырау өлкесінде Қорғанша қалашығында қызыл тастан үй салдырып, он жылдай мекен еткені жырланады. Кейін жұртты бастап, Тесіктаудан өтіп жөнеледі дейді.

Қазтуған Сүйінішұлы (шамамен 15 ғасырда өмір сүрген)-жырау, жорық жыршысы, қазақ эпосын жасаушылардың бірі. Қазтуған жыраудың артынан өмір, болмыс туралы, атамекен, туған ел жайлы және әскери тұрмысқа қатысты сан алуан жырдан құралған мол мұра қалған. Бірақ жырларының көпшілігі сақталмаған. Бізге жеткен шығармаларынан қазіргі кезде «Бұдырайған екі шекелі», «Алаң да алаң, алаң жұрт», «Белгілі биік көк сеңгір» деп аталатын үш толғауы ғана бар. Алайда аталған үш шығарманың өзі-ақ Қазтуғанның қазақ әдебиет тарихынан орын алуына себеп негіз болады. Қазтуған жырлары алғаш рет Ф. Мұштақовтың «Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары» деген кітабында басылған. Кейіннен «Ертедегі әдебиет нұсқалары», «Алдаспан», «15-18 ғасырлардағы қазақ поэзиясы», «Бес ғасыр жырлайды» атты жинақтарда жарық көрген. [10]

Мұрат ақынның «Қазтуған» жырында Қазтуғанның Жайық пен Еділ арасын, Тайсойған мен Қарабау өңірлерін, Қабыршақты мен Қарасуды, Дендерден бергі баурайды мекен еткенін айтады. Қазтуған елді өзге жұрттың алатынын, олардың Еділ мен Жайыққа қала тұрғызатынын, Еділді

алғаны-елді қалғанын, Жайықты алғаны-жанды алғанын, Ойылды алса-ойды алғанын, қайғылана жырлайды. Елді ынтымаққа, бірлікке шақырады.

Шора батыр – «Үш Қиян» жырында Шора Ноғайлы батыры. Өз халқын жауларынан қорғаған, халықтың адал ұлы. Арғы атасы Тама-Қарабура-Нәрік-Шора болып келеді.

Шора Нәрікұлы, Шора батыр (туған жылы белгісіз – 15.8.1546, Қазан қаласы) – батыр, тарихи тұлға. Кіші жүздің Жетіру тайпалық бірлестігінің Тама руынан шыққан. Оның шығу тегі жөнінде шежіре-аңыздар көп, сондай-ақ “Шора батыр” және “Нәріктің ұлы Шора” атты жыр-дастандар халық жадында сақталып, хатталған. Осы әдеби мұралар мен орыс жылнамаларында 15–16 ғасырларда Тама руының Қазан қаласы маңын жайлағаны баяндалады. Туысқан татар халқы да Шора Нәрікұлы мен оның әкесі Нәрік ханды Қазан қаласының тарихында елеулі із қалдырған қаһармандар ретінде таниды. Олар өмір сүрген кезең айбынды Алтын Орда мемлекеті ыдырап, Еуразия кеңістігінде бір-бірінен оқшаулана бірнеше мемлекеттік бірлестіктер – Қазан, Ноғай, Астрахан бой көтерген бұлағай уақиғаларға тұтас келді. Әсіресе, Қазан билеушілері күш біріктіріп, қуаты кемелдене бастаған Мәскеу патшалығына жартылай тәуелді күй кешіп отырған еді. Шора Нәрікұлы осы кезде тарих сахнасына шыққан. 1545 ж. ол Галица боярының баласы Васька Бортевті Мәскеудің ұлы князі Иван Грозныйға жіберіп, Қазан хандығының бұрынғы билеушісі Сафа-Гирейге қарсы күресу үшін әскери көмек сұрайды. Көп ұзамай 1546 ж. 17 қаңтарда орыстардың Қазандағы елшісі Игнатий Яхонтъевтен Мәскеудегі патша сарайына хат келеді. Онда Шора Нәрікұлының Гамет шейх, Әбүйрхан, Сейіт және Қадыш мырзалар мен бірігіп Сафа-Гирейді Қазаннан қуып шыққаны баяндалды. Сөйтіп, Қазанда Шора Нәрікұлы тобының жақтасы Шах Әли билік құра бастады. Бірақ қазандықтар Қырым ханының азғыруымен Шах Әлиге қарсы шығып, хан жағында аз ғана топ қалды. Оған қастандық жасалуынан алдын ала сақтанған Шора Нәрікұлы үлкен жиын сәтінде Шах Әлиді қашырып жіберді. Сафа-Гирей үшінші рет келіп Қазан тағына отырады да Шах Әлидің жақтастарын қуғындай бастады. 1546 ж. 15 тамыз күні Қазанда Шора Нәрікұлы, Баубек, Қадыш, т.б. мырзалар өлтірілді. Осыдан кейін Шора Нәрікұлының бауырлары – Шапқын, Аталық, Ислам, Әлікей Нәрікұлдары бастаған 76 адам Мәскеуге қашып, бас сауғалады. Кейін олар еліне қайтып оралып, халықты көпірлерге (орыстарға) қарсы шығуға үгіттеді. Орыс тарихшысы Н.Карамзиннің еңбектерінде ағайынды Нәрікұлдарының 1546 ж. 26 тамызда Қазан қаласын Мәскеу басқыншыларынан қорғауға қатысып, ерлікпен шайқасқандары айтылады. Жалпы Ресей құжаттарында Шора Нәрікұлы “князь” деп көрсетілген. Демек, ол Қазан хандығының ел билеу саясатына тікелей араласып, ханға тікелей ықпал еткен “қараша” атты ақсүйектер тобына жатқан. Оны Шора Нәрікұлының Шах Әлиге қамқор болып, жаудан қорғауы, орыс патшасына елшілікке баруы дәлелдейді. Әдетте “қараша” атағы әр рудың ең таңдаулы әулет өкілдеріне беріліп, ұрпақтан ұрпаққа мирасқорлық жолмен ауысып отырған. Қазақ шежіресі бойынша Шора Нәрікұлынан Шотқара, Есенгелді, Жабал, Жөгі өрбиді. Ал Есенгелдіден Аташал, Аташалдан Торым, Одан Базарқұл, Базарқұлдан Көкі, Көкіден атақты Есет тархан туады. [11]

Шора батыр жайлы тарихи аңыздар, әңгімелер, жырлар өте көп. Қазіргі таңда Шора Нәрікұлы атында Орал қаласында көше бар.

Жаңбыршыұлы Телағыс – ноғайлы батыры. «Қырымның қырық батыры» жырында Телағыстың жасы он беске толғандығы, қалмақтарға қарсы шыққысы келетінімен басталады. Қалмақтың ханы-Бегенге, Орақ пен Мамайдан басқа Мұсаның отыз ұлымен аттанады. Телағыс Бегендей қалмақтың ханын жекпе-жекте жеңіп, қалмақ шаһарын мұсылман дініне кіргізеді. Бірнеше жыл өткен соң, Жаңбыршы батыр өлуге жақындайды. Сонда Мамайды шақырып алады. Сонда Жаңбыршы Мамайға Телағысты тапсырады. Жаңбыршы қайтқаннан кейін, Телағыс Мамайдың қарындасын алам дегенде, Мұсаның отыз баласы қарсы болады. Телағыстың Аққозы деген жылқышысы келіп, Мұсаның балдары өлтірмек жүргенін, сақ болу керектігін айтады. Бұл жағдайды естіген Телағыс ертесіне Мамайға келеді. Мамай Телағысқа Боғданы талақ етіп, Еділдегі ноғай Қырымға көш дейді. Амалы таусылып, Асан Қайғыға келіп, көмек сұрайды. Үш күн ішінде Қырымның қырық батырын жинап, қастарына Сыпыра жырауды қосып аттандырады. Сыпыра жырау Қырымның қырық батыры мен Мұсаның отыз ұлын қырқыстырмай, тіл табыстырып, Телағыстың тойын жасайды.

Бұл-жырға қысқаша түсініктеме. Телағыс жырында белгісіз тұлғалар, жер-су атаулары кездеседі.

Қорытындылай келгенде Мұрат жырларында қазақ тарихына қатысты көптеген ұғымдар кездеседі. Жоғарыда берілген түсініктемелер үлкен жұмыстың бастамасы. Мұрат Мөңкеұлына туғанына биыл 170 жыл. Осыған байланысты республикалық конференция өткізілсе, Мұрат ақынға ескерткіш орнатылса игі болар еді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аламан. Арыс баспасы Алматы 2002 жыл, 154-бет
2. Мұрат. Құрастырған Б. Қорқытов. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2001ж. 130-бет.
3. Сонда, 148-бет.
4. Сонда, 151-бет.

5. Шығияз: «Тарихтың шежіреші хабарымын» Атырау қаласы, 1996 жыл 4-бет
6. Сонда, 9-бет.
7. Мұратану 1992 жыл 10 қараша, 7-бет.
8. Мұрат. Құрастырған Б. Қорқытов. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2001ж. 132-бет.
9. Қазақ ұлттық энциклопедиясы 1 том
10. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы 5 том
11. Кекілбайұлы Әбіш., Үш Белес, А.,; 2001, Қазақ энциклопедиясы 9 том

ӘОЖ 908

МАХАМБЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӨЛКЕ ТАРИХЫ

Мұстафин Ж.Ж.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Махамбет – біздің түсінігімізге алмас қылыштай қиып түсетін шыншылдығымен ерекшеленетін төкпе ақын және толқымалы бұлқынған күйші композиторлығымен қатар, өзі өмір сүрген ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы тарихи – қоғамдық болмыспен біте, қайнасқан өршіл, жершіл, елшіл де дауылпаз жауынгер тұлға!

Ол мұндай жан – жақтылықты қайдан алды, киелі қасиеттер Махамбет бойына қалайша жинақталып, шынайы даналық пен даралыққа қалай жеткізді?

Жоғарыдағы сауалдарға жауап беру үшін, біз Махамбет өскен табиғат пен қоғамдық ортаны, ол ортаның сол кездегі әлеуметтік – экономикалық және саяси жағдайларына көңіл аударуымыз қажет.

Махамбеттің туылған жері – Бекетай құмы – жалпақ Нарынның терістік шығысында, яғни қазіргі Атырау Орал облыстарының шегіне жақын орналасқан ұзыны – 800 -100; ені 50-60 шақырымдық құмы мен төбе, жазықтары кезек алмасқан көкбекті, шайыр - балдырған, баттауығы мен қымыздығы, жусаны – изені, бидайығы жайқалған шабындығы мен жайылымы төрт түлікке түгел жайлы қоныс болатын. Табиғаты да жанға жайлы, яғни қысы жұмсақ, ықтасын төбелері мол, жазы - ыстық болғанмен түні - салқын, суы мол өлке еді. [1] И.Кенжалиев «Махамбет Өтемісұлы» А., 1979 12 – 13 бб.

Бекетай құмында күні бүгінге дейін балалық шағы өткен «Көк төбе! мен жастық шағы мен жігіттік кезеңдерінің куәсі арғымақ баптап, жыр төккен: «Махамбет тауы» бар. «Біздің анау нарында бір төбелер бар еді, Айналасы ат шаптырса жеткісіз» делінуі сөзімізге куә. Міне, осындай табиғаты әсем, жылдың төрт маусымының өзіндік сән – салтанаты мол өскен орта – Махамбеттің санасына сәби кезеңнен әсер етіп, оның жершіл-елшілдігіне негіз болып, тасқынды дарынымен, толқынды сезімін оятқан – деп пайымдауымызға жетелейді.

Махамбет 14 жасында әкеден айырылып, оған 1816 жылы Хан сұлтандардың Өтеміс ауылын шауып «мал дүние мүліктерін тонауы себеп болды. Әкесі Өтеміс өрмінезді беті қайтпайтын әділін қасқайып тұрып бетке айтатын батылда, батыр адам болған. Сондықтанда ол - жақын жуықтарына абыройлы ал билеушілерге ұнамаған. 1817 жылы Өтеміс қамалып, Орда түрмесінде белгісіз жағдайда ажал құшады.

Осылайша, Махамбет жетім қалып, ауызша сауатты анасы – Қосуаннан тәлім, ағалары Тоқтамыс пен Бекмұхамбеттен мол тәрбие алған және әділетшіл ескі жырау – ақындар: Қазтуған, Шалғез бен батыр жырау Доспанбеттерден үлгі алған өз кезеңінде әке қанынан дарыған шыншылдық, батылдық, өжеттіктерді бойына жиып жетіледі. Оның үстіне 1817 – 1819 жж бастап беріштердің би – старшині Исатайдың адамгершілікке толы қамқорлығында болады.

Ежелден қалыптасқан дәстүрлер бойынша арғымақ сайлап, құмай еріткен сал – серілерше, батыл ер жете бастаған Махамбет өміріне ХІХ ғасырдың 20 – 30 жылдарында Еділ мен Жайық аралығында орын алып, орныға түскен жөнсіздіктер, әсіресе хан - сұлтандар мен оларды жақтаған билер мен ауқаттылардың және самодержавиенің отаршыл саясаттары барысында Еділ мен Жайық бойларында әскери шептер нығайтылып Каспийдің терістігін тұтас қамтитын жағалаулар мен далаларда Безбородко, Завьялов, Богратион және Юсуповтар бастаған орыс, шоқынған қара ноғайлардың помещиктерімен ауқаттылары алып, шын мәнісінде бұл аймақты орыстандыру саясаттары ашық жүргізілуімен қатар;

Жәңгір хан бастаған ақсүйектер Тарғын өзені мен Жасқұс құмын алса, қосөзен аралығындағы ең шұрайлы жайылымдар мен шабындықтарды сұлтандар мен билер және оларға ерген ауқаттылар жаппай иеленді.

Мұның нәтижесінде Нарын құмындағы және жалпы Кіші жүздегі халқымыздың мал бағып, айырбаспен ғана жүзеге асырылып, келе жатырған саудаға сүйенген тұрмыстары бұзылып, жер

тапшылығы қатты сезіліп, елдің кейдейленуі шапшаңдай бастады. Себебі халықтық мамыражай дамып, өркендеуін отаршыл өктем билік қаламады, патшалық Ресей саясатшылары кіші жүзді бөлшектеу арқылы оның саяси-әлеуметтік, экономикалық– стратегиялық қуатпен әлсіретуді көздеп, Жәңгірдің 1812 жылы «Ішкі Орда» деген атпен хандығын бекітсе осы өңірде немесе Жайықтың сол, Бұхар атты сол жағалауында Жантөре Айшуақұлы, Айшуақпен бақ, тақ таласқа түскен Жайықтың жоғарғы жағында Қаратай сұлтан Нұралы ұлы, ал Маңғыстауда Нұралыұлы Пірәлі хан билік жүргізгенді.

Осылардың барлығы «бөліп алда билей бер» ұстанымы арқылы жат жерліктермен олармен ымырласқан жергілікті үстем әлеуметтік жіктердің жүгенсіздіктерін күшейтіп, аймақтағы әлеуметтік қайшылықтарды асқындырды. Нәтижесінде Халықтың тұрмысын барынша күйзелтіп, ақша-тауар қатынасын ұлғайтып, ХІХ ғасырдың басынан бастап, халық бұрын –соңды сезінбеген жоқшылық, жетімсіздік пен қайыршылыққа ұласа бастады.

Тіпті халқымыздың бүкіл болмысына жат әрекет, яғни әбден түңілген кедейлердің балаларын сатуы жиі орын ала бастады. Еңбекке жарамды кедейлер Еділ-Жайық бойындағы Астрахан бастаған ірілі-ұсақты қалаларға кәсіп іздеп қаңғырып кетуге мәжбүр болды. Олардың кейбіреулері еріксіз шоқынуға дейін барды.

Қарапайым халық жағдайының күрт нашарлауы көзі ашық, көкірегі ояу, бар ықылас-пейілімен еліне жан-ашыр Исатай сияқты билер мен батырларды, Махамбеттей елге таныла бастаған жаны тазаларды да ширықтырып, елінің, жерінің болашағы үшін қиында болса халқы үшін тағдырларын тәрік етіп хан сұлтандарымен өзі үшін ғана өмір сүретін билерге қарсы күреске шығарды.

Осы мақсат Махамбеттің бар дарынын азаттыққа арнауына себеп болып, бүкіл шығармашылығы әділеттіктің ұясы болған елінің болашағына арналып, ақын былай деп мақсатын ашық айтады: «Еділдің бойы ен тоғай,

Ел қондырсам деп едім. Жағалай жатқан сол елге, Мал толтырсам деп едім....»-дейді, және де «Ереуіл атқа ер салмай,Егеулі найза қолға алмай, Еңқу-еңқу жер шалмай Ерлердің ісі бітерме?-деп, ашық азаттық күреске шақырады.Сөйтіп жан-жақты дарынды Махамбеттің ғұмырын, бүкіл творчествосын тек елінің азаттығы мен тәуелсіздігіне арнауына еріксіз мәжбүрледі.

Жауынгер ақын: «Еділ үшін егестік, тептер үшін тебістік, Жайық үшін жандастық, қиғаш үшін қырылды»-деп, туған жердің бостандығы мен болашағы үшін талай қиындықтардың болатынын біле отыра, халық үшін барлығына әзір екенін білдіріп, ерлерді күреске жігерлендіреді.

Бұл күресте Исатайдай ерді-төбесіне көтере, таудан мұнарта ұшқан тарланым»-атты өлеңінде: Оның халықшылдығын, батырлығын, қайраты мен ақыл-жігерін шарықтата, шабыттана жырлайды. Мысалы «Өкініш» атты жырында:Толғайда толғай, оқ атқан, он екі тұтам жай тартқан, Қабырғасын қаусатқан,Төбінгісін тесе атқан, Тізгінінен кесе атқан.Теспей қанын зулатқан, Біздің қайсар батырдың, Жүрегін сөйтіп оятқан. Кешегі Орақпенен Мамайдай, Батырлар шіркін болармай!-деп жырлай келе, ХІV-ХV ғасырлардағы туған жер тарихын еске алады. [2] М.Өтемісұлы 36-бет.

Немесе: «Соғыс» деген өлеңінде «Әскер жиып аттандық, Бекетай еді тұрағым.Айғайлап жауға тигенде, «Ағатай беріш» ұраным. Бекетай құмға ел қонып, Байбақты жүніс аттанды»-деп жырлап, бүгінгі біз қол жеткізе алмай жүрген шежірелік дерек ұсынады. [3] Көрсетілген еңбек 42-бет.

Қысқасы Махамбеттің бүкіл шығармашылығы елінің ертеңіне арналып, кейінгі ұрпақтарғаадами үлгі боларлық танымдылығы жан-жақты, яғни жерді, елді, халқын құрметтеуге бағышталғандығы қай өлең-жырларын оқысаңда қанық бояуымен өшпестей айшықталып тұрады.

Мысалы «Еділмен Жайық жер еді-ау мекен еткен шаруаға. Жағасы қорған жай еді-ау... Ар намысын қашырма.Сүйегім тұтам қалғанша, Тартынбай сөйлер асылмын. Бойың жетпес биікпін, Бұлтқа жетпей шарт сынбан. Аяғыңа бас ұрман»- деп төкпелейді. [4] М.Өтемісұлы. Жыр-жебе. А., 2003. 97-100 беттер.

Жалпы, Махамбет шығармалары туған өлкеміздің тарихы үшін тұнып тұрған тарихи деректерге толы, әсіресе тарихи жер-су аттары, өткен дәуір кезеңдеріндегі белгілі кісі аттары мен шежірелік деректерге, этнографиялық заттар; батырлардың қару – жарақтары, аймақтың берекесін толықтырған жан-жануарлар, құстар мен өсімдіктер атаулары өте жиі кездесулері мен құнды.

Махамбет шығармаларындағы өлке тарихына жан-жақты қызғылықты боларлық дәйектер күні бүгінге дейін мүлдем зерттелмеген, сондықтанда бұл шағын зерттеу мақаламыз өлке тарихына қызығушыларға ой салса, біздің мақсатымыздың орындалғаны.

Мұстафин Ж.Ж.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Резюме Статья о новых источниках истории дипломатии в Младшем жузе. Во время правления хана Нуралы султаны Абилфейз и Болат направили послов к импературу Цинской династий Цянь Луну в 60 годы XVIII века.

XVIII ғасыр патшалық Ресейдің отаршыл саясаттарының күшеюіне орай қазақ, қалмақ, түрікпен, башғұрт және қарақалпақ халықтарына байланысты оларды өзара және әр халықты іштей бөлшектеу, жік салу жолында түрлі астарлы әрекеттерін жиілетулеріне орай Кіші жүз қазақтарының тарихы күрделене түсуіне себеп болды. Мысалы, 1748 жылдың күзінде Нұралы сұлтан Әбілхайыр өлтірілгеннен кейін әке тағына отырып, бүкіл кіші, орта жүздерге билігін жүргізуді ойлады. Алайда, жаңа хан билігін оның туған бауырлары Айшуақ пен Ералы және алты ата Әлім тайпасының шекті, төрт қара руларының билеушісі Батыр сұлтандар мойындамай әрқайсысы өздеріне бағынышты руларымен өздерін дербес хан ретінде сезінді. Ал, Қайып хан Сырдарияның орта, жоғарғы және Хиуада билік ететін. Бұл жағдай Кіші жүздің өзінде бірліктің, тұтастықтың жоғына дәлел емес пе?

Мұның үстіне Ресей самодержавиесі қазақ елінің тұтастығын бұзу арқылы аймақтың әлеуметтік – экономикалық және саяси-стратегиялық күш қуатын онан әрмен әлсірете түсу мақсатында Еділ-Жайық бойына «әскери шептермен», «редуттар» орнатып, казак-орыстарды қоныстандыруды күшейте жүргізіп, «тартса майы шыққан» су-салалы шұрайлы жайылымдарды жаппай тартып алып, орыстандыру саясатын өрістетіп, екі халықтың бауырласуын болдырмау мақсатында өзара өшпенділігін ұлғайту үшін «байлық» көзі ретінде дүркін-дүркін бір-біріне барымта, тонаулар ұйымдастырып отырды.

Бұл жағдай Кіші жүзде мал жайылымдарын тарылтып, бұрыннан дұшпандық көңілдегі қалмақтармен әсіресе, Еділ-Жайық арасындағы жерлер үшін өзара аяусыз қырқысуларының жиіленуіне, Мұғалжар-Орал тауларының түстік бөлегі үшін Батырша көтерілісі кезінде Башғұрдтарға қарсы арандатулар ұйымдастырылды.

Каспийдің терістік шығысы мен шығысында түрікпен және қарақалпақ тайпаларына қарсы «жайылым, жер үшін» таластар тұрақты орын алды. Осы аймақта Сағыз-Жем және Сардарияның төменгі ағысы аймақтарын Кіші жүз рулары иеленіп, Өзбектер бастаған көрші халықтармен қақтығыстарға ұласып жатты.

Бұлардың барлығы халықтар арасындағы алауыздықтардың асқынуына, бір-біріне деген сенімсіздіктерді күшейтті.

Ең бастысы Кіші жүзде жайылымдық жерлердің жетімсіздігін өткір сездіріп, ру-тайпалардың арасында да «жер дауы» маңызды мәселелерге айналып, көшпелі қоғамның ішкі қайшылықтарын ушықтыра берді. Билеуші –би, сұлтандар мен хандарды да мазасыздандыра түсті.

Дәл осы кезең, яғни XVIII ғасырдың басынан бастап, күшейе бастаған Қытайдағы Цинь әулеті Канси-Юнчжэнен бермен қарай көрші елдерге қарсы ашық-жасырын жағдайда өктемдіктерін жүргізіп, империя территорияларын кеңейте түсуге кіріскен. Осы кезде Қытайдың терістік батысы мен батысында Жоңғария мен Қашқарияға қарсы ашық жаулаушылық тұрақты орын алып, ақыры ғасыр ортасына қарай жоғарыда аттары аталған аймақтар біржолата күшпен бағындырылған.

Бағындырылған аймақтар алғашқы жылдарда Қытай мемлекеті тарапынан өте қатаң түрде үнемі, бақылауда болғанменде елсіз-күнсіз, бос жатқан. Себебі, Қытай билеушілері жаңадан қосылған жерлердің батысы мен терістік батысындағы кең байтақ Қазақ жері мен еліне байланысты өте сақтықпен түпкі мақсатын бүркемелеуге тырысты. Екі ел арасындағы өзара пайдалы сауда-айырбасты күшейтуге зор мән берді. Бұл бағыт Қытайдың шекаралық чиновниктері мен мемлекеттік органдарына пайдалылығы мол және Қытай патшалығының түрлі көшпелі халықтары арасындағы беделін шапшаң көтере бастағанды. Қытайдың мақсаты да осы еді.

Әсіресе, Жоңғарияның талқандалуы Қытай мен Қазақ хандығының арасындағы айырбас сипатындағы сауданың қарқын алуына себеп болып, хан-сұлтандар, би-батырлар өз беттерімен еш кедергісіз төрт-түлік малға тұрмысқа қажетті заттарды айырбастауды жиілетіп, халық тұрмыстарының түзелуіне ықпал ете бастады.

Міне, осы қолайлы жағдайды ресми хандармен қатар, қазақтың әр аймағының, яғни біз сөз етіп отырған Кіші жүзді билеген Хандар: Нұралы, Батыр және Қайып хандар мен бір мезгілде өзіне тиесілі руларды басқарған Болат пен Әбілпейіз сұлтандарда пайдаланғаны білгілі болып отыр. Мысалы, «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері»- атты «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жарық көрген 5(бес) томдық жинақтың Алматыда 2005 жылы жарияланған 2 томының 55-бетінде «Цин дәуірі суреттеріндегі қазақтар» атты кестеде №6 және №9 ретпен берілген

деректе: жоғарыда аттары аталған сұлтандар: Болат пен Әбілпейіздің 1762 жылдың ақпаны мен 1764 жылдың қаңтар айларында Себек деген елшінің Қытайды 1735-1795 жылдары билеген Цяньлун патшасының қабылдауында болғандығы көрсетілген. [1]

Ал, Себек болса, Кіші жүздің «Байұлы»-аталатын тайпасының Беріш бөлімінің ру басы, яғни ел басқаруға араласқан белгілі адамы болғандығы халқымыздың «ауызша тарихы» атадан балаға мұра қылып, айтылып келе жатырған өсиет, шежіре бойынша бізге-тоғызыншы бабамыз болып келеді.

Шежірешілер әрбір атаға шамамен 30 жылдан есептегенде Себек атамыздың ғұмыр кешкен жылдары сөз етіп отырған уақиғалар кезеңіне сәйкес. Мысалы: Беріш-Байбақты-Асылбас-Себек-Сары-Баба-Оразымбет-Сонтай-Қырдасын-Мұңғат-Мұстафа-Жұпбол болып жалғасып келеді.

Кіші жүздің негізгі үш тайпасы халқының көбі Байұлының бірі Беріштің үлкен баласы Байбақтының тұңғышы Асылбастың ең үлкені Себек екенін ескерсек, ежелден малы мен жаны қатар өскен Себек атамыз жасынан ел билеу мен билікке ерте араласқан. Билігінің «қара қылды-қақ жарған» әділдігінен бе? Әлде қазақ болмысынан бермен қарайғы дәстүрден бе? Не болмаса «шыңғыс идеологиясының» әсеріненбе? Қалай болғанда да Себек руы «Жеті ата; яғни «жеті баулы» Беріштің ағасы болып саналатыны күні бүгінге дейін шежіре білетін ағайындарға аян. Бұл шежірелік дерек жөнінде XVII ғасырдағы Ағылшын саяхатшысы Джон Кэстл жазған. [2]

Айдаһарды кие тұтқан «Аспан асты елі» қаһарлы Жоңғарды жұтып, Қазақ елімен тікелей межеге жетуі екі жақты да өзара болашақ қатынастар туралы терең ойлануға мәжбүрлеп, ақылды Абылай хан ендігі жерде өзімен бірдей көшпелі тұрмыс кешкен Жоңғарларға байланысты қарым-қатынастардың Қытайға қолдануға болмайтынын түсініп, екі жақты араластықты бейбітшілікке негізделген өзара пайдалы айырбас арқылы жүргізілетін тұрмыста тікелей сұраныстарға қажеттіліктерді өтеуге және «екі басты самұрықты» дәріптейтін орыс елінің өктемшіл екпініне қарсы айбар ретінде пайдалануды көздеді. Жоңғар тұтастығын көксеуші Әмірсананы да қолдап, оны қаһарлы Қытайға қарсы пайдаланар «қалқан» етуді мақсат тұтқаны белгілі. [3].

Сөйтіп, 1757 жылдың жазы мен 1780 жылдың мамырының арасында ресми түрде Абылай өз атынан ғана 12 (он екі рет) елшіліктер жіберіп, екі ел, халық үшін аса пайдалы байланыстарға берік негіз қалаған. Бұл жылдар аралығында Қазақ еліне билік жүргізген, Әбілпейіз, Әбілмәмбет хандармен бірге Ханбаба, Санияз, Ханқожа, Болат және тағы басқа сұлтандар мен би-батыр, тектілердің ондаған елшіліктері аттандырылып, император бастаған сан түрлі мемлекеттік шенеуніктер мен ірі саудагерлерімен кездесіп, өзара тиімді сауда-саттық жасасқан. [4].

Бұл байланыстар айналдырған жиырма шақты жылға аз еместігі белгілі. Бұл жерде Қазақ еліне Қытай тарапынан жасалған саяхат не елші – жаушылардың сапарлары айтылып отырған жоқ.

Қазақ билеушілерінің Қытаймен арадағы бейбіт және тиімді байланыстарға зор мән беруі-сөз жоқ халқымыздың тұрмыстық-экономикалық мүдделеріне байланысты еді. екіншіден барынша күшейе түскен сауда екі халықтың да мүдделілігінен туындап, бір жағынан Қытай императоры Цяньлун бастаған мемлекеттік деңгейді көрсетсе, екінші жағында Абылай бастаған қазақ билеушілерін Цинь әулетімен теңестіріп, Қазақ елінің халықаралық деңгейдегі дербестігін дәйектеді; үшіншіден Кіші жүз билеушілерінің ең басты мақсаттарының бірі-көшпелі мал шаруашылығына қажетті жайылым жерлердің жетімсіздігін, Қытай билеушілерінің осы мезгілдегі «жылы қабақтарын» пайдаланып бос жатқан Жоңғарияға қоныстану арқылы жеңілдетуді көздеген. Бұл кезең әлеуметтік-саяси жағынан әсіресе батыстан Орыс патшалығының барынша пәрмен алған отаршыл саясатының Қазақ халқының ішкі негізінен экономикалық мүдделерін, яғни тұрмыстық күнделікті тауарларға сұраныстарының өсуін де пайдаланып қалуға тырысқандығы белгілі. Сондықтанда, Кіші жүз ауқаттылары мен жалпы халық өсе бастаған төрт түлік малға, яғни жылқы, түйе, сиыр және қойға Қытай жібегі, басқада тауарларға айырбастауға құлшына кірісті. Мыңғырған малы бар әрбір қазаққа бұл тиімді еді. Сөйтіп жоғарыда айтылған Себек бастаған елшілердің екінші мақсаттары Қытаймен тұрақты айырбастық сауданы жолға қоюда болатын. Төртіншіден осындай мақсаттарға негізделген экономикалық байланыстар XV-XVI ғғ «әлемдік су жолдарының ашылулары мен шығыс пен батыстың араласуына жетекші рөл иеленуіне байланысты әлсіреп тоқырауға ұшыраған «Ұлы жібек жолының» қайта жандануын көзге елестете бастады. Ал бұл жағдай Ресей мен отаршыл Батыс державаларына да ұнамады. Бесіншіден – қарқын алуға бағытталған сауда-экономикалық байланыстардың астарында Қытайдың да, Ресейдің де ұлан байтақ Қазақ жері мен елін болашақта саяси ықпалға түсіру мақсаттары жатқанды. Мәселен, Қазақ хандары мен сұлтан тағы басқа беделділерінің Қытаймен сауда-саттыққа мүдделілігін Қытай билеушілері халықтың «аспан асты елінің» ықпалын қабылдауға ұмтылысы-деп, теріс пиғылмен өздерінің астарлы саясаттарын орнықтыруға өте сақтықпен кіріскенді. Алайда, Абылай бастаған көрегендер мен халқының болашағын ойлаған мәмлегерлер Қытай «айдаһарының» жымысқыда, үрейлі «ысылын» үш ғасырға кешеуілдеткені айқындала түсуде.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері Алматы., 2005. 2 том.
2. 55 б.
3. Джон Кэстль Дневник Путешествия в году 1736-м из Оренбурга к Абулхайру хану Киргиз-Кайсацкой Орды. А., 1998. 119 б.
4. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері Алматы., 2005. 2 том.
5. 50 б.
6. Бұл да сонда 55 б.
7. Бұл да сонда. 3 том 17-20 бб.

ӘОЖ 93:665

ӨЛКЕМІЗДЕ МҰНАЙ ХИМИЯСЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫНАН

Турдалиев Ә.О., Турдалиев Қ.О., Жауымбаев А.А.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Еліміздің өндірісінің барлық салаларының, тіпті біздің өмір-тіршілігіміздің сан-түрлі жағының химия өнеркәсібімен байланыстылығын күнделікті өмірден байқауымызға болатындығы даусыз нәрсе. Қазіргі кезде өндірістік процестердің, өндірістің күрделі өнімнің көпшілігі химияның өндіріске араласуынсыз өмірге келмейтіндігі белгілі жайт. Химия өнімдеріне деген сұраныс тек өндіріс саласында ғана емес, ол күнделікті тұрмыста да қажеттілік тауып үлкен сұранысқа ие болып, күннен-күнге өсіп отыр. Әлемдік жаһандану жағдайындағы, ғылыми-техникалық прогресстің дамуында химияның алатын рөлі зор. Химияны дамыту арқылы, әлемде табиғи шикізат қорларын үнемдеуге қол жетті. Мәселен, адамзат химиялық өнімдерді пайдалану арқылы қаншама ағашты үнемдеп, тамырына балта шабудан аман алып қалғанынан ғана оның пайдалылығының біржағын көруге болады. Әрине, өндіріс қалдықтары мәселелері әлемді толғандырып, әлі де соңына дейін шешілмеген күйі қалып отыр.

Химиялық процесстер өндіріс тиімділігіне өз әсерін тигізіп, оны одан әрі арттыра түсуде. Химия өнеркәсібі әлемдік өнеркәсіптің өнімнің 20 мыңнан аса түрін шығарады. Бұл өнімдер машина жасау, жеңіл өнеркәсіптерінде, медицинада, электрондық өндірісте кеңінен қолданылуда.

Қазақстан химия өнеркәсібін дамыту үшін қажетті шикізатқа бай республика болып табылады. Менделеев кестесіндегі 105 элементтің 99-ы біздің елімізде бар. 70 элементтің қоры барланып зерттелген. Ал, өндіріске 60-тан астам элемент тартылған. Бүгінгі күнге дейін минерал шикізатының 1225 түрі бар және 493 кен орыны белгілі.

Пайдалы қазындылар қорының көлемі жағынан Қазақстан ТМД елдерінің алдыңғы қатарында күміс, хромит, қорғасын мен мырыш өндіруден бірінші орында, мұнай, көмір, мыс, никель мен фосфат шикізатын өндіруі бойынша - екінші, алтын өндіру жағынан үшінші орында тұр.

Қазақстанда мұнай мен газдың елеулі қоры бар, олар негізінен еліміздің батыс бөлігіне орналасқан. Мұнай өңдеу негізінде елімізде мұнайхимиясы саласы да дамуда. Жыл сайын мұнда 32 миллион тонна мұнай өндіріледі, сөйтіп бұлт жайт республикамызды әлемдегі ірі мұнай өндіруші мемлекеттер қатарына қояды.

Табиғаты бай, табиғи шикізаты мол, қазақ даласында химия өнеркәсібі алғы шарттары еліміз аумағында ежелден қалыптаса бастады. Қола дәуірінде Қазақстан ең даласын мекендеген тайпалар әлемдегі алғашқы қола өндірушілердің бірі болды.

Б.з.д. ІІ ғ. Қытай мен Батыс Европа елдері аралығын қамтыған Ұлы Жібек жолының қалыптасуы әлем елдерінің арасында мәдени-ғылыми жетістіктермен алмасу процесіне түрткі болып, алхимияның одан әрі дамуына жағдай жасады.

VI-XII ғғ. Түрік мәдениетінің шарықтап даму тұсында қазақ даласында өмір сүрген әлемге аты әйгілі Әл-Фараби, Әбу-Райхан Бируни, Ибн-Сина т.б., еңбектерінде химиялық заттардың қасиеті, қышқылдар мен тұздар, түрлі дәрі – дәріліктер алу жолдары, химиялық процестердің жүру барысы туралы көптеген жазбалар кездеседі.

Моңғолдар шапқыншылығы тұсында химиялық заттардың қасиетін анықтау, оларды соғыс ісіне пайдалану ісі, жолға қойылып, химия саласындағы жетістіктер кең түрде қолданысқа түсті.

Қазақ хандығының құрылуы мен дамуы тұсында химиялық заттардың қасиеттерін анықтау көрші орналасқан Ресей, Қытай мемлекеттерін күшейтіп, отты қаруға ие болған, осы елдер сыртқы саясатта басымдыққа ие бола бастаған. Осыған орай, қазақ хандары Ресей, Қытай елдеріне елшіліктер жіберіп отты қаруға ие болу жолдарын қарастырған.

Ел ішіндегі тұрмыстық заттарды дайындап, түрлі қоспалар арқылы бояйтын шеберлердің, бақсы-балгерлер атадан қалған дәстүрді жалғастырып, дәрі-дәрмек жасау ісінде халықтық химия негіздері өз жалғасын тапты. Қазақ хандығының Ресей империясының құрамына өтуі, орыс мәдениеті арқылы батыс мәдениетімен жалғасуы, шығыс мәдениетінен бастау алған химия ғылымның дамуына жағдай жасады.

Қазан төңкерісінен дейінгі кезеңде Қазақстан аумағында 1884 жылдан бастап, Ресей көпестері Иванов пен Савинков іргесін қалаған, Шымкент қаласында 80 адам жұмыс істеген, жылына 25-30 тонна сантонин өндірген шағын ғана сантонин зауыты, қарапайым ұсақ және жеке майдагер кәсіпорындар құрамындағы арнайы цехтар болған. Риддер кәсіпорынында кен өңдеу фабрикасында күкірт қышқылын шығаратын цех, Сарысу кен өңдеу фабрикасында таскөмір смоласын өндіруге арналған, смола айдау қондырғылары жұмыс жасаған [1. С.24].

Кеңес өкіметі жылдары республика аумағында химия өнеркәсібі негізі қалыптасып, оны дамытуға үлкен мүмкіншіліктер туып, қажетті жағдайлар жасала бастады. Елде лабораториялар мен зерттеу орындары ашылған. Алғашқы ашылған жоғарғы оқу орындарында химия пәні оқытылып, мамандар дайындала бастады. Бірінші бесжылдық жылдары (1928-1932 жж.) ғалымдардың күшімен геологиялық барлау жұмыстарын жүргізудің нәтижесінде химиялық шикізатың үлкен қорлары ашылды: Ақтөбе облысында фосфориттер мен хромиттер, Қызылорда облысының Арал ауданында табиғи натрий сульфаты, ас тұзы, Батыс және Орталық Қазақстанда әр түрлі минералдық тұздар, Қаратау сілемдерінде, өзінің қоры, сапасы және орналасу қабаттары жағынан көптеген белгілі кен орындарынан асып түсетін фосфориттер қоры табылды.

1932 жылдың өзінде-ақ еліміздің шыны зауыттарын шикізатпен жабдықтаған табиғи натрий кендерінің негізінде «Арал-сульфат» комбинаты ұйымдастырылды. Ақтөбе даласында Богдановск кен орны фосфориттерінің негізінде аз уақыттың ішінде химия зауыты салынды, бұл зауыт 1935 жылы фосфор тыңайтқышы – преципитаттың алғашқы тонналарын берді. Бұл сол кездегі минералдық тыңайтқыштардың шығаратын ірі зауыт болды.

1936 жылы Қаратау бассейнінде фосфориттер кен орындары ашылып, елімізде химия өндірісін одан әрі дамытуға өзіндік үлесін қосты. Осы негізде Шымкент химия-фармацевт зауыты қайта құрылып, өндірістік қуаты ұлғайтылды. Бұл зауыт 1940 жылы дәрі қоспаларының (препараттарының) 25-тей түрлерін жасап, химия-фармакология ісінің негізін қалады. Сонымен бірге республикамыз жоғарғы концентратты аммофос тыңайтқышы мен тиімділігі жоғары жем-шөп қоспасы ретінде, фтордан арылған фосфат алғаш өндірушілердің бірі болды. Осы жылдары Шымкент және Жамбыл қалаларында сары сульфат шығаратын зауыттардың салынуы, химия өндірісі саласында осы өнім өндірушілердің алдыңғы қатарына шығарды. XX-шы ғасырдың 80 - жылдары Қазақстанда фосфордың 90%, жем-шөп фосфатының 40% - ы, өнімнің 150 түрі өндірілген [2.С.61-62].

Сөйтіп, 1940 жылға қарай химия өнеркәсібі халық шаруашылығының бір саласы ретінде қалыптасып, отандық шикізаттық негізінде жұмыс жасай бастаған. Шикізат кендері зерттеліп, оны пайдалану, Москваның ұйғарымымен іске асырылып, химиялық шикізатты өңдейтін зауыттар салынса да, олардан өнім шығаратын өндіріс орындары көпшілігі Ресей жерінде салынды.

Республиканың бүкіл өнеркәсібінде сол кезде химия өнеркәсібі үлес салмағы 2,5%, ал саланың негізгі өнеркәсіптік-өндірістік қорлардың жалпы көлеміндегі үлесі - 2,9 болды. Осы кезден бастап химик - өндірісшілер мамандар қалыптасып, оларды дайындау ісі одан әрі жалғасты. Өнеркәсіпте істейтін барлық жұмысшылар құрамында, бұл саладағы жұмысшыларының үлес салмағы 1940 жылы 1,6 % еді.

Ұлы Отан соғысы дамып келе жатқан саланың жұмысын қиындата түсті. Соғыс жылдары «Қаратау» тау-кен химия комбинаты салынды, ол 1944 жылы өнімнің алғашқы тонналарын берді. Қарағанды облысында синтетикалық каучук заводы салынып, 1943 жылы пайдалануға берілді. Сол кезде Қостанайда жасанды талшық өндіретін тәжірибелік - өнеркәсіптік қондырғы жұмыс істей бастады, кейін ол қазіргі заманғы зауыт болып өсіп жетілді. 1943 жылы дон хромиттер кен орындары негізінде жұмыс жасайтын Ақтөбе ферросплав зауыты алғашқы қару-жарақ шығаруға өте қажетті өнімдерін шығара бастады[3]. 1943 жылы салына бастаған Гурьевтің мұнайды қайта өңдеу зауыты 1945 жылы-ақ жоғары сапалы бензин бере бастады.

Осыған орай, мұнайды игеруді арттыру мақсатында, 1946 жылы Қазақ КСР-і Ғылым академиясы құрылғаннан кейін-ақ, академик Қ.И.Сәтбаевтың ұсынысымен Гурьев қаласында Орал-Ембі ғылыми – зерттеу базасы жасақталып, жұмыс істей бастады. База басшысы ретінде С.Қ.Қарымсақов тағайындалған[4].

Соғыстан кейінгі уақытта өлкеміздің табиғи байлығы игеріліп оны одан әрі дамытуға назар аударыла бастады. Соғыс жылдарында майданды жанар жағармаймен қамтамасыз еткен Атырау өлкесі мүмкіндігінің молдығы орталықтағы басшылар қатеріне іліксе керек. 1948 жылы КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысы бойынша жылына 25 мың тонна спирт шығаратын химия зауытының

алғашқы жобасының нұсқасы жасалғаннан соң, 1950 жылдан бастап зауыт құрылысы қолға алына бастады [5. 5-п].

Республика ғылыми орталықтарында болашақ зауыттың жұмыстарының ғылыми негізде ұйымдастырылуы жөнінде мәселелер күн тәртібіне қойылып қызу талқыланып, ғылыми бөлімшелердің негізгі шикізат базалары мен кәсіпорындарына жақын орналастырылуына назар аударылды. Мұндай шаралар еңбек өнімділігіне өзіндік жақсы әсер етіп, өлкенің ғылыми потенциалын көтеретіндігі басшыларды ойландырмай қоймады. Осындай мақсатта 1949 жылы Гурьев қаласында Қазақ КСР Ғылым академиясының көшпелі сессиясының жұмысы ұйымдастырылды. Оның шешімдері болашақ Батыс Қазақстанның химия ғылымын дамытуға септігін тигізді. Сессия өз жұмысы барысында өлкеміздің шаруашылық өміріндегі көптеген маңызды мәселелерді талқылап, Қазақстанның батыс өңірінің өндіргіш күштерін одан әрі жетілдіріп, химия ғылымын дамытудың негізгі бағыттарын белгіледі. 1949 жылдан бастап Гурьев қаласындағы Орал-Ембі ғылыми – зерттеу базасында 7 сектор жұмыс істей бастаған.

Өндірістік ғылыми қажеттіктердің өсуі, жаңа мұнай кеніштері орындарында барлау, зерттеу жұмыстарының жүргізілуіне орай, ғылыми – зерттеу базасының, база лабораторияларының жұмыс ауқымының өсуіне әсер етіп, қосымша ғылыми кадрлар тартуға мүмкіндік берді. Осыған орай, 1956 жылы Гурьев қаласындағы Орал – Ембі ғылыми – зерттеу базасы, Мұнай ғылыми – зерттеу институтына, көп ұзамай ол 1960 жылы Қазақстан мұнай химиясы және табиғи тұздар институты болып құрылды.

Мұнай кеніштерін барлау және зерттеу жұмыстарын одан әрі жандандыруға жете назар аударылып, осы жылы жоғарыдағы ғылыми мекемемен қатар, Қазақ КСР Ғылым академиясының геология және геофизика институты (КазНИГРИ) құрылды.

Ғылым академиясының ықпалымен өндіріс пен ғылымның байланысы өз жемісін бере бастады. Ақтөбе химия зауытын қайта құру жұмысы басталып, онда 50-жылдары күкірт қышқылын және суперфосфат өндіретін жаңа қуаттар іске қосылды. Қарағанды синтетикалық каучук зауытында ацетальдегид және сірке қышқылының негізгі өндіруші екі цехы пайдалануға берілді. «Қаратау» тау-кен химия комбинатының құрамында 1955 жылы «Шолақтау» руднигі, екі бөлімшесі (бункерлік және кептіру) бар ұсату-ұнтақтау фабрикасы, фосфорит ұнын жасайтын цех, әр түрлі қосалқы шаруашылық, күш беретін шағын станция болды.

Жамбыл қаласында суперфосфат зауыты салынды. 1950 жылы зауыт жұмысы жолға қойылып, жай суперфосфат өндіре бастады. 1956 жылдан бастап Ақтөбе хром қосылыстар зауыты іске қосылып, жұмыс істей бастаған, бұл республиканың жоғары механикаландырылған және автоматтандырылған зауыттарының бірі болды.

Соғыстан кейінгі жылдары химия өнеркәсібі бөлімше құрылымы өркендеген салаға айналды. Химиялық өнімдердің басты түрлерінің саны айтарлықтай өсті.

1965 жылға қарай Қазақстанның химия өнеркәсібі республиканың өндірістік құрылымы жан – жақты дамыған жетекші салаларының біріне айналды

Республиканың химия өнеркәсібінің дамуында 1965 жылдан 1975 жылға дейінгі уақыт, әсіресе, тоғызыншы бесжылдық, сапа жағынан ерекше кезең болды. Минералдық тыңайтқыштар өндіруді шапшаң арттыру үшін Қаратау фосфорит кенінде кен-руда кәсіпорындарын және оның негізінде химия кәсіпорындарын салу Қазақстанның үлкен химиясының екпінді құрылыстары деп жарияланды. 1964 жылы "Қаратау" кен-химия комбинатының байыту фабрикасында, Ақсай және Шолақтау рудниктерінде, республиканың өзге де кәсіпорындарында жаңа қуаттар іске қосылды [6.С.491].

Қазақстанның оңтүстігі аса қысқа мерзім ішінде еліміздің сары фосфор және күрделі жоғары концентратты тыңайтқыштар жөніндегі базасына айналды. 1959 жылы Шымкентте гидролиз зауыты жұмыс істей бастады. 1963 жылы Шымкент шина жөндеу зауыты қатарға қосылды, Ақмолада, Қостанайда, Қарағандыда, Павлодарда шина өңдеу зауыттары салынды. 1966 жылы Гурьев химия зауытында этилен өндірісінің цехы жұмысқа кірісті [7.С.362].

60-жылдары химия өнеркәсібінің кәсіпорындарын басқа салаларымен, атап айтқанда кооперативтендіру кеңінен өркендеді. 1963 жылы Балхаш кен-металургия комбинатында және Шымкент қорғасын зауытында күкірт қышқылы цехтары іске қосылды. Қарағанды металургия зауытында коксхимия өндірісі өркендеді. Міне осының бәрі Қазақстанда үлкен химияның іргесін нығайтты.

Өткен ғасырдың 70-ші жылдары химия өнеркәсібі бұл көрсеткіштер дәрежесі бойынша республика өнеркәсібі салаларының ішінде 7-інші және 4-інші орын алды. Товар өнімінің 1 сомына шаққан шығын жылдан-жылға кеміді. Химия өнеркәсібінің құрылымы елеулі түрде өзгерді: тау-кен химия және негізгі химия сияқты салалардың үлесі артып, халықтың жан басына шаққанда химия өндірісінің өнімі үздіксіз өсті.

1966 жылдан бастап республикада сары фосфор өндірісі жолға қойылды және оның өнімімен жаңадан салынған Шымкент өндірістік бірлестігі «Фосфорда», Гурьев химия зауытында төменгі қысымдағы Қазақстан полиэтиленінің алғашқы тонналары өндірілді.

Қазіргі кезде ауыл шаруашылығының дамуы, астық және техникалық дақылдар түсімдерінің, мал шаруашылығының және басқа салалардың өнімділігінің онан әрі артуы жан-жақты химияландырмайынша мүмкін емес. Осыған байланысты ауыл шаруашылығына жыл сайын минералдық тыңайтқыштар жеткізу өсіру қажеттігі артып отыр.

Өткен ғасырдың 60-70-шы жылдарының өзінде-ақ бұл іс қолға алынып жақсы нәтиже бере бастаған. 80-шы жылдарының орта шенінен бастап еліміздің басқа өндірістік салалаымен қатар химия өнеркәсібінде тоқырау процестері басталды. Еліміздегі саяси процестер экономикаға өз әсерін тиізбей қоймады, байырғы қалыптасқан экономикалық байланыстар үзілді. Нәтижесінде көптеген ірі-ірі кәсіпорындар экономикалық дағдарыстарға ұшырап, жалпы өнім мөлшерін азайтып, ал кейбіреуі өз жұмыстарын тоқтатуға мәжбүр болды.

КСРО-ның ыдырауына байланысты Қазақстан Республикасының қиын да, әрі жауапты іс, жаңа тәуелсіз еліміздің химия өндірісін қалыптастыру ісі басталды. Бұл жұмысты жолға қою республика басшылығына оңай бола қойған жоқ. Химия өндірісі саласын дамыту болашақтың ісі екендігі белгілі, оны қалыптастыру, оған жоғарғы қарқын беру еліміздің алдына қойған экономикалық мақсаттарының бірі болып табылады. Химия өндірісінің әртүрлі салаларын жолға қою және дамыту ісі қолға алынып жалғасу үстінде.

Қорыта келгенде, ХХ ғасырдың 40-90 жылдары аралығында өлкемізде химия саласының негізі қаланып, оның түрлі салаларының дамуына жағдай жасалды. 1940 жылдан жобаланған химия зауыты құрылысы, 1966 жылы Атырау өлкесін алғашқы химия өнеркәсібі кәсіпорыны ретінде іске қосылды. Атырау өңірінде одақ көлемінде белгілі Химия және табиғи тұздар институты, Химия зауыты, Мұнай өңдеу зауыты салынып жұмыс жасады. Химия және табиғи тұздар институты пен зауыт көптеген жетістіктерге жетіп, мұнай химия саласын дамытуға өз үлесін қосты. Оның ішіндегі басты жетістік, ол Атырау өлкесінде мұнайды өңдейтін және оны ғылыми тұрғыдан зерттейтін кәсіпорын мен ғылыми зерттеу орнының пайда болуы мен дамуы және осы жылдарда өз байлығымызды игеретін мамандарымыздың пайда болуы болғандығы сөзсіз. Ол мамандарымыз қазір өндіріс пен ғылым саласынның әртүрлі кәсіпорындарында табысты еңбек етуде.

Әдебиеттер тізімі:

1. Симаков К. Очерк развития промышленности Казахстана. Издательство "Казахстан". А-А. 1970.
2. Кунаев Д.А. Советский Казахстан. Издательство "Казахстан" А-А. 1980.
3. Великая Отечественная война Советского Союза: Краткая история М., 1970. С.80. История Великой Отечественной войны. Т.2. М., 1961. С.155; Книга памяти Казахстана. Алматы, 1995. С.385-386. Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В., Алексеенко А.Н., Баратова Г.С. История Казахстана: народы и культуры. Алматы, Издательство Дайк Пресс. 2001. С.307.
4. Институт химии нефти и природных солей АН Казахской ССР. Алма-ата. 1985.
5. Атырау Облысы Мемлекеттік мұрағаты (АОММ). 1171 қор. 3 тізім, 45-іс.
6. Қазақстан Коммунистік партиясы тарихының очеркі. Алма-ата. 1985.
7. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (Очерк). Алматы, Дәуір баспасы, 1994.

ӘОЖ. 94(574)

ОРАЛМАНДАРДЫҢ ТАРИХИ ОРТАҒА БЕЙІМДЕЛУІ

Джамбаулова Г.А., магистрант

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Отандастарымыздың тарихи отанына оралуы, яғни репатриация процесі еліміздің тәуелсіздікке қол жеткен алғашқы кезінен бастау алды. Тарихтағы қазақ халқының этно-территориясы таяу заманға келгенде төңіректегі алып елдер тарапынан бөліске түскендіктен, қазақ халқының біраз бөліктері өздері отырған жерлерімен басқа елдің құрамына өткен. Сондай-ақ тарихи-саяси себептердің салдарынан алыс-жақын шетелдерге босып кеткен қазақ өкілдері, қазір көптеген мемлекеттерде өмір сүруде.

Қазақстаннан тыс 6 млн. этникалық қазақтар 40-тан астам елде тұрып жатыр. Шамамен 1,5 млн. - Өзбекстанда, 1,5 млн. – Қытайда, 1 млн. – Ресейде, 100000 – Түркменстанда, 80000 – Монғолияда және 45000 – Қырғызстанда. Қазақ диаспорасының басым бөлігі Түркияда, Ауғанстанда,

Иранда тұрады. Қазақтар сондай-ақ, Батыс Европада, Азияда, Солтүстік және Оңтүстік Африкада өмір сүреді [1].

Шет елдегі этникалық қазақтардың басым бөлігі – 20-шы және 30-шы жылдары, саяси қуғыншылықтан, репрессиядан, аштық пен коллективизациялаудан қашып, Кеңес Одағын тастап кеткен азаматтардың тұқымдары. 200000 қазақтар сол кезде Қытай, Монғолия, Индия, Ауғанстан, Иран, Түркияға көшіп кетті, сондай-ақ көрші республикаларда 1926 жылдар мен 1930 жылдар арасында қазақтар 2,5 есе көбейіп, 794000 адам болды.

Кеңес Одағы ыдырағаннан соң, Қазақстан этникалық орыстар мен немістердің эмиграциясының өсуіне байланысты халық санын азайтып алды. 1991 жылмен 2004 жылдар аралығында 3158400 адам елден кетті. Эмиграция ағымының өсуімен бірге адам тууы азайды, иммиграция төмендеді. Есептеулерге қарағанда 1989 жылмен 1999 жылдар аралығында республика халқы 16,5 млн адамнан 15 млн адамға азайды.

1991 жылы 18 қарашада Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін Үкіметтің «Ауылдық жерде жұмыс істеуге талпынысы бар басқа республикада, шет елдерде тұратын қазақтарды Қазақ ССР-на көшіру тәртібі мен шарттары туралы» қаулысы қабылданды, бұл қаулы қазақтардың иммиграциясын реттеп қана қоймай, сол кезде дағдарысқа ұшыраған қазақ ауылы мен ауыл шаруашылық кешендерін дамытуға септігін тигізді. Осының нәтижесінде 1991-1992 жылдары Қазақстанға 61609 этникалық қазақтар көшіп келді.

1992 жылы мамыр айында «Көші-қон туралы» Заң қабылданды. Осы заңның 1 бабына сәйкес, этникалық қазақтарға тарихи Отанына көшіп келуге құқық берілді. Заң жүзінде оралмандарға иммиграциялық квота бекітіліп, этникалық иммиграция бойынша жұмыс істейтін арнайы орган құрылды.

Экономикалық және тарихи тұрғыдан этникалық қазақтардың тарихи Отанына көшіп келуі мемлекеттің ұлттық ерекшелігін сақтап қалуға және ішкі тұрақтылықты нығайтуға септігін тигізеді. Кеңес үкіметі кезінде көптеген қазақтардың әдет-ғұрыптары жоғалды, қазақ тілін қолдану тек қана ресми деңгейде ғана емес, бейресми деңгейде де төмендеп кетті. Осыған байланысты қазақ тілі де, қазақ мәдениетінің көптеген элементтері де жоғалуға жақын болды. Осы бағытта оралмандардың көшіп келуі, қазақ мәдениетін сақтап қалуда мемлекеттің иммиграциялық саясатының негізгі бөлігі болды.

Оралмандарды құқықтық қолдау 1997 жылы шыққан «Халықтың көші-қоны туралы» Заңға негізделген, бұл заңда Қазақстанға көшіп келген барлық оралмандарға байланысты интеграциялық шаралар қарастырылған. Жыл сайын оралмандардың интеграциясына қаржы бөлінеді. Бюджеттік қаржылар квотаға енгізілген оралмандарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге және жәрдемақы беруге жұмсалады.

Оралмандар Қазақстанның барлық өңірлерінде тұрады. Олардың басым бөлігі Оңтүстік Қазақстан облысында тұрады (122131). Бұл шамамен Қазақстанда тұрып жатқан барлық оралмандардың 26 пайызын құрайды. Екінші орында оралмандар саны бойынша Маңғыстау облысын бөліп көрсетуге болады. Бұл жерде 61737 адам тұрады, бұл көрсеткіш барлық оралмандардың 13 пайызын құрайды. Алматы және Жамбыл облыстарында 60770 және 49365 оралман тұрады. Ең аз оралмандар тұратын облыстарға Батыс Қазақстан, Атырау облысы мен Алматы, Астана қалалары жатады [1]. Мұндай қоныстандыру жағдайы әртүрлі факторлармен түсіндіріледі. Біріншіден, квота өңірлік бөлініске бағытталған, сондықтан да квота өмір сүру жерлерін шектейді. Квотаға енгізілмеген оралмандарды қоныстандыруға көшіп келген елдің жақындығы, жұмыспен қамту деңгейі сияқты факторлар әсер етеді. Мысалы, Оңтүстік Қазақстанға көптеген оралмандар Өзбекстаннан, Тәжікстаннан, Түркменстаннан, Ираннан, Ауғанстаннан, Пәкістан мен Түркиядан көшіп келді, олар бұл облысты бұрынғы тұрған жеріне жақын болғандықтан және жылы климатына байланысты таңдайды. Бұл жерде тіл мәселесі де орын алады, себебі оралмандар көбі орыс тілін білмейді, сондықтан бұл облысты қазақ тілінде сөйлейтіндердің көптігін де еске алып таңдайды. Облыстарды таңдауда оралмандардың туысқандары болуы және тарихи байланысы қосымша себеп бола алады.

Маңғыстау облысы – оралмандар санына байланысты екінші орында тұр – Түркменстаннан, Өзбекстаннан, әсіресе, Қарақалпақ автономдық республикасынан келген оралмандарға тартымды. Олар осы облыста тұрып жатқан оралмандардың 95 пайызын құрайды. Мұндай қоныстанудың негізгі себебі Түркменстан мен Өзбекстанның тарихи түбірінің жақын болуы. Маңғыстау облысы оралмандарға жоғары жалақы деңгейімен де тартымды. 2002 жылы Маңғыстауда бұл көрсеткіш жалпы ұлттық деңгейден 91,1 пайызға көбейді.

Қазақ ұлты халықтарының Қазақстанға көшіп келуінің бірінші себебі қазақ тілін, мәдениетін, тарихи отанының әдет-ғұрпын сақтап қалу, балаларының келешегін қамтамасыз ету. Көшіп келген соң оралмандар қазақ тілі мен қатар орыс тілінің күнделікті қолдану қиыншылықтарымен кездеседі. Орыс тілі қарым-қатынаста негізгі тіл болғандықтан, оралмандардың еңбек рыногына интеграциялануы, Қазақстанның әлеуметтік және мәдени өміріне қатысуына қиындықтар туғызады. Бұл өз кезегінде

орыс тілін білмеу салдарынан өмірлерін одан-әрі қиындатады. Оралмандардың қазақ қоғамына интеграциялануына теріс әсерін тигізетін тіл білмеушілікті елемей қалуға болмайды. Бұл жерде айта кететін жайт, қазір үш қазақ алфавиті қолданылады; Қазақстанда, Ресей мен басқа ТМД елдерінде кириллица, Турция мен Батыс Еуропада латиница, Қытайда, Иран мен Пәкістанда – ескі қазақ алфавиті (араб алфавиті негізінде құрылған). Осының нәтижесінде Қытайдан, Ираннан, Пәкістаннан, Ауғанстан мен Турциядан келген оралмандар толық қазақ тілін меңгере алмайды, сондықтан да келе салысымен тіл білмеушілікке байланысты қиыншылықтарға кездеседі [3]. Кейде ең қажетті істерді, мысалы, оралман статусын алуға құжаттарын толтыра алмайды, одан басқа да тілге байланысты көптеген қиыншылықтар болып жатады.

Қазақ диаспорасының бір бөлігі ретінде көптеген оралмандар қазақ мәдениетінің әртүрлі аспектілерін, әдет-ғұрпын сақтап қалған. Мұндай жағдай мәдени бейімделуге жақсы жақтарымен қатар, кедергі де болады. Осыған байланысты екі жағдайды байқауға болады: қай елден көшіп келді және қандай облысқа қоныстандырылды. Бұл жағдайды Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау, Атырау облыстары бойынша байқауға болады, бұл облыстарда қазақ мәдениеті мен әдет ғұрпы жақсы сақталған. Бұл облыстарда оралмандардың әлеуметтік-мәдени бейімделуі солтүстік пен орталық өңірлерге қарағанда жеңілдірек өтеді. Оралмандар солтүстік және орталық облыстарда интеграциялау барысында көптеген қиыншылықтармен кездеседі. Кеңес Одағынан бері, қазақ мәдениеті бұл облыстарда басқа мәдени және этникалық топтардың ықпалында қалды. Бұл өңірлерде орыс тілі, орыс мәдениеті басым болғандықтан, ол жерде тұратын оралмандардың жергілікті жағдайға бейімделуі көп уақытты алады.

Оралмандардың қазақтармен бір тарихи түбірі болса да, олардың мәдениеті мен тұрмысында ауқымды айырмашылық бар. Мұның себебі, оралмандар қазақ мәдениетінің дәстүрлері мен өмір сүру қағидатын сақтап қалса, Қазақстандағы қазақтар Кеңес заманы кезеңіндегі әртүрлі өзгерістердің, нарықты экономикаға өту кезіндегі өзгерістердің ықпалына бейімделіп қалды. ТМД елдерінен басқа мемлекеттерден көшіп келген қазақтар дінге өте жақын болады.

Оралмандардың мәдени бейімделуіне ықпал ететін тағы бір жағдай, оралмандардың өмір сүру сипаты, дінге деген көзқарасының ерекшелігі. Бұл әсіресе киім киюінде, отбасылық қарым-қатынаста нақты көрініп тұрады. Әйел оралмандар, әсіресе оңтүстік өңірлерде мойынды жауып тұратын көйлек киеді, оның үстіне жакет киіп, бастарына орамал тартады. Түркменстаннан, Ираннан және Ауғанстаннан келген оралман әйелдер жергілікті қазақ әйелдерінің киімін өте ашық, сыпайы емес деп санайды. Оралман ерлердің де көзқарасы осындай. Өзбекстаннан келген оралмандар бастарына тақия киеді, Иран мен Пәкістаннан келгендер (әсіресе жасы келгендер) сәлде киеді. Оралман мен жергілікті халықтың күнделікті өмірінде де айырмашылық бар.

Қазақтардың этникалық иммиграциясын дамыту ұлттық көзқарасты дамыту үрдісімен, ұлттық ерекшелік пен мәдениетті сақтап қалуда және мемлекеттің ішкі тұрақтылығын қамтамасыз етумен тікелей байланысты.

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметтері бойынша, Қазақстанға қоныс аударушылардың ағымы 2050 жылдарға дейін үздіксіз арта береді. Бірқатар мемлекеттік құжаттарда, репатрианттардың арқасында қазақстандықтардың саны 2015 жылға қарай 20 миллионға жетеді деген болжам жасалған. Таяу болашақта осы межені бағындыру үшін тұтас ел болып тер төгуге тура келеді.

Елбасының өзі «Бұл – ауған ел қайта оралған, айырылған ағайын қайта табысқан Ұлы көш болып саналады» [3] деп этникалық қазақтарға лайықты бағасын берген болатын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Статистика Агенттігінің мәліметтері. 2005 ж.
2. Балғабаев С. Атажұрт деп соққан жүрегі. // Жас алаш. 2002 - №17
3. Назарбаев Н.Ә. Құшағымыз бауырларға айқара ашық. // Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. А, 1993.

РЕСЕЙДЕГІ ҰЛТТЫҚ МЕКТЕПТЕРДІҢ АШЫЛУ ТАРИХЫНАН**Сармурзина Н.**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі мұрағат деректеріне сүйенетін болсақ, Ресейдегі ұлттық мектептерді ашу туралы мәселе 1918 жылы қыркүйекте талқыланған. Сол жылы қазанда РКФСР халыққа білім беру комиссариатының аз ұлттарға арналған мектептер ашу туралы қаулысы қабылданды. Аймақта жаңа ұлттық мектептер ашу қиыншылықтар туғызды, әсіресе оқулықтар мен оқу әдістемелі құралдар жетіспеді. 1917 жылы Қазан революциясынан кейін қазақтар Ресей халқының белгілі бір бөлігін қамтығандығы белгілі, бірақ қазақтар арасында сауатсыздық етек алды. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін 1918 жылдан бастап Бөкей даласындағы әрбір болыста мектеп жатаханасымен ашылғандығы белгілі. Ордада қазақ мектептері үшін оқулықтар ана тіліне аударылды. Оқулықтар басып шығаруға қағаз басқада қажеттерді сатып алу үшін Бөкей даласына орталықтан бірнеше миллиондаған сом ақша бөлінді. Қазақтарды қысқа мерзімді курстардан өткізіп жаңа бағдарлама бойынша жұмыс жасауға дайындады. «Мұғалім» атты педагогикалық журнал, 1919 жылы Наурыздан бастап қазақ тілінде шығарылды. Ол ағарту саласындағы алғашқы журнал болды. Онда жалпы сауатсыздықты жою, кеңес мектептеріндегі әр түрлі пәндерді оқытудың жаңа әдіс- тәсілдері жарияланды. Журналдың саяси- тәрбиелік маңызы жоғары болды. 1919 жылы Қыркүйектің басында Ордада Мұғалімдердің 1-съезі болды, оның жұмысы туралы съез делегаты Ғабит Сарбаев былай дейді: Съезде білім беру комиссары С.Меңдешовтың жаңа қазақ мектептерін ұйымдастыру туралы баяндамасы тыңдалды, оқу-тәрбие жұмысын жандандыру мәселесі, мұғалімдерді дайындау курстарын ашу туралы, басқада кезен күттірмейтін мәселелер талқыланды. Ауылдарда 90 жаңа мектеп салу туралы қаулы қабылданды. Мектептерде молдалардың сабақ жүргізуіне тиым салып – діни мектептер орнына жаңа заман талабына сай мектеп ұйымдастыру қолға алынды.

1920 жылдан бастап қазақ мектептеріне арнап маман кадрлар даярлау қолға алынып, Омбы уездік жергілікті басқармасы 1919 жылғы жергілікті жиналыс қаулысына сәйкес үш айлық жалпы білім беретін және дәрігер педагогтар курсын ашқан болатын. Себебі, қазақ мектептеріне мұғалімдер қажет болды [1]. 1924 жылы қаңтарда Томскіде Сібір облыстық татар-қазақ педагогикалық техникумы ашылды. Кеңес үкіметінің мәдени жағдайын жақсартуға арналған іс-шараларына қарамастан, қазақтардың арасында әлі де болса конфессионалдық мінездегі адамдар көп болды. Олар балаларын мектепке бермеді, көпшілігі молдадан білім алды. 1920-1921жылы оқу жылында Сібір жеріндегі қазақ тұрғындары үшін 3 мектепке дейінгі мекеме, 709 бірінші сатыдағы мектеп, бір клуб, бір ұлттық драма театры ашылды. 1922-1923жылы оқу жылында бірінші сатылы мектеп 23-ке кеміді, себебі Сібір жерінің бір бөлігі Қазақстан құрамына енді. Қазақ АКСР-інің құрамына кірмейтін Сібір жерінде 1921 жылғы санақ бойынша 200 мың қазақ тұрды.

Орынбор қаласы Қазақ АКСР-нің астанасы болғаннан кейін РКФСР құрамына енетін барлық автономиялық республикаларға қажетті мамандар даярлайтын орталыққа айналды. 1921 жылы Орынборда халыққа білім беру Қырғыз (қазақ) институты жанынан жұмысшы факультеті ашылып, ондағы оқитындардың 30%-ы қазақтар болды. Оны бітірушілер ішінде атақты жазушылар С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов бар еді. 1925-1929 жылы Омбыда 150 қазақ мектебі болып, онда 3124 бала оқыды [2, с54-55.]). 1921 жылы аштық жылдарында Қазақ орталық атқару комитеті қазақ балаларының өмірін сақтау үшін және жақсарту мақсатында арнайы комиссия құрды. Орынборда 3 қазақ балалар үйі ашылды. Қазақтардың білім алуына, мәдени жағдайын жақсарту мақсатында Батыс Сібір жерінен 1929-1930жж. 277 мектеп-интернат ашуды жоспарлап, онда қазақ тілінде оқытатын болды. 1927-1930 жылдардың өзінде онда 2125 адам оқыды [1, 48 с]. Қазақ мектептерінде оқулықтар жетіспеді. Қазақстаннан араб әрібінде жазылған кітаптар жіберілді. 1920-1930жж. сауатсыздықты жою жолында көшпелі пункттер ашылды. 1918 жылдары Астрахань губерниясындағы қазақтар арасында білім беру саласында ерекше өзгерістер болды, көптеген ауылдарда бастауыш сыныптары ашылып, онда РКФСР білім беру халық комиссариаты жасаған бағдарламасы бойынша қазақ тілінде оқытылды. Алғашқы мектептер Мыңтөбе, Синеморск, Теңіз болыстарында ашылды. 1924-1925жж. Теңіз ауданында 22 қазақ, 5 орыс мектептері жұмыс жасап, онда 1200 оқушы оқыды. Коммуналдық мектептер де ашылды. Ганюшкин ауданының орталығында 50 адамға арналған коммуналдық мектеп ашылып, онда жетім балалар оқыды. Астрахань облысы, Краснояр аудандарында сол жылдарда 18 бастауыш мектеп, ал Ноғай ауданында 23 мектеп жұмыс жасаған. Мұрағат деректерінде 1920 жылғы маусымдағы Бөкей губерниясы Халық ағарту бөлімінің мәліметі бойынша қазақ даласында барлығы 339 мектеп жұмыс жасаған, оның 234 бірінші баспалдақты, бесеуі екінші баспалдақты [3].

Ауыл-шаруашылығын қайта құру, жаңа мәдениеттің орнауы, балық және ауылшаруашылығы салаларының индукцияландырылуы, көптеген өнеркәсіпорындарының механикаландырылуы тұрғындар арасындағы мәдени-ағарту жұмыстарына көңіл бөлуді қажет етті. Бұрын губернияда әлсіз, губернияның талабын қанағаттандыра алмайтын кәсіптік техникалық оқу орындары болды. 1913-1914 оқу жылында бастауыш мектептерде мектеп жасындағы балалардың 44% қамтылды. Аз ұлттар арасындағы мәдени қажеттілікті жандандыру қажет болды. Астрахань губерниесіне қарасты территориядағы аз ұлттар арасындағы балалардың мектепке қамтылуы 1913 жылғы мәлімет бойынша бастауыш мектептегі 42% баланың 5-8% ғана аз ұлттар балалары болған. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін бұл жағдай бір шама дұрысталды деп айтуға болады. Мұнда орыстармен аз ұлттарды мектепке тарту бірдейге жақын, 66,6% және 65,4% болып тұр. 1926-1927 оқу жылында жоғары мектептерде 12,361 адам оқыса, оның ішінде 1770 адам яғни 14,3% аз ұлттардың балалары. Санға қарағанда біршама ілгерілеушілік байқалады, өкінішке орай сапа жағынан артта қалып жатты. Сапаны көтеру үшін білім мен тәрбиені күшейту қажет, оған көптеген кедергілер болды. Мектеп үйлері ескі ғимараттарда орналасты, әсіресе ауылдық жерлерде парта жетіспегендіктен еденге отырып оқыды. Аз ұлттар балалары оқитын мектеп мұғалімдерінің білім дәрежесі төмен. Қазақ мектептеріне арналған ана тіліндегі оқулықтар тіптен жоқ болды. Көркем әдебиеттер мүлдем болмады. Білім дәрежесі төмен, қиын жағдайда жұмыс жасап мұғалімдерге көмек көрсету, тексеру, қадағалау жетіспеді. Болашақта жартылай көшпелі тұрғындардың әлеуметтік жағдайын ескере отырып балаларды мектепке көптеп тарту мақсатында мектеп үйін салумен шектеліп қана қоймай, мектеп-интернат салуды қолға алынды. Қадағалау аппараты әр түрлі ұлттық мектептердегі жұмыстарды ұйымдастыру және ағарту саласына бөлінетін қаржыны көбейтуді үнемі назарда ұстады. Мектеп саны ұдайы өсіп отырды, бірақ губернияға қарасты барлық территорияға мектеп бірдей дәрежеде орналасқан жоқ. Жұмысшы-шаруа жастары арасындағы білім беруді сапалыландыру қолға алынды. Балық өнеркәсібі, білім беру, мал дәрігері, ауыл шаруашылығы, дәрігер т.б мамандарын даярлайтын техникумдар ашылып жұмыс жасады. Бұл оқу орындарының 3-2 жас, жаңадан құрылған болатын, сондықтан кабинеттер жеткілікті түрде жарақтанбаған, мастерской, зертханалар, оқу-әдістемелік көмекші құралдар жетіспеді. Астраханда барлық халыққа білім беруге жұмсалатын қаржының 3-1 бөлігі балалар үйіне бөлінді. Орынбор, Батыс Сібір жерлеріндегі сияқты Астрахань губерниясында мектеп ашу жұмыстары экономикалық және саяси жағдайларға байланысты көптеген қиындықтар туғызды. Негізінен, ағарту саласын ұйымдастырушылар революцияға дейінгі интеллигенция өкілдері, бұрынғы мұғалімдер С. Мендешов, Ғ. Сарбасов, Б. Жұмашев, Н.Манаев, Ғ.Алакөзов, А.Құдайбергеновтер, ал 1920-шы жылдары Астраханьның өзінде қазақ мектептерінің ашылуына ұйытқы болған алғашқы қазақ мұғалімдері-Темірғали Күнтуғанов, Қасым Шалабаев, Қаным Мұқанбетов, Абдрахим Мырзағалиев және т.б. болды.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Ресей жеріне қоныстанған аз ұлт өкілдерінің жағдайы яғни әлеуметтік-мәдени тұрмысын жақсарту жолында көптеген игі жұмыстар жасалынды дегенмен, халық арасында кемсітушіліктер көп болды. Қазақтарды “қарсақтар” деп кемсітіп, оларға дұрыс көңіл бөлгілері келмей, көбіне басшылық жұмыстарға қоймаған. Соған қарамастан, қазақ тұрғындары арасында өз ұлттық намысын аяққа тапталпауы үшін мәдени тұрғыда күресушілер көп болды. Мұрағат деректеріне сүйене отырып айтатын болсақ, 1937 жылы 22 наурызда колхоз қызметкерлерінің білімін көтеру мектебінде болған, жалпы курсанттардың мұғалім басшыларымен бірлесіп өткізген жиналысында көптеген қазақ курсанттардың ашына, қорлана сөйлеген сөздері дәлел бола алады. Курсант Жиреншиевтің жиналыста сөйлеген сөзі: “Мен барлық сабақты 5-ке оқуды міндетіме аламын және артта қалушыларға көмектесемін, бірақ біздің топ курсанттарының ішінде қазақтарды кемсітіп, келеке қылатындар бар. Малшыларға “ботаника” не керек, оларға керек емес, - дейді. Бұл дұрыс емес. Біз мұнда оқуға келдік, сол үшін барлық мүмкіндігімізді саламыз. Малшы болу үшін оқымаймыз, қасымызға басқа колхозшыларды ұйымдастырып, жұмыс жасай алатын басшы қызметкер болу үшін оқимыз”- деген [4].

Астрахань облысында ұйымдастырылған колхоз қызметкерлерінің білімін көтеру, қазақ мектебінің директоры Оразов, білім беру бөлімінің меңгерушісі Баймаханов болды. Мектеп басшылығы курсанттардың әрқайсысымен жеке-жеке жұмыс жасауды талап етіп, сабақ берумен шектеліп қана қоймай, олардың арасында мәдени көпшілік шараларды ұйымдастыру жұмыстарына да үнемі көңіл бөлуді жүктеді. Әрбір мұғалімнің жұмыс жоспары талап етіліп, алдымен өздері үлгі болуы міндеттелді. Барлық мұғалімдер қоғамдық жұмыстармен айналысып, курсанттардың бос уақытында әңгімелесу, газет оқуға көмектесу тапсырылып, қосымша сабақ өткізіліп, білімді бағалауда әділ болу талап етілді. Мектеп бітірушілер арасында оқу озаттары қазақтар көп болды: Қанатов, Қалиев, Құлбалаев, Таңатаров, Мұстафаев және т.б.

1927 жылы Астраханьда ашылған қазақ кеңестік партия мектебінің қазақ педагогикалық техникумы ұлттық педагог кадрларды дайындаумен айналысты. Астраханьдағы қазақ педагогикалық техникумы көптеген алдыңғы қатарлы қазақ интеллигенциясын даярлауға үлес қосты. Техникум түлектері жоғарғы оқу орындарын бітіріп, ғылыми қызметкер, жоғары оқу орындарында

мұғалім, партияның жауапты қызметкерлері болды. Мыс: Б.Б. Ирмұратов 1955 жылы Астрахань қазақ педагогикалық училищесін бітіріп, әль-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетін бітірді, Мәскеу Мемлекеттік университеті аспирантурасын аяқтады. 1987-1992 жылдарда Алматы шет тілдер институтының ректоры болып қызмет атқарды. Сол сияқты Т.А. Айтмұхамбетов - Қазақстан Республикасының Пакистандағы елшісі, Н.И. Есқалиев - Қазақстанның Өзбекстандағы елшісі, С.С. Тасмұратов Астрахань мемлекеттік педагогикалық университетінің алгебра және геометрия кафедрасының доценті болған [5]. Сауатсыздықты жою мектебінде оқыған курсанттар жатақхана мен тамақпен қамтамасыз етілді. Бос уақыттарында кино, театр, мұражайға барып өз іштерінде көркем өнерпаздардың ұйымдастыруымен концерттер, кештер болып тұрды. Олар жақсы оқимыз деп міндеттеме алып қана қоймай оны іс жүзінде іске асыруға бар күш жігерлерін салды.

Қазақ тұрғындары арасында мәдени ағарту жұмыстарын ұйымдастырушылар жергілікті үкімет органдары ұлттық ерекшеліктерді, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды ескеріп отырды. Ресей жерінде қоныстанған әр түрлі ұлттар арасындағы мәдени-ағарту жұмыстары заман талабына сай даму үстінде болды. Ұлттық мәдениеттің жан жақтылығын шынайы түрде ұғыну жергілікті жердегі халықтың үнемі назарында болды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Государственный архив Современной документации Астраханской области Фонд №318, опись 1, д.1161, 248 с.
2. Казахи Южного Урала; история и современность. Сборник. Абая150. Оренбург 1996.
3. Астраханский Государственный областной архив. Фонд №1351, опись 1, Д.68., С.45.
4. ҚР.Орталық Мемлекеттік мұрағаты. Қор.1954, тізбе1, іс13,196бет.
5. Уразтаева.Г.Д.Национальное образование казахов в России.История и тенденция. .Астраханские казахи:история и современность Астрахань: Изд. «Волга», 2000. –277с.

ӘОЖ 94 (574)

ИСАТАЙ МЕН МАХАМБЕТ БАТЫРЛАР БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІСТІҢ БІРІНШІ КЕЗЕҢІ

Шамғонов А.

Х.Домұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Өткен ғасырдың 20 – жылдарының орта кезінен бастап 1836-1838 жылдарда Бөкей ордасы мен Кіші жүздің батыс бөлігінде қазақ батырлары Исатай Тайманұлы мен Мхамбет Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтеріліс туралы көптеген зерттеу еңбектер жариялана бастағаны мәлім.Ал,қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі жылдарда осы көтеріліс тарихына байланысты біраз жаңа ғылыми-зерттеу еңбектер жарық көрді. [1] Сол еңбектерді зерделей келе Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтеріліс тарихына байланысты әлі де анықтай түсетін жағдайлардың бар екендігі байқалуда.Кейінгі жылдарда тарихшы ғалымдар бұл көтерілісті жаңа методологиялық негізде-тәуелсіз ел тұрғысынан зерттеуді қолға алды.Бөкей хандығы құрылуының алғышарттары : көтерілістің Кіші жүздің батыс бөлігінде өрістеуі және Ақбұлақ шайқасы; Жәңгірхан, Махамбет сияқты тарихи тұлғалар ; Исатай мен Махамбет батырлардың ержүрек сарбаздары туралы және басқа да деректер әлі де тереңірек зерттеуді қажет ететіндігі байқалуда.

Біз осы баяндамамызда И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтерілістің кезеңдері туралы әңгіме қозғамақпыз. 2000 жылы “ Ата мұра” баспасынан жарық көрген Академиялық “Қазақстан тарихының” 3 томында осы көтеріліс 3 кезеңге бөлініп көрсетілген. Онда, 1833- 1836 жылдарды қамтитын бірінші кезең-қарулы көтеріліске дайындық кезеңі деп сипатталады. Екінші кезең, көтерілісшілердің ханға қарсы бас көтеруінен (1837 жылдың басы) басталып,1837 жылдың қараша айының орта кезінде олардың жеңілуімен аяқталады.Үшінші кезең, 1837 жылдың желтоқсан айының орта кезінде Исатай мен Махамбет батырлар бастаған азғана топтың Жайық өзенінің сол жақ бетіне өткен уақытынан басталады.Бұл кезең жаңа шайқастарға әзірлік барысында көтерілісшілердің күштерін қайта қалыптастыру және Ақбұлақ өзенінде толықтай жеңілу (1838 жылдың шілде айының орта кезі) кезеңі болып табылады.(2)

“Мектеп” баспасынан 2004 жылы шыққан тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж.Қасымбаевтың негізгі және орта мектептердің 8 сыныбына арналған “Қазақстан тарихы ” оқулығындағы “1836-1838 жылдардағы Бөкей ордасындағы шаруалар көтерілісі” атты тақырыпта да көтеріліс 3 кезеңге бөлінген:бірінші кезең- 1833-1836 жылдар- көтерілістің басты алғы шарттарының қалыптасуы;екінші кезең-1837 жылдың басынан осы жылдың аяғына дейін көтерілістің етек алған

кезеңі, патша жазалаушы әскерімен, хан отаршыларымен қақтығыстар; үшінші кезең-1837 жылдың желтоқсан айынан 1838 жылдың шілде айына дейін- көтерілісшілер күшінің әлсіреп, жеңілу кезеңі(3).

Бұл көтерілісті осындай кезеңдерге бөлу XX ғасырдың 70-80 жылдарынан бермен қарай жалғасып келеді. Көрініп тұрғандай, көтерілісті кезеңдерге бөлуде қисынсыздықтар байқалады. Алдымен, егер көтеріліс 1836-1838 жылдарда болған болса, онда оның кезеңдері де сол жылдардың ішінде болу керек емес пе? Олай болса, егер көтеріліс 1836 жылдан бастаған болса, оның кезеңдері де сол жылдан бастау алмай ма? Соған сәйкес көтерілістің I кезеңі неге көтеріліс болған жылдардан тыс тұр? "Екінші кезең, көтерілісшілердің ханға қарсы бас көтеруінен (1837 жылдың басы) басталып..." деген жолдары қалай түсінеміз? Шын мәнінде, 1836 жылы көктемде Жәңгір хан мен оның сыбайластарына қарсы көтеріліс басталып кеткен жоқ па? Оған қоса, оқулықтағы III кезеңді көтерілісшілер күшінің әлсіреу кезеңі деу де шындыққа келмейді. 1838 жылдың алғашқы 6 айында Исатай мен Махамбет батырлар қазіргі Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстарын патша өкіметінің отаршылдық саясаты мен олардың сойылын соғушы жергілікті феодалдардың езгісіне қарсы 3 мыңнан астам адамдарды азаттық көтеріліске жұмылдырды емес пе? Бұл жерде академиялық "Қазақстан тарихының" 3 томында атап көрсетілгендей, көтерілістің III кезеңі жаңа шайқастарға әзірлік барысында көтерілісшілердің күштерін қайта топтастыру кезеңі деп көрсетілгендігінің шындыққа әлдеқайда жақын екендігін айтқанымыз дұрыс.

Мінеки, бұрынғы авторлар ұсынған Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтеріліс кезеңдерінде түсініксіздіктер өте көп дегеніміздің себебі осындай.

Соңғы 15-20 жылда Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтеріліс туралы жарық көрген еңбектер көтеріліс кезеңдері туралы бұрынғы көз қарастарды қайта қарауды қажет ететіндігін аңғартады.

Сөзіміздің дәлелі ретінде Х. Досмұхамедұлының 1925 жылы Ташкент қаласында басылып шыққан "Исатай- Махамбет" атты кітабына зер салайық. Бұл еңбек 1991 жылы Алматы қаласында қайта басылып шықты. Осы кітаптың 50-бетінен мынадай сөйлемдерді оқимыз: "Исатайдың қозғалысы екінші дәуірінде екпінді басталды. Патша өкіметі де мұны сезді. Бірақ, Исатайдың қимылы аяқталмай қалды". (4) Осындағы "екінші дәуір" дегенді қалай түсінеміз? Осы абзацтағы келтірілген сөйлемдерден ұғатынымыз, екінші дәуір-Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтерілістің Кіші жүздің батыс бөлігінде өрістеген кезеңі. Ал "екпінді басталды" дегенде әңгіме - 1838 жылдың алғашқы 6 айында Кіші жүздің батыс бөлігін толық дерлік қамтып, сұлтан Қайыпқали Есімовпен күш біріктіріп, қоластына 3 мыңдай адам жинап, патша чиновниктері мен басқарушы сұлтан Баймағамбет Айшқақов және жергілікті бай-феодалдарға қарсы Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық көтерілісінің кеңінен өрістегендігі туралы болып отырғандығында күмән жоқ.

Осының бәрі көтерілістің екінші кезеңінде (дәуірінде) болған уақиғалар еді. Ал, сонда көтерілістің бірінші кезеңі қай уақытты және қай жерді қамтиды? Халелдің бұл еңбегінде көтерілістің бірінші кезеңі немесе дәуірі деген сөздер жоқ. Бірақ, Халелдің "Исатай - Махамбет" атты кітабындағы "Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат" деген бөлімінде көтерілістің бірінші кезеңінде болған уақиғалар жан-жақты көрсетілген. Анығын айтқанда, бұл уақиғалар - 1836-1837 жылдарда Бөкей ордасында Ресей отаршылары мен Жәңгірхан бастаған жергілікті бай-феодалдарға қарсы бағытталған Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық- азаттық көтеріліс болып табылады. Бұл жерде атап өтетін бір жай- Х. Досмұхамедұлы да және басқа зерттеушілер де Бөкей ордасындағы көтерілістің бірінші кезеңін егжей-тегжейлі ашып көрсетуге айрықша назар аударады. Тіпті, жоғарыда атап өткеніміздей кейбір зерттеушілер Бөкей ордасындағы көтерілісті екі кезеңге бөледі. Біздің пікірімізше, бұл дұрыстыққа жатпайды. Себебі, Бөкей ордасындағы халық- азаттық қозғалыс- бір кезеңді қамтыған, бір аумақта болған саяси-әлеуметтік уақиға.

Осылайша " Исатай- Махамбет" атты кітабында Х. Досмұхамедов Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтерілісті екі кезеңге бөлген деуге болады.

Енді И. Тайманұлы мен М. Өтемісұлы бастаған көтерілісті жан- жақты зерттеп жүрген профессор И. Кенжалиевтің көтерілістің кезеңдері туралы пікіріне назар аударайық. 1991 жылы баспадан шыққан "Исатай-Махамбет" атты кітабында И. Кенжалиев "Исатай бастаған шаруалар көтерілістің соңғы кезеңі" деп аталатын тақырыпта былай деп жазады:

"Сонымен Исатай мен Махамбет бастаған ішкі тараптағы феодализмге қарсы шаруалар көтерілісінің бірінші кезеңі жеңіліспен аяқталды "(5). Осы жолдарды оқи келе біздің түйетініміз: И. Кенжалиевтің пікірінше И. Тайманұлы мен М. Өтемісұлы бастаған көтеріліс бірінші кезеңде " ішкі тарапта" , яғни Бөкей ордасында болған, ал екінші немесе соңғы кезеңде көтеріліс Кіші жүздің батыс бөлігінде өрістеген.

Осылайша, кезінде Х. Досмұхамедұлы бастап берген Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтеріліс кезеңдері туралы мәселені И. Кенжалиев одан әрі нақтылап, жүйеге келтірген.

Осы айтылғандардан мынадай қорытындыға келуге болады:

Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтеріліс 2 кезеңнен тұрады. Атап айтқанда, I кезеңде көтеріліс Бөкей ордасында басталып, дамиды және аяқталады. Ол 1836 жылғы наурыз бен 1837 жылғы қараша айының орта кезін қамтиды.

II кезеңде көтеріліс Кіші жүздің Батыс бөлігінде өрістейді. Ол 1838 жылдың алғашқы 6 айын қамтып, 12 шілдедегі Ақбұлақ шайқасымен аяқталады. Жалпы алғанда, Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтеріліс Еуропа құрлығында басталып, Азияда аяқталады. Екі кезеңде де көтеріліс патша өкіметіне арқа сүйеген жергілікті феодалдардың езгісіне қарсы бағытталған, бірақ оның соңы патша өкіметінің отарлық қысымына қарсы азаттық күреске ұласады, яғни 2 аймақта да көтерілістің сипаты бірдей.

Біз соңғы 10 жылда Ж.Қасымбаевтың 8 сыныпқа арналған “Қазақстан тарихы” оқулығындағы 1836-1838 жылдардағы көтерілістің 3 кезеңге бөлінуінің құрыстыққа жатпайтындығын және осыған байланысты ондай кезеңдерге бөлуді оқулықтан алып тастау туралы бірнеше рет республикалық басылымдарда мақала жариялап, ұсыныстар енгізгенбіз. 2012 жылы “Мектеп” баспасынан шыққан авторы Ж.Қасымбаев болып табылатын “Қазақстан тарихы” оқулығында біздің ұсынымыз қабылданып, кезеңдер мүлде алынып тасталған. Мәселе қоюшы ретінде біз мұны толығымен құптаймыз.

Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтерілістің 3 емес, 2 кезеңге бөлінетіндігі туралы біздің пікіріміз республикалық ғылыми журналдар мен газеттерде бірнеше рет жарық көрді. Болашақта біздің бұл ұсынымыз да тарихшы ғалымдар тарапынан қолдау табатындығына еш күмәніміз жоқ.

Әдебиеттер тізімі:

- 1) Кенжалиев И. Исатай-Махамбет.-А.,1991
Досмұхамедов Х. Исатай-Махамбет.-А.,1991
Сарай Ә. Исатай – Махамбет тарихы.-А.,1997
Махамбет кітапханасы, 20 томдық.-Алматы: “Өлке” баспасы, 2003-2004
Махамбет әлемі, 20 томдық. Алматы: “Арыс” баспасы, 2003-2004
Исатай батыр. Алматы: “Арыс” баспасы, 2004
Махамбет батыр. Алматы: “Арыс” баспасы, 2004
Есмағамбетов К. “Азат рухтын күрескері”.-Алматы, 2003
Бердіғожин Л. Исатай мен Махамбет - халық көтерілісінің сардарлары, Алматы “Өлке баспасы” 2011
- 2) История Казахстана в пяти томах. том 3.-А., 2000. С.338
- 3) Қасымбаев Ж. Қазақстан тарихы (XVIII ғасыр -1914 жыл). -Алматы: “Мектеп” баспасы, 2004. 21 бет
- 4) Досмұхамедов Х. Исатай мен Махамбет, А, 1991, 50 б
- 5) Кенжалиев И. Исатай - Махамбет, А, 1991, 87 б

ӘОЖ 37.035.6

МӘДЕНИ МҰРА – РУХАНИ ҚАЗЫНА

Жандарбекқызы Г.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Біртұтас халық тарихын игеру ең әуелі туған өлкесін танудан басталады. Киелі Атырау өлкесі айтулы даналардың, қол бастаған батырлардың, дарынды тұлғалардың бесігін тербеген, рухани-мәдени құнары, әлеуметтік қуаты мол аймақ. Ұлан-байтақ Қазақ елінің бір бөлшегі саналатын Атырау өлкесі өзінің тарихын сонау ерте замандардан бастайды. Халық жадының тірегі болып табылатын, көненің көзі, өркениеттің ізі тарихи ескерткіштерге деген көзқарас 80 жылдардың басынан бастап түбегейлі өзгере бастағаны белгілі.

Атырау облысының жері, көнеден келе жатырған алып өркениетті мекендердің бірі болып саналады. Облыс аумағында 250-ге (500 объект) тарта қала құрылысы және сәулет ескерткіштері бар. Олардың негізгі бөлігін XIX ғасырдың бас кезінен бастап салынған ғимараттар, тұрғын үйлер және XVIII-XX ғасырлардағы сәулеттік-көркемдік деңгейі жоғары қорымдар, мазарлар, жерасты мешіттері, сағанатам, қошқартас, құлпытас, сияқты ғұрыптық ескерткіш түрлері құрайды. Бұл ескерткіштердің барлығы пішіндік және көркемдік жағынан әртүрлі болып келеді.

Ескерткіштердің көптеп салынуына басты фактор – ол бұл аймақта өңдеуге, тұрғызуға, безендіруге жарайтын құм тас, ұлу тас, бор тас т.б. құрылыс материалдарының болуында. Ескерткіштердің түрі мен оларды салуға пайдаланған материалдар өлкеміздің батысы мен шығысында, оңтүстігі мен солтүстігінде өзіндік ерекшелікке ие. Жылыой ауданы мен Қызылқоға ауданының шығыс, солтүстік шығыс аумағындағы мазар, мешіт, сағанатам сияқты ескерткіштер салуда әктас, бортас,

ұлтас, құмтастар пайдаланылса, Қызылқоғаның оңтүстігі және батысында, Индер, Махамбет, Исатай аудандарының аумақтарында жоғарыда аталған ескерткіштерді негізінен шикі кірпіштен (саман тас) тұрғызған. Ресеймен шектесетін Құрманғазы өңірі мен Исатай ауданының батыс бөлігінде сағанатам мен мазарлар ағаштан жасалған.

Бүгінгі күні облысымызда 605, яғни, 4 республикалық, 313 жергілікті дәрежедегі, 288 алдынала есепке алу тізімінде ескерткіштер бар. 4 тарихи-мәдени ескерткіштері Республикалық дәрежеде қорғалынған. Олар:

1. Атырау қаласындағы «Мұнайшылар тұрғын үй қалашығы»;
2. Жылыой ауданындағы «Жұбан мазары»;
3. Индер ауданындағы «Махамбет Өтемісұлының жерленген жері»;
4. Махамбет ауданындағы «Сарайшық қалашығы».

«Мұнайшылар» тұрғын үй қалашығы 1943-1948 жылдары инженер полковник П.И. Романовский басшылығымен және А.В. Ареьев пен С.И. Васильковскийдің дайындаған жобасымен салынды. Жалпы көлемі 55 га. Осы жобасы үшін олар Сталин сыйлығымен марапатталды. Қалашықта бір және екі қабатты ғимараттар мен тұрғын үйлер бой түзеген. Алғашында 550 орындық клуб-театр, 280 адамға арналған жеті сыныптық мектеп және балабақша, аурухана, монша, наубайхана, жылу қазаны, су айдағыш мұнара, сауда-саттық тұрғын жай, жатақхана секілді мұнайшылардың тұрмыс-тіршілігіне қажетті орын жайлар тұрғызылған болатын. Аталған ғимараттар мен үйлер құрылыс материалдарының мықтысы әрі үнемдісі болып есептелетін гипс плиталарынан қаланды. Мұндай материалдар 1944 жылы Гурьев қаласының маңынан салынған арнайы гипс плиталарын шығаратын заводтан әкелініп отырды. Бүгінгі таңда бұл ғимараттар мен үйлердің көпшілік бөлігі сол қалпында өзгерместен сақталынған. 1983 жылдан бастап қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп отыр. Қазіргі таңда «Мұнайшылар» тұрғын үй қалашығы ХХ ғасырдың үздік сәулеттік құндылығы ретінде республикалық деңгейде мемлекет қорғауына алынған.

Жұбан мазары – Атырау облысы аймағындағы көрнекті, сәулетті мұра. Ол, Жылыой ауданы, Құлсары қаласынан солтүстікке қарай 90 шақырым қашықтықта, Жемнің солтүстігінде, Иманқара тауының оңтүстік-шығысында орналасқан. ХІХ ғасырдағы сәулет өнерінің үздік туындысы ретінде 1982 жылы республикалық дәрежеде қорғауға алынған. Ескерткішті алғашқы рет 1973 жылы В.И. Ленин атындағы ҚазПТИ архитектуралық экспедициясы, 1979 жылы Т. Джанысбеков бастаған экспедиция зерттеулер жүргізді. Мазар - Адай руының Құдайке – Қосай – Тіней аталығынан шыққан Жұбан байдың жайлауынан өз өсиеті бойынша 1980 жылдардың аяғында салына бастады. Жұбан 1894 жылы дүние салған. Бұл сәулетті күмбезді Нұғыман ұста басшылығымен бір топ шеберлер Онғалбай, Мұналбай, Өмірбай, Итбай, Иманбай, Қаражүсіптер тұрғызған. Құрылыс жұмысы 1908 жылы аяқталған. Жұбан мазарының биіктігі 9,95 метр, ішкі кеңдігі 5,8x6,65 метр. Сырты мен іші әшекейленіп, оюланған мазарды салуға пайдаланған әктас-ұлтас Жем өзенінің ор басындағы Қобыланды аталатын жердегі Таскескен карьерінен жеткізілген. Мазардың ішкі қабырғалары түрлі-түсті бояумен өрнектелген. Оның ішінде 5 қабір және Жұбан байдың құлпытасы бар. Сәулетші М. Меңдіқұловтың анықтауынша («Памятники народного зодчества Западного Казахстана», А., 1987) күмбез қабырғаларында бұл ескерткішті салуға 20 мың теңге ақша, 10 жылқы, 122 қой, 1 пұт шәй, 15 пұт қант жұмсалғандығы жазылған. Халық арасында бұл күмбезді талғамы биік, сергек сезімді онға тарта айтулы Адай (Қараш, Ескелді руларының) сәулетшілері салғандығы айтылады. Жұбан тамы туралы М. Меңдіқұлов еңбегінде, С. Шалабаев, Е. Өмірбаев, Қ. Сыдиқықовтардың «Маңғыстау» (А., 1974) кітабында, «Қазақ совет энциклопедиясында» (7-том, 1967) айтылған.

Қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның батыс аймағындағы халық көтерілісінің жалынды жыршысы, көтеріліс қолбасшысы Исатай батырдың қандыкөйлек жолдасы болған – **Махамбет Өтемісұлының жерленген жері** – Атырау облысы, Индер ауданы, Индер поселкесінен оңтүстік-шығысқа қарай 40 шақырым жердегі Қараой деген жерде орналасқан. Алғаш рет ескерткішті 50-жылдары ақын Берхаир Аманшин, 1980 жылы мәдениет Министрлігінің Орал экспедициясы зерттеді. 1995 жылы (құрылыс жұмыстары 1992 жылы 19-қарашада басталды) Махамбет Өтемісұлының 190 жылдығына арнап, сәулетші Көпбол Демесіннің жобасымен (жобаға 950 000 теңге қаражат жұмсалды), батырдың жерленген жерінде кесене тұрғызылды. Құрылыс материалдары ретінде ұлтас және бетон қолданылды. Он екі қырлы болып келетін мазардың сыртқы бөлігінің диаметрі 7,6 метр, ал ішкі диаметрі 6,2 метр, биіктігі 12,2 (күмбезінің биіктігі 1,8 м., қабырғасының биіктігі 6,4 м.) метр. Ішкі бөлігінің қабырғаларына «теңсіздікке, әділесіздікке қарсы Исатай бастаған халық қозғалысының жаршысы, жалынды жырды ту етіп ұстаған қаһарман ақын, ардагер азамат Өтемісұлы Махамбетке» деген ұрпақ сөзі және ақынның 11 шумақ өлеңі тасқа қашалып жазылған. Махамбет Өтемісұлының мазары мемлекет қорғауындағы ескерткіштердің Республикалық дәрежесінде қорғалған.

Сарайшық қалашығы – қазіргі Атырау қаласынан солтүстік-батысқа қарай 50 шақырым жерде, Жайық өзенінің оң жақ жағалауында орналасқан.

Әбілғазы Бахадұр-ханның (XVIIғ.) Сарайшықтағы негізін Батұхан (Билік құрған уақыты 1221-1256 ж.ж.) салған деген тарихи пікірмен келісуге болады. Көптеген көпестер мен саяхатшылардың осынау жолдардың бағыт бағдарлары туралы, тауарлардың сипаты мен бағасы және қатынас тәсілі туралы жазбалары мен хикаялары бізге дейін жетіп жатыр. Сарайдан Сарайшыққа, одан әрі Үргеншікке дейінгі сауда жолының соқпақтарында құдықтар болды және керуен-сарайлар қызмет етті. XII-XIV ғ.ғ. осы жол Шығысты Батыспен негізгі жалғастырушы болды.

Сарайшықта салтанатты сәулетті сарайлар, керуен-сарайлар, моншалар, мешіт-медреселер және басқа да ғаламат ғимараттар салынған. Оларды атақты сәулет өнері мектептерінен өткен дарынды шеберлер тұрғызған қаланың өте тамаша жобаланып салынған түзу де кең көшелері мен алаңдары болған. Қаланың келбетінен шығыстың әсері айрықша байқалды. Керуен саудасынан келетін түсім, әскери олжа, жергілікті халық төлейтін салық және аса мол арзан еңбек күшінің есебінен Сарайшық қаласы тез өсті.

Сарайшықтың ұлылығы онда тек мұсылман діндарларының жерленгендігінде ғана емес, ең алдымен оның Алтын Орда хандарының қасиетті зиратханасына айналғанында. XIV ғ. басында мемлекетте мықты өрлеу басталды, әсіресе Тоқта патшалық құрған соңғы жылдар Алтын Орданың әскери және экономикалық құдіретінің дамуындағы алғашқы кезең болды. Сарайшықта кейін жерленгендер Алтын Орда билеушілері Жәнібек пен Бердібек. Жәнібек билік құрған кезінде (1342 ж.) Орта Азиядан астана Сарайшыққа келген тақ мұрагері, өзінің ағасы Тыныбекті өлтірді. Жәнібек әуелі Әзербайжанды Алтын Ордаға қосып алғаны да белгілі. Ол билік құрған кезде мемлекетте өзі тежей алмаған құлдыраудың алғашқы нышандары көрінді. Оның өлімі 1357ж. өз ұлы Бердібектің төңірегіндегі билікті көксеуші қаскүнемдер тарапынан болды. Әкесінің өлімінен соң Бердібекте өз бауыры Құлнаның қастандығынан қаза тауып, Сарайшықтағы өз әкесінің моласының жанынан орын алды. Әміре Едіге (1365-1419) жайындағы бір дастандағы болжамда айтуынша, 1406 ж. қазіргі Түмен қаласының жанында қаза тапқан, кейбір деректерде айтылғандай "Алтын Орданың ең соңғы және ұлы тұлғасы" Тоқтамыс ханның басы да Сарайшықта жерленген екен. Сондай-ақ, осындай ноғай бекзадалары мен мырзалары, Ер Тарғын мен Қамбар сынды эпикалық батырлар және өз халқының қамын ойлаған қазақтың ханы Қасымхан да жерленген.

Қала орнына алғашқы ғылыми қазба жұмысын 1937 жылы Н. Арзютов, 1950 жылы Ә. Марғұлан жүргізген болатын. Бүгінгі таңда Мәдени мұра бағдарламасына орай жыл сайын З. Самашевтың жетекшілігімен Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы зерттеу жұмыстарын атқаруда. Сарайшық – Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңына сәйкес күтіп сақтауды, зерттеуді және туризм инфрақұрылымына енгізуді талап ететін объектілердің бірі.

Ескерткіштер өткеннен мұра ретінде ғасырдан-ғасырға ұласып, салт-дәстүрлерді тірілтіп, бейнелейтін көне шежіре. Оларды бүлдіруге, жоюға ешкімнің қақысы жоқ. Олай болса бұл тарихи мұраларды көздің қарашығындай сақтап, кейінгі ұрпаққа қалдыру-парыз.

УДК 397.4; 908

САМОБЫТНАЯ КУЛЬТУРА КАЛМЫЦКОГО НАРОДА КАК РЕСУРС ЭТНИЧЕСКОГО ТУРИЗМА¹

Настинова Г.Э.

*ФГБОУ ВПО «Калмыцкий государственный университет», г. Элиста
nastinova.ge@yandex.ru*

Каждый регион обладает аттрактивными элементами (достопримечательностями), способными привлечь туриста. Даже в слабо развитых странах, рассчитывающих на прием туристов, необходимо создавать туристскую инфраструктуру, соответствующую мировым стандартам. Но каждая страна должна сохранять национальный колорит, что немаловажно для привлечения иностранных

¹Исследование выполнено при финансовой поддержке РГНФ в рамках научного проекта № 13-23-03002 «Культурная самобытность монголоязычных народов»:

туристов. Традиция культуры – сумма знаний и представлений, передаваемая по ходу времени от поколения к поколению.

Этнический туризм – одно из направлений культурно-познавательного туризма, являющееся в настоящее время заманчивым для многих стран. Мировая практика доказывает, что подобный вид туризма способен удовлетворить целый ряд духовных потребностей человека. Наиболее важным в организации этнического туризма является ознакомление участников с традициями и культурой различных этносов.

Традиции – это система позиций, ценностей, норм поведения и принципы отношений между людьми в стране, ритм и пульс ее жизни. Характеристика традиций включает анализ существующих традиций, их место в жизни страны и их привязку к конкретным этносам и территориям. Роль традиции неодинакова в различных сферах социальной жизни. В меньшей степени традиция проявляется в экономике, достигает максимума в религии. Общества и социальные группы, принимая одни элементы социокультурного наследия, в тоже время отвергают другие, поэтому традиции могут быть как позитивными (что и как традиционно принимается), так и негативными (что и как традиционно отвергается) [1].

Этнический туризм имеет своей целью ознакомление с бытом, культурой, традициями и обычаями людей, которые живут в гармонии с окружающей природной средой. Развитие этнического туризма в России становится новым и ведущим направлением деятельности. Этот вид туризма будет востребован в будущем в связи с его уникальностью и неповторимостью, так как в настоящее время этническое разнообразие сокращается со скоростью, соизмеримой с темпами утраты биологического разнообразия.

Коренные малочисленные народы являются носителями уникальной культуры и системы хозяйствования, поэтому развитие этнического туризма перспективно в комплексе с развитием экологического туризма на территориях их традиционно проживания. Этнический туризм может рассматриваться как одно из возможных стратегических направлений сохранения и развития экономики традиционного хозяйства. Развитие этнического туризма должно способствовать сохранению культурного наследия и являться фактором устойчивого развития территорий проживания.

Калмыцкая культура, по нашему мнению, она состоит из двух доминант – ойратской и древнемонгольской. Смешение ойратской и древнемонгольской картин мира обусловило составной характер их этнического сознания, что послужило отправной точкой для исследования этапов ее эволюции. Истоки же традиционной культуры уходят в глубину веков общей монгольской истории и разделяются на шесть эпох: алтайская (с незапамятных времён по III в. до н.э.); хунно-сяньбийская (с III в. до н.э. до V в. н.э.); тюркюто-киданьская или древнемонгольская (с V в. по XII в.); среднемонгольская (с XII в. по XVII в.); новомонгольская (с XVII в. по XX в.); новейшая (с октября 1917 года по настоящее время). Каждая эпоха имела свой взгляд на мир и на положение человека в нём и являлась порождением определённого этнокультурного этапа развития.

Каждая этнокультурная система есть порождение своей эпохи, определённого культурно-исторического этапа развития общества и помогает нам полнее осмысливать процессы современного развития культуры.

В VII веке до н.э. формируется культура ранних кочевников, «культура жизнеобеспечения» кочевой цивилизации. Переход к кочевому скотоводству привёл к эволюционным этническим процессам, к формированию своеобразных и самобытных культур, являющихся совершеннейшим приспособлением к почвенно-географическим условиям степи. К примеру, Э. Хара-Даван [2] при изучении особенностей жизнеобеспечения кочевых народов выделяет их физическую (материальную) и психическую стороны. К первой он относит биологическую адаптацию людей к природной среде и социокультурную адаптацию, которая связана с их хозяйственной деятельностью и отражена в особенностях материальной культуры. Ко второй относится психологическая адаптация представителей этноса на личностном и групповом уровнях к окружающей природной среде и этносоциокультурному окружению. Взаимоприспособление культуры и среды – это результат взаимодействия между этносом и окружающей средой, позволяющий этносу выжить.

Культурное развитие происходит посредством возрастающей эффективности использования природных ресурсов, подъёму производительности труда и экономической специализации. От этого зависят все прочие аспекты культуры, вторичные по отношению к ним. Люди привыкли смотреть на жизнь как на борьбу с природой и друг с другом, причём в этой борьбе выживают только самые приспособленные индивиды, народы, виды. Сегодня в мире насчитывается 63 страны-носителя кочевой цивилизации. Налицо их устойчивость и зависимость от природных условий.

«Любой этнос, живущий в привычном для него ландшафте, находится почти в состоянии равновесия» считает Л.Н. Гумилёв [3]. С середины XII в. в результате «пассионарного толчка», по мнению Л.Н. Гумилева, формируется единая монгольская общность, государственность, возникает

самобытный очаг протомонгольской культуры и языка, получивший фиксацию на уйгурской письменности.

Калмыки (самоназвание – ойраты) как этнос сформировались в верховьях Енисея и в Прибайкалье, откуда они были переселены в Западную Монголию (Алтае-Хангайское нагорье) Чингисханом. Они вошли в состав империи Чингисхана, и их дальнейшая история будет тесно переплетаться с тем наследием, которое осталось на мировой геополитической, религиозной, культурной карте после монгольских походов, со стремлением народа максимально сохранить все то, чего достиг Потрясатель Вселенной.

Калмык (от калмыцкого "хальмг", – означает «оставшийся», "отделившийся". Так западные турки называли своих восточных соседей, живших восточнее Иртыша, на Алтае и вокруг него.

Земли, населенные калмыками, задолго до их появления в этих местах были известны на Руси как Половецкая степь. С начала XVII века, после прихода сюда калмыков, эту территорию стали называть Калмыцкой степью [4].

Необъятные просторы Калмыцкой степи с глубокой древности являлись ареной многих исторических событий, оставивших неизгладимый след на культурно-экономическом развитии живших здесь племен и народов, что в какой-то мере нашло отражение в памятниках старины. Подробное описание, их значимость для развития познавательного и этнического туризма автором будет рассмотрено в следующем подразделе.

Калмыки по своему происхождению принадлежат к западной ветви монголов и в пределах Поволжья впервые появились в XVII в. История калмыков – это 300 лет после распада империи Чингисхана и более 400 лет в Европе после добровольного вхождения их в состав Российского государства (1609 г.) – постоянная борьба за национальное самосохранение.

Кочевой образ жизни этого народа вызвал необходимость приспосабливать материальную культуру к постоянным передвижениям, благодаря чему возник уникальный тип кочевого образа жизни (скотоводство, календарь, специфическая модель питания и др. Кочевники использовали в быту прочные и простые в изготовлении вещи, практичную одежду и обувь. Почти все необходимое они получали от скотоводства. Восточные традиции в целом отличаются от западных именно тем, что в них первостепенное значение придается миру живой природы [5].

Особенностью кочевой цивилизации является высокая степень ее адаптированности к условиям окружающей среды, достаточно бережное обращение людей с природой, одушевление и сакрализация природных объектов и явлений.

Калмыки пришли в Россию с имеющимися многовековыми традициями и навыками хозяйственного уклада, базировавшимся на экстенсивном кочевом скотоводстве. Основу традиционной экономики калмыков составляло кочевое скотоводство (преобладали овцы, лошади, крупный рогатый скот, козы, верблюды). Скот являлся основой существования, мерилом богатства, средством платежа и важнейшим товаром. Он давал мясо, молоко, шкуры, шерсть, кожу. Местные условия жизни во многом напоминали те, в которых проходило становление кочевой цивилизации предков калмыков, но вместе с тем и во многом отличались. Все это потребовало от них новых способов адаптации и, в то же время способствовало укреплению имеющихся. Приобретенный опыт нашел отражение в различных аспектах структуры жизнеобеспечения этноса [6].

Адаптивная жизнедеятельность этносов состоит из целого комплекса важных и необходимых компонентов. Весьма наглядно этнические особенности прослеживаются в сфере таких компонентов материальной культуры, как пища, одежда, утварь и др. [7].

Изучение процесса формирования самобытной культуры населения, анализ культурологических концепций развития цивилизации, психолого-педагогических теорий развития личности убеждают в необходимости переосмысления существующих сегодня представлений о социокультурной сущности воспитания, роли и места социокультурного опыта нации в структуре личности и гуманизации воспитания. Восстановить экологическую органичность культуры в постиндустриальном обществе, но уже через осознание как законов природы и общества, так и экологической этики – жизненно важная задача. Ее решению, безусловно, должно помочь обращение к сохранившимся экологически ценным традициям и живое соприкосновение с этими традициями. Обеспечить такое соприкосновение может и должно органичное соединение экологически и культурно ориентированной просветительской работы, одним из важных ресурсов в этом отношении может стать этноэкологический туризм.

Список литературы:

1. Кононенко Б.И. Большой толковый словарь по культурологии. – М.: Вече, 2000. – 512 с.
2. Хара-Давана Э. Чингисхан как полководец и его наследие. – Элиста: Калмыцкое книжное изд-во, 1991. – 160 с.
3. Гумилев Л.Н. Конец и вновь начало: Популярные лекции по народоведению. - М., 2002. – 384 с.

4. Георги И.Г. Описания всех в Российском государстве, обитающих народов. – СПб, 1776. –Ч. 3. – 230 с.
5. Барданез Хр. Рукопись участника экспедиции Фалька. – СПб.: ЛО АН СССР, 1770. – Ф. 3. – Оп. 35. – Ед.хр. 29.
6. Эрдниев У.Э. Калмыки. Историко-этнографические очерки. – Элиста, 1985. – 284 с.
7. Настинова Г.Э., Настинова К.И. Научные основы традиционного пищевого режима калмыков. // Мат-лы Межд. научно-практ. конф. «Материальные и духовные основы калмыцкой государственности в составе России». – Элиста: Изд-во КалмГУ, 2002. – С. 37-39.

УДК 930.85

ПРИРОДНОЕ И ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ПРИКАСПИЙСКОГО РЕГИОНА КАК РЕСУРС МЕЖДУНАРОДНОГО ТУРИЗМА

***Настинова Г.Э., Бексаутова А.Ш., Альжанова Р.Ж.**

**ФГБОУ ВПО «Калмыцкий государственный университет», г. Элиста*

Атырауский государственный университет, г. Атырау

**nastinova.ge@yandex.ru*

Потребность в местах отдыха для восстановления сил и здоровья людей в отдельных регионах непрерывно увеличивается. Особенно это тенденция отмечается в последние десятилетия, когда городское население, независимо от социальных и возрастных групп нуждается в отдыхе на природе, стремится к ознакомлению с культурно-историческими объектами. Высокие потребности населения в новых местах кратковременного и длительного отдыха стимулируют использование ранее не освоенных территорий в туристско-рекреационных целях, что требует выявления и оценки регионального туристско-рекреационного потенциала (ТРП) [1].

Туризм сегодня является одним из важнейших факторов экономического, социального и культурного развития, как отдельного региона, так и страны в целом. Он способствует урегулированию национальных и политических конфликтов, стабилизации обстановки. Также необходимо отметить значение туристско-рекреационной деятельности как наиболее эффективной сферы для создания новых рабочих мест.

Высокий уровень доходности туризма в мире делают эту отрасль одной из приоритетных в программах развития во многих странах и регионах планеты. Особую значимость приобретает стимулирование функционирования туристской индустрии в странах переходного периода, таких как Россия, Казахстан и другие государства СНГ, находящиеся в стадии перестройки своей отраслевой структуры хозяйства с целью ускоренного развития предприятий сферы нематериального производства.

Культурно-исторические рекреационные ресурсы служат предпосылкой для организации культурно-познавательных видов рекреационных занятий, на этой основе оптимизируют рекреационную деятельность и целом.

Среди культурно-исторических памятников ведущую роль играют памятники истории и культуры, которые отличаются наибольшей привлекательностью. В зависимости от признаков они подразделяются на основные виды: религия, памятники истории и археологии, этнографии, искусства, документальные памятники [2].

За основу типологии принимается информационная сущность культурно-исторического объекта: уникальность, типичность среди объектов данного вида, познавательное и воспитательное значение, внешняя привлекательность

На крайнем юго-востоке Русской равнины, примыкая к Каспийскому морю, расстилается обширная полупустынная Прикаспийская низменность. На севере она окаймляется склонами Общего Сырта, на западе - Приволжской возвышенностью и Ергенями, на востоке — плато Предуральским и Устюрт. Огромная, почти в 200 тысяч квадратных километров, низменность, пересекается реками Волгой, Уралом, Эмбой.

Прикаспийский регион, в пределах которого располагаются Российско-Казахстанские территории является уникальным в отношении историко-культурного наследия, перспективного для развития туризма. Занимая стратегическое положение на перекрестке трех культурно-исторических центров - Азии, Европы и Кавказа, Прикаспий являлся своеобразным очагом культурогенеза, где на ранних этапах истории происходило взаимодействие населения древних культур, проживающих в разных экологических системах.

В Прикаспийском регионе большие возможности имеет историко-исследовательский туризм. Территория Прикаспия была заселена человеком около 10 тысяч лет назад еще на заре неолита – нового каменного века. На ее территории много самых различных археологических, культурно-исторических памятников, относящихся к разным историческим периодам, начиная от каменного века и кончая курганами XVIII-XIX вв. Эти дошедшие до наших дней из глубины веков памятники древности свидетельствуют о том, что в Прикаспии жили люди в самые различные исторические периоды, начиная с каменного века, что обусловлено его географическим положением и своеобразными природно-климатическими условиями.

История этой исчисляющей тысячелетиями земли знает много событий и дат, которые навсегда вошли в летопись её долгой жизни. На территории Прикаспия сохранились многочисленные археологические памятники, которые играют особую роль в археологии Евразии. Это объясняется её стратегическим положением на перекрестке двух, а скорее трех, культурно-исторических центров – Азии, Европы и Кавказа.

Территорию Прикаспия издревле населяли разные народы, и от каждого из них сохранилась из поколения в поколение их материальная и духовная культура, знакомство и изучение которой представляет огромный интерес для развития историко-этнографического туризма в регионе. Уникальное сочетание великого разнообразия ландшафта и бесчисленных археологических объектов позволяют рассматривать Прикаспий как ценнейший памятник исторического и культурного наследия. Прикаспий в течение столетий являлся центром разнообразных исторических событий, которые сыграли немаловажную роль в истории не только близлежащих территорий, но и всего человечества. Поэтому Прикаспий была ареной смешения и противоборства азиатских и европейских влияний, а древние народы, обитавшие на ее территории, играли весьма существенную роль в развитии цивилизаций Старого Света.

Прикаспий являлся как бы естественным мостом, соединяющим Европу с Северной и Средней Азией, издревле служившим своеобразным проходом при переселении народов с глубинных степей Центральной Азии на Запад. Эти миграционные процессы оказали влияние на этнический состав населения Прикаспия. Исторические, археологические памятники разных эпох на ее территории свидетельствуют о яркой и самобытной культуре племен и народов, населявших эту территорию в разные периоды ее истории.

«Кочевнический фактор» всегда присутствовал в истории Прикаспия. Наиболее значимые походы монголов, проходившие по территории Калмыкии, были в 1220-1224 гг. и 1241-1242 гг. В 1219 году Чингиз-хан был вынужден начать войну против государства Хорезмшахов и при преследовании войска хорезмшахов в 1220-1224 году проходил по территории Калмыкии. Так начался «Великий западный поход» монголов в Европу (Папуев, 2005). В это время территорию прикаспийских степей населяли ираноязычные скифские и сарматские племена, имевшие тесные взаимосвязи с народами Нижнего Поволжья и Предкавказья. «Степная Скифия», куда входила и территория нынешней Республики Калмыкия, являлась регионом, в котором пересекались различные пути евразийских народов, и важной составляющей частью Великого Шелкового пути [3].

Хотя понятие Шелковый путь употребляется в единственном числе, под ним подразумевается не один, раз и навсегда установившийся маршрут, а разветвленная система сухопутных путей, соединявших Европу с Азией и, в целом, составлявших Великий Шелковый путь. Выделяют Северный и Южный маршруты, между которыми не было четкой границы. С XIV в. н.э. складывается морской Шелковый путь. Ныне человечество переживает поворотный момент. Поэтому не случайно внимание к историческим процессам. Сейчас людей гораздо сильнее привлекают путешествия в мир иных культур и жизненных укладов.

Именно этим духовным ценностям отвечает Великий шелковый путь, пролежавший с Востока на Запад от японского города Нара до Лютеции (Парижа). Этот путь выполнял не только функции торговли, но и способствовал распространению передовых достижений разных народов.

К числу перспективных форм историко-исследовательского туризма можно отнести экскурсии по местам экспедиций русских путешественников XVIII в. по европейской России: И.И.Лепехина (1768-1774), П.С.Палласа (1768-1772), И.А. Гильденштедта (1768-1774), И.П. Фалька (1769-1771), И.Г.Георги (1770-1774), Э. Лаксмана (1779), В.Ф. Зуева (1771-1772) и др.

Наибольшее значение при развитии историко-культурного познавательного туризма могут иметь следующие материальные памятники истории и культуры: здания, сооружения, предметы, связанные с жизнью и творчеством выдающихся политических, государственных, военных деятелей, народных героев, деятелей культуры, искусства, литературы, просвещения, науки, медицины; здания, сооружения, связанные с важнейшими историческими событиями в жизни народа, государства, развитием науки и техники, культуры.

Актуальность туристско-рекреационной деятельности в Республике Казахстан определена Национальной политикой осуществления в Республике социально-экономических реформ,

проблематикой поиска путей повышения экспортного потенциала и развития высокоэффективных видов жизнедеятельности. Защита и приумножение туристско-рекреационных ресурсов, как общечеловеческого достояния, как средства повышения качества жизни, как фактора укрепления мира и международного взаимопонимания и сотрудничества – дело национального престижа и межгосударственной важности. Важно отметить значение туристско-рекреационной деятельности как наиболее эффективной сферы создания новых рабочих мест. С учетом всего этого туризм выдвинут в Республике Казахстан в число приоритетных направлений развития Национальной экономики.

Особая актуальность и значимость стимулирования функционирования туристской индустрии в Казахстане определена документами: “Законом о туризме” (1992 г.), “Национальной программой развития индустрии туризма Республики Казахстан” (1992 г.), “Программой возрождения исторических центров Великого Шелкового пути” (1997 г.), Посланием Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана “Қазақстанның экономикалық, елеуметтік және саяси жедел жаңару жолында” от 18 февраля 2005 г.

Данное направление хозяйственной деятельности требует научного обоснования и рекомендаций, адаптированных к новым условиям. Несмотря на то, что туризму в последнее время в Республике Казахстан уделяется должное внимание, все же темпы развития индустрии туризма в РК пока не соответствуют желаемым. Причины этого явления многообразны, но одни из основных – это медленное реагирование на меняющиеся интересы туристского спроса, опора на развитие традиционных видов туризма. Для усиления туристской привлекательности в современный период необходимо максимально диверсифицировать виды туризма, развивать те виды, которые в регионе никогда не существовали, но очень популярны в мире и для развития которых на данной территории есть туристско-рекреационные ресурсы. Программа приоритетного развития видов туризма для РК, на наш взгляд, должна быть детально и тщательно продумана с опорой на имеющиеся благоприятные условия. Одной из важнейших проблем при этом является всестороннее и целенаправленное изучение природных и социально-экономических условий и ресурсов в региональном разрезе.

Атырауская область Казахстана расположена в Северном Прикаспии, с Российской стороны в него входит Астраханская область и Республика Калмыкия. Северный Прикаспий располагается на стыке двух цивилизаций – Востока и Запада. На территории Атырауской области соединяются границы двух материков Европы и Азии. История этой исчисляющейся тысячелетиями земли знает много событий и дат, которые навсегда вошли в летопись её долгой истории.

О значительном потенциале развития туристско-рекреационной деятельности в Северном Прикаспии, свидетельствует ряд факторов. Учитывая экономическую конъюнктуру, мировой опыт развития индустрии туризма с целью привлечения иностранных инвестиций, необходимо использовать геополитическое и экономико-географическое положение Астраханской области, Республики Калмыкия и Атырауской области для превращения Северного Прикаспия в важнейшее звено транснациональных туристских связей, своеобразный мост между сложившимися центрами современной цивилизации – Востоком и Западом.

Е.Ю. Колбовский и А.В. Кулаков [4] указывают, что процесс определения потенциала культурно-исторического наследия региона должен включать два этапа: выявление каркасных элементов наследия и анализ конкретных объектов, оценка их потенциальной функциональной роли в сфере развития туризма. Этим и некоторым другим элементам природного и культурно-исторического наследия необходимо уделить особое внимание в наших исследованиях. Необходимо объединить усилия ученых России и Казахстана для изучения ТРП Прикаспия для развития международного туризма.

Список литературы:

1. Ердавлетов С. Р. География туризма: история, теория, методы, практика. – Алматы, 2000. – 333 с.
2. Биржаков М. Б. Введение в туризм. Изд. 5-е. – СПб.: Изд-й дом Герда, 2000. – 320 с.
3. Кольцов П. М. Кочевая цивилизация Великой степи: современный контекст и историческая перспектива – Элиста: АПП «Джангар», 2002. – 376 с.
4. Колбовский Е. Ю. Региональное развитие и экологическая организация территории: проблемы землеустройства и краеустройства провинции. // Проблемы формирования региональных систем особо охраняемых природных территорий: материалы всероссийской научно-практической конференции. – М. – Ярославль: Изд-во ЯГПУ, 2001. – С. 11-23.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ЖӘНЕ ТУРИЗМ

Альдибаева А.Б., Орынбаева Л.Т., Сентаева Р.Т.

М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті

Тараз қаласы, tarsu.kz

Тарихи жолдың жібек саудасына байланысты “Жібек жолы” атанған баршаға мәлім. Ал “Ұлы” сөзінің оған қосылуы жолдың кең-байтақ Шығыс өлкелері мен Батыс өлкелерін байланыстырып жатуынан. Сондықтан да бұл жол “Ұлы Жібек жолы” болып тарихқа енді. Қытай жазба деректеріндегі хабарларда б.з.б. II-I ғасырларда Үйсін мемлекетінің Қытай өкіметімен қарым-қатынастары жайлы мәліметтер бар. Сол байланыс кезінде олардың араларында жасалған саудада қымбат бағалы жібектің жүргендігі сөзсіз. Сол қытай деректері бойынша, VI ғасырда Батыс Түрік қағанының және оның нөкелерінің жібек шапан кигендері белгілі. Бұл- VI ғасырда жібектің бүкіл Еуразияға әйгілі болған кезеңі. Жібек жолының басы Қытай жеріндегі Хуанхэ өзенінің аңғарындағы аймақтан басталды. Ол Ұлы Қытай қорғанының батыс шетінен өтіп, Іле өзенімен Ыстықкөлге жетеді. Жол осы арада батысқа және солтүстік-батысқа қарай шығу үшін оңтүстік, солтүстік бағыттарға тармақталады. Оңтүстік бағыт Ферғана, Самарқан, Иран, Ирак, Сирия елдері мен Жерорта теңізіне шыққан. Ал солтүстік бағыт Оңтүстік Қазақстанда Испиджаб қаласына келіп және екі тармаққа бөлінген. Біреуі Орта Азияға қарай, екіншісі Түркістан арқылы Сырдарияның төменгі ағысымен батыс Қазақстанға шығып, Еуропаға қарай өткен. Алайда бұл көрсетілген бағыттар үнемі тұрақты болды деп айтуға болмайды. Ол халықаралық саяси жағдайға байланысты өзгеріп отырған[1]. Бірақ мүлде өзгеріп, басқа арнаға түспеген. Жағдайға байланысты бұрынғы жолдар қайта жанданып отырған.

Ұлы Жібек жолының шаруашылықтың дамуына тигізген әсері.

Ежелгі Қытай деректеріне қарағанда, б.з.б. Іғ. ортасында алғаш рет Қытай елінен Батыстағы елдерге қарай жібек артқан керуендер жолға шыққан. Ал бұған жауап ретінде Қытайға немесе Шығыс елдеріне қарай Жерорта теңізі жағасындағы елдерден, Таяу және Орта Шығыстан, Орта Азиядағы елдерден әр түрлі тауарлар ағыла бастаған. Халықаралық сауда жолы арқылы Орта Азияның атақты асыл тұқымды жылқылары, Шығыс елдерінен пілдер мен мүйізтұмсық, барыс пен арыстандар, аң аулауға және саятшылық құруға қажетті құстар (қаршыға, бүркіт) сияқты сирек кездесетін жан-жануарлар сатыла бастаған. Әсіресе, бұл жолдың бойымен қолда өсірілетін мәдени өсімдіктердің ішінде жүзім түрлері, шабдалы, қауын, Шығыстың, Орта Азияның жемістері сатылған. Көкөністердің сирек кездесетін түрлері тұқымының сатылуы олардың Азия елдерінде де егіліп, шаруашылықтың жандануына пайдасын тигізіп отырған. Мәселен, қазіргі кезде базарда сатылып жүрген қытай немесе болғар бұрыштары сол ерте кездерден-ақ осы Жібек жолының арқасында көп елге тараған. Жібекті халықаралық саудаға шығарғанмен, оны өндіру тәсілін Қытай өкіметі өте құпия сақтаған. Бірақ та соған қарамастан, ол құпияны Қытайдан жасырын түрде алып шыққандар болған. Деректерге қарағанда, жібек құртын адамдар қуыс қурайдың ішіне салып, тіпті кейбір әйелдер шашының арасына тығып алып шықса керек. Сөйтіп, жібек өндіру б.з. алғашқы кезінде Византия, Соғды сияқты елдерде тағы да игеріле бастаған. Соғдыды жібек өндірудің дамығаны сонша, жібек сатуда Қытай мемлекетімен бәсекеге түскен. Мәселен, қытайдың кейбір қалаларында олардың сауда отарлары болған. Ал Жібек жолының Жапонияның сілемі – ертедегі астанасы Нарға қаласында жібек сататын орындар болған. Оның басты бір дәлелі, ондағы ғибадатханада осы уақытқа дейін соғды тілінде жазылған қолжазбаның сақталуы. Осылай жібек өндіру Жапон елінде, Кавказ жерінде жандана бастайды. Сөйтіп Ұлы Жібек жолының бойындағы сауданың дамуы арқасында бүкіл дүние жүзінде жібек шаруашылығы және басқа да шаруашылық түрлері дами бастайды.

Ұлы Жібек жолының мәдениеттің өркендеуіне тигізген ықпалы. Сауда кезінде жол бойындағы елдердің бір-бірімен қарым-қатынас жасауының барысында олар тек тұтыну бұйымдары арқылы ғана емес, өзара мәдени жағынан да байланысқа түседі. Сатылатын бұйымдар өзінің өте тамаша, сәнді жасалуы арқылы үлкен сұранысқа ие болады. Хас шеберлер қалыптасады. Мәселен, археологиялық қазба жұмысы кезінде атақты Византия шеберлерінің қолынан шыққан тамаша күміс құмыралар Тараз қаласынан табылған [2]. Осындай құйраларды жергілікті шеберлер де жасаған болуы керек. Қытайдың әдемі фарфордан жасаған, көздің жауын алатын ыдыстары Қазақстандағы Талғар, Испиджаб, Отырар сияқты ортағасырлық қалалардан көптеп табылған. Яғни жергілікті шеберлер де сондай ыдыстар жасауға маманданған. Бұдан елдер арасында мәдени байланыстың туа бастағандығын көреміз. Жібек жолы бойындағы мәдени байланыс, әсіресе музыка саласында ерекше байқалады. Саз балшықтан жасалған түйе үстінде отырған өнерпаздар мүсіндері жол бойындағы елдерді аралап жүріп өнер көрсеткен өнер иелері өмірінің бір сәтін бейнелейді. Археологиялық зерттеулерге қарағанда, Ұлы Жібек жолының бойындағы кейбір Тараз, Баласағұн, Испиджаб сияқты қалалардан әр түрлі діни

нанымдарға байланысты мешіт-медреселердің орындары табылған. Қала тұрғындары діни наным-сенімі жағынан түрлі көзқараста болғанымен, ортақ мәдени үлгілері тұтынған. Керек кездерде олар өнер сайыстарына түсіп, ортақ өнердің дамуына өз үлестерін қосып отырған.

Ұлы Жібек жолының халықаралық қарым-қатынасты дамытудағы тарихи маңызы. Жібек жолы халықтар арасындағы сауданың дамуына ғана зор үлесін қосып қойып қойған жоқ, ол Шығыс пен Батыс елдерінің арасындағы халықаралық (дипломатиялық) қарым-қатынастың дамуына да өзінің үлкен пайдасын тигізген. Қытай жазба деректеріне қарағанда, Жібек жолының халықаралық қарым-қатынас жағынан жандана бастаған кезі б.з.б. II ғ. ортасында бастаған. Қытай императоры У-Ди 138 жылы Батыс елдеріне қарай аттандырған елшілік 13 жылдан кейін оралған. Міне, осы елшілік оларған кезден бастап Қазақстан, Орта Азия жеріне және батыстағы елдерге қарай жібек артқан керуендер шыға бастаған. Бұған керісінше, Батыс елдерінен Қытайға қарай елшіліктер шыққан.

Сауда жолына байланысты дипломатиялық қарым-қатынасты 568 жылғы Түрік қағанаты мен Византия мемлекетінің арасында болған келісімдерден толық байқауға болады. Екі ел саудаға байланысты Иранға қарсы одақ құрған. Елшіліктердің пайда болуы халықаралық сауданың дамуын күшейтеді. Алғашқы кезде қытай жібегі елдердің елшіліктері арасында және патшалар үшін аса бағалы тауар болып, ақша немесе құнды сыйлық орнына жүрген. Мәселен, Иран шахына Қытай императорының атынан жібектен жасалған әшекейлі киімдер жіберілген. Сонымен Ұлы Жібек жолының мемлекеттер арасында сауданың дамуына ғана емес, олардың арасындағы саяси қарым-қатынастың дамуына да тарихи ықпалы зор болды.

VI-XII ғасырда Орта Азия мен Қазақстанда қалалар тез өсті. Олар сауда мен қолөнердің, дін мен мәдениеттің тірегіне айналды. Батыс Түркістан жерінде Суяб, Құлан, Мерке, Тараз, Отырар, Испиджаб сияқты қалалар бой көтерді. Олардың көтерілуі таптық қоғамның шығуының айқын көрінісі еді.

Орта ғасырда Қазақстан өзінің қалалары арқылы әлемдік қарым-қатынастан тысқары қалмай, Еуропа және Азия елдерімен Жібек жолы арқылы сауда жасасып, байланысын үзген жоқ. Бұл кезде Қазақстанның оңтүстігінде басты және ірі қалалардың бірі-Испиджаб(қазіргі Сайрам) болды. Оның толық сипаттамсын Әл-Мақдиси берген. «Испиджаб ірі қала,-деп жазды ол.Оның рабады(күзеті) мен тұратын мединасы бар. Онда төбесі жоқ базарлар, мата базары мен үлкен мешіт бар. Оның 4 қақпасы: Нуджакет қақпасы, Фархан қақпасы,Шахраны қақпасы, Бұқара қақпасы әр қақпаның жанында рабады бар»[3].

VI-XII ғасырларда тікелей орталығы ретінде мәлім болған Испиджабта тауарлардың көптеген түрлері өндіріліп, осы жерден басқа жақтарға мата, қару-жарақ, мыс пен темір әкелініп тұрды. Ағын суы мол, ағашы көп және тамаша бақшалары бар ең гүлденіп, көркейген кенттердің бірі болған Испиджаб қаласының қазылып, зерттеліп осы уақытқа дейін сыры ашылған жоқ. Бірақ оның қандай рөлі болғаны туралы жазба деректер аз емес.

Қазақстанның Сырдарияның орта бойына орналасқан ірі қалаларының бірі-Отырар/5/. Араб-парсы деректемелерінде Отырар қаласы Фараб, одан бұрын Тарбан деп те аталған. IX ғасырдың бас кезінде арабтар Фадл-Ибн Сахлдың басқаруымен Отырар аймағын басып алуға тырысты. Ол шекаралық әскерінің бастығын өлтірді және Қарлұқ жағбуының ұлдарын қолға түсірді деп хабарлайды деректемелер.VII-VIII ғасырларда Отырар шахристаны мұнаралары бар дуалдармен қоршалған. Бұл дуалдар қайта салынған түрінде IX-X ғасырларға дейін сақталған. VII ғасырда Тараз «Ұлы Жібек жолындағы» ірі мекенге айналды. Оны шапқыншылықтан қорғау кезінде түрік, қарлұқ, оғыз тайпалары, араб және иран жауынгерлерінің басын алып, талай рет ойранын шығарғаны жөнінде тарихи мағлұматтар бар. Тараздан «Жібек жолымен»Төменгі Барысханға, Құланға, одан әрі Меркеге және Аспараға қарай шұбыра жолшыбай бірнеше қалаларға соғып, Бедел мен Ақсудан асқан керуендер Шығыс Түркістанға барып жетеді екен[4].

Сауда жолдары, оларды кешенді зерттеу, құжаттау, Ұлы Жібек жолының негізгі күретамыры мен көптеген тармақтарын айқындау да бүгінде үлкен маңызға ие. Бұл бағыт «Ұлы Жібек жолын» зерттеу арқылы сол тұстағы көшпелілер саясатын, экономикасы мен мәдени ахуалын тануға, көшпенділер мен егіншілердің өзара қарым-қатынасының проблемаларын айқындауға жол ашады. Археологияның танымдық бағыты – мәдениет пен дінтану бағыты. Осы орайда Қазақстанда іргелі зерттеулер жүргізілді. Қазақстан жерінде шаманизм, зороастризм, буддизм тәрізді ежелгі діндерінің таралғанын археологиялық ескерткіштерден білдік. Археология және қоғам - археологиядағы зерттеп-зерделенген ескерткіштердің құжатталып, хатталған жұмыстары туралы бағыт. Бұл салаға ғылыми конвервация, ескерткіштерді жөндеу, қайта қалпына келтіру жұмыстары кіреді. Осы бағытта Археология институты Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесе жұмыс жүргізуде (бұған Тальхирдегі қорған қабырға, Қойлықтағы буддар храмы мен мешіт, Отырар мешіті, Саурандағы медресе жұмыстары кіреді.) Түркістан қаласында түркі тілдес елдердің туризмді дамыту жөніндегі құрылтайы өтті. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті ұйымдастырған бұл құрылтай Қазақстанда бірінші рет өткізілді. Оған Қазақстан, Түркия, Өзбекстан және Қырғыз Республикасының

туризм саласының мамандары қатысты. Құрылтайға қатысушылар «Жібек жолы» бойындағы ежелгі қалаларға халықаралық саяхат маршруттарын ашу, соған сәйкес инфрақұрылымдық жүйе жасау және инвестиция тарту мәселелерін талқылады. Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің вице-президенті Құлбек Ергөбектің айтуынша, қазір туризм арқылы бюджетке мол қаржы түсіріп, халқының әлеуметтік жағдайын көтеріп отырған елдер бар. Бұл саланы өсіруге Қазақстанның да мүмкіндігі зор. «Тұңғыш құрылтайдың Түркістанда өткізіліп отырған себебі- көне Түркістан Ұлы Жібек жолының бойына орналасқан», - дейді Құлбек Ергөбек. Шымкенттегі Мұхтар Әуезов атындағы университеттің туризм кафедрасының меңгерушісі Әбдіманап Жолдасбековтың айтуынша, Жібек жолы бойындағы аймақты туризм саласына қажетті мамандармен жабдықтау ісі кемшін түсіп отыр. Оған шамамен екі мың маман қажет болса, бүгінге дейін 120 ғана кадр арнайы оқу орнын бітірген. «Соған орай халықаралық дәрежедегі мамандар дайындау үшін көршілес елдермен тәжірибе алмасуды дұрыс жолға қойған жөн, - дейді Әбдіманап Жолдаспаев. Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің археология кафедрасының меңгерушісі Бауыржан Байтанаев Қазақстанда туризмнің кенже қалу себебінің бірі- жарнамалық материалдардың, үгіт-насихат жұмыстарының аздығынан деп есептейді. Қазақстанның «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамының вице-президенті Сұлтан Табынбаевтың айтуынша, кәсіпорын «Тұран-Азия» туристік фирмасымен бірігіп «Жібек жолы» бойындағы ежелгі қалалар маршрутымен шетелдік туристерді қыдыртуды бастаған көрінеді. Құрылтай қарсаңында туристік пойыз кезекті сапардан оралды. Құрылтайға қатысқан Мұхтар Әуезов атындағы университеттің археология кафедрасының меңгерушісі Шымкент қаласының тарихы тым әріде екендігін, сондай-ақ Жібек жолы бойынан ежелгі қалалардың бір шоғыры табылғандығын хабарлады. Құрылтайға қатысқан Құлбек Ергөбек бас қосуда туризмге қатысты ғана емес тарихқа, археологияға қатысты мәселелер де кеңінен қамтылғандығын айтады.

Еліміздің Ата Заңы-Конституциямызда айтылғандай «адам – мемлекеттің бірінші байлығы». айтқандай «Тәуелсіздік – адам құнымен өлшенеді» деген Шерхан Мұртаза мен Камал Смайылов сөзіне сәйкес еліміздің әр азаматының денсаулығы өлшенбес құнға ие. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының халыққа жолдауында Инфрақұрылымды дамыту міндетін алға қойды. «Батыс Еуропа- Батыс Қытай» магистральдық көлік дәлізі салынып Жаңа Жібек жолы жаңғыртудамыз. Елді жаңғырту стратегиясын іске асырудың табыстылығы, ең алдымен, қазақ-стан-дықтардың біліміне, әлеуметтік және дене болмысы, көңіл-күйлеріне байланысты», - делінген[5].

Ұлы Жібек жолы бойында орналасқандықтан Қазақстан аумағындағы қалалар мен табиғаты ғажайып қорықты жерлер ежелден саяхат және туризм болып табылған. Табиғи-рекреациялық нысандарға Солтүстік Қазақстан аймағындағы Көкшетау, Бурабай, Баянауыл, Ерейментау, Шығыс Қазақстан аумағындағы Зайсан, Марқакөл, қазақстандық Алтай, Оңтүстік Қазақстан жеріндегі Батыс, Солтүстік Тянь-Шань, Алтынемел таулары, Жетісу алабы, Батыс Қазақстандағы Үстірт, Мұғалжар, Каспий ойысы, Жайық өңірі, Орталықта Қарқаралы, Қызыларай, Бектауата, Ұлытау табиғи нысандар жатады. Сонымен бірге Алматы облысындағы ұлттық саябақтар мен қорықтардың туризмді дамытуда маңызы зор. Оларға Іле-Алатауы ұлттық саябағы, Түрген-Шамалған өзендері аралығындағы шатқалдар, Түрген, Есік, Талғар, Алматы, Қаскелең, Шамалған елді мекендері жатады. Қазіргі таңда Оңтүстік Қазақстан бойынша туристік қызмет көрсететін фирмалар агентіктері түрлі саяхаттар ұйымдастырады. Тарихи-археологиялық ескерткіштердің туристік-экскурсиялық сапарлардағы орны ерекше. Археологиялық ескерткіштердің кез-келген нысандары туристік-экскурсия жұмыстарында маңызды орын алады. Соның ішінде Жетісудағы Сақ қорғандары, Талхиз қалашығы, Оңтүстік Қазақстандағы Отырар, Сайрам, Батыс Қазақстандағы Сарайшық, т.б. көне қалалардың орнына туристердің қызығушылығы мол. Археологиялық-тарихи ескерткіштердің қазірге дейін жеткен нысандарының ішінде қорғандар мен мазарлардың маңызы зор. Ортағасырлық Түркістан, Отырар, Құлан, Мерке, Талхиз, Жаркент қалалары, тағыда б. елді мекендер қазіргі туристік нысандар болып табылады[3]. Түркістан — қазақ хандығының алғашқы астанасы. Онда Қожа Ахмет Иасауи кесенесі салынған, кесене іші мен айналасына қазақ мемлекетінің негізін қалаған Тәуке, Тәуекел, Жәңгір, Есім, Абылай, Қазыбек би жер Қазақстанда Отырар, Сарайшық, Сайрам, т.б. ортағасырлық көне қалалар туристер үшін тартымды нысан Тәуеп ету (діни) туризм нысандары республика аумағында көптеп кездеседі. Оларға түркі әлеміндегі қасиетті Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Иасауи кесенесі, Абаб-Араб мешіті, Гауһар-ана зираты, Әли-Қожа бейіті, т.б. жатады. Адамдар бұл қасиетті жерлерге тәуеп етіп, Аллаға сиыну үшін келеді. Одан басқа Арыстан баб кесенесі, Ибраһим-ата бейіті, Қарашаш ана кесенесі, Тұраба-Ысмайыл-ата мазары орналасқан. Жамбыл облысында - Айша бибі кесенесі мен Қарахан кесенесі, Қызылорда облысында - Артық, Айтман кесенелері, Балқаш қаласы маңында - Тектау ата, Әуез бақсы, т.б. киелі орындар бар. Жібек Жолы сауда жолы ретінде б.з.д. III ғасырда туындады. Жолдың елеулі бөлігі қазіргі Қазақстан аумағы бойынша өтті. Түркістан (Яссы), Тараз (Талас), Отырар қалалары Ұлы Жібек жолы бойынша орналасып көне және орта ғасырларда саудагерлер жолында басты орталықтар болды. Еліміз тарихи, археологиялық және архитектуралық ескерткіштерге бай. Көшпенділер мен отырықшы өркениеттерінің түйіспесінде әлемнің көне қалалары

болды. Қазақ жерінің оазисін аспан астындағы дала музейі десек те болады. Жібек Жолы бойымен арнайы туристік қызмет көрсететін туристік кешен салуға да болады. Сол кездегі халықтың мәдени құндылықтарын сақтай отырып танымдық тур ұйымдастырылса елдің тек ішкі туризмі ғана емес халықаралық туризм де жанданатын еді.

Туризм саласын экономикамыздың маңызды саласына айналдыру үшін жасалған бағдарлама аз емес. Дамудың басым бағыттарының бірі – бәсекелестікке қабілетті туристік индустрияны қалыптастыру мақсатында елімізде мемлекеттік бағдарлама әзірленді. Бағдарлама аясында бес жылдың ішінде халықты жұмыспен қамту үшін, сыртқы және ішкі туризмнің артуы, сонымен қатар Қазақстанды 2011 жылы Орта Азиялық аймақтың туризм орталығына айналдыру үшін бәсекеге қабілетті туристік индустрия құру қарастырылған. Аталмыш бағдарламада «туризм» кластерінің пилоттық жобасын іске асыру қолға алынған. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев туристік индустрия және туристік инфрақұрылым қызметін мемлекет қазынасына айтарлықтай кіріс әкелетін, болашағы бар экономика саласы ретінде көре алатындығы туралы стратегиялық бағдарламаларда атап өткен болатын. Еуразия жүрегінде орналасқан Қазақстанда болашақта әлемдік туризмнің орналасуы мен дамуының маңызы зор[6]. Туристік индустрияның дамуы негізінде қонақүйлер жүйесі, Ұлы Жібек Жолы үлгісінде керуен-сарайлар мен өзге де маңызды туристік маршруттардың құрылысына жағдай жасалатын болады. Олай болса, біздің елімізде туризмнің даму үшін барлық жағдайлар жасалып жатқанда, бізде мақтаншпен осы саланың дамуына үлесімізді қосуға ат салысымыз. Себебі, біздің елімізде бүкіл әлемге көрсететін тарихи-мәдени ескерткіштеріміз, әсем табиғатымыз, сұлу қалаларымыз бар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы, Атамұра, 2003ж. Б. 65-68
2. К. Байпаков. Ұлы Жібек жолы және Тараз. Алматы 1995
3. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. А., 1994
4. Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Астана, 2012
5. С. Сұрағанова, Б, Сабатаева. Туризм инфрақұрылымы. Алматы, 2012

ӘОЖ 728.51

ҚОНАҚ ҮЙ БИЗНЕСІ КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ МАРКЕТИНГТІК ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕ САПАНЫ БАСҚАРУДЫҢ ЖАЛПЫ СТРАТЕГИЯЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ

Бесекей Е.

Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ

Қазақстан Республикасындағы қонақ үй қызметінің даму беталысы көрсетіп отырғандай 2012 жылы елімізде 1432 қонақ үй кәсіпорыны және жеке кәсіпкерлер тіркелген екен, оларды жиыны 37786 нөмірлер бар, бір уақыттық сыйымдылығы 83103 төсек-орынды құраған. Олар 3026,2 мың адамға 66540,9 млн теңгенің қызметін көрсеткен. 2011 жылмен салыстырғанда 2012жылы орналастыру орындарының қызметі мейрамханалар қызметін қоспағанда салыстырмалы бағада 6,3 % жоғарылаған. Қазақстан бойынша қонақ үйлердің орташа жүктелімі 2012 жылы 20,3 % болып отыр [1]. Еліміздегі қонақ үйлер жүктелімінің төмен деңгейде болуының бірқатар себептері бар. Олар: кіру туризмі бойынша шетелдік қонақтардың аз келуі, қонақ үйлер бағасының жоғары болуы, білікті кадрлардың жеткіліксіздігі, көрсетілетін қызметтер сапасының төмен болуы. Әсіресе отандық қонақ үйлерде көрсетілетін қызметтер сапасының бекітілген баға деңгейіне сәйкес келмеуі олардың жүктеліміне өте қатты әсер етеді. Сондықтан қонақ үй бизнесін жүргізуде сапаны басқару стратегияларына аса зор назар аударылуы тиіс.

Сапаны басқару жүйесі деп сапаны жалпы басқаруға қажетті ұйымдық құрылымды, процедураларды, жауапкершіліктерді бөлу және үрдістер мен ресурстарды айтады. Басшылық сапа жүйесін қойылған мақсаттарға жету және белгілі бір саясатты жүргізу құралы ретінде құрып, өңдеп, қолданысқа енгізуі тиіс[2].

Біз зерттеу жүргізген отандық бренд болып табылатын Қазақстан», «Ambassador», «Алма-Ата» қонақ үйлері (Алматы қ.), River Palace Hotel отелі, «Ренессанс»отелі (Атырау қ.), Мукаммаль, Astana Park қонақ үйлерінде (Астана қ.) қызмет көрсету сапасы халықаралық қонақ үйлер желісімен салыстырғанда төмен деңгейде екендігі анықталды.

Қонақ үй бизнесі кәсіпорындарында сапаны жақсартуға арналған қызмет бағыттарының негізгілерін анықтап алу үшін сапаға әсер ететін факторларды көрсетейік.

1. Жоғарғы бөлім басшылығының қатысуы.
2. Жалпылама қатысу.
3. Көрсетілетін қызметтің тұтынушылар талабына сәйкестігі.
4. Еңбекті бағалау және ішкі маркетинг бағдарламаларын енгізу.

Осы факторларды есепке ала отырып, қонақ үй бизнесі аясындағы кәсіпорындарда қызмет көрсету сапасын жақсартуға арналған бірқатар шаралар өткізу ұсынылады.

Ең алдымен, қонақтарға қызмет көрсету сапасын бақылайтын, орналастыру жұмыстары бойынша директордың орынбасарына құрылымды түрде бағынатын жұмысшыны тағайындап алу қажет.

Сапаны бақылауға жауап беретін жұмысшының міндетті қызметтеріне келесі аталғандар кіреді:

– тұтынушыны ақаулы қызмет көрсетуден сақтау арқылы қонақ үй кәсіпорының беделін қорғау;

– қызмет көрсетуде пайда болған ақаулықтың пайда болу орынын, жиілігін және себебін, сонымен қатар тамақтандыру қызметкерлері мен бөлімшелердің жұмыс істеу сапасы жайлы мағлұматтарды жұмысшылар мен әкімшілікке хабарлау;

– қызмет көрсету сапасын бақылау мақсатында үрдістер ұйымдастыру және оларды сараптау.

Бұл функцияларды қонақтармен тура кері байланыс арқылы іске асыруға болады. Бұл байланысты клиенттің қанағаттануы жайлы жүйе жұмысы туралы ақпараттарды келесі негізгі әдістерді қолдана отырып орындауға болады:

- бақылау;
- қонақтарға сауалнама арқылы пікір сұрау жүргізу;
- қонақ үй кәсіпорыны және оның жеке бөлімшелерінің қаржы көрсеткіштерін талдау;
- байланыстырушы персоналдан ақпарат алып отыру;
- клиенттердің шағымдары мен тілектерін қарастыру.

Сапаны қамтамасыз етуге жауапты тұлғалардан басқа, айына бір реттен кем емес жиілікте төрағасы директор болып табылатын «Қызмет көрсетудің сапасын қамтамасыз ету кеңесі» деп аталатын кеңес өткізіп тұру мақсатқа лайықты болады.

Әрбір бөлімшеде осы бөлімшенің қызметін мейлінше жетілдіріп отыратын топтар қалыптастырған дұрыс. Бұл топтардың жұмысы бөлімшенің жұмысының тиімділігін және сапасының деңгейін жоғарылатуға барлық жұмысшыларға мүмкіндік туғызатын әдісті ойлап табу және бағытын анықтау болып табылады. Кәсіпорынның қатардағы жұмысшыларын жұмысты жақсарту үрдісіне тартудың ықпалды формалары ретінде өз ұсыныстарын айту, сонымен қатар сапа үйірмелері де болуы мүмкін [2].

Қонақ үй қызметтерінің сапасын басқару моделінің болуы қонақ үй бизнесінде материалдық өндіріс саласында дайындалған сапа менеджментінің құралдарын толық көлемде қолдануға мүмкіндік береді, олар:

- көрсетілетін қызметтің бәсекеге қабілеттілігін бағалауға және талдауға;
- жаңа қызметтерді жобалау кезеңінде қонақ үй қызметтерінің сапасын болжау;
- қонақ үйлік қызметтердің сапасына статистикалық бақылау жүргізу және соның негізінде сәйкессіздіктің көздерін айқындау.

Жоғарыда аталғандар қонақ үй қызметтерінің сапасын басқару моделінің бірінші және «құралдық» ролі болып табылады.

Сапа моделіне сүйене отырып, қонақ үй қызметтерінің сапасын басқару мәселелерін шешуге конструктивті түрде келуге болады, себебі адекваттық деңгейін жуықтап есептеуге, оны өсіру жолдарын көрсетуге, сапа саясатын дұрыс тұрғызуға мүмкіндік туады. Бұл қонақ үй қызметтерінің сапасын басқару моделінің екінші – «саясаттық» ролі болып табылады.

Қонақ үй қызметтерінің сапасын басқару моделін құрудың бастауы моделді таңдау болып табылады, себебі бұл арқылы қызмет көрсетудің базалық элементтер тізімі құрастырылады.

1-суретте сапа функциясының графо-аналитикалық құрылымы [3] арқылы іске асатын қонақ үй қызметтерінің сапасын басқару моделінің біз ұсынып отырған түрі көрсетілген.

Қызметті көрсету үрдісінің функциясын қызмет бойынша стандарт талаптарының орындалуы деп тұжырымдауға болады, олай болса, бұл үрдістің шығысы орындалған стандарт болып табылады. Бірақ қызмет көрсетудің талап етілген стандартына қол жеткізуде персоналдың анықтаушы ролін атап кету керек. Тұтынушылардың қанағаттандырылуы мен қоғамның және қызметтің құрылуының барлық үрдістері арасындағы кері байланыс анализ үрдісін енгізу арқылы қамтамасыз етіледі.

Құрылымдау үрдісі келесілерді орнатуға және бағалауға көмектеседі:


- функционалды тәуелділіктің түрін, ол қызмет көрсету элементтерінің сапасы мен қонақ үй қызметтерінің жалпы сапасы арасындағы байланысты бейнелейді;

- қонақ үйде көрсетілетін қызметтер сапасын басқару моделінің сандық параметрлерін және сапаның жалпы, эталондық, жұмыстық және нақты бағасын.

Қонақ үй қызметтерінің сапасын басқару моделін құру үшін келесі мәліметтер қажет:

- қонақ үйлік қызмет көрсетудің маңызды қасиеттерінің жиынтығы;
- қызмет көрсетудің жағымды және жағымсыз элементтерінің жиынтығы;
- қызмет көрсетудің мультипликативті элементтерінің және олардың әрқайсысына тәуелді аддитивтік элементтер тобын.

Сапа функциясының құрылымы кері байланысты жақсартуға мүмкіндік береді.



Сурет 1 – Қызмет сапасын басқарудың графо-аналитикалық құрылым негізіндегі моделі

Бұл кері байланыстың механизмі төмендегілерді қамтиды:

- қызмет көрсету деңгейінің бағасын – тұтынушыларға сауалнама жүргізу арқылы алынған;
- сауалнамалық сұрақтың статистикасын жинау және оны өңдеу;

- шешуші үрдістің талдауы, шешуші үрдістердің элементтері негізінде қонақ үйлік қызмет көрсетудің сапасын басқарудың жұмыстық моделін және сапа функциясының құрылымын анықтау жұмысын.

Қонақ үй қызметтерінің сапасын басқарудың графо-аналитикалық құрылым негізінде тұрғызылған моделі келесілерді біріктіреді:

- қонақ үй кәсіпорыны басшылығының барлық қызметкерлерді тарту арқылы реформалар өткізу ықыласы;

- сапа жүйесін енгізу пікірін қонақ үйдің барлық қызметкерлерінің жетік түсінуі;

- сапалы басқарудың принципі бойынша қонақ үй кәсіпорынының ары қарай дамуына сыртқы факторлардың әсері;

- қонақ үй кәсіпорынына ішкі факторларының әсері.

Қонақ үй қызметтерінің сапасын басқару моделін зерттеу нәтижесінде біз анықтаған келесідей негізгі жеті қағидаға сүйеніп жүзеге асыруға болады:

1. Қонаққа бейімделу.«Клиенттің айтқаны әрдайым дұрыс» ережесі қонақжайлық индустриясы ұйымы үшін тіпті өзекті болып табылады. Қонақ – ол қонақ үйдің барлық қызметкерлері қызмет жасайтын адам. Қонақ – ол қонақ үйдегі ең негізгі көңіл аударатын адам. Қонақ – ол ұйымның табыс көзі. Негізгі мақсат – қонақтың қажеттіліктері мен ықыласы туралы негізделген қорытынды шығаруға мүмкіндік беретін, ары қарай үрдіс барысында интегралданатын, көптеген көздерден алынатын ақпаратты жинау болып табылады.

2. Басшының озаттығы. Басшы әрқашанда барлығының көз алдында жүреді. Тіпті басшы жоқ болған кезде де, белгілі бір мәселелерді шешуге оның қатысын сезіп отырады. Басшы адамдарды қызықтырып, еліктіре білетін адам.


3. Қызметкерлерді тарту. Директордан бастап қызметшіге дейінгі барлық персонал сапаны басқару ісіне қатысуы керек, қызметкерлер мекеменің ең үлкен байлығы ретінде қарастырылады, мекеменің басшысы сол байлықтың потенциалын ашып және қолдануға барлық жағдай жасауы керек. Әрбір қызметкер ұйым қызметіне қатысу дәрежесін і, сондай-ақ жалпы жұмыста өзінің қажет екенін түсіну керек.

4. Үрдісті тәсіл. Өз ісін толық бір үрдіс деп қарастыратын ұйым, сөзсіз, өте жоғарғы нәтижеге қол жеткізеді. Үрдіс көптеген бизнес-үрдістерден тұрады, олардың қатысушылары мекеменің барлық жұмысшылары болады. Үрдістерді басқарудың көмегімен тұтынушылардың қажеттіліктері қанағаттандырылады.

5. Басқарудың жүйелі тәсілі. Қонақ үй кәсіпорыны қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігі көбінесе басқаруды өзара байланысқан үрдістер жүйесімен қамтамасыз етуден тәуелді. Кез келген қонақ үй кәсіпорыны үрдістердің барлығын біріктіруге тырысуы керек, себебі осы арқылы қонақ үй қызметтерінің қонақтардың талабына сай келуін анықтай алады. Жүйелік тәсілді қолдану арқылы ғана қонақпен кері байланысты қолдану және сапа жүйесін енгізу тұрғысындағы стратегиялық жоспарларды іске асыруға болады.

6. Тұрақты түрде әрдайым жақсарып отыру. Бұл принцип көрсетілген қызметтерге қонақтардың талаптары қанағаттандырылғанын жобалайды. Баға мен сапа қатынасы – бұл қонақ үй кәсіпорынының негізгі көрсеткіші. Бірақ әрдайымғы алға жүру, бизнес-үрдістерді әрқашанда жетілдіріп отыру ғана сөзсіз басым нәтиже береді.

7. Шешімдерді фактіге негіздеп қабылдау. Түрлі басқару шешімдерін қабылдаудан мекеменің ары қарайғы дамуы тәуелді. Олардың тиімділігі тек сенімді мәліметтерге негізделеді. Мұндай мәліметтер көзі сапа жүйесінің ішкі тексерілулері болуы мүмкін. Шешім қабылдау сондай-ақ қызметкерлерден түсетін ойлар мен ұсыныстарды талдауға негізделуі мүмкін. Бірігіп қабылданған, фактілерге негізделген шешім ғана дөрекі қателіктердің алдын алуға көмектеседі.




Сурет 2 –Қонақ үй қызметінің сапасын басқару жүйесін іске асыру алгоритмі

Қонақ үй кәсіпорынындағы көрсетілетін қызметтер сапасын басқарудың өңделген моделін іске асыру белгілі бір ретпен жүргізілуі керек. Мұндай алгоритм, біздің ойымызша, бірқатар шаралардың тізбегінен тұруы керек (2-сурет). Алдымен, SWOT-талдауды немесе басқа құралды пайдаланып, ұйымның әлсіз және күшті жақтарына талдау жасап алу қажет.


Бұл бағдарламалардың түпкілікті мақсаты – қонақтарды қанағаттандыру, оның негізгі жағдайлары келесідей болуы керек:

- қонаққа «ғажайып қонақжайлылықты» көрсету, ең жақсы әсер қалдыруға мүмкіндік ретінде қарастырылуы керек;
- мәселелерді шеше білу қабілеті жоғарғы қызмет көрсетудің және қонақтармен қарым-қатынасты жақсартудың, олардың ниетін арттырудың негізгі элементі болып табылады;
- шағым – кері байланыстың формасы, жағдайды қонаққа басқа жағынан бұрмалауға мүмкіндік береді, сонымен қатар, болашақта қонақпен келеңсіз жағдайларда алдын алуға көмектесетін бағалы ақпарат береді;
- әрқашанда қонақтың қанағаттандырылуын тексеріп отыру қажет және қонаққа ешқашанда наразылықпен қайтуға жол бермеу;

Қонақтармен жұмыс кезінде біздің қатысуымызбен әзірленген қонақпен тікелей араласудың төрт сатылы стратегиясын қолданған жөн (3,4-суреттер).



Сурет3 – Қонақпен тікелей араласудың төртсатылы стратегиясы



Сурет 4 – «Шешімдер сеткасы»

Қонақпен тікелей жанасудың төртсатылы стратегиясы тізбектелген әрекеттерден тұратын келесі элементтерді біріктіреді:

Бірінші саты. Қонаққа барлық назарды аудару.

Екінші саты. Қонаққа жағдайдың түсінікті екенін көрсету.

Зерттеулер көрсеткендей, қонақ қандай да бір өнім немесе қызметпен байланысты мәселені айтқанда, қонақтан жартысынан аз жағдайларда ғана кешірім сұралады.

Жұмыс нәтижесінде өңделген шешімдер сеткасы жағдайды дұрыс түсінуге көмектеседі.

Сондықтан, кешірім сұрау:

– уақытылы болуы керек – мәселенің себебі анықталғанша күтпей, бірден кешірім өтіну;

– дербес болуы қажет - өз атыңнан сөйлеу;

– түсіне білетін – қонаққа қазіргі жағдайда оның не сезініп тұрғандығы түсінікті екенін көрсету. Кешірім өтіну өз қателігін мойындау дегенді ғана білдірмейді, ол қызметкердің өзі қонақтың көңілі қалғаны үшін өкініп тұрғанын көрсетуі мүмкін.

Үшінші саты. Мәселені тезірек шешкен дұрыс. Егер қызметкер дәл сондай жағдаймен бұрын-соңды кездескен болса, онда дұрыс шешімдер дайын болуы мүмкін. Қонақты мәселенің шешімін табуға араластыру қарым-қатынастың қайта қалпына келуіне ғана емес, персоналдың қонақтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға деген шын ниетін қонаққа көрсетеді.

Осылайша қонақ үй кәсіпорынындағы маркетингтік қызметті басқаруда сапаны басқару мәселесіне жете назар аударылуы керек. Өйткені қонақ үй қызметінің сапасына қанағаттанған қонақ ғана қайта айналып сол қызметті тұтынады немесе сол қонақ үй туралы бірнеше адамдарға ақпарат береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Туризм Казахстана 2008-2012/Статистический сборник/Агентство Республики Казахстан по статистике. – Астана 2013. – 136 с.
2. Латышова Л.С., Пантелеева Е.К. Влияние внутреннего маркетинга на результативность бизнеса// Маркетинг и маркетинговые исследования – 2009. - №1 (79). – С.18-31
3. Ветитнев А.М. Маркетинг санаторно-курортных услуг. – М.: Финансы и статистика, 2007. – С. 15
4. Ранде Ю.П. Удовлетворенность и лояльность персонала как главные показатели эффективности внутреннего маркетинга// Маркетинг в России и зарубежом. – 2006. - №3 (53). – С.61-69
5. Джанджугазова Е.А. Маркетинг в индустрии гостеприимства. – М.: Академия, 2003. – 224с.

ӘОЖ 379.85

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМНЫҢ ДАМУЫ

Абызбаева А.Т.

Қазақ гуманитарлық заң және техникалық колледжі, Қызылорда қаласы

Адамзат пайда болғалы қанша уақыт болса, туризмнің пайда болу тарихына да сонша болды. Миллиондаған туристер, жас және егде адамдар, жалғыз және топпен, әртүрлі қабілеттегі және әртүрлі кәсіппен айналысатын өкілдер жаңа әсерлер іздеп әртүрлі жыл мезгілдерінде саяхаттайды.

Саяхат – бұл көне және сыйымдылығы кең ұғым. Дальдің В.И. сөздігі бойынша, саяхат бөтен жерлерге бару дегенді білдіреді. Адамзатқа бүкіл көп ғасырлық тарихында сауданы дамыту, жаңа жерлерді жаулап алу мен игеру, ресурстарды іздеу мен жаңа көлік жолдарын іздестіру мақсаттарында әлемді танып-білу және жаңалықтар ашуға ұмтылыс тән. Бізге тарихтан ұлы жаңа континенттер мен жерлерді ашқан саяхатшылардың есімдері жеткен, географиялық және басқа білімнің керемет жүйелерінің негіздері қалған. [3]

Туризмнің терең тарихи тамыры бар. Алғашқы туристік ұйымдаспаған сапарлар шектеулі болды, олар негізінен сол кездегі қажеттіліктер және мүмкіндіктермен байланысты болған, нақтырақ айтқанда, қажылық жасау, емделу, сауда және білім алу. Сапар жасауға тек қоғамда жоғары орын алатын адамдардың ғана мүмкіндіктері болды. Сол кездегі туризмнің ерекшелігі элитарлылық пен өзінділік болған. [1]

Туризм саласындағы әйгілі ағылшын мамандары туризмнің бастауын емделу мақсатындағы сапарлар қалаған деп есептейді. Және алғашқы туристік ұйымдар білімдік сипат алды. Шындығында да, бұл кезең «аристократтық» туризм деп аталатын туризмнің дамуымен сипатталады. Яғни шетелдік сапарлар халықтың ауқатты бөлігіне ғана қол жетімді болды.

Қазіргі кезде әлемдік туризм дамуының төрт негізгі тарихи кезеңдерін бөліп қарастырады. Бұлай бөлудің негізінде мынадай критерийлер жатады: әлеуметтік және экономикалық алғы шарттар, туризмнің функциялары. [2]

Туризм, өзінің бағыттарымен, соңғы жылдары әлемнің көптеген мемлекеттерінің шаруашылығының негізгі саласына яғни «пайда көзіне» айналды. Ал бағыттарының ішінде өзін айқын көрсетіп, маңыздылығы жағынан алдыңғы қатарда тұрған ерекше түрі – экологиялық туризм. Экологиялық туризмді адамның тамаша, танымдық, ғылыми, өлкетану қажеттіліктерін қанағаттандыратын нысандармен және табиғаттың кескіндемелік, экзотикалық, қайталанбайтын құбылыстарымен тікелей өзара қарым-қатынасы, ең алдымен «ашық» табиғат жағдайында болуы ретінде айқындауға болады.

Экотуризм терминін алғаш 1983 жылы ғылымға енгізген мексикан экономисті және экологі Гектор Цебаллос Каскурейн болатын. Әлемнің экотуризм дамыған Аустралия және Швеция сияқты елдерде экотуризм туралы хартиялар пайда болды. Қазіргі уақытта экологиялық туризм әлемдік деңгейдегі туризмнің басқа түрлерінің ішінде елеулі үлесті алады. [1]

Экологиялық туризмнің пайда болу себептері көп, бірақ ең бастылары ол әлемнің жалпы экологиялық жағдайының күннен күнге нашарлауы яғни бүлінуі және техникалық прогресс пен урбанизациядан шаршаған адам баласының табиғатқа яғни таза ауамен демалып нерв жүйке салмағынан құтылуға ұмтылуы. [3]

Туризмнің бұл түрінің пайда болуының басты ерекшелігі, ол осы экологиялық туризмнің тұрақты даму концепциясының арқасында әлемдегі табиғи ортаны қорғауға кететін шығын мөлшерінің бірнеше есе азаяуы. Жер шарындағы экологиялық жағдайдың күрт нашарлауы мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар экологиялық орталықтар, туристік фирмалар қоғамға қоршаған ортаға зиян келтіруіне төтеп беру жолдарын ізейді. Сонымен қатар жануарлар әлемін қорғау проблемасы туындайды. Осы проблемалардың шешу жолдарын біріктіретін экологиялық туризм болды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) 2002 жылды Халықаралық экотуризм жылы деп жариялады. Сол жылы мамыр айында Квебек провинциясында (Канада) Дүниежүзілік экотуризм саммиті өтті. Осы саммитке дайындық барысында Дүниежүзілік туристік ұйым (ДТҰ) тәжірибе алмасу мақсатында аймақтық конференциялар мен семинарлар өткізу инициативасын ұсынды. Соған байланысты Алматы қаласында (Қазақстан) «Экотуризм – ХХІ ғасырдағы ТМД, Қытай және Моңғолия елдерінің өтпелі экономикаларының тұрақты даму құралы» атты, 2001 жылы қазан айында, семинары өтті. [2]

БҰҰ-ның Генералды ассамблеясы мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарды, халықаралық бірлестіктерді, даму агенттіктерін және әр туристі, экотуризм тұрақты дамудың маңызды факторына айналу үшін, қосымша көмегін тигізуге шақырады, себебі ол қоршаған ортаның биологиялық әртүрлілігі мен жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын сақтауға жағымды ықпалын тигізеді.

Бүгінгі таңда Қазақстанды экологиялық туризмнің дамуы үшін жаңа құрылып келе жатқан нарық деп қарастыруға болады. Биологиялық және геологиялық әртүрлілік, халықтың минималды тығыздығы, бай тарихи және мәдени мұра республиканың өте зор экотуристік потенциалын айқындайды.

Әрине, «экологиялық туризм» ұғымы жер шарының адам аяғы баспаған, әрі пайдаланылмаған жерлерімен саяхат жасауды ғана білдірмейді. Қазіргі уақытта бұл ұғым кең ауқымды қамтиды. Ол экологиялық туризмнің басты мақсатымен анықталады: табиғатпен бірігу, оның түпкілікті маңызын ұғыну және қорғау қажеттілігін түсіну. Сондықтан туризмді адамзаттың «ашық» ортада болуымен сипаттауға болады. Сонымен қатар оның көркемдік, экзотикалық, қайталанбас табиғат құбылыстары мен объектілер арасындағы тығыз байланысты білдіретін, адамның ғылыми аймақтанушылық қажеттіліктерін қанағаттандыруын білдіруге болатынын айта кетуіміз керек.

Орнитолог, археолог және көркем өнерпаздар сияқты ғылыми қызығышулығы бар туристерді қанағаттандыруға арналған экологиялық туризмге қарағанда рекреациялық туризм өзі қажет ететін қонақжай комплекстерімен, спорттық қарулануымен нәзік экожүйелерге көбірек зардабын тигізеді.

Экологиялық туризмнің объектілері табиғи аймақтар, тарихи ескерткіштер, ғылыми және білім беруде қолданылатын мәдени және архитектуралық ескерткіштер болып табылады. Бұл экологиялық туризмнің жан-жақты болуын қамтамасыз етеді.

Қазақстанның табиғи климаттық зоналары (жеке шөлді аймақтар, таулы аймақтар) спорттық және ғылыми бағытта экологиялық туризмнің ерекше формасы «экстремалды туризмді» дамытуға мүмкіндік береді. Бұл адам аяғы баспаған және адам өмір сүруге бейімделмеген аймақтарға экстремалды жағдайларда тіршілік ету және өзін-өзі ұстау стратегиясын қалыптастыру мақсатында саяхат жүргізу. Айта кетерлік жағдай, экологиялық туризмді дамыту үшін әр түрлі табиғи ресурстар қажет. Дәл осы жағдай туризмдік жұмыстардың территориялық аймағын және олардың қай бағытта жүруін анықтайды. [5]

Экологиялық туризмнің ресурстары болып табылады:

- табиғи – климаттық факторлар: рельеф, су объектілері, флора және фауна, ерекше және қызықты қарапайым табиғи аймақтар.

- тарихи-мәдени ескерткіштер: белгілі бір аймақтағы адамзаттың материалдық және рухани мәдениеті, айналадағы ортамен тығыз байланысты тарихи, археологиялық, мәдени ескерткіштер [3].

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2030 Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі, және әл-ауқатының артуы» атты жолдауында «тек шикізатқа бағдарланған ел болып қалмау үшін жеңіл және тамақ өнеркәсібін, инфрақұрылымды, мұнай мен газ өңдеуді, химия мен мұнай химиясын, машина жасаудың жекелеген шағын салаларын, ғылымды қажет ететін түпкілікті өндірістерді, қызмет ету саласын, туризмді, оның ішінде экологиялық туризмді бұрыннан да ілгері қарқынмен дамытуға тиіспіз», «жылға дейінгі бастапқы кезеңде өз мүмкіндіктері мен бәсекелестік қабілеті тұрғысынан келешегі бар еңбекті қажет ететін салаларға көңіл бөлу керек. [5] Бұл басымдық тәртібімен айтатын болсақ – ауыл шаруашылығы, орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, туризм, тұрғын үй құрылысы және инфрақұрылым жасау. Осы салаларды дамыту арқылы біз экономиканың құрылымдық мәселелерін ғана емес, жұмыспен қамту және кедейлік мәселелерін шешеміз, бұл қазіргі кезде ерекше және маңызды нәрсе» деген, кедейшілік және жұмыссыздыққа қарсы күрес мәселелерін көтере отырып, Президентіміз өз стратегиясының маңызды мәселесі ретінде қызмет көрсету саласын және әсіресе туризмді дамытуға негізделгенін атап көрсеткен болатын.

Бурабайдың геоэкологиялық жағдайы бұрынғы ТМД елдерінің ориентациясын сипаттайды. Бұл елдер туристік жүйе бойынша өздеріне тиесілі бөлік шамасын үлкейтуде. Сонымен қатар қазіргі уақытта осы заманға сәйкес және бәсекелесуші туристік жобаларды құрастырушы болып табылады. Соның ішінде соңғы жобалардың бірі – TREDА болып саналады. Бурабайда, әсіресе, Қазақстан Республикасында бұл жоба аса маңызды роль атқаруда. Оның мақсаты Бурабай, Монголия, КХДР, ҚХР қатысушылар көмегімен туманная өзенінің маңайында аймақаралық туристік орталық ашылды. Ресей мемлекеті бұрынғы ТМД елдерінің және жақын орналасқан мемлекет туристеріне Қазақстан мәдениетін танытуға ерік білдірді. Бұл жобаның туризмді дамытудың 2005 жылға дейінгі бағдарламасымен сәйкес келеді. Бурабай әкімшілігі және туризм комитеті аймақ үшін болашағы зор туризмнің альтернативтік формасының негізгі концепциясын қорытып шығарды [4].

Экологиялық туризмнің негізгі мақсаты мыналар болып табылады:

- экологиялық білім, табиғатпен өзара қарым-қатынас мәдениетін арттыру, табиғи ортада этикалық нормаларды жасау, табиғаттың және оның жеке элементтерінің тағдыры үшін жеке жауаптылық сезіміне тәрбиелеу;

- адамның рухани және физикалық күштерін қалпына келтіру, табиғи жағдайдағы табиғи ортада толыққанды демалысты қамтамасыз ету.

Әлемдік тәжірибеде экологиялық туризм ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда (ЕҚТА) айрықша іске асырылады.

Біздің республикамызда экологиялық туризмді дамыту жалпы туризмді дамытуда маңызды. Экологиялық туризмді жоғары табыс көзі ретінде және экономиканың экологиялық қауіпсіз саласы ретінде қараса және дамытса Қазақстанды дамытудың маңызды элементі болуы мүмкін. [5]

Әдебиеттер тізімі:

1. Алиева Ж.Н. Экологический туризм: Учеб. пособие. Алматы: Қазақ университеті, 2002. [1]
2. Ердаулетов С.Р. География туризма: история, теория, методы, практика. Алматы, 2000. [2]
3. Г.С.Оспанова, Г.Т.Бозшатаева «Экология», Алматы 2002[3]
4. Ж.Жатқанбаев «Экология негіздері» Алматы, 2004[4]
5. С.Ж.Колумбаева, Р.М.Білдебаева, «Жалпы экология» 2006 [5]

РАЗВИТИЕ ТУРИСТИЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА ПРИАРАЛЬСКОГО КРАЯ

Тажиева З.Д.

*Кызылординский государственный университет им.Коркыт Ата
г.Кызылорда, zeinar@mail.ru*

Современная туристская индустрия, базирующаяся на уникальном природном и культурном потенциале Республики Казахстан, является естественным системообразующим фактором гибкой интеграции туризма с системой международной торговли туристскими услугами, одной из наиболее динамично развивающихся и эффективных по отдаче на вложенный капитал отраслью несмотря на ее капиталоемкость. Среди семи приоритетных несырьевых отраслей для создания индустриальной основы повышения конкурентоспособности и диверсификации экономики в числе первых определен туризм. В рамках развития туристского кластера в республике были выделены приоритетные направления развития туризма, такие, как деловой, экологический, культурно-познавательный, а также экстремальный виды туризма.

Основными направлениями развития туризма в области являются экологический туризм (Аральское море, горы Каратау в Жанакорганском районе), пляжный туризм (озеро Камбаш), спортивный туризм (пешеходный, горный), культурно-познавательный туризм на космодроме «Байконур» и деловой туризм.

С 2007 года развитие отрасли основывалось на реализации Государственной программы развития туризма Республики Казахстан на 2007-2011 годы, утвержденной Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2006 года №231, а также Стратегического плана управления туризмом, физической культуры и спорта Кызылординской области на 2010-2014 годы.[1]

Важнейшей задачей региональной политики в туристской отрасли является развитие въездного и внутреннего туризма. Вместе с тем, в 2009 году количество предприятий, занимающихся туристской деятельностью, в области составило 33 единицы (2008 год-35 ед). По мнению экспертов, конкурентное преимущество Казахстана заключается в уникальной культуре (культурно-познавательный туризм), богатом природном потенциале (экологический туризм), возросшей деловой активности (деловой туризм), а также возможности заниматься активными видами отдыха, такими, как спортивный и приключенческий (экстремальный) туризм.

Путешествия с целью развлечения и отдыха составляют основу международного туристического обмена. На их долю приходится более половины всего спроса. Они объединяют оздоровительные, познавательные, любительские, спортивные поездки. Из них спортивный туризм - это оказание услуг по предоставлении специфического туристического продукта. В области предполагается развитие предпринимательства в области туризма - создание предприятия по оказанию услуг спортивного туризма.

Значимость этого вида туризма - это вклад ресурсов для роста туристического потенциала региона в сфере стрелкового вида и организации спортивных турниров, результатом которого является увеличение числа населения занимающихся спортом и реализация программы Стратегия - 2050. Немаловажным фактором является - открытие новых рабочих мест. Кроме того, стрельбище может служить базой для олимпийской подготовки национальной сборной команды по стендовой стрельбе. Возможности стенда позволяют проводить соревнования не только регионального, но и республиканского значения. И кроме того планируется обучение народных масс основам правильного обращения с оружием.

Действующее законодательство дает следующее определение: «туристские услуги – услуги субъектов туристской деятельности по размещению, питанию, транспортному, информационно-рекламному обслуживанию, а также другие услуги, направленные на удовлетворение потребностей туриста» (статья 3 Закона «О туризме»). Оно также предусматривает, что совокупность отдельных услуг образует комплекс туристских услуг, который «включает в себя транспортное обслуживание, услуги по проживанию, питание, экскурсионное обслуживание, организацию культурных, спортивных программ и другие услуги».

Миссия вновь создающего предприятия - оказания услуг по спортивному зрелищу и организации отдыха для туристов. Сформировать сообщество профессионалов и единомышленников по подготовке сборной области по стендовой стрельбе, завоевание медалей на чемпионате РК, кубков РК, молодежных играх и спартакиаде, подготовка квалифицированных кадров в охранные фирмы и силовые структуры, организация коммерческих турниров по стендовой стрельбе. Концепция стендового стрельбища - сделать площадку для тренировки и обучения по программе стрельбы для взрослых, разработанных с учетом технических характеристик служебного, гражданского оружия, не противоречающий законодательству Республики Казахстан.

Официальная статистика показывает уверенный рост туристской отрасли. Так, в 2011 году количество въездных туристов составило более 5,6 млн. человек, внутренних туристов 5,3 млн. человек. Объем услуг, оказанных в отрасли, составил 74 млрд. тенге, или порядка 500 миллионов долларов США. Организация стрельбище входит в туристическую деятельность, как привлекательные объекты, включенные в состав турпродукта тура и используют как элемент программного обеспечения туров. Продукт ТОО «Ак мерген» как объект досуга, входит в состав дополнительных услуг в местах отдыха и представляет как программное обеспечение тура. Организация стрельбище – это новый формат заведений для Кызылорды. Стрельба – вид спорта, в котором участники осуществляют стрельбу из разных видов оружия – лука, пистолета, винтовки. В зависимости от применяемого оружия выделяют стрельбу из лука, пулевую, стендовую стрельбу. Благодаря такому разнообразию видов каждый желающий заняться этим видом спорта, записавшись в секции стрельбы или посетив это место может выбрать для себя наиболее подходящий. Стендовая, где стрельба ведется по специальным летящим мишеням-тарелкам из гладкоствольного оружия на открытых стрельбищах.

Особую популярность имеют секции по тактической стрельбе для взрослых. Это такое боевое искусство, где обучают разным способам применения огнестрельного оружия. Здесь планируем организовать образовательную деятельность по теоретическому блоку программы школы стрельбы для взрослых. предполагается изучение многих важных тем: основные меры личной безопасности с оружием, основные законодательные акты РК. Практический блок программы «Базового курса» включает: стрельбу на разных дистанциях и позициях, навскидку, в точку, в движении, в условиях ограниченной видимости, при искусственном освещении и ночью, из различных положений, после длительных физических нагрузок. Обычно обучению стрельбы детей начинают в возрасте 12 лет. На сегодняшний день только в двух школах города Кызылорды дети занимаются тренировкой по стрельбе. Комплексы упражнений школы стрельбы для детей составляют с учетом психофизиологических особенностей детей. В программу занятий входят: обучение навыкам стрельбы из гладкоствольного оружия, теоретическая подготовка, правила обращения с оружием и инструктаж по технике безопасности.

Отбор в такие школы производится с учетом физического и психологического состояния ребенка. Секции по стрельбе для детей организуют дополнительные мероприятия для заинтересованности детей и привлечения все большего количества к систематическим спортивным занятиям.

Рисунок 1. Представлены виды стрелкового спорта.




Из рисунка 1 видно, что как будет организована оказания услуг по видам стрелькового спорта. Кроме того, в данном предприятий будут оказываться следующие услуги:

№	наименование	Что входит
1	Обучение стендовой стрельбе на круглом и траншейном стенде	Работа инструктора. Патрон, мишень, оружие гладкоствольное 12 калибра
2	Сдача в аренду в областное управление спорта и туризма и школы спортивного мастерства. Агенство по делам спорта Республики Казахстан	Площадки, организация проведения соревнований, благоустроенный домик для спортсменов
3	Тренировка сотрудников охранных структур	
4	Организация экскурсии для туристов	Экскурсия по ознакомлению с оружием, обучению правилам использования гладкоствольного оружия и проведение мини соревнований среди туристов - любителей

Положительным фактором могут служить, то что в Кызылординской области с каждым годом увеличивается объем услуг по организации отдыха, культурных и спортивных мероприятий.

Рисунок 2 – Услуги по организации отдыха, культурных и спортивных мероприятий в Кызылординской области, млн. тенге



Источник: Департамент статистики Кызылординской области .

Как показывает рисунок, поступления от объема услуг по организации отдыха, культурных и спортивных мероприятий в Кызылординской области с каждым годом увеличиваются. Так, если в 2005 году спортивных услуг было оказано на 431,3 млн. тенге, то в 2011 году этот показатель увеличился на 741,8 млн. тенге (или на 2,72 %) и составил 1 173,1 млн. тенге.

На сегодняшний момент, в Кызылординской области количество предприятий занимающийся туристической деятельностью – 28, из них туристических фирм – 3, индивидуальных предпринимателей, занимающихся туристской деятельностью – 1, объектов размещения - 12, индивидуальных предпринимателей занимающихся размещением посетителей - 12. Объем представленных работ, услуг составил за 2011 год - 176425,8 тыс. тенге.[2]

Учитывая недостаточное развитие инфраструктуры туризма, а также ограниченность финансовых средств, в соответствии с Государственной программой развития туризма в Республике Казахстан на 2007-2011 годы определены приоритеты первоочередного строительства сети гостиниц, гостевых домов и мотелей, а также кемпингов в рамках реализации проекта «Еврокемпинг» на региональном уровне, направленного на строительство сети гостиниц категории трех-, двухзвездочные и туркласса в Кызылординской области - на участке Великого Шелкового пути вдоль трассы Шымкент-Самарканд. Таким образом, инфраструктура для привлечения туристов в Кызылординскую область будет обеспечена, а продукт ТОО «Ақ Мерген» будет включен туроператорами, как программное обеспечение туров.

Для реализации задач по обеспечению качества туристских услуг необходимо провести семинары-тренинги для представителей туристских организаций по усовершенствованию предоставляемых услуг, проработка вопроса создания туристского информационного центра в регионе, организация курсов по подготовке гидов- экскурсоводов.

Список литературы:

1. Государственной программы развития туризма Республики Казахстан на 2007-2011 годы
2. Статистический сборник департамента статистики Кызылординской области за 2011 год.

ӘОЖ 911.2: 551.4

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ - ТУРИЗМ ОРТАЛЫҒЫ

Тоқсабаева М.Е., Карибжан М.Ә.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Туризмнің әрбір елдің экономикасы мен әлеуметтік – қоғамдық өмірінде орны ерекше. Кез-келген мемлекеттің халықаралық байланыстар мен экономикасын дамыту барысында ұстанар бірден-бір жолы – туризм. Бүгінгі таңда туризм саласы бүкіл әлемде мұнай өнімдері мен автокөлік сатудан түсетін табыстан кейінгі үшінші орынды иеленеді. Демек, ішкі жиынтық өнімді орнықтыру, сыртқы сауда байланысын арттыру, жұмыс орындарының анағұрлым молырақ ашылуы секілді мәселелерде аталмыш сала жетекші рөлде. Туризм әлемдік экономикада маңызды орын алатын, еңбек ресурстарының ауқымды бөлігін іске қосатын, демалысты ұйымдастыратын сала. Ал, республикадағы туризмнің дамуына қолайлы аймақтардың бірі ретінде Алматы қаласының орны ерекше.

Қазақ еліне келген кез-келген туристің осындай талап-тілегіне жауап беретін негізгі орталық Алматы қаласы. Алматы – Іле Алатауы баурайында алқызыл гүлге бөленген, Орталық Азияның ең әсем қалаларының бірі ретінде мойындалған және «қала-бақ» деген атауға ие. Алматы көк желекпен көмкерілген. Оның 10 000 гектар аумағын саябақтар мен шоқ тоғайлар, гүл бағзарлар және бақшалар алады. Алматылықтар өз қаласының әлемдегі ең сұлу қала екендігін мақтан етеді. Қала маңының табиғаты да әсем, мен мұңдалаған алып тау шыңдары, асау өзендер, түрлі жұмбақ үңгірлер, бірегей реликті шоқ тоғайлар, бәрі де қаладан бірнеше шақырымда ғана жатыр. Бұл жер тарихта Жетісу – «жеті өзен елі» атымен белгілі, қазірде еліміздің ең бай және көрікті аумақтарының бірі.

Алматы туризмінің ерекше қызықтыратыны, саяхатшы бір күннің ішінде бес климаттық аймақтың куәсі бола алады – ыстық шөлді жерден бастап, мәңгілік қарға дейінгі жолдан өтеді. Бұл өлкенің көрікті табиғат кешені әр түрлі туризмнің гүлденуіне мүмкіндік жасайды. Алматы Орталық Азияның климаттық жағдайы ең қолайлы жерлерінің бірінде орналасқан. Тап-таза мөлдір тау суы қалаға, жасыл желектерге нәр беріп, ауаны тазартады. Алматы – Қазақстандағы туризм орталығы болып саналатын ірі мегаполис. Сондықтан, осы қалада жергілікті туризмді жан-жақты дамытуды қолға алу керек. Алматы сауда – экономикалық шаһар бола отырып, Қазақстандағы туризм орталығына айналуға қажет болып отырған нәрсе нақты бағдарлама, нақты жоспар [1].

Алматы туризм саласы бойынша республикадағы өзге өңірлерден көш бойы ілгері тұр. Себебі Қазақстанға келетін туристердің 70 пайызы оңтүстік астанаға ат басын тірейді. Сол сияқты, туристік компаниялардың жартысынан көбі осы қалада орналасқан. Егер 2007 жылы шаһарда 790 фирма

тіркелсе, бүгінде олардың саны 870-ке жетіп отыр. Яғни қаржылық дағдарысқа қарамастан, оңтүстік астанада бұл сала қарқынды дамып келеді. Жергілікті туризм саласы мамандарының мәліметіне сүйенсек, мұнда 2004 жылы 250 мың саяхатшыға қызмет көрсетілген болса, былтыр олардың саны 682 мыңға артыпты. Сонымен қатар қаламызда туризмнің әрі қарай дамуы мен жетілуіне үлкен мүмкіндіктер бар. Көбіне шетелдіктердің 60-70 пайызы Қазақстанға іскерлік мақсатпен келеді. Солардың көпшілігі жұмыс мақсаттарымен көбінесе Алматы қаласында болады.

Қазіргі уақытта дүние жүзінде тынығу орындары- рекреациялық аймақтарға деген қажеттілік артып отыр. Бұл ең алдымен үлкен мегаполистердің жедел өсуіне, қала халқының көбеюіне, жалпы халық бұқарасының ішінде олардың үлес салмағының артуына байланысты. Қалаларда экологиялық жағдайлар нашарлай түсуде- ауа, су ластанып, күн сәулесінің тура радиациясы азаюда, шуыл көбейіп, түтін-тұман мұнары жиі пайда болуда. Сондықтан да қала тұрғындары уақытша болса да қолайсыз экологиялық жағдайларды өзгертуге, табиғат аясында демалған кезде шаршағанын ұмытып, жүйкесін шынықтыруға тырысады. Қысқа мерзімді демалыс уақыттарында бұл мақсатта қала төңірегіндегі жасыл аймақтарды пайдаланады. Анағұрлым ұзаққа созылатын демалыс уақыттары тұрақты халық тұрғын орнынан едәуір қашықта орналасқан табиғаты жақсы сақталған көрікті жерлерге барып қайтуға мүмкіндік береді. Яғни, нарықтық экономиканың дамыған кезінде рекреациялық қызметтер нарығының жылдам өсуі байқалуда.

Кейінгі жылдары орман ішінде, шалғында, өзен мен көлдердің жағасында т.б. рекреациялық аймақтарда белсенді демалып, күш-қуатын қалпына келтірушілердің сандары өсуде. Осыған байланысты, Қазақстанның тұрақты дамуын ескере отырып, әсіресе шетелдік туристер- Германиядан, Англиядан, Қытайдан, Кореядан, Жапониядан т.б. елімізге, оның ішінде Алматыға ағылып келуде. Алматы қаласының рекреациялық ресурстары мен әртүрлі ландшафтардың көріктілігі мен қайталанбастығы шетелдіктерге ғана емес, өзіміздің қарапайым тұрғындарына да беймәлім екендігі анық. Керемет спорттық объектілер мен табиғи, мәдени және тарихи ескерткіштерді, рекреациялық аймақтарды біреу білсе, екіншілері білмес.

Медеу спорт кешені – жасанды мұз айдыны бар дүние жүзіндегі ең ірі спорт кешені. Алматы қаласынан 18 км жерде, Кіші Алматы шатқалында, теңіз деңгейінен 1691,2 м биіктікте орналасқан. Табиғи мұз айдыны ретінде 1951 ж. пайдаланыла бастады. Медеу спорт кешені 1972 ж. тұрғызылды. Конькишілерге арналған жасанды мұз айдынының ауданы 10,5 мың м. Жарыс жолының ені 5 м, айналымы 400 м. Айдынның ортаңғы бөлігі — хоккей ойынына және мәнерлеп сырғанауға арналған. 12,5 мың орындық кешенде 2 жүзу бассейні, спорт залы, мейманхана, асхана, кинозал, кітапхана және баспасөз орт. орналасқан. Жасанды мұзайдынының астыңғы жағындағы биіктігі 2,3 м 20 түрлі материалдар қабаты орасан зор темір бетон тақтаның үстіне орналастырылған. Мұнда ұзындығы 170 м-лік салқындатқыш темір құбырлар тартылған. Айдынның жарықтануын 8 тұғырға орнатылған 1600 қуатты шамда рқамтамасыз етеді. Ортадағы фотофинишпен байланыстырылған жылдам жазатын электронды таблоның 30 мыңнан астамшамы 1 мин ішінде 6 мың түрлі бейнені көрсете алады. Жасанды мұздың қалыңдығы — жазда 3-4 см, қыста 10-15 см-ге дейін жетеді. Медеу спорт кешені құрамына Медеу қонақ үйі кіреді. Медеу қонақ үйінің бір, екі орындықты және люкс бөлмелері бір мезгілде 376, ал жылына 10 мыңға жуық адамдарды қабылдай алады. Сенбі, жексенбікүндері — Медеу мұзайдыны 9 мыңға жуық әуесқой конкишілерді қабылдай алады. Медеу мұзайдынында спринтерлік және классикалық көпсайыстан, т.б. спорт түрлерінен әртүрлі халықаралық жарыстар өткізіліп, дүниежүзілік, еуропалық және ұлттық рекордтар жасалды. Медеу спорт кешені — тек спорт жарыстары үшін ғана емес, сонымен қатар қала тұрғындары мен қала қонақтарының әсем табиға таясында демалатын орны. 1990 жылдан дәстүрлі “Азия дауысы” халықаралық әнбайқауы өткізіліп келеді [2].

Шымбұлақ шаңғы базасы - Алматы маңындағы Іле Алатауы шатқалының 2510 метр биіктігінде орын тепкен тау-шаңғылық курорты. Алматы қаласынан 25 шақырым жерде, Кіші Алматы шатқалының көркем жерлерінің бірінде, теңіз деңгейінен 2300 м биіктікте орналасқан спорттық тынығу кешені. Талғар асуының бөктеріндегі бұл спорттық кешені 1954 жылдан бастап тау шаңғысы спортшыларының сүйікті орнына айналған. «Шымбұлақ»-тау шаңғы кешені спортшылардың Меккесі болы саналады. 50-60 жылдары Шымбұлақтың жанында «Спартак», «Искра», «Локомотив» альпілік лагерьлері болған. Соғыс жылдары Шымбұлақ шаңғышы-атқыштар дайындайтын әскери алаң болған. Алғашқыда бұл кешен кеңес тау шаңғышыларының олимпиадаға дайындық базасы ретінде құрылған. Жарыс жолының ені 25 метр, еңістігі 11-29 градусардың аралығында, сондықтан шаңғышылардың ең жақсы жылдамдық көрсетуіне қолайлы. Шымбұлақта 1500 м-лік аспалы жол 1954 жылдың наурызында пайдалануға берілді. Осы жылдан соң Шымбұлаққа республика ғана емес, Одақ көлемінде мән беріліп, онда КСРО чемпионаттары ұйымдастырыла бастады. 1961 жылы «Күміс еңлікгүл» жүлдесі үшін одақтық жарыс өткізіліп, 1983 жылы бес қабатты қонақ үй, медициналық орталық, аспалы жол пайдалануға берілді. Шымбұлақ аршаның иісімен ерекшеленеді. Жаз айында арша арасында еңлікгүл өседі. Альпинистер оны ержүрек гүл атап, өз жүлделерінің белгісі етіп атаған. Тау шаңғы спорт кешені

1954 жылы ашылды. 1956 жылдан тау шаңғысынан республикалы чемпионаттар өткізіліп тұрады. Елімізде тау шаңғысының дамуына үлкен үлес қосқан осы базада ұзындығы 3100 м 2 аспалы жол спортшыларды 3200 м биіктікке алып шығады. Қазір Шымбұлақ тау шаңғысы жолының жалпы ұзындығы 6 шақырым. Оның 4 шақырымы жалпы елдің дем алып, сырғанақ тебуіне ыңғайлы.

Көктөбе - Алматы қаласының оңтүстік-шығыс жағына шектес орналасқан бөктерлік аласа массив. Биіктігі-1070 м. Беткейлері құламалы келеді.Етегі сазды жыралармен тілімделген. Негізгі қалың жыныстар қабатын борпылдақ шөгінділер жапқан. Көктөбе төңірегіне далалық ландшафт тән. Сайлармен шағын аңғарларына бұталы өсімдіктер өседі. Беткейлерінің төменгі жағы қалалық саябаққа айналдырылған. Демалыс аймағының бірі. Қаламен аспалы және тас жол арқылы жалғасады. Еліміздегі аса биік телемұнараларының бірі осында орналасқан [3].

«Табаған» кешені — тау шаңғылауына арналған Бесқайнар кентіне жақын (бұрынғы Горный Садовод) Шыбынсай (Іле Алатауы) шатқалында салынған курорт, спорт және ойын-сауық кешені.Кешеннің атауы «Тобогган» (ағылш. *Toboggan*) сөзінен шыққан. Солтүстік Америка үндістері тайпаларының тілінде бұл сөз "ағаштан жасалған жалпақ қыстық шаңғы" дегенді білдіреді. Қазіргі ағылшын тілінде «түсу, таудан сырғанау» дегенді ұғындырады. Сонымен қатар, «табаған» — адамдар төмен қарай арнайы шанамен сырғанайтын науа түріндегі ұзын иілген түсу жолын білдіретін батыстық аквапарктер мен қыстық парктердегі танымал аттракцион.Кешен 2005 ж. салынған. Осындай ірі көлемді жобаның іске асырылуы қазақстандық туризм нарығының, сондай-ақ қыстық спорт түрлерінің тарихында жаңа кезең болды.«Табаған» кешені осындай дәрежелі тау шаңғыларына арналған курорттарға қойылатын қазіргі заманғы әлемдік стандарттарға сәйкес салынды. Кешен Австриядан, Голландиядан және Ресейден әкелінген техникамен жабдықталған. Аспалы жолды құрастыруды және карточкалық кіру жүйесін енгізуді ресей мамандары жүзеге асырды, қалған жұмыстарды жергілікті компаниялар жасады.Кешеннің арқасында ауданның инфрақұрылымы мен экономикалық ахуалы елеулі жақсарып, отандық туризм индустриясын дамыту талаптарына да жауап берді [4].

«Көк-Жайлау» Олардың ішінде Үлкен Алматы өзенінен жоғарырақ орналасқан Космостанция, «Көк-Жайлау шатқалы маңы және Күмбел шыңының маңындағы таулы аймақ бар.Бұл тау шаңғысы демалыс айлағының құрылысына 2,7 гектар жер бөлінген. Көк-Жайлау шатқалында жолаушыларға арналған қанатты жол, қонақүй, мейрамханалар, ойын-сауық орталықтары және гольфке арналған алаңдар салу жоспарланған. Сонымен қатар, инфрақұрылым нысандары – автокөлік жолдары, автотұрақтар салынады, электрмен, газбен және сумен жабдықталатын болады [5].

Туризмді дамыту үшін аталған шараларды бүкіл халық болып қолға алу керек. Халықтың ұрпақтан-ұрпаққа аманат етілген мұрасын біліп қана қоймай, оны іске жарату керек. Соныменен қатар, болашақ ұрпақ тәрбиелеуде туризмнің алатын орны ерекше, яғни жас ұрпақтың санасына өз елінің тарихи ескерткіштерін, сіңірте отырып өз елін, Отанын сүйетін азаматтарын тәрбиелейміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмақан Н. Ел байлығының бір көзі:туризмнің мемлекет үшін пайдалылығы. // Дала мен қала.- 2006, 23 маусым (№23) -56.
- 2.Ердәулетов С.Р. Туризм географиясы. – Алматы, 2011
- 3.Сұрағанова С.Қ. Туризм инфрақұрылымы. – Алматы, 2012
- 4.Барманқұлов М. Армысың Алатау, есенбісің Эверест. – Алматы, 1989
- 5.Абишева З.М. Туристтік-өлкетану жұмыстарының негіздері. – Алматы, 2009

ӘОЖ 911.2: 551.4

ТУРИСТІК-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ АУДАНДАРДЫҢ ТУРИЗМДІ ДАМУДАҒЫ ОРНЫ (АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ, ПАНФИЛОВ АУДАНЫ МЫСАЛЫНДА)

Тоқсабаева М.Е., Каирова А.Қ.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Қазақстанның қай аймағы болмасын табиғи, тарихи орындарының көптігінің арқасында туризм саласын дамытуға мүмкіндігі бар. Саяхат саудасын жүргізуде «жер жаннаты» саналатын Жетісу өңірінің мүмкіндігі мол. Әлемде мемлекет қазынасын тек осы саяхаттың арқасында толықтырып отырған мемлекеттерде бар. Алматы облысы туризмнің қай түрін болса да дамытуға қолайлы өлке.

Елімізде ежелден аты аңызға айналған және бүгінгі күнге дейін болып келген қаншама тарихи-мәдени орындар бар, сондай өлкелердің бірі Алматы облысына қарасты Панфилов ауданы. Панфилов ауданы- табиғи-рекреациялық ресурстар жағынан бай, тарихи ескерткіштер мен туристік орталықтар өте көп, туризмнің әр түрлерін дамытуға ыңғайлы аймақ. Қазақстандағы әсем де көрікті табиғаты көркем аймақтардың бірі.

Панфилов ауданы-Алматы облысының оңтүстік-шығысындағы, әкімшіліктік-аумақтық бөлік. 1923-42 ж. Жаркент ауданы, 1942 жылдан 28 гвардияшы атқыштар дивизиясының командирі И.В. Панфилов есімімен аталды. Жер аумағы 10,6 мың ш.ш. Халқы-125,6 мың адам. Орталығы-Жаркент қаласы.

Аудан солтүстік және батыс жағында Кербұлақ ауданымен, шығысында Қытаймен (ҚХР) және оңтүстігінде Іле өзені арқылы Ұйғыр ауданымен шектеседі. Солтүстік-батысында Жетісу (Жоңғар) Алатауының Тоқсанбай, Бежінтау, солтүстік-батысында Қатутау, Қояндытау жоталарымен шектелген. Ауданның ең биік жері-Мұзтау тауы (4370 м). Оңтүстік шығыста аласа таулы Ақтау тауы (883м) орналасқан. Климаты континенттік, қысы біршама жылы, жазы ыстық, қуаң [1].

«Әулиеағаш» – Алматы облысы, Панфилов ауданында, Жаркент қаласынан 40 шақырым жерде, Өсек өзені мен Бұрақожыр өзенінің арасында, Жаркент-Арасан санаторийі тұрған шатқал мен Майлықара шоқысының оңтүстік-шығысындағы ойпатта орналасқан. Әулиеағаштың өмір жасы 7 ғасырдан бастау алады. Жер шарындағы бір сызықтың бойында жатқан 3 ағаштың бірі болып саналады. Бүкіл әлемде дәл осындай ағаш үш-ақ жерде ғана бар: Қытайда, Түркияда, Қазақстанда. Діңінің жуандығы соншалық жеті адам қол ұстасып құшақтаса ғана құшағына сыйғыза алады. Тереңде жатқан тамырынан 62 жас шыбығы әулие ағашты айнала қоршап, бір гектарға жуық жерді алып жатыр. Жуандығы бес-алты адамның құшағы әрең жететін алып қара ағаштың жасы қазір 600-700 жыл деп есептеледі. Әулиеағаштың саясына тыныққан адамдар жағымсыз энергиядан арылып, бір тамырынан тараған жеті баласының ортасынан шығатын емдік суы асқазан, жүрек, тері ауруларына ем ретінде қолданылады. Әулиеағаштың жер астымен төңірегіне таралған тамырларынан өсіп шыққан ұрпақтарының өзі кең ауқымды қамтып, жапырақтарынан күн сығалаған қалың тоғайға айналып тұр. Әулиеағаштың тамырынан өнген 7 ағаш оның балалары саналып, бірі қобыз сарыны, су сылдыры, жүрек лүпілі т.б.дыбыстар шығарады.

«Жаркент мешіті» - Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласында 1892-95 жылдары салынған архитектуралық ескерткіш. Жаркент мешітінің құрылысын басқарушы Уәли ахун Юлдашев. Оның бас сәулетшісі, жергілікті халық Мұқан деп атаған қытай шебері- Хон-Пик (Хон-Фи). Жаркент мешітінің құрылысы бірде-бір шеге қолданбай, өрнектелген ағашты қиюластыру арқылы жасалған. Дәл осы үлгідегі құрылыс дүние жүзінде Қытайда және Жаркентте ғана бар. Биіктігі 14,5 м, мұнарасының биіктігі 19 м. Мешіт 52 бағана тізбегімен айналдыра қоршалған. Арқалығы ағашқа түсірген әсем оймышпен нақышталған. Бас мешіттің көне қытай үлгісіндегі қос қабатты қайқы бел шатыры 122 бөрене-бағаналарға бекітілген. Әсіресе шатыр құрылысы айрықша күрделілігімен ерекшеленеді. Мешіт шатырының жиектерін иіп, қайық тәріздес етіп көтеруге «дау», «гун» деп аталатын имек сырықтар пайдаланылған. Мешіт қаңқасын құруда әрі әсемдік көрік беруде мәні зор (әрбір бағананы кендірмен орап, сылап, сыртын лактаған). Бағаналарды құрастыруда шеге қолданылмаған, оларды қиып, қашап қиюластырған. Интерьері әсем оймыш, нәзік өрнектермен безендірілген. Мешіт қабырғасы да шебер қиюластырылған, төбесі қаңылтырмен жабылған. Ғажайып сырлы ғимараттың қабырғаларында, шатыр қапталдарында 1500-ден астам алуан түрлі сурет, араб-парсы тілдеріндегі көне жазу үлгілері бар. Бұл ою-өрнектерді зерттеушілер тақырыптық мазмұнына қарай бірнеше топқа бөледі. Олар-қазақ, ұйғыр халықтарының ой-өрнек нақыштары, геометриялық кескіндер, қоршаған табиғат, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, дінге қатысты белгі-шарттар, өзіндік ерекшелігі бар суреттер. Бас мешіттің төріндегі дінбасы отыратын мінберсәкінің босаға тұсындағы қабырғаға үнді халқының үлгісімен аңыздарға арқау болған зәйтүн - «өмір ағашы» кескінделген. Шеберлердің әшекейге, сәнді пішіндерге, бояуға көп мән бергендігін тек ғимарат тұлғасынан ғана емес, қолданбалы өнер бұйымдарынан-сәнді шырағандардан, ағаштан қиып істелген сәнді мінберден де байқау қиын емес. Мұнда көбінесе ақ, қара, қызыл, жасыл, сары, көк түстер өте сәнді үйлесімді қолданылады. Мешіт құрылысының өзіндік ерекшелігімен дараланып көрінетін бөлігінің бірі- портал (бас қақпа). Ол Орта Азия мен Қазақстанның дәстүрлі сәулет өнеріне тән пішінде. Порталдың идеялық, көркемдік жағынан атқаратын қызметі- көрнектілік және асқақтық әсер беру. Бұл әдетте, құрылыстың өзге бөліктерімен салыстырғанда оның көлемін ұлғайту арқылы жүзеге асырылады. Портал иіндісі өсімдік тектес ашық түсті өрнектермен көркемделген де, оның сыртқы бетінің маңдайшасы гүлді оюлармен, араб жазбаларымен толтырылған үш ойындымен бітеді. Порталмен бүйірлес күмбез төбелі екі бөлме мешіт қызметкерлеріне арналған. Порталдың оңтүстік және солтүстік қабырғаларымен жанаса медресе үйі салынған. Мұнда кезінде жастарға бастауыш діни білім берілген. Мешіттің пештағы ерекше көз тартады. Мұндағы ғанышқа түсірілген нақышты араб жазуының өзі әсем өрнек міндетін атқарған. Кешен биіктігі 2,3 м тас қоршаумен қоршалған. Оңтүстік және солтүстік

қапталында үлкен қақпасы бар. Құрылыс 1887 жылы басталып 1892 жылы толық біткен. 1978 жылы 24 наурызда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Б.Әшімов қол қойған шешімімен сәулет-көркем өнер мұражайына айналды [2].

«Орбұлақ, Салқам Жәңгір соғысқан жер» - Алматы облысының Панфилов ауданына қарасты Үйгентастың Белі жайлауында Ордың бұлағы деген жер бар. Жаркент қаласынан солтүстік-батысқа қарай 80-100, ал Көктал ауылынан 60-80 шақырым жерде, Жоңғар тауының дәл бел ортасында орналасқан. Сол арада шығыстан батысқа қарай жарыса созылған екі таудың арасында қазылған ордың ізі әлі күнге дейін айқын көрінеді. Бұл-Салқам Жәңгірдің Батурмен соғысқан жері. Оған жердің Ордың бұлағы атануы да қосымша куә. Ал негізгі куә-ордың өзі. Қазіргі сақталған сілеміне қарағанда ол соғысуға өте қолайлы жерге қазылған. Солтүстік басы қия беткейден басталып, оңтүстік жағы ұшы терең шатқалдағы өзенге барып тіреледі. Ор қырдың үстімен жүріп отырады. Алдыңғы жағы немесе шығысы, яғни жау келетін жағы еңістеу жазық болып келеді де, дәл ор қазылған қырдың иек астына жеткенде терең сайға айналып кетеді. Ал Ор қазылған қыр жотаның ту сырты, яғни батыс жағы-терең сай. Сірә, сол араға 300 әскер өз аттарын қаңтарып қойған болуы керек. Ор қазылған қыр жотаның оңтүстік бүйірінде, ордан дәл шығысқа таман жерде Есенғұлдың сайы деген терең шатқал бар. Жәңгір өзі бастаған 300 қолды осы араға жасырған болар. Өйткені оның ар жағындағы Қарағайлы сайы Ордың бұлағына көтерілген адамға ап-айқын көрініп тұрады, ал Есенғұлдың сайын Жалаулы жотасы қалқалап қалады. Әрі Есенғұлдың сайына қарсы жатқан Қызылқия беткейі сол арадан атты әскердің тұтқиыл шыға келуіне өте қолайлы. Жәңгір, сірә, осы Қызылқия беткейі арқылы Батур қолына ту сыртынан шабуыл жасаған болуы керек. Ордың бұлағындағы ор ұзын емес, екі таудың арасы ғана қазылған. Не солтүстігінде, не оңтүстігінде оның жалғасы жоқ. Ордың бет алды, яғни шығыс жағы биіктеліп, ордың ішіндегі адам түрегеп тұратындай ыңғайда қазылған. Қарсы келген жау екпінімен ордағы әскерге лап қоя алмайды, ол әуелі ордың бет алдындағы сайға түсіп, сонан соң ғана жота үстіне көтеріле алады. Ол сайдың жотаға көтерілетін беті өте биік. Тіпті ордан аман-есен өтіп кеткен жау ордың ту сыртындағы тіке сайға күрт түсіп кетуге мәжбүр болады да, қарсы әрекет жасауға еш оңтайы келмейді. Ор өте қолайлы жотаның үстіне қазылған [3].

Бежінтау - Жетісу (Жоңғар) Алатауының шығыс бөлігіндегі жота. Ол Тоқсанбай мен Тышқантау жоталарының түйіскен жерінен басталып, шығысқа, Қытай территориясына қарай ұласады. Қазақстан аумағындағы ең биік жері-4098 м. Ұзындығы 100 шақырым шамасында. Метаморфтанған кварцит, әктас, тақтатас, гранит жыныстарынан түзілген. Жотаның күнгей беткейі тік жарқабақты, қатты тілімденген, баспалдақ пішіндес. Бежінтау жотасында 50 мұздық бар. Жотаның баурайларынан үлкенді-кішілі өзендер бастау алады. Ірілері: Көксу, Қорғас, Ортақсары. Бежінтауда тауға тән альпілік және субальпілік шалғын шөп өскен шым топырақ қалыптасқан. Одан төменде, жотаның солтүстік беткейінде қарағайлы-шыршалы орман, ал 600-1300 м биіктікте (таулық-далалық белдеу) бұта аралас дала өсімдіктері өседі.

Белжайлау - табиғаты өте тамаша, хош иісті өсімдіктер түрлері (еңлікгүл, еркекшөп, қозыгүл, күреңот, уқорғасын, т.б.) көп кездеседі. Әр қапталдан тау беткейлерінен гүрілдеп қырық бұлақ ағады. Жайлаудың ең басы үлкен өзеннен басталады. Ол жер «Үш судың құйғаны» деп аталады. Белжайлаудың жанға да малға да құшағын айқара ашқан айналасын биік таулар қоршаған кең жайлау. 2006 жылы 25 шілдеде Орбұлақ шайқасының 350 жылдығы Белжайлаудың Итшоқты деп аталатын тау етегінде аталып өтті. Белжайлауда Орбұлақ шайқасына арнап қойылған ескерткіш тас орнатылған. Ол таста: «Бұл жерде 1643 жылы Салқам Жәңгір бастаған қазақтың 600 жауынгері ор қазу тәсілімен қалмақтың 50 мың қолын тоқтатып, оның 10 мыңын жойып жіберген. Осы кезде бұларға Самарқаннан Алшын Жалаңтөс Баһадүр 20 мың қолмен көмекке келеді. Ұлы жеңіске Қарасай, арғын, Төртқара, Найман, Суан, Елтінді сынды хас батырлар үлес қосқан», - деген жазу бар.

«Жаркент-Арасан»-1967 жылы ашылған республикалық манызы бар бальнеологиялық сауықтыру орны. Панфилов ауданы, Сарыөзек теміржол бекетінен 170 шақырым, Жаркент қаласынан 40 шаршы шақырым жерде Жетісу (Жоңғар) Алатауының оңтүстік беткейіндегі табиғаты әсем шатқалда, теңіз деңгейінен 1100 метр биіктікте, Борохузур (Бурақожыр) өзенінің аңғарында орналасқан. Бурақожыр (Қу-Арасан) су көзінің емдік қасиеті туралы мәліметтер XVII ғасырдан бері белгілі. Климаты: қысы жұмсақ, жазы қоңыржай. Ауаның орташа температурасы қаңтарда 5⁰С, шілдеде 26⁰ С. Жауын-шашынның орташа мөлшері 700 мм. Минералды судың температурасы-36⁰С, минералдылығы-1.13 г/л. Басты емдік қасиеті – ыстық (36⁰С) радонды хлоридті-сульфатты натрилі су (минералдануы 1,13 г/л), құрамында азот, фтор бар. Санаторийдің негізгі емі – құрамында радон бар хлорсульфат натрийлі минералды су. Қан айналу, жүйке жүйесі, аяқ-қол, буын, тері және гинекология ауруларын емдейді. Климаттық факторлар (таудың шипалы таза ауасы, өсімдігі, табиғат ландшафтысы) кеңінен пайдаланылады, физиотерапия, инемен емдеу, емдік дене шынықтыру қолданылады. Емдік ванна іш құрылысты шаю үшін қолданылады. Қазіргі кезде тәулігіне көлемі 500 м³ су беретін екі бұрғылау көзі жұмыс жасайды.

«Керімағаш, Кермеағаш» - шипалы сумен емдейтін бальнеологиялық санаторий. Алғаш рет 1986 жылы маусым айында Орта Азия бұрғылау экспедициясы Керімағаш ауылының жанынан 3000 м тереңдіктен ыстық су бұрқағын атқылатты. Бұл судың құбыр түбіндегі ыстықтығы 500⁰С, ал құбыр аузында 95⁰С. Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласынан 40 ш.ш.қашықтықта Сарпылдақ ауылында, Іле өзенінің аңғарында орналасқан. Климаты-континенттік. Жазы-ыстық, күзі-жылы әрі ұзақ, қысы-қоңыржай суық. 1990 жылдан жыл бойы жұмыс істейді. Мұнда тыныс алу органдары, ас қорыту, қанайналу, жүйке жүйелері, қимыл-қозғалыс мүшелері, тері, урологиялық, гинекологиялық ауруларын емдейді. Ем ретінде әлсіз минералданған, сілтілігі аз, сульфат-хлоридті, натрий-кремнийлі, құрамы фторға бай гипертермалды су пайдаланылады. Демалушыларға минералды суы бар ванна, сауықтырғыш минералдық ванналар, ішек шаю, гинекологиялық шаю, сылап булау, емдік гимнастика, парафин, оттегі коктейлі, душ шарко, мәрмәр тасты қыздырғышы мен бассейні бар сауна, бассейні бар душ, физиотерапиялық ем, массаж, т.б. қызметтер көрсетіледі.

«Найзатапқан» - ақбас шыңдары, құжыр-құжыр жартастары өткеннен көп сыр түйген, тарих тағылымдарының шежіресін мөлдірете сақтаған Қарт Жоңғардың күңгейіндегі көсілген кең ойпатқа ұласар жерде шыңдары аспанға шаншыла көкке өрлеген Найзатапқан шатқалы жатыр. Ынталы ауылының желке жағында ғана тұрған Аламан тауының сайындағы Найзатапқан арасаны көрген адамды шипалы суларының сан-алуан қасиеттерімен де, тау-тасындағы ежелгі сурет, тылсым құпия табиғат көріністерімен де көпшілікті таңырқатады. Сонау, 1643 жылдың жазында Орбұлақ шайқасында Қалмақтың елу мың қолына алты жүз жауынгерімен төтеп берген, сөйтіп жауды ойсырата жеңген Салқам Жәңгір сарбаздарының кейбір шайқастары осы өңірде де болғанын 1983 жылдары Найзатапқан су аңғарының бойынан табылған найза ұшында дәлелдейді.

Найзатапқан арасаны Найзатапқан шатқалының батыс етегіндегі сазды, шұрайлы қолатында орналасқан. Ұзындығы 1000 м, ені 300-400 м болатын жайдақ еңістіктің жоғары бөлігінде қатар-қатар 10-15 бұлақ көздері сылдырап ағып жатыр. Мұнда көбіне жарақаттарға, теріде пайда болатын кеселдерге ем іздеп келетіндер басым болады. Негізінен бұл арасан суында күкірт мол. Сүлігі мол батпақты қан қысымын төмендетеді, буын, аяқ-қол, жүйке ауруларына ем. Табиғи ваннасында суы мол өте салқын емес, жаз күндері суға түскен, шомылған жанға әсер етеді. Найзатапқан арасанындағы бұлақтардың әрқайсысына ауру түріне қарай бас арасан, көз арасан, іш құрылысы, тыныс алу мүшелері арасандары деген жекелей атаулары берілген. Емделушілер осылардың бәрінен күнделікті дәм татып, суына шомылып, батпағынан ем қабылдайды. Найзатапқан арасанында тылсым құпиясы көп табиғат тамашасы да аз емес. Айталық, сай ішімен арасан суына барар жалғыз аяқ жол табалдырығындағы таста мәсі киген адамның табан ізі мен таста бес саусақты алақан ізі бастырылған. Ал жотадағы тас айдахар, екі баласын ойнатып отырған маймыл, шөккен түйе бейнесі тас ошақ пен оның жанында жатқан тас қазан көрген жанды сан түрлі ойға жетелейді. Тас бетіндегі тұлпар тұяғының ізі де адам қолымен жасалмағаны анық. Өйткені тастардағы іздердің бәрі тас түсі ақ болса қара, қара болса ақ болып көрінеді. Арасан орналасқан сай аса көрікті. Тау іші болғандықтан жазда мұнда маса, шыбын-шіркей болмайды. Жергілікті қариялардың айтуынша арасанның қорғаушысы-қасиетті жылан. Ол тек ішімдік ішіп, не жаман пиғылмен келген адамға маза бермейді екен. Найзатапқан табиғи арасанында жылда жаз маусымында жүздеген адамдар келіп, демалып, жанын мазалаған дерттен айығады [4].

Көктал-Арасан балалар шипажайы-Алматы облысы, Жаркент өңірінде балаларға салынған шипажай. Айнала қоршаған әсем тау қойнауында өзен жағасына орналасқан шипажай балалар үшін емделуге, тынығуға мол мүмкіндік береді.

Қорғас минералды суы - Жетісу (Жоңғар) Алатауының оңтүстік беткейіндегі Қорғас өзенінің шағын оң саласы-Арасан өңірі шатқалында орналасқан. Минералды су өзен арнасы мен оның екі жағасындағы граниттерден және оларды жапқан борпылдақ жыныстардан шығады. Судың жалпы ағымы-4-5л/сек. Химиялық құрамы хлорлы-сульфатты-натрийлі, радиоактивті (радон 150-180 эман), сілтілі (рН-9). Судың температурасы 37-52⁰С, жалпы минералдылығы - 27-0,29 г/л.

Көктал-Қу-Арасан минералды суы - Алматы облысы, Панфилов ауданы, Көктал ауылынан солтүстікке қарай 23 шақырым қашықтықта, Жоңғар жоталарының оңтүстік баурайындағы Дувантау тауында, Борохудзир өзенінің аңғарында, Арасан ауылынан 3 шақырым жерде теңіз деңгейінен 1280 м биіктікте орналасқан. Бұл бұлақтарды «Қу-Арасан» немесе «Жаркент-Арасан минералды сулар кені» деп атайды. Минералды су корбон кезеңінде қалыптасып фальзит-профирлерді тілгілеп өтетін тектоникалық белдемге шоғырланған. Палеозой эффузивінің тектоникалық жарығынан шығатын жылы сулы бұлақтар өзінің шипалық қасиетімен ертеден белгілі. 1983 жылы бұлақтар маңынан екі ұңғыма қазылған, бірінен су деңгейін 3,6 метрге, екіншісінен 12,2 м-ге төмендеткенде 3600 м³ су алынған. Ұңғымалардың суы жылы (26-36⁰С), минералдығы 0,6-1,2 г/л, аз сілтілі (рН 7,8), химиялық құрамы сульфатты-хлорлы натрийлі. Судың құрамында кремний қышқылы 70-96 мг/л, фтор-7-8 мг/л, литий 0,62 мг/л, строний-0,5 мг/л, рубидий 0,02 мг/л, радон – эман т.б. элементтер бар. Ерітінді газдың құрамында азот (74%), оттегі (25%), көмір қышқыл газы (2,8%), аргон (0,7%), гелий (0,007%)

кездеседі. Минералды судың дебиті 1,7-104 м³ тәуліктей, температурасы-30,4⁰-35,20⁰С, минералдығы 1-1,1 г/л. Минералды сулар сульфатты-хлоридті. Минералды су полимиелитке, радикулит, полиорит, қозғалу органдарының, қан жүру, жүйке жүйесінің және гинекология ауруларына шипалы. Қу-Арасан минералды суының қасында 1967 жылдан «Жаркент-Арасан» санаторийі жұмыс істейді.

«Өсек шипалы балшығы» – Алматы облысының Панфилов ауданындағы Үшарал ауылынан 32 шақырым жердегі Өсек (Үсек) көлінің шипалы балшығы. Бұл тұзды балшық (тұздылығы 35-150 г/л) түріне жатады. Шипалы балшықтың аумағы 650 мың м², жалпы қоры 27мың м³, ылғалдылығы 47,07 %, меншікті салмағы 1,55 г/см³. Химиялық құрамы хлоридті- сульфатты, магнийлі болып келеді [5].

Панфилов ауданының болашақта туризмнің барлық түрлерін дамытуға мүмкіншілігі мол. Туристік рекреациялық орындарға қамқорлық жасау бүгінгі өскелең ұрпақтың міндеті. Туристер демалуына тамаша жерлер көп. Аудан табиғатының сұлулығы, әсемдігі, алуан түрлілігі туристерді қызықтырып, емдік-сауықтыру, демалу шараларына зор мүмкіндік тудырады.

Ұсыныстар:

Туризмнің мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін әйгілейтін және туристердің назарын аударып, қызығушылығын арттыру мақсатында жарнама-хабарламалық базаны жетілдіру қажет; Туристерге көрсетілетін қызметтер сапасын жоғарылату (тұратын жердің ыңғайлылығы, тамақтану, транспортпен қамтамасыз ету, т.б.);

Ауданның өткен тарихы мен даму жағдайын көрсететін этнографиялық туристік рекреациялық орталықтарды ашу қажет;

Туристік-рекреациялық ресурстарды оқушылар мен студенттер күнделікті өмірлерінде пайдалану мүмкіндіктерін үнемі кеңейтіп отыру керек. Ол үшін туған жердің мәдени құндылықтарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізу жастардың қолында екендігін жете түсіндіретін ғылыми жұмыстар, саяхаттар, топ серуендер мен т.б. іс-шаралар жүргізу;

Аудан аумағында мектеп оқушыларын тарихи орындарға алып бару ісі жолға қойылып, мектептердің кітапханаларына буклеттер таратылып берілсе, бұл жас ұрпақтың туған өлке тарихын біліп, оның әрбір тасын қадірлеп, табиғатты аялай білуге және оған үнемі қамқоршылық сезіммен қарауға тәрбиелейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жетісу энциклопедиясы. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2004.-712 б.
2. Қазақстанның көрікті жерлері. - Алматы: «Қазақ мемлекет баспасы», 1959.-354 б.
3. Б. Нұржекеұлы Қасиетті Орбұлақ // Егемен Қазақстан.-2002.- 9сәуір (№76) -3,4 б.
4. Н. Жұмақан. Жаркенттің үш кереметі // Дала мен қала, 2008.-24 шілде (№30).-24 б.
5. Е.О. Омаров Жерұйық өлке. - Алматы, «Жалын» баспасы, 2003.-240 б.

ӘОЖ 911.2: 551.4

КӨЛДЕРДІҢ ТУРИЗМДІ ДАМУДАҒЫ МАҢЫЗЫ МЕН РӨЛІ (АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА)

Тоқсабаева М.Е., Сүгір Н.М.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Қазіргі таңда әлемнің көптеген елдерінде туризм саласы дамудың басым бағыттары ретінде экономиканың тірегі, қаржы көзі болып саналады. Қазақстанның туристік-рекреациялық нысандарының елімізде халықаралық деңгейде туризмді дамытуға мүмкіншіліктері зор. Туризм әлемдік экономикада маңызды орын алатын, еңбек ресурстарының ауқымды бөлігін іске қосатын, демалысты ұйымдастыратын сала. Сондықтан да отандастарымыз жылына бір келетін демалыстарында демалыс орындарына аттанып, таза ауада тынығып, мөлдір суына шомылып, жан рахатын бастарынан өткереді.

Туризм ел экономикасын дамытудың және жақсартудың, әлемге танытудың ең басты жолы болып саналады. Туризмнен түскен қаржы басқа саладан келген пайдадан әлде қайда көлемді табыс көзі болып табылады. Кең байтақ республикамыз көлдерге бай. Көлдер, әсіресе, Қазақстанның солтүстік бөлігіндегі тұйық ойпандарда жиі орналасқан. Көлдер мол табиғи ресурстарымыздың бірі болуымен қатар халық шаруашылығын шикізаттың кейбір түрлерімен қамтамасыз етуде маңызды роль атқарады. Қазақстан жерінде Каспий мен Арал теңіздерін, жасанды су қоймаларын, шағын өзендер мен тоғандарды қоспағанда 48262 көл бар, олардың жалпы көлемі 45002 шаршы километр. Бұлардың 94 пайызы көлемі шағын, ал олар жалпы көлдердің 10 пайызын ғана құрайды. Ірі көлдердің жалпы саны 3014, олардың көлемі 40770 шаршы километр [1].

Республика облыстары бойына көлдердің орналасуының коэффициенті 0,0002-ден 4,8 аралығында, ал ландшафт бойынша: орманды дала аймақта 2,83, дала-1,76, шөлейт – 0,65, шөл (Балқаш көлін қоспағанда) -0,37 және таулы аймақарда 1,13 коэффициент.

Туризмді дамытуға, оның игілігін көруге елімізде, оның ішінде Алматы облысының мүмкіндігі мол. Оның басты дәлелі табиғатымыздың сұлу әсемдігі, қайталанбас ерекшелігі, мөлдір суы, таза ауасы, халқымыздың қонақжайлығы туралы ерекше атап өтуге болады.

Соның ішінде ең басты назар аударатын демалу және сауықтыру бағытында қарқынды дамып келе жатқан аймақтарды, мысалы *Балқаш, Алакөл, Үлкен Алматы көлі, Есік көлі, Көлсай көлі, Рай көлі* т.б. кездестіруге болады [2].

Балқаш көлі - үлкендігі жағынан Қазақстанда үшінші орын алатын Балқаштың ұзындығы 614, ені 30 шақырым. Аумағы 18,2 мың шаршы метр. Балқаш көлі жағалай қоршап тұрған құлаған тау жыныстарымен бітелген тау аралық үлкен қазаншұңқырдың солтүстігінде жатыр. Бұл қазаншұңқырдың тек шығысынан ғана ұдайы ұйтқыған долы дауыл соғатын жіңішке Жоңғар қақпасы ашылады. Әлемде Балқаштан басқа ащыда тұщы көл жоқ. Суының 70% - ы Іле өзеніне құяды. Теңіз деңгейінен 342 - 600 м биіктіктегі Балқаш - Алакөл ойысы мұз құрсау дәуірінен кейін пайда болған. Балқаш аралдарындағы қалың қамыс құрақтың арасында Тұран жолбарысы мекендейді. Дүниежүзілік Қызыл кітапқа енген құстардың 20 түрі көл маңында өмір сүреді. Балқаш - өзіндік дара қасиеттері мол ерекше көл. Оның шөл даладағы Іле және Жоңғар Алатауларынан, Тарбағатайдан бастау алатын тау өзендері - Іле, Қаратал, Лепсі, Ақсу, Аягөз. Бұлардың барлығы дерлік көлге оңтүстіктен келіп құяды, ал өз арналарын 26 мың ұсақ өзендер мен бұлақтар арқылы біртіндеп толтырады. Көлдің аумағы ондағы судың деңгейіне байланысты күрт өзгеріп тұрады, ол 10-20 мың ш.ш. болады. Ал көлдегі су көлемі 100 миллиард текше метр.

Алакөл көлі - Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінде Балқаш - Алакөл ойысының шығысында 350 метр төменде Алматы және Шығыс Қазақстан облысының аумағында орналасқан тұйық көл. Орта ғасырларда «Гурнебор», кейін «Алактогол», «Алатеңіз», «Алакта» деп те аталған. Алакөл-Жетісудың Балқаштан кейінгі үлкен көлі. Ол Алакөл ауданының солтүстік-шығыс бөлігін алып жатыр. Көл ағынсыз, солтүстік-батыстан оңтүстік-батысқа қарай созылып жатыр. Көлдің солтүстігі Тарбағатай, оңтүстігі Жетісу Алатауының етегіне ұласады. Шығысында Жалаңашкөл арқылы Жоңғар қақпасына жалғасады. Көршілес Сасықкөл, Ұялы, Жалаңашкөлдермен қосыла тізбектеліп Алакөл көлдер жүйесін құрайды.

Алакөл - миллиондаған жыл бұрын қазақ сахарасында ең бірінші болған бұл ойыс теңіз деңгейінен 242,3 м абсолют биіктікте орналасқан. Көлдің аралдарымен қоса есептегендегі аумағы 2696 ш.ш., ұзындығы 104 шақырым, ең шығыңқы ені 52 шақырым, жағалауларының ұзындығы 384 шақырым, орташа тереңдігі 22,1 м, ең терең жері 54 м, орта тереңдігі 22,1 м, жағалауының ұзындығы 384 км. көлдің су көлемі 58-60 км³. Су жиналатын алабы 47859 ш.ш.

Жағалау климаты. Климаты шұғыл континентті, қысы суық және көл беті қалың мұз құрсауында болады. Жазда ыстық, мамыр айының соңында су температурасы +7...+15°C, жазда +20...+25°C дейін көтеріледі. Жылына 300 күн бойы ашық ауа райы сақталынып, демалушылардың қуанышына шомылу маусымы - маусым айының ортасынан қыркүйек айының соңына дейін жалғасады.

Алакөл көлінің емдік қасиеттері «Алакөл» деп аталатын көптеген су «ойпаттарының» қасынан атақты Ұлы Жібек жолы өткені белгілі. Сол кездің өзінде - ақ саяхатшылар ауыр жолдан кейін көл жағалауында демалған кезде, көл суының қандай да бір таңғажайып жолмен күшті қалпына келтіретінін және денсаулықты жақсартатынын байқаған. Адамдарда өзінен-өзі аяқтарындағы жаралар кетіп, денелеріндегі жаралар тез жазылып, сауыққан. Заманауи медициналық зерттеулер көл суының емдік қасиетін дәлелдеген. Алакөлдің теңіз тынысы даланың құрғақ та, ыстық иісімен араласып, қоршаған ортаға жағымды әсер етеді.

Алакөлдің ең ірі шығанағы – Алакөл шығанағы. Ол көлдің оңтүстік-шығысындағы тау аралық ойыста орналасқан. Алакөлге 15-тен аса өзен құяды. Олардың негізгілері: Үржар (Ұрыжар), Қатынсу, Емелқұйса, Жаманөткел, Ырғайлы және Жаманты. Алакөл жағалауы, негізінен төрттік дәуірдің түрлі тау жыныстарынан (саз балшық, құмды топырақ, қиыршық тас, ұсақ құм) тұрады. Көл суының қатуы әрқалай. Тайыз бөлігі қараша айының аяғында, орта тұсы ақпанның басында тегіс қатады. Мұзқұрсау 2 айға дейін созылады. Алакөл суында фтор мен бром көп. Көлдің тұзды суы адам бойындағы ауру түгілі радиациялық қалдықтарды сылып түсіреді. Сонау XVIII ғасырда - ақ құпиялары ашыла бастаған Арасан секілді емдік қасиеті мол минералды су көздері көл маңында кездеседі.

Флора және фаунасы. Көлдері құстар үшін нағыз жұмақ. Олардың ішінде сирек кездесетіндер де бар: үш жүз қанаттының ішінде 38-і табиғатты және табиғи ресурстарды қорғау жөніндегі Халықаралық одақтың Қызыл кітабына енгізілген. Мысалы, реликті шағала, қызғылт және бұйра бірқазандар, ақ құтандар, қара құтандар, аққулар. Алакөл жүйесін алабұға, шармай, көксерке, көкбас, сазан т.б. қорғалатын балықтардың түрі мекен етеді. Өңірдің экожүйесін қорғау мақсатында 1998

жылы Алакөл мемлекеттік қорығы құрылды, оның ауданы 197 км² құрайды. Көл жағасында қамыс, қияқ, қоға, шалаң, су қарақұмығы, жебежапырақ, мүйізжапырақ, т.б. өседі. Көлден сазан, көксерке, алабұға және шармай ауланады. Көл маңы құсқа (жылқышы, аққу, шағала, көкқұтан, т.б.) бай. Сондай-ақ бұл көлді әлемде сирек кездесетін «Қызыл кітапқа» енгізілген *реликті шағала* мекендейді. Аңдардан: ондатра, қамыс мысығы, жабайы шошқа, қамыс түлкісі, су тышқандары бар. Жағалауында демалыс және емдеу мекемелері орналасқан. Жағасымен Қытайға дейін созылып жатқан темір жол өтеді [3].

Көлсай көлі - Кыргыз мемлекетінің шекарасынан солтүстікке қарай 10 км, Іле Алатау жотасында теңіз деңгейінен 1000 м, 1200 м, 2500 м, 2700 биіктікте және Райымбек ауданының территориясындағы Саты елді мекенінен 7 шақырым қашықтықта тауаралық шатқалда, Алматы қаласынан оңтүстік-шығысқа 350 шақырым жерде орналасқан. Бұл жер лагерь, жаяу саяхат, атпен және тау велосипедтерімен серуендеуге арналған. Бұл көлді "Солтүстік Тянь-Шань маржаны" деп атайды. Табиғаты әсем, ауасы таза, суы мөлдір, мыңжылдық қарағайлары тау қойнауында ерекше көз тартады. Көл жан-жағынан биік тау сілемдерімен қоршалған, әсем ландшафтымен көрікті. Көлдерді Тянь-Шань шыршалары мен ормандар, алып таулар қоршаған. Күнгей Алатауының арқа жотасындағы беткейі тіп-тік қалың ну қарағайлы терең сайында тау биігінде арасы 7 шақырымнан Қайыңды, Саты, Өрікті өзендерінің бастау алар алабында 3 көл орналасқан Алатаудың Күнгейіндегі Көлсайдың 3 көлі мен Қайыңды көлі-Хантәңірінің солтүстігін нұрға кенелкен асыл жауһарлар. Көлсай көлдері **Жоғарғы Көлсай, Орта Көлсай, Төменгі Көлсай** деп аталады. Сонымен қатар Көлсай көлін «Солтүстік Тянь-Шанның көгілдір алқасы» деп те атайды. Биік шыршалар бейнеленген Көлсай көлінің түсі қара - көк болып келеді, ал көлдің кейбір аймақтары көгілдір немесе жасыл түске боялғандай болады. Жоғарғы Көлсай теңіз деңгейінен 3 мың метрге жуық, оның ұзындығы – 1 км, ені 400 м, тереңдігі - 80 м. Орта Көлсай- 2600 м, ал Төменгі Көлсай көлінің су айдыны басқаларына қарағанда үлкен. Бұл көлдердің әрқайсысының тереңдігі де әртүрлі (24-85м аралығында). Мәселен ұзындығы 1,5 шақырымға созылып жатқан төменгі көлдің ең терең жері 80 м-ге жуық болса, жоғарыдан қарағанда жүректің пішініне ұқсас, ұзындығы 580 м болатын жоғарғы көлдің түбінен топырақ алу үшін 24 м тереңдікке түсуге тура келеді. Үшінші көл екінші Көлсайдан 5 шақырым алыста, Қырғыз шекарасына таман орналасқан. Зерттеушілер Көлсай көлдері орналасқан таулы - қарағайлы аймақ осыдан 25 млн. жыл бұрын пайда болғандығын айтады. Көлсай көлдері Күнгей Алатауында 1887 және 1911 жылдары болған жер сілкіністерінің нәтижесінде пайда болған. Көлсай көлдерінің тамылжыған табиғатын сақтауға ерекше ықылас көрсеткен Дінмұхамед Қонаев және Асанбай Асқаров.

Саты ауылының шығысындағы тау аңғарындағы кәдімгі кесе іспеттес **Қайыңды көлі** теңіз деңгейінен 1867 м биіктікте орналасқан. Саты ауылымен Қайыңды көлінің арақашықтығы 14 шақырым. Көлсайды қоршап тұрған таудан жоғарыда Қайыңды көлі мөлдіреп жатыр. Су ішінен істік тәрізді өсіп тұрған қайыңдары бар бұл көл шамамен 100 жыл бұрын, 1916 жылы болған үлкен жер сілкінісі кезінде ойпатты жердегі шағын шыршалы орманға су жиналуының нәтижесінде пайда болған. Бұл көл Көлсай көлдерімен салыстырғанда жас саналады.

Көлсай көлдері мен Қайыңды көлінің аумағын аю, барыс, сілеусін секілді жыртқыш аңдар мекендейді. Бұл көлдерге 1968 жылы Еуропадағы Чехия елінен арнайы бахта (форель) балығы алдырылып, Көлсай көлдеріне жерсіндірілген. Бұл балықтың еті дәмді, өте бағалы болғандықтан кейде «патша балық» деп атайды. Олар таулы өңірдің таза суларында ғана кездеседі. Көлдердің төңірегін шырша, қарағай, қайың, т.б. тау ағаштары мен шалғындар көмкерген. Көлдің туристік маңызы зор [4].

Есік көлі - Іле алабындағы көл. Еңбекшіқазақ ауданында, Есік қаласынан оңтүстікке қарай 17 шақырым жерде, Іле Алатауының теріскей баурайындағы әсем шатқалдардың бірінде теңіз деңгейінен 1759 метр биіктікте орналасқан. Аумағы 0,86 ш.ш, ұзындығы 1,8 шақырым, ені 600 м. Көл шамамен 8 мың жыл бұрын тау жыныстарының тектоникалық ығысуынан пайда болған. Биік тау ішіндегі көл суы көкпеңбек. Айнала қоршаған көгілдір тау. Тау бауыры жақпар тас, қалың қарағай. Көлдің ар жағы қалың қарағай, ну орман. Мұндағы жақпар тасты тау шыңының ұшар басы теңіз деңгейінен 1800 м биіктікте. Табиғи жолмен қалыптасқан бөгетке тау мұздықтары, қар, жауын-шашын суы жиналып, тау аралығындағы әсем көлге айналған. Көлдің туристік маңызы зор.

Үлкен Алматы көлі -Іле Алатауындағы Үлкен Алматы өзені алабындағы көл. Теңіз деңгейінен биіктігі 2500 м. Шарасы тектоникалық қозғалыс әсерінен Үлкен Алматы өзенінің аңғары бітелуінен пайда болған. Алматы қаласынан оңтүстікке қарай 21 шақырым жерде теңіз деңгейінен 2510 м биіктікте орналасқан.Ұзындығы 1,5 шақырым, ені-0,75-1,0, ауданы-0,44 ш.ш. Жағалау сызығының ұзындығы 3 шақырым. Жағалауы көлді жарып ағатын Үлкен Алматы өзенінің табиғи аңғарлық бөгетімен қоршалған. Үлкен Алматы көлі-мұздық, жауын-шашын суымен қоректенеді. Көлдің батысындағы тау басында Астрофизика институты орналасқан. әрі бөгет салынған. Табиғаты көрікті, демалыс орындары, туристік база бар. Суы Алматы қаласы тұрғындары қажетіне пайдаланады. Ең терең жері 40 м (орташа тереңдігі 30 м), су көлемі 14 млн м³. Қазаншұңқыры солтүстікке қарай еңіс.

Ең терең жері бөгет түбінде. Жағасы жарлауытты тік. Көлді Үлкен Алматы өзені жарып ағады. Деңгейі маусым-қыркүйек айларында жоғары болады.

Рай көлі - Ақсу өзенінің төменгі ағысында, Балқаш ойысындағы емдік қасиеті мол шипажайлық туризм мен демалысты, емдік сауықтыру рекреациясын дамытуға мүмкіндік беретін нысанның бірі Теңіз деңгейінен биіктігі 380 м. Беткі ауданы 5,98 ш.ш. ұзындығы 5,5, ені 2,1 шақырым. 46°22'/с.е., 78°25'/ш.б. орналасқан. Көлдің солтүстік-батысы мен солтүстігінде «Қос шағыл», оңтүстігінде «Жалқұм», шығысында 8-10 шақырым қашықтықта Ақсу өзені арқылы «Күшікқұм» құмдарымен шектесіп жатыр. Көлдің аты сол аумақты ХІХ-ХХ ғасыр аралығында мекендеген әулие адамның атымен тығыз байланысты. Жергілікті халыққа көл суының емдік қасиеті бағзы заманнан белгілі болған. Оның суы мен табанындағы тұнбаларының құрамындағы химиялық элементтер буын, қан тамырлары, тері, т.б. көптеген ауруларға ем болып табылады. Басқа көлдерден айырмашылығы тұйық, аумағының шағындығы мен буланудың жоғары болуына байланысты минералдану деңгейі жоғары. Минералдануы жыл ішінде 40-75 г/л аралығында ауытқиды. Көл суында натрий - 0,4 %, кальций - 0,8 %, хлор - 5,2.%, калий - 1%, магний - 3 %, сульфат - 4,1%, бром - 0,01 %, иод - 0,37%. Аммоний, бор иондарының мөлшері тең. Рай көлінің тұнбасының құрамындағы күкірт пен магнийдің абсорбенттік қасиеті буындағы тұз бен сарысуды сорып алуға мүмкіндік береді. Рай көлінің хлорлы-натриилі суларын ванналар қабылдауға, тамақты шаюға, жүйке аурулары, буынға сарысу, тұз байлану, тыныс-алу жүйесі, асқазан, ас қорыту мүшелерін емдеуге қолданылады. Көл суын емдік мақсатта қолдану ұзақтығы 10-14 күннен 20 күнге дейін. Су құрамындағы иод пен бром асқазанды тазалау, компресс жасау, жүйке жүйесі, жүрек-қан тамырлар жүйесі, зат алмасудың бұзылуы, қалқан без аурулары, тері аурулары, гинекологиялық ауруларды емдеуде маңызы зор. Сульфидтік суды қауыз (ванна) түрінде қолданған тиімді. Көлде климатпен, күн сәулесімен, емдеу және суға шомылуды күн сәулесі қауызымен қатар жүргізген қолайлы.

Қапшағай көлі - Алматы қаласынан солтүстікке қарай 70 шақырым қашықтықта Іле аңғарына өткен ғасырдың жетпісінші жылдары адам қолымен жасалынып, салынған бөген. Оған 1970 жылдан су жинала бастады. Ауданы 1850 ш.ш, көлемі 28, 14 км³, ұзындығы 125 шақырым, енінің жалпақ жері 22 шақырым. Орташа тереңдігі 15,2 м, ең терең жері 45 м. Деңгейі 4 м-ге ауытқиды, бұл Іле өзенінің ағысына байланысты. Бөгеннің энергетикалық және ирригациялық зор маңызы бар. Қапшағай көлі жағалауы Алматы қаласы тұрғындарының құмдауыт нағыз демалы орны. Бөген толық пайдалануға берілгенде 450 мың га жер суарылып, онда күріш, бау-бақша, көкөніс, жеміс, жүзім және жемшөп өсірілді. Жасанды көлге қазақ азаматтары ғана емес, шетелдіктер де көптеп келеді [5].

Алматы облысында туризмді дамыту мүмкіндіктерін пайдалана отырып іске асыру ел экономикасының жоғарылауына әсері мол екендігі болашақ үшін маңызды.

Алматы облысында туризмді дамытуға толық мүмкіншілік бар. Алматы облысы табиғаты әсем, тамаша, табиғи қалпында сақталған, суының емдік қасиеті бар, фауна мен флораға бай, ауасы экологиялық тұрғыда таза қалпында сақталған көлдердің туризмді дамытудағы рөлі күннен-күнге артып келе жатыр.

Су – табиғаттың құнды сыйы. Су – өмір бұлағы, өндірістің дамуы үшін қажетті жағдайлаудың бірі. Ол қамқорлықпен қарауды, ысырапсыз жұмсауды қажет етеді. Халық жиі орналасқан аудандарда судың тапшылығы шаруашылықты өркендетуге және адам өміріне қиындық келтіреді.

«Су – тіршілік көзі» деп халқымыз тегін айтпаған. Сусыз тірі организмнің өмір сүруі мүмкін емес. Қазақстандағы өзендердің ластануы ең алдымен айналадағы ортаға әсер етіп, флора мен фаунаның бірітіндеп жойылуына алып келеді. Сонымен қатар сүзек, сары ауру, тырысқақ және басқа да жұқпалы ауру түрлерінің таралуына, өршуіне себеп болады. Су ресурстарына суқоймаларына, өзендерге, көлдерге және ағын суларға тазартылмаған немесе шала тазартылған өндірістік-тұрмыстық және ауылшаруашылық қалдық судың ағызылуынан ластанады. Су айдындарының тазалығын сақтаудың ең басты жолы – өндірісте пайдаланылған суды тазартып, қайта айналысқа қосатын тұйық өндірістік цикл тәсілін қолдану.

Әдебиеттер тізімі:

1. Омаров Ж.Ы. Қазақстан туризмі. Астана, 2008.- 115-118 б.
2. «Жетісу энциклопедиясы.- Алматы: «Арыс» баспасы, 2004.-500 б.
3. Уралбаев Е. Балхаш и Алаколь-жемчужины Жетысу // Огни Алатау.-2007.-13 сентябрь. С.4.
4. Жолмергенұлы Ө. Көлсай-Тянь-Шаньның інжу маржаны. // Алматы ақшамы. 2007.-20 қазан (№177) - 10 б.
5. Байсақалова А.Ш., Әзімханов Ы.Қ. Талдықорған қаласының маңындағы гранитті алқаптардың табиғат ескерткіштерінің геологиялық оқу-танымдық туризмді дамыту мүмкіндіктері «Туризм дамуының экологиялық-географиялық мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары Алматы, 27-28 наурыз 2009, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті. 60-63 б.

THE PROBLEMS OF THE CASPIAN SEA AT THE PRESENT LEVEL

Gilazheva S.M., Rysmagambetova S.B.

ASU named H. Dosmukhamedov Atyrau, g.svetik_81@mail.ru

The problems of the Caspian Sea at the present level

Rysmagambetova SB

Continuing to attract foreign investment to the country, our government in 1993 announced a tender for seismic work in the Kazakhstan sector of the Caspian Sea. Oil company Agip, British Gas International's with Stat Oil, working in the alliance, as well as Mobil, Shell and Total-have become members of the consortium, which was to begin searching for oil and gas.

Project exploration of the northern Caspian Sea project was then still the future of the 21st century , about whom little is remembered and, admittedly , a very controversial project. Especially for those who have for centuries lived along the coast that feed and feed thousands of people. Our shelf, the mouth of the river Ural recognized the unique nature reserve. It is in those places where the seismic survey , millions of interwoven nest of birds, many of which are listed as endangered. These places are well-known migration routes of Caspian sturgeon and beluga stocks of roach , perch , bream , chub ...

Naturally, we could not treat indifferently term extraction, actually on the reserve of oil. Because the public Atyrau, supported by many Kazakhs , began to actively oppose the seismic proving malignancy of the case. To a part of the Caspian shelf , the consortium participants understand the concern of local residents. For the first time we've seen how you can work with complete transparency and rage. And while many of us still believe strongly that drilling at the world's largest enclosed body of water , which is the Caspian Sea , Lake , it is very risky , after numerous public hearings, people have calmed down a bit . Moreover, that by and large all well - understood geological exploration in the Caspian Sea (if commercial reserves are discovered oil, and mining) - a political issue and still be resolved as the government wants . The only thing we could do more , strict adherence to all the protected nature of the activities.

Meanwhile successfully implemented large-scale geophysical survey identified a number of promising geological structures such as Tengiz and Karachaganak , foreign companies began to prepare for drilling reconnoitered . The first drilling barge OKIOK - the operator of the consortium of international companies , called " Sunkar " was built in Astrakhan. It was high, adjust it to the maximum to work in a unique environment and geological conditions of the north- east of the Caspian Sea . In many ways it has no analogues in the world. Work on the modification of the barge were already within 12 months.

They were carried out mainly by the fact that drilling will take place in a conservation area and, consequently, environmental issues are a priority. In July of this year, the barge was launched from the slipway and delivered to the East Kashagan structure 75 kilometers from Atyrau.

In August, in the presence of the former prime minister of the republic Nurlan Balgimbaev, started drilling the first exploration well. This is the first exploration well of the planned six. The results of this drilling will be developed and the subsequent drilling program.

And now the big question: whether we like or not, to find in our industry Caspian oil reserves?

Today, under the terms of the agreement between Kazakhstan and oil companies discovered oil and gas will belong to us. According to government estimates, 80% of production falls to Kazakhstan, 20% - to shareholders OKIOK.

For us the most important thing: that they will be paid to the regional budget? How Atyrau residents find work in the consortium? Will bring to the work of local businesses and services? How will OKIOK promote infrastructure development area? Yet, the main stay of our unique protection of nature that cannot buy all the oil in the world. So that the project OKIOK is our hope, and our general alarm. The only problem is this. Hope it is for the whole of Kazakhstan, and anxiety is entirely up to our share.

Kazakhstan's President Nursultan Nazarbayev at a meeting of the OSCE Council headquarters - the apartment of the organization in Vienna, cautioned against the Balkanization of the Caspian region. "It is important not to allow the so-called Balkanization of the Caspian region," he emphasized . " The huge energy potential . " Caspian Sea region can be realized only when a conflict- solving existing problems, he said. This , says Nazarbayev , corresponds to the " not only the interests of the littoral states (Azerbaijan , Iran, Kazakhstan , Russia , Turkmenistan . -" IF -K "), but also the interests of the European countries that in the XXI century can obtain additional sources of energy " . The Caspian Sea , said the President , may become "one of the most important " of petroleum regions in the XXI century. Proved reserves of petroleum of the Caspian Sea have between 16 to 32 billion barrels , according to the president , in addition to proven reserves can add even more , with 160 billion barrels of oil, " If this is confirmed in the near future exploration activities ."

Meanwhile, the proven gas reserves in the Caspian region, according to the head of Kazakhstan as a whole estimate to 337 trillion cubic feet. "We want to take full advantage of the country connected by geographical location and favorable topology laying transit routes," said Nursultan Nazarbayev. - Kazakhstan "has become a country that can meet the needs of not only its own economy but also requested the international community," - he stressed.

Literature:

1. Proceedings of the seminar "Problems of the Caspian Sea at the present stage."
2. The Constitution of the Republic of Kazakhstan. - Almaty in 1993.
3. Krachipov VA "Environment: Principles, Problems and Priorities." M in 1992.
4. VP "Environmental public rights in Kazakhstan," Almaty 20005. Law of the Republic of Kazakhstan. "On Environmental Protection", July 15, 1997. "Kazakhstan Today" 1997 March 21

УДК.574(262.81)

ENVIRONMENTAL SECURITY OF THE CASPIAN SEA

Gilazheva S.M., Rysmagambetova S.B.

ASU named H. Dosmukhamedov Atyrau, g.svetik_81@mail.ru

Environmental security of the Caspian Sea

Rysmagambetova SB.

To ensure the necessary environmental safety in the selection and development of effective technology development of offshore oil and gas locations of the Caspian Sea is one of the tasks super cedes the oil and gas industry of Kazakhstan. The relevance of its substantiated by the fact that the northern (Kazakhstan), part of the Caspian Sea and its coast - the environmentally sensitive conservation area.

To solve these and other problems of environmental protection in the development of oil and gas fields is required environmental monitoring.

The objectives of the monitoring is continuous monitoring and tracking of local and large-scale changes in the concentration of pollutants in the atmosphere, soil and water to build short-term and long-term forecasts, the impact of technological emissions ecosystem stability, as well as for the development of activities containing conserve monitoring. can be characterized by the tasks, including monitoring, control, prognosis, which are the regular system in space and time.

The results of hydro chemical studies indicate that the main threat to the northern part of the Caspian Sea are phenols content in the sea water reaches fairly high levels (up to 18 MAC).

In addition, during the period of studies conducted in the northern part of the Caspian Sea, have detected high levels of mercury contamination. This fact necessitates constant monitoring, that is, of the economic monitoring pollution of the Caspian Sea by mercury and other toxic elements.

Given the ubiquity of metals and chlorinated hydrocarbons in the northern part of the sea , it is believed that in combination with other pollutants, they may be the obvious danger to fish and other marine organisms. With regard to oil pollution , it still has only a local distribution in parts of the waters . The problem of oil pollution in the Kazakhstan sector of the Caspian Sea has grown considerably due to the intense sea-level rise and the upcoming start of the industrial development of offshore oil and gas fields .

The danger is also present and conserved in the open sea well. Here are possible manifestations of oil and gas because of violations under the influence of seawater operational and technical columns. The main sources of water pollution is the oil refinery, oil depot, oil station. They supply water to pollutants such as phenol, petroleum, copper, manganese, chromium, zinc, the contents of which consistently exceeds MPC several times.

The high concentration of work conducted in the conservation area of the Caspian Sea (Kazakhstan sector) creates an increased burden on the environment. It will take some time to highlight the environmental impact of such load and plans for further refinement of oil operations at sea. There is enough reasoned opinion that to obtain objective data on the results of the impact on the environment of the first phase of drilling , the naval of petroleum operations in this part of the sea should not have intensive development. The high concentration of work conducted in the conservation area of the Caspian Sea (Kazakhstan sector) creates an increased burden on the environment. It will take some time to highlight the environmental impact of such load and plans for further refinement of oil operations at sea. There is enough reasoned opinion that to obtain objective data on the results of the impact on the environment of the first

phase of drilling , the naval of petroleum operations in this part of the sea should not have intensive development.

World experience of the expedition offshore oil and gas show that, subject to the development of continuous improvement of production technology, scientific support for environmental issues it is possible to observe the optimum production safety, rational use of nature, protection of the environment and public health.

The Caspian Sea is 424 thousand square kilometers and continues to expand. His level is 27 meters below sea level , but over the last 15 years , it rose by 2.4 meters. In addition , the water of the Caspian Sea is much less salty than other seas , it allows to make the assumption that the Caspian Sea should not be considered in the full sense of the word. On what the legal status of the Caspian Sea will depend territorial Democrats Caspian Sea among the littoral states : Russia , Kazakhstan, Turkmenistan, Iran and Azerbaijan.

Rates are steadily increasing in the race to participate in the development of hydrocarbon resources of the Caspian Sea. And nowhere they did not reach such high levels as in the newly independent which have gained Caspian republics. Bound outdated Soviet transport infrastructure, they cannot take advantage of the full measure of their wealth, which would significantly improve the prospects for economic development, and have no other routes of delivery to foreign markets other than through Russia.

Russia is not yet shun to mix politics with the economy, when it comes to cooperation with the previously subordinate to it by States. She is aware that any weakening of economic ties will lead to the loss of its political influence in the area, which, in turn, will bring the Russian economic damage.

Caspian oil and gas represent a very serious competitive threat to Russia. Proven oil reserves in Kazakhstan and Azerbaijan are only a tiny part of their real resources. It is believed that the true potential of Kazakhstan in the 15 times greater than the proven reserves of 5.3 billion barrels.

The giant Tengiz field in the seaside developed by Chevron in partnership with Mobil and Lukoil contains about 9.6 billion barrels. Oil and gas field in western Kazakhstan Karachanak near the border with Russia, which is working on British Gas, Agip, Lukoil and Tehako estimated at about 5 billion barrels of oil in the translation. But all this "seeds" compared with an incredibly rich Kashagan oil field, which is a continuation of the Tengiz under the Caspian waters - there can be hidden from 25 to 50 billion barrels.

Although about the whole Caspian fever say how about some oil Eldorado, would do well to take note of a couple of important facts.

Each of these countries has proven reserves of 90 to 110 billion barrels, but they all left far behind in this respect, Saudi Arabia, she, according to the BP Statistical Review in 1996 was 261 billion barrels of proven reserves.

This sets the value of the Caspian oil and its expected role in the 10 times the proven and existing industrial and transportation infrastructure, barely meets the needs of today's production.

The Caspian oil will never replace the Middle East in the long term, but nevertheless its strategic significance is far more important than its volume. First of all, from the point of view of the market outlook, it is in the same part of the globe as the Middle East, but fortunately, this area is not as flammable politically.

Therefore, for the United States, seeking to ensure global interests, it is extremely necessary to keep control of Caspian oil. Also, it is extremely important for Russia and for the regional superpower, and given the threat of emerging competition. It is naturally important for the whole of multistate states that emerged from the Caspian Sea to the collapse of the Soviet Union, primarily for Kazakhstan, Azerbaijan and Turkmenistan, but also for Georgia and Armenia, Uzbekistan, not to mention the Terrible.

And right behind them are the major regional neighbors, Turkey with its focus on building a community of Turkic States and Iran, whose regional plans are not less ambitious, and whose feud with the United States is one of the most important factors that determine where in the end, will be laid pipeline routes.

Literature:

1. "Caspian shelg" №3,1991.
2. "Steps for green" our environmental rights and their protection. Almaty 2001. edited by Polyakova.
3. Krasilov VA "Conservation: Principles, Problems and Priorities." 92 M.
4. VP "Environmental public rights in Kazakhstan," Almaty, 2000.
5. Law of the Republic of Kazakhstan. "On Environmental Protection". July 15, 1997, "Kazakhstan Today". 21 March 1997

АҚТӨБЕ-ЛАЭТИ ҚАЛАСЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЗБА ЖҰМЫСЫ

Касенов М.С., Қуаныш С.О., Зайнов А.М.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті



2012 жылы 1-15 маусым айында, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің тарих факультетінің I курс студенттері практикасы кезінде қалаға археологиялық қазба жұмысын жүргізді. Қалаға екі қазба салынды.

Ақтөбе қалашығы көлемі 200x80 метр жерді ала отырып, мәдени қабаты өте жақсы сақталған. Ол Каспий теңізі суының астында ұзақ уақыт тұрғандықтан кейінгі қазбалармен бұзылмаған. Соңғы кезде, XX ғасырдың бас кезінде ашылғаннан кейін қара жолдармен, мал іздерімен, бақша кәсіпшілігі нәтижесінде бұзыла бастады [1].

Қалыңдығы 15-60 см аралығында болатын мәдени қабаты мал сүйектері, керамика фрагменттері және соңғы кездегі жерлеу орындарынан тұрады [2]. Мәдени қабатының құрылымы ұзақ уақыт су астында сақталғандықтан өте қатты болып келеді. Ескерткіштің өзгеше ерекшелігі

қабырғалары жер бетінен анық байқалатын кварталдарының жобасы болып табылады.

Кейінгі кездегі бірең-сараң жерлеу орындары археологиялық кешенді бұзбаған. 1976, 1978 жылдары Л.Галкиннің, В.К.Афанасьевтің, С.Бисеновтың жүргізілген қазба жұмыстары жөнінде қысқаша ақпараттар КСРО ҒА Археологиялық ашулар еңбегінде жарияланған [3].



Ақтөбе - Лаэти қаласының жобасы

Бірінші рет ғылыми мақаланы республикалық басылымға 1969 жылы М.С.Мершиев жариялады [4]. Л.Галкин бұл қалашықты ХІҮ ғасырдағы итальяндық саяхатшының картасындағы Лаэти қаласымен баламалайды [5]. М.С.Мершиев қаладан 400 метр жерде тағы екі мекеннің бар екендігін жазады. Л.Галкиннің пайымдауынша екінші мекен болмаған. М.С.Мершиев қала сыртындағы кірпіш және қыш жасаушылардың орнын өзге елді мекен деп есептеген. В.А.Афанасьев өзеннің оңтүстік бетінде, кейінгі уақытта қазақ бейіттері орналасқан жерде бақша шаруашылығы болғандығын жазады.

I Қазба. Қазба көлемі: 13,80x10,20 м. Қаланың солтүстік-батыс жағынан салынды. Осы қазба аумағынан 4 бөлме ашылды. Бөлмелер батыстан шығысқа қарай нөмірленді.

№1 бөлме қазбаның оңтүстік-батыс бұрышында орналасқан. Бөлменің қабырғалары нашар сақталған. Бөлме көлемі 3,40×3,10м. Шығыс және солтүстік қабырғаларының сақталған биіктігі 32 см, қалыңдығы 46 см. Қабырғалар шикі кірпіштен қаланған. Оңтүстік және батыс қабырғаларының сұлбасы анық емес. Солтүстік қабырғаның орта тұсынан оңтүстік бағытқа 90 см., ұзындықта тағы бір қабырға шығып тұр. Бөлменің ортасында үлкен тандыр пеш орналасқан. Пештен оңтүстік бағытқа бір арналы кан шығып батысқа қарай доға боп иіліп тұр.



№2 бөлме №1 бөлменің солтүстігінде орналасқан. Бөлменің шығыс бөлігі ғана аршылды, көлемі 3,90×2,30 м. Қабырғалары нашар сақталған, әлсіз іздерін ғана байқауға болады. Биіктігін анықтау мүмкін болмады. Аршылған аумақта шағын тандыр пеш орналасқан, тандырдың диаметрі 50 см. Ошақ оңтүстік бағытқа 1,20 м ұзындықта бір арналы кан шығады. Канның ені 20 см. Осы ошақ пен канның шығысында бұлардан бөлек тағы бір кан жүргізілген. Оның ұзындығы 1,90 м, ені 24 см. Бұл канға байланысты тандыр немесе ошақ анықталмады.

Бөлменің солтүстік қабырғасының арғы жағынан ташнау үстіне төселген кірпіштер шықты. Кірпіштер алынып ташнау қыш хумды көміп жасалғаны анықталды. Бұл ыдыс тағы бір хумның үстіне орнатылған, яғни түбі сынған екі хумды бірінің үстіне бірін мінгестіре орналастырған. Ташнау шұңқырының тереңдігі 1 м, болады.


№3 бөлменің көлемі 4,30×3,20 см. №2 бөлменің шығысында орналасқан. Шығыс қабырға бойына суфа салынған, ұзындығы 3,46 см, ені 1,10 см. Суфаға екі арналы кан салынған. Кан арналары солтүстіктегі тандыр ошақтан шығып, бөлменің оңтүстік-шығыс бұрышынан қосылып, бұрыштан ойылған тік мұржадан аяқталады, ұзындығы 2,30 м, ені 20-24 см., болады. Тандыр пештің диаметрі 40 см, қабырғаларының сақталуына нашар. Суфаның батысында жерге көмілген хум орналасқан. Ернеуі мен сабы сынған хумды еденнен қазылған шұңқырға көмген. Бетінің жиектеріне айналдыра қыш кірпіштер қойып диаметрі 30 см., болатын ернеу қалдырған. Бұл сұйық зат сақтайтын шара болса керек. Бөлме есігі пештің солтүстік жағында, шығыс қабырғада орнатылған, ені 85 см.

Күбі (хум). (2012 ж.)

Қазбаның солтүстік-шығыс жағынан құрылыс орындары байқалмайды. Бұл жердің топырақ құрамы күл аралас құмды боп келген. Метал шлактары мен көгерген мыс қалдықтары кездеседі. №3 бөлменің есігіне қарсы, шығыс жағынан шұңқыр орны анықталып қазылды, көлемі 2,60×1,00 м, тереңдігі 50 см. Шұңқырды тазалау кезінде күл мен күйеге, шлакқа толы болды. Бұл шұңқырдың шығысында тандыр орны анықталды, диаметрі 60 см., болады. Тандыр пеш қабырғалары нашар сақталған.

№4 бөлме қазбаның оңтүстік-шығысынан ашылды. Бөлменің жарты солтүстік бөлігі ғана топырақтан аршылды, көлемі 4,90×2,30 м. Оңтүстік қабырғасы қазбаның жиегінің астында ашылмай қалды. Бөлменің батыс жағында №3 бөлменің шығыс қабырғасына дейінгі аралықта жіңішке қабырғалармен бөлінген тамбур бар, көлемі 2,65×0,90 м. Бұл қабырғалардың қалыңдығы 24 см, биіктігі 30 см. Бөлменің солтүстік-шығыс бұрышына таман тандыр пеш орналасқан. Диаметрі 74 см. Осы тандырды ашу кезінде, оның басқа бір төменгі деңгейдегі тандырдың үстіне ойып орналасқаны анықталды. Тандырлар іші күлге толы.

II-қазба. Бұл қазба көлемі 6,20×10,70 м болады. Қазбадан бірнеше тандыр пештен тұратын кешен ашылды. Көлемі 3,45×2,10 м, биіктігі 45 см., болатын ауданда төрт-төрттен екі қатар, 8 тандыр пеш орналасқан. Пештер ортадан жүргізілген бір арналы канға қосылған. Пештердің ауыз қуыстары батыс және шығыс жақтарға қараған. Тандыр диаметрлері 40-50 см-дей болады. Кан солтүстікке созылып қабырғаға орнатылған тік мұржамен аяқталады. Канның ұзындығы 3 м, ені 24 см.



Осы пештер кешенінің оңтүстік-шығыс бұрышы маңынан еденнен қазылған дөңгелек келген шұңқыр анықталды. Осы диаметрі 1,30 м., болатын шұңқырды тазалап қазып, 10 см., тереңдікте ірі тандыр пеш ашылды. Тандырдың диаметрі 80 см, тереңдігі еденнен есептегенде 1,15 м болады. Тандырдың қабырғасын сыртынан шикі кірпішпен қаптаған. Шикі кірпіштердің көлемі 38×21×12 см. Тандырдың іші күлге толы болды.

Бұл еденге орналасқан тандырдың шығыс жағында 30 см., жерде бөлменің шығыс қабырғасы

орналасқан. Ол қазбаның оңтүстік жиегінен солтүстікке 4,80 м., ұзындыққа созылған. Қабырғаның ені 45 см, биіктігі 60 см. Бөлменің солтүстік қабырғасының биіктігі анықталмаса, батыс қабырға мүлдем табылмады.

Солтүстік-шығыс бұрышта тағы бір тандыр пеш орналасқан, диаметрі 60 см. Бұл пештің түтіндігі сол бұрышта орналасқан тік мұржа арқылы шығып кететін болуы керек. Пештің ауыз қуысы оңтүстікке қараған. Пеш қабырғаларының сақталуы нашар.

Тандыр пештердің көп орналасуына байланысты бұл бөлмеде наубайхана орналасқан болуы мүмкін.

Ақтөбе қалашығы тұтастай қолөнер кешені болғандықтан тарихи-ғылыми маңызы жоғары. Қазба жұмытары қаланың пайда болуы, тұрғындарының этникалық еркешелігі туралы ақпараттар берді. Ескерткіштің материалдары елді-мекеннің Орта Азиядан Еділ бойына Сарайшық қаласы арқылы өтетін ескі керуен жолының бойында XIII-XIV ғғ. өмір сүргендігін көрсетеді. Ескі қала мен жаңа қала бір-бірімен тығыз байланыста дамыған.

Әдебиеттер тізімі:

1. Афанасьев В.К., Бисенов С.Б., Галкин Л.Л. Исследование Золотоордынского города Лаэти. Археологические открытия 1977 г. М., 1978.
2. ВУАЭ – 1981 г. (Л.Л.Галкин).
3. Галкин Л.Л. Отчет СВАЭ-1975 г.
4. Мершиев М.С. Поселение XIII-XV веков в Западном Казахстане. //Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. Алма-Ата, 1969.
5. Галкин Л.Л. Отчет СВАЭ- 1977г.
6. Касенов М.С. Средневековое городище Актобе (Лаэти).// Х.Досмұхамедов атындағы АМУ Хабаршысы / Вестник. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. Атырау, 2007, 1(8).
7. Касенов М.С. Средневековое городище Актобе -Лаэти. // Вестник Прикаспия. Археология, История, Этнология. №3, 2012 г. листа, 2012. С.42-54.



Х.Досмұхамедов ат. Атырау мемлекеттік университет студентері археологиялық практикада. 2012 жыл маусым айы.

ОӘЖ. 902.03 (575.35)

ҚЫЛЫШ ІІ ОБАСЫНДАҒЫ ҚАЗБА

Касенов М.С., Тұрарұлы А.

Атырау облыстық тарихи-өлкетану мұражайы

Қылыш қорғандар тобы Атырау облысы, Индер ауданы, Жарсуат ауылынан оңтүстік-шығысқа 22 км., жерде жазық алқапта орналасқан. Ескерткіштердің GPS жүйесіндегі географиялық координаты: N 48° 09,187'; E 051° 47,696'. 2012 жылғы 20 қыркүйек - 10 қазан аралығында Атырау облыстық тарихи-өлкетану мұражайының археологиялық экспедициясы Қылыш қорғандар тобына зерттеу қазба жұмыстарын жүргізді [1].

Қылыш қорғандар тобына төрт қорған жатады. Оның ішіндегі ең ірісі Қылыш I қорғаны. Оның пішіні дөңгелек келген, көлемінің өлшемдері: диаметрі 145 м., биіктігі 3 м. Айналдыра ені 14-15 м, тереңдігі 0,80 м болатын ормен қоршалған. Қорған топырақтан үйілген.

Осы қорғанның оңтүстік-шығысына таман Қылыш II, Қылыш III қорғандары қатар орналасқан. Олардың бір-бірімен арасы 15 м., болады. Ал оңтүстігінде Қылыш IV қорғаны орналасқан.

Қылыш II қорғанының пішіні сопақша болып келген, солтүстік-батыс оңтүстік-шығыс бағытында созыла орналасқан. GPS координаты: N 48° 09,086'; E 051° 47,772'. Көлемі: 40×20 м., биіктігі 0,60 м., болады. Қорғанның сыртында оры бар. Оры негізінен батыс және шығыс жақтарында байқалады, ені 6-11 м., аралығында, тереңдігі 0,30 м., болады. Ал, солтүстік-батыс оңтүстік-шығыс жақтарында оры байқалмай, жер бетімен бірдей деңгейде тегістеліп қалған. Қорған топырақтан үйілген. Үстіне қалың шөп өскен.

Қылыш III қорғанының да пішіні сопақша болып келген, солтүстік-батыс оңтүстік-шығыс бағытында созыла орналасқан. GPS координаты: N 48° 09,070'; E 051° 47,739'. Көлемі 35×18 м, биіктігі 0,65 м. Сыртқы орының ені 7 м, тереңдігі 0,30 м. болады. Солтүстік-батыс оңтүстік-шығыс

жақтарында оры байқалмай, жер бетімен бірдей деңгейде тегістеліп қалған. Топырақтан үйілген. Үстін қалың шөп қабаты басып жатыр.

Қылыш IV қорғанының пішіні дөңгелек келген, көлемінің диаметрі 22 м, биіктігі 0,40 м. Сыртқы орының ені 4 м, тереңдігі 0,10 м. болды. Топырақтан үйілген, үстін шөп басқан. GPS координаты: N 48° 09,049'; E 051° 47,654'.

Қазба жұмысын **Қылыш II** қорғанына жүргізілді. Қорғанының үстінен 2 алтын жалатылған қола жапсырма табылды. 1 сурет.

Қазба кезінде қорғанның ортасынан батыс-шығыс бағытында қалыңдығы 1 м. болатын стратиграфиялық жиек қалдырылды. Осы жиектің солтүстік және оңтүстік жағы топырақтан тазартылды. Қазба бір күрек бойы топырақ алынған соң үсті тазартылып көзбен шолып бақылау әдісімен жүргізіліп отырды. Қазылып алынған топырақ қорғанның шығыс жағына үйілді. Қорғанның топырағы тығыз, ақшыл-сары саз боп келеді.

Қорғанның үстінен есептегенде 60 см., тереңдікте жиектің оңтүстік жағынан төңкерілген қола қазанның түбі ашыла бастады. Оның батыс жағынан тағы да бірнеше қола жапсырма шықты. Осы жапсырмалардың айналасын тазарту кезінде 40 см., тереңдікте қорғанға жерленген адам қабірінің шұңқыры анықталды. Шұңқыр көлемі 180×70 см. Қабір шұңқырын тазалау кезінде -30 см., тереңдіктен адам сүйегі ашылды. Адам мәйітінің бас жағынан ірі қара малдың сүйегі – ортан жілік табылды. Бұл қабірдегі адамның бас жағына құрбандыққа шалынған мал етін қойғандықтан болса керек. 2-сурет.

Жерленген адамның басы оңтүстік-батыс бағытқа, аяқтары солтүстік-шығыс бағытқа қаратылып қойылған. Сүйектің ұзына бойы өлшемі 147 см. Мәйіт шалқасынан жатқызылған, басы алдына тіке қараған. Аяқтары тік созылып тұзу жатыр. Қолдары екі жақ қапталына бос жіберілген. Оң жақ қолының шынтақтан төменгі сүйектері мен оң жақ қабырғасы, бұғанасы болмай шықты. Мәйіттің ұсақ сүйектері, алақан, саусақ, тобық, өкше, башпайлары да өз орнында табылмады.

Топырақтан тазалау кезінде сол жақ төсі тұсынан көзіне қызыл ақық орнатылған күміс сақина, ромбы түрінде жасалған қара моншақ және бірнеше саусақ сүйектері табылды. Шамасы, жерленген адамның оң қолы бүгіліп, денесінің үстіне қойылған болуы мүмкін. Аңның қос тісінен жасалып күміс тұғырға орнатылған бойтұмар мен тағы бір қара моншақ сол қолының білек тұсынан табылды. Кіндігінің тұсына қола айна қойылған.

Осы сүйектің бел омыртқасы айналасынан белдіктің металдан жасалған 2 түрлі тоғасы, көптеген алтын жалатылған қола жапсырмалар, метал тойтарма шегелер т.б. әшекей бұйымдар табылып отырды. Сонымен бірге осы жерде қайыс былғары мен матаның сақталып қалған кішкене бөлігінде шықты. Тоғалар, алтын жалатқан жапсырмалар мен тойтарма шегелер қайыс белбеу - белдіктің әшекейлері болған.

Қола қазан мәйіттің шығыс жағында 1,40 м., қашықтықта орналасқан. Қазан төңкерілген қалпында көмілген. Оны рәсімдік қызмет үшін пайдаланған болса керек. Қазан мен мәйіт арасында бірен-саран күйген ағаш қалдықтары табылып отырды .

Қылыш қорғанынан табылған жәдігерлердің сипаттамалары:

Қазан . Сарғылт түсті қоладан құйылған. Биіктігі 43,5 см, диаметрі 44 см. болады. Қазанның жартышар пішінді тостағаны, конус пішінді биік табанды тұғырға орнатылған. Тұғырының табаны аздап үгітіліп сынған, диаметрі 13 см, тұғырдың сақталынған биіктігі 7,5 см. Қазанның тостағанын бөлек құйылған, қосымша ернеу бөлігімен жалғаған, оның биіктігі 8,5-9 см. Осы қосылған жері шиыршықталған жіп тәрізді, шығыңқы етіп соғылып жалғанған. Қазан тостағанының ернеуіне дейінгі жалпы биіктігі 34 см., болады. Тостағанды құю барысында түп жағында үш жерде жарықтар пайда болып оны жөндеген болса керек. Жалғанған жерінен жоғары қарама-қарсы ілмек тәрізді екі тұтқа орналасқан, осы тұтқалар ортасына тағы қарама-қарсы тігінен екі тұтқа жасалған. Тұтқа биіктігі 5,5 см, екі шетінің аралығы 6,5 см. болады. Қазан тұтқа қалыңдығы 1,7×2 см. етіп қоладан құйып, иіп дәнекерлеген. Тұтқа дайындаған кезде сыртқы жағын ішіне қарай ойысты етіп құйылғаны байқалады. Тік тұтқада осындай сыртын ойыс ету тәсілімен жасаған, оның биіктігі 3 см, екі шетінің аралығы 4,5 см, қалыңдығы 1×1,2 см.

Қазан ернеуі сыртына қарай түріліп 2 см-ге қайырылған, сол себептен түрілген жері тағы да қосымша дәнекерлеуге ұшырағаны байқалады. Қазанның үш жерінде ернеуінен басталатын жарылған іздер бар. Жарықтың бірінің ұзындығы 12 см, екіншісі 5,5 см, үшіншісі 2,5 см. Ернеуден 5 см., төменде коррозияға ұшырау салдарынан диаметрі 1,5 см., тесік пайда болған. Қазанның ішкі жағының беті тегіс, сыртқы беті бұдырлы келген. Сыртында қара күйенің іздері бар, ал іш жағын көк түсті тот басқан. Шамасы қазанның әр бөлігі бөлек құйылған болуы керек, яғни тұғыры, тостағаны, құлақтары бөлек-бөлек құйылып, біріне-бірі дәнекерленген. 3 сурет.

Қола айна. Диаметрі 13,8 см, қалыңдығы 0,4 см. болды. Бір жақ беті тегіс келген, екінші жақ бетінде сурет бар. Айнаның шетін ала, иіріліп жатқан айдаһар бейнесі салынған. Айдаһардың басында екі жаққа қараған қос айдары, үлкен көзі бейнеленген. Тұмсығының ұшы үшкір келген. Денесінің төрт жерінде қос-қостан, барлығы сегіз аяқ салынған. Аяқтары ортасынан бүгілген, олардың екі-үшеуден

саусақтары бар. Иіріліп жатқан айдаһардың ішкі жағының аяқтары қысқа, сыртқы жағының аяқтары ұзын етіп салынған. Құйрығы сыртына қарай иіріліп тұр. Денесін мойнынан бастап бірінші мен екінші аяқтарының ортасына дейінгі бөлігін бұдырлы-қабыршақты етіп бейнелеген. Айдаһардың тұмсығының төменгі жағында «свастика» белгісі салынған. Оның сағат тілімен бір бағытта айналатыны бейнеленген және бір ұшы дұрыс соғылмай, түспей қалған. Айдаһардың аяқтарында да осындай түспей қалған жерлер кездеседі. Дәл ортасына айнаның тұтқасы орналасқан. Тұтқа ілгіш түрінде жасалған, айнамен тұтас құйылған. Ұзындығы 2 см, ені 0,5 см, биіктігі 0,8 см. Айна бетіне айдаһар бейнесі – император билігінің символы ретінде, свастика бейнесі – буддисттік тақырыпта бейнеленуі оның Қытайдан шыққан болуы мүмкін екенін білдіреді. 4 сурет.

Күміс сақина. Сақинаның диаметрі 2 см, жалпақтығы 0,4 см. Сақинаның көзіне сопақ боп келген мөлдір қызыл түсті ақық тас (сердолик) орнатылған. Көзіндегі тас көлемі 1,6×1,1 см. 5 сурет.

Бойтұмар. Аңның қос тісін жұқа күміс тұғырына бекітіп жасаған. Тістерді қатарластырып тұғыры кигізілетін жерін өңдеп, тесіп, сол тесіктен жіңішке сым өткізу арқылы тұғырға ұстатқан. Тұғырының үстінде жіп өткізер ілгіші бар. Бойтұмардың биіктігі 2 см, жалпақтығы 1,8 см. болады. 6 сурет.

Моншақтар. Қара түсті. Пішіндері ромбы түрінде, көлемдері әр түрлі, бірінің өлшемі 1,9×1×0,9 см, екіншісінің өлшемі 1,4×1,4×0,8 см. Моншақтарға бірнеше жерінен тесіктер өткізілген. 6 сурет.

Тоғалар. Тоғалардың көлемі әр түрлі 2 данасы табылды, ақ түсті металдан жасалған. Біріншісінің көлемі үлкендеу келген, ұзындығы 4 см, ені 2,9 см, белбеуге бекітетін жерінде ені 2 см. болады. Тілі сарғыш түсті металдан үшкірленіп жасалған. Тоғаның арғы жағында белбеуге бекітетін үш тойтарма шегелері жапсырылған, Оларға сары металдан пластинкалар кигізілген.

Екінші тоғаның көлемі кішірек келген, ұзындығы 2,5 см, ені 1,8 см, белбеуге бекітетін жерінің ені 1,1 см. Тілі сары металдан жасалған. Тоғаның осы бетінде өрнек салынған.

Алтын жалатылған қола жапсырмалар. Пішіні «жүрек» пішініне ұқсас дөңгеленіп келген. Диаметрі 1,8 см, қалыңдығы 0,2 см. болады. Жапсырманың ортасына шеңбер соғылып, шеттеріне шынжыр тәріздес сопақшаларды тізбектей әшекейлеп соққан. Бетіне алтын жалатылған. Артқы жағында қайырылған екі бекіткіш түйреуіші бар. Қазбадан жалпы 19 данасы табылды. 7 сурет.

Тойтарма шегелер. Қалпағы дөңгелек, жартышар пішінді, ақ түсті металдан жасалған. Диаметрі 0,9 см, артқы жағына бекіткіш тойтармасы дәнекерленген. Барлығы 9 данасы табылды. 8 сурет.

Ұсақ метал тойтарма шегелер. Көлемдері әр түрлі, ақ түсті металдан жасалған. Шағын дөңес қалпақтары бар. Тойтарма бекіткішіне сары түсті метал пластинкалар кигізіліп ұстатқан.

Мата бөлігі. Шағын мата бөлігі үш бүктеле оралған күйі табылды. Мата мал жүнінен өте жіңішке етіп иірген жіптен тоқылған. Көлемі 2,5×1,5 см., шамасында. Жерленген адамның киімінен сақталып қалған болуы керек.

Қайыс белбеу бөлігі. Көлемі: 2×1 см., болатын мал терісінен жасалған белдіктің фрагменті.

Сарматтардың тұрақтары, қорғандары Қазақстанның батысында өте көп. Б.з.д. III ғасыр мен б.з. IV ғасыры аралығында сарматтар Арал-Каспий аймағында көшпенді өмір салтын ұстанып, негізінен мал шаруашылығы, аңшылық, балық аулаумен айналысқан. Аздаған бөлігі отырықшылықта, егіншілікпен де шұғылданған. Әсіресе Еділ мен Жайық өзені бойында өмір сүрген сармат тайпаларының шаруашылығында жер игеру айрықша орын алған. Ерте темір кезеңінде Орталық Азия мен Қара теңіз жағалауы тайпаларының мәдениетін байланыстырушы қызметін сармат мәдениеті атқарғаны белгілі. Олардың мәдениеті хроникалық жағынан үшке бөлінеді: ерте сармат (прохоров), орта сармат (суслов) және кейінгі сармат мәдениеті деп аталады.

Сарматтар б.з.б. VII ғасырдан б.з. IV ғасырына дейін Шығыс Европада Арал-Каспий далаларын дейінгі жерді мекендеген. Сармат қоғамында әйелдер өте құрметті орын алған. Ақсүйек әйелдер патша, қолбасшы және абыздың міндетін де атқарып отырған. Құрбандық шалатын тас ыдыстар көбінесе әйелдер қабірінде ғана кездеседі. Сарматтық құрбандық тас бұйымдар екі, үш, төрт аяқты болып өте тамаша өңделіп жасалған. Олар діни салт кезіндегі қозғалмалы альтар есебінде пайдаланылған. Сарматтарда матриархат жақсы қалыптасып, әйелдер үй-ішін сақтаушы ретінде артықшылық жағдайда болды [2].

Ал, Алимарт Александр: «Мен соғыста ерлерден кем түспейтін массагет әйелдерін, құдды ерлердей садақты сарната толғайтын өзге сақ әйелдерін жақсы білемін» - деп жазады [3].

Савромат-сармат әйелдерінің қоғамдағы белсенділігі, олардың жауынгерлік ерліктері, ежелгі грек аңыздарында айтылатын жұмбақ «амозонкалардың» шығуына себепкер болды [4].

Ежелгі грек жазушысы б.э.д. II ғ. Полиен - б.э.д. III ғ. сармат әйел патшасы Амаганың әскери жорығы туралы жазған: - «...что воины ее отряда имели при себе двух сменных лошадей и таким образом смогли переодолеть расстояние в 1200 стадий» [5].

Сарматтар ұзақ уақыт бойы, б.з. IV ғасырындағы ғұн тайпаларының шапқыншылығына дейін, сол заманның халықаралық оқиғаларына белсене қатынасып тұрған. Б.з.д. I-мыңжылдықтың орта

шенінде, Геродоттың жазбаларында айтылатын «далалық скиф жолы» Қара теңіздің солтүстік жағалауындағы грек қалалары арқылы Оңтүстік Орал даласына, одан әрі Алтайға дейін созылғаны, осындай өзара қарым-қатынастың болғанының дәлелі. Грек-рим жазба деректемелерінің көптеген мәліметтері б.з.д. III ғасырда скиф тайпаларының жерлерін жаулап алуымен көзге түскен сарматтардың батысқа үдере жылжулары, Боспор патшалығымен экономикалық және саяси байланыстары, Рим империясымен күресінің көптеген эпизодтары туралы баяндайды. Сарматтар мәдениеті көшіп-қону, сауда-саттық, соғыс жорықтары арқылы Батыс Еуропа, Қара теңіз маңындағы елдерге тараған. Осындай өзара қарым-қатынастың арқасында сармат мәдениеті дамып, белгілі бір дәрежеде өнер мен мәдениеттің жоғарғы сатысына жеткен.

Сарматтардың қорғандары әдетте қабір үстіне биік етіп топырақ үйіліп салынады. Қабір шұңқыры төрт бұрышты пішінде қазылып, аяқ жағына қарай аздап тар болып келеді. Мәйіттің басын оңтүстікке немесе оңтүстік-батысқа қарата жерлеу б.з.д. II-I ғасырларға тән жағдай. Мәйітті шалқалай, ұзынынан тік жатқызып, еңбек құралдары, қару-жарағы қойылатын болған. Әдетте әйел адамның бір қолы бүктетіле жамбас сүйегінің үстіне қойылатын болған. Сармат әйелдерінің тағы бір ерекшелігі олар қоғамдық істерге белсенді араласып қоймай, әскери қимылдарға да қатысқан. Сарматтардың патшалық обаларының (хан шатыры) көпшілігінде әйелдердің жерленуі жиі кездесіп тұрады.

Қылыш II қорғанының жерлеу жорасы мен бұйымдарына қарап оның б.з.д. II – б.з. I ғасырларда Каспий маңы және Жайық бойын қоныс еткен сармат тайпаларының қабірі болғаны анық.

Қорғанда қола қазан, алтын жалатылған, күмістен жасалған сәндік әшекейлер, қола айна, т.б. бағалы заттармен бірге жерленуі сармат әйелінің қоғамдағы дәрежесі жоғары болғанын білдіреді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қылыш қорғандар тобына 2012 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмысының ғылыми есебі. Атырау, 2013 ж.
2. Граков Б.Н. Пережитки матриархата у сарматов. – ВДИ, №3, 1947. С.109-110.
3. Су Бэйхай. Сақтар мәдениеті. // Қазақ мәдениетінің тарихы. А., 1990. 25 бет.
4. Мифы народов мира. Энциклопедия. (В 2 томах). Гл. ред. С.А. Токарев. –
5. Полиен. VIII. 56.



1 сурет. Қылыш II қорғанының кесіндісі.



2 сурет. Қылыш II қорғанындағы қабір



3 сурет. Қола қазан.



4 сурет. Айдаһар мен «свастика» салынған қола айна



5 сурет. Ақық тасты жүзік. 6 сурет. Аң тісті тұмар мен моншақтар



7 сурет. Белбеудің алтын жалатқан және күміс әшекейлері.

ОӘЖ. 902.2 (547.12)

ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ КЕНІШІ ЖЕРІНДЕГІ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР

Касенов М.С.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Атырау облысы Жылыой ауданындағы «Теңізшевройл» ЖШС-не қарасты территорияда тарихи-мәдени мұрао бъектілерін анықтау мақсатында «Атырау облыстық тарих және археология орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мен Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны қорғау қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекциясы қызметкерлерінен құрылған археологиялық топ зерттеу жұмыстарын жүргізді. Барлау жұмыстары 2013жылы 4-31 мамыр айында жүргізілді[1].

«Теңізшевройл» ЖШС-гі мұнай өндіру жұмысымен айналысады. Оның ауданында әр түрлі мақсаттағы өндірістік құрылыстар бой көтерген. Игеріліп жатқан территорияда осы уақытқа дейін тарихи-мәдени мұра нысаналарын анықтау мақсатында толық зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. Территория жабық өндіріс аумақ болғандықтан бөгде адамдарға кіруге тиым салынған.

Зерттеу жұмыстарын бастамас бұрын компания басшыларымен жүргізілген келсім негізінде, барлау жұмыстарының жүргізілмегендігі ескеріле отырып, барлық тиым салынған территорияға кедергісіз кіруге рұқсат етілді.

Осы экспедициядан бұрын Атырау облыстық Мәдениет басқармасының тапсырмасы бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстары кезінде компания территориясы аумағындағы сол жердегі жұмысшыларға белгілі объектілер тіркеуге алынып, қысқаша ғылыми есебі жазылған болатын. Археологиялық барлау жұмыстары барысында 8 археологиялық объекті анықталды (2).

Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауы, екі үлкен теңіз - Арал және Каспий арасындағы құрлық, сонымен қатар, осы аралықтағы Жайық, Жем өзендерінің жағасы өмір сүруге қолайлы болған. Сондықтан, бұл территорияны халық ежелден-ақ қоныстанған, осы екі теңіз аралығында көшіп-қонып жүрген, әр түрлі халықтардың мәдениеттерінің тоғысқан, мәдениеттердің бір-бірімен араласқан аймағы. Каспий теңізінің елуден астам әр тілдегі атауының болуы да әр түрлі халықтың болғандығына дәлел.

Сөз болып отырған аймақтан тас дәуірінен бергі, қола дәуірінде, көшпелі мал шаруашылығының мәдениеті қалыптасқан тайпалық бірлестіктер – сарматтар, савроматтар, массагеттер, т.б.кезінде (б.з.д. III-I м.ж.), одан кейінгі орта ғасырлық оғыз-қыпшақтық

тайпалық бірлестіктердің дамыған кезеңінде, Алтын Орда империясы кезеңіндегі мекендеген халықтың іздерін көреміз.

Тарихи деректерге сүйенер болсақ ежелгі грек жазбаларында Каспийдың алғашқы тайпаларын «сармат-савромат» деп атағаны белгілі. Сарматтар Каспий ойпатын, шығыс еуропа жазығы мен Орал таулары на дейінгі аймақта өмір сүргені белгілі.

Грек ғалымдары Геродот (б.з.б. V ғ.) пен Птолемей (б.з.б. II ғ.) өз еңбектерінде Каспий теңізінің шығысындағы шексіз жазық жер, ондағы өмір сүрген халықтар, Жайық, Жем өзендері туралы мәліметтер қалдырған.

Соңғы жылдардағы ғылыми еңбектердің нәтижелері де Каспий теңізінің солтүстік-шығысы мезолит, неолит дәуірлерінен бастап халыққа мекен болған территория екендігін көрсетіп отыр.

Зерттелуге алынған аймақтың табиғи-ландшафты жағдайы тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің орналасу орындарын алдын-ала болжауға мүмкіндік береді. Археологиялық ескерткіштер әдетте биік жерлерде, төбелерде орналасады. Өйткені, жазғы уақытта төбелер жақсы желденіп тұрады, алысты көруге ыңғайлы, құрылыстар алыстан көрініп тұрады, сондай-ақ, жер асты суларына қол жеткізу оңай. Сонымен қатар, қайтыс болған адамдарды да биік төбелерге жерлеген.

Аймақтың картографиялық материалдарымен танысқаннан соң, территориялар бірнеше квадратты бөліктерге бөлініп алынды. Алғашқы кезекте Королев кен орны зерттелінді. Бұдан соң, Тұрланды учаскесіне, Теңіз, Шаңырақ вахталық поселкелерінің маңдарына, Теңіз кен орнына археологиялық барлау жүргізілді.

Бұл территорияларда кездесетін археологиялық ескерткіштердің негізгілері неолиттік, қола ғасырының тұрақтары мен қоныстары, құмтөбелі қабірлері, ерте темір дәуірлік қорғандар, сонымен қатар, облыстың ескерткіштері қатарына әлі кіргізілмеген сәулет ескерткіштері құлпытастар да бар. Қоныстар мен адам жерленген орындар санының көптігінен халық тығыз қоныстанғанын байқаймыз.

Жүргізілген жұмыстар барысында аталған объектілердің GPS координаталары анықталып, картаға түсірілді. Анықталған барлық объектілерге ескерткіштерді қорғау ережесіне сәйкес (Тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын айқындаудың ережелері және пайдалану режимі. ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігінің 2007 жылға 20 тамыздағы №218 ережесі) қорғау аймағы белгіленді. Ескерткіштердің қорғау аймағы археологиялық объектілер үшін ескерткіштің шеткі нүктесінен 50 м, қалақұрылыс және сәулет ескерткіштері үшін шеткі ескерткіштен 20 м., болып есептеледі. Қорғау аймағының белгісі ретінде барлық ескерткіштердің төрт бұрышына, ақ – қара жолақты сызықтары бар қазықтар қағылды.

Территория көлемінен анықталған археологиялық ескерткіштердің жағдайы нашар күйде. Карьерлік топырақ алу жұмыстарының көптеп жүргізілуі салдарынан көптеген ескерткіштер зардап шеккен.

Табылған жәдігерлердің ішінде неолит дәуірінің кремнийден жасалған еңбек құралдары – кескіштер, қырғыштар, тескіштен, жебе ұштары; қола, темір дәуірлерінің қоладан жасалған жебе ұштары, әшекей бұйымдары бар. Сол кезеңнің еңбек құралдары және ескерткіштерден мал сүйектерінің көптеп кездесуі бұл аралықта мал шаруашылығы, аңшылықтың жақсы дамығандығын көрсетеді.

Кей жерлерде көптеп ортағасырлық керамика сынықтары мен мыс тиындар табылды. Бұл-орта ғасырларда осы жерде адамдар мекендегендігінің, сауда айналымының болғандығының дәлелі.

Теңіз кенішін ауданынан 42 ескерткіш орны анықталды. Олар неолит, қола, темір дәуірі, ортағасыр және XIX ғасыр құлпытастары мен зиратары.

Соның ішінде: 11 тұрақ, 3 қоныс, 15 құмтөбелі қабір, 4 қорған, 8 қорым, 1 қазіргі заман қорымы және 1 бұзылып жойылған ескерткіш орны анықталды. 1 таблица.

Бұл ескерткіштер орналасқан аймақ құмды шөлейті аймақ болғандықтан қазіргі кезде көптеген ескерткіштер бұзылып жойылған. Құрлыс нысандары мен жәдігерлер жер бетіне шығып, шашылып жатады. Ал, үстіңгі қабатында ешқандай ескерткіш нысана белгісі байқалмайды. Жел құмды көшіргенде немесе кездейсоқ жер қазу жұмысы кезінде ғана бұл археологиялық ескерткіштер орны анықталады. Сондықтан оларды анықтау жұмысы өте қиынға түседі.

Бұл ескерткіш түрлері толық түсінікті болу үшін олардың кейбір түрлерінің жалпы сипатамасын беремін.

Нысана №1. Құмтөбелі қабір. Королев кен орны. Шаңырақ вахталық қалашығынан оңтүстік-шығысқа қарай 12,5 км, Королев кен орнындағы К-10-шы скважинаның солтүстік-шығысында орналасқан.

Құмтөбе сым шарбақпен қоршалған. Топырақ алынған жерде биіктігі 4 м., шамасындағы төбе қалдырылған. Төбе басына орнатылған темір тақтайда № 278 нөмірлі белгі бар.

GPS координатасы: UTM 39t	Pulkovo 1942(1)
N 46° 14,036	N 51 23 287
E 053° 32,929	E 6 96 525

Құм төбенің биіктігі 4 м, қоршалған шарбақтың көлемі солтүстіктен оңтүстікке 10 м, шығыстан батысқа 15 м. Төбенің бастапқы көлемі белгісіз, себебі, шамамен 4 м., жерге дейін төбені айнала, шеңберлене топырақ алынған. 1-2 сурет.

Бұл жерде карьерлік жұмыстар жүргізілген. Топырақ алу жұмыстары кезінде төбеде адам сүйектері, яғни қабірлер ашылып қалған. Адам сүйектері ауыр техникалар әсерінен сынып, уатылған. Адам сүйектерінің сынықтары құмтөбелі қабірдің барлық жерінде және қоршау сыртында да шашылып жатыр. Беткі топырағы желмен ашылып жатқан екі адам сүйегін бар. 3 сурет.

Ескерткіштен керамика сынықтары мен қола бұйымдар табылды Осы жерде жүргізілген карьерлік жұмыстар кезінде қабір басына қойылған керамикалық ыдыстар да ауыр техниканың астында қалып, сынған.

Жиналған қола бұйымдардың ішінде: жебе ұштары, сырғаның сынықтары, түйреуіш. Керамикалық ыдыстардың ішінен мойын тұсы көлденең толқынды етіп жасалған үлкен көлемдегі күйдірілген ыдыс фрагменттері жиналды.

Адамдарды жерлеу рәсіміне (қабір жанына өзі пайдаланған заттарын: керамикалық ыдыстар, қару, әшекей бұйымдарымен қоса жерлеу) және жәдігерлерге жасалған сараптама нәтижесіне сүйене отырып, ескерткішті темір дәуіріне жатқызамыз.

Нысана №6. Тұрақ.Королев кен орны. Шаңырақ вахталық қалашығынан оңтүстік-шығыс бағытта 17 км, ескі аэропорттың шығысында 1,2 км., жерде, темір тақтайға №294 нөмірлі белгісі жазылған төбенің солтүстігінде 500 м., жерде орналасқан. 5-6 сурет.

GPS координатасы: UTM 39t	Pulkovo 1942(1)
N 46° 09, 923	N 51 15 581
E 053° 30, 762	E 6 93 985

Ескерткіштің көлемі 150x150 м. Объектіде топырақ алу жұмыстары жүргізілген. Ескерткіштің топырақ алынған бөлігінен көптеген жәдігерлер анықталды. Жәдігерлердің ішінде ескерткіштің қола дәуіріне жататындығын дәлелдейтін кремний бұйымдар, қыш ыдыс сынықтары кездеседі. Осындай жәдігерлер тұрақтың бүкіл аумағында шашылып жатыр.

Тас бұйымдар әр түрлі материалдардан жасалған. Садақ ұшы қоңыр түсті кремнийден жасалған, ұшы үшкірленіп, бүйірлерінде әлсіз білінетін тістері бар, аңшылық мақсатта қолданылған. Қара түсті кремнийден жасалынған жонғыштар және кремнийдің қалдықтары да осы тұрақтан табылды. Керамикалық ыдыстардың түсі ашық қоңыр, шырша, тік сызықты геометриялық өрнектер салынған. 7 сурет.

Нысана №7. Королев кен орны. Құмтөбелі қабір және қоныс. Ескерткіш Шаңырақ вахташылар қалашығынан оңтүстік-шығыс бағытта 17 км, Теңіз кенішіндегі Т-52 сважинасынан солтүстікке қарай 700 м., жерде орналасқан. Құмтөбенің орта бөлігі сым шарбақпен қоршалған. 8 сурет.

GPS координатасы: UTM 39t	Pulkovo 1942(1)
N 46° 10, 250	N 51 16 208
E 053° 31, 342	E 6 94 713

Құмтөбелі қабір мен қоныстың жалпы көлемі – шығыстан батысқа қарай 200 м, оңтүстіктен солтүстікке қарай 150 м., жерді алып жатыр. 9 сурет.

Бұл жерде карьерлік жұмыстар жүріп, ескерткіш бұзылған. Құмтөбенің қазіргі биіктігі салыстырмалы түрде жазықтықтан 3-4 м., биік, бірақ, бұл алғашқы биіктігі емес. Биік шағыл басына жерленген адамдардың сүйектері қабірдің үстіңгі топырақ қабаты алынуынан жер бетіне шығып қалған, әрі айналаға шашылған. Көп уақыт беті ашық жатқандықтан, табиғи факторлар әсерінен сүйектер бұзылған. 10 сурет

Құмтөбелі қабірден беткі топырағы ашылып жатыр, шашылмаған адам сүйегі кездесті. Басы оңтүстікке қаратып жерленген, бас сүйегі салыстырмалы түрде үлкен, денесінің ұзындығы екі метрге дейін жетеді.

Сол жақ сан сүйегі тұсынан бір-біріне жабысып қалған 36 жебе ұшы мен сақинаның сынығы табылды. Жәдігерлер қоладан жасалған. 11-13 сурет.

Құмтөбедегі шашылып жатқан сүйектер арасында қабір басына қойылған қола дәуірінің керамикалық ыдыс сынықтары да бар. Олар да карьерлік жұмыстар кезінде сынып, шашылған.

Құмтөбелі қабірдің батыс беті адамдар мекендеген қоныспен жалғасады. Қоныс құмтөбелі қабірден -3 м., төмен орналасқан. Қоныстың территориясы шеңберленіп келген, диаметрі 40 м.,

болады. Мәдени қабаты әр жерде түрліше, 20-30 см., аралығында. Мәдени қабаты топырақ алу жұмыстары кезінде зақымданған.

Қоныстың ортаңғы бөлігінен дөңгелек пішінді ошақтың орны анықталды, диаметрі – 50 см. Жалпы, қоныс территориясында от жағылған жерлер көп.

Қоныс орнында мал сүйектері мен қыш ыдыс сынықтары көптеп шашылып жатыр. Мал сүйектерінің ішінде ұсақ малдың (қой, ешкі) сүйектері көп, ірі малдың сүйектерін де кездестіре аламыз. Қола дәуіріне жататын күйдіріліп жасалған керамика сынықтары жиналды. Ыдыс ернеулері сыртына қайырылып жасалған, сыртқы бетінде ешқандай өрнек байқалмайды. Құмтөбелі қабірдің үлкен территорияны алып жатуы, яғни, сол жерде өмір сүрген адамдар, сол төбеге жерленген болса керек. Ескерткіштің уақыты – темір дәуірі.

Нысана №13. Құмтөбелі қабір Құмтөбе Шаңырақ вахташылар қалашығынан оңтүстікке қарай 2,4 км., жерде, Сарықамыс тас жолының шығысында 1 км., жерде орналасқан. 14 сурет.

GPS координатасы: UTM 39t	Pulkovo 1942(1)
N 46° 15, 843	N 51 26 386
E 053° 27, 164	E 6 89 022

Құмтөбенің пішіні трапеция тәріздес, көлемі шығыстан батысқа қарай: оңтүстік беті 350 м., және солтүстік беті 450 м; солтүстіктен оңтүстікке қарай: батыс беті 270 м, шығыс беті 400 м. 15 сурет.

Бұл территорияда топырақ алу жұмыстары жүргізілген. Құмтөбенің биіктігі, топырақ алынбаған жерде 3 м., шамасында болғанын көреміз. Осы жұмыстар кезінде ашылып қалған адам сүйектерін аумақтың барлық жерінен кездестіруге болады 16 сурет.

Құмтөбелі қабірдің орта бөлігінен, уатылып қалған адам сүйегі маңынан, қоладан жасалған айна сынықтары табылды. Сол маңнан сланецтен жасалған қайрақтар, қызыл, ашық қоңыр түсті керамикалық ыдыстардың сынықтары табылды. Керамика бөліктерінің ішінен көлденең тік сызықты параллельдің ортасында қисық үзік сызықты өрнегі бар ыдыс бөліктерін атап өтуге болады. Құмтөбеден ашық түсті кремнийден жасалған жебе ұшы табылды. Жебе ұшының әлсіз білінетін тістері бар, көлемі кішкентай, ұсақ аң аулауға арналған. Жинақталған жәдігерлердің ішінде дөңгелек пішінді, ортасы тесілген тас бұйым бар. Бұл бұйымды қайрақ ретінде пайдаланса керек. 17 сурет.

Осындай жәдігерлердің табылуына байланысты құмтөбелі қабірдің қола дәуіріне жататындығы анықталды.

Нысана №15. Теңіз кен орны. Құмтөбелі қабір Құмтөбе Шаңырақ вахташылар қалашығынан оңтүстік бағытта 27 км., жерде, SGI-дан (шикі газ айдау зауыты) шығысқа қарай 7 км., жерде, ГЗУ 14-тің (басты өлшеу қондырғысы) солтүстік-батысында орналасқан. 18 сурет.

GPS координатасы: UTM 39t	Pulkovo 1942(1)
N 46° 03, 848	N 51 04 149
E 053° 26, 074	E 6 88 295

Құмтөбенің көлемі оңтүстіктен солтүстікке 450 м, шығыстан батысқа 150 м. Құмтөбеде топырақ алу жұмыстары жүргізіліп, - 4 м., шамасындағы тереңдікте топырақ алынған. Жұмыс жасалынған карьердің ортасында биіктігі 5 метрге дейін жететін төбе қалдырылған. 19 сурет.

2004 жылы төбе басынан карьерлік топырақ алу кезінде өте көп адам сүйектері шыққан, сондықтан ол жердегі жұмыс тоқтатылған. Жұмыс кезінде осы жерден шыққан адам сүйектерін жинап құмтөбенің шығысына жерлеген. Сүйектер көмілген жерді темір төртбұрышты шарбақпен қоршап қойған. Шарбақтың көлемі 2x2 м, биіктігі 0,5 м. 20 сурет.

Карьердің ортасындағы төбенің басында шашылып жатырған адам сүйектері өте көп. Сүйектер көп уақыт беті ашық жатқандықтан табиғи факторлардың әсерінен ұсақталып кеткен .

Құмтөбенің астында әлі де адам сүйектері бар. Топырақ көшкен кезде сүйектердің беті ашылуы мүмкін. Адам сүйектерінің кейбірі қасындағы қола бұйымдардың әсерімен, жасыл түске боянған.

Жерленген адам сүйектерінің қасынан қола ғасырлық керамика сынықтары, қола бұйымдардың кішкентай бөлшектері табылды. Сонымен қатар, сақталуы нашар, қылыштың сынықтарына ұқсайтын темір қалдықтары табылды. 21 сурет.

Құмтөбенің оңтүстігінен, топырақ алу жұмыстары жүргізілген жердің шетінен көптеген жәдігерлер: қола жебенің ұшы, өңделген мал сүйегі, керамикалық ыдыс сынықтары, мыс тиын және мұсылмандар айшығына ұқсас мыс бұйым табылды. Мал сүйегінің екі шеті тесіліп, тегістеліп өңделген; керамикалық ыдыстар – қызыл қыштан жасалған, сырты қызыл түспен боялған, мыс тиын – Алтын Орда мемлекетінің билеушісі Жәнібек ханның атынан аль-Жадидте соғылған, араб қарпімен номиналы жазылған, бетіне екі басты қыран белгісі соғылған, ал мұсылмандық айшық бұл жерде халықтың орта ғасырларда ислам дінін тұтынғанын көрсетеді. 22-24 сурет.

Нысана №29. Теңіз кен орны. Құмтөбелі қабір және қоныс. Нысана Шаңырақ вахташылар қалашығынан оңтүстік бағытта 32 км., жерде, Т-123 скважинасының оңтүстік-шығысында 700 м., жерде орналасқан. 25 сурет.

GPS координатасы:	UTM 39t	Pulkovo 1942(1)
	N 46° 01, 230	N 50 99 237
	E 053° 24, 365	E 6 68 195

Бұл жердегі үлкен төбеде қабірлер орналасқан, ал қабірлердің шығысында қоныстың орны бар. Объектінің жалпы көлемі оңтүстіктен солтүстікке 200 м, шығыстан батысқа қарай 150 м. 26 сурет.

Төбеде топырақ алу жұмыстары жүргізілген. Төбенің солтүстік-батыс бөлігі сым шарбақпен қоршалған. Осындай жұмыстардың әсерінен төбе басындағы қабірлер бұзылып, сүйектер жер бетіне шығып қалған.

Қоршалған сым шарбақ ішіндегі топырақ алынбаған төбенің бөлігі арқылы, төбенің әуелгі биіктігі 3 м., шамасында болғандығын байқауға болады.

Қоршалған шарбақ ішінде беткі топырақтары ашылып қалған 3 адам сүйегі жатыр. Одан басқа да, ретсіз шашылып жатырған сүйектер көп. Осы жердегі басы оңтүстікке қаратылып жерленген адам сүйегінің оң жақ сан сүйегі маңынан орташа көлемдегі қанжар табылды. Қанжар темірден соғылған, ұзындығы 25 см., шамасында. Қанжар тот басып бөлшектеніп сынып қалған.

Шарбақтың сыртынан, беткі топырақтары желмен үрленіп ашылып, жер бетінде шашылмай жатырған 13 адам сүйегі саналды.

Осы жердегі ашық жатырған мәйіттерден сол дәуірдегі адамның жерлену рәсімін анық байқауға болады. Адамдардың бастары оңтүстікке қаратылып, шалқасынан жатқызылып жерленген.

Адам сүйектері қатар-қатарымен орналастырылған, бір қатарда жерленген 4 адам сүйегі жатса, осылардан төменде тағы 2 адам сүйегі жер бетінде ашылып қалған.

Төменде жерленген екі адам сүйегінің бірі - жас қыз баланың сүйегі. Осы сүйектің оң жағынан, мойын тұсынан бүтінмен сақталып қалған қола айна табылды. Айнаның пішіні дөңгелек, диаметрі – 12 см, беті тегіс келген. Сонымен қатар, осы сүйек маңынан әр түрлі пішіндегі ұлутастан, хрустальдан жасалған моншақтар табылды. 27-29 сурет.

Сүйектен төмен үлкен көлемдегі қыш құмыра көмілген. Құмыраның үстінгі бөлігі сынып, сақталмаған, ал, астыңғы бөлігі топырақ астында көміліп жатыр. Осы құмыраны аршу жұмыстары жүргізілді. Құмыраның бүйірінен түбіне дейінгі сақталып қалған бөлігінің биіктігі 20 см. Диаметрі 30 см, қабырғаларының қалыңдығы 2 см., шамасында. Қыш ыдыс жабыстыру әдісімен жасалынған.

Қоршау сыртындағы беткі топырағы ашық жатырған тағы бір адам сүйегінің сол жақ саны тұсында темір қылыш бөліктері сақталған.

Шашылып жатқан адам сүйектерінің арасынан ұсақталған мал сүйектері де кездесті.

Құмтөбелі қабірдің шығыс бөлігін адамдар мекендеген қоныстың орны алып жатыр. Бұл жерде диаметрі – 60 см., шамасында болатын ошақтың орны сақталып қалған. Сондай-ақ, қыш ыдыс сынақтары табылды. Қыш ыдыстардың арасында қызыл қыштан, сұр қыштан жабыстыру әдісімен жасалған ыдыстар бар.

Құмтөбелі қабірдің көлемі жағынан үлкендігі және бұл жерде қоныстың болуы – осы жерді адамдар тұрғылықты мекендегеніне дәлел бола алады.

Нысана №32. Теңіз кен орны. Қорғандар тобы. Шаңырақ вахташылар қалашығынан оңтүстік-шығысқа қарай 30 км., жерде орналасқан. Бұл жерде үш қорған бар. 30-31 сурет.

Қорған 1 Т-100 скважинасының солтүстікке 150 м, ГЗУ-33-тен (басты өлшеу қондырғысы) оңтүстік-батысқа 350 м., жерде орналасқан. Қорғандар тегіс жазық жерде орналасқан.

Екі қорғанның GPS координатасы:

UTM 39t	Pulkovo 1942(1)
N 46° 03, 583	N 51 03 354
E 053° 18, 340	E 6 78 353

Бірінші қорғанның диаметрі – 30 м, биіктігі 3 м., шамасында, топырақтан үйілген. Қорғанның үстінде триангуляциялық белгінің бетон сынықтары мен құйылған цемент қалдықтары бар. Қорғанның батыс жағында әлсіз байқалатын ор бар.

Бірінші қорғанның оңтүстік-шығысында 30 м., жерде екінші қорған орналасқан.

2 қорған биіктігі 3 м, диаметрі 30 м., болатын топырақ үйіндісінен тұрады. Қорғанның оңтүстік жағынан топырақ алынған. Бұл қорғанның да батыс бетінде әлсіз байқалатын ор бар.

Қорғандардан оңтүстікке 350 м., жерде үшінші қорған орналасқан.

3 қорған Т-100 скважинасынан оңтүстік-шығысқа 100 м, Батыс Қарасор-12 скважинасынан солтүстікке 50 м., жерде орналасқан.

GPS координатасы:	UTM 39t	Pulkovo 1942(1)
	N 46° 03, 353	N 51 02 929
	E 053° 18, 100	E 6 78 049

Қорғанның диаметрі 60 м, биіктігі 2 м, топырақтан үйілген. Қорғанның оңтүстік және солтүстік жағынан топырақ алынып, зақымданған. Қорғандар тобының уақыты ерте темір дәуірі.

Алдыңғы екі қорғанның қорғау аймағы 50 м жерден бірге белгіленді, ал соңғы қорғанның қорғау аймағы бөлек алынды.

Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауының қолайлы табиғи-климаттық жағдайы (шабындық пен су көздерінің молдығы) халықтың ерте заманнан бастап орта ғасырда, жаңа заманда да осы территорияны қоныстанып, игеруіне негіз болған.

Халықтың бұл ауданды тығыз орналасқандығын анықталып отырған тұрақтар мен қоныстардың, қорғандар мен құмтөбелі қабірлердің, жаңа заманғы рулық қорымдардың көптігі мен жақын орналасуынан да көреміз.

Өкінішке орай, тексеру жұмыстары жүргізілген аймақтағы мұнай-газ өндіру мақсатындағы көптеген құбырлардың жүргізілуі, әр түрлі бағыттағы автокөлік жолдары, карьерлік жұмыстардың жүргізілуі сияқты шаруашылық-өндірістік жұмыстар археологиялық ескерткіштердің сақталуына кері әсерін тигізген.

Археологиялық объектілер орналасқан төбелерде негізінен карьерлік топырақ алу жұмыстары жүргізілген. Осы жұмыстар нәтижесінде көне дәуірлерде құмтөбелерде жерленген адам қабірлері қопарылып ашылып, сүйектері жер бетіне шығып қалған, ашық аспан астында шашылып жатыр, ауыр техниканың астында уатылып қалған, көбі топырақпен бірге алынып та кеткен. Адам сүйектерімен бірге көмілген жеке заттары осындай карьерлерде шашылып жатыр. XIX ғасырға жататын Құрайыш ата қорымынан да осындай көрініс анықталды. Кейбір нысаналардың сүйек шыққан бөліктері темір сым шарбақпен қоршалған.

Карьерлік жұмыстар негізінде қоныстар мен тұрақтардың мәдени қабаттары бұзылып, жәдігерлер топырақпен бірге алынып кеткен.

Территорияны тексеру барысында толығымен жойылып кеткен ескерткіштер де анықталды. Мысалы Тұрланды учаскесіндегі рекультивация жасалған көлемі үлкен карьерден қола дәуіріне жататын керамикалық ыдыс бөліктері анықталды. Яғни, бұл жерде қола дәуірінің ескерткіші болған, жер игеру кезінде ескерткіш толығымен жойылған. Осындай тағы бір объект – Шаңырақ вахташылар қалашығына ншығысқа қарай 2 км., жерде рекультивация жасалған карьерден анықталды. Бұл жерден көп мөлшерде керамикалық ыдыстың фрагменттері анықталды. Беткі топырақтары қайта жабылған кезде топырақ арасындағы жәдігерлер топырақпен бірге жерге жайылған.

Ендігі кезекте, аймақтағы бұзылған ескерткіштерге шұғыл құтқару жұмыстарын жүргізіп, ашылып қалған құмтөбелердегі сүйектерді қайта жерлеу қажет. Өйткені, бұл территориядағы ескерткіштердің жойылуына жол беру – қазақ тарихының бір бетінің жойылуына жол беру деген сөз. Құмтөбелі қабірлердегі, қорымдардағы адам сүйектерінің жер бетінде шашылып жатуы – материалдық қажеттілік үшін ешқандай моральсыз өмір сүріп жатқанымыздың дәлелі болмақ.

Территорияда жер игеру жұмыстары кезінде жер бетінде ешқандай белгілері байқалмаған ескерткіштер әлі де анықталуы мүмкін екендігі ескерілуі қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Атырау облысы Жылыой ауданындағы «Теңізшевройл» ЖШС- не қарасты территорияда тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау жөнінде жүргізілген зерттеу жұмыстарының ғылыми есебі. Атырау, 2009 ж.
2. Атырау облысы Жылыой ауданындағы ТШО компаниясына қарасты Теңіз кеніші аймағының археологиялық барлау экспедициясының қысқаша ғылыми есебі. (Касенов М.С.). Атырау, 2006 ж.

ӘОЖ. 903.3

ҚАЗАҚТЫҢ БАСПАНАСЫ МЕН ТҰРҒЫН ҮЙ-ЖАЙЫ ХАҚЫНДА

Алипова Д.Ж.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Материалдық мәдениеттің құрамдас бөлігіне айналған баспана көне дәуірлерден бері адамдардың іс-әрекетінің жемісі ретінде қоршаған ортамен өзара тығыз байланыста қарастырылып келе жатыр.

Табиғат жағдайы мен географиялық бітімге ыңғайланып қалыптасқан шаруашылық халықтардың тұрмыс-салтын анықтады. Адамзат баласы табиғи ортаға бейімделу барысында жер бедерінің ыңғайына қарай баспана мен тұрғын жайларды сала бастады[1].

Қазақтың көшпелі мал шаруашылығының өріс, қоныстары жылдың төрт маусымына қарай қыстау, көктеу, жайлау және күзеу деп төртке бөлінді. Әдетте көктеу мен күзеу бір орында болды.

Қыстауда малшылар құйма кесектен немесе соқпа тамнан яки тастан қаланған үйлерде, орманды өңірлерде ағаштан қиылған үйлерде қыстады, жылдың басқа мезгілдерінде киіз үйде отырды.

Бірнеше үй бір ауыл есептелді. Ауыл дегеніміз – бір атадан таралған бірнеше туыстас отбасы. Олардың өріс-қоныстары бір болды., шаруашылықты бірлесіп жүргізіп, бірге көшіп-қонып жүрді.

Қазан төңкерісіне дейін қазақтардың көшпелі өмір салтын ұстанып келгені белгілі. Көшпелі өмірге ыңғайлы тұрақ киіз үй болды.

Киіз үй – ежелгі көшпелі өмір сүрген адамдардың жылжымалы негізгі баспанасы болған. Ол тез жығылып, шапшаң тігуге ыңғайлы, көшіп-қонуға лайықталып жасалады. Киіз үйдің пайда болуы қола дәуіріне тура келеді (б.з.б. 3 мың жылдық). Киіз үй біздің заманымыздан бұрынғы VII ғасырда кеңінен пайдаланылып, киіз басу белгілі бір еңбек кәсібіне айналды[2].

Киіз үй – көктем, жаз және күз мезгілдерінде қоныстан қонысқа көшіп жүру жағдайына қолайлы құрама үй. Оның қабырғасы айқыш сағанақтардан көктелген керегеден тұрғызылады. Кереге әдетте екі түрлі болады. Оның бірі кең көзді кереге «жел көз» деп аталады. Бұл артуға жеңіл, бірақ желге төзімсіздеу келеді. Екінші түрі тар көзді кереге «торкөз» деп аталады, ол артуға ауырлау болғанымен, желге өте төзімді. Кереге жылжымалы болып бөлек-бөлек қанаттан жасалады. Ал керегеден жоғары сидам, жіңішке ағаштан жұмырлап жасалып, қарны иілген уықтардан қаусырыла күмбез шығарылады. Уықтардың аяғы дөңгелене жайылған керегенің аша басына айқастырыла байланып, үші (қаламшасы) шаңырақтың көзіне шаншылады. Шаңырақ үй күмбезінің төбесі әрі терезесі. Керегенің сыртынан әр алуан бояулы жүн оралып, өрнек түсіріліп тоқылған ши ұсталады. Кереге мен уықтар кермебау, басқұр, құр және басқа да бау-шулармен бекітіледі. Үй ағашының сыртынан арнаулы үй киіздері – қабырғасына туырлық, үстіне үзік, төбесіне түндік жайылады. Бұл үй киіздері бау-шулар арқылы ұштастырылады. Киіз үйдің есігінің биіктігі бір жарым метр, ені 0,8 метр келеді. Оның ағаштан оюлап жасалған «сықырлауық» деп аталатын жарма есік орнатылады. Сықырлаық сыртынан ораулы шиден тоқып, оюлы киіз қаптаған жаппа есік түсіріледі. Үйдің ортасында тамақ асатын ошағы (тағаны) яки дөңгелек темір пеш болады. Үйдің оң жағында төсек, оның тұсына тұскиіз ұсталып, төсек қоршап шымылдық тартылады. Үйдің төріне жүкаяқ қойылып, оның үстіне абдыра, көрпе-жастық, тағы басқа жүктер жиналады. Үйдің сол жағына кебеже, қазанаяқ, саба сияқты ыдыстар қойылады.

Ауқатты отбасының үй іші сәнді болады. Үй-ішіне түрлі-түсті пұлдан оюланған тегеріштер, туырлық қастар ұсталып, кереге түс киіз, кілем-кілшелер тартылады. Үй тағанына оюлы откиіз, текемет, сырмақ, кілем-кілше төселеді. Кереге, уықтар сырланып, кейде жез, күміс құймалар қағылады, үйдің сырты дәдеге ою-өрнектермен әсемделеді.

Келінге арнап көтерілген үй «отау» деп аталады. Бұл отаудың барлық жасау- жиһазы жаңадан жасалады, іші-сырты әшекей ою-өрнек, кестелермен безендіріледі. Той кезінде ұзатылған қызға арналған барлық киім-кешек, жасау-жиһаз ішіне жайылып, гүл жайнап көз тартады. Бұл бейне қазақ халқының ісмерлік өнері мен ою-өрнек кестелерінің көрмесі тәрізді.

Қатардағы шаруалардың төрт қанат, ауқатты байлардың алты қанат үйі болды. Ал сегіз қанат, он екі қанат үйлер ірі феодал, хан-сұлтандарда ғана болады. Ол «Ақ Орда» деп аталады. Бұл ордалар салтанатты мерекелерге арнап тігілетін болды. Қазақ кедейлерінің киіз үйлері өте жұпыны еді, киізі тозып, түгін сіңіп кеткендіктен «қараша үй» деп аталды. Кедей-жалшылар шанышпа уықтар мен шаңырақтан құралған «шанышпа қос», «лашық» атанған жұпыны үйлерде өмір өткізді[3].

Киіз үйлердің үлкен-кішілігін керегелер санына қарай белгілейді. Академик Ә.Марғұланның айтуынша киіз үйлердің екі, үш қанаттан бастап он екі, он сегіз, отыз қанатқ дейін жететін үлкен түрлері болған[4]. Киіз ақ үйлердің түрлері мен атаулары да көп. Бұларды ақ ала орда, ақ орда, ақ шаңқан, алтын орда, алтын үзік деп атаған. Ал орташа шаруа мен кедей шаруаларға тән киіз үйлерді алты қанат ақ үй, боз үй, қоңыр үй, қара үй, қара лашық, қалмақ үй, лашық аран, жаба салма, көтерме туырлықты, кепе, ұранқай, күрке, қамсау, (шошала) отау, итарқа, жаппа деп атаған.

Ірі байлар 8-18 қанат сәнді үйлердің киіздерін ақ жүннен басып, үстінен күйдірген әкпен, ақ бормен, күйген сүйектің күлімен ағартып бояған. Ал кішігірім қақыра немесе қалқа сияқты үйлер көбінесе соғыста майдан шебіндегі далада, кейде қорған есебінде тігілетін.

Қазақ киіз үйлерінің негізінен «қыпшақ үлгісі», «қалмақ үлгісі» деп аталатын екі түрі болған. Оның біріншісі – иығы шығынқы, мінсіз дөңгелек те, екіншісі - еңсесіз шошақ үй. Көне Дах массагеттерде шошақ, не жартылай сфералық түрдегі, ағаш пен киізден тігілетін күрке немесе киіз үй сияқты алып жүруге ыңғайлы жиналмалы тұрғын үйлерді пайдаланғанын дәлелдейді [5]. Қазақ киіз үйлерінің «үздік үй», «көтерме туырлықты» үй деп аталатын да түрлері бар. Көтерме туырлықты киіз үйде бөлек үзік болмайды, оның орнына туырлық шаңыраққа бір-ақ жетіп тұратын биік қасты болып жасалады [6]. Киіз үйдің жықпалы түрімен қатар, киіз формасында жасалған (дық, шошала), тұрақты түрлері де болған. Бұл жөнінде Каспий теңізінен солтүстікке және солтүстік шығысқа қарай созылып жатқан жерді мекендеген көшпелілердің тұрғын үйлерінің формалары туралы келтірген антик тарихшылардың деректері аса қызық екенін академик Ә.Марғұлан да жазған.

Үнемі көшіп-қону жағдайына қарай батыс өңірінде, әсіресе Маңғыстауда үзгі мен туырлығы бірге көтерме туырлықты үш, алты қанатты кішірек киіз үйлер кеңінен таралған. Көбінесе мұндай үйлердің сүйегін шаңырағынан бастап төменгі іргесіне дейін тұтас жететін үш-төрт бөлек көтерме туырлықтармен жабады. Киіз жамылыштың сыртынан екі белдеу арқанмен тартып: біріншісін, керегенің дәл ортасынан жүргізсе, екіншісін, керегенің жоғарғы жағынан бастыра байлап тастайды.

Көтерме туырлықты үйлердің Ойыл және Сағыз өзендерінің бойындағы адай мен әлім елдерінде де кездесетіндігін Батыс Қазақстанды зерттеген профессор С.И.Руденко да атап көрсеткен[7]. Осы дәлелге қарағанда мұның өзі нағыз көшпелі адай және Оңтүстік Қазақстан облысындағы бағаналы елдерінде сақталған киіз үй жамылышының ең бір ескі түрі болуының мүмкін екенін профессор Х.Арғынбаев та көрсеткен[8]. С.И.Руденконың пікірі бойынша туырлығы үзгі бөлек жасалатын киіз үй жамылышының түрі солтүстік жақтағы қазақтарға тіпті бертін пайда болды. Киіз үй жамылышының «көтерме туурдук» деп аталатын мұндай түрі Талас өзенінің бойы мен Қырғызстанның оңтүстігіндегі қырғыздар арасында да кездеседі. Қысы-жазы бірдей көшіп-қонып жүрген малды ауыл киіз үйдің қадірін қашаннан-ақ жақсы білген. Әрине, киіз үйдің қыста жылы, жазда салқын болғаны жөн. Ең абзалы, мұндай үй көшіп-қону кезінде тез сынып қалмайтын, берік әсіресе оның ағаш бөлшектері ыстық-суыққа қақырап кетпейтін, төзімді болуы шарт. Осындай киіз үйдің көлемі мен жасау жиһазы да Маңғыстау қазақтарының көшпелі өміріне бейімделе жарасқан, киіз үй жауында су, ыстықта күн өтпеске жақсы, тынысы кең, ауасы таза, сырттағы тіршіліктің тынысын үнемі біліп отыруға өте қолайлы. Оны 2-3 кісі жарты сағатта тез тігуге болады. Керек болған жағдайда үйді жықпай, ішкі жағынан ірге аударып қонуға да ыңғайлы.

Батыс өңірі киіз үйлерінің жергілікті табиғат жағдайына сай көшіп-қонуға ыңғайлы, ықшамдығы жағынан ешбір көшпелі елдің асып түспегенін әркездегі зерттеушілер атап кеткен. Маңғыстаулықтардың «түйенің қомында – аттың жалында» дегендей көшпелі өміріне байланысты олардың көш-жөнекей тігетін кішкене киіз үйлерін – «адайдың жолма» үйі дейтін. Мұндай үйді басқа ауданның қазақтары әдетте жылқы қосына беретін.

Талай ғасырлық көшпелі тұрмыс тәжірибесінен туған қазақтың киіз үйі – күннің аптабы мен түннің дым-сызынан, жауын-шашын мен аңызақтан, бораннан сақтануға ыңғайлы, әрі ауалы, әрі жарық болудың үстіне көші-қонға қолайлы болды; оны жарты сағат ішінде жығып-артуға да, жарты сағатта көліктен түсіріп, тігіп алуға да болатын еді.

Қазақтардың қарашадан наурызға дейін отыратын тұрақты қонысы «қыстау» деп аталады. Әдетте қыстау ықтасын жерлерге, өзен бойларына, шөбі шүйгін, суы мол, отынды, түңкелі жерлерге салынды. Қыстаудағы үйлердің жағдайы сол өңірдің географиялық жаратылыстық жағдайларына және ауа-райына байланысты болды. Қалың орманды жерлерде ағаштан, орманы аз жерлерде құйма кірпіштен, соқпа дуалдан, таулы жерлерде тастан салынды. Бұл үйлер төрт бұрышты, текше төбелі келеді. Үй ішіне балшық немесе темір пеш орнатылады. Бұл үйлермен қатар ерте заманнан келе жатқан «шошала» деп аталатын шошақ төбелі үйлер болды. Шошаланың құрылысы қазақтың киіз үйіне ұқсайды, оның аумағы дөңгелек яки көп қырлы, керегесі тастан, яки құйма кірпіштен 2,5 метр биіктікте қаланып, үстіне уық тәрізді тарам-тарам сырғауылдар көлбей шаншылып, күмбез тәрізді қауыстырылады. Сырғауылдардың түбі қаланған қабырғаларға тіркеліп, ұшы төбедегі шаңыраққа таңылады да сыртынан тоқылған қамыс және шыбық жабылып, оның сырты балшықпен сыланады. Ішіне төрт яки алты арыс қойылып, тіреу тіреледі. Шошаланың ортасына ашық жағылған оттың түтіні шаңырақтан шығады, қыста осы шошалада тамақ пісіреледі және соғымның еті арыстарға асылып, сүрленеді.

Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның көп жерінде ХҮІІІ ғасырдың аяғында тұрақты қыстақ үйлер пайда бола бастаса, ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының тұрақты қыстақтарда тұруы бұқаралық сипат алды. Ал батыста, Маңғыстау, Ақтөбе өңірі қазақтары болса ХХ ғасырдың басында да жыл бойы ағаш (киіз) үйде тұруын жалғастыра берді. Неміс профессоры Р.Карутц Маңғыстауға соңғы рет 1909 жылы келген сапарында «адайлар ағаш үйде қыстайды»[9] деп жазды. Мұның басты себебі Маңғыстаудың табиғи-географиялық ерекшелігі мен халқының мал шаруашылығымен айналысу ерекшелігінен екенін көруге болады. Бұған Маңғыстау түбегінің қысты күні жылы болуы да айтарлықтай әсер етті. Тіпті қыс қатты болатын жылдары қазақтар Хиуаға қарай көшетіндіктен олар тұрақты үй салмай-ақ күн көре алған.

1926 ж. Батыс өңірінде болған СССР ҒА-ның С.И.Руденко бастаған экспедицияның зерттеулерінде адайлар үй салып отырықшылыққа көшкісі келсе, кез-келген бұлақ жағасына үй салып алуға ерікті болғандығын, мұндай жақтардың қора-қопсысы мен қыстақ үйіне, әдеттік құқы бойынша, ешкімнің қол сұғуға хұқығы болмағандықтан, оның атадан балаға мұра есебінде қала беретіндігін атап өткен. Маңғыстау қазақтарының алғашқы тұрғызған тұрақты үйлері қазақтың киіз үйіне еліктеп жасалған-дық, шошала сияқты түрлері болған. Олар тас, қамыс немесе әртүрлі бұталардан жасалатын. Бұлардың формасы басқа облыстардағы «шошала», «жертөле» сияқты болып келетін. Ал кейініректе төрт бұрышты тас үйлер де салынатын болды[10]. Маңғыстаудағы жертөле салушылар тереңдігі 1,5 м.

жер қазып, қабырғаларына қамыс ұстап тас өріп, төбесін ұзын ағаш және қамыспен жауып, топырақпен бастыратын. Төбеден жарық түсіп, түтін шығып тұру үшін саңылау тесік қалдырған. Ол кездерде үй салу негізінен Қаратау мен Ақтау бойындағы суы бар жерлерге әркім өз бетімен орналасуына байланысты жоспарсыз жүргізілді. Жоспарлы түрде тұрақты мекен салу тек ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезінен басталады. Соның өзінде мұндағы осы күнге дейін берік сақталып келе жатқан жақсы дәстүр киіз үйлерді жазды күні кеңінен пайдалану екені даусыз.

Қазақтың киіз үйі әлі ескірген жоқ, қайта етек алып жылдан-жылға көбеюде. Көшкенде алып жүруге ыңғайлы әрі жайлы үй ретінде біздің елімізде ол кеңінен қолданылады. Киіз үй өнеркәсіп, мәдениет, қоғамдық тамақтану саласында бара-бара қолданылуда, тіпті біздің елімізден басқалар да оған көңіл аударуда.

Негізгі қарекеті мал шаруашылығымен сабақтас халқымыздың, оның ішінде Батыс өңірі қазақтарының байырғы тұрғындары үшін ағаш киіз үйдің орны ерекше. Халықтың әл-ауқатының жақсарып, талғамының кемелденуі ағаш үй мәдениетін жасақтауда да көрініс беруде.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бикенов А. Қазақтың материалдық мәдениеті. Астана – 2010, 11-бет
2. Асанова С., Птицина А. Қазақтың ұлттық киімдері. Астана, 2011, 129-130 бб.
3. Нығмет М. Қазақтың қысқаша тарихы. А., Жалын баспасы, 1994, 378-379 бб.
4. Маргулан А.Х. Казахская юрта и ее убранство. Москва, 1964, стр.6.
5. Қазақстан тарихы. I том, 1966, 208-209-бб.
6. Қасиманов С. Қазақ халқыны қолөнері. Алматы, 1969, 124-125 бет.
7. Руденко С. Очерк быта казахов бассейна рек Улла и Сагиза, - Соныкі: Антропологические особенности Западных казахов//сб. «Казахи», Л. 1927, вып.3
8. Арғынбаев Х., Захарова И. Оңтүстік Казахстан обылысында ұйымдастырылған этнографиялық экспедиция жұмысының қорытындысы//ТИИАЭ, А-А., 1961, т.ХІІ, 102-бет.
9. Карутц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб., 1910, стр. 67.
10. Востров В.В. Новые материалы по этнографии казахов адаевцев// ТИИАЭ АН КазССР, А-А., 1960, т.УІІІ, стр. 163.

ӘОЖ. 39

ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ, ҚАЛЫПТАСУЫ

Қыдыралин Ү.С.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Қазақстан тәуелсіз ел болғаннан кейін өткен тарихымызды, әдет-ғұрпымыз бен салт-дәстүрімізді, материалдық мәдениетімізді жаңғыртуға бетбұрыс жасалуда. Орталық Азияның ірі этностарының бірі, Евразияның үлкен кеңістігін алып жатқан қазақ этносының өткен тарихы мен мәдениетіне байланысты көптеген мәселелерді зерттеуге назар аударылуда. Отарлық пен Кеңес дәуіріндегі қасаң жүйе халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мәдениетіне елеулі өзгерістер енгізіп, тіліне қауіп төндірді.

Сондықтан ХХ ғасыр қазақ халқының ежелгі мәдениеті, дүниетанымы, әдет-ғұрпы, шаруашылық дәстүрі қандай өзгерістерге ұшырады, оларға әлемдік өркениеттің ықпалы, халқымыз ХХІ ғасырға қандай дәрежеде аяқ ала бастағаны жөнінде арнайы зерттеу жүргізіп, қорытынды жасаудың маңызы ерекше. Сонымен бірге қазақтардың, осы жерді мекендеуші басқа да халықтармен қарым-қатынасы, мәдениеттердің өзара ықпалы жөніндегі мәселеге де айрықша назар аударылуы қажет.

Мемлекеттік хатшы Марат Тажин өткен Қазақстан Республикасының Ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомство аралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде былай деді: «Кең байтақ жеріміздің иесі де, киесі де қазақ екендігінде дау жоқ. Ата-бабаларымыз бұл жерді бізге аманат етіп қалдырған. Біз мемлекет құрушы ұлтпыз» дей келіп, Қазақстандағы басқа этностарды жатсынбауға шақырды.

«Тағдырдың жазуымен елімізге келген басқа этностарды бөтенсінсек, біз алға дами алмаймыз. Сондықтан бұл істе біздің халықтың жауапкершілігі зор. Қазақтар Еуразияның ең байырғы халықтарының бірі екенін ғылыми тұрғыда бүкіл әлемге жария ете білсек, келешек ұрпағымызға ешқандай қауіп болмайды»-деді ол. Бұл тарихи-этнологиялық ұғымдағы тұжырым.

Халықтардың тума өмір-тіршілігімен айналысатын ғылым саласы – этнография (этнология) халықтар туралы ғылым – халықты зерттеу, халықтану, дүниежүзі халықтарының өмір-тұрмысы, салт-санасы, шығу тегі тағы басқа көптеген өмірлік мәселелерді зерттейді.

Халқымыздың ғылым-білімінің этнография саласындағы рухани мұралары ұшан-теңіз. Оның ілкі сілемі сонау Орхон-Енисей ежелгі түркі жазбаларынан (VI-VIIIғ.ғ.) басталып, қазан төңкерісіне дейінгі 14 ғасырлық ұзақ мерзімді қамтиды. Бұл жерде ірі-ірі бел-белестерді ғана атап өтетін болсақ, алдымен айтарымыз кезінде Шығыс Аристотелі атанған, қазақ жерінен шыққан энциклопедист-ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби (х.ғ.), Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Иассауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири, Асанқайғы, Шалкиіз Бұхар жыраулардың, Хан-сұлтан, билеріміздің аталмыш мәселеге қосқан үлестері де өз алдына бір төбе.

1724 жылы 1 Петр бұйрығы бойынша Петербург Ғылым академиясы құрылды. Жаңа құрылған академия алғашқы жылдардан бастап ғылымның көптеген салаларына байланысты күрделі мәселелерді ғылыми тұрғыда шешуді мақсат етті. Олардың бірі – Ресеймен көрші елдердің жер-суын, табиғи байлығын, халықтың тұрмысы мен мәдениетін жан-жақты зерттеу болатын. Қазақстан этнографиясының ғылыми зерттелуі де осы академияның құрылуынан басталады.

Ресей академиясының құрылуы Кіші жүз қазақтарының Ресейге бодан болып қосылу кезеңіне сай келді де, қазақ даласын бұдан былайғы этнографиялық тұрғыда зерттеу үшін құрылған ғылыми экспедициялармен қоса, патша өкіметінің отарлық саяси мақсатына сай әскери экспедициялар мен ресми елшіліктер де ұйымдастырылды. Олар өздерінің негізгі мақсатын орындай жүріп, қазақ өміріне байланысты көптеген құнды этнографиялық деректер жинады. Мәселен, Кіші жүз қазақтарын Ресейге қосып бағындыруға көп еңбек сіңірген М.Тевкелевтің елшілігі Қазақ этнографиясына зор үлес қосты. Мәмбет Тевкелев генерал-майор әскери атағы бар жан-жақты білімді, көп тіл білетін дипломат-тілмаш болған. Ол қазақ ру-тайпаларының құрылыс-тізбегін алғаш рет қағаз бетіне түсіріп жазған адам.

1734 жылы сенаттың обер-секретары И.К.Кириловтың (1689-1737) басшылығымен Орынбор экспедициясы ұйымдастырылды. Ол 1735 жылы Ор өзенінің бойына Орынбор қаласын салдырды.

Қазақ өмірі туралы дәйекші хабарларды Ресей астанасы енді тек Кириловтан алып тұратын болды. Орынбор өлкесінің алғашқы картасы Кириловтың басшылығымен жасалды.

1737 жылы И.К.Кирилов өлгеннен соң экспедиция басшысы болып орыстың көрнекті тарихшы-ғалымы және мемлекет қайраткері В.Н.Татищев (1686-1750ж.ж.) тағайындалды. Ол алғашқы жылдардан бастап қазақ өмірін тікелей зерттеуге кірісті. Кіші жүз және Орта жүз хандары мен сұлтандарына тікелей кездесіп, олармен ауызба ауыз сөйлесіп, этнографиялық мағлұматтар жинады. Олар «Ресей тарихы» атты көлемді зерттеуіне енді.

Әрине, бұл жұмыстың бәрі негізінен патша үкіметінің отарлау саясатына байланысты жүргізілген еді. Сондықтан да олар бүкіл халық туралы толық сипаттама бере алмады.

Қазақ жері туралы мәліметті Ресей Ғылым академиясының ресей жерін географиялық және этнографиялық тұрғыда зерттеу үшін 1733-1743 жылдары арнайы ұйымдастырған бірінші академиялық экспедициясы біршама толықтыра түсті. Экспедиция мүшелері Г.Ф.Миллер, П.И.Рычков қазақ халқының тұрмысы мен мәдениетін этнографиялық тұрғыда терең зерттеген ғалымдар. Қазақ халқының әдет-ғұрпы, шығу тегі жайында да орынды пікірлер айтты. Ресей ғылым академиясының тұңғыш корреспондент мүшесі, Орынбор экспедициясының тұрақты қызметкері, Орынбор өлкесінің тұңғыш тарихшысы және Ломоносовы аталған П.И.Рычков кіші жүздегі қазақ даласын талмай зерттеп «Орынбор топографиясы», «Орынбор тарихы» атты еңбектер жазды. Бұл кітаптарда қазақ тарихы мен оның шығу тегі, үш жүзге, көптеген рулар мен тайпаларға бөліну жүйесі, тағы басқа этнографиялық сипаттамалар, нақты деректер кездеседі.

XVIII ғасырда қазақ өмірін зерттеуде 1768 жылы ұйымдастырылған екінші академиялық экспедицияның да маңызы үлкен. Бұл экспедицияда қазақ этнографиясы үшін шетелдерден шақырылған үлкен ғалымдар П.С.Паллас, И.Г.Георги, И.П.Фальк және жоғарыдағы П.И.Рычковтың баласы-Н.П.Рычковтың саяхаттары мен еңбектерінің маңызы зор болды.

Академик П.С.Паллас әсіресе біздің қалада болып, осы маңдағы қазақ ауылдарын аралап көп материал жинады. Осындай саяхаттың нәтижесінде жинаған мәліметтердің негізінде өзінің басты еңбегі болып саналатын «Россия империясының әр түрлі провинцияларына саяхат» атты кітабы 1773 жылы жарияланды. Бұл кітаптың қазақтарға арналған бөлімінде олардың көшпелі өмірі, мал өсіру тәсілдері, үй кәсібі, материалдық және рухани мәдениеті, діни сенімдері, семья және некелік қатынастары, әр түрлі әдет-ғұрыптары сипатталады. Бұл ғалымдардың жазып қалдырған еңбектерінің қазақ этнографиясы үшін құндылығы күні бүгінге дейін жойылған жоқ.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында әлемдік озық мәдениетке өлшеусіз үлес қосқан шоқ жұлдыздар: Шоқан, Ыбырай, Абай, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт сияқты біртуар перзенттердің халқымыздың өзіндік ерекшелікке толы жан жүйесі, этнологиясы жайлы толғаныс-тебіреністерінің алатын орны ерекше.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде туған халқының жарқын болашағы, оның тәуелсіздігі мен бостандығы, рухани өрлеуі жолында қалтқысыз қызмет етіп, осы жолда шыбын жанын пиде еткен аса көрнекті ғұлама қоғамдық қайраткерлер қазақ аспанында шоқ жұлдыздай жарқырап, рухани-мәдени дамудың жаңа кезеңі қазақ Ренессансының (қайта өрлеу) іргесін қалаған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М. Дулатов, Х.Досмұхамедов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев т.б. еді. Осынау біртуар жандардың қазақ өмірін жетік біліп ғылымдар саласына сіңірген тәлім-тәрбиелік, этнографиялық халықтану еңбектері ерекше. Әсіресе жан-жақты ғұлама ғалым Халел Досмұхамедовтың көп қырлы ғылыми еңбектерінің көрнекті бір саласы-этнография, этнология немесе халықтану мәселесі. Осы мәселенің бұрын соңды қалай зерттелгендігін әр кездегі әдебиеттерге көз жүгіртіп ізденімпаздықта қазақ халқының дәстүр салтының өзіндік ерекшеліктеріне баса назар аударып өзінің жазба деректерін қалдырды.

Сол сияқты қазақ этнографиясы деректері ұлы Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде, одан әрі академик жазушы М.Әуезовтың әйгілі эпопеясы «Абай» мен «Абай жолы» романдарында тұнып тұр.

Қазан революциясынан кейін Ғылым академиясы Россия халықтарының этнографиялық картасын жасау мақсатымен арнайы комиссия құрды. Қазақстан бойынша комиссия жұмысына академик В.В.Бартольд басшылық етті. Комиссия мүшелерінің көп жылдар бойы жүргізген жұмысының нәтижесінде 1928 жылы «Қазақ АССР-ның этнографиялық картасы» жасалды.

1926 жылы КСРО Ғылым академиясында кеңестік шығыс халықтарының ұлттық мәдениетін зерттейтін ғылыми-зерттеу институты құрылды. Оның негізгі мақсаты жергілікті халықтардан этнограф ғалымдар дайындаумен бірге олардың тұрмысы мен мәдениетін зерттеу болды. Бұрынғы орыстың георгафиялық қоғамның әртүрлі бөлімшелерінің негізінде Қазақстанды зерттейтін бірнеше жергілікті өлкетану қоғамдары құрылды. Қазақ АССР үкіметінің сұрауымен 1926-1927 жылдары КСРО Ғылым академиясы академик А.Е.Ферманның басшылығымен Қазақстанда жан-жақты ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу үшін комплексті-кешенді экспедиция ұйымдастырылды.

Экспедиция бірнеше отрядтардан тұрды. Оның бірі – антропологиялық отряд профессор С.И.Руденконың басшылығымен Қазақстанның батысында, әсіресе бұрынғы Маңғыстау, гурьев облыстарының территориясында 1926 жылы зерттеу жұмысын жүргізіп, қазақтың этникалық тарихы, шаруашылығы, мтаериалдық және рухани мәдениеті, қолөнері мен үй кәсібі жайында қыруар деректер жинады. Сол деректер негізінде 1927-1930 жылдары бірнеше ғылыми еңбектер шығарды. Олардың қазақ этнографиясының тарихындағы алатын орны өзгеше. Бұл экспедицияның құрамында әйгілі қазақ өмірінің ғұлама білгірі, көрнекті ғалым-экономист, «Алаш» партиясын құрушы Әлихан Бөкейханов Каспий өңірі қазақтарының мәдениеті мен тұрмысы, шаруашылығы жайында өте құнды өзінің зерттеу жұмысын жинаққа енгізді. Сонымен бірге мұнда Ленинградтағы шығыстану институтының студенті Әлкей Марғұлан да (кейіннен академик, өмірінің соңына дейін Қазақстан ҒА тарих, археология және этнография институтының этнография бөлімінің меңгерушісі болды) болған еді.

1932 жылы КСРО Ғылым академиясының қазақстандық базасы құрылды. Оның мақсаты Қазақстанда жан-жақты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу болатын. 1936 жылы академиялық базада аспирантура ашылды. 1938 жылы Қазақстандық академия базасы КСРО Ғылым академиясының Қазақ ССР филиалына, 1946 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясына айналды да оның құрамында тарих, археология және этнография институты ашылды. Этнографиялық зерттеулер енді негізінен осы институттағы этнография бөлімінің үлесіне тиді.

Алғашқы жылдарда қазақ этнографиясының бүкіл Қазақстан жерінде ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге мүмкіндігі болмады.

Сондықтан КСРО Ғылым академиясының Миклухо-Маклай атындағы этнография институты Қазақ академиясына ғылыми кадрлар даярлауда, этнографиялық экспедициялар ұйымдастыруда көп көмек жасады.

Ал, қазіргі Қазақстанның өз алдына егеменді ел болған күнінде қазақ этнографиясының басы қосылып, өз алдына жеке ғылыми-зерттеу бөлімі дәрежесіне жетті. Қазақ өмірі туралы сан-алуан көлемді этнографиялық еңбектер шығарылып, диссертациялар қорғалуда. Атақты этнограф ғалымдар академик Ә.Марғұлан, профессорлар Халел Арғынбаев пен Марат Мұқановтың ғылыми дәстүрін жалғастырушы шәкірттері өсіп-жетілуде. Олар Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, этнология және антропология бөлімі меңгерушісі профессор С.Әжіғали, Еуразия ұлттық университетінің профессоры Ж.Артықбаев, ҚазМҰУ-ң профессорлары У.Шалекенов, Б.Төлеубаев, А.Калыш Қарағанды университетінің археология, этнология және Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, профессор Ж.Артықбаев, ҚазМҰУ-ң археология және этнология кафедрасының меңгерушісі, профессор Б.Төлеубаев, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры Ү.Қыдыралын, т.б. шәкірттер тәрбиелеп, Қазақстан этнографиясын дамытуға өздерінің үлестерін қосуда.

Империялық өктем саясаттан арылған шақта, рухани-мәдени өміріміздің айнасы боларлықтай айғақтарды қайтадан өз халқымыздың күш-қуатынан іздеуіміз заңды. Ал ондай күш-қуаттың қайнар көзі – халқымыздың рухани мәдениеті екені даусыз. Өкінішке орай, науқандық идеологияның шашбауын көтеріп, мәдени мұралардың бары мен жоғын тұтас игеруден гөрі, алалап жинау, біржақты бағалау күні кешеге дейін орын алып келгені мәлім. Сондықтан халық мұрасын толық жинау әдісі қазақ даласында Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың 1998 жылды «Халық бірлігі және ұлттық тарих жылы» деп жариялауынан басталды да, 2000 жыл – «Мәдениетті қолдау жылымен» жалғасты. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы 2004-2011 жылдар аралығында жүзеге асқан осынау бағдарламаның тарих ғылымына оның этнология саласына салған олжасы мол болды, тарихи-этнологиялық аса құнды деректер жиналды, көптеген еңбектер жарық көрді. Мұнда Қазақстанның көп ұлтты мәдениетін жаңғырту, сақтау және өркендету мақсаты қойылды.

Осы түбегейлі жаңару негізінде қазір елімізде ұлттық салт-сана, әдет-ғұрыптар қайта жандана бастады. Осының айғағындай Қазақстан халықтарының ассамблеясынан туындаған жер-жерде ұлттар мен ұлыстардың мәдени орталықтары дүниеге келіп, ұмытыла бастаған халықтық дәстүрге даңғыл жол ашылды. Оның алғашқы көріністеріне соңғы жылдары аталып жатырған ұлттық мейрамдар айғақ. Бұлардың халықтық тәрбиелік маңызы үлкен екендігі бәрімізге де аян.

Қазақстан Республикасының Батыс аймағы – еліміздің даңқын әлемге әйгілеп отырған қазына қоймасы, газ бен мұнайдың және балық, мал шаруашылығының ғана өлкесі емес сонымен бірге ол ежелгі заманның сан алуан сырларын аша беретін, қала берді онда мекендейтін қазіргі қазақ халқының көне мәдениеті мен тұрмысының түп нұсқалары туралы дерегі мол, көне мекендерге жатады.

Батыс Қазақстан аймағы, оның халқының тыныс-тіршілігі мен географиялық көрінісі (ландшафтысы) тарихи-этнологиялық тұрғыда зерттеу объектісі болып тұрғандығы бізді қызықтырады. Сондықтан бұл өлкенің ұлттық тарихы мен этнологиялық мәселелерін жоспарлы түрде зерттеуді қажет етеді. Бұл өлкені тарихи-этнологиялық тұрғыда зерттеуге қызығушылық өткен ғасырлардың өзінде батыс елдерінің, Ресейдің зерттеушілерінен басталған.

Қазақ халқының аса бай тілі, тамаша қол өнері, үлгілі тәрбиелік тәлімі, сирек тарихи-этнографиялық ескерткіштері талай шетел зерттеуші ғалымдарын таңдандырған. Ұлт өнерінің жиынтығы және оның көрсеткіші қазақ киіз үйі өзіміздің және әлем мұражайларының төрінде тұр. Ағаштан, теріден, жүннен, сүйек, мүйізден қарапайым әдістермен жасалған біздің мәдени мұраларымызды басқа да жерлерден, елдерден табуға, көруге болады.

Сөз соңында, Қазақтың этнографиялық салт-дәстүрлерінің ролі туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз еңбегінде былай деп жазған: «Әр халықтың өміріндегі терең имандылық пен рухани негіздерге – дәстүрлерге назар аудару керек. Оның халық өміріндегі ролі еш даусыз. Мәдени дәстүрлер қашан да әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келді. Өзінің тарихи-мәдени тамырларына қайта оралу – бұл, әрине, оң процесс». «Қай халық болса да өз тарихын, төл дәстүр-салтын, ауыз әдебиетін, тілін қастерлейді. Тарих, этнография, фольклор, тіл – халықтың жан дүниесі, оның барша әлем алдындағы айнасы».-екендігін академик М.Қозыбаев та жазып кеткен.

ӘОЖ. 93 (3)

АТЫРАУ АЙМАҒЫНДАҒЫ КӨНЕ ҚАЛАЛАР (АҚТӨБЕ-ЛАЭТИ ҚАЛАСЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА)

Қайырғалиева Г. Айбаров Д.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Атырау облысы Қазақстанның табиғи қазба байлығымен қатар тарихи мұрасы да мол аймақтың бірі. Осындай тарихи мұралар қатарында облыс территориясындағы көне қалаларды да жатқызуға болады. Қазіргі таңда ЮНЕСКО халықаралық ұйымы негізінде қорғауға алынған дара ескерткіш ретінде Сарайшық қаласы әлемге танылып отыр. Дегенмен де, осы Сарайшық қаласынан басқа да көне қалалар мен тұрақтар әлі де өз зерттеушілерін таппай келеді. Осындай қалалар қатарында орта ғасырлық Ақтөбе-Лаэти қаласын атауға болады. Жалпы Атырау өңірі өзінің археологиялық зерттелуі деңгейі кенже қалып отырған өңір болып табылады. Оның айғағы ретінде облыс территориясындағы кейінгі жылдары ашылып жатырған жаңалықтарды айта аламыз. Атап айтқанда, Атырау облысының Жылыой ауданының Аралтөбе деген жерінен табылған сармат дәуірінің ескерткіші. Қазіргі кезде оған екінші «Алтын адам» дәрежесі беріліп, біздің облысымыздың көне және ең маңызды жәдігеріне айналды.

Біздің тақырыбымыздың арқауы болып отырған мәселе – Атырау облысының территориясында орналасқан көне қалалар, қала мәдениетінің дамуы мен ерекшеліктері. Бұл аталған мәселе Ақтөбе-Лаэти қаласының мысалы негізінде зерттеу нысанына алынады. Көшпелі мал шаруашылығы дамыған, ауа райы өзінің қаталдығы және континенталдығымен ерекшеленетін, негізінен қала мәдениеті дамымаған деген тұжырым жасалып келген Атырау жеріндегі өзіндік қала мәдениетінің болғаны нақты деректермен дәлелдеу іске асып келеді. Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауы, екі үлкен теңіз Арал және Каспий арасындағы құрлық, сонымен қатар, осы аралықтағы Жайық, Жем өзендерінің жағалаулары өмір сүруге қолайлы жағдай туғызып отырған. Сондықтан, бұл территорияны халық ежелден-ақ қоныстанып, осы екі теңіз аралығында көшіп-қонып жүрген әртүрлі халықтардың мәдениеттерінің тоғысқан аймаққа айналған. Каспий теңізінің елуден астам әр тілдегі атауының болуы да бұл жерді түрлі халықтың мекендегенінің айғағы. Батыс Қазақстан территориясында қала мәдениетінің дамуы Алтын орда дәуірімен байланысты дамиды. XIII-XV ғасыр аралығында Алтын Орда империясының күшейген уақытында қалалар мен елді мекендер қайта бой көтере бастайды. Қалалар мен елді мекендер енді Батыс Қазақстан мен Еділ өңіріне шоғырланады. Деректерге қарағанда, Еділ өзені бойына астанасы Сарайды қоса есептегенде 80-дей қала салынады. Ал Батыс Қазақстан аймағында қырыққа жуық қала мен елді мекен салынған деп саналады. Соның ішінде астана дәрежесіне жетіп, өркениет орталығына айналған Сарайшық қаласы болды.

Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауы, екі үлкен теңіз Арал және Каспий арасындағы құрлық, сонымен қатар, осы аралықтағы Жайық, Жем өзендерінің жағалаулары өмір сүруге қолайлы жағдай туғызып отырған. Сондықтан, бұл территорияны халық ежелден-ақ қоныстанып, осы екі теңіз аралығында көшіп-қонып жүрген әртүрлі халықтардың мәдениеттерінің тоғысқан аймаққа айналған. Каспий теңізінің елуден астам әр тілдегі атауының болуы да бұл жерді түрлі халықтың мекендегенінің айғағы.

Елімізде археологиялық қазбалар нәтижесінде ежелгі адамдар мекен еткен қоныстарда, тұрақтарда, қалашықтарда, қорғандарда адам еңбегінің белгісі ретінде олардың пайдаланған еңбек құралдары, тұрмыстық заттары, қару-жарақ түрлері, әйел адамдардың әшекей бұйымдары тағы басқа заттар табылуда. Осылайша жүз жыл, тіпті мың жылдықтар бұрын ата-бабаларымыз мекендеген аймақтарда сол заманның өмірі мен шаруашылығынан мағлұмат беретін тарихи жер қабаттары қалыптасып отыр.

Қазақстанның тәуелсіздігімен бірге Сарайшық қаласын зерттеп, оның тарихи-мәдени маңызын көтеру қолға алынып, қала орны мұражай қорыққа айналып, хандар зиратына ескерткіш қойылды. Сарайшық қаласының құландысы Атырау қаласынан солтүстікте 58 шақырым жерде, Жайық өзенінің оң жағалауында, Махамбет ауданындағы қазіргі Сарайшық ауылы түбінде. Қазіргі кезде қаланың жартысы ғана қалған. Қалған бөлігін өзен шайып кеткен. Қазіргі кезде облыстың археолог мамандары Сарайшық қаласы орнына қарсы жағалауды, яғни Жайық өзенінің екінші жағалауында барлау және қазба жұмыстарын жүргізуді ұсынып отыр.

Қала туралы жазба деректерді бізге саяхатшылар мен тарихшылар қалдырған. Қаланың орнында бұрын қандай қала болған, ол қай ғасырда салынып қалай аталғаны туралы мәлімет жоқ.

Археологиялық зерттеулерден қаланың төменгі мәдени қабатынан VIII ғасырлардың жәдігерлері кездеседі. Сондықтан қала орнында ежелгі мекен болғаны анықталып отыр [1].

Сарайшық қаласының орнында бұрын қала болған, бірақ ол туралы қазіргі кезеңде жазбаша мәлімет табылмай отыр. Ал археологиялық мәліметтер тапшы.

Сарайшық орнында X-XII ғ.ғ. Хазарлық Сақсын қаласы болған деген мәліметтерді кейбір зерттеушілер келтіреді. Бұл пікірді С.П.Толстов қолдайды [2]. Ал, Ә.Х.Марғұлан «Сақсын оғыз-печенек қаласы болған»- деп жазады [3].

Махмуд Қашқари Түркі сөздігінде: «Сақсын-Бұлғарға жақын шаһар – Суар деп аталады» - дейді [4].

Ал, Г.А.Федоров-Давыдов Сақсын қаласының жұрты Сарай қаласының астында жатыр,-деп есептейді [5]. Соңғы зерттеулер Сарайшық пен Сақсын қаласы екі бөлек қала екенін анықтар отыр. Сарайшық орны да бұрын мекен болуы мүмкін.

Саяхатшылар Ибн Баттута, Плано Карпини, Вильгельм Рубрук, Джованни Мариньоло, Бальдучи Пеголотти, Антоний Дженкинсон қала туралы құнды деректер қалдырды.

Тарихшылар А.И.Левшин, В.В.Вельяминов-Зернов, П.Небольсин, В.В.Бартольд, Б.А.Греков, А.Юкубовский, А.Чулошников, М.Вяткин т.б. да өз еңбектерінде қала туралы мәлімет береді.

Жазба деректерден көңіл аударалық дерек, 922 жылы Аббасидтер халифы Жафар ал-Муктадир биллахтың елшісі Ибн-Фадлан Бағдаттан Атил (Еділ) бойындағы бұлғар еліне жіберілгенде Джайх (Жайық) өзенінен өткен. «Бұл біз көрген ең үлкен өзен, оның ағысы тым қатты. Шындығында, мен жүктердің қалай ауғанын және өткелде кісілердің суға ағып кеткенін өз көзіммен көрдім. Жалпы, біз өткелден өтерде көптеген адамдарымыздан, түйелер мен жылқыларымыздан айрылды. Біз Жайықтан

төтенше қиындықпен өттік»-деп жазады [6]. Бірақ ол, Сарайшық қаласы туралы дерек келтірмейді, оның Жайық өзенінен өткен тұсы Индер жерінде болған. Қала бұл кезеңде салынбаған болса керек.

Орта ғасырда өткел мен көпірлер, елді мекен мен қала маңына ғана салынған. Шамасы Қарақорымға саяхат шеккен Пано Карпини мен Гильом Рубрук XIII ғ. ортасында Сарайшық қаласы тұсындағы өткелден өткен болса керек.

Пано Карпини 26 ақпан 1246 жылы Қарақорымға саяхатында Жайықтан өткен «...третью – Волгу, это река очень велика, у нее переходит с места на место Бату, четвертая называется Яик (Яес), у нее переходят с места на место два тысячника, один с одной стороны реки, другой с другой стороны» [7].

Ал, жалпы облыс көлеміндегі кешенді зерттеулердің басталуы өткен ғасырдың 50-60 жылдарын қамтиды. Атап айтқанда, алғашқы облыс территориясындағы археологиялық жұмыстар Әлкей Марғұланның басшылығымен 1956 жылы басталады. Ол экспедиция Сарайшық қалашығына археологиялық жұмыстар жүргізіп біздің өлкеміздің мақтанышы болған осы ескерткіштің тарихын жете меңгеруге үлкен мүмкіндік берді.

1975-1983 жылдар аралығында КСРО Ғылым Академиясы Археология Институтының Орал-Еділ бойы экспедициясының жетекшісі Л.Л.Галкин Қызылқоға ауданында және Жайық өзені бойындағы қорғандарға археологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп, зерттейді.

Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы 1989-2004 жылдар аралығында тарих ғылымдарының кандидаты З. Самашевтың басшылығымен Жылыой, Мақат, Құрманғазы аудандарына археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде неолит және ерте темір дәуіріне жататын көптеген тұрақтар мен қорғандар анықталды.

1991 жылы Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы отряд басшысы, жергілікті өлкетанушы В.К. Афанасьев басшылығымен Атырау қаласы маңындағы алтынордалық Ақтөбе-Лаэти қаласына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді.

2005-2007 жылдары археолог М.Қасеновтың басшылығымен тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау мақсатындағы экспедициясы Қызылқоға, Жылыой аудандарына археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, орта ғасырлық Қарабау, Қызылқорған, Қорғанша, Ақтөбе қалашықтарын, неолит дәуіріне жататын Жолай, Сарышағыл тұрақтарын, сонымен қатар, көптеген қорғандарды анықтады.

Қазіргі таңда, Атырау облысында ортағасырлық қалалардан Сарайшық қалашығы, Қызылқорған қаласы, Қорғанша қаласы, Ақтөбе (қызылқоға ауданында), Ақтөбе-Лаэти қалашығы (Атырау қаласы маңында) болғанын археологтар толық дәлелдеді.

Ақтөбе қалашығы Алтын орда кезеңіндегі керуен жолдың бойында XIII-XIV ғасырларда құрылып, өмір сүрген. Қалашық XIV ғасырда Каспий теңізі деңгейінің көтерілуі салдарынан жойылған болуы мүмкін. Көптеген жылдар су астында жатқандықтан мәдени қабаттары өте жақсы сақталып келді. Теңіз суы қайтқаннан кейін, яғни, XX ғасырдың 50-жылдардан бастап қалашық үстінен көптеген қара жолдар салынып, малдардың тапауымен мәдени қабаттары бүліне бастады. Көп жылдар бойы су астында болғандықтан мәдени қабатының құрылымы тығыз сақталған. Сонымен қатар, тұрғын жайлардың орындары мен қабырғалары да өте жақсы сақталған. Алғаш рет қалашыққа 1965 жылы М.С. Мерщнев археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. 1974-1981 жылдар аралығында КСРО Ғылым Академиясы археология институтының Еділ-Орал бойы экспедициясы археолог Л.Л.Галкинның жетекшілігімен жүйелі түрде қазба жұмыстарын атқарды. Көлемі 200 x 80 метр ортағасырлық қаланың мәдени қабатында қалыңдығы 0,15-60 см болатын мал сүйектері мен керамика фрагменттері кездеседі. Табылған жәдігерлерге қарап бұл жерде темір, шыны (әйнек), сүйек, сәндік бұйымдар өңдейтін шеберханалардың болғандығы дәлелденіп отыр. Олардың ішінде арнайы құйылған пішінді заттар, керамикалық ыдыстар, моншақтар, жүзіктер, шыныдан жасалған білезіктер, XIV ғасырға жататын алтын тыйын және т.б. бар. Қазіргі таңда бұл жәдігерлер Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінде сақталған.

Ақтөбе-Лаэти қаласы ортағасырлық қалалар тобына жатқызылады және ол қазіргі Атырау қаласының әкімшілік басқару жүйесіне жататын Теңдік ауылының маңында солтүстікке қарай 2 шақырымдай жерде орналасқан. Қала төменгі Еділ бойынан Орта Азияға қарай баратын сауда керуендерінің жолында пайда болған алтынордалық қолөнершілер қаласы ретінде XII-XIV ғасырларда пайда болған. Қала орнынан табылған заттарға қарағанда оның тұрғындары темірден, әйнектен, сүйектен әртүрлі бұйымдар жасаумен айналысқан. Осы аталған шикізаттардан бұйымдар жасайтын шеберханалар орналасқан. Бірқатар зерттеушілер пікірінше, XVI ғасырда қала тұрғындары Каспий теңізінің көтерілуіне байланысты қаланы тастап кеткен десе, екіншілері Әмір Темірдің Алтын ордаға жорықтары барысында қала қирап, қырғынға ұшыраған деген пікір айтады. Ақтөбе қалашығы 200x80 метр ауданымен, мәдени қабаттары жақсы сақталған. Оның көп уақыт бойы жақсы сақталуының себебі, ұзақ уақыт бойы Каспий теңізі түбінде жатуы. XX ғасырдың 50-жылдарында теңіз тартылды.

Теңіздің тартылуына байланысты қала белсенді түрде бұзыла бастады. Оны мал жолдары да бұза бастады. Мәдени қабаты 0,15-тен 60 см-ге дейін тығыздығы мен оралымдар, малдың сүйектері қыш бұйымдармен сипатталады. Әсіресе, қаланың ежелгі тұрғындар мекені жақсы сақталған.

Археологиялық зерттеу бойынша: қыш ыдыстар, шыныдан жасалған моншақтар, жүзіктер, білезіктер және XIV ғасырға жататын алтын тиын, зергерлік өндірістің қалдықтары табылған. Негізгі табылған заттар есеп-жоспарлары бойынша ежелгі тұрғын мекенге жатады. Ақтөбе қаласы XII- XIV ғ. Төменгі Еділ бойынан Орта Азияға өткен керуен жолдары бойында пайда болып, өмір сүрген Алтын Ордалық мекеннің қалдықтары көрсетеді. Табылған олжалар қала арқылы өткен сауда керуендеріне қызмет еткен - металдан, шыныдан, темірден, сүйектен зергерлік бұйымдар жасайтын шеберханалар болғандығын танытады. Қала, сірә, XIV ғ. Каспий теңізінің көтерілуінің нәтижесінде өмір сүруін тоқтатқан. Оны Жайық өзенінің жоғары тұруы себепті су басқан.

1965 жылы Алтын Орданың тұсында бой көтерген Ақтөбе-Лаэти қаласына археологиялық зерттеулер жүргізілді. Мұнда алғаш археологиялық барлау жұмыстарын М.С.Мершиев жүргізді. Нәтижесінде Ақтөбе-Лаэти қаласының екі қорған ескерткіштен тұратындығы анықталды. В.Афанасьев бұл ескерткішті алғаш 1965 жылы Қазақстан ҒА Шоқан Уәлиханов атындағы тарих-археология және этнография институтының ғылыми қызметкері М.С.Мершиевке көрсетеді. М.С.Мершиев қала орнындағы қалдықтардың молдығына назар аудара отырып олардың бірнеше үлгісін алады. Ол бұл ескерткіш туралы хабарды 1960 жыл жариялайды.

Бірінші ескерткіш – оңтүстік бөлігі негізінен өзара кескін үйлесімі жөнсіз, оңтүстіктен солтүстікке қарай сайды бойлай ұзындығы жетпіс бес метрге дейін, ені отыз бес метр, биіктігі бір жарым метрге дейінгі үш төбеден тұрады. Олар бір-біріне таяу орналасқан немесе тура қабысқан архитектуралық кешен қалдықтарының көрінісі сияқты. Негізгі массивтің солтүстік-батыс жағында 5-6 метр жерде неғұрлым кіші құрылыстардың қалдықтары болып көрінетін жекелеген екі кіші-гірім төбе орналасқан. Одан әрі оңтүстікке қарай сайды бойлай созылған шамалы байқалатын саяз төбе, тағы да неғұрлым кіші құрылыстардың қалдықтары болуы мүмкін.

Ақтөбе қаласын жүйелі түрдегі қазба жұмыстары Л.Галкин жетекшілігімен КСРО ҒА археологиялық институтының Еділ-Орал экспедициясы 1974 жылдан басталды. Қазба жұмыстары 1975, 1977, 1978, 1979, 1981 жылдары жүргізілді, нәтижелерін Л.Галкин ҚазКСР ҒА тарих-археология және этнография институтына ғылыми есеп түрінде береді.

Бұл қала орны ескерткіш маңындағы Томарлы селосының тұрғындарына әуелден таныс болған. Ескерткіш селодан солтүстік-шығысқа қарай 2 шақырым жерде орналасқан, ол жайында жергілікті өлкетанушы В.Афанасьев өз мақаласында былай деп келтіреді: «В конце 50-х годов научный сотрудник Института геологии (в Гурьеве) сейчас КазНИГРИ, Сапар Карымсаков дал мне выписку из какой-то машинаписной работы, вот ее содержание:

«В верстах к востоку от города Гурьева находится селение татар и оседлых киргизов-Сакол, где бываюет ежегодно ярмарки, киргизская школа. По дороге из города Гурьева, ближе к Саколу показывают место, сплош усеянное белыми костями, среди которых много человеческих: на земле заметный следы широких стен, среди костей много обломков глиняной посуды с полировкой и украшениями. Местные жители утверждают, что это остаткой бывшего здесь когда-то Калмыцкого городка».

Ақтөбе жөніндегі зерттеу мақалаларында, еңбектерінде қаланың Ақтөбе атына «Лаэти» атауы қосыла айтылады. Археолог Л.Галкин Ақтөбе қаласын итальяндық жиһангерлер ағайынды Пициганилердің картасындағы Лаэти қаласымен байланыстырады. Қаланың қос атауы осылай пайда болған. Л.Галкин Лаэти атауы туралы өз ойларын былай келтіреді: «Лаэти. Мүмкін италяндық саяхатшыға осылай естілген шығар. Түрік сөздерінен бұл сөзге сәйкес келетіні «лайлы» сөзі».

Бұл, мүмкін, мекеннің қасынан ағатын Жайық сағасының су тасқын кезінде судың лайлануымен және жаз аяғында судың аз мөлшерінде тағы да лайлануымен байланысты болса керек. Қаланың Ақтөбе атауына келетін болсақ, бұл қазақ тілінде көп тараған сөз. Бұл атаумен байланысты географиялық нысандар, тағы басқа атаулар жетерлік. 1960 жылы шығарылған Қазақстанның археологиялық картасында Ақтөбе атауымен екі ескерткіш көрсетілген. Бірақ олардың екеуі де біз қарастырып отырған ескерткішке жатпайды. Бір ескерткіш Жайықтың оң жағалауында, екіншісі Доссорға дейінгі теміржолдың шығысында көрсетілген.

Ақтөбе қалашығы тұтастай кәсіпкер-қолөнершілер кешені болуымен ғылыми-тарихқа үлкен қызығушылық туғызады. Ондағы қазба жұмыстары мекеннің пайда болуы, тұрғындарының этникалық құрамы туралы мағұлматтар береді.

Әр кезеңдегі зерттеулерге қарап, Ақтөбе қалашығының дәуірлеу және күйреу кезеңі Алтын Ордамен тығыз байланысты болғандығын көруге болады. Ақтөбе қалашығының Сарайшық қаласынан 50 шақырым төмен орналасқанын ескеру қажет. Мүмкін сондықтан да Сарайшықтағы гүлденген мәдениет Ақтөбе қаласына әсерін тигізген болар.

Археолог Л.Галкин; «Европалық көпестердің ішінде итальяндық көпестер ең белсенділері болды. Олар алтынордалық базарларды еркін меңгерді және осы мақсаттары үшін өздері өткен жолдар мен елді-мекендер орындары жазылған карталар және жолкөрсетушілер жасады. Ғылымға Фра Маура және ағайынды Пициганилердің (XIV-XVғғ.) карталары белгілі» - деп жазады (9). Ағайынды Пициганилер (1367ж.) Еділден шығып, Каспий теңізінің жағасында, Хорезмнен едәуір қашықтықта сегіз қала бар екенін, солардың бірі Маңғыстауда екенін жазады. Итальяндық көпестердің карталарындағы қазіргі таңда анықталғандары - Ақтөбе (Лаэти), Ұшқан (Тристарго) т.б. қалалары.

Атырау аймағында 1989 жылдан бері Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы жұмыс жүргізді. Тәелсіздік алғаннан кейін 1991-1993 жылдары З.Самашевтің жетекшілігімен Ақтөбе-Лаэти қаласында тыңғылықты археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Қаланың шамамен жобасы жасалды.

Келешекте Батыс Қазақстан аймағындағы қалалар мен елді-мекендерді біртұтас жүйе ретінде қарастырып, олардың өзара мәдени экономикалық саяси қатынастарын анықтау ғана, толық отырықшы мәдениетінің дамуын анықтауға мүмкіндік береді.

Археологиялық қазбалардан табылған жәдігерлерді пайдалану арқылы қаланың мәдени-экономикалық дамуын анықтауға болады. Оңтүстік Қазақстан мен Батыс Қазақстан қалаларының мәдени байланысын анықтау арқылы біртұтас қала өркениетінің дамуын анықтауға болады. Бұл мәселеде аймақта қала мәдениетінің кешенді дамығанын дәлелдеу үшін 1. Сарайшық-Ақтөбе-Лаэти туристік маршрутын жасауға, 2. осындай маршрут арқылы облыста туризм мен оның бағыттарын дамытуға, 3. ;асалған маршрутты қала мектептері оқушыларына өлкетанушылық саяхат сабақтары ретінде таныстыруға пайдалануға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мершиев М.С. Поселение XIII-XV веков в Западном Казахстане.// Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. Алма-Ата, 1969. с. 153-161.
2. Отчет СВАЭ-1975, 1976, 1977; ВУАЭ-1981 г, 1983 г.
3. Отчет ЗКАЭ-1990, 1991 г. (З.Самашев)
4. Галкин Л.Л. Исследование Золоордынского города Лаэти. // Археологические открытия 1977 г. М., 1978. с. 511; Галкин Л.Л. Стекланный медальон-амулет с поселения Актобе.// Советская археология. №2. 1976 г. с.252-255; Лев Галкин. Коробейники Золотой Орды. // Техника-молодежи. Февраль. 2003 г. С.52-56; К истории северо-восточного Прикаспия. Реестр археологических памятников области. (составитель Афанасьев В.К.) Атырау 1996. с. 51-65.
5. Археологическая карта Казахстана. Алма-Ата, 1960. №1941. с.137
6. Мершиев М.С. Поселение XIII-XV веков в Западном Казахстане... с.154.
7. Афанасьев В.К., Бисенов С.Б., Галкин Л.Л. Работы в Западном Казахстане. // Археологические открытия 1975 г. М., 1976. с. 513; Отчет СВАЭ-1975.

УДК. 902.2

ВОПРОСЫ ОРГАНИЗАЦИИ ОБЛАСТНОЙ ЛЕТНЕЙ АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ ПОЛЕВОЙ ШКОЛЫ

Куаныш С.О.

Атырауский государственный университет им.Х.Досмухамедова

Археология – это то, что всегда и у всех людей вызывает большой интерес, она окутана романтикой и тайной познания глубокого прошлого человечества. Полевые условия создают благоприятную атмосферу для сплочения коллектива и выработки самостоятельности ребят, сочетая это с отдыхом на природе.

История летней археологической полевой школы. В 2011 году впервые в Содружестве Независимых Государств (СНГ) состоялся межгосударственный проект, в котором приняли участие молодые археологи и реставраторы всех государств-участников СНГ. Состоялись «Летние школы археологов, реставраторов, организация молодежных археологических и реставрационных отрядов», которые объединили молодых археологов и реставраторов стран Содружества.

Основные заявленные цели проекта Межгосударственного фонда гуманитарного сотрудничества государств-участников СНГ (МФГС) – формирование сообщества профессиональных археологов и реставраторов стран СНГ, содействие сохранению историко-культурного наследия

государств-участников СНГ и профессиональное обучение молодых специалистов новым методам работы по сохранению и реставрации материального историко-культурного наследия.

Непосредственным участником проекта от Республики Казахстан, организовавшие археологические и реставрационные отряды стал генеральный директор Института археологии им. А.Х.Маргулана МОН РК, д.и.н. Байтанаев Бауыржан Абишевич. В 2011 году Институт археологии провел летнюю школу археологов на базе Туркестанской археологической экспедиции. В рамках данного проекта были проведены исследования раннесредневекового культового сооружения на городище Туркестан. Также участники проекта ознакомились с важнейшими памятниками Южного Казахстана и результатами их исследований (Поселение Культобе, городища Сидак, Сауран, Жуантобе, Отрар, могильник Борижары, памятники культовой архитектуры Сайрама и Арыстан-баба).

Актуальность организации областной летней молодежной историко-археологической полевой школы предусматривает обучение молодежи научно-практическим исследованиям, формированию гуманной, духовной, свободной, ответственной, творческой личности, решая проблему еще слабой практической направленности учебно-воспитательного процесса в школах. Полевая школа – это не просто летний лагерь, школа в понимании системы, когда существует преемственность и целостность процесса. Полевая школа создает условия для изучения мировой истории на конкретных региональных примерах – археологических и других памятниках культурного наследия. Участники получают возможность проводить самостоятельные научные исследования под руководством ведущих археологов.

Областную летнюю молодежную историко-археологическую полевую школу можно разделить на *несколько этапов*, которые предусматривают учебную и организационную подготовку, проведению археологических раскопок курганов близ села Индер, а также на раннесредневековом городище Актобе-Лаэти. Следует подчеркнуть особую важность проведения полевой школы и экспедиции в Индерском районе. В археологическом отношении этот район является до сих пор мало исследованным и раскопки археологического комплекса курганов имеют большую научную значимость.

Цель летней археологической школы:

- создание условий для развития гармоничной личности молодого человека, обучение и воспитание у него правильного и ответственного понимания истории разных народов, развития глобальных и региональных исторических процессов в их взаимосвязи, приобщение к мировым научным и культурным ценностям;
- распространение среди учащейся молодежи и студентов теоретических знаний, накопленных современной археологической наукой в результате развития информационных технологий;
- создание видеозаписей по выдающимся объектам культурного наследия области с возможностью получения сведений о реставрационных проектах, применяемых технологиях и этапах их реализации, что способствует активизации обмена опытом специалистов в сфере охраны культурного наследия среди широких масс;
- установления научных профессиональных связей и проектирования совместной деятельности с другими заинтересованными сторонами;
- отдых и оздоровление учащихся.

Задача летней археологической школы:

- практическое обучение участников (учащихся и руководителей) методам полевых археологических исследований в процессе работы в археологической экспедиции;
- освоение учащимися, впервые участвующими в экспедиции, основ теоретической и полевой археологии, закрепление умений и навыков полевой работы учащимися, повторно участвующими в работе экспедиции;
- сплочение коллектива, состоящего из разных территориальных и возрастных групп;
- организация лагеря в полевых условиях на археологическом памятнике позволяет решать задачи получения элементарных навыков самообслуживания, жизни в коллективе и сплочения коллектива.

Программу летней археологической школы можно составить примерно так:

1) Археология как наука: Задачи археологии. Археологические источники. Виды археологических памятников. Культурный слой. Археология в системе гуманитарных и естественных наук, ее роль в научном познании мира. Археология и краеведение. Археология Атырауской области. Древнейшие памятники на территории Атырауской области (каменный век – ранний железный век). Наш край в I тыс. н.э. Археологический комплекс курганов в Индерском районе Атырауской области и его значение для древней истории Казахстана. Атырауская область в эпоху средневековья.

2) *Обучение методам полевых археологических исследований:*

Теоретическая часть: общие понятия полевой археологии: разведки и раскопки. Требования и правила проведения полевых археологических исследований. Топогеодезическая съемка памятников.

Знакомство с инструментами и приборами. Фиксация и полевая документация. Археологическая фотография. Принципы разбивки раскопа. Понятие о стратиграфии. Правила сбора и фиксации массовых и индивидуальных находок. Камеральная обработка археологических материалов в полевых условиях: очистка, консервация.

Практическая часть: закрепление знаний и умений, приобретение навыков работы в процессе участия в раскопках археологического памятника и камеральной обработки материалов раскопок.

3) *Обучение основам организации и поведения в экспедиции:* Правила выбора места для лагеря, оборудование лагеря. Комплектование необходимого оборудования и личного снаряжения. Набор продуктов питания, меню, хранение продуктов в условиях экспедиции. Дисциплина в экспедиции. Гигиенические требования в экспедиции. Оказание первой медицинской помощи.

4) *Основные экологические понятия.* Природные особенности бассейна р. Урал. Антропогенное воздействие на экосистему: результаты и последствия.

5) *Диагностика знаний и умений, полученных в летней полевой школе:* Проведение научно-практической Олимпиады и Посвящения в юные археологи.

Примерный распорядок дня летней археологической школы:

1 день – заезд, оборудование лагеря, знакомство;

2 день – в первой половине дня – разбивка раскопа, начало работ на раскопе, во второй половине дня – продолжение оборудования лагеря (строительство столов, бытовых объектов);

3-13 день – первая половина дня – работа на раскопе, вторая половина – камеральная обработка материала, теоретические занятия, игры, краеведческая викторина, вечером – песни и беседы у костра;

14 день – проведение Олимпиады, подведение итогов занятий школы, награждение участников школы, праздник посвящения в юные археологи;

15 день – отъезд участников школы.

В полевой летней историко-археологической школе могут пройти обучение до 30 молодых людей. Приоритет при отборе надо отдавать ребятам из сел и из социально-неблагополучной среды. Участие членов историко-археологического кружка «Мұра» историко-филологического факультета Атырауского государственного университета имени Х.Досмухамедова в летней полевой археологической школе способствует установлению прочных контактов и дружеских отношений на почве профессионального интереса с сельскими школьниками, что позволит последним более динамично усваивать знания и умения в полевой школе.

Летняя историко-археологическая полевая школа удачно сочетает школьные знания с практикой, а также дает ребятам уникальную возможность прикоснуться к настоящим научным исследованиям, получить углубленные знания. При обработке материала по результатам полевой школы ребята учатся работать с компьютером и осваивают компьютерные технологии. В течение двух недель учащиеся под руководством опытных ученых-археологов, специалистов и педагогов участвуют в настоящих археологических раскопках, ведут полевые дневники. Кроме этого, участники получают уникальную возможность прослушать курс лекций по проблемам археологии и истории ведущих специалистов по древней истории края, а также получают навыки практических работ на раскопках археологического памятника и камеральной обработки материала.

Проживание в палаточном лагере, на поле. Вода привозная или из речки. Участники школы ведут походный образ жизни: обустройство лагеря, проживание в палатках, приготовление пищи на костре, купание в реке, игры на свежем воздухе, посиделки у костра. В заключение будет проведено *Посвящение в юные археологи* участников, впервые находившихся в археологической экспедиции.

Помимо чисто учебных и научных результатов в полевом лагере, где на подростков ложится реальная ответственность за результаты работы и жизнеобеспечения, молодые люди пройдут серьезную школу социализации. Участники школы будут учиться преодолевать трудности, быть дисциплинированными. За время полевой школы все участники заметно повзрослеют и физически и психологически, станут настоящими гражданами, знающими историю народов, населяющих нашу землю. Участники летней школы получают новые возможности и перспективы в жизни – выбрать себе профессию, попробовать себя в роли исследователей, публично представлять и отстаивать результаты своих трудов. Полученные знания и навыки и незабываемы впечатления от этих интересных, увлекательных, экстремальных путешествий надолго остаются в памяти подростков. Как правило, учащиеся, хоть раз побывавшие в экспедиции, участвуют в работе ЛАШ не один сезон.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР БҰЙЫМДАРЫНЫҢ ІШІНДЕ КҮМІСТЕН ЖАСАЛҒАН БҰЙЫМДАРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Биманова О.М.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы «Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты»

«Қазақстан тарихы» пәні Қазақстанда өмір сүретін барлық ұлттар үшін отан тарихы. Пән атауының өзін «Отан тарихы» деп өзгертетін уақыт жеткен тәрізді. Қазақстанда тұратынымыз шындық, әрі өзгенің емес, өз еліміздің тарихын оқытатындықтан ел тарихының жанға жақын, әдемі атаумен аталғандығы дұрыс. Әлемдік тәжірибеде көптеген елдер өз тарихын «Отан тарихы» деп оқытады. Пәннің атауының өзгеруінде де көп мән болатындығын ескерген абзал. Атауды өзгертумен қатар тарих оқулықтары қайта жазылған тұста ұлттық мәдениеттің даму тарихына ерекше мән берілуге тиіс. Рухани мәдениет тақырыбында айтылмаған деректерді оқулыққа енгізумен пәнді оқытып-үйрету барысында ұрпақ тәрбиесі мәселесінде көп нәрсені ұтарымыз сөзсіз. Ұрпағымыздың ұлт мәдениетінің кәусар бұлағынан сусындап өсуі ұрпақ тәрбиесінде кездесетін көптеген қиындықтардың алдын алуға септігін тигізеді. Мәдениет тақырыбын қайта қарау барысында жазылмай қалған көптеген деректерді саралап, тек қазақ халқының ғана емес елімізді мекендеген барлық ұлттар мәдениетінің тарихын қағаз бетіне түсіріп, ұсынуымыз керек. Әлемдік мәдениетке өлшеусіз үлес қосқан тарихи жәдігерлерімізді ұлттық құндылық ретінде сақтаумен бірге ұлттық мәдениетімізді ұрпақ санасына сіңіріп өсіру кезек күттірмейтін жауапты іс.

Өз жұмысымда қазақ халқының тұрмысында ерекше орын алатын күмістен жасалған бұйымдардың маңызына тоқталмақпын. Осы тақырыпты қозғаудағы мақсатым ұлттық қолөнер бұйымдарының, оның ішінде күмістен жасалған бұйымдардың халық арасында кеңінен насихатталуын жүзеге асыру, олардың тарихи маңызын жойып алмау мақсатында мемлекет тарапынан қолдау көрсетуге ұсыныс жасау, ұлттық мәдениетімізді ұлықтау. Халқымыздың зергерлік өнері ұлттық мәдениет тарихынан ерекше орын алады. Өнердің бұл түрінің түп төркіні мыңдаған жыл әріде жатыр. Қазақтарда зергерлік өнер ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, өнер құпиясы мұқият сақталған. Зергерлер мен темір ұсталары сәндік қолданбалы өнер бұйымдарын металдан, күміс пен мыс, темірден жасады. Бұл өнердің техникалық және сәндік бұйымдар жасау түрінің басы қола дәуірінде б.з.д. II ғасырда, өмір сүрген сақ-сарматтардың дәстүрінен және үйсін, кангуй, ғұн өнерінен басталады. Зергерлік бұйымдардың пішіні де, бүтіндей бөліктері де, материалы мен ондағы өрнектері де сол дәуірдегі наным-сенімге байланысты болды. Ондағы әшекейлік тастар мен күмістер күрделі функцияларды атқарды. Зергер мен оның құралдарының ерекше бір сиқырлы күші бар деп есептелінді. Әсіресе көрік қасиетті саналған. Көргендердің айтуы бойынша, зергер жұмыс бастамас бұрын өзіне-өзі дем бергендей әсерде үнсіз отырады екен. Зергерлік бұйымдар да киелі саналды. Олар «пәле-жаладан сақтайды, ауруды жазады, өнімді көбейтеді» деп есептелді. Қазақ зергерлері көбіне жасырын жұмыс істеп, өз өнерінің сырларын өз ұрпағына ғана үйретіп отырды.

Қазақтың әшекей бұйымдары – халықтық қолданбалы өнеріміздің ғана емес, бүкіл ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасы. Зергерлер көбіне бағалы металдардың ішіндегі ең қолайлысы – күмісті пайдаланды. Қазақ зергерлері күмістің жалтыраған түсін, әртүрлі пішіндер жасауға қолайлығын шебер пайдалана біліп, оған әртүрлі техникалық тәсілдерді пайдалана отырып, нақыштау, сіркелеу, ойып күмістеу сияқты шеберліктерді меңгерді.

Зергерлер алтын мен күміс, жез бен мысты кенінен қолданған. Солардың арасында көбірек қолданғаны күміс. Күмістің тартымды, сыйқырлы қасиеті бар деп есептелінген. Күмістің тіл-көзден, түрлі сырқаттан сақтайтын, тазартатын қасиеті бар деп сенген. Сондықтан да үй шаруасындағы әйел ас қамдаса да, бала шомылдырса да қолынан күміс жүзігін алмаған. Ал мұсылман дінді ер адамдар күміс сақинаны Мұхаммет пайғамбардың жолы деп тағатын болған. Өйткені Мұхаммет пайғамбардың ер адамдарға алтын емес, күміс жүзік салыңдар деген уәжі болған.

Өзіміз жиі баратын Атырау облыстық тарихи-өлкетану мұражайы қорындағы жинақталған дәстүрлі өнер коллекцияларының ішіндегі қайталанбас туындыларды бірі – күмістен соғылған зергерлік бұйымдар. Халқымыздың қанына сіңген рухани кәсібі – күні бүгінге дейін көрген адамды бірден өзіне баурап алар хас шебердің қолынан шыққан – әшекейлердің түр-түрін мұражайдан кездестіріп, осынша мұрағаттың халықтың көзайымына айналғанына барған сайын қуанып шығамыз. Алтын мен күмісті, асылтастар мен сүйекті сән-салтанат үшін пайдаланған ата-бабаларымыздың осы бір нәзік те күрделі өнері ғасырлар құрдымында кетпей, кейінгі ұрпақтарына жетіп отыр. Бұл өнер қазақ жерінде тым ерте дамып, ұрпақтан-ұрпаққа, атадан-балаға мирас ретінде жалғасын тауып келе

жатыр. Өлкемізде жасау тәсілі, өрнектелуі және пішіні жағынан өзіндік кәсіптік мінездемесі, стильдік жүйесімен дараланған шеберлік дәстүр қалыптасқан. Асқан танымал шебер-зергерлердің күмістен соғып, әртүрлі формадағы ұлттық нақышқа келтіріп жасаған күміс әшекей бұйымдары көненің көзіндей сақталған. Атырау жеріндегі зергерлердің қолынан шыққан әшекей бұйымдар өзгеше бір даралық мәнерімен, әсемдігімен ерекшеленеді. Өлке зергерлерінің жасаған білезіктері жалпақ болып келеді және күрделі әрленіп, ұлттық нақышта безендіріледі. Білезіктерге де сіркелеп түрлі нақыштар, оюлар салып, оның ішінде қошқар мүйіз байлықты, дәулетті шақырады деп ырымдап, ширату, өру техникасы арқылы әртүрлі тастармен әрлеп, топсалы немесе екі қолға қатар киетін етіп соқты. Қазақ жеріндегі әр аймақтың мәдениетінің өзіне тән ерекшелігінің барлығын ескерсек, күміс бұйымдардың жасалуының да өзіндік ерекшелігі барлығын ескеруіміз керек.

Күмістен жасалған бұйымдардың тәрбиелік мәніне тоқталсақ, алдымен құстұмсық жүзік пен құдағи жүзік туралы сөз қозғағанымыз дұрыс. Құстұмсық жүзікті бойжеткен қыздар таққан, бұл жүзік – бақыттың, тәуелсіздіктің, құс тәрзді еркіндіктің белгісі. Дәстүр бойынша ұзатылып бара жатырған қызының қолындағы құстұмсық жүзікті анасы шешіп алып, қыз жасауымен бірге орамалға түйіп, сандығына салып жіберетін болған. Бұл жүзік қыз жағдайының хабаршысы ретінде кейін қайтып келуі керек. Сондықтан қыздың төркін жағынан оның қал-жағдайын білуге барған інілері осы құстұмсық жүзікті қайтып әкелсе, қыздың анасы қатты қуанып, құдағайым қызыма өз қызындай қарайды екендеп, ауыл арасына кішігірім той жасаған. Яғни біздің түсінігімізде сәндік бұйым болып есептелетін жүзіктердің мағыналы мақсаты болатындығын ата-бабаларымыз ұстанған осы салттан көруге болады.

Қазақ халқының салтындағы құдағиларға ұсынылатын құдағи жүзік – үлкен сый-құрметтің белгісі. Ол басқа жүзіктерге ұқсамайды. Екі саусаққа қатар киілетін екі шеңберден тұратын жүзік үстіңгі беті біртұтас болып келетін ұлт өнеріндегі бірегей дүние. Ерекшелігі жас жұбайлардың жұбы жазылмасын, екеуі бірігіп тату отбасы болсын дегенді меңзейді. Құдағи жүзікті қалыңдықтың шешесі құдағайына өзінің қызына мейіріммен қарауы үшін және құдандалы екі рудың бір-біріне ынтымағы үшін сыйға тартатын. Құдағи жүзік – адамдар арасындағы сыйластықтың, адамдарға көрсетілген ілтипаттың, құрметтің белгісі. Оның үстіне ел ішінде көптеген егде адамдар қолында құдағи жүзігі бар егде қайыненелерді көріп, оның үй-ішіне, жақын-жұрағатына сыйлы, қадірлі кісі екенін бірден білетін болған. Қазақ халқының зергерлік әшекей бұйымдары ата-бабаларымыздың ұлттық қолөнер мәдениетін паш ететін асыл мұрасы, ұлттық мәдениетіміз бен өнеріміздің айнасы ғана емес, тұнып тұрған тәлім мен тәрбиенің сыр сандығы екендігін осыдан көруімізге болады. Қазіргі уақытта осы бір салт-дәстүр қайта айналып өмірге енсе қандай тамаша болған болар еді.

Халқымызда қалыптасқан дәстүр бойынша, ас адал болуы үшін оны дайындайтын, дастарханға қоятын, шай құйып беретін әйелдің саусағында міндетті түрде күмістен жасалған сақина болуға тиіс. Қазақтар арасында «Сақинаны сәнге салмайды, ол – тазалыққа таразы» деген нақыл сөз бар. Бұл сөздің төркіні сақинаның тек сәндік қана емес, гигиеналық та қызмет атқаратынын аңғартады. Дана халқымыз сақина соғылатын күміс, алтынның таттануға ұшырамайтынын, олардың судың, тамақтың тез бұзылмауына септігін тигізетінін, денсаулыққа жағымды әсер ететінін тым ерте байқап, білген. Заманында жас келіншектер нәрестесін шомылдырарда, жаялығын жуарда, тамақ дайындарда ауылдағы қарт әжелер: «Қолыңа күміс сақинаңды салып ал, ол тазалыққа, адалдыққа жақсы», - деп ескерткен. Нәрестені қырқынан шығарарда оны шомылдыратын суға күміс теңгелерді немесе күміс, алтын сақинаны, білезікті салған. Сәби шомылдырылып болған соң сол бұйымдар сәбидің кіндік шешесіне берілген. Бұл – зергерлік заттар сәбиді қырқынан шығарушы әйелдерге арналған сыйлық қана емес, халқымыздың асыл заттардың қасиетін білгендігінен қалыптасқан дәстүр.

Күмістің өзіндік әдемілігімен қатар, таңғажайып емдік қасиеті де көп. Емдік қасиеті қазіргі медицинада дәлелденген. Ал қазақ емшілері өте ерте замандарда-ақ күмістің қасиетін ерекше бағалаған. Ғалымдар болса, күмістің бұл қасиеттеріне XIX ғасырдың аяғында ғана мән беріп, зерттей бастапты. Күмістің ерекшелігі сумен әрекеттескенде иондалып, оның құрамында ұзақ сақталады. Сондықтан күміс қосылған су ағзадағы көптеген зиянды микроағзаларды жояды. Адам ағзасының тұмау және жұқпалы ауруларға төтеп бере алмауының себебі иммундық жүйедегі күмістің азаюынан болады. Күміс тек қана ауру тудыратын элементтерді жойып қоймай, ағзадан зиянды токсиндер мен микробтарды шығарады. Тіпті ағзада аз ғана күміс жетіспеушілігі байқалған жағдайда адамның жұмыс істеу қабілеті төмендеп, қорғаныш қасиеті азайып, тез шаршау пайда болады. Шетелдік дәрігер Роберт Бекер күміс иондарының адам ағзасындағы жасушалардың көбеюіне әсер ете алатындығын дәлелдеген. Ол өзінің ғылыми кітабында күміс иондарының қатерлі ісік ауруына шалдыққан адамдардың жасушаларын қайта тірілтіп, көбеюіне көмегі барлығын жазған.

Ал қазақ халқы күмістің пайдасын қағазға қаттап жазбағанымен күнделікті өмірінде біліп қана, тыныш өмір сүріп жүре берген. Қазақтар күмістің емдік қасиетінің молдығын біліп, күмістің тістің қызыл иегін зақымданудан сақтайтынын, түрлі бактерияларды жойып, асқазан-ішек жолдарын тазартатынын білген. Тамақ ішуге күміс қасық пайдалануға мән берілген. Егер қасық жұмсақ қақталған ақ күмістен жасалса күміс иондары суға бөлініп, ерітінді түрінде ағзаға сіңеді. Қолданыла

келе күміс қасықтың жиегі мүжіле бастайды. Бұл ағзаның күміс иондарын қаншалықты пайдаланғанын көрсеткен. Күміс залалсыздандырушы болып та есептеледі. Күмісті тек медицинада ғана емес, косметологияда, тіпті бағбандар саяжайларда тыңайтқыш ретінде пайдаланса, аспаздар күміс қосылған сумен тағам әзірлеген. Асыл заттардың бәрі жерден шықса, меруерт, маржан көлден шығады, осы орасан байлықтың иесі адамзат баласының көңіл сарайынан талайларды тамсандырған өнер туындылары дүниеге келген. Солардың бірінің ішінде бірегейі болып саналатын зергерлік өнеріміздің қыры мен сыры, осы өнер туындыларының тәлімдік-тәрбиелік мәні, атақты зергерлердің кәсіптерінің ерекшелігі туралы жазылса, тарихымыздың бізге беймәлім болып келген жаңа беттері ашылып, «қызықсыз тарих» пәні рухани шөлiңді қандыратын, өмірімізге мәңгілік азық болатын құнды ғылыми пәнге айналар еді.

ӘОЖ 94(574) "17/19":32.019.5

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨЛКЕТАНУЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫНАН

Нурманова А.К.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Орал қаласы, aiaguz.nur90@mail.ru*

Тәуелсіз Қазақстанның даму жағдайында өлкетанудың маңыздылығы жастардың Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм мәселесімен тығыз байланысты. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» деп аталатын бағдарламалық мақаласында «Өлкетануды» орта, техникалық, кәсіби және жоғарғы оқу орындарына міндетті пән ретінде енгізуді ұсынған болатын [1, 4-6 б].

Отан тарихын сапалы оқыту мен оқушылардың тарихи санасын қалыптастыру бағытында өлке тарихының алатын орны ерекше. Өйткені өлке тарихы – Отан тарихының бастауы. Өлкетану өзінің табиғаты бойынша көпфункционалды және қоғам алдында тұрған әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуде нақты ықпалды иеленеді. Өлкетанудың зерттеу объектісі: табиғат, жер, территория, сол жердің халқы, тарихы, шаруашылығы, өнері мен мәдениеті. Өлкетану ұғымын түсіндіруде көптеген авторлар оның белгілі бір территория туралы мағлұмат жинау ғана емес, сонымен қоса бір факторлардың екінші факторларға әсерін анықтау, сол жердегі өмірдің және табиғаттың кешенді көрінісін, тарихи тұлғалардың патриоттық ерлігін насихаттап дәлелдеуге ұмтылады. Белгілі ғалым-географ А.С.Барков өлкетануды «кішкене елтану» ретінде қарастырады [2, 85-86 б].

Өлкетану ғылымының негізгі мәні туған өлкені әртүрлі деректер және зерттеудің соңғы ғылыми әдістерін қолдана бақылаудың негізінде жүргізіледі. Оның теориялық басты тірегі жаратылыстану мен гуманитарлық ғылым саласы болып табылады. Өлкетану терминінің ғылым ретінде дамуы негізгі үш бағытта: біріншіден, өлкетану бұл ғылымның дамуының заңды белгілі бір өтпелі кезеңі, екіншіден, өлкетану жергілікті материалдарды зерттей отыра, өткен мен болашақтың ғылыми-зерттеу дәстүрін көрсетеді, үшіншіден, өлкетану ісі ғылыми қоғамдар мен жеке ғалымдардың қызметінде көрініс табады.

Қазақ елінде тарихи өлкетанудың қалыптасуын сонау ерте дәуірден бастауымызға болады. Қазақ халқында көнеден ауызша тарих айту дәстүрі атадан балаға мұра ретінде жалғасын тапқан. Бұл біздің еліміздің территориясында өмір кешкен белгілі бір халықтың есінде өзінің өткен кезеңі туралы жүйеленген мәліметтер мен білімдер жиынтығы сақталып, ұрпақтан ұрпаққа, үлкеннен кішіге бірізділікпен анық жеткізіліп отыруының негізінде қалыптасқан [3].

Өлкеміздегі тарихи оқиғаларды зерттеу тарихи өлкетанудың негізін құрайды. Өлкенің тарихы – бұл өлкетанушылық зерттеулерді талап етеді, жұмыстың ауқымдылығымен, ұзақ уақытты қамтуымен де өте күрделі болып келеді. Тарихи өлкетану жалпы өлкетану ғылымының бір саласы ретінде өзіндік дара тарихи пән болып табылады. Ол сондықтан екі ерекшелікке ие: біріншіден тарихи оқиғаларды жекешелей қарайды, екіншіден, тарих ғылымының жеке саласы болып табылады.

Тарихи өлкетанудың негізгі дереккөздерін үш сатыға бөлуге болады: материалды дереккөздер (археологиялық, архитектуралық, өнер ескерткіштері және т.б), жазбаша және ауызша дереккөздер. Осы аталған дереккөздерді жақсылап меңгеру, материалды мәдениеттің, жергілікті ескерткіштердің тарихи құндылығын уақытша анықтауға үйрену қажет. Өлкетануды ұйымдастырудың бірнеше түрлері бар: мемлекеттік, мектептік және қоғамдық. Мемлекеттік өлкетанумен өлкелік мұражайлар, ғылыми-зерттеу мекемелері айналысса, мектептік өлкетануда туған өлкені зерттеуде оқушылар басты рөл атқарады. Мектептегі өлкетануда басты екі салаға маңыз беріледі. Біріншіден, туған өлкені жан-жақты

зерттеу және өлкетанулық материалдарды жинақтау; екіншіден, жинақталған материалдарды мектептегі тарих пәнін оқытуда пайдалану. Өлкетану материалдарын пән сабақтарында, таңдау курсына, факультативтік сабақтарда, сыныптан тыс тәрбие жұмысында, оқушылардың түрлі ғылыми қоғамы жұмыстарында кіріктіре пайдалану нәтижесінде, бекіту кезеңінде негізгі мектеп оқушыларының білімі мен тәрбиелік деңгейлерін өсіруге маңыз беріледі. Білім беру жүйесіндегі бүгінгі күндегі өзгерістер Отандық тарихтан оқу процесінде оқытудың ғылыми және әдістемелік деңгейін көтеруді талап етіп отыр. Сондықтан жоғарғы оқу орындарында өлкетанудың элективті курсы ретінде жүруі Отан тарихын өлке тарихы арқылы тануға негіздейді. Өлкетануды ұйымдастырудың қоғамдық түріне жергілікті кәсіби ғалымдарымыздың өлке тарихынан сыр шертетін ғылыми еңбектері мен ізденістері мысал бола алады [4, 3-56].

Ежелден Еділ мен Жайық бойын ен жайлаған ерекше өңірде із қалдырған алма-ғайып заманалар мен дүрбелең оқиғалар, ел қамы үшін жанын жалау тұтқан тұлғалар, аңызы астарласқан ауызша деректемелерге бай Қазақстанның батыс аймағында бұл күндері дәстүрлі байланыстар жаңа арнасын тауып, жандана түсті. Туған елі мен жер тарихына қатынасты өзіндік ой-көзқарастарымен, тиянақты ғылыми ізденістерімен батыс өлке тарихының кейбір аңтаңдақ беттерін ашып көрсетуде, Батыс Қазақстан облысының тарихи, саяси, экономикалық, ұлттық-этнологиялық, демографиялық, археологиялық ахуалының дамуын танып-білуде И.Кенжалиев, Б.Қ.Бірімжаров, Т.З.Рысбеков, Ә.Қ.Мұқтар, М.Н.Сдыков, Ұ.Т.Ахметова сынды кәсіби тарихшы-ғалымдарымыздың еңбектерін атауымызға болады.

Республиканың тәуелсіздік тізгінін өз қолына алып, егемен ел болуы төл тарихымызды жаңаша зерделеуге мүмкіндік берді. Осыған орай бүгінде еліміздің тарихында өзіндік терең із қалдырған тарихи оқиғаларға ұлттық мүдде тұрғысынан лайықты баға беру жолында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Әр кезеңде тарихи тағдырлары үздіксіз бұрмаланып келген жеке тұлғалар, тарихи оқиғалар туралы тарихи шындықты қалпына келтіру бүгінгі ұлттық тарихымыздың қалпына келуі үшін де аса қажет. Қазақстанның көп ғасырлық тарихында азаттықты сақтауға ұмтылған ұлт-азаттық қозғалыстар аз болған жоқ. 1836-1838 жылдардағы Кіші жүз қазақтары көтерілісінің тарихын зерттеуге, көтеріліс басшыларының іс-әрекеті, Бөкей Ордасының құрылуы, шаруашылық өмірі, отарлық езгінің өршуі, ел билеушілерінің жер саясаты, қазақтар наразылығы мұрағат құжаттары мен халық фольклоры материалдарын пайдаланған И.Кенжалиевтің «Исатай-Махамбет» атты еңбегі. Ғалым Кіші жүздегі қазақтардың XIX ғасырдың бірінші ширегі мен 30 - жылдарында күйзеліске ұшырау себептерін анықтап, патша үкіметінің қазақ қоғамының әлеуметтік жағдайын әлсіретуге бағытталған шараларын көрсетеді. Оның соңы азаттық күреске ұласқандығы дәйекті дерек, жүйелі ой негізінде сараланып, салыстырмалы негізде дәлелденді. Ғалым еңбегінің өзектілігі мұрағат материалдарының молдығы, ауызша деректердің мұрағат деректерімен сәйкестілігінде өлке тарихын ұрандаудағы үлесі болып табылады [5, 25-296]. И.Кенжалиев 1836-1838 жылдардағы көтеріліс тарихына байланысты құнды дерек ретінде азаттық қозғалыс басшысының бірі М.Өтемісұлының жыр-толғауларын шебер пайдаланған. Көтеріліс себептері, оған белсенді қатысушылардың көзқарастары Махамбет шығармаларында анық көрініс табады. Соған орай автордың «Махамбет толғаулары» деген еңбегінде қазақ поэзиясында өшпес із қалдырған ұлы тұлға Махамбет шығармашылығына тоқтала, оның толғауларын ғылыми айналымға қосқан [6].

Қазақстанның ауыл шаруашылығының дамуында еліміздің батыс өлкесі (Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстары) айтулы үлес қосқан болатын. Оның айқын дәлелі Батыс Қазақстанда екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдарда мал саны өсіп, егіншілік жоғары дәрежеде дамып, нәтижесінде, бұл өлке ірі аграрлық-экономикалық аймақ дәрежесіне көтерілді. 70 жылдардың аяғы – 80 жылдардың басында Батыс Қазақстан аймағы республикалық ауыл шаруашылығы жиынтық өнімін өндіруде астық дақылдары бойынша 10 пайыз, ет өндіру 15, жүн 24 пайыз, сүт өндіру 10 пайыз үлеске ие болды. Республика жағдайындағы ауыл шаруашылығына қатынасты жетістіктер мен күрделі қарама-қайшылықтар, тежелу процестері Батыс Қазақстанның ауыл шаруашылығына да тән еді. Қазіргі егемендік және тәуелсіздік жағдайында бұл ауыл шаруашылығының дамуына сәйкес, тарихи күрделі процестерді, қоғамдық-саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және әлеуметтік-демографиялық өзгерістерді шынайы тұрғыда зерделеу, оның оң және теріс ықпалдарын жан-жақты ашып көрсету, жас ұрпақты отан сүйгіштікке, сол кезеңде еңбек еткен ата бабалардың салт дәстүрлері рухында тәрбиелеу мәселелерін зерттеу тарих ғылымының алдында тұрған міндеттердің біріне айналды. Міне осы мәселе Б.Қ.Бірімжаров зерттеулерінде арнайы зерделенді. Ғалымның 2005 жылы жарық көрген «Батыс Қазақстанның ауыл шаруашылығы 1946-2000 жылдарда» атты көлемді монографиясында ауыл шаруашылығының дамуының негізгі бағыттарына ғылыми тұжырымдамалық талдау жасаған. Еңбекте 60-70 жылдардағы ауыл шаруашылығы дамуының жетістіктері, негізгі факторлары, сонымен қатар 70-ші жылдардың екінші жартысы мен - 80-ші жылдардағы ауыл шаруашылығының дамуындағы негізгі дағдарыс құбылыстарының себептері, қайта құру және тәуелсіздік жылдарындағы ауыл шаруашылығы дамуының реформалық жолдары, ауыл-селолардағы

әлеуметтік дамудың жетістіктері мен қарама-қайшылықтары, қиындықтары, әлеуметтік саланың дағдарысын нақты зерделеніп көрсетілген. КОКП ОК 1965 жылғы наурыз Пленумының шешімдеріне сәйкес қабылданған жаңа аграрлық саясаттың негізгі бағыттарының Батыс Қазақстан облысы, оның ішінде Жәнібек, Орда аудандарының шаруашылықтарында ауыл еңбеккерлерінің қол жеткізген табыстары нақты тарихи құжаттармен, мұрағат материалдарымен көрсетіледі. Әсіресе, 70 жылдардың ортасында «Куйбышев», «Тасқұдық», «Теңдік», «М.Мәметова» кеңшарларының аграрлық секторды дамытуда қол жеткізген табыстары дараланып, мал шаруашылығын дамытуда ірі жетістіктерге қол жеткізген малшы-шопандардың, еңбек озаттарының, осы кеңшарларда ұйымдастырушы-басқарушылық қызметтерді жүзеге асырған басшылардың еңбектері жеке-дара сараланып, соғыстан кейінгі жылдарындағы облыстық партия комитеті қоғамдық-бұқаралық ұйымдар арқылы өлкенің экономикасы мен мәдени-тұрмысын қалпына келтіру, дамытуға бағытталған шаралары, қоғамдық-бұқаралық ұйымдардың ішіндегі жергілікті Кеңестердің, комсомол ұйымдардың, нарықтық қатынасқа көшу кезеңінде ерекше маңызға ие болған шаруашылықты жүргізудің жаңа әдісі – шаруа қожалықтарының дамуы, ұжымшарлар мен кеңшарларды қайта құруға байланысты солардың негізінде құрылған агроқұрылымдардың қалыптасуы толыққанды тың материалдармен көрсетілген [7, 6-8 б].

Өзіндік зерттеу нысаны ретінде республикамыздың қоғамдық-саяси өмірі мәселелерін, олардың қатарында ең алдымен жергілікті кеңестердің қалыптасу, даму және нақтылы қызметі тарихы мен Қазақстан тарихы ғылымының келелі мәселелері жөнінде толыққанды зерттеу жұмыстарын саралаған ғалым Т.З.Рысбеков болды. Ол Қазақстанның Батыс өңірінің тарихының бұрмаланған мәселелерін өмір шындығына сай зерттеуге өзіндік үлес қосып келеді. Бұған «Өскен өлке тарихы», «Бөкей Орда тарихы», «Тарихпен тілдесу», «Батыс Қазақстандағы халық ағарту тарихының очерктері» тағы да басқа зерттеу еңбектері мен оқулықтары дәлел бола алады. Өлке тарихына байланысты тың деректемелерді «Этюды истории родного края» еңбегінен кездестіруімізге болады. Ғалымның еңбегінде Батыс Қазақстан өңіріндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне, Батыс Алашорда үкіметінің құрылуына, Алаш қайраткерлері Алашорда ардақтыларын алғаш айыптау мәселесіне, мемлекеттік даму мәселелерімен бірге жеке адамдардың өмірі мен қызметіне (С.Бабаджанов, Ж.Досмұхамедов, О.Исаев) қатысты мәліметтері құнды дереккөздері болып саналады. Тарихшы-ғалым аймақтағы қалалардың тарихын зерделеп, Орал қаласының пайда болу тарихына байланысты тың деректерді тұжырымдап, сонымен қатар Кіші жүздегі қазақтар күресінің бүкіл Қазақстандағы қалың көпшіліктің қоғамдық сана-сезімінің оянуына тигізген оң әсерін атап өтті [8, 39-40 б].

Ұлы Отан соғысындағы Қазақстан тарихын, сол кезеңдегі батыс өлкедегі тарихи оқиғаларды зерттеген өлкетанушы П.Р.Букаткин болды. Ол Белоруссия, Украинаның бірінші және төртінші, Орталық майданының әскері құрамында болып, соғысты басынан кешірді. Ол Ұлы Отан соғысы жылдарына арналған «Западноказахстанцы в годы суровых испытаний», «От Уральска до Эльби и Праги», «Западно-Кзахстанская область – ближний тыл сталинградского фронта» деп аталатын еңбектерін жариялады. П.Р.Букаткин еңбегінің ғылыми құндылығы мен практикалық мәні 1941-1945 жж. соғысқа қатысты тарихи оқиғалардың құжаттамалық негізін жинақтап, ғылыми айналымға қосуында. Оның «Западноказахстанцы в годы суровых испытаний» еңбегінде соғыс жылдарындағы Батыс Қазақстан облысының тарихы, 152-ші жеке атқыштар бригадасының майдан жолы, батысқазақстандықтардың майдан мен тылдағы ерен ерліктері көптеген құнды мәліметтермен келтірілген. Ал «Западно-Кзахстанская область – ближний тыл сталинградского фронта» деген оқу құралында Батыс Қазақстанның Сталинград майданының жақын тылындағы уақытын қамтиды [9].

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі өлке тарихын зерттеуде тың серпілістер әкелді. Қазақ тарихының елдік, тәуелсіздік, жеріміздің тұтастығын сақтауға талпыныс, Ресей империясы сыртқы отарлау саясатына қарсы күрес кезіндегі тарихи оқиғалар ұлттық мүддеде т.ғ.д., профессор Ә.Қ.Мұқтардың зерттеулерінде жаңаша талдана бастады. Ғалым қазақ қоғамындағы біртуар қайраткерлер – Нұралы хан, Сырым батыр, Ерәлі, Айшуақ, Бөкей, Қаратай, Жантөре, Шерғазы, Арынғазы хандардың қоғамдық-саяси қызметі, олардың өзара байланысы, Ресей, Жоңғария, Ауғанстан, Хиуа, Бұқара, Қытай елдерімен түрлі деңгейдегі қарым-қатынастары, тарихтағы жеке тұлғалар орны т.б. күрделі мәселелерге назар аударды. Тарихшы пікірлері «Азаттық таңы жолында» (Қазақстанның батыс өңірі: ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысы және ХІХ ғасырдың бірінші ширегі аралығындағы тарихи жағдайлар) монографиясында, мақалалар жинақтарында, «Егемен Қазақстан» т.б. газеттерінде жарияланған мақалаларында кеңінен қамтылған [10]. Автор зерттеген ХҮІІІ ғасырдың ІІ жартысы ХІХ ғасырдың бірінші ширегі аралығы тарихымыздағы қарама-қайшы, күрделі оқиғаларға толы кезеңмен тұспа-тұс келеді. Мемлекеттілік пен елдікті сақтау үшін күрестің шиеленіскен, елдің Ресей отарына айнала бастаған сәттері де тап осы тұста. Бұл кезең Қазақстанның батыс өңіріндегі Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Абылай, Нұралы, Уәли хандардың қоғамдық-саяси қызметтерімен сипатталады [10, 140-145 б].

ХҮІІІ-ХІХ ғасырлар тоғысындағы қазақ даласының қоғамдық-саяси ахуалы Ресей империясының сыртқы саясатымен тығыз байланыста өрбіді. Міне осы кезеңде айрықша көзге түскен

тұлғалардың бірі - Арынғазы хан. Осы тақырыпты алғаш зерттеген т.ғ.д Ұ.Т.Ахметова «Арынғазы хан» атты еңбегінде Арынғазы Әбілғазыұлының қоғамдық-саяси қызметіне, саяси көзқарасына жан-жақты талдау жасаған. Арынғазы сұлтанның хан сайлануы ХІХ ғасыр басындағы Кіші жүздегі үлкен тарихи бетбұрыстың бастамасы болды. Арынғазы Әбілғазыұлы халық басқарған ел басшысы, қоғам қайраткері және ұлт-азаттық қозғалысты ұйымдастырушы ретінде тарихта есімі қалды. Бұл еңбекте Арынғазы саясаткер, мемлекет қайраткері, шебер дипломат, көрнекті тарихи тұлға ретінде көрінген. Арынғазы ханның мемлекеттік басқару ісіндегі реформалары, Хан кеңесін құрып, ақсақалдарға арқа сүйеуі, қазақ сот жүйесіне өзгеріс енгізіп, сот реформасын жасауы, хандықты күшейту мақсатында салық саясатын жүргізу мәселелері еңбекте тың мұрағат деректері негізінде зерттелген. Ал ғалымның «Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы және қазақ тарихы» атты монографиясында қазақ халқының жүріп өткен жолын тануда және оны қайта зерделеуде 1887 жылы Орынборда ашылған Ғылыми мұрағаттық комиссиясының атқарған қызметі, ғылымға сіңірген еңбегі, Мұрағаттық комиссия қалдырған ғылыми мұра қазақ тарихының деректер мен құжаттарының бай қоры болып табылатындығы, сондықтан да қазақ тарихының ғылыми зерделенуі өлке тарихын жинақтаудан бастау алғандығын ғылыми негіздеп баяндайды [11, 25-28 б].

Қазіргі таңда ұлттық тарих пен мәдениетке деген талаптың, қызығушылықтың артуы кезеңінде Орал қаласында жұмыс жасап жатқан облыстық тарих және археология орталығы еліміздегі ұлттық мәдени мұраларын және Отандық тарихымызды тануға, зерттеуге, тарих бетіне ел тарихында өзіндік орны бар есімдерді қайта оралтуда, тарихи зерттеулерді жаңаша зерттеулердің жүргізілуіне бірқатар жұмыстар атқарып отыр. Сол жұмыстарды ұйымдастыруда, ғылыми жетекшілік жасауда т.ғ.д. М.Н.Сдыков еңбектеніп келеді. Орталықтың жұмысы мемлекеттік және аймақтық бағдарламалары арқылы жүзеге асып, алдына қойған бірнеше міндеттерді атқарып отыр. Біріншіден – археологиялық ескерткіштерді анықтап, есепке алып мемлекеттің қорғауына алынған ескерткіштер тізіміне қосу болса, екіншіден – нақты археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу.

Аталған орталық облысымыздың барлық аудандарында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізуде: атасак, Сырым, Қаратөбе, Шыңғырлау, Теректі, Бөрлі, Жаңақала, Зеленов, Бөкейорда, Жәнібек, Казталовка, Ақжайық және Сырым аудандары. Нәтижесінде 6000-нан жоғары жаңа археологиялық ескерткіштер анықталды, соның ішінде, тас дәуірі адамының орны, қола дәуірі қоныстары, скиф-сақ кезеңінің обалары, Жаңақала ауданындағы «Қошқар (Узени)» қалашығы, Орал маңына жақын жердегі «Жайық» қалашығы және тағы басқалар. Жайық қалашығы Алтын Орда дәуірінде жоғарғы өркениетті, өзінің өндірісі мен қолөнері дамыған орталық болғанын археологиялық зерттеу нәтижелері нақты дәлелдермен көрсетіп отыр. Жайық осы бүгінгі Орал қаласының іргетасы. Археологиялық зерттеулер нәтижесі біздің өңірімізде ХІІІ ғасырда-ақ қалалық мәдениет қалыптасқандығы дәлелденді. Бұл жаңалық 2012 жылы қыркүйек айында Батыс Қазақстан облысы тарих және археология орталығы ұйымдастырған халықаралық ғылыми конференциясында археолог ғалымдар тарапынан мақұлданды. Тарих және археология орталығының жұмысының қорытындысының нәтижесінде 320 археологиялық ескерткіштер қатарына 1646 нысан қосылды. Сонымен, қазіргі таңда мемлекеттік тізімде - 1966 археологиялық ескерткіш тіркелді, оның ішінде 8 мыңнан жоғарысы обалар болып табылады [12, 25-38 б]. Орталық мамандары соңғы кезде қолға алған бағыттың бірі - тарихи тұлғалар тақырыбы. Осы мәселе аясында Алаш қозғалысының, Алашорда мемлекетінің тарихи мәселелері және оның мүшелерінің қызметі, өлкеміздегі ұлт-азаттық қозғалыс басшысы С.Датұлы, Бөкей хандығы туралы зерттеулер қолға алынған. Аталған орталықтың құрылуы өлкетану ғылымын және өлкеміздегі мәдени мұраларды зерттеу мен қорғауды нақты ғылыми тұрғыда қарастыра бастады [13, 25-38 б].

Қорытындылай келе, қазақ халқы тарихи бастауын сонау көне ғасырлардан алады. Оны бүгінгі тарих ғылымының жетістіктерімен қайта саралап, егемен ел жағдайында ой елегінен өткізу, бұрын жарық көрмеген мұрағат деректерімен салыстыру, халқымыздың төл шежіресін ғылыми айналымға енгізу – замана талабы. Отандық ұлттық тарихымыздың, әсіресе, батыс өлкесінің тарихын бұрын көлеңкеде қалған беттерін ашуда өлке тарихын зерттеуге сүбелі үлес қосып жүрген кәсіби тарихшы ғалымдар зерттеулеріне арнайы тоқтала, қазірде де өлке тарихы ғалымдар зерттеулерінің өзекті тақырыбы болып қалатынына көз жеткіземіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан. -№ 38(2).-10 шілде. - 2012 ж. -4-6 б.
2. Айтубаев М. Өлке тарихы – Отан тарихының бастауы // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. -№ 3. – 2010. -85-86 б.
3. Ахметова Ұ.Т. Өлкетану және қазақ өлкесін зерттеген ғылыми комиссия // Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. – 2007.- № 4 (15). - 48-51 б.

4. Кацюба Д.В. Историческое краеведение в школе и в вузе. -М. Кемерово, 1994.
5. Кенжалиев И. Исатай-Махамбет. - Алматы: Қазақстан, 1991. -192 б.
6. Кенжалиев И. Мақамбет толғаулары. Оқу құралы. - Орал, 2003. -113 б.
7. Бірімжаров Б. Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы 1946-2000 жылдарда (Оқу-әдістемелік құрал). – Орал: М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің баспа орталығы, 2006. – 244 б.
8. Рысбеков Т.З. Советы Казахстана (1938-1986 гг.) –Алма-Ата: Наука. -151стр.; Соныкі, Этюды истории родного края. -Уральск: 2007, -196 с, соныкі, Бөкей Орда тарихы: Монография. - Орал: 2001. - 196 б., соныкі, Диалог с историей: Монография. - Уральск: 2004. - 124 ст.
9. Букаткин П.Р. Западный Казахстан в годы Великой Отечественной войны Советского Союза (1941-1945 гг.). – Алма-Ата, 1967. – 278 с, соныкі, Западноказахстанцы в годы суровых испытаний (1941-1945). Под ред.Т.З.Рысбекова. - Уральск: 2005. – 200 стр.
- 10.Мұқтар Ә.Қ. Азаттық таңы жолында (Қазақстанның батыс өңірі: ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысы және ХІХ ғасырдың бірінші ширегі аралығындағы тарихи жағдайлар). – Алматы: «Ғылым», 2001. - 258б.; Соныкі, «Тарих тұңғығындағы тұлғалар» мақалалар жинағы. – Алматы: Арыс, 2008, -240 б.;Соныкі, Уәли //Егемен Қазақстан. -5 шілде. -2013;Соныкі, Жаңаша ойлау машығы (тарихшыларға зор жауапкершілік жүктеліп отыр // Егемен Қазақстан. -9 тамыз. -2013; Соныкі, Абылай және Ахмад шах // Егемен Қазақстан. - 4 қазан. - 2013 ж
- 11.Ахметова Ұ. Арынғазы хан (1786-1833). (ЖОО студенттеріне арналған оқу құралы).- Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2004.-168 б.; Соныкі, «Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясы және қазақ тарихы». - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ Баспа орталығы, 2012. -318 бет.
12. Сдыков М.Н. Степная пирамида.-Уральск, 2008. -264 стр.
13. Свод памятников истории и культуры РК. ЗКО. – Алматы: Аруна, 2010.- 328 б, соныкі, Средневековая городская культура и кочевая цивилизация бассейна реки Урал / Материалы международной научной конференции. / Под общей ред.проф.Сдыкова М.Н. – Уральск. 2012, - 464 стр.

ӨЛКЕЛІК ӘДЕБИ МҰРА ЖӘНЕ ТІЛДІК ДҮНИЕТАНЫМ
ЛИТЕРАТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КРАЯ И ЭТНОЛИНГВИСТИКА

ӨОЖ 81.373.21

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТОПОНИМДЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Салихова А.З.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Ономастикалық бірліктердің семантикалық мәртебесі ертеден-ақ еуропалық, ресейлік тілші мамандардың арасында қызу пікір-талас тудырған. Бір жағынан жалқы есімдерде мүлдем семантика жоқ деп үзілді –кесілді пікір айтса, екінші жағынан, ономастикалық атаулар мейлінше семантикаға бай деген қарама-қайшы дәйек келтіріледі. Бұл туралы тұжырымдар Дж. Милдің, А. А. Уфимцеваның, Н.Д. Арутюнованың, А. В. Суперанскаяның, қазақ ономастикасында Т. Жанұзақтың, Е. Керімбаевтың, Г. Мадиеваның т.б. зерттеулерінде келтірілген. Жалқы атаудың мағыналық критерийі нақты атаудың сипатына қарай қандай топқа жататындығында, яғни жалқы есім мағынасы семантикасы сөз болғанда таңдамалы принцип болуы қажет деп есептейміз. Яғни *Талдыбұлақ* сынды топонимнің семантикасы халық тарихында, оның когнитивтік базасында орын алған прецеденттік оқиға, жағдайға байланысты болмаса, мағыналық әлеуеті жағынан қазақ халқының танымындағы ерекше орынға ие.

Топонимдік концепт ең алдымен *кеңістік, табиғат, онома* әмбебап концептілері құрамында қарастырылады, сондықтан оны **параметрлік концепт** түріне жатқызуға болады (2). Өйткені, біріншіден, кеңістіктің өзі түрлі физикалық параметрлік қасиеттерге ие болса, екіншіден, материалды, ақиқат геофизикалық нысананың өзі де белгілі бір параметрлерге ие. Мысалы, **«тау»** концептісінің параметрлік белгілерінен - жер бетінде орналасу координатасы, теңіз бетінен биіктігі, ұзындығы, созылықылығы т.т. толып жатқан көптеген параметрлік қасиетке ие ақпараттар жиынтығын түзе беруге болады.

Ғаламның топонимдік бейнесі түрлі концептуалдық құрылымдар арқылы вербалданады. Ұлттық тілдегі жалқы есімдер жүйесі ғаламның тілдік бейнесінің үзгі ретінде мәдени кеңістікте концептуалданады. Мәдени кеңістік лингвистикалық тұрғыдан тілде көрініс табу жолдары мен құралдарын айқындайтын ақиқат болмыстың ұлттық қабылдануымен ерекшеленеді.

Концептінің *ұлттық деңгейдегі мәдени концепт* болып танылуының бірнеше алғышарттары бар, осы шарттарға аталмыш топонимдік концептілер қалай сәйкесетіндігін байқауға болады. Осы тұста қазақ тілінде мыңдаған сөздер, ұғымдар бар, солардың барлығы бірдей концепт құрылымдай ала ма? деген заңды сауал туындайды. Яғни когнитивтік лингвистикада қазіргі кезде қалыптасқан *концепт* туралы жалпыланған анықтамаға сай, ол ұлттық деңгейде кең танымал концепт болуы тиіс.

Концепт ұлттық концепт деңгейіне жету үшін, біріншіден, ұлттық когнитивтік база өзегінен орын алатын прецеденттік феномен ретінде танылуы тиіс; екіншіден, ұлттық ғаламның тілдік бейнесінде өзіндік орны бар түсінік, ол туралы жинақталған аялық, энциклопедиялық білімдер жүйесі концептіні құрылымдайды; үшіншіден, ол концептінің қандай да бір «тарихи жады», яғни тарихи этимологиясы болуы керек. Ең маңыздысы, концепт концепт болып жаңғыруы үшін ол бірқатар көркем, түрлі өнер туындыларында қайталанып, интерпретацияланып отыруы тиіс және ондай тілдік, мәдени фактілер неғұрлым көп болған сайын аталмыш концептінің лингвомәдени әлеуеті жоғарылай, «күшейе» түседі.

Ономастикалық концепт, оның ішінде топонимдік концепт, негізінен өзге әмбебап концептілер арқылы құрылымдалады, ең алдымен, *кеңістік* және *адам* концептілері, одан кейін *тау, өзен (су)*, есімдік, жан-жануарлар сынды концептілер өрісінде шоғырланады. Мысалы: *Қазығұрт, Каспий, Ұлытау, Алтай, Арал, Еділ, Жайық, Сырдария, Отырар, Тараз, Жетісу, Сарыарқа* т.б. сынды прецеденттік атауларды **топонимдік концепт** деп, ал *Қыз Жібек, Алдар Көсе, Асан Қайғы* прецеденттік сипаттағы жалқы есімдерді **антропонимдік концепт** деп танымыз. Олардың ұлттық ғаламның тілдік бейнесіндегі әлеуметтік-мәдени ерекшелігін көрсетуге болады.

«Ауыл» концептісін алып қарастырсақ.

Ауыл - ерте кезден қазақ халқының этнологиялық кеңістікті ұйымдастыру мен тұрмыс-тіршілігін мәдени, әлеуметтік тұрғыдан өзін-өзі реттестіріп отыратын маңызы зор дәстүрлі қауымдастық, мекен-тұрағы.

Қазақтардың ғалам бейнесінен қоршаған дүниені этноспецификалық қабылдау ерекшелігі айқын көрініс табатындығын «ауыл» концептісіне қатысты метафоралық ауысуды Т. Молдағалиевтің

мына өлең жолынан көреміз: «*Жастықтың ауылынан кеткен едім*»... бұл жерде *жастықтың ауылы* тіркесі *жас кез, жас мөлшері, адам өмірінің нақты бір кезеңі* семалары өзектеліп тұр.

Шындықтың ауылында – қазына бар,

Шыр айналып, соны іздеп алаңдаймын (М. Мақатаев) деген өлең жолдарындағы ақынның *шындықтың ауылында* тіркесінде синонимдес жұп құрайтын *ақиқат, шындық* концептілері өрісіндегі *шындық-қазына, байлық* этикалық құндылықты білдіретін компонент өзектеліп тұр.

Ауыл мен *жайлау* қазақ халқының ғалам бейнесінде, дәстүрлі этномәдениетінде ажырамас тұтас синонимдік түсінік қатарын құрайды. Көшпелі ауыл жазғытұрым ата-бабаларынан мирас болып қалған өз жайлауына қоныстанады. Өлең жолдарында жайлаудағы ауыл халқының тұрмыс-тіршілігі фрейм-сценарий, фрейм-ойсуреттемелер арқылы егжей-тегжейлі беріліп, қазақтың жайлаудағы өмірі атмосферасы дәл жеткізілген. Бұл фреймдерде біраз этномәдени сипаттағы білімдер жүйесі жинақталған. ***Алтыбақан тебу, іркіт пісу, қымыз сапыру, құрт қайнату, жалшы жұмсау, қозы жамырату, бие сауу, жылқы жию, кесте тігу*** сынды халықтың өміріне қатысты мол аялық білім жатыр.

Қазақ халқының ұлт болып қалыптасуы, ұлттық сананың бастаулары арғы түркі заманына, терең тарихқа жетелейді. Елбасы Н.Назарбаевтың сөзімен айтқанда: «Еуразияның жүрегінде, өркениеттер тоғысында талай халықтарды тал бесігінде тербеткен ұлы даланың төсінде дүниеге келген біздің халқымыздың барша тарихы – ұлт пен ұлыс ретінде сақталып қалу жолындағы толассыз күрестерге толы тарих» (3) . Шынында, ұланғайыр Еуразия территориясының, оның ішінде қазақ халқының ата-бабаларының тарихи төл этникалық кеңістігінің буырқанған тайқазанында талай ру, тайпалар мен этностар мидай араласып, ғасырлар бойы тіршілік кешкен. Ұлттық бірегейлікті (идентичность) кең мағынада жеке-тұлға, этникалық тұрғысынан, сондай-ақ уақыттық-мезгілдік, кеңістік, моральдық-этикалық, т.б. бірегейлік деп қарастыруға болады. Кеңістік пен тілдік бірегейлікті айқындау бойына жинақтаған ономастикалық атаулар, географиялық атаулар арқылы іске асады. Қазіргі ұлттық ономастикалық кеңістіктегі атаулардың концептілік мазмұнында ұлттық идея, нақтырақ айтсақ, ұлттық сана, ұлттық менталитет көрініс табады, сондықтан ұлттық идеяны қалыптастырудағы, патриоттық сезімді тәрбиелеудегі маңызы зор..

Қазақтардың жерге деген қатынасы, біздіңше, негізінен *атамекен, атақоныс, атажұрт* синонимдес концептілер арқылы айқын репрезенттеледі. *Атажұрт* - қазақ үшін ежелден қасиетті мекен, ата-бабаларының сүйегі жатқан киелі жер. Патриархалды қазақ қоғамында жерді пайдалану құқымен патронимиялық жүйе тікелей байланыста болған. *Бір ата баласы*, әрі қарай *ауыл, ауыл-аймақ* территориялық бірлікте дамуы кәсіби-шаруашылықпен көшпелі өмір салты негізінде біртіндеп қалыптасқан. Ең алдымен, ол патронимдік ауылдағы үйлермен отаулардың орналасуында көрініс тапқан.

Қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрі мен сабақтастығы бар топонимдік атаулар жүйесі халқымыздың мекен еткен атажұрты, жерімен, табиғатымен тұтасып, сол арқылы да этникалық бірегейлігін сақтап, осы күнге жеткізген. Топонимдік жүйе арқылы айқындалатын халқымыздың этникалық бірегейлігі уақыт өте іргелі ұлттық бірегейлікке ұласқанын көреміз. Топонимия арқылы көрініс табатын тілдік, ұлттық бірегейлік ақын-жыраулар дәріптеген атамекені, жаудан қызғыштай қорыған өзен-көлдері, тау-тастары, жайлау қоныстарына деген дала перзенті - қазақтың төл атауларында өрнектелген туған жеріне деген сүйспеншілігі, патриотизмі қазақ халқының ұлттық идеясына ұласып, оның үлкен бір арнасы ретінде танылады. Еліміз егемендікке ие болып, тәуелсіздік туын тігуі және қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы, ең алдымен, міндетті түрде Қазақстан жер-су атаулары жүйесінің ұлттық сипатқа қайта орала бастауына негіз болды. Ұлттық сананың жаңғыруы қазақ халқының мәдени, әлеуметтік өмірінің барлық салаларында көрініс тауып, ұмыт болған салт дәстүрлер рухани болмысты жандандырды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика. I том, Алматы, 2006.
2. Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. Арыс. А.: 2006.- 280 б.
3. Н.Ә.Назарбаев. Ғасырлар тоғысында. 2006.

ҚЫПШАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ (X-XII Ғ.) РУ-ТАЙПА АТАУЛАРЫ

Аташев С.М.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
E-mail: serikat@mail.ru*

X-XII ғасырдағы Дешті-Қыпшақ даласының ру-тайпалары, олардың атаулары М.Қашғари (1029 ж.т.), ан-Нувайри (т.ж. белгісіз - 1331), ибн-Халдун (1332-1406), Бейбарс ад-Дауадар (т.ж. белгісіз - 1325) еңбектерінен белгілі. Олар: 1) Токсаба (Тоқсоба), 2) Сате (Иета), 3) Бурджоглы (Бозжоргалы), 4) Анжугали (Анджоглы), 5) Дурут, (Турт), 6) Барулы (Бурлы, Елбурли), 7) Жузнен (Джузнан, Джерсан), 8) Қараберикты (Караберикли, Кадкаберкли, Карабароглы), 9) Қотан (Котян, Кунун) 10) Карабароглы (Қалабаалы), 11) Хангули (Кангуоглы, Кангароглы, Канааралы), 12) Куман (Коман, Кун). Қыпшақ даласы екіге бөлінген, Батыс Қыпшақтары, Шығыс Қыпшақтары – орталықтағы шекара Еділ өзені болып есептеледі. Батыс Қыпшақтары, Еділден батысқа қарай, Венгрияға дейін жайлаған. Оларды Тоқсоба (Тоқсобичи) әулеті билеген. Шығыс Қыпшақтары Еділден шығысқа қарай, Алтай тауларына дейін мекендеген. Бұл аймақты Елбөрілі әулеті билеген.

Тайпа атауларының морфемикалық құрылымына келсек, орыс жылнамаларында, мысалы: Бурдж-оглы – «Бурчевичи», Тоқсоба – «Тоқсобичи» т.б. деп жазылады. Сондықтан, Қыпшақ тайпаларының атауындағы, «-оглы», «-ев», «-вич» дегендерді алып тастауға тура келеді. Көбіне – «лы», «-ты», «-ты», «-шы» түріндегі қосымшалар қазіргі қазақ ру-тайпаларында сақталып қалған: Шанышқылы, Шапырашты, Қаңлы, Сіргелі, Ошақты, Тобықты, Қанжығалы, Шұбыртпалы, Тарақты, Жағалбайлы, Балталы, Бағаналы, Терістаңбалы, Көкжарлы, Болатшы, Ашамайлы, Жаңбыршы т.б.

«Селенга жазуындағы» («Мойын Чор» жазуы) кездесетін Түрік-Қыбчақ» сөзін кейбір ғалымдар «Құнчақ» деп те оқиды [1]. «Түрік-Қыпшақтар» (жазба бойынша: «Түрік-Қыбчақтар елу жыл бойы билеп тұрды») билік жүргізген кезең - Білге қағанның Көк Түріктер мемлекеті. Көне Түркі жазбаларының өзінде, «Түрік-Қыбчақ» халқы Түрік-Сір халқы деп жазылады. Яғни, Қыбчақ деген сөз бен «Сір» (Сир) деген бір сөз. Сондықтан, тарихта Көк Түріктер мемлекетін, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөктердің мемлекетін мемлекетін - Қыпшақ қағандығы (Кипчакский каганат) және Сир қағандығы (Сирский каганат) деп те атай береді [2]. Екі атаудың арасында қайшылық жоқ. Қыпшақтар (Түрік сір халқы) көне Қытай жазбаларында «Сеянто» деп аталады. Қытайлар екі тайпаны айтып отыр деп түсінеді: «Се» - Сір (Түрік-Қыбчақтар), «Янто» - тағы да бір тайпаның аты. Көне Түркі жазуларда, үтір, сызықша сияқты тыныс белгі таңбалары болмағандықтан қате оқылған. «Түрік-Қыбчақ» деген - «Түрік және Қыпшақ» халқы, «Түрік-Сір» халқы - «Түрік және Сір» халқы деп оқылып келді. Бұлай оқу дұрыс емес, қазіргі тілге келтірсек, «Түрік-Қыбчақтар» деген - Қыпшақ Түріктер (Қыпшақ Түркілері), «Түрік-сір» - «Сір Түріктер», бұл екеуі бір халық болатын. «Түрік-Қыбчақ» деген сөзді «Түрік-Құнчақ» деп оқығанда да қайшылық байқалмайды. ««Құнчақ» сөзі арабтар қолданған «Қыбчақ» сөзінің түркілік айтылуының негізгі болып шығады. Онда «Құнчақ» сөзі екі бөліктен тұрады «Құн-чақ». «Бұндағы - чақ» жұрнағы: құлын-шақ, келін-шек, Сарай-шық. Қыпшақтарды Венгрлер неге сол заманда «Кун» деп атағаны да түсінікті болады. Венгрлер Қыпшақтарды «Кун», Византиялықтар «Коман», Орыстар «Половцы» деп атаған, Еділ бойындағы «Басқұншақ» көлінің атауы және Орыстың «Игорь полкі туралы жырындағы» Қыпшақ ханының «Кончақ» аталатыны осыған меззейді. «Селенга жазуының» өшіп қалған тұсының осыдан («Қыбчақ» немесе «Құнчақ») басқаша оқылу нұсқасы жоқ. Бұл халықты «Қыпшақ» деп, даласын «Дешті Қыпшақ» деп арабтар мен парсылар атаған. Көне Түркі ескерткіштерінде «Түрік Сір бұдұн», Қытай жазбаларында «Сеянто» (иероглифтің оқылуы) деп жазылған. Түркітануда Түркия ғалымдарының ықпалымен «Сеянто» - «Сир-Тардуш» болып оқылып келген еді, көне Түркі ескерткіштерін зерттеуші Қ.Сартқожа оны «Сір алты» (алты алаш) деп оқыған, Ашина сөзін - «аспан» (тохар тілі арқылы), «ашидэ» сөзін «айдаһар» (парсы тілі арқылы) деп түсіндіреді [3].

Ру-тайпалар атауы мен адам есімдеріне қарасақ, «Елбурли», «Бурджоглы», «Карабароглы», «Кончақ», «Боняк» - Қыпшақтарда «Бөрі» (Көк Бөрі) тотемінің кең таралғанын аңғаруға болады. Қыпшақтар Көк Түріктердің (Сирский каганат) ұрпақтары болса, Көк түріктерді билеген «Ашина» әулетінің атауын түсіндіруде «Чино» монғолша «қасқыр», «бөрі» сөзі екені немесе «Ашина» сөзі тохар тілінде «аспан», «көк» дегенді білдіретіні айтылады. Шығыс Қыпшақтарының билеушілері Елбөрілі әулетінің атауы сол «Ашина» сөзінің түркіше айтылғаны деп түсінуге болады. Қазақтағы «Алшын» («Қызыл қасқыр» деп түсіндіріледі), «Алаш» («Лашын» деп түсіндіріледі) атаулары сол «Ашина» - «Елбурли» атауының бір нұсқасы бола ма. Шындығында, «Алшын» сөзін Рашид-ад-диннің «алчи татар» сөзінен шығаруы [4] дұрыс болатын. Тек кейін бұл сөздің «алты татар» деп түсіндірілуі дұрыс емес еді, шындығында «Алчи» (Алчин - Алшын) сөзі «алдыңғы» деген сөзден шыққан болатын, өзі тек

жауынгерлік ұғым – «алдыңғылар» (алдыңғы қатарда соғысатындар, шолғыншылар). Мысалы, «Арғын» (Артқы) атауы – «артқы шептегі әскерлер» деген мағынадан шыққан. Бұл оңай түсініледі: «Қазақ» (ел шетін қорғаушылар, еркін адамдар), «Жоңғар» (әскердің оң қанаты) деген халық атаулары да жауынгерлік ұғымдар. Соғыс даласында ғана қолданылатын жауынгерлік ұғым, түсініктер көшпенді тайпаларда кейін ру-тайпа, халық атауларына айналып кеткен.

Кіші жүздің өзінде Алшын деген жеке ру жоқ, «Алаша» (бұл ру түрікменде де бар) және «Алтын» деген ру бар. Қазақ шежірелерінде Түрікмендер де «Алты алаш» халқына жатады. Қазір «Алты алаш» шежірелік түсінігін анықтаса, оның түрлі нұсқалары бар, солардың ішінде Ақселеу Сейдімбеков «Қазақтың ауызша тарихы» еңбегінде қазақ шежірелеріне, көне жыр-дастандарына сүйеніп, белгілеген нұсқасы: 1) Қазақ (Ақарыс, Жанарыс Бекарыс), 2) Созақ (Қарақалпақ пен Ноғай), 3) Сейілхан (Түрікмен), 4) Жайылхан (Башқұрттар мен Татарлар) 5) Сақыпжан (Қырғыздар), Майқы (Өзбек) [5]. Соның ішінде Қазақ пен Созақ және Майқы – өзара, Сейілхан мен Жайылхан – өзара туыс болады. Қазақ шежіресі қазаққа туыс халықтарды дәл анықтаған: Қарақалпақ, Ноғайлы, Өзбек Қыпшақтары (көшпелі өзбектер). Бұл жердегі «алты Алаш» түсінігі Ұрыс ханның Ақ Ордасының халықтарын көрсетеді. Сарттардан (Ұйғыр мен Өзбектен) басқа Орталық Азиялық түркі халықтары туыс ретінде көрсетілген. Алшындарды бір кезде Ашина әулеті билеген деп түсінуге де болады: Қарлұқтарды, Түргештерді, Хазарияны, Қараханды, Қыпшақтарды Ашина әулеті билегені сияқты. Ал Башқұрттарда Көне Қыпшақтың бұл тайпасының аты сол күйінде сақталған – «Елбөрлі», «Бөрлі» деп аталатын тайпалар бар. «Ашина» мен «Алшын», «Алты Алаш» және «Алаша хан» сөздерін тікелей байланыстыру құп емес. «Алаш» сөзі монғол-қалмақша «қанішер, баскесер, қарақшы» деген сөз, яғни «Қазақ» деген сөздің монғолша, қалмақша тікелей аудармасы ғана екеніне көз жеткізу оңай. Монғол-қалмақтар көне Түркіше ру-тайпа атауларын өз тілдеріне тікелей аударып алып отырған. Мысалы, Секиз-окуз – «Найман», Токуз-окуз – «Үйсін», Йети-Окуз немесе Жетіру – «Дулат», ал Табын – монғол-қалмақша «бес» деген, Дүрмен (Дүрмен-Барлас) – «төрт» деген сөзінен шыққан.

Тағы бір билеуші тайпа, бұл жолы Батыс Қыпшақтардың билеуші әулеті Тоқсоба (орыс жылнамаларында «Токсобичи») жөнінде тоқталсақ, бұл ру Қазақтың Кіші жүзінде және Қарақалпақта сақталған. Қазақтың Кіші жүзіндегі Байұлы Байбақты руының бір атасы (бөлімі) Тоқсоба деп аталады. Қарақалпақта «Тоқсоба!» бірқатар рулардың ұраны. Сол Байбақты руының бір атасы - «Қынық» деп аталады. Бұл – Оғыздардың әлемге белгілі тайпасы. «Тоқсоба» тайпасы атауының мағынасына келсек, «тоқшылық, молшылық» («Туқак», «Тоқай» түркі халықтарындағы адам есімдері) сөзінен шыққан. Қазақ хандары шыққан Тоқай Темір әулетінің, Кіші Жүз Беріштің құрамында «Қаратоқай» деп аталатын бөлімінің атауы да соған сабақтас.

Қыпшақтардың тайпасы «Йета» (Ибн Халдунда бұл тайпа - Сета) жөнінде. Бұл, әрине, «Жеті» деген сөз. Яғни жеті тайпадан құралған бірлестікті айтып отыр. «Жеті» деген атауға үш халық (одақ, бірлестік) таласа алады: Башқұрттар (олар өздерін «Йети эль») деп атайды. Еділ деген сөз осы «Йети эль» атауынан шыққан. Атилла (Еділ патша) есімі де сол сөзден қойылған, бұл Гун әміршісінің бүркеншік мадақтау есімі, яғни Еділ патша «Жеті жұрттың билеушісі» деген мағынада қолданылған. Бұндай ұлықтау есімі көшпенділерде кең таралған: Шыңғысханның шын есімі - Тэмуджин, Қазақ хандығының негізін қалаған Әз-Жәнібек ханның шын есімі - Абу Саид (Әбусағит). Ал Алтын Орданың Бату ханы – Ер Сайын (Сайын хан) деп аталған, Ал Әбілмансұр – Абылай аталып кеткен. «Йета» тайпасының атауына Дулат тайпасы таласа алады, Дулат (Дулоо) – монғол-қалмақтың «жеті» деген сөзінен шыққан. Алайда Йети-Окуз халқы (Дулаттар) туралы бұл төңіректе айтылмайды. Қазіргі Ұлы жүздегі Дулаттар болса, («Доғлат», «Дуклат» деп жазылады) Рашид-ад-дин бойынша Монғол тайпасы. Анығы - Шығыс Қыпшақтарының Йета (Жеті) тайпасын Кіші жүздегі «Жетіру» атты рулар бірлестігі деп анықтау. Бұл рулық бірлестік негізінен Батыс Қазақстан (Орал) облысында тұрады. Ал өздерін «Йети эль» деп атайтын Башқұрт пен өздерін «Алаш халқы» деп атайтын Қазақтың ру-тайпалық туыстығына ешкім де таласпайды. Қазіргі Башқұрт халқында «Қазақ» деп аталатын 27 ру-тайпа бар. Бөлімдері әр басқа қазақтар - 27 түрлі қазақ. Еділ мен Жайық өлкесі де соған сәйкес, жыраулар поэзиясында (Қазтуған, Шалкиіз, Мұрат Мөңкеұлы) «Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен жер, жеті жұртым көшкен жер» деп жырланады. Жетірудың құрамындағы Рамадан руының ұраны «Дулат!» болып шыға келгенде, тағы да «Дулат» (монғол-қалмақша – «жеті ру») сөзінен қашып құтылмайтынымыз да белгілі болады. Сол сияқты Еділ мен Жайықтан кетіп, Еділ Бұлғариясының (қазіргі Татарстан) негізін салған Котрак қаған және Дунай Булгариясының (қазіргі Болгария) негізін салған Аспарух патша да осы «Дуло» (Дулат) тайпасынан шыққандығы белгілі. Дуло әулеті – ұлы жүздегі Дулат емес.

Қыпшақтарының тайпасы «Анджугали» (Анджуоглы) туралы айтайық. Түркітанушы, тарихшы ғалым, ежелгі көшпенділер тарихын зерттеуші А.Н.Аристов: «Анджугали» («Анджуоглы») тайпасы дегеніміз Арғынның құрамындағы Қанжығалы тайпасы» - деп анықтаған болатын [6]. Бұл тұжырымға қарсы уәж айтылған емес. Тайпа атауына келсек, Анжи (Анджуоглы) - құмық тілінде асыл тастың атауы. Қазақшасы - «Інжу». «Қанжығалы» ру атауының «Қанжыға» сөзіне ұқсастығы тек сырттай ғана, «Кобяк», «Кобук» сөзінің Тобықты, «Учоқ», «Учоқлы» сөзінің «Ошақты», Оғыздардың «Ақ коюнлы»,

«Кара коюнлы» тайпаларының қазақтың Дулат руында «Ақойлы», «Қарақойлы» болып жүргеніндей. «Анжу» сөзін «Інжу» сөзінен шығуы бұлыңғыр. Қыпшақтарының «Анжигали» тайпасының атауы «Қанжығалы» атауына мезгесе, сол Қанжығалы руы – қазіргі Ноғайлы халқындағы ірі рулардың бірі.

Қыпшақтардың келесі тайпасы, Кангуолглы (Хангули, Кангароглы) атауына түркітанушылар арасында пікірлер қайшылығы туған емес, бұл «Қаңлы мемлекеті», «Қаңлы-Қыпшақ» деген атау Көне Түркі дәуірінен қазіргі кезге дейін айтылып келеді. Қаңлылар Сыр бойын жайлаған. Көне Қытай жазбаларында «Кангюй», ал Көне Парсы жазбаларында: «Кангха» деп аталады. «Оғыз-наме» мен Рашид-ад динде «Қаңлы бек» деп антропоним ретінде аталады. Ол «Қаңғылы» (алғаш рет арбаны ойлап тапқан халық) деген сөзден шыққан деп түсіндіреді. Алайда, ешбір көне шежіреде, сол «Оғыз-наменің» өзінде де Қыпшақ бек, Қаңлы бек, Қалаш (Алаш) бекті неге Оғыздарға туыстық жағынан қоспайтыны түсініксіз болып келеді. «Оғыздар» шынында да сақ тайпаларына қатысты, ал Қаңлы-Қыпшақтар ғұн тайпаларына қатысты болғандықтан шығар.

Шығыс Қыпшақтарының келесі, алтыншы тайпасы болатын «Дурут» (Турут) тайпасы жөніндегі пікірлерді айтсақ. Бұл да санның атауы - төрт (дурт) деген сөз. Яғни, Төрт тайпалы халықтың немесе осыған ұқсас болатын атауды иемдеген ру бірлестігін айтып отыр. Н.А.Аристов бұл тайпаның атауына қарап: «Дурут» тайпасы дегеніміз - Қазақтың Орта жүзіндегі Төртауыл тайпалар бірлестігі» деп анықтаған. Ол Арғынның құрамындағы Төртауылды айтып отыр. «Төртауыл» (төртуыл) атауымен Қазақта төрт түрлі ру аталады. 1) Шежірелерден бастасақ, Шәкәрім Арғындардың Төртауыл тайпасы туралы былай деп жазады: «Ақжолдың бәйбішесінен Қарақожа, тоқалынан - Сомдық, мұның екі баласы - Саржетім, Шақшақ. Бұлардың нәсілі «Тоқал Арғын» атанады. Қарақожаның бәйбішесінен баласы - Мейрам және Момын деген тоқалынан үш баласы - Қарасопы, Кенжесопы, Басентиін. Мейрамның бәйбішеден төрт баласы - Қуандық, Сүйіндік, Бегіндік, Кегіндік. Мейрамның тоқалынан - Болат, Қуандықтың төрт баласы - Алтай, Қарпық, Темеш, Беруші: Сүйіндіктің нағыз үш баласы - Жанболды, Құлболды, Орманшы және асыранды баласы - Қаржас. Осы төртеуінің нәсілі **«Төртауыл»** атанды» [7,26-27]. 2) «Төртауыл» (төртуыл) атанатын ру Ұлы жүздегі Ошақтыда бар: Ошақты руы алты атадан тұрады: Байлы (Байназар), Қоңыр (Қойназар), Аталық (Бекназар), Тасжүрек (Ақназар). Байлы төрт атаға бөлінеді: Сүзік (Созақ), Байсары, Қасқа, Қабыл. Қоңыр руы төрт тармақ: Шуылдақ, Алданар, Жамантымақ, Түлкіші. Аталық атасынан: Орақ (**Төртауыл**, Қарсақ), Жалмәмбет (Берді, Сүгір, Төбет, Тас). Көп аталы Тасжүрек он екіге тарайды: Қосаң, Солақай, Сейіт, Тоқтыауыл, Қараман, Келмембет, Бөлек, Тас, Тілеу, Қайқы, Таз, Кенже. 3) Енді Найманның құрамындағы «Төртуыл» туралы: терістаңбалы, сарыжомарт (ергенекті найман), төлегетай деген рулар бірлестіктері тарайды. Терістаңбалыдан: мәмбет, рысқұл; сарыжомарттан: балталы, бағаналы, көкжарлы, бура-найман, қаратай; төлегетайдан: қаракерей, мұрын, **төртуыл**, матай, аталық (кенже), садыр. 4) Шәкәрім өз шежіресінде ежелгі Дешті-Қыпшақ тайпаларын көрсеткен, ол тізімді Шәкәрім Н.А.Аристов және А.И.Левшин еңбектерінен алған болуы керек. Шәкәрімде Қыпшақтардың «дурут» тайпасы «дурткара» деп беріледі. Қыпшақтар туралы көне жылнамаларда «Дурут» тайпасы бұлай аталмайды. **Төртқара** тайпасы Кіші жүздегі алты рулы Әлім бірлестігіне кіреді, таңбасы - крест. Төртқара руынан Жалаңтөс баһадүр, Әйтеке би сияқты тарихқа әйгілі тұлғалар шыққан. Қазақтағы крест таңбалы рулар: Ұлы жүзде - Сарыүйсін, Орта жүзде Керей, Кіші жүзде Кете мен Төртқара. Дешті-Қыпшақтың «Дурут» тайпасына оралсақ, Дүрбін (дүрмен) руының атауы да осы «Төрт» сөзінен (монғол-қалмақша «Дурбаан», «Дөрвн») шыққан. Алайда, Дүрмен «таза монғол» тайпасына жататындықтан, Қыпшақ даласының «Дурут» руына қатысы жоқ болуы керек. Сөйтіп, ежелгі Қыпшақ даласының көне жазбаларда кездесетін «Дурут» тайпасына Арғын «Төртауыл», Найман «Төртуыл» және Ошақты «Төртауыл», Кіші жүздегі «Төртқара» руларының қатысы бар. Осылардың ішіндегі Қазақ Төртуылдары (Төртауыл) бір-біріне туыс болып шығуы да мүмкін. Яғни, көне «Дурут» біртұтас болса да, кейін әр түрлі руға бөлініп түскен де, шежіре құрастырғанда, әрқайсысын өз руындағы аталардан таратқан.

Қыпшақ хандығындағы атау «Куман», Византия өзімен көршілес (Еділден Дунайға дейінгі аймақ) қыпшақтарды «Куман» деп атаған, Венгрлер «Кун», Орыстар «Половцы» деп атаған. Осы үш атауды салыстырып талдап көрейік: 1) Дұрыс атауын Венгрлер айтып отыр, «Кун» деген – Қыпшақ халқының сол кездегі «Құншақ» атауы. Онда «-шақ» деген кішірейту жұрнағы емес, «Құншақ» - «Бөрі» атауының бір нұсқасы: «Қаншық». Орыстың «Игорь полкі туралы жырында» Қыпшақтардың ханы да Кончак (Бөрі Ене - яғни, Қаншық) деп аталады. «Гзак» (яғни Қазақ) атты да қаған болған. Сол сияқты «Кобяк» - төбет, «Боняк» - Мойнақ. «Игорь Полкі туралы жырда» мынадай жолдар бар: «Игорьдің соңынан Гзак қасқырша қуа жөнелді, оның артынан Кончак ілесті». Киев Русінің князі Игорь Святославаичтың жеңіліп қашқан жауынгерлерін Гзак хан осылай артынан қалмай қуып соғысып жеңеді. Қыпшақтың тағы бір ханы Кончак болса, Гзакқа көмектеседі. Бұл жерде орыс жырындағы: «қасқырша қуа жөнелді» деген сөзге мән беру керек. Гзак хан мен әскерлерін қасқырға теңегеніне қарап («Гзакъ бѣжитъ сѣрымъ влъкомъ, Кончакъ ему слѣдъ»), тарихта: «Гзак - Бурчевич Ордасының ханы» деген қорытынды жасаған. Сөйлемді олай түсіну қате: «Гзак - бөрілі байрағымен арттарынан қуды» , - деп оқылуы тиіс еді. Ал Венгрлер Қыпшақтарды «Гундер» деп, немесе оның ұрпақтары деп

түсініп отыр. 2) Ал Орыстар «Половцы» деп атаған, бұл сөздің мағынасы «Сарылар». Орыстар Қыпшақтарды «Сары түсті» деп отырған жоқ, олар Қыпшақтардың өз атауын орысшаға аударып алып отыр. Қыпшақтар өздерін Сарылар деп атаған. Сарыарқа (Қыпшақ қырқалары), Сарытау (Қыпшақ таулары - Орал таулары, яғни орысша - Саратов), Сырдария (Қыпшақ өзені). Қыпшақтарды сол замандағы Орта Азия мен парсы тарихшы-жылнамашылары «Шари» (Сары) деп атайды. Орыс жылнамалары бойынша, Гзак - Беглюк Бурнович ханның баласы («Бурнович» - «Бөрі» атауын иемденген әулет), ал Кончак - Атрак ханның баласы, Шаруканның немересі, яғни Сары (Қыпшақ) хандарының әулетінен шыққан. 3) Византиялықтар Қыпшақтарды Куман (Коман) деп атаған. Бұл - осы аймақтағы тайпалардың дәл өзінің атауы. Орыстың оңтүстік даласы қазір осы тайпаның атауымен «Қубань» деп аталады. Орыстар кейін Алтайдағы Түркі халқын «Кумандинцы» деп атады, яғни өз бұл жолы атауымен атады, ол халық қазір бар, өздерін «куманды, қубанды, қууандығ» деп атайды. Яғни, «Куман» деген, тарихта жазатындай «Құман» (не сөз екені белгісіз) емес, ол – Арғынның Қуандық руы.

Шығыс Қыпшақтардың тағы бір тайпасы - Бурдж-оглы. Орыс жылнамаларында «Бурчевичи» деп аталады. Бұл «бөрі» сөзінен шыққан атау. Салыстыру үшін алсақ, Башқұрт халқының екі үлкен руы Тамян (қазақта «Тама») және Бурзян (қазақта «Беріш») деп аталады. «Башқұрттың Бурзян руы қазақтың Беріші болмас»,- деп айтуға да болар еді. Алайда, Башқұрттың Бурзян руы «Байулу-Бурзян» (қазақта Байұлы Беріш), «Ноғайулы-Бурзян» (Ноғайлы Беріш) болып бөлінетінгесін, оның да Беріш руы екені мойындалады. Башқұрттың «Сальют» рулар бірлестігінің құрамында да бар. Бұл бірлестік, «таза монғолдық» болатын «Салджиут» атты тайпасынан шыққандығы даусыз. Оғыздарда бұл әулет Салжұқ (Сельджук) деп аталады. Монғолдардың (Ергенекон халқы) бөрісі - Арлан бөрі, ал Көк Түріктердің бөрісі - Қаншық қасқыр («Бөрі Ене»). Аңыз бойынша Ашиналардың түп атасын қаншық қасқыр асырап алған. Башқұрттағы Байулу-Бурзян руының құрамында «Бәрсе» (тағы да Беріш) деп аталатын бөлім де бар. «Бурджян» деген тайпа атауы Ұлы Бұлғар қағандығы тайпасы ретінде Византия жазбаларында аталады. Бурдж тайпасы, Еділ бойына Қыпшақтардан бұрын келген болуы ықтимал. Ал Қыпшақтар Екінші Түрік қағандығы құлағасын, 745-ші жылдан кейін келген. Ал бөрінің басы салынған туды Еуропалықтар алғаш рет қашан көрді. Бірінші Түрік қағандығының қалың қолы Қырым түбегі мен Қап тауына 568-ші жылы шабуылдаған. Осы жылдары Алтайдан «бөрілі байрақ көтерген» ру-тайпалар бұл өңірге қаптап келді. Бурдж-оглы (Бурчевичи) тайпасының өңірге келуі осы кезеңде болуы мүмкін: Қыпшақ даласындағы «Бурдж» деген тайпалар одағы - Бурджан (Беріш). Мысалы, араб ғалымдары Бейбарыс сұлтанның рулық тегін «Мин Бурдж» деп жазады. «Мин» (Минг) тайпасы Шайбани әулетімен бірге Өзбектерге қосылған, ал Бурдж (Беріш) тайпасы Башқұрт пен Қазаққа бөлініп түскен.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бекжан О. Көктүрік қағанаты // «Жалын», 2010, № 12, 74-80 б.б.
2. Кляшторный С. Г. Кипчаки в рунических памятниках // *Türccologica*, 1986. К восьмидесятилетию академика А.Н. Кононова. Л.: 1986. С. 153-164.
3. Каржаубай С. Объединенный каганат тюрков (по материалам рунических надписей) Астана, 2002, С.97-99, 178.
4. Рашид ад дин. Сборник летописей, М-Л., 1952.
5. Ақселеу Сейдімбек. Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу. Астана: Фолиант, 2008. 728 б.
6. Аристов Н. А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей я сведения об их численности // Живая старина. Год шестой. СПб., 1896. Вып. 3 - 4.
7. Құдайбердіұлы Шәкәрім. Түрік қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі. А., 2004.

Х.ЕРҒАЛИЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР БЕЙНЕСІНІҢ СОМДАЛУЫ

Садықова А.Т., Есетова А.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

В статье рассматриваются вопросы духовного и патриотического воспитания в произведениях народного писателя Казахстана, поэта, журналиста Х.Ергалиева.

The article examines the spiritual and patriotic education in the works of Kazakh national writer, poet and journalist H.Ergaliev.

XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап қазақ әдебиеті тарихында әр кезеңде өмір сүрген ұлы тұлғалардың өмірі мен кейінгі ұрпаққа қалдырған мұрасын, қоғамдағы алған орнын суреттеу дәстүрі қалыптасты. Ғұмырнамалық, тарихи деректік мәліметтер негізінде көптеген көркем шығармалар дүниеге келді.

Бірқатар қазақ романдарында кешегі өткен соғыс пен соғыс кезіндегі ел өмірінің шындығы сөз болды.

Әсіресе, адам тағдырына әлеуметтік және адамгершілік тұрғыдан қарау және оның философиялық сырын ұғыну соғыстың шындығы арқылы танылатын шығармалар қатарында Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер», (1956) «Шырағың сөнбесін» (1981) ауылдағы соғыс жаңғырығын бейнелейтін Б.Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» (1967) романдарында ел намысын қорғаған жандардың адамдық кейпі жайындағы туындылар тұрды.

Тарихи қызуғушылық, соның негізінде халық тарихының қилы - қилы кезеңдері мен тарихи оқиғалардың қоғам, адам өміріндегі орны, рөлі жайлы ойлау, толғана отырып көркем бейне сомдау осы кезеңде қаламгерлер қаламынан шыққан туындыларда көбірек байқалды.

Өмірдің қым-қуыт қайшылықтарын бүркемей, шиыршық атқан эмоциялық бояумен, серпінді ой, өткір тілмен шындықты шырылдай жырлаған қазақтың ақиық ақыны Хамит Ерғалиев еді.

Ақын шығармаларының басты ерекшелігінің өзі ел тағдырын, халық тағдырын, тәуелсіз еліміздің бүгінгі мен болашағын биік пафоспен жырлауында.

Хамит Ерғалиев жай лирикаға барып ғана қоймай, тарихқа көз жүгіртіп отырды. Тарихи тұлғалардың тағдырын қалам ұшына іліндіріп, өткен мен болашақты, еңбек пен өнерді жырлап, ғажайып дастандар тудырды. Кешегі Ұлы Отан соғысының ауыр кезеңін де көзден таса қалдырмады.

Поэмаларының алғашқыларының бірі «Әке сыры» - әкенің баласына айтқан толғанысы, сыры түрінде жазылған дастан. Ақын әке мен баланың қарым-қатынасын суреттей отырып, отаншылдық рухты оқырманға түсінікті тілмен жеткізе білген. Осы поэма жөнінде академик С.Қирабаев: «Солдаттың соғыс оқиғаларын емес, алған тебіренісі, ішкі жан дүниесі, биік моральдық бейнесі зор шабытпен жырлаған» деп әділ бағасын береді.

Ақынның тарихи дастандарының бірі – «Аңыз ата» дастаны. Өткен ғасырдың 60-жылдары жарық көрген сюжеті жағынан лирико-философиялық шығарма. Халық арасына кең танылған аңыз-әңгімелерді автор өзінше зерттеп, қорытып, шығарма арқауы етіп алады. Украин халқының ақыны Тарас Шевченконың Маңғыстау түбегінде болған кезеңі ғана суреттелгенмен, ағартушылық, демократтық пікірі мен азаттық идеясы үшін патша тарапынан қуғын көрген Т.Шевченконың жергілікті халықтың хал-жайын, мұрат-мүддесін түсінген, жабағы тон киген, жаны жабырқау қазақтың дархан көңілін, достық ықыласын сезген, олармен етене араласқан жайттарын жырға қосады. Одан әрі автор дала түлегі Құрманғазы мен Днепрден келген Тарас Шевченконы жүздестіреді. Поэмада ақын екі халықтың өнерлі ұлдарын кездестіру арқылы өнер үшін еш кедергі де, шекара да жоқтығын, өнер бүкіл халықтың игілігі екенін айтып отыр.

Дастанның өзегі – ұлы Кобзордың қайғы-мұңы, екі жақты езгіде тұншыққан қазақ халқының трагедиясы, екі халықтың ұлы перзенттерінің өнер құдіреті туралы сырласуы.

Тарихи тақырыпты өнер тұлғалары өмірімен ұштастыра білген Хамит Ерғалиев қаламынан «Құрманғазы», «Күй дастан» поэмалары да дүниеге келді. Достыққа берік, досына мейлінше адал Х.Ерғалиев ұлы сазгер, қазақтың тұңғыш композиторы, домбыра үнін ұлттың әуелеген әнімен әлемге теңестіріп, оркестр мен операға жеткізген, дос ағасы Ахмет Жұбановқа арнап «Күй дастан» поэмасын жазады. Ұлы композитор да өз кезегінде Х.Ерғалиевке арнап «Хамаң толғау» деген күйін арнайды.

«Күй дастан» үш бөлімнен тұрады. Ол – биік мақсатқа, жоғары идеяға құрылған ақынның мазмұнды еңбегі. Халқымыздың рухани мұраларының бірі күй табиғатын жете меңгеріп, елі үшін мол мұра қалдырған ән-күй тарландарының, өнер саңлақтарының туындыларын жинап, зерттеп, талмай еңбектенген ғалым, академик А.Жұбановтың өміріне арналған құнды шығарма.

Шығарманың поэтикалық негізгі өзегіне композитор өміріндегі елеулі қоғамдық және шығармашылық кезеңдер нысан болады. Композитор А.Жұбановтың биік тұлғасын оның рухани өмір жолдарымен әсерлі суреттер арқылы сомдайды.

Х.Ерғалиевтің «Құрманғазы» дастаны – қазақ әдебиеті тарихында өте жоғары бағаға ие болған шығарма. Автор «Құрманғазы» дастанында тек күйші мен күйшілік өнер туралы ғана емес, оның бейнесі арқылы халық өмірінің шындығын, тағдырын, әлеуметтік хал-ахуалын, әйел теңсіздігі мен халықтар достығын қоса көтереді. Шығарманың арнауы, прологы мен эпилогы «Қозыбақ сазы», «Ақсақ киік», «Ерегіс», «Келін жолы», «Тұтқын», «Сот алдында», «Қайран шешем», «Айжан қыз», «Көбік шашқан» т.б. сияқты жеке-жеке тараулардан тұрады.

Дастанда Дина бейнесі екі жерде ғана кездеседі. Дина Құрманғазының тарихи мұрагері іспеттес, аз көрінсе де жалт етіп есте қалады.

Дастанның өн бойында Құрманғазы жеке тұлға емес, ол – халықпен бірге болып, онымен тұтасып кеткен жан.

Атақты «Сарыарқа», «Адай», «Төремұрат», «Көбік шашқан», «Перовский маршы» т.б. күйлердің шығу тарихын сипаттайды, оны заманның ауыр көріністері, ел ішіндегі етек алған озбырлық пен қиянат, әділетсіздік, ұлы композитордың өскен ортасы шынайы да көркем суреттеледі.

Ұлы тұлғаны көркем бейнеге айналдыру - Хамит Ерғалиев сияқты ақиық ақынның ғана қолынан келетін дүние.

Шығармада табиғат көрінісі де шебер суреттелген. Кәдімгі айдала. Мидай дала жолы, жаугершілік ізі сайрап жатқан қайғылы, шежірелі дала жолы. Төбе сайын қара құзғын қалықтап жүретін, бірақ мөлдір аспанды дала. Бұл жердің көктемі де ерекше. Мұзы жарылып, сең жүріп, аласапыран болып жатқан Жайық өзені. Өте алмай әбігер болған ел, дөңбекшіген ақжал толқындар. Құм баласы Құрманғазы қайталанбас сұлулығы бар ыстық шағылын, жусаны мен бетегесін, құрайы мен жыңғылын, жоңышқалы тепсеңі мен сағым тербеткен белдерін, толқылуы тентек теңізін күйге қосты.

Хамит Ерғалиевтің «Жылдар жылдар» поэмасында уақыт өзгерістері елде болып жатқан тосын оқиғалар, шындық өмір, бейбіт заманның қызық та күрделі тұстары, тәуелсіздігімізбен бірге келген жаңа өмір кейіпкер көзқарасы арқылы таратылады. Әр жылдардағы ұрпақтар үндестігін жеткізуде психологиялық талдау әдісін шебер қолданады. Ақын көп өлеңдерінде тарихымызға шолу жасап отырады. Патриотизм деген киелі түсінікті де нақты бір жермен, нақты бір халықпен байланыстырып алады. Ол жер-өзіміздің туған жеріміз Қазақстан, нақты халық - өзіміз, қазақ халқы екенін ұғындырады, мақтанышпен жырға қосады.

Хамит Ерғалиев – азаматтық позициясы биік, уақыт жүгін көтере білген, әлеуметтік мәселерге де осы азаматтық позициямен бара білген, бүгінгі күннің келелі мәселелерін терең зерттеген, халқына адал қызмет еткен ақын.

Тарихымыз бен тарихи тұлғалар жайлы тебірене келіп, «Туған жер толғауы» атты өлеңінде философиялық ой толғайды.

Тұңғыық әлемінен сыр шертер көркем туындылар тарихи тұлғалардың кісілік келбетін, жеңіс пен жеңілістен тұратын тағдырына терең үңіліп, кейінгі толқынның ақиқат жолынан адаспай алға басуына бағдаршам болатыны сөзсіз.

Ардақты ақын, прозашы - журналист, Қазақстанның халық жазушысы Х.Ерғалиев тарихи тұлғалар бейнесін, өз замандастары мен бірі аға, бірі іні болып келетін белгілі тұлғалар Қ.Аманжолов, З.Қабдолов, С.Мұқанов, О.Сүлейменов, Ғ.Қайырбеков туралы да «Жақсыдан шарапат» атты эсселер жинағында әңгіме қозғап, сыр шертеді.

Поэзиясы рухани қазынамыздың бір бөлігіне айналып, әдебиетіміздің алтын қазына сүбелі-сүбелі туындыларын берген Хамит ақын шығармаларын оқи отырып, жастар бойына Отан сүю, елін сүю, туған жерін қастерлеу сияқты туған халқы алдындағы қасиетті борышты сіңірту – біздің парызымыз.

**ҰЛТТЫҚ ДРАМАТУРГИЯДАҒЫ МАХАМБЕТ БЕЙНЕСІН СОМДАУДАҒЫ КӨРКЕМДІК
САБАҚТАСТЫҚ
(Берік Қорқытовтың «Махамбет» драмасы негізінде)**

Аяпова Г.Б.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Мақалада Б.Қорқытовтың «Махамбет» драмасындағы дауылпаз ақынның тарихи образын бейнелеудегі орны сипатталады.(ағылшын тілінде болуы керек)

В этой статье рассматривается исторический образ поэта в драме «Махамбет» Б.Корқытова.

Драматургия жанрындағы Махамбет бейнесін сомдаудағы тарихи тақырыпты терең меңгеруде Илияс Жансүгіровтің үлгі-нұсқа боп келгенін айрықша атау қажет. І.Жансүгіровтен үлгі - өнеге ала отырып, М.Ақынжановтың «Исатай - Махамбеті», Ғ.Слановтың «Махамбеті», Б.Аманшиннің «Махамбеті», Қ.Мырза - Әлінің «Жаралы жолбарысы», С.Жүнісовтің «Махамбеттің өмірі - айы», Б.Қорқытовтың «Махамбеті», Р.Сейтметовтің «Туған ұлдан не пайдасы?», Иран - Ғайыптың «Махамбеті» және Р.Отарбаевтың «Бас» шығармалары тарихи драма дәстүрін жалғастырған туындылар болды.

Ұлттық драматургиядағы Махамбет бейнесін сомдау сипатында жазылған шығармалардың сабақтастығын ұсыну мақсатында көркемдік жетістіктерін байыптау үшін өзге де қаламгерлердің пьесаларымен қатар - Атырау топырағынан түлеп ұшқан драматург - журналист, шежіреші Б. Қорқытовтың «Махамбет» драмасы да жан-жақты сөз болуы қажет деп ойлаймыз.

Б.Қорқытовтың «Махамбет» драмасында тарихи тақырып өткен уақыттың оқиғаларын тізіп суреттеу арқылы ашылмайды, тарихи тұрғыдан сипатталған характерлер жасау жолымен айтылады. Драмадағы көркем бейнелердің дені тарихта аты белгілі адамдар. Дәуірдің негізгі тенденциясын білдіретін трагедиялық образдар шындықпен тамырласады, заманның әлеуметтік, экономикалық-идеологиялық жағдайларымен байланыстырылады.

«Махамбет» драмасы екі актілі, төрт көріністен тұрады. Қатысушылар саны - 9. Драма жайбарақат жатқан ауыл көрінісінен басталады да, бірден тартыс элементі жалғасып кетеді. М.Әуезов: «Драматургиядағы конфликт мәселесі - пьесаның жанрлық белгісін көрсететін шешуші элементтердің бірі... драматургияның негізгі компоненті. Драматургиялық шығарманы нықтап, проза, поэзиядан бөлектеп тұратын шартты белгі осы конфликт» [1,115] - деп атап өткен болатын.

1-Шабарман: мына ауыл әлі көшпей жайбарақат жатыр ғой.

2-Шабарман: басына камшы тимей көшкен ауылды көргенің бар ма?

3-Шабарман: бұлар солай, жақсылықты білмейді, қазір өзім барып әкелерін танытайын, қалай көшпес екен [2.247] - деп бірден бастаған тартыс үш шабарманның әулекі сөздерімен дамып, сұлтан Қарауылқожа мен ақын Жанкісінің диалогына ұласады. Берік Қорқытов драмаларының тартысы мықты, сомдаған характерлары шығарма композициясындағы әрекеттеріне байланысты мінез танытады. Ауылдағы бүліктің үстіне Махамбет келеді. Драма идеясы Махамбет жауабы арқылы ашылады.

Махамбет: Адам көрмей теріс карап тұрған мен емес, сен, елмісің, жаумысың?

Қарауылқожа: Ел деп келіп едім, жаулықты сенің еліңнен көріп тұрмын.

Махамбет: Жаулық бұл елден емес, алдымен өзіңнен шығып жүрген болар, бұл ел сенің жерің емес, қалай келіп, не іздеп жүрсің?

Қарауылқожа: Әй, Махамбет, бұл ел сенің жерің емес, қалай келіп, не іздеп жүрсің деген не сөз, ол кімдікі, жер кімдікі, алдымен соны зерделеп алмайсың ба, есің болса?

Махамбет: Әзірге есім дұрыс, ел хандікі, жер халықтікі, соны білесің бе?

Қарауылқожа: (Махамбетке алара қарап) елді кім билесе жер де соныкі, буынсыз жерге пышақ сілтеме, мерт боласың, жер хандікі болған соң қайда жүрсек те өз еркіміз, орынсыз жерге кимелеп кірікпе.

Махамбет: Қарауылқожа, абайламай сөйлеп, басқа жақтан келгеніңді білдіріп, артыңды ашып алдың-ау, қара халыққа хан ие, қара жерге халық ие деген әлімсақтан айтылып келе жатқан, хан да, қара да тоқтайтын аталы сөз бар [2, 250]. Махамбеттің қайтарған ұтымды жауабына тоқтамаған, Қарауылқожа ханға сеніп, елді күшпен шабуға, көшуге бұйырады. Махамбет соңындағы нөкерлерімен Қарауылқожа мен шабармандарының қарулары мен көліктерін алып, хан ордасына жаяу қайырады. Махамбет соңындағы жігіттерін ертіп, «найзаны саптап, қылышты баптап, садақты сайлап, атқа қоныңдар, енді шегінер жер қалған жоқ, тарттық Исатайға!» деп Кіші жүздегі ұлт-азаттық көтерілісті бастауға аттанады. Келесі көрініс Хан Жәңгірдің ордасында баяндалады. Махамбет

көрсеткен қарсылығын Жәңгір хан Баймағамбет, Шомбал атты би-сұлтандарымен ақылдасып отырады. Драмадағы хан айналасындағылардың бет-бейнесін осы көріністе жан-жақты ашылады. Шомбал: соның қолтығына су бүркіп, сөзін сөйлеп, әулие тұтып, қолпаштап жүрген Беріштің асыранды құлы, қаңғырған қызылбас Махамбет, ол сіздің құзырыңыздан қалай шығып жүр, алдияр тақсыр, хан ием?

Баймағамбет: Құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас дегендей құлдың аты қайда барса да құл, оны аяққа басып жаншып тастау киын емес» [2,254].

Ханға ақыл қосар, елдің ертеңін ойлар азаматтардың жауабы от басы, ошақ қасының сөзінен де төмен жатыр. Драматург «Махамбет» трагедиясында тарихи адамның өмірінен алынып жазылған драмалық шығармада дәуірдің, кезеңнің сырын терең ашып көрсетті. Бұл трагедияда дауылпаз ақынның жүрегіне қайғы толтырған түнек. заманның сұрықсыз кейпі, бүкіл қаталдық, зұлымдық сиқы әшкереленеді. Махамбет образы арқылы драматург сол замандағы қазақ халқы басындағы ауыр халді әйгіледі. Б.Қорқытовтың драматургтік шеберлігі мынада: ол пьесаға халықтың тағдырын арқау етіп алады да, осыған орай өрбіген оқиға төңірегінде Махамбеттің өмірінің бүкіл мағынасын ашады, сөйтіп, ақынның сом тұлғалы образын жасады.

Бірақ солардың ішінде қас жауының алдында тап Махамбетше көзбе-көз қарсы тұрып, айбат шеге, күш көрсете сөйлегені, «Күндердің күні болғандай, бас кесермін жасырман» деп, қаһар теккені жоқ шығар, Өмірде де, шығармада да халқымыздың азаттығы мен тәуелсіздігі үшін, жарқын болашағы үшін адал еңбек еткен, шыбын жанын қиған ардагер ерлердің шоқ жұлдызы ішінде Махамбет осындай ешкімге ұқсамайтын жеке-дара бейнесімен оқшау тұр. Ақын арман еткен еркіндік заманда Махамбет есімін халқымыздың көңілінен мәңгі бақи өшпек емес. Илияс Жансүгіров «Махамбет-Исатай» пьесасы қазақ драматургиясында Махамбет образын сомдап қана қойған жоқ, жан-жақты қалыптасқанын да байқатты.

Махамбет: Халқымды қамдар едім, Еділдің бойы ен тоғай, қоңсы-кқпсыларды толтырмай, ел кондырар едім, жағалай жатқан сол елге мал толтырар едім, теңдікті малды бермес едім, теңдіксіз малға көнбес едім, аса жұртты меңгеріп, қара қазақ баласын хан ұлына теңгерер едім, жерімді беріп, сатпас едім, қара бастың қамы үшін халқыңды жылатып, жеріңді саттым дегенің, елді сатқаның, ол ертең жеріңе кіріп алған соң, құйыршықтарын алдырып, құрсағыңнан шалдырып, ел басқарып, бала-шағанды жұмсап құл етеді, балаңды адам қылам деп еліне алып кетіп оқытады, өзіне бейімдеп үйретеді, одан шыққан бала ата мекенін, әдет-ғұрпын, тілі мен дінін ұмытады, еті үйреніп алған соң мынау менің сатып алған өз жерім деп басыңа әңгір таяқ ойнатады, аксақалмен астас, батырмен бастас, данасымен достас болар едім, басы үйірілсе аяғы айналамнан асып кайдабарады?

Жәңгір: Қайт райыңнан Махамбет, Еділ мен Жайық арасын қалмақ ауа көшкен соң иелікке сұрап алған кім? Өтеміс пе, әлде Бөкей ме?

Махамбет: Менің әкем Өтеміс те емес, сенің әкең Бөкей де емес. Алты атанға қос артып, алты жыл қоныс қараған, қырында болар қызығы, суында болар балығы деп озалда бұл жерді Асанқайғы бабам қалаған. Содан қалған, кіндік кесіп, кір жуған ата мекен, ата қоныс, ал Асанқайғы бабамыз төре емес, қара қазақ болатын, сондықтан бұл жерді менікі деп, сенікі деп алалаудың керегі жоқ, оған көктегі тәңірімнің өзі куә.

Жәңгір: Өзің ішкен құдыққа түкірме, шүйгінді жайлауды сүзіп, құт-береке құм-шағылын кешіп жүргенің кімнің арқасы? Осы өңірге табаның тимесе кетер едің Қырымның қырына, Хиуаның ойына.

Махамбет: Әріге кеттің-ай, Жәңгір, бірақ айтпасыма амал жоқ, бұл жерден жеті жұрт кетіп жол салған, талай қырғын соғыс болған, арғы атаң Шыңғыс та табан тіреп тұра алмаған, толарсақтан саз кешіп, қанжығадан қан кешіп, дұшпаныма көнбен деп, жерімді жауға бермен деп, түн қатып жүріп түс қашқан қарағай бойлы Қазтуған, Мұсаның ұлы ер Олақ, Жаңбыршыдан жалғыз Телағыс, Нәріктің ері ер Шора, Қараның ұлы Сидак, Күлектің ұлы Қартқожақ, Естерекұлы ер Тарғын, Қара Қыпшақ Қобыланды, Даттың ұлы Сырым семсерін сермеп, қанжарын қайрап, найзасын түйреп, қылышын қанға малдырған, қара басы кетсе де, халқын да, жерін де азулыға алдырмаған, тағы да айтам, бұлар да төре емес еді, менің еркіндеп жүргенім, сенің қалтылдақ болсаң да хан болып отырғаның солардың арқасы, кімге хан болар едің, мұны неге ұмытасың?

Жәңгір: Көзіңді шел қаптап тасыын деген екенсің, Махамбет, насыбайынды құндап, көк шөбінді бұлдап, кездеменді мақтап, тіліңді безеп, жаныңды кезеп бара жағалап Хиуада жүргеніңді көрер ме еді. Енді боларың болып, кемеліңе толған соң кекірігің азайын депті, есің болса ірге ажыратпа, старшындық Исатай екеуіңе аз нәсібе емес, бірің оқымнан, бірің солымнан тіреу болып тұрсаңдар өзгеге сыртүрей емес пе? Кешегі сыналап келген келімсектер бүгінде сүйемдеп ішіме еніп барады, есіктен күле кіргенін қайтейін, күңіреніп шықса да, көңілім жәй, тек төр менікі демесе болғаны. Тірліктің бес күндік қызығы мен шыжығы кімнің басынан өтпеген, кедірлігің мен содырлығың басыңа бақ болып қонбас, қара орманға қарсы шапқан оңбас, сені құртсам халықтың азасына қаламын, мені шапсаң сен ақ патшаның назасына қаласың, қайт, Махамбет, райдан қайт! [2,261].

Б.Қорқытовтың драмалық шығармасы Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтеріліс туралы тарихта болған жағдайды тізбелеп көрсетпейді. Кезеңдегі ең басты деген ойларды санамалап көрсеткен. Драманың екінші актісінің үшінші көрінісі Махамбеттің Баймағамбетпен кездесуі сипатталады. Махамбеттің Баймағамбетпен кездесуі туралы ақынның кейінге жеткен толғауларының ішінде «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» деген он екі бөліктен тұратын шығармасы бар. Берік Қорқытов біз тоқталғалы отырған көріністе - осы шығарманы өзек етіп алған. Драматург Махамбет ақынның толғауын диалог арқылы өңдеп ұсынған. Драманың ең соңғы көрінісінде Жәңгір хан өлгеннен кейінгі жағдай сипатталған. Елді билеуге Фатима ханым шығады. Дегенмен, бар күш, билік орыс патшасының қолында. Ханға көңіл айта келген Махамбет Фатиманың ел билеуіне тілектес екенін білдіре отырып, «Хан-сұлтандар құрымай тұрғанда ерікті ел, еркіндейтін ер бола қояр ма екен? Өзіңе айтар аздап сауалым бар, соған құлақ сал, ханым» деп көкейіндегі арманын білдірмекші болады.

Б.Қорқытов драмалық шығарманың тілінің бейнелілігі, көркемдік, стильдік ерекшелігі жайында пікірлер жоқтың қасы. Ю. Юзовский былай дейді: «Что касается драматургии, где что язык-то характер, что характер - то язык, нет почти ни одной пьесы, в которой Горький не затрачивал бы принципиально темы языке героев, типичности языка целых общественных групп, роли слова в образовании характера» [3, 163]. Ал қазақ ғалымы М. Дүйсенов «Драматургия шеберлері кейіпкерлердің әрбір сөзіне ой салмағын салған, оның астарлы мағынасына тұспалдай айтып, нысанаға дөп тигізетін өткірлігіне айрықша мән беріп отырған» [4,148], -дейді. Кейіпкер сөзі - драмалық шығармаларда бейне жасау амалын қаһарманның сөз саптау салмағын, табиғатын береді.

Мысалы, Баймағамбет: Күліңіз, күліңіз шаруаңыз түгел болған соң, әрине күлесіз. (Жәңгірге қарап) елді азғырып жүрген осы жауыздықтарын протоколдап, әкесі Өтемістей түрменің түбінде шіріту керек, әкеңіз Бөкей бір пәледен солай құтылған, бұл бұзылған Махамбет. Сол әкесінің кегін қуып жүр, - деп көре алмаушылықтан туған тілінен Баймағамбеттің қандай кейіпкер екенін болжауға болады.

Драматург Б.Қорқытовтың сөйлем құрау шеберлігі де ерекше сипатта, яғни сөзді нәрлі, әрлі реңімен беріп отырады. Мысалы: Баймағамбет: «семіздікті кой көтереді демей ме, семіздіктен секіріп, тойғандықтан кекіріп, тұлыбына симай, жарылып бара жатқан болар» [2, 253], Жәңгір: «Олай деп тайыздан ойлама, сұлтаным, орақ тісті орма емес пе? Ол біздердей мылқау емес, тіліп түсер тілі бар, ойып түсер ойы бар, өзін жойғанмен сөзін қалай жоясың? Еділ мен Жайықтың арасына тарап кеткен сөзді қай құдірет жояды? Оған құдайыңның да құдіреті жетпейді, бірге-бірге келгенде ел бізді емес, Махамбетті тыңдайды, Махамбет тамыры тереңге кетіп бара жатқан мықты, ол құдайыңды да тыңдамайды, тірелер жері біреу ғана, ол – Исатай» [2, 253].

Б.Қорқытов драматургиясынан байқалатын композициялық ерекшелік пьесаларының оқиғасын біраз ретте шегініске құруынан да көрінеді. Шығарманың шегініске құруының бір ұтымды жері - өткен мен бүгінгі күннің оқиғасын сабақтастыру, байланыстыру. Драмада өзіндік даралық сипатымен ерекше көрінген екінші ірі тұлға –Жәңгір хан. Баймағамбет, Қарауылқожа, Шомбал сияқты тоғышар би-сұлтандар ортасы жағымпаздықтың сан түрін салып құйқылжытса, орыс патшасы бодандықтың зәрлі құрдымын көзге елестетеді. Арыстандай айбаттанып, қара халықтың арманын аялаған Махамбет. Үш бағыт "қапастағы ойды" жан-жақты тартқылайды. Жәңгір хан Махамбет шығармаларындағыдай "қас албасты басқыр" болып бейнеленбейді, драмада оқыған-тоқығаны мол, ақыл мен сабырлылықты, байсалдылық пен байыптылықты қатар ұстаған, ел ертеңін ойлаған ардагер азамат ретінде сипатталады. «Махамбет» драмасы өте ықшам, кейіпкер бейнелері дәл, тартымды ашылған туынды. Берік Қорқытовтың қаламынан алты драмалық шығарманың ішіндегі «ең шоқтығы биігі» - «Махамбет» десек қателеспейміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Уақыт және әдебиет А., Жазушы, 1962. – 350.
2. Пьесалар 17 – кітап. А., Өлке, 2003. – 360.
3. Юзовский Ю. Максим Горький и его драматургия М., 1959. – 250.
4. Дүйсенов М. Қазақ драматургиясының жанр, стиль мәселесі А, Ғылым, 1977. – 176.

ОБ УЧЕТЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО КОНТЕКСТА ИЗУЧЕНИЯ НЕРОДНОГО ЯЗЫКА

Кенжегалиева С.К.

*Атырауский государственный университет им. Х.Досмухамедова
saniya.kenze@mail.ru*

В настоящее время изменился социокультурный контекст изучения иностранных языков: появились условия для соизучения языков и культур тех стран, где говорят на этих языках. Это соизучение возможно благодаря использованию культуроведческого подхода к обучению, который разрабатывается в методике на основе данных этнопсихологии, культурологии, психолингвистики и других наук. Названный подход может рассматриваться как эклектичный, базирующийся на специфических принципах.

Чтобы сформулировать эти принципы, необходимо решить, какие идеи базисных наук должны быть учтены. Если говорить об этнопсихологии, то ее данные позволяют определить закономерности проявления национально-психологических особенностей людей как представителей конкретных этнических общностей в процессе общения в устной и письменной формах. В связи с этим принцип ориентации на личность обучаемого, на его способность воспринимать партнера по общению как другую личность со своими национально-психологическими особенностями становятся наиважнейшими

Следующим принципом является принцип кросскультурного изучения языковых и речевых средств, выражающих этнопсихологические особенности различных личностей, вступающих в межкультурное общение. Реализация этого принципа обеспечит восприятие, усвоение и использование полученных знаний в процессе формирования у обучаемых различных компетенций.

На формирование культуроведческого подхода к обучению неродному языку повлияла культурология, которая изучает культуру как модель человеческого бытия, определяет закономерности развития культуры, способы ее сохранения, освоения, передачи. Данные этой науки позволяют сформулировать такой принцип соизучения языков и культур, как принцип необходимости использования в процессе обучения культурных текстов, в качестве которых могут выступать не только художественные, научные, поэтические тексты, но и произведения других видов искусств, которые можно привлекать в качестве наглядных пособий на занятиях.

Кроме этих принципов обучения могут быть названы и другие, а именно: принцип диалога культур и принцип дидактической культуросообразности. Последний определяет отбор культуроведческого материала. В процессе постижения смысла и значимости отобранного материала можно формировать у обучаемых представления о культуре народов, языки которых они изучают, о возможностях взаимовлияния и взаимообогащения культур. Принцип диалога культур реализуется в процессе анализа и усвоения культуроведческого аутентичного материала, используемого для моделирования на занятии культурного пространства, в которое погружаются обучаемые. При этом важно, чтобы условия общения позволяли формировать поликультурную языковую личность, способную осознавать себя носителем и выразителем не одной, а двух взаимосвязанных культур, что помогло бы ей в дальнейшем быть культурным посредником в различных ситуациях межкультурного общения.

Рассмотрение основных идей психолингвистики, которая ориентирована на изучение речевой деятельности человека, механизмов речепорождения, восприятия и понимания порожденного высказывания, т.е. на описание кодирования и декодирования речи в процессе общения, позволяет выделить принцип неразрывности перцептивного, когнитивного, регулятивного, мотивационно-побудительного и эмоционально-оценочного аспектов речевой деятельности в общении людей, включенных в систему различных социальных связей. Таким образом, в процессе обучения межкультурному общению необходимо учитывать тот факт, что текст высказывания порождается, и это зависит от культуры говорящего, социальной среды, в которой он живет, условий и формы общения, ситуации общения, индивидуальных особенностей общающихся людей.

Чтобы реализовать все то, о чем сказано выше, было воплощено в жизнь, необходимо реализовать и такой принцип, как принцип коммуникативной направленности принципа соизучения языков и культур, в соответствии с которым в процессе обучения учащиеся овладевают не просто речевыми средствами, а функциями, которые эти средства выполняют.

Презентация речевых средств, выражающих ту или иную интенцию, может осуществляться в различных ситуациях, где проявляются социально-статусные, ролевые, деятельностно-поведенческие взаимоотношения, взаимодействия субъектов общения. Эти взаимодействия определяют речевое поведение обучающихся, т.е. соблюдение речевых норм в тех или иных ситуациях общения. Кроме

того, важно обеспечить овладение не только речевым, но и неречевым поведением, характерным для носителей языка. Именно речевая ситуация в этих условиях становится единицей обучения, моделирующей реальное общение. В ней выделяется несколько параметров межкультурного общения, важных для осуществления рецепции и продукции речевой деятельности, а также речевого и неречевого взаимодействия общающихся. Такими параметрами являются: ценностные установки участников общения, коммуникативные намерения и коммуникативные ожидания, статусно-ролевое положение общающихся, их фоновые знания и знания друг о друге, временные и пространственные условия общения.

Описываемый принцип реализуется, если участники общения владеют определенными знаниями реальной действительности и определенным социальным опытом. При этом общность социального опыта говорящих – одна из характеристик интерактивного межличностного общения, и от того, насколько совпадает социальный опыт участников общения, зависит степень их взаимопонимания.

Национальные особенности мышления и поведения находят свое проявление в языке; в свою очередь язык влияет на понимание мира, на мышление людей, их мировоззрение, поведение. В результате складывается определенная языковая картина мира, проявляющаяся в межкультурном общении, где сопоставляются образы культур. Здесь могут возникнуть трудности в понимании и порождении высказывания, и возможен культурный шок, т.е. состояние удивления или даже неприятия фактов культуры носителей другого языка. «Национальная когнитивная картина мира представляет собой общее, устойчивое, повторяющееся в картинах мира отдельных представителей народа. В

связи с этим национальная картина мира, с одной стороны – некоторая абстракция, а с другой – когнитивно – психологическая реальность, обнаруживающаяся в мыслительной, познавательной деятельности народа, в его поведении – физическом и вербальном» [1,154]. В связи с этим можно выделить еще один принцип обучения – принцип аккультурации, т.е. использования различных средств, приемов, способов и форм усвоения личностью новой культуры. Иногда бывает, что люди, владеющие одним и тем же языком на разном культурном и образовательном уровнях, не всегда могут правильно понять друг друга, и причиной здесь является именно расхождение культур: у них разные культурные ценности, другие поведенческие модели и т.д.

Реализация принципа аккультурации возможна при условии использования в обучении аутентичных материалов, представляющих современную действительность страны изучаемого языка, а также обязательные сведения, известные всем носителям иностранного языка и каждому культурному человеку, при условии изучения лингвострановедческого материала, овладения устойчивыми выражениями иностранного языка, речевым этикетом, жестовым языком, характерными знаками и символами, безэквивалентной лексикой и фоновыми знаниями.

Таким образом, культурологический подход к обучению межкультурному иноязычному общению и его главные принципы могут быть описаны с культурологических, этнопсихологических и психолингвистических позиций.

Список литературы:

1. Попова З.Д., Стернин И.А. Общее языкознание. – М.: АСТ: Восток-Запад, 2007

ӘОЖ 81.366.58

ЕТІСТІКТІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ, ЭТНОМӘДЕНИ НЕГІЗІ (А.ИҮГІНЕКИДІҢ «АҚИҚАТ СЫЙЫ» ДАСТАНЫ БОЙЫНША)

Түлепбергенова Р.Р.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Академик М. Қозыбаев өзінің «Ұлт тілі» деген мақаласында «Барлық елді табыстыратын – тілі, тағдырластыратыны – тарихы, сырластыратын, мұндастыратын, жырластыратын – әдебиет, атамекеннің тұтастығын, бүгін мен ертеңін ойластыратын, отанын қорғауды ұйымдастыратын – мемлекеті. Ендеше тіл, әдебиет, тарих – ұлттың жаны мен қаны, рухани басшысы», – деген өте жақсы пікір айтады. Иә, тіл әдеби тілге айналған тұста жаңа этнос қалыптасып, биік тұғырға қонады. Тек тіл, тарих, әдебиет бірігіп, кірігіп, тұтас бір рухани материк болып ұлттық болмысын тудырады.

Осы ұлттық байланыстың бір бөлігі болып табылатын әдебиет – ғасырлар бойы қалыптасқан, ата-бабадан мұра болып келе жатқан ұлттық құндылық. Кез-келген ұлттық болмысы әдебиеттен

көрінсе, сол әдебиет тіліндегі фразеологизмдердің алатын орны ерекше. Бұл тіркес айтайын деген ойға айрықша әр, мәнерлілік береді.

Олай болса, әр заманда халық осындай сөз маржандарын талғап, қажеттілігіне қарай таңдап пайдаланылып келе жатқаны сөзсіз. Көркем шығармадағы ұлт тарихын, ұлт болмысын, дүниетанымы мен көзқарасын жеткізуде қызмет ететін тілдік қолданыстардың бірі – етістікті фразеологизмдер десек, осы фразеологизмдердің әрі мол, әрі жан-жақты пайдаланылған жері – орта ғасырлық А.Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастаны.

Түркі тектес халықтардың ортағасырлық мәдени, әдеби және тілдік мұраларын ұзақ жылдар бойы зерттеген Е.Э.Бертельс, А.Н.Смайлович, С.Е.Малов, И.В.Степлева, Ә.Н.Нәжіп сияқты есімдері мәшһүр кеңес ғалымдары қазіргі түркі тектес халықтардың ру-ұлыстық дәуірде бәріне ортақ жазу-сызуы, әліппесі, мәдениеті, тілі, әдебиеті болған деп санайды.

«Әрине, көне ескерткіштерді жасауға кейін аталмыш халықтарды құраған негізгі рулардың бірі аз, бірі көп мөлшерде қатысуы мүмкін. Соған сәйкес көне түркі әдебиеті үлгілерінің кейбіреулерінің тілі қазіргі ұйғыр, тіліне, енді бірі әзербайжан тіліне, енді бірі қазақ тіліне жақынырақ келеді. Алайда бұл белгілердің өзі сол ескерткіштерді бір ғана халыққа теліп қоюға негіз бола алмайды. Туыстас халықтардың бәріне ортақ мұра деу әділірек...», - деп көрсетті белгілі ғалымымыз М.Мағауин.

Тіл тарихы, ұлт тарихы көне мұралар тілінде жатса, сол мұралар тіліндегі фразеологизмдер – сол ұлттың тілдік әлемін бойына жинақтаған ой сандығы. «Қазақ тіліндегі фразеологизмдер шығу тегі жағынан көне түркі дәуірімен де, орта түркі заманындағы қыпшақ қауымымен де, қыпшақ қауымынан бөлініп қазақтың өз алдына халық, одан соң ұят болып дамыған дәуірімен де байланысты. Сол дәуірлердің бәрі де фразеологизмдердің қалыптасуында өз ізін қалдарғаны даусыз» [1, 213].

Ә. Болғанбайұлы және Ғ. Қалиұлы фразеологизмдердің шығу арналарын нақты атап көрсете отырып, «...Бірсыпыра фразеологизмдер діни ұғымдар мен ескі әдет-ғұрыптарға байланысты. Мысалы: бата қылды, діні қатты, құрбан шалды, маңдайға жазды, пайғамбар жасына келген т.б.;

Кейбір тұрақты тіркестердің жасалуына аңыздар мен түрлі ұғымдар, өткен тарихи оқиғалар негіз болған. Мысалы, қайда барса да Қорқыттың көрі, Есім ханның ескі жолы, қол жаулық т.б.», – дейді [1, 208-209].

Осы сияқты фразеологизмдер «Ақиқат сыйында» молынан қолданылады:

Құт қонған ізгінің ол – бақыттысы,

Ішінде теңдесі жоқ жаны бардың [2, 69].

Бұлт ұялып оның берген сыйынан,

Дұшпандары пұшайман жеп өтерлік [2, 70].

Білімді білімсіздің мыңын жеңер,

Ол біліп білім ізін, *теңін теңер* [2, 72].

Келсе байлық – өсер, тасар, *баз кешер*,

Бір күндері *болып қалар қу аңыз* [2, 75].

Бүгін барың ертең жоқ қой жалғанда,

Игілігің әлдекімге қалғанда [2, 76].

Ей, бұйырған! Бар қызыққа батсашы!

Туды заман – шәншіп бір жатсайшы! [2, 85]

Осы өлең жолдарындағы *құт қону*, *пұшайман жеу*, *теңін теңеу*, *баз кешу*, *қу аңыз болып қалу*, *бүгін бар адам ертең жоқ*, *заманның тууы* деген фразеологизмдер – түркі халықтарынан, соның ішінде қазақ халқының ұлттық дүниетанымына байланысты қалыптасқан фразеологизмдер.

«Фразеологизмнің ұлттық-мәдени компоненттері ретінде фразеология құрамына кіретін эквивалентсіз лексика үлкен рөл атқарады. Яғни ол – географиялық атаулар, тарихи есімдер мен тарихи оқиғалар және т.б. жатады» [3, 92].

«Ақиқат сыйында» бұл «эквивалентсіз лексика» да көптеп кездеседі.

Зеректігі асып кеткен Аяздан,

Әділдігі оны Наушарбан етерлік [2, 70].

Білмей *Әдиб сөздерінен көз жазып,*

Көп кісілер босқа жүр ғой сөз жазып [2, 88], – деген өлең жолдарында тарихи есімдерге байланысты жасалған фразеологизмдер қолданылған. Бұл фразеологизмдерге негіз болған *Аяз*, *Наушарбан*, *Ақмет Әдиб* – тарихта болған, аттары аңызға айналған би-шешендер.

Түркі халықтарының, атап айтқанда, мұсылман халықтарының тілдік қолданысында діни мағынадағы фразеологизмдер көп қолданылады. Өйткені, Қазақ халқы орта ғасырда мұсылман дінін қабылдап, мұсылманша хат таныды. Діни фразеологизмдер ислам дінінің пайда болуымен бірге жасасып келе жатқан дүние болса, ал «Ақиқат сыйы» дастаны – діни бағытта жазылған шығарма. Бұл шығармада қолданылған діни фразеологизмдер – қазіргі қазақ тілінде сөздік қордан мол орын алып, сыйыну, жалбарыну, бас ию, Алла Тағалаға құлшылық ету, оның шарттарын орындау және т.б. мәнде жұмсалатын тұрақты тіркестер.

Ей, Алла, көп мұнажат етем саған.

Ең әуелі рақымың – мен аңсаған.

Мақтауға лайықты тіл жете ме?

Төгейін тіл өнерін, жар бер маған! [2, 68]

Тәуба қыл, шек келтіріп, желік құмай

Тұрғанда өзің өлмен оттан сақтан! [2, 68]

Басқа түскен бар пәледен құтылам,

Мейрімінді төксең орны толмайтын [2, 69].

Бұл кітапты естіп, көрген әр адам

Шаһ атына дұға мен жад қылсын деп [2, 71].

Аз ба, көп пе – пешенеңе жазылған,

Естелік пе дүниеге құныққан? [2, 80]

Бұл өлең жолдарындағы мұнажат ету, жар беру (жар болу), тәуба қылу, шек келтіру (шек келтірмеу), мейрімін төгу, дұға қылу, жад қылу, пешенеңе жазылу деген фразеологизмдер өзінің тура мағынасында жұмсалады.

Енді бірсыпыра діни фразеологизмдер мұсылман дініне байланысты наным-сенімді, мұсылман адамның іс-әрекетін білдіреді:

Байлықтан не? – көрге жалаң кірерсің,

Қалар мұнда кісе, себет, сандығың [2, 79].

Білімсіз не айтса да білмей айтар –

Өз тілі өзінің кеп басын жұтар [2, 73].

Қисық жүрмей, әділдіктің тоңын ки,

Сол болады бар киімнің тазасы [2, 74].

Болып ал кішіпейіл өзгерместей,

Аластап тәкаппарлық ойды бастан [2, 78].

Үміт етпе жаман істеп жақсыдан –

Тікен еккен жүзім теріп жемейді [2, 83].

Өзі өледі, мал қалады маңырап,

Жұрт ұялып бөзден кебін пішеді [2, 86].

Бұл өлең жолдарында ақын мұсылмандарды байлыққа қызықпайтын, түзу жолмен жүретін, таза, иманды, білімді, әділ, кішіпейіл азамат болуға шақырып, оқырманға әсерлі болу үшін фразеологизмдерді қолданған.

Сонымен, «Ақиқат сыйы» дастанындағы етістікті фразеологизмдердің жасалып, мағыналарының қалыптасуы мен қазіргі күнге өзгеріссіз жетіп, актив қолданылуында ұлт менталитетінің рөлі ерекше. Менталитет сол ұлт жасаған, ұрпағына қалдырған материалдық және рухани мәдениеттерінде ғана сақталады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ф.Қалиев, Ә.Болғанбаев. Қазіргі қазақ тілінің фразеологиясы. – Алматы, 2007.
2. Ахмед Иүгінеки. Ақиқат сыйы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 152 бет.
3. Авакова Р. Фразеология теориясы. – Алматы, 2009.

ӘОЖ 81.1.

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛ БАС КИІМ АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Салимова Н.С.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Әр ұлттың ерекшелігі көбінесе этностың салт-санасынан, дәстүрінен, әдет-ғұрпынан байқалады. Әдет-ғұрып, салт-дәстүр халықтың мәдени, тұрмыстық, психологиялық, дүниетанымдық жағдайларына байланысты қалыптасады да, тіл арқылы сан ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады.

Академик Ә.Қайдар өзінің «Этнолингвистика» деген мақаласында : «Халықтың дүниетанымы мен болмысы оның тек тілінде сақталып, тіл арқылы көрініс тауып отыр. Әр түрлі заттың, құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, қозғалыстық қатарлар, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағұлматтар бәрі де кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз

тіркестер, фразеологизмдер мен мақал- мәтелдер, аңыз ертегілер арқылы ғана келіп жетуі мүмкін емес», - деп жазды [1.18].

Ұлт –тіл-мәдениет бір-бірімен тығыз байланыстағы ұғымдар.Бұл соңғы жылдары қалыптаса бастаған лингвомәдениеттану пәні зерттейді.В.В.Воровьев пен В.Н.Телияның зерттеулерінің негізгі ой желісі барысында туды.Бұл ғылым саласы лингвистика мен мәдениеттану пәндерінің бірігуінен пайда бола келіп, этнос мәдениетінің тілге әсер етуін қарастырады.Бұған дейін ұлттың тілі мен мәдениетінің ерекшеліктерін, олардың өзара байланысын ғалымдар этнолингвистика пәнінің негізінде зерттеп келді. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы И.Г.Гердер, В.Гумбольдт еңбектерінен этнолингвистикалық көзқарастар байқалады.Осындай көзқарастарды XX ғасырдың басында Ф.дэ Соссюр : «Әр халықтың салт-дәстүрі тілінде көрініс табады, екінші жағынан алғанда дәл тілдің өзі қалыптасуына септігін тигізеді» - деген құнды ойлар келтіреді. [2.55]

Қазақстанда бұл мәселе 70-80 жылдардан бастап Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов сияқты тілші – ғалымдардың еңбектерінде сөз бола бастады.Ә.Қайдаров ойына жүгінетін болсақ: «Этнолингвистика, егер оның түп-тамырына үңілсек, этнография мен лингвистиканың жай қосындысы емес, бір шаңырақ астында әрқайсысы өз бетінше тон пішіп, өзінің жырын жырлайтын шартты түрде ғана қосарласқан дүние емес, этнолингвистиканың нысаны – этнос және оның тілі.Тілсіз этнос, этноссыз тіл өмір сүрмейді» [1.18].

Демек, этностың өткен жолы тілдің этномәдени қорында сақтаулы.Сондықтан да қазақ халқы туылғанда «ит көйлектен» бастап, өлгенде «ақыретке» дейін денесін киім-кешекпен қымтап, адам өмірі үшін аса маңызды киімнің жасалуына үлкен мән берген.Оны қажетіне тұтына білуіне этностың талғамы мен танымы өте жоғары болған.Осыған байланысты ұлт өмірінде үлкен мәнге ие болған бірнеше киім атауларының, оның ішінде әйел бас киім атауларының этномәдени табиғатын ашуға тырыстық.

Қазақтың ұлттық киім үлгілерінің ішінен семантикалық статусы өте жоғарысы – бас киім.

Қазақ ғұрпында бас киім көріктілік пен сәнділікті, баршылықты білдіретін қасиетті киім саналған.Қазақтың «дос аяғына қарайды, дұшпан басыңа қарайды» дейтін мақалы осы жайдан қалыптасқан болу керек.

Қазақ әйелдерінің бас киімдері олардың жасы мен отбасы жағдайына байланысты бір-бірінен көп ерекшеленіп отырған.Жазды күні қыздар түрлі-түсті жібек, барқыт, мақпалдан тігілген, төбесі жайпақ, дөңгелек тақия киген.Қыздардың негізгі киетін бас киімі кәмшат бөрік болған.Әйелдердің ең қымбат бас киімі қалыңдықтың тойға киетін сәукелесі есептелген.Ері бар егде тартқан әйелдер әшекейі жоқ, ақ матадан тігілген бас киім киген немесе жаулық тартқан.

Тақия . Үкілі тақия қазақ қыздарының ерекше ұнатып киетін бас киімі.Ол ұлттық өрнек мәнеріне тігілуіне қарай әр түрлі болған.Қыздардың тақиясы қызыл, күлгін, жасыл т.б. түстермен, шұға, барқыт, мәуіті сияқты маталармен тігіледі.Түрлі-түсті моншақ-маржан, алтын, күміс теңгелер және асыл тастармен безендірілген.Үкінің үлгідегі қауырсыны әсемдік үшін тақияны төбесіне қадайды.Бұл қазақ халқының арасына көне діни ұғымға байланысты үкі құсын «қасиетті құс» деп тотем тұтқандығынан пайда болған.

Тақия – кестелеп, сырып тігілген дөңгелек, жеңіл бас киім.

Сәукеле – ұзатылған қыз киетін бас киім.Оны арнайы басылған ақ киізден немесе арасына жүн салып сырыған матадан жасап, сыртын арнайы барқыт, атлас, мәуіті, шұға сияқты қымбат маталармен қаптайды.Шетіне құндыз, кәмшат терісі ұсталады.Сәукеле үш қарыс шамасындай болып, өн бойына алтын ,күміс, меруерт-маржаннан әшекей тағылып, сыртын жібек жіппен кестеленеді және арнайы күмістен жасалған төбелдір маңдайшасы болады. Сыртында жерге жететін ақ жібек жаулық болады.

«Сәукеле» лексемасы «сәу» және «келе» толық мағыналы екі сөзден құралған.

«Сәу» компоненті көпшілік түркі тілдерінде кездеседі: көне түркі тілінде сау- здоровый, целый, хороший [3.480], тат. сау- целый, чув.тыва – здоровый т.б.Ал екінші компонентін қарастырайық, .қырғ. күлә – «тюбетейка, надеваемая под чолму, конусообразная шапка», парсы тілінде *куга* – шапка календера; чаг. күүлүк – головная повязка: азер: гүллә –башня мағыналарында берілген.

Е.Жанпейісовтың докторлық диссертациясында «сәукеле» сөзінің этимологиясы жайлы былай дейді: « компонент сәукеле разным языкам: сау /сәу/ из общетюркского, күла/күлә~кела~келе/ из персидского сау/сәу/ - выражает значение целый всецело, целиком; а компонент келе как название головного убора связан с его основным признаком – конусообразностью, относительно удлинённостью» [4.30].

Кимешек – көбінесе ақ матадан немесе ақ жібектен тігілетін бас киім.Кимешек басты, кеудені, арқаны жауып тұратын болған.Оның жиектерін көмкеріп кестелейді.Жас келіншектердің бет жақтауы жалпақтау болып, кестесі де көркем тігіледі.Мосқал тартқан әйелдердің кимешегінің бет жақтауы тар болады.Бірақ әшекеленбейді.Кимешектің қазақ рулары мен тайпаларының өзгеше болуына байланысты әртүрлі үлгілері болады.

Кимешекті 25-40 жас аралығындағы әйелдер киген. В.В. Радлов сөздігінде «кімашак / kir/ - головной убор старых женщин» деп түсіндіреді. Әйтсе де, маңдайы оқалы, биік сұлама кимешек әйелдің өңіне салтанатты кейіп береді.

Жаулық – әйелдер басына тартатын орамал. Жаулықтың жібектен, матадан, жүннен жұқа етіп тоқылғаны да, қалың етіп тоқылғаны да болады. Жүннен қалыңдап тоқығанын «бөртпе» деп атайды. Жібектен не матадан шашақ шығармай тоқыған түрін «салы» деп те атаған. Қазақ әйелдерінің жас ерекшелігіне қарай жаулық әртүрлі болады. Бұл сөз түркі тілдерінің бәрінде де кездеседі. Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде бұл сөзге төмендегідей анықтама береді: «йағлиқ аргументируя это тем, что значение «полотенце» - «то, чем вытирают жир». М. Асамутдинов бұл сөздің түбірін *jar* деп алып, «накрывать, покрывать» деген мағынаны білдіреді дейді.

Жаулықты бертін келе «орамал» деп атаған В.В. Радлов *жаулық* сөзін екі компоненттен (жау+лық) тұрады дейді де, бірақ этимологиялық жағын анық көрсетпейді.

Бүркіншек – басқа салатын жамылғы.

Ақ бүркеншік салған жұрт,

Ал ендігін жаққан жұрт

Қызыл маржан таққан жұрт (Едіге батыр) – деген өлең жолдарындағы мысалдан «Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігіндегі» бүрке ~бүркеулі~ бүркеусіз~бүркеншікті т.б. сөздердің бір түбірден өрбіп, бүркеу яғни жамылу мағынасында дәл келетінін байқаймыз.

Бұл сөз ХІҒ. түркітанушысы М. Қашқаридың сөздігінде: «бүрүншүк- қатындар бүркенетін нәрсе» деп түсіндіреді.

Бөрік – елтіріден, аң терісінен істелген, матамен тысталған, құлақсыз бас киім.

Бөрік қазақтың ертеден келе жатқан ұлттық бас киімі болып, қыстық және жаздық бөрік болып бөлінеді. Қыстық бөрік ішіне жүн немесе мақта салып тігіледі. Ал жаздық бөрік мақта салынбай, қос астарланып тігіледі.

«**Бөрік**» сөзі түркі тілді халықтардың бәріне ортақ сөз. Бұл лексеманың этимологиясы жайлы ғалымдар әртүрлі пікір айтады. Көрнекті түркітанушы ғалым Н.К. Дмитриев бөріктің аң терісінен жасалуына байланысты бұл атауды «**бөрі**» сөзімен байланыстырады. В.В. Радлов «кәмшат-камчатский боберъ» дегеннен шыққан дейді де, мынандай мысалдар келтіреді: камчат бурік – шапка из бобрового меха» [5.493].

Э.В. Севортянның пікірінше «борик – бо+рук – бурук и далее борк – бурк представляет собой производное, образовавшееся с помощью отглагольно-именного аффикса- /а/ - к от глагола бору-буру «покрывать». Причем, «борк//бурк» и все остальные, односложные формы представляют собой вторичные образования, явившиеся результатом редукции закрытого гласного второго слога и стяжения двусложной производной обнови в односложную» [6].

Біз Э.В. Севортянның пікірімен келісеміз. Көне түркі тілінде *burk* «шапка» мағынасында қолданылған. Етістіктен (-ық, -к, -к, -ақ, -ек) есім тудырушы жұрнақ болғандықтан *бөрік* сөзін туынды түбір (бор+ік) деп қарап, бұл сөздің сөз тудырушы моделін тіліміздегі бөлік, қонақ, көрік есім сөздермен және ішік, етік, көйлек т.б. киім атауларымен салыстырамыз. Сөйтіп, *бөрік* сөзі бүр-бүру, бүркес етістігімен де байланысты болу керек деп топшылаймыз. Себебі, монғол тілінде «бүрээс – покрывало, покрывало; бүрхээк – покрывать, накрывать сверху» мағыналарын берген.

Қорыта айтсақ, киім-кешек атаулары – этностың күллі тұрмыс-тіршілігін айқындаудың таным айнасы, саналы ғұмыры мен ғасырлар мәдениетінің тұнып тұрған мұражайы. Киім арқылы оның иесі қай елдің өкілі екенін, әдет-ғұрпы мен салт – дәстүрі, әлеуметтік – иерархиялық мәртебесі мен қызметін т.б. белгілерін ажыратуға болады. Демек, киімнің негізгі функциясы – табиғи ортаның суығы мен ыстығынан, жауын-шашыны мен жел-құзынан қорғаумен қатар, ұлт жаратылысының қалыптасуы мен кемелденуінің ұзақ ғұмырнамалық рухани парасат келбетін танытатын этнографиялық, философиялық, мифологиялық әрі тәлім-тәрбиелік түрлі қыр-сырынан ақпарат беріп, бойына сан алуан қызмет жүктеген синкретті ұғым.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қайдаров Ә.Т. Этнолингвистика// Білім және еңбек, 1985. - №10
2. Соссюр Ф де. Труды по языкознанию. Москва, 1996
3. Аймауытова Ә.Б. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты. Фил. канд. дисс. Алматы. 2004ж.
4. Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка.
5. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка, 1948
6. Севортян Э. Этимологического словаря тюркских языков (ЭСТЯ; 1–8 тома, 1978–2008)

ӨЛКЕ БАСПАСӨЗІНІҢ ТАРЛАНЫ

Сүндетұлы Қ.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Атырау облысының, оның ішінде Мақат ауданының баспасөзін қалыптастыруда және оның дамуына сүбелі қосқан қаламгерлер аз емес. Атап айтқанда, сонау 1937 жылы 29 шілде күні алғаш рет ірге тасы қаланған «Ембі жұмысшысы», 1938 жылы 2 наурыз күні қайтадан «Социалистік Ембі» атауымен жарық көрген аудандық газеттің бастауында болған Құлмағамбет Бөріқұлақов, Кенжеғали Ізтелеуов, Мұхаметияр Сатқанов және Тәжібай Текеевтердің есімін құрметпен атауға тиіспіз.

Жеке мұрағатымда сақталған Мақат аудандық газеттерінің көшірмесінен ол туралы біраз деректерді жинақтай келе, Тәжібай ағамыздың шебер ұйымдастырушы редактор, қаламы жүйрік журналист және азулы айтыс ақыны болған деген ой түйіндедім.

Тәжібай Қабасұлы Текеев 1923 жылы Орал губерниясы, Гурьев уезі, Доссор поселкесінде дүниеге келген. Алғашқы еңбек жолы 1941 жылы шілдесінде «Социалистік Ембі» газетінде әдеби қызметкер ретінде басталды. Бірақ көп ұзамай, 1941 жылдың желтоқсанында ел басына қатер төнген шақта неміс-фашистермен шайқасуға аттанады. Қан майданда Қызыл Армияның 183-інші барлаушылар дивизиясы құрамында жаумен шайқасқан. 1943 жылы ауыр жарақат алып туған жеріне оралады. Жоғарыда аты құрметпен аталған редактор М.Сатқановтың майданнан жараланып елге оралып емделіп жүрген, кейін өзінен кейін редактор болған Тәжібай Текеевке жасаған қамқорлығы туралы А.Елеусінов «Тарланбоз талант» атты мақаласында былай дейді: «Осындай толғаныста жүргенде сол бір ақылгөй ағасы келіп, өмір ағысын жаңа бір арнаға бұрып жіберді. Ол Сатқанов Мұхаметияр есімді азамат болатын. Сол тұста Мақат аудандық «Социалистік Ембі» газетінің редакторы. ...Өзі жаралы жауынгердің азапты тағдырынан хабардар болғанға ұқсайды. Редакцияға бекітілген тарантаспен вокзалдан күтіп алғаны тегіннен тегін емес. Тіпті жанқалтасына азын-аулақ ақша да салып жіберген-ді. Хабарсыз кеткен соң ат басын бұрып өзі келіп тұр. Алдыңғы ұсынысын қайталап, «бірер күннен қалмай жұмысқа шық» - деп кетті [1]. Қамқор ағасы оны бірден жауапты хатшы қылып тағайындайды. Міне, осы аудандық газеттің жауапты хатшылығын 1943-1947 жылдары абыроймен атқарып, 1947 жылдан бастап редакторлық қызметке тағайындалады.

Т.Текеев редакторлық болған тұста мұнайлы ауданның газеті бірнеше рет одақтық, республикалық байқаулардың жүлдесіне ие болады. Елге ақын, айтыскер ретінде танылып, публицистикалық шығармалары, әңгіме, очерктері мерзімді баспасөз беттерінде тұрақты жарияланып тұрды. Аға ұрпақ өкілі ретінде ол талай журналистерді тәрбиелеп шығарды. Олардың арасында Қаржаубай Сұлтанғалиев, Аманкелді Жылқышиев, Серік Мұқамбетов, Сайлаубай Тәжбентаев, Сабыр Өтепбергенов, Мақсұт Неталиев, Өтеген Нәукиев және т.б. белгілі журналистер бар.

Т.Текеев 1959 жылы КСРО Журналистер одағының I съезіне делегат болып сайланған. Мақат аудандық партия комитетінің мүшесі, аудандық кеңестің депутаттығына бірнеше рет сайланады. Отан алдындағы абыройлы еңбегі жоғары бағаланып I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен және т.б. көптеген мерекелік медальдермен марапатталған. Мақат ауданының құрметті азаматы. 1994 жылы 23 қыркүйек күні дүниеден озған. Ауданның құрметті журналисі ретінде аты аталып, Доссор поселкесінен үлкен көшеге есімі берілген.

Тәжібай Текеев – журналист. Жоғарыда айтып өткенімдей, оның барлық ғұмыры Мақат аудандық газетінде өтті, яғни екінші үйі болып кеткен десекте артық емес. Журналист қашанда қырағы көз, кемшіліктерді елден бұрын көре білетін ерекше мамандық иелері. Журналист Т.Текеевтің Ұлы Отан соғысы кезінде «Социалистік Эмба» газетінде жарияланған мақалаларын оқи отырып осы ерекшеліктерді айқын аңғарасың. «Байланыс конторындағы басты олқылықтар жойылуы керек» атты сын мақалада газет, хат-хабар таратудағы аудандық байланыс жүйесінің жұмысы сын садағына алынады. «...Мұқыр станциясына «Соц.Эмба» газетінің нағыз керекті сандары бармай қалған. Новобогатшылардың үндеуін Ақшелек ауылының колхоздарындағы колхозшылар уақытында талқылай алмады. Сол сияқты Сталин жолдастың 23 февральдағы бұйрығы жарияланған газет саныда жетіспей қалған.

Мұның себептері неде? – деп сұрағанымызда аудандық баспасөз тарату бөлімінің меңгерушісі – Сәрсенбаев – Чорт знает, біз жібердік... Әйтеуір беда...- деп құрғақ жауап береді,- деп газет, журналдардың таратылуына тұрғындар ренішін білдіріп, жұмысты жолға қоюды ескертеді[2].

Тәжібай Текеев – редактор. Жауапты немесе уақытша редактор ретінде қол қойған газеттерді оқи отырып, Тәжібай ағамыздың ерекше қолтаңбаларын көреміз. Әсіресе газет бетін құрудағы шеберлігі, материалдарды орнастыруы оқырманның назарын өзіне аударып, жүрегіне дөп тигізер ерекшелігі көзге түседі. Мысалы, «Әділ іс пен адал еңбектің жеңісі» атты бас мақалада

(«Социалистік Эмба», 12 май, № 18 (663), 1945 ж.) төрт жылға созылған соғыстың ауыр зардабын шеккен халықтың жеңісті күнге жеткенін қуанышпен баяндайды. Ұлы Жеңіс жолында мыңдаған ауыр вагон «қара алтын» жөнелткен мақаттықтардың сол күнгі қуанышты көңіл-күйлерін төмендегіше білдіреді: «Ауданымыздың мұнай промыселдарындағы еңбекшілер 9 май күні ертеңгілікте қуаныш пен шаттыққа бөленіп, қолдарына қызыл ту көтеріп, жалпылай жеңістің жиынына жиналды. Көп адам қатынасқан жиындар барлық жерлерде де болып көптеген өндіріс озаттары ол жиындарда шығып сөйледі. Бірақ, барлығының да сөз бастамасы бірыңғай болып келеді: - Жеңіс жетті. Жау біржолата жеңілді. Данышпан Сталин бүгінгі жеңіс күнінен біздің совет халқын, Совет Отанын аман-сау алып келді! Жаса Сталин! Жеңімпаз Қызыл Армия жасасын!

Ембінің ендігі қара алтыны – мөлдіреген мұнайлы еліміздің игілігіне шаруашылығына жұмсалынсын. Ол үшін мұнайды бұрынғының үстіне асыра өндіруіміз керек» [3].

Журналистиканың жазылмаған заңы бойынша бас мақаланы редактор немесе жауапты хатшы жазатын болса, осы материалда Тәжібай ағамыздың қолтаңбасы жатырғанын аңғару қиын емес. Т.Текеев газетті безендіруді, газет полиграфиясын, газет өндірісін және оның техникасын терең меңгерген тапқыр қаламгер. Ол қол қойған газеттерді ақтара отырып, ешбір орфографиялық немесе емле қателерін кездестерген жоқпын.

Республикадағы мұнайшылар туралы жарық көрген дара басылымның беттерінде ақын Асқар Тоқмағамбетовтің «Мұнайшылар, мұнай бер! Соны сізден сұрайды ел», - деген патриоттық рухқа толы өлеңі құс болып еліміздің түкпір-түкпіріне таралғаны баршаға мәлім. Газеттің әр санында жеңісті жақындатуға сүбелі үлес қосып жатқан мұнайшыларды еңбек қарқынын төмендетпеуге шақырған материалдар көп болды. Т.Текеев редактор ретінде қол қойған «Социалистік Эмба» газетінің 1945 жыл 1 мамыр №16 (661) санында «Мұнайшылар! Жарыс озаттарының қатарына бәріңде қосылыңдар!» атты айдарымен берілген бетте көлдей 4 мақала және 2 өлең жарияланған. Бұл жауапты хатшы, әрі уақытша редактор Тәжібай Текеевтің журналистік шеберлігі десекте болады. Материалдарда мұнайды көптеп өндірудегі бұрғышылар мен мастерлердің еңбегі «Сариев басқарған бұрғышылар», № 2 учаске коллективі озып шықты» атты мақалаларда көрінді.

Тәжібай ағамыз қол қойған газет беттерінен болашақ академик, заңғар жазушы Зейнолла Қабдоловтың бірнеше өлеңдерін жариялағанына куә болдым. Мысалы, «Социалистік Эмба» газетінің 1945 жыл 12 май №18 (663) санында «Жеңіс» атты өлеңі.

Тәжібай Текеевтің редакторлық қызметіне белгілі қоғам қайраткері Саламат Мұқашевта үлкен баға берген. 1962 жылғы Н.С.Хрущевтің аудандарды тарату реформасынан кейін көптеген аудандар таратылғанда Жылой мен Мақат бірігіп, Ембі өндірістік ауданы құрылады. «Сол жылы Ембі парткомының органы болып «Ембі» газеті шықты. Оның алғашқы редакторы етіп Тәжібай Текеевті бекіттік. Біразға дейін газет Доссордан басылып, шығып тұрды. Кейіннен редакцияны Құлсарыға көшіргенде, Текеев орталыққа келуден бас тартты. Онысы дұрыста болды. Көп кешікпей аудандар қайта құрылды. Т.Текеев «Мұнайшы» газетін қайта ашып, оның редакторы болды», - деп, оның жұмысына үлкен баға береді.

Тәжібай Текеев – ақын. Отты жылдарда жарық көрген сарғайған аудандық газет беттерінен оның бірнеше өлеңдері жарияланғанын көріп, көшірмелерін түсіріп алдым. Қан майданнан жаралы оралған қаламгер солдаттың әр өлеңдері елдің еңсесін рухани жағынан көтеруге бағышталды. Ақын Тәжібай Текеевтің «Социалистік Эмба» газетінің 1945 жыл 23 февраль № 6 (651) санында «Еңбектегі жеңістер» атты өлеңін оқып көрелікші:

– Мынау Ембі... Ұлы еңбек –

Сыбанған сом білектер.

Іс қиынын бұлар жеңбек

Еңбек сүйгіш жүректер.

Кеудесімен көк тіреген

Кереметім - буровой.

Тітіренткен жер жүрегін,

Техникалы терең ой.

Қайратына долотоның

Қойнын ашты қар жер.

- Жетістікке жетсін қолың,

Мұнайшылар мұнай бер.

Бер мұнайды әр учаске

Кешегіден, бүгін көп!

Түсіндерші бәрің бәске,

- Кім озады бүгін! – деп.

Татьяна Хан мастердей

Қарқын болса тобыңда.
Артық мұнай әр бес күнде
Он тонналап қолыңда.

Егоровтай ерінбесең
Еңбек саған бас иер.
Жер мұнайын алып берсең,
Сені бүкіл ел сүйер.

Мігір таппай Әбдеш сынды
Ісің бітпей, үй көрмей.
Сүйсең сондай жұмысыңды,
Қалмақ емес іс өнбей.

Мықты болсаң Мұқитовтай
Жуасып жер жайланар.
Шапшаңдығы тап ұршықтай
Роторың айналар.

Көп айналсын роторлар,
Качакілер иілсін!
Өндіріліп артық майлар,
Жеңіс қорға құйылсын!

Мейлі Ембі мұнайынан
Мола тапсын немістер!
Бұдан былай ұдайынана,
Арта берсін жеңістер![4].

Осылайша мұнайшыларды мол өнім алып майданға жөнелтуге, сөйтіп халқымыздың ұзақ күткен жеңіске үлес қосуға шақырды.

Тәжібай Текеев – айтыс ақыны. Ұлы Отан соғысы жылдарында дауылпаз ақын Жамбыл салған жолмен ақындар айтысы қайта жаңғырды. Қаһарлы жылдардың қауырт оқиғаларын тез көріп, жедел бейнелеуде, майдандағы қимылдар мен жауынгерлерлің ерлік бейнесін жасауда поэзия шеберлері елеулі еңбек етті. Отан сүю мен ел қорғау тақырыбы ақындардың жаңа тынысын ашты. Солардың сапында ақын Тәжібай Текеев айтыс өнерінің қыры-сырын терең меңгерген, ойы жинақты, көркемдік жағынан анағұрлым жатық сөз зергері атанды. Оның дәлелі ретінде ақын Т.Текеевтің ақындар Сұраубай Үттібаев, Зейнолла Қабдолов және маңғыстаулық Мұқамбетовтермен айтысын оқығанда көзің жете түседі.

Айтыс кезінде Комсомол мұнай кәсіпшілігі атынан түскен ақын Т.Текеев майданда дұшпанды жеңуге, тылда майдан мүддесіне лайықты еңбек етуге үндеді. Мысалы, Қошқар атынан айтысқа түскен С.Үттібаевтің:

...Сөйлейін кезегімде Қошқар жәйін,
Сөйлесем ағызамын тілдің майын.
Жұлделі жүйрік едім бәйгені алған,
Тыныс бар шаршамайтын шапқан сайын.
Ембінің алтын отау – Қошқарының
Табысын тасқындатып мен жырлайын,
Лайсаң Отан соғысы күндерінде
Мұнайым болып тұрды күнде дайын.
Келемін айдан-айға сөзден шығып,
Берілді Отаныма арзан майым.
Істейміз жазғы күндей қыс күнінде
Жарыста социалистік шаршамаймын.
Аудан мен облыстан үш ту алдық
Бұлардан қолымдағы айырылмаймын.
Тойымыз Қазақстан мүшелінде
Табыспен таң қалдыра ағындаймын.

Ал, өзің қалай жүріп, қалай тұрсың
Айтып бер өндірісіңнің ішкі жәйін?

Тәжібай: Ау, Сәке, көп мақтадың Қошқарыңды,

Білемін сырлы сөзді қосқаныңды.
Дауым жоқ артығымен орындадың,
Серт еткен міндетің мен жоспарыңды.
Бірақта, қысқа жақсы әзірмен деп,
Айтпаңыз ондай маған оспағыңды.
Аралап кеше өзіңмен шыққанымда,
Санама тоқығанмын бос жағыңды.
Отырсыз әзірліктен түк өндірмей,
Кеткем жоқ «ПГ»ларды көзім көрмей,
Жалаңаш эксцентрик «еңіреп» тұр.
Панасыз жан ашыр жоқ жетімдердей,
«Қыс болса бұзыламыз сәлем айтқын –
Ауданға» - деп қалды ғой қолың сермей.
Қатпақшы выкидной линия,
Қыста ертең, қойсаң бұған көңіл бөлмей,
Комсомол әзірленді қыс кезінде,
Электер цехым түсті жұрт көзіне,
Гараж бен мастерской озат шығып,
Тұрғызып жатыр жаңа цех өзіңе,
Қошқарда осылардай озат барма
Қарт жырау жауап берші бұл сөзіме?...

Айтыстың бұдан әрі жалғасында Т.Текеев өндірістегі кемшіліктерді ашып көрсетіп, оны жоюдың жолдарын көрсете келіп:

...Ерлерім еңбектегі қолы жеткен
Табыстан айрылмасқа айналысты.
Ұлы той Октябрь мен Қазақстан,
Сыйлыққа шығарамыз жойқын күшті,
Біз бұрын қарақшыдан айналамыз.

Тазартып кемшіліктен алдағы істі», - деп қорытындылайды [5].

Баршаға мәлім, өткен жылы академик Зейнолла Қабдоловтың 85 жылдық тойы аталып өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ақынның алғашқы тырнақ алды өлеңдері туралы мен «Ұлы Жеңіс жыршысы» атты мақала жариялағам болатынмын («Атырау», 11.12.2012 ж.). Заңғар жазушы айтысқа келу тарихын ол былай шертеді: «Атақты Жамбыл бастаған ақындар айтысы сол кезде күллі Қазақстан бойынша дәстүрге айналды. Айтыс болмайтын жер жоқ. Доссорда да айтыс болып жатты. Мен айтысқа қатыстым. Сол тұстан күні бүгінге дейін «Мұнайшы» газетінің редакторы болып істейтін Тәжібай Текеев дейтін кісі де өлең жазатын. Мен сол Тәжібаймен айтыстым. Онымыз аудандық газеттің бір бетін тұтас алып жарияланды» [6].

Сол ақындар айтысы Мақат аудандық «Социалистік Эмба» газетінің 1945 жыл 10 сәуір № 657 санында «Бір қосып жер асты ісін, гараж күшін – күресті күшейтелік мұнай үшін!» тақырыбымен жарияланды. Аламан жыр сайысы 1945 жылдың 27 наурыз күні Доссор поселкесіндегі мұнайшылар үйінде өтеді. Бұл күнді шақырылған қонақтар мен зал іші толған тыңдаушылар асыға күтеді. Шымылдық ашылысымен БК(б)П Орталық Комитетінің партия ұйымдастырушысы ж.Қожағұлов сөз сөйлеп айтыстың тарихи маңызына тоқталады, одан әрі Қазақстан Жазушылар одағының Гурьев облысындағы өкілі С.Хайдаров жалғастырады. Ол ақындардың әрқайсысын жеке таныстырғаннан соң, барлығын сахна төріне шақырады. Алдымен мұнай өндіру бөлімі атынан халық ақыны Жүсіпов Құмар мен силевой станциясы атынан жас ақын Аманшин Берқайыр, екінші айтысқа - № 1 учаске атынан жас ақын Мұратов Сәрсен, № 2 учаске атынан жас ақын Түйешиев Түрекеш, үшінші айтысқа – жер асты жөндеу бригадасы атынан жас ақын Қабдолов Зейнолла, өндіріс қоймасы атынан жас ақын Текеев Тәжібай шығады. Алғашқы айтыста Құмар ақын силевой станциясының барлық кемшілігін жіпке тізіп беріп, жас ақын Берқайырды жеңіп шығады. Жұрттың назарын аударған айтыс жерасты жөндеу бригадасы мен өндіріс қоймасы арасындағы айтыс болды. Сөз шеберліктерін өлеңмен өрнектеген екі жас ақынға барша дүйім жұрт риза болған. Сол күні айтысқа қатысқан барлық ақындарға салт дәстүрімен сый құрмет көрсетіледі. Енді сол айтыстан қысқаша үзінді беруді жөн көрдім:

ЗЕЙНОЛЛА

Қоймасы қара алтынның Доссор – Алып,
Атақты промысел аты қанық.
Дүниеде теңдесі жоқ қара алтынды,
Сурып жер астынан жатыр алып.
Кеудесі көк тіреген буровойлар,
Тынбастан күні-түні әнге салып.
Шапшытып жер мұнайын аспанға ата,
Ақырғы жеңіске тұр дабыл қағып.
Таянып келе жатқан ұлы тойға,
Білемін жеңіспенен баруы анық.
Сол Доссор көлемінде мұнайлы алап,
Қас қақпай күні-түні тұрмын қарап.
Насоспен штанганың қозғалысын
Мүлт етпей тексеремін қолмен санап.
Кеселге келе қалған қарсы тұрам
Толған күш – тұла бойым қару жарақ.
Алдында Сталиннің ант еткенмін
Күреске мұнай үшін жалғыз қадақ.
Тоқтаса – скважин – жүрсе сараң,
Үзілсе штангалар тарам-тарам.
Көрсетіп жедел жәрдем дәрігерлерше –
Жеті қат жер астында жөнге салам.
Турасы мың метрден сынсадағы –
Мезетте бұрынғыдай түзей алам.
Блунжер штангадан үзілсе де
Жаңадан жалғастыру жолын табам.
Жойқынмын жердің астын жөндейтұғын,
Кедергі еш қандай күш болмайт маған.
Лепіре көкке атылып арындаған,
Қара алтын менсіз жерде алынбаған.
Суырған жер өңешін механизм –
Мүлтіксіз менсіз бабы табылмаған.
Орным зор промысел өмірінде
Тынысым қиындыққа тарылмаған.
Жұмыста міндетің бір жолдасым ең,
Сөйле гараж! Сөз бердім енді саған
Келесің қалай жүріп, тартынбастан –
Тәжібай, баяндашы кәне маған.

ТӘЖІБАЙ

Жан емен сөз бергенде үндемейтін,
Тетігі бұл өлеңнің тілде дейтін.
Ендеше сүйір тілмен сүйкенемін,
Ақыным болсаң мені күндемейтін.
Зейнолла естуші мең, көрдің бе әлде
Ақбөкен қарсы шабат желге дейтін.
Желгенде жетегіне желді ертпеген
Жүйрік жоқ одан бетер жерде дейтін.
Ақбөкен – Автомобиль – одан да артық
Шабыста ынтықпайтын, терлемейтін.
Трактор тегеурінді сом темірден
Жеңіл мен ауырыңды тергемейтін.
Қарамы қап тауындай зат болсада,
Жасқанбай сүйреп өрге өрмелейтін.
Өр кеуде тракторым – алып танкі
Майданда алға құлаш сермелейтін.
Інінде айуанды бірінші боп,

Советтік танкі езеді – осы сертім.
Сол танкі Сталиндік ту байлаған,
Берлиннің биігіне шығады еркін.
Ақбөкен – Автомобиль жүйріктерім,
Трактор қуаттымыз күші керім.
Екеуі ел ісінде – ер пішінде
Келеді көтерісіп салмақ керін.
Жаннаттай жайлы орынды – гараж дейді
Бұлардың тынығуға келген жерін.
Келсе егер, осы жерге кеудесіне,
Күш қосат мамандарым – слесарім,
Жасқанбай жер астына қолым салдым.
Мұнайға көмектестім деп мақтандың,
Мақтаныш – білмеймісің бірі екенін,
Атамыз Абай айтқан бес дұшпанның
Шынында менсіз сенің күнің бар ма,
Табысқа талай сені сүйреп бардым.
Қолтықтап көтермесем көрер едің,
Мен жоқта – ісің де жоқ, жатып алдың,
Ал енді, өзің тыңда, сұрайын жай –
Мұнымды есіңе ұста бұдан былай,
Осы жыл басталғаннан промысел,
Борышты 162 тонна мұнай.
Осының жартысына жауаптысың,
Алмаймыз кемтігіңе енді шыдай.
Гараждың тракторын көп күттірдің,
Жүргізіп бірде былай, бірде олай.
260-шы скважинада
Көрсеттің шабандықтың түрін ұдай.
Орнына 3 тәуліктің жетеу істеп,
Неліктен құтың қашты тап осылай...» [7].

Қорыта келгенде, ел басына күн туып, ерлер қан майданда жаумен шайқасқанда сөз зергерлері атанған ақындар легінде Зейнолла мен Тәжібай осылайша отты жырларымен Ұлы Жеңіске осылайша үн қосты. Жас ақындардың өлеңінен тастай түйінген мұнайшылардың қажырлы еңбегі жан-жақты көріне түсті. Осылайша еңбек ерлерінің өнегелі істері мақтан етілді, артта келе жатқандары сын садағына ілінді.

Тәжібай Текеев ағамыз тек ғана мақаттықтардың айтыс ақыны болғаны емес, сол кездері облыс құрамында болған Шевченко мен Маңғыстау аудандары арасында болған айтысқа шыққан. Төменде айтысты толық мәтінде беріп отырмын:

Текеев

- Ақынның айтар кезі асыл сөзін,
Шешеннің табар кезі сөздің тезін.
Айтыс деп жиналған жұрт құлақ түрсе,
Кетпей ме бойды билеп күшті сезім.
Терейін алтын, күміс сөз жақсысын,
Неғылам көп айтылған сөздің жезін.
Жаңаша жырдан желі тарта біліп,
Дәуірде сталиндік айтар кезім.
Байлығын мақтан етіп ауданымның,
Бұлақтай ағытайын жырдың көзін.
Қарашы шаттық жырдың шалықтауын,
Шыңға өрлеп, құлаш сермеп жалықпауын.
Каспийдің жағасында нардай шөккен,
Аралап көрейінші Адай тауын.
Биік тау, жақбарлы тас-жер сұлуы,
Жайқалған етегінде бақша-бауың.
Мөлдіреп аққан бұлақ төбесінен,
Құйғандай жер бетіне шыңнан жауын.

Жер желек жамылғандай көрінеді,
Аралап отырсаңыз тау қойнауын.
Шығады алдыңыздан төрт түлік мал,
Жайлаған «Сенек Сомса» жаз жайлауым.
«Қызыл су» - құнарлы жер мал өрісі,
Секілді жердің құты елге сауын.
Бұл жерден мал азығын дайындаймыз,
Көтеріп көк құрақтың байлап бауын.
Желеді ескек желді құм ойнаған,
Бұл жерге бақ орнайт деп кім ойлаған.
Атақты Украинаның Тарасымен,
Әуелі осы жерге ел орнаған.
Талдан-тал өсіп-өніп жетілмей ме,
Күндерде гүлді бақша және орнаған.
Қоршалай өскен гүлді ортаға алып,
Атымен Шевченконың қала орнаған.
Орнады Форт-Шевченко көркем қала,
Каспийдің жағасынан орын ала.
Одаққа маңызы оның мәлім болды,
Бакумен қатынасып Махаш қала.
Сәулетті ауданымның орталығы,
Орнаған мәдениет, оқу сана.
Жұрт болып қосылғанда жарыс дуға.
Жарысты бізде жаздық қызыл туға.
Көтеріп көк үстіне қызыл туды,
Шақырдық берген сертті орындауға.
«Не ексең соны орасың» дегендей-ақ,
Ауданым бар міндетін орындауда.
Мәпелеп туған төлді баға білдік,
Көбейді сол себептен малым қолда.
Маңқыстау бәсекелес аудан едің,
Сөйлеші, біз тыңдалық кәне сонда....

Мұқанбетов

- Сөйледің байлығыңды, Тәжібайым,
Белгілі айтпасаңда сенің жайың.
Ақыным маған кезек бергеннен соң,
Байлығын Маңқыстаудың баяндайын.
Қаптаған өрісімде төрт түлік мал,
Келемін алға басып күн-күн сайын.
Жарыста алған сертті орындауда,
Кем болып мен сенен қала алмаймын.
Жақсарған малдың күйі ауданымда,
Келеді басып алға шаруа жайым.
Жоспарым мал өсіру маған берген,
Орындап төрт түліктен еттім дайын.
Салайын сұлу әнге сөзбен өрнек,
Байлықтың аудандағы күйін тербеп.
Өсіріп малдың басын аман сақтап,
Келемін күннен күнге құлаш сермеп.
Сақтадым шығын бермей салалы етіп,
Жайылды малдың басы бізден өлмек.
Малымыз көргеніңде көз тартады,
Егер де тамаша ғып болсаң көрмек.
Жоспарым мал өсіру жөніндегі,
Орындалды артығымен бізде дендеп,
Міндетті үкіметтік дайындықтар,
Берілді осы күнде жоқ бізде бермек.
Осындай жетістігім арқасында,
Табысым күннен күнге ақты селдеп,

Бізде бар алдыңғылар топтан озған.
Шынына табыстардың құлаш созған.
Орындап міндеттерін артығымен,
Кохозым озат шыққан «Жаңа қорған».
Даярлап мал азығын сапалы етіп,
Қыс қора күні бүгін әзір болған.
Өсіріп малдың басын күйлі етіп,
Сақтаған шығын бермей әрбір малдан.
Бастығы колхозымның Өтепбергенов,
Колхозын бастай білген таймай жолдан.
Жұмысты елім үшін мен үдетіп,
Табысқа күннен күнге тұрмын жетіп,
Жоспарды төрт түліктен орындадым,
Өсіріп малдың басын өркендетіп.
Кезекті енді ақыным саған бердім,
Егер де ақындыққа болсаң жетік.
Бөлінген біздің елден отау едің,
Қатты ма қанатыңыз әбден бекіп.

Текеев

Көп болды өз алдыма жатқаным,
Өзімше төрт түлік мал баққаным.
Жарыста озат келем өзіңізден,
Байқасаң – қанатымның қатқаны да.
Алдына асыл сөзбен қойсам тізіп,
Ақыным, таң қаларсың тапқаным.
Айтайын озатымның өнегесін,
Тыңдап ал, үлгі етерсің ауданыңа.
Ақыным, естісең де бұдан бұрын,
Айтайын табысымды сөзіңді ұғып.
Атақты Тельман деген колхозымда,
Болған жоқ биылғы жыл бір де шығын.
Асыра алған сертін орындауда,
Келтірсем көп мақтанбай сөздің шынын.
Ақыным, естідің бе, жүз биеден,
Алғанда жүз алтыдан асыл құлын.
Өсірдім асыл тұқым жылқыларды,
Сеп-семіз бәрі дағы бейне жұлын.
Қызамын енді өзім бірден-екі,
Тиеді Маңқыстауға сөзім шеті.
Не бағып жүргеніңді біле алмадым.
Жоғалған биыл малың жетпіс жеті.
Бастығы ауданыңның Қарабасов,
Жан екен шіміркенбес екі беті.
Із-түзсіз колхоз малын жоғалтуға,
Салмайды неге тиым, болса ниеті.
Өлшеусіз пішен шауып, ойладың ба,
Қыста ертең көбейсін деп малдың еті.
Деменіз осынымды жала-жалған.
«Жыңғылдың» жаман колхоз артта қалған.
Бастығы Жәрдемөв боп білмейді екен.
Қалайша айрылғаның қолда бардан.
Колхозың «Бірінші май» бұған сәйкес,
Оның да кетуге тұр, құлап жардан.
Бұлардың өлімі көп, азығы жоқ.
Әзірге аз дәулетпен жатып алған.
Тағы да олқы ісін көп келіспеген.
Жарыс жоқ ауданыңда өрістеген.
Білмейді колхозшылар еңбек күнін,
Білгенін айырады керіспенен.

Нұсқауы үкіметтің орындалмай,
Жарысың тексерілер терісінен.
Білдіріп отырмайсың озаттарды,
Көрсеткіш тақталарың кем істелген.
Жар газет, жауынгерлік листок кем,
Сыналып отырмайды кеміс деген,
Жоясың қашан мұны, аз күн қалды,
Баралық мерекеге жеңіспенен...[8].

Бұл айтыстан ауыл шаруашылықты мекенге айналған түбектегі қол жеткен табыстар мен кейбір шешімі таппаған мәселелер ашып көрсетілді. Әсіресе, мал басын аман сақтау, төл санын көбейтуге баса назар аудару керектігі көрсетілді. Қоғамдағы келеңсіз жақтарды жойып, мемлекеттік мүлікті мұқият сақтауға шақырды. Жоғарыдағы үш сайыстан Тәжібай Текеевтің айтыс өнеріндегі шеберлігі тыңдаушыларын өзіне тартып ғана қоймай, олардың қуанышы мен қайғысына ортақтасып, қол жеткен табыстарын паш етті.

Қорыта келгенде, қырық жыл Мақат аудандық газетіне қол қойған редактор Т.Текеевтің өмір жолы туралы жазылар да, айтылар да әңгіме көп болмақ. Денсаулығының кемтарлығына қарамастан тәуліктеп жұмыс істеп, демалуды білмеген газет ісіне шын берілген Тәжібай атамыздың өнегесі көпке үлгі боларлық.

Әдебиеттер тізімі:

1. А.Елеусінов. «Тарланбоз талант». Жеңісті жақындатқан жандар. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2005 ж. – 104 б.
2. Т.Текеев. «Байланыс конторындағы басты олқылықтар жойылуы керек» // Социалистік Эмба. 24 март, № 12 (610).1944 ж.
3. «Әділ іс пен адал еңбектің жеңісі» // Социалистік Эмба, 12 май, № 18 (663), 1945 ж.
4. Т.Текеев. «Еңбектегі жеңістер» // Социалистік Эмба, 23 февраль № 6 (651), 1945 ж.
5. Ақындар айтысы. «Озат боп бәйгі аларлық жарыспенен, - Баралық мерекеге табыспенен!» // Социалистік Эмба, № 35(660), 1944 ж.
6. З.Қабдолов. Жебе. Әдеби толғаныстар мен талдаулар. – Алматы. «Жазушы», 1977.- 268 б.
7. Ақындар айтысы. «Бір қосып жер асты ісін, гараж күшін – күресті күшейтелік мұнай үшін!» // Социалистік Эмба, 10 апрель, № 657, 1945 ж.
8. Ақындар айтысы. Шевченко және Маңғыстау аудандары арасындағы айтыс // Колхоз жолы, 28 сентябрь, № 33 (1471), 1945 ж.

ӘОЖ 81.373.421

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ЖҮЙЕСІНДЕГІ АНТОНИМДІК ОРАЛЫМДАР

Жолдыгулова А.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Фразеологизмдер – барлық тілдерге тән әмбебап құбылыс. Сондықтан да ол барлық тілдерде кеңінен зерттелуде. Түркі және басқа тілдердің фразеологиясы бойынша осы күнге дейін жүргізіліп келе жатқан жан-жақты зерттеулер фразеологизм құбылысының сан алуан тұлғалық және мағыналық түрлерін анықтады. Тіл-тілдің сөздік қорын, сөз байлығын зерттейтін саланың бірі-фразеология. Фразеология теориясы, тұрақты тіркестердің жүйелік мәнінің қалыптасу ерекшеліктерін, жалпы фразеологизмдер туралы ғылымның мәселелерін талдау сонау өткен ғасырдың алғашқы кезеңдерінен басталады. Фразеологияның лингвистикалық пән ретінде қалыптасуы француз текті швейцар ғалымы Шарль Баллидің атымен байланысты. Ол тіл білімі тарихында тілдегі тұрақты сөз тіркестерді арнайы және жүйелі түрде зерттеу қажеттігін алғаш негіздеп, еңбектерінде талдау жолдарын көрсетті.

Фразеология теориясы дамуының келесі кезеңі орыс ғалымы В.В.Виноградовтың есімімен байланысты. Фразеология мәселелерінің аумағы кеңейіп, лингвистикалық әдебиеттерде В.Л.Архангельскийдің, О.С.Ахманованың, А.М.Бабкиннің, В.П.Жуковтың, В.Н.Телияның, Н.М.Шанскийдің, Н.Н.Амосованың, А.В.Куниннің және т.б. ғалымдардың белгілі еңбектері фразеология теориясын дамыта түсті. Қазақ тіл білімінде фразеологияның жалпы және нақты мәселелері бойынша ғылыми еңбектер жазылды. Олардың қатарында фразеология мәселелеріне арналған І.Кеңесбаевтың, М.М.Копыленконың, Р.Сарсенбаевтың, К.Ахановтың, Ә.Қайдардың, Г.Смағұлованың, С.Сатенованың, Э.Самекбаеваның, Н.Уәлидің, Р.Авакованың және т.б. еңбектерін атап көрсетуге болады.

Фразеологиялық тіркестер – ғасырлар бойы қалыптасқан, аз сөзді, көп мағыналы, бейнелі сөз бедерлері. «Сөз тілдің аса керекті құрылыс материалы. Сөз жеке тұрғанда, жансыз жасық денедей дәрменсіз боп көрінеді. Оның жандана түсетін де, гүл-гүл жайнайтын да жері сөз тіркесі, сөйлем құрамы», - дейді М.Балақаев (1,18)Тілдің негізгі байлықтарының біразы – тұрақты тіркестер.Олар ұзақ жылдар бойы халық тілінде шыңдалған нысанаға дөп, дәл тиетін өткір де көркем тілдік конструкциялар.

Қай тіл болмасын нақты заттың сандық, сындық немесе абстрактылы мағыналарын, қимыл-қозғалысын, қасиетін, қолданысын білдіретін жеке сөздермен қатар, компоненттерді біріктіріп бір мағынаны білдіретін, жеке сөздердің рөлін атқаратын тұрақты сөз тіркестері болады. Олар әдебиетте қалауын тауып қиыстырылса ғана мәнер табады. Классик жазушыларымыз осындай ерекшеліктерді асқан ұқыптылықпен аңғарып,қиыннан қиыстырып, сөз асылын саралап, өзіне қажет сөздерді талғап, орынды қолданатыны аян. Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің негізгі ерекшеліктері, жай сөз тіркестерінен айырмашылығы жайында белгілі филологтарымыз өз ойларын ортаға салып, тұжырымды пікір айтып келеді. Мәселен, І.Кеңесбаев: «Идиом мен фраза тілдегі қолдану ыңғайына қарай бірінің орнына бірі жүріп, ауысып отырады» десе (2,125), Н.М.Шанский: «Фразеологиялық тіркестердің тілдегі қызметі жеке сөздердің қызметіне ұқсас», дейді, ал В.В.Виноградов: «Фразеологиялық топтар мен фразеологиялық тіркестерде омонимдер болмайды. Олар синонимдік тізбектер қатарына жатады»(3,58) - деп, фразалық тіркестер ұғымы жағынан синонимдерге өте жақын екендігін ашып берген болатын.

Ғалым Ғ.Мұсабаев фразеологиялық тіркестердің негізгі ерекшеліктерін айта келіп, оған идиомалар, мақал мен мәтелді жатқызса, М.Балақаев: «Фразеологизмдерге идиом, фраза, мақал-мәтелдер жатады», - дейді. Тұрақты сөз тіркестерінің қатарына бізше фразаны қосу орынды сияқты. Себебі фразаның семантикалық бірлігі тұрақты сөз тіркестеріне жақын.Ертеден бері қалыптасып келе жатқан сөз байлығының ауқымды бөлігі ретінде фразеологияның қазақ тіл білімінің жеке саласы екені бүгінгі күні баршаға мәлім. Алайда фразеология түбегейлі зерттеліп, түгелдей дерлік аяқталған сала деп айтуға болмайды. Оның әлі де болса шешілмеген, даулы мәселелері мен зерттелмеген жақтары баршылық. Номинативтік және коммуникативтік фразеологизмдер – тіл-тілде, басқа да фразеологизмдер тәрізді, халықтың рухани, мәдени, шаруашылық өмірі мен салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы және наным-сенімі, дүниетанымы негізінде туындап, көркем сөздің кең қолданылатын, бейнелі де әсерлі құралына айналып, қолданыста оралымдар мен айтылымдардың мән-мағынасына экспрессивті-эмоционалды рең беретін, астарлап айту тәсіліне айналған тілдік құбылыс. Олардың көптеген терең сыры халықтың тілдік, психологиялық, қоғамдық, шаруашылық, танымдық қасиеттеріне де байланысты. Номинативтік және коммуникативтік фразеологизмдердің қалыптасу жолы тек тіл заңдылықтарына ғана емес, сонымен қатар, олардың әртүрлі контексте қолданылуына да тікелей байланысты. Қазіргі қазақ фразеологиясының синхронды сипаты оның қалыптасуының дереккөздері, жеке фразеологизмдер мен фразеологиялық жүйелердің жасалу мерзімі, фразеология теориясының әдіс-тәсілдері оның қаншалықты күрделі және сан алуан түрлі екендігін көрсетеді. Кез келген ұлттық тілдің фразеологиясы – сол ұлт тілінің танымдық және тәжірибелік іс-әрекетінің нәтижесі, қоғамның коммуникативтік қызметінің барлық салаларындағы экспрессивтік түрде қатынас жасаудың ерекше бірліктерінің жүйесі. Осы ретте арнайы қарастыруды қажет ететін өзекті мәселелер қатары бар. Фразеологизмдердің семантикалық, морфологиялық және синтаксистік құрылымдарының қалыптасу, өзгеріп-түрлену шегінің тілдік нормаға сай келуінің, контекстегі басқа сөздермен, сөз тәркестерімен, сөйлемдермен байланысқа түсу ерекшеліктерінің және т.б. жақтарының әртүрлі тілдік заңдылықтардың негізінде жүзеге асатындығы байқалады. Бұл заңдылықтардың тілдік бірліктердің номинативтік және коммуникативтік қасиеттерінен өзгеше түрде қалыптасқанын, фразеологизмдердің тіліміздегі қарапайым сөздердің, сөз тіркестерінің, сөйлемдердің қасиеттерін қамти отырып, семантикалық және грамматикалық жақтан ерекшеліктерге ие болған құбылыс екенін көреміз.

Фразеологизмдер жүйесінде **антонимдік** оралымдар кездесе беретін құбылыс. Фразеологиялық антонимдердің мағыналарының арасы сәйкессіздеу болып келеді. Тілімізде қарсы мағыналы фразеологизмдердің болуы фразеологиялық антонимияның дербес категория екендігін көрсетеді. Мысалы: *ит арқасы қиянда – қарға адым жерде; салы суға кетті – тасы өрге домалады; тұяқсыз өтті – үбірлі-шүбірлі болды; жерден жеті қоян тапқандай қуанды – зәресі зәр түбіне кетті, жер-көкке сыйғызбады – ағаш атқа мінгізді* т.б. Антонимия шындық өмірдегі қарама-қарсы қатынастардан туындайды, тарихи тұрғыдан адам санасында қалыптасқан қарама-қарсы құбылыстардың, заттар мен ұғымдардың қарама-қарсы мәнін тану негізінде анықталады, сондықтан антонимдес фразеологизмдердің сипаты антонимдес сөздердің сипатынан алшақ кетпейді. Көбінесе абсолют түрдегі емес, қатыстылықты сипаттағы қалыптасқан антонимдер тілімізде көп кездеседі.

Фразеологизмдерді қарастыру арқылы ұлттық тіліміздің көркемдік таным әлемі, әлеуметтік болмысы танылады. Қандай да бір жазушының тілдік шеберлігі, әдеби мүмкіндігі тілдің мол қазынасын еркін меңгеріп, құнарлы да шұрайлы тіркестерді әсем де бейнелі етіп қолдана білуінен аңғарылады.

Әр қаламгер өзінің өте бай шығармашылық лабораториясында фразеологизмдерді аса бір байыптылықпен, асқан бір шеберлікпен, нәзік сезімталдықпен, жоғары біліктілікпен қолданады. Фразеологизмдердің қалыптасуы мен дамуына этнолингвистикалық факторлар да әсер етеді. Тіл білімінің салалары ішінде тілдің ұлттық сипатын аша түсетін саласы – фразеология. Қазақ тілі фразеологизмдері қазақ халқының данышпандық шығармашылығы, ой өрісі мен рухани дарынының, танымының көп ғасырлар бойындағы жемісі болып табылады. Қазақ тілі фразеологиясының ұлттық сипатын, танымдық табиғатын фразеологизмдердің фонетикалық, грамматикалық, семантикалық ерекшеліктерінен де, стилистикалық қызметінен де көруге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. –Алматы: Мектеп, 1974. –191 б.
2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі.–Алматы: Ғылым, 1977.–712 б.
3. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. А.,1996.-226 б.

ӘОЖ. 82.1/29

ТАБИҒАТ ПЕН КЕЙІПКЕР ЖАНЫНЫҢ ҮНДЕСТІГІ (Жазушы Н. Әбуталиевтің «Наркескен» романы бойынша)

Құлшарова А.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Жазушы Нәбиден Әбуталиевтің «Наркескен» романы 2003 жылы «Өлке» баспасынан жарыққа шыққан. Шығарма тарихи уақыт пен сол аралықтағы көркем бейне –Махамбет образын сомдаудағы ерекше туынды болып табылады. Романның қысқаша мазмұнынан келер болсақ, мұнда Исатай-Махамбет бастаған ұлт азаттық көтерілісі мен сол уақыттағы Нарындағы қараша елдің тыныс-тіршілігі, елін қорғаған хас батырлар ерлігі мен Кіші Жүз руларының, әсіресе он екі ата Байұлының шежірелі тарихы, жалынды ақын, батыр Махамбеттің айналасындағы адамдар образы, оның ішкі романтикалық көңіл-күйі, ой-сезімі т.б айтылады.

Романның бірінші тарауында Нарын даласын жағалай қоныстанған елді мекендер көрініс табады. Қаламгер мұны жай ғана суреттеп қоймайды. Жау тылында отырған мазасыз елдің көңіліндегі нала-мұң мен кірбің атаулыны айналадағы табиғат, жәндік, құс, тау сияқты жансыз заттар арқылы суреттейді. Мәселен, «...бұғып, мүлгіп тұрған боз дала, кұқыл реңді дала, бүршігін жара алмай, жермен-жексен боп жатқан боз жусан,» [1; 3 б] т.б. Осы арада жазушының дала өсімдігін : Сірә да жарық дүниеге шығар туашақ нәрсенің туа алмай, көретінін көре алмай тұмшаланып қалғаны қасірет екен. Жусан екеш жусан да сап-сары, дертке душар болғандай қайғылы күй кешеді, [1;3б]-деуінен табиғат пен адам жанын егіздеуі анық байқалып тұр.

Тарихи кезеңнің бір көрінісі ретінде Жанғожаның қараша үйі арқылы жазушы сол кездегі күйбең тірлікті ұғынықты суреттейді. Киіз үй мен оған жамалған құрым киізді денедегі бітеу жара секілді деп кейіптеуі де жазушының қарабайыр тірлікті қарапайым өмір шындығымен тұтастыруындағы әдеби шеберлігі болуы керек. Жазушы төрт түлік малдың, соның ішінде сиырдың қасиетін адам мінезмен теңестіреді. Қазақ, тіпті, әрісі әлем әдебиетінде де мұндай жанама суреттеулер көптеп кездеседі. Ә. Кекілбаевтың «Бәйгеторы», О. Бөкейдің «Бура», Ш. Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары», т.б әңгіме-повестерінде бұл кеңінен ашылады. Ал «Наркескендегі» суреттеудің бұл тәсілін мына тұстардан анық байқаймыз: Осы Зеңгі баба тұқымының көзі бұрыннан қып-қызыл болатын, төлін туғалы бері ол үлкейіңкіреп ақ айраңданып аларып кеткен секілді. Кәдімгі ашуланғанда шарасынан шығыпақиланып адам баласының көзіне бір ұқсастық бар...немесе: Мал емес-ау, тіпті даладан кезіксе, хан ордасы жақтағы қара жолмен келе жатқан бейсауат жолаушыны немесе мылтық асынған казак-орыс шабарманын көрсе де басындағы бағын жоғалтқандай әлгіге елегізіп, мүйізін кекірейтіп көзін алайтып бір мөңіреп қалады. Жайық пен Үйшіктен қашық құм мойнындағы Жәңгір ханның жасағынан аза шеккен, жапа көргенжалғыз тұл жетім тап мынау өзі секілді [1; 5б].

Жазушы суреттеп отырған өмір құбылыстары кейде аң, құс, т.б арқылы беріледі. Бұл арадағы хан билігінен деген жануардың қарсылығы иесі Жанғожаның немесе басқаның ішкі күйі аңғарылып тұр.

Кейіпкер дүниетанымы арқылы жазушы өз оқырмандарына парасаттылық танытып, ұлағатты ой ұшқынын береді. Осы тұстар Жанғожаның қонағы Сатыбалдыға жігіттің басындағы үш гауһар жайлы айтқан әңгімесінен, Жанғожаның Мұхаммед пайғамбар заманынан бастап шараптың «шайтанның сүйер асы» деп аталу тарихы, бәрі-бәрі кейіпкерлер диалогынан байқалады.

Ал романдағы Махамбет бейнесінің алғашқы көрінісі Жанғожаойы арқылы берілген. Жазушы осы тұрғыда батырдың портретін еске түсіруі арқылы былайша бедерлейді: Махамбеттің белінде қорамсақ, иығында садақ, қиыр қылыш наркескенін сол жағына асыныпты, шалқақтау біткен кере қарыс маңдайы, орақ мұрын, әдемі қара мұртты, жүзі ызғарлы кісі. Денесі бұлшық етті шымыр, жуан кеуделі, қақпақ жауырынды, қолдары әлуетті екен [1; 116].

Қысқасы, бұл тарауда кейіпкерлер характері бірден толығына қоймайды. Өткен уақыт бірлігі мен оқиғалар тізбегі кейіпкер санасында қайта дөңгеленіп, қарама-қайшылықты тартыс айқындала түседі. Жаңаша бастау алып, оқиға шиеленісі екінші тарауға ойысады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбуталиев Н. Наркескен. – Алматы: Өлке 2003. 478 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. -Алматы: Қазақ университеті, 1992. -348 б.
3. Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық. -Алматы: Жазушы, 1990. -180 б.

ӘОЖ 37.017.92

ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИ-РУХАНИ ҚЫЗМЕТШІСІ

Исмурзина Г.Б.

*«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы
Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының
аға оқытушысы, магистрант*

Илья Жақанов есімі барша қазақ баласына таныс. Құдіретті ән әуенін сезінген, асыл сөз мәйегін бойға сіңірген, өнердің өресіне бойлай білген әрбір жан қазақ елінің сүйікті перзенті Илья әндерімен қатар прозалық шығармаларын оқып, сусындап өсіп келеді. Қаламгер қазақ музыка өнерінің майталмандары жайлы эсселер мен новеллаларын, «Ықылас» атты романын көпшілікке ұсынып, зор құрметке, халық махаббатына бөленіп жүрген жан. Заңғар жазушы Мұқтар Әуезовтің «Суреткердің жан дүниесі неғұрлым сұлу болса, оның шығармалары да сондай көрікті болады» деген сөзі бар-тын. Илья аға сондай сирек бітімді суреткер, бекзат болмысты тұлға.

ҚазМУ-нің филология факультетін 1959 жылы бітірісімен 1959-1963 жылдары «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде, 1963-1984 жылдары Қазақ ҚСР телевизия және радиохабарларын тарату жөніндегі мемлекеттік комитеттің редакторы, аға редакторы, Қазақ радиосы музыка редакциясының бас редакторы қызметін атқарғандығы жазушы қаламы төселіп, шеберлене түсуіне үлкен себепкер болғандығы даусыз. Әдеби көркем шығармаларында жазушы музыканың адам өмірімен байланысы, адам болмысында музыканың алатын орны, оның адамды тәрбиелейтін, адамды адам ететін қасиеті, адамның сазсыз өмір сүру мәнінің жоқтығы шынайы суреттеледі де, өнер қайраткерлерінің естен кетпес бейнелері жасалады. Мысалы, бір ғана қазақ халқының құдіретті қобызшысы Ықылас туралы романы өткен замандардағы қобыз өнерінің асқан шеберінің ғұмыр-тағдырын оның өнерімен байланыстыра суреттейді. Жазушы қобызшының, қобыздың, Ықылас тудырған күйдің адам жан – дүниесін дыбыспен аялайтын, әспеттейтін қасиетін шебер бейнелеген. Сәкен Сейфулин Ықыласты өз көзімен көріп, бірге жүргендіктен оның қасиеттеріне тәнті болып, аузының суы құрығанша: «Ықылас қобыз тартқанда сауулы інген иіп тұрады» деп, немесе, тыста қара түнде шулаған, сарнаған қамыстың үнімен бірге Ықыластың қобызы да сарнап жылайды» деп еске алыпты.

Ықылас туралы ел аузында мынадай да аңыз бар: «Әкесі Дүкен қобызшы Ықыласты он- он екі жасында Қоянды жәрмеңкесіне ертіп апарады. Жәрмеңке алаңында. Дүкен атышулы Жанақ, Шөже, Тәттімбет, Тоқа, Біржан салдардың алдында қобыз тартады, өзі шаршағанда Ықыласқа тартқызады. Баланың қобызына ден қойған, әбден қартайған Жанақ: «Әй, Шөже, мына бір баланың қолындағы қобыз үні қайда кетіп барады?» деп сұрайды. Сонда Шөже: «Ой, тәңірім-ай, мен жазғанда көз бар ғой дейсің бе? Оның үні көз жетпейтін жерге кетіп барады емес пе?» деп жауап беріпті. Сөйткен Ықылас туралы романды өнер адамы, оның ішінде қобызшы-күйші туралы музыканың жан-дүниесін жүрегімен сезінетін адам, өзі музыканың туындыгері жазған саз өнері туралы тұңғыш роман деу керек.

Ильяның 2006 жылы жарық көрген «Бұлбұл әуезі» атты жинағындағы «Қазақ вальсі», «Бұлбұл», «Өр Алтай, асқан Алтай, асқар Алтай», «Айгөлек», «Түнек сәулесі», «Жас қазақ», «Жүрек сыры», «Қаракөз», «Қайықта» атты шығармаларын жазушы «көркем эсселер» деп атаған екен, оған қоса біз бұларға өнер тақырыбындағы көркем повестер мен әңгімелер деп айдар тағар едік. Мұндай шығармаларды кез келген музыка өнерінен алыс жазушы жаза алмайды. Бұл шығармаларды тек қана

өз жүрегінен нәзік үн қосқан жазушы ғана жаза алады. Сондықтан да Илья бейнелеген Ахмет Жұбанов, Латиф Хамиди, Күләш Байсейітова, Евгений Брусиловский, Жамал Омарова, Бақытжан Байқадамов, Садық Кәрімбаев, Рамазан Елебаев, Жүсіпбек Елібеков, Шәмші Қалдаяқов, Әбілахат Еспаев, Махсұтбек Майшекен сияқты әншілер мен композиторлардың сомдалған бейнелерін жасаумен бірге, тарихта болған өнер адамдарының өшпес шығармашылық шалқар шабытты шақтарын, олардың тылсым өнерпаздық құпияларын шеберлікпен көрсеткен.

Міне, Ильяның осылайша жазушы екенін білсек, тек соңғы жылдары ғана дүниеге келген «Аққу әні», «Еділ-Жайық», «Сырлы жүрек пернесі» атты кітаптары арқылы оның музыка зерттеушісі екендігіне көзімізді жеткіземіз. Ол Алматы, Астана, Атырау теледидарынан төгіліп сөйлеп отырғанында арғы-бергі замандардағы композиторлардың, әсіресе, әнші сал-серілердің әрбіреуінің сазгерлік табиғатын тарата, ашып айтқанда, көрермендердің өздерін ұмытып тыңдайтындарын қайтерсіз. Не деген суреткерлік, не деген тереңдік десеңізші. Мұның бәрін ол қайдан білді? Ильядан бұрын да атақты халық әншілері туралы зерттеу еңбек жазылыпты. Ол—біреу ғана. Ол – Ахмет Жұбановтың «Замана бұлбұлдары». Бірақ Ильяның зерттеулері ондағы зерттеулерге ұқсамайды. Себебі, ол өзінің пікірлері мен тұжырымдарын, деректерін Ахметтен алған жоқ, әлгі белгісіз жайларды халық аузынан жазып алды. Ел аралады. Зәредей де болса деректің түбін қазды, соның шындығына жетуге тырысты, әндердің табиғатын ашты, қалай пайда болған тарихын зерттеді, іздеді, табаны тозды, жүрді, тау, дала, орман, тоғай, құмды жолдарды кезді. Әнші- сазгерлердің өмірлеріне, ән тағдырына, әндердің туу тарихына байланысты бұлдыр жайларды нақтылады, шындықты ашты, қолға ұстатқандай айқындады. Сөйтіп, халық алдына көп құпияларды жайып салды. Илья Жақанов жиһанкез композитор-жазушы. Бармаған жері, баспаған тауы жоқ: республикамыздың төрт құбыласын түгел аралап, іргедегі Ресей, Қытай, Моңғолия, Иран, Ауғанстан, Түркия қазақтары атырабында болмаған жері шамалы. Илья Жақанов ел аралағанда – іздегені өлең-жырлар; осы ұзақ жылдар бойы зерттеулерінің нәтижесінде қазақ әндерінің арғы-бергі тарихын қозғайтын еңбектер және әлем қазақтарынан ғасырлар бойы ән жыр, қиссалар жинақтап, тиянақтап жұмыс жүргізіп келеді. Сондай-ақ Ильяның қырғыз, қазақ тілінде шыққан «Қайта оралған ән», «Хош бол, вальс», «Тау мен дала әндері» повестері де бар.

Ильяның әрі эссе, әрі зерттеу, әрі теориялық талдаулар беретін очерктері көп екенін айтар болсақ, олар мыналар: «Үшқара», «Топайкөк», «Иман Жүсіп әндерінің тағдыры», «Ақшашақ», «Есіл өзен», «Жиырма бес», «Жүрек пернесінде», «Дударай», «Тәңірберген Молдабай», «Мен өзім Аманғали атанамын», «Таңжарбайдың әні», «Махамбеттің отты әуені», «Қызыл әнші», «Мәриям туралы ән», «Қойыстың әні», «Балқадидиша», «Жалмұқан-Ақтоқты» және тағы басқалар. Осы шығармаларын оқығанымызда алуан әсерге кенелеміз. Біріншіден, қызығамыз, екіншіден, жаңа деректерге тәнті боламыз, үшіншіден, сезімнің мол құшағында қалып, тебіренеміз, осынша тірнектеп жинап жазған авторды жанымызбен аялаймыз. Бұлардың бәрі қазақ өнеріндегі құбылыстарды өнерсүйер халық жүрегінің түкпіріне жеткізуге қызметтену үшін, шабыттың қайнар бұлағында отырып жазған дүниелер деп білеміз. Қазақ өнерінің тарихына, қазақ музыкасының тарихына қосылған үлес деп бағалаймыз. Ән шежіресіндегі кейбір халық санасында ұялаған ағат орныққан деректерден тазартып, дүние бағытқа сілтейтін соншама таңқаларлық мәнді және ғұламалық дәріс екендігіне шәк келтірмейміз. Осы айтылғандарды біраз мысалдармен дәлелдеп өтейік. Әр өнерсүйер қауым күні бүгінге дейін «Дударай» әнінің авторы Мария Жагорқызы Рекина деп келді. Мұның өзі халық арасында лақаппен тараған қате дерек екенін Илья тайға таңба басқандай етіп, елді ұйқыдан оятқандай селт еткізді. Бұл әнді Мария шығарды дегенге Марияның өзі таң-тамаша қалған көрінеді. Тіпті, оған Қазақ ҚСР-нің еңбегі сіңген әртісі деп атақ бергеніне де таңданған. Ал, шынында, бұл әннің сөзін де, музыкасын да шығарған өнерімен бір аймаққа ғана белгілі болған, бірақ, барша халыққа аты таралмаған Үлебай деген адам екенін зерттеуші дәлелдеп берді.

Ал, бұл оқиғаларды бұрын халық білген жоқ. Олар тарихтың қойнауында, заман шаңының астында қалған шындықтар еді. Илья бұл шындықтарды қатпарлы жылдар тереңінен қазып алып, халық санасына дұрыс бағыт сілтеді. Бұл зерттеуші тарапынан жасалған батыл әрекет еді.

«Зәуреш» әнінің тарихына байланысты тағы бір шындық бар. «Зәуреш» деген Мұхиттың әні екенін, Зәуреш деген қыздың ерте өлгенін жоқтаған әкенің зары екенін халық білді. Бірақ ол кімнің қызы екенін, қалай өлгенін, қайда жерленгенін, күйеуінің кім екенін білмеді. Ильяның анықтауынша, Зәуреш Медет деген атақты ел биінің қызы екен. Оның үш әйелінен отыз ұлы болыпты, жалғыз қызы осы Зәуреш екен. Ұлдары елді жайлаған дерттен қаза тапқан. Ұзатқан қызы да дүние салған. Бұл оқиғалар әкені айықпас қайғыға душар етеді. «Зәуреш» Медеттің ұзақ зары қылып, қайғылы сазбен Мұхит шығарған ән. Ырғыз жерінде жатқан қызының бейітіне келіп айтқаны бұл зарлы ән бүкіл елге қайғының гимнідей боп тарады. Илья, тіпті, Зәуренің күйеуінің кім екенін де зерттеп білді. Оның XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың ардақты перзенттерінің бірі екенін, Алтынсаринмен замандас, ұлы педагог идеясында қызмет еткен азамат екенін анықтады.

Бұл қызықты деректер халықты таңғалдырды. Ильяның өнерді зерттеудегі жұмыстары бұл айтылғандарымен шектелмейді. Батысқа көшіп келіп, халықпен терең сырласу мектебін ашқан ол ерте

кездегі уақыт уысында қалып, белгісіздікке ұштасқан талай халық композиторларын тұңғыықтан алып шығып, жаңа заманның кәусар ауасына қандырып, елдің аялап тұтар дүниесіне айналдырды. Аманғали, Қызыл әнші, Қойыс, Қисса, Ажар, Досат сияқты әнші композиторлардың «Аманғали әні», «Қара ат», «Босмойын», «Әмірхан», «Гүлжансары», «Сағындым, Жайық», «Ауылым Қызылқоға кемерінде», «Шандоз», «Қамшыгердің әні», «Жаңғақ» әндеріне өмір Илья қолымен сыйланып, Атыраудың біртуар әнші-өнерпазы Қуанғали Жұмалиевті жарыққа шығаруы, елге жариялауы – ізденімпаздық, талмай зерттеушілік нәтижесі.

Жазушылық пен журналистік. Екеуін бірдей деуге де болмайды. Алайда, журналистік әуелі басталып, жазушылыққа ұласып кетушілік күнделікті өмірдегі табиғи құбылыс екен. Талайлар көсемсөзден бастап, оқырманды үйірген қаламын сөз зергерлігіне ұластырғаны белгілі. Ильяның табиғаты дәл осыған келеді. Алайда, бір айтатын жай, екі стихияның мұхитында еркін қалықтай алатын қаламгер бұл шеберліктерін эфирде тоқайластырды. Ол шебердің шырқау биікке шыққандығы екендігіне ешкім таласпас. Бұған дәлел мол. Илья жасаған фильмдер мен радиоспектакльдер осының көрінісі. Қазір қазақ теледидарының гауһар қорына айналған «Біржан сал», «Ақан сері», «Үкілі Ыбырай», «Естай әнші», «Жаяу Муса», «Мәди», «Майра», «Балуан Шолақ»... және қазақ композиторлары Мұқан Төлебаев, Ләтип Хамиди, Сыдық Мұхамеджанов, Қапан Мусин, Бақытжан Байқадамов және басқа көптеген сал-серілер мен музыка шеберлерінің шығармашылық бейнелері; сонымен бірге «Шоқан және музыка», «Жамбыл және музыка», «Сәкен және музыка» атты телесериалдар және «Доссор вальсі» мен «Доссорда шай құяды Гүлжансары» фильмдері, Штраус вальсі мен Бетховен шығармашылығына арналған «Вальспен қоштасу», «Айлы соната» атты музыкалық телеспектакльдер өнер саласындағы үлкен тарихи құндылықтарға айналды.

Қазақ радиосындағы Біржан сал, Гете, Лермонтов, Бетховен, Шуберт, Абай жайында қойылған, «Бурабайдың баурайында», «Қараңғы түнде тау қалғып», халық әншісі Тоқбай және Шәкен Айманов жайлы «Екі жирен», Ақан Серіге арналған «Балқадидиша» атты радиоспектакльдер эфирден түспейтін інжу-маржандар қатарына қосылып, олардың авторы Ильяның мерейін үстем етумен бірге, халықты сүйіспеншілікке бөлейді. Ал, «Ықылас», «Ақан Сері әндері», «Аманғали», «Құрманғазы» атты деректі фильмдердің өзі бір төбе. Бұл айтылғандардың бәрі – Ильяға радиожурналист, тележурналист, режиссер деген шеберлік қырларын да телуге болады деген сөз.

Кезінде Илья аға мен қосағы Тиышкүлді осы ән құдіреті табыстырған-ды. Ал бұл күнде ағаның басты қамқоршысы, күтушісі, редакторы, тіпті хатшысы да – жары Тиышкүл Алтайқызы. Тиышкүл апа қазірге дейін сазға бөлене мызғып, сазға тербеліп оянады. Жаңа туған шығарманың тұңғыш тыңдарманы да, алғаш тұсауын үйде кесуші де көрінеді.

«Қызыл орамалды шырайлым менің» повесі өте көркем жазылған, қайта-қайта оқи бергің келеді. Мұндағы Илияс – албырт, аңқау, мінезі дыз етпе, өзінің бүкіл бақытын шайқап алатын, байқамай бәрін бүлдіріп алатын, тағдырлы жан. Әселінен көз жазып қалады. Бүкіл арманы, аңсауы, құсасы Әсел болып қалады. 1965 жылы күзде «Әселім» әнін Ыстықкөлде жатып шығарды. Оған себеп, дәл сол кезде «Қайта оралған» деген повесін жазып, ең соңғы эпилогында Ыстықкөлді суреттеген еді. Оның тас-талқан болып бүлініп, тулап жатқан сәтін суреттеген. Ол – қырғыздың екі көзі жоқ, соқыр музыкантының тағдыры болатын. Міне, сол кітаптың соңғы эпилогы оны қазан айында Ыстықкөлге тағы апарды. Сол сапардан қайтарда көлге қарайды, тау-тау толқындар жөңкіліп келеді. Сол кезде «Қызыл орамалды шырайлым менің» повесіндегі Ыстықкөлмен қоштасатын Илияс елестеген көз алдына. «Қош бол, Ыстықкөл, қош бол, Әсел, қош енді айтылмаған әнім менің» дейді кітаптың соңында. «Әселім» тура осындай сәтте, кітаптың соңғы нүктесін қоярда туған. «Сол сапардан кейін Алматыда тамылжыған жақсы, жылы күн болды. Екінші ұлым Данияр бесікте. Бір демалыс күні күн шуақта баламды арбасымен қыдыртып жүргенмін. Бір кезде балам қыңқылдады. Үйге кіргіздім, көзі қарақаттай, қоянның көжегіндей сүйкімді балам қолынан ұстасам, секіріп кетеді, төсекке секіріп мініп, ішегі қата күледі. Баланың қылығына қызығып отырып, еліге түскенім сондай, алдыма ұстап отырғанымда «Асылым» деген ән келді» дейді автор.

Илья Жақанов туралы қанша айтса да тауысу қиын. Оның сегіз қырлы феномендігі туралы сөз жыраулардың талай толғауларындай, күйшілердің домбыра күмбіріндей төгіле береді. Бүгінгі күні кең-байтақ республикамыздың о шеті мен бұ шетін бүкіл алты Алашты Илья әндері құшағына алып, бауырына қыса, ғажайып сазымен баурауда. Композитордың өзі елдің қай бұрышына, қай түкпіріне барса да, қай республикаға қадам басса да, оны бауырындай қабылдайды.

Илья Жақанов - батыс өңірінің ғана емес, бүтін қазақ елінің өнерінің, соның ішінде ән өнерінің тарихын зерттеп, зерделеп, кейінгі ұрпаққа мұра қылып қалдыруды мақсат етіп, ән өнерінің дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген тұлғаларымыздың бірі.

Бүгінгі таңда білімді де, білікті, рухани дүниесі бай толық адам қалыптастыруда эстетикалық тәрбиенің орны бөлек. Адам жанын байытып, сұлулық сыйлайтын ән тағдыры, әннің тарихы туралы жазылған бұрын соңды Ахмет Жұбановтан кейін болмаған. Мұндай шығармалар қазақ рухы мен жан дүниесін алапат сезімге бөлеп, құнды дүние, мәңгілік мұра, рухани ырысымыз болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Илья Жақанов «Ықылас» романы, Алматы «Өнер» 1990
2. Илья Жақанов «Еділ-Жайық», Алматы «Өнер» 2002 ж.
3. Илья Жақанов «Бұлбұл әуезі», Алматы «Дөйт-Принтхаус» 2006 ж.
4. Илья Жақанов «Еділ-Жайық» (эсселер, новеллалар), Орал «Дастан» 2008 ж.
5. Илья Жақанов «Зәуреш», Астана «Фолиант» 2012 ж.
6. Қ.Жүсіп «Ән тербеген әзіз жүрек», «Атырау» газеті, 17.01.2012 ж.

ӘОЖ 378.242

ХАЛЫҚ МҰҒАЛІМІ ҚҰСИЫН АЙТҚАЛИЕВТІҢ ЖЕМІСТІ ЕҢБЕКТЕРІ

Ботагариева Г.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің

Қоғамның үдемелі дамуы білім беру жүйесі мен қоғам алдында толағайлы міндеттер қойып отыр. «Қазақстан Республикасының тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасында» тарихи компонентті күшейту міндеті айқын көрсетілген. Себебі тарих қана тарихи сананы қалыптастырады. Қазақстан педагогикасының тарихи дамуы жолдарын анықтау үшін өткен жолдардағы көрнекті қайраткерлердің педагогикалық мұраларын басшылыққа алып зерттеу қажеттігі тарихи сананы қалыптастыру міндетін шешуге көмектесетіні анық. Тарихи- педагогикалық мұраны жетік білмей тұрып, білім беру мен мәдениет саласындағы өзекті мәселелерден шешім табуда қиын. «Ұлттық мұра» Мемлекеттік бағдарламасының (2004ж) аясындағы жаңа тұжырымдамалық тұрғыда ұлттық мәдениеттің дамуына үлкен үлес қосып еліміздің тарихында өшпес із қалдырған тарихи-тұлғалардың еңбектерін оқу-тәрбие үдерісінде енгізу жүзеге асырылуда. Тарихи педагогикалық тұрғыдан алғанда қазақ педагогика ғылымының қалыптасуы мен, еліміздің мақтанышы және ұлтымыздың ең таңдаулы болып табылатын көрнекті қазақ ғалым – педагогтарының ғылыми-теориялық және практикалық қызметінің белсенділігімен сипатталады.

Олардың ішінде халық ағарту ісі мен білім беру жүйесінде елеулі еңбегімен танылған, көрнекті педагог Қ. Айтқалиевтің орны ерекше.

Ол өмірінің балалық шағындағы жанұялық-әлеуметтік қиыншылықтарына қарамастан шыңдалып өсіп, өзінің өмірлік позициясын білім алу мен ғылым жолына арнап, игерген білім дағдыларын жас ұрпаққа сіңіруге бағытталып, Қазақстанға танымал педагог маманға айналды. Ол дүниеге келген 1930 жылдар Қазақ халқының тарихында ашаршылық пен нәубетшілдік жайлаған кезең болатын. Бұл уақыттардағы ел тағдыры ауыр сынға ұшырап, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың қиындаған, ауыл шаруашылығының тұралаған, саяси сфераның аумалы-төкпелі дәуірі еді.

Осындай қилы заманда туған Қ. Айтқалиевтің балалық шағы да оңай болған жоқ. Бала Құсиын алты жасында әкеден және қамқор болар ағаларынан айрылып, анасы екеуі ғана қалған болатын. Жас шағынан бастап колхоз жұмысына араласқан ол өзінің күш-қуатын сарп ете отырып, балалық кезең өмірін қиын белестермен өткізді. Оның сурет салуға құштарлығы, сөз өнері мен ана тіліне ынтызарлығы осы кезеңнен басталды. Ол ауылдағы жеті жылдық мектепті, одан соң Гурьев қаласындағы Жамбыл атындағы орта мектепті 1948 жылы бітіріп, еңбек жолын Бақсай ауданындағы “Красный Каспий” колхозында кіші есепші болып бастаған. Сонымен қатар комсомол ұйымының хатшысы қызметін де атқарған.

Өзінің болашағын білім алу жолына арнап, облыс орталығы Гурьев қаласындағы мұғалімдер институтын 1954 жылы бітіріп, 1963 жылы Гурьев педагогикалық институтын аяқтады. Студенттік шағында да өзінің дарындылығымен, білімділігімен, таланттылығымен, жігерлілігімен көзге түсіп, ұстаздарын тәнті қылды. Сонымен қатар оқу орнының қоғамдық қызметтеріне де белсене араласып, өз заманының білікті маманы болатындығын байқатты. Гурьев педагогикалық институтын үздік дипломмен бітірген Қ. Айтқалиев терең білімімен, тума талантымен өзінің өмір жолын 1954 жылы Құлтай сегізжылдық мектебінде сабақ берумен жалғастырды.

Оның ұстаздық өмірін бастаған 1950 жылдарда елімізде де көптеген оқу-ағарту ісінде реформалар мен жаңарулар жүзеге асып жатты.

Мемлекетіміздегі осындай оқу-ағарту ісі саласындағы оңды өзгерістерді терең түсінген Қ. Айтқалиев өз мүмкіндіктерінің дәрежесінде бірқатар игі істер атқарып, заманының тәлімгер ұстазына айналған еді. Яғни, 1956-1958 жылдары Бақсай ауданының Талқайраң жетіжылдық мектебінде

директор қызметін атқарып, білім мекемесін басқарудың озық тәжірибелерін жинақтады. Сол жылдары Қазақстандағы ағарту ісі саласына ерекше үлес қосып, білім беру саласында танымал, тәжірибелі ұстаздардың біріне айналды, өзінің практикасындағы мектеп өмірінде оқу ісінің меңгерушілігін атқарған кезінде мұғалімдер арасындағы қарым-қатынастарды, ұйымдастырушылық қызметті, шығармашылық жұмысты дамытып, педагог мамандардың сапалы білім мен саналы тәрбие беруінде игілікті істер атқарды. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға көңіл бөліп, оқу-әдістемелік үрдістерді жетілдіру, дидактикалық құралдардың қорын байыту т.б. нәтижелі жұмыстармен көріне білді.

Сол жылдары Қ. Айтқалиев аудан мен ауыл өміріне, ұрпақ тәрбиесіне баса назар аударып, білім беруде өздігінше жаңа бастамалар ұсынды: ата-ана мен мектеп арасындағы қатынасты нығайтты, ауыл жағдайындағы рухани мәдениеттің дамуына зор үлес қосты, ел болашағының негізі білімділік пен зиялылық екенін жете түсінді. Осындай халық үшін жасаған нәтижелі қызметі мемлекет тарапынан ескерусіз қалмай марапатталып отырылды. 1966 жылы “Ерлік еңбегі үшін” мерекелік медалі табыс етілді.

Еліміздегі игі істерді жүзеге асыруға белсене кіріскен, педагогтік салада белсенді қызмет еткен, ел өміріндегі рухани-әлеуметтік даму саласындағы өзгерістерді қолдап отырған Қ. Айтқалиев жемісті еңбектері арқылы Республикалық деңгейде танымал бола бастады, оны өз мамандығының шынайы шебері ретінде оқу-ағарту саласындағы ағартушылық ортасы да мойындады.

Осындай заманындағы оңды өгерістерді, ілгерішіл көзқарастарды қабылдап, облыс пен республикадағы оқу-ағарту ісіне зор еңбек сіңірген Қ. Айтқалиев 1967 жылы “Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі” атаған алды. Бұл атақ 1967 жылы 25 мамырдағы бұйрықпен Атырау облысы бойынша 2 адамға беріліп, соның бірі Қ. Айтқалиев болатын болса, 1967 жылы 15 тамыздағы Жарлықпен облысымыздағы 8 мұғалімге беріліп жалғасын тапты.

Мектептегі оқушылардың сыныптан тыс, мектептен тыс уақыттарын тиімді өткізу бағытында әр түрлі тәрбиелік шараларды да ұдайы ұйымдастыруды қолға алды. Осындай шараларды ауыл еңбеккерлерінің еңбектен тыс демалыс уақытын ұтымды өткізу үшін болатын мәдени-көпшілік жұмыстармен сәйкестендірді. Ол кезеңдегі ауылдық елді мекендердегі халықтардың рухани қажеттіліктерінің толық қанағаттандырылмауы, мәдени орындардың жетіспеуі, ана тіліміздегі радио-телебағдарламалардың аздығы, яғни төл мәдениетімізді өз деңгейінде ұдайы жаңғырту қажеттілігі туындағаннан кейін, 1960 жылдардан іргесі қаланған Қ. Айтқалиевтің ұйымдастыруымен жұмыс жасайтын халық театры да өз қызметін тиімді атқарып жүрді. Ол кездегі шалғай елді мекендердегі мәдени орындардың аздығы театрлар мен клубтардың көшпелі қызмет етуіне де алып келді. Бұл ойымызды мына деректер дәлелдейді: “1969 жылы аудан орталықтарынан малшылар мен пішеншілерге облыс бойынша 57 автопоезд ұйымдастырылды. 1970 жылы облыста халық мәдениет үйлері, 69 селолық клубтар, 86 автоклуб, 7 “қызыл үй” жұмыс жасады». Осындай рухани-әлеуметтік қажеттіліктерден туған театрда халқымыздың ХХ ғасырдың басындағы прозалық шығармалары, қазақ классиктерінің туындылары сахналық қойылымдарға айналды. Олар халық арасында үнемі ағартушылық маңызға ие болды, негізгі мақсаты – театр өнерінің этикалық-эстетикалық мазмұнын тыңдаушыларға жеткізу. Қ. Айтқалиев ұйымдастырған Алға селосындағы халық театры еңбекші бұхараның мәдени-рухани қажеттіліктерін қанағаттандыратын қоғамдық орынға айналды.

Осындай әлеуметтік саланы қамтитын, мектеп өміріне оңды өзгерістер алып келген ұстазымыздың игі істері ескеріліп, еңбегіне сай республикалық деңгейде марапаттауларға ие болды. Атап айтқанда, оған 1970 жылы “В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы” медалі, 1971 жылы “Еңбек Қызыл Ту” ордені берілді.

Құсиын Махамбет ауданында Алға орта мектебінде директор болған кезінде ұжым басқаруда соны істер, ұтымды әрекеттер мен адамгершілік үлгі өнеге де көрсете білген. Соның бірі - мектепте оқытылатын барлық пәндердің теориялық негізінен директордың толық хабардар болуы, бағдарлама талаптарын жетік білуі. Бұл өлшемдерді міндетім деп түсініп, ол нәтижесіне қол жеткізер жолды да айнытпай табады. Шәкірт бойындағы тума талантын, икемділігін, тегеурінді талабын, асқақ арманын алдын-ала танып, оқушыларды соған ғана сәйкестендіріп бағдарлау керек екендігін жақсы түйсінген ол әріптестеріне де талапты осы тұрғыдан қояды.

Айтқалиевтің аудан мұғалімдері мен мектеп басшылары алдында сабақ берудің озық үлгілерін көрсетуі, одан басқалардың да үлгі алуы сияқты ортақ игілікке айналатын жұмыстары да жетерлік. Ол облыста бірінші болып сабақ процесін оптималдандыруды өзі басқаратын мектепке енгізіп, заман талабына сәйкес үнемі жаңашылдыққа ұмтылып отырды. Жылдар бойы жинақтаған тәжірибелерін арнаулы тақырыптарда баяндап, мақалалары облыс пен республика бойынша жүлделі орындарға да ие болып отырды. Мысалы, Алматы қаласындағы “5-7 сынып оқушыларына әдебиет теориясынан берілетін білім көлемі”, Павлодарда “Орта мектеп оқушыларына әдебиет теориясынан берілетін білім көлемі” атты баяндамалары бірінші жүлдені иемденді. Ал “Село мектебіндегі еңбек тәжірибесінің жүйесі” деген баяндамасы одақтық педагогикалық оқуға жолданды.

Жаңашыл ұстаз Одақтық, республикалық көлемде өткізілген жиындарда, ғылыми-әдістемелік конференцияларда, педагогикалық оқуларда оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға байланысты іс-тәжірибелерін ортаға салып, көпшілік алдында қолдау тауып келеді. Мысалы Москва қаласында ВДНХ көрмесінде “Шылауды ірі блокпен өткізу тәжірибесін” көрсетіп күміс жүлдемен оралды.

Республика, Одақ көлемінде жаңа қолға алынып жатырған мектеп кеңесін, селолық көлемдегі тәрбие алқасын құру сияқты бастама істер Қ.Айтқалиевтің басшылығымен Алға орта мектебінде бұрыннан-ақ іске аса бастады. Мысалы “Қоғамдық сынып жетекшілері”, “Қоғамдық тәрбиешілер”, “Педагогикалық жасақтар”, “Мектеп ішіндегі мектеп”, “Достық клубы”, “Клуб ішіндегі клуб” тәрізді мектептің тәрбие жұмысындағы қоғамдық істер атқаратын ұйымдарды да құрып, олар заманына сәйкес оқу-ағарту саласында белсенді қызмет етті.

Жалпы айтқанда, мектептен тыс тәрбие жұмыстарымен қатар оқушының үйлесімді, жетілген тұлға ретінде дамуына мектептен тыс мекемелердің де тәрбиелік маңызы зор. «Мектептен тыс ұйымдар жеке тұлғаның дамуына, кәсіптік бағдарын айқындауына, балалардың шығармашылық еңбегі мен олардың қабілеттерін жүзеге асыруға, қоғамда өмір сүруге бейімделуіне; азаматтық сана-сезімдерінің, жалпы мәдениетінің қалыптасуына, салауатты өмір салтына, бос уақытының мазмұнды ұйымдастырылуына жағдай жасайды». 1970-1980 жылдардағы Қазақстандағы білім беру саласының дамуында айтарлықтай жетістіктер мен жаңашыл үрдістер жүзеге асты.

Ғылым жетістіктерін мектептегі пәннің ғылыми негіздерімен байланыстыру, мектептердегі жаңа мазмұндағы оқыту жүйесін жетілдіру, теориялық-практикалық тұрғыда қолдану аса маңызды болды.

Балалардың жеке қабілеттерін, жас ерекшеліктерін, индуктивті-дедуктивті ойлау мүмкіндіктерін, физиологиялық-психологиялық ерекшеліктерін ескеріп оқу жоспарларын құру қажет болды. Оқу құралдарына маңыз беріліп, олардың күрделілік деңгейі терең сараптаудан өткізіліп барып оқушыларға ұсынылу көзделді.

Осы Республика көлеміндегі көтерілген ғылыми-педагогикалық мәселелерді Қ. Айтқалиев та қолдай отырып, жүзеге асуына белсене араласты.

Бұл кезеңде мектептердің материалдық-техникалық базасы жақсарып, арнайы кабинеттер, техникалық құралдармен, зертханалармен қамтамасыз етілді. Аудио-визуальдық техникалық телевизиялық хабарлар қолданыла бастады.

Тәжірибелі ұстаз осындай материалдық-техникалық жабдықталуды да тиімді пайдалана отырып, оқу-тәрбие процесінде озық жетістіктерге жетті, оқушылардың жан-жақты дамуы үшін көмекші құрал ретінде оңтайлы қолдана білді.

1980 жылдар оқу-ағарту ісінің жүйеленіп, дамыған, жетілген, шыңдалаған, теориялық-тәжірибелік деңгейге көтерілген кезеңі болатын. Білім беру орындарының саны мен сапасының өсуі, халықтың білім алуға деген құштарлығының артуы, соған сәйкес ұстаздардың да оқу-тәрбие процесін жетілдіруде жаңашылдыққа ұмтылуы, мектеп түлектерінің жоғары білім алуға ұмтылысының күшеюі және ондағы студенттер санының артуы т.б. қоғам дамуының объективті заңдылығы ретінде іске асты. Бұл істерді жүзеге асыруда Қ. Айтқалиев сынды ағарту саласының майдангерлерінің де үлесі бар екендігіне күмән жоқ. Ол Қазақ ССР-нің білім беру мен ағарту саласының озық қызметкері деңгейінен КСРО аумағына да танымал үздік педагог тұлға ретінде әйгіленді.

Сондықтан ұстаздар ортасында қол жете бермейтін биік құрметті атақ “КСРО Халық мұғалімі” 1980 жылы 12 мамырдағы Жоғары Кеңес Президиумының Жарлығы бойынша Қазақстан Республикасында бірінші болып Қ.Айтқалиевқа берілді.

Кеңес Үкіметі тұсындағы білім беруде оқушылардың ақыл-ой қабілетінің жетілуіне байланысты, сабақтың мазмұнын тереңдетіп өткізу әдіс-тәсілдері, формалары жаңаша ойластырылуы керек болды. Осындай әрбір сабақты мұқият ойластыруды Қ.Айтқалиев үнемі ұстанатын қағидасына айналдырғандығын да байқау қиын емес: “Тамаша өткен бір сабақ баланың мәңгілік есінде қалады. Сондықтан сабаққа, сөйлеген әр сөзіңе үлкен жауапкершілікпен қарау керек”, -деген қанатты сөздері де осыны айғақтайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қ. Сейталиев, Қ.Ботағариева. Қ.Айтқалиев атындағы атаулы мектеп: тәжірибе, ізденіс, шығармашылық / Изденіс-Поиск, № 4 (2), 2006 (б. 174-178)
2. М.Аташев. Айтқалиевтің атаулы мектебі. “Жайық шұғыласы”. 23 маусым 1990
3. Айтқалиев Қ.А Жадында болсын жас ұстаз. Атырау: Атырау мемлекеттік университет, 2007.
4. Айтқалиев Қ. Реформа және ауыл мектебі. // Қазақстан мектебі, № 9, 1988. -24б.
5. Қ.Айтқалиев. Менің мектебім – менің өмірім. // “Жезқазған туы” 7 март. 1990. №46 3б
6. Атырау облысы Махамбет ауданының мемлекеттік тарихи - өлкетану мұрағаты қор 19/ // 52, тізбе 1, / құжат 6, бума-3.-139 бет, 6, 68
7. Қ.Айтқалиев. Жадында болсын жас ұрпақ. Атырау: “Атырау-Ақпарат”-2003; 6-3;

СОПЫЛЫҚ ӘДЕБИЕТТЕГІ ҚОЖАНАСЫР БЕЙНЕСІ

Камишева Г.А.

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
kamisheva_gulnur@mail.ru*

Сопылық ерте заманда қалыптасқан, нақтылы уақыты белгісіз рухани бірлестік. Бұл бірлестіктің өкілдері осы ұғымның пайда болу уақытына аса мән бермейді де. Олар тек ақыл-ой бірлігіндегі адамдардың дүниенің бар бұрышында ықылым заманнан бері бар екендігіне ғана назар аударады. Көпшілігі сопылықты мұсылман дінінің бір сектасы ретінде қабылдайды. Бұл дұрыс емес. Өйткені сопылық көзқарас кез - келген дінде кездеседі.

Сопылық көзқарастың алғашқы беделді авторларының бірі Әли әл- Хаджуридтің айтуы бойынша пайғамбарымыз Мұхаммед былай деген көрінеді: «Сопылардың тілегін естіп, оған «әмин» дегендерге Алла разы болмайды». Бұл сөздерден біз Мұхаммед пайғамбардың сопылықпен байланысы бар деп ой түюімізге болады. Бұған оның жүрегінде сенімі бар кез-келген дін өкілдерін құрметтеуге шақырған сөздері де дәлел бола алады.

Сопылықты секта деп атауға болмайды, өйткені ол ешқандай да діни догмалармен байланысты емес. Бірақ сопылықтың өзінің мектебі, өздерінің ұстаздары болған.

Сопылық жол діни идеалдың көрінісі. Мұның арғы шығу тегі «Суфия» партиясы мен Ас-Сари-Ас-Сакати тобындағылар өз жұмысын тастап, дін шындығы мен Аллаға деген тазалығын, махаббатын білдіру үшін ел-жұрт, үй-ішін тастап, азап-қиыншылығы мол кезбелікті таңдап алады. Сол арқылы құдаймен табысуды мақсат етеді. Сопылықтың ірі өкілдерінің бірі- Әл-Жиһаз (255-869 ж.ж.) : «Дін ақыны, ең алдымен, сопы болу керек дей келіп, Мен де өзгелер секілді не айқай салушы едім. Не қасида оқитын едім»,- деген екен [1,12]. Сопылықтың өзіне тән сипаттарын әртүлі әдеби шығармалар аша түседі. Бұл көзқарас туралы алғашқы әдеби туындылар б.з.д. II мың жылдықтан бастап пайда болған. Дегенмен де мұндай әдеби туындылардың көптеп пайда болуы біздің заманымыздың VIII-XVIII ғасырларына тура келеді.

Сопылық Ислам дінінің аясында ұзақ уақыт бойы өркендеп дамығандықтан, шығыстық сипат алып кеткен. Бірақ, батыста да өздерін сопылармыз деп атамаса да, сондай көзқарастағы адамдар баршылық.

Сопылар әлеуметтік гармониядағы діни әдет-ғұрыпты қатты сыйлап, діни аңыздар мен әңгімелерді өте жоғарғы саналық деңгейде талқылайды.

Сопылық - тек сопылық әдістер арқылы ғана танылады. Атақты Роджер Бэкон :« Кез-келген нәрсені танудың екі жолы бар. Бірі- нақты дәлел арқылы болса, екіншісі- тәжірибе арқылы. Нақты дәлелдер біздің ойымызды қорытып, онымен келісуге әкелгенімен, адамның ойындағы күмәнді толығымен жоймайды. Ал тәжірибе арқылы сол нәрсенің дұрыстығына көз жеткізсек, ақылымыз ақиқатты мойындайды»,- депті. Бұл сопылық теория батыста индуктивті дамудың ғылыми әдісі ретінде кеңінен танымал деген сөз.

Сопылық әдебиет танымның осы аталған екі жолына негізделген. Қоғамды қоректендіретін нәрсе ретіндегі сопылық сол ортада өзінен-өзі дамымайды. Ол міндетті түрде ұстаздар тарапынан таралып, дамиды, үйретіледі. Табиғи құбылыс түріндегі сопылық мектеп елдің дәстүрлерінде із қалдырып, немесе антропологиялық қызығушылықтар үшін емес, адамдардың санасына қозғау салып, жүректеріне сүйіспеншілік сезімін ұялату үшін пайда болып дамиды да, кейіннен өз миссиясы біткеннен кейін жоқ болып кетеді. Осы тенденцияны ұстанған танымал сопы- ұстаз Джамил: «Сақалға өсуге мүмкіндік берсе, ол шашпен таласады»,- деген тұжырым айтады [1,21].

«Мәдениеттің үш формасы бар: дүниеуи мәдениет, яғни қарапайым ғана ақпараттарды жинау, діни мәдениет- белгілі бір қалыптасқан заңдылықтар мен шарттарды орындау, таңдаулылар мәдениеті, яғни өзін-өзі дамыту»,- депті атақты сопы Худжуири [2,21].

Сол сияқты Эзоптың мысалдарында көртышқан туралы айтылған хикая бар. Онда кішкентай көртышқан анасына:- Мен көретін болдым , - деп жүгіріп келіпті. Бірақ көртышқандардың соқыр болатыны баршамызға мәлім ғой. Анасы оны тексермек болып, қолына бір зат ұстап, не екендігін сұрайды. Ол: - Бұл тас,- деп жауап береді. Сонда анасы: - Сен тек көру қабілетіңнен ғана емес, иіс сезуден де айырылған екенсің,- депті. Сопылар өздеріне ұстаз санайтын Эзоптың бұл мысалында айтылған ойды сопылық дәстүрден хабары барлар ерекше астарлы мағына бар екендігін біледі. Көртышқан сөзінің арабшасы

«ح ل د» (**хулд**) жазылуда араб тіліндегі «**мәңгілік**», «**ақыл-ой**», «**жан**» сөздерімен түбірлес. Аталған сөздер бір түбірден тарайды. Мағынасын тек контекске қарай ажыратып алуға болады. Жоғарыда айтылған мысалдан біз көбіне адамдардың бір нәрсені ұғу үшін оның сыртқы пішініне көп

көңіл бөліп, ақылға салмай, көргенімен қорытынды шығара салатынын ұғамыз. Ішкі мүмкіндігімізге онша көңіл бөле бермейміз. Көртышқанның ішкі мүмкіншілігі қандай ? Оны білу үшін осы сөздің арабшасының сыртқы пішіні, яғни түбірі не білдіретінін анықтап алайық:

«ح ل ج»- (**халад**)- өзгермейтін нәрсе;

«ح ل ج»- (**халлад**)- бір нәрсені мәңгілік ету;

«ح ل ج أ»- (**ахлад**)- бірдеңеге немесе біреуге жан-тәнімен берілу;

«ح ل ج»- (**хулуд**)- мәңгілік, жұмақ;

«ح ل ج»- (**хулд**)- көртышқан;

«ح ل ج»- (**халад**)- ой, ақыл, жан [3,221].

Сопылар бір түбірден тараған осы сөздер адамның дамуы үшін маңызды түсініктерді топтастырады деген ой айтады. Бұл сөздерді сопылықтың картасы десе де болады. Осы сәйкестікке сай «көртышқан» сөзін ақыл-ойдың символы ретінде қабылдауға болады. Өйткені ақыл- адамға тірек, мәңгілік нәрсе. Эзоптың мысалын тек жеңіл-желпі алаяқты ұстау қиын емес деп қана түсінуге де болады. Бірақ кез-келген әдеби туындыны тереңнен түсіндіретін сопылық көзқараспен танысқаннан кейін біз бұл аталған мысалдың мәнін тереңнен іздеп, толық түсінуге тырысамыз. Кіші Азияда өмір сүрген тағы бір атақты мысал жазушы Руми:«Ойдан шыққан кез-келген әңгіме ақиқатқа сәуле түсіреді»- деген екен. Осы сияқты Джо Миллер мен Қожанасырдың әзіл әңгімелері де біраз уақытқа дейін жеңіл түрде, тек күлкі шақыратын туындылар ретінде қабылданып келгені рас. Біз көп жағдайда оның тереңіне үңіліп, астарына мән бере бермейміз. Ылғалдан айырылған құрғақ бұлттың жаңбыр болмайтыны сияқты, жеңіл жағынан ғана қабылданған ондай туындылардың ғұмыры ұзақ болмайды. Сондықтан да талпынбаған білмейді дегендей, біз бұл жұмысымызда баршамызға танымал Қожанасыр туралы аңыздарды сопылық көзқарас тұрғысынан түсіндіріп көруді мақсат еттік.

Адам санасының сәбилік кезінен бастап, даму процесінің өзіне тән сан қилы бұралаң жолдарын кешіп, ұзақ сапарда шыңдалып, жетіліп, ақыры көркем туынды дәрежесіне дейін көтерілген шағын күлдіргі әңгімелер- Қожанасыр туралы хикаялар болып табылады.

Қожанасыр- кейбір жекелеген жағдайларда ұшқыр ойдың мүмкіндігін ерекше көрсету үшін дәруіштер тарапынан ойлап табылған классикалық кейіпкер. Бүкіл Орта Шығысқа танымал Қожанасыр хикаялары метафизика тарихында қол жеткізген табыстардың бірі болып табылады. Бұл хикаяларға көбіне үстірт қарап, шайханалар мен керуен-сарайларда, үйлерде айтылып, халық арасына кеңінен таралып жүр. Мұндай хикаялардың бір ерекшелігі оны тыңдаушы өз деңгейіне сай түсіне алады. Яғни олардың астарында әзіл де, мораль да бар деген сөз. Сондықтан ұлы Абайдың «... Әрбір кісінің жаман қылығына күлсең, рахаттанып күлме, ызыланып күл, ызалы күлкі өзі де қайғы. Ондай күлкіге үнемі өзің де салынбассың. Әрбір жақсы адамдардың жақсылық тапқанына рахаттанып күлсең, онда жақсылықты жақсылығынан тапқандығын ғибрат көріп күл»,- [4,7] деген сөзін үнемі жадымызда ұстауымыз керек қой деп ойлаймын. Қожанасыр хикаяларын жеңіл ойлы адамдар әзіл ретінде ұғынып, күліп қана қойса, ойында салмағы барлар езу тартқанымен оның түбіндегі моральді ұғады.

Шын мәнінде ешкім де Қожанасыр деген кім, ол қайда, қашан туылды, тіпті ол өмірде болған адам ба деген мәселеге көңіл бөле бермейді. Өйткені бұл жердегі басты мәселе - уақыт пен мінездеуге бағынбайтын образ сомдау ғана болса керек. Бұл тұста сопыларға маңызды мәселе адам емес, идея болып тұр. Десек те, кейбір зерттеушілер Қожанасырды тарихта болған деп, оның туған жылы мен қайтыс болған жылдарын анықтауға тырысып та көрген. Мысалы, Бір ғалым Қожанасырдың : - Мен басымды төмен салбыратып өмір сүремін,- дегенін негізге алып, оның қайтыс болған жылын 386 жыл деп көрсетеді. Бұл тұжырымды ол нақты зерттеу нәтижесінде емес, бір дәруіштің көмегімен сия сауытқа өрмекшіні салып, сол не көрсетсе, сұрағымыздың жауабы да сол болмақ деген сөзіне еріп жасаған. Шындығында, олар өрмекшінің ізнен 386 деген санды көреді. Бұл 300+80+6 деген сөз. Осы өрнектегі сандардың орнына араб алфавитіндегі оларға сай келетін әріптерді алсақ, «ش و ف»- **шауаф**- бірдеңені көрсету деген мағына береді екен. Яғни, өрмекші бізге анық нәрсені көрсетіп тұр деп қорытындылаған.

Қожанасыр туралы мына бір аңызға тоқталсақ...

« Бір оқымыстыны өзеннен алып өтіп келе жатқан Қожанасыр бір нәрсе айтады. Оның айтқан сөзінен қате тапқан жаңағы Қожанасырға:

- Сен, не, грамматиканы оқымап па едің ? – депті.
- Жоқ.
- Онда сен өміріңнің жартысын бос өткізген екенсің.
- Ал сен, не жүзуді үйренбеп пе едің?
- Жоқ, неғылады?
- Онда сен өміріңнің бәрін босқа өткізіпсің. Біз батып бара жатырмыз,- депті Қожанасыр».

Бұл жерде сопылық құрғақ ақылдан гөрі нақты істі дәріптеп отыр. Бұл әсіресе, мына әзілде анық байқалады. «Шәйханаға біреу келіп: Менің ұстазым сіздерге өз басынанан әділетсіздікті өткерген, өткермеген барлық адам оған төзбеуі керек. Өйтпейінше бүкіл адамзат дамымайды дегенді айт деді,- депті. Сонда Қожанасыр: - Ал, менің ұстазым кез-келген нәрсенің байыбына бармай шешім қабылдамаңдар деп үйретті,- деген екен.»

Жалпы көп адамдардың ойлау жүйесі шаблон түрінде болатыны рас. Олар көбіне көпшілік не ойласа сонымен келісіп, қоғамда қалыптасқан көзқарасқа көне салатындар. Мұндай адамдар белгілі бір дәрежеде жетістікке жетіп, көп нәрсені иеленгенімен өмірдің көп қырларын түсіне бермеуі мүмкін. Кейбір құбылыстар олардың назарынан тыс қалып та жатады. Өйткені олардың өзгеше, жаңаша ойлауға мүмкіндігі жоқ. Осыны мына хикая анықтай түседі.

«Қожанасыр күнде шөп артқан есегін шекарадан өткізіп жүріпті. Оның контрабандамен айналысатынын білген шекарашылар бастан аяқ тексеретін көрінеді. Бірақ дым таппайды. Ал, Қожанасыр күннен күнге байып бара жатады. Сөйтіп, біршама уақыттан кейін ол бұл ісін тастап, өз бетінше тыныш өмір сүріпті. Біраз жыл өткеннен кейін кезінде шекарада тұрған адам Қожанасырды кездестіріп, одан сол кезде немен айналысқанын сұрайды. Сонда Қожанасыр: - Мен шекарадан есек алып өтіп жүрдім ғой,- депті. » Бұл әңгімеде сопылықтың негізгі, маңызды принциптерінің бірі-мистикалық мақсат пен тылсым күш адамдарға олар ойлағаннан көрі әлдеқайда жақын екендігі айтылып тұрған жоқ па ?

Адамдар таным сәулесіне барар жол қалай басталатынын білмейді. Сондықтан сол жолды іздеу барысында олар өздеріне дұрыс деген нәрсемен айналысып, соны тану жолындамыз деп ойлауы да мүмкін. Сөйтіп, кейбір қате теориялармен қаруланып, уақытын босқа өткізіп, ақиқатты жалғаннан айыра алмайды да. Қожанасыр бұны әртүрлі әрекеттері арқылы көрсете білді. Мысалы:

«Бірде көршісі тізерлеп тұрып, бірдеңе іздеп жатқан Қожанасырды көріп: - Молда, не іздеп жатырсың?- депті. –Кілтімді. – Сен оны осы жерде жоғалттың ба?- деп сұрапты көршісі тағы да. – Жоқ, үйде түсіріп алдым,- дейді Қожанасыр. – Онда неге бұл жерден іздейсің – деген көршісіне Қожанасыр: - Мұнда жарық қой», - деп жауап берген екен.

Қожанасыр- адам өзін-өзі көретін айна іспеттес. Бұл айнаның бір ерекшелігі үңілген сайын ондағы бейненің қыры жан-жақты ашыла түседі. Өйткені сопылықтың негізгі мақсаты да адамға мәселенің бір қырын ғана емес, оның барлық қырын жан-жақтан көрсету болып табылды. Сондықтан да Қожанасыр жайлы әңгімелерді тыңдап, оқып қана қоймай, оның мәнін терең түсінуді мақсат етуіміз керек. Сонда ғана адамдар әрбір жағдайға формальды түрде ойланып қана емес, өз жанынан шабыттанып баға бере алатын болады.

Қожанасыр жайлы кейбір хикаялар адамның санасы қашан да тұрақты деген қалыптасып қалған көзқарасты жоққа шығарады. Ішкі және сыртқы қоздырғыштардың әсерінен адамның іс-әрекеті оның көңіл-күйі мен денсаулық жағдайына орай өзгеріп отырады. Бұл мәселе әлеуметтік өмірде мойындалғанымен философия мен метафизика тұрғысынан әлі де толық қабылданбаған. Олардың түсінігі бойынша, ең керемет дегенде, адам өзін белгілі бір жағдайға қарай бейімдей алады . Ал, сопылық адамның санасының толық өзгеруін қалайтын бағыт. Сана, ой тұрғысынан дамымаған адамның шикізаттан онша айырмасы жоқ. Мұндай адамның санасында бірлік болмайды. Десек те, өзімді өзім толық таныдым деген адамның өзі де автоматты түрде өзінің кім екенін білмей қалатын кездері де болады.

«Бірде Қожанасыр дүкенге кіреді. Оны көрген сатушы қызмет көрсетейін деп ыңғайлана бергенде Қожанасыр: - Сен менің дүкеніңе кіргенімді көрдің бе?- деп сұрайды. – Иә, дейді сатушы. – Ал, сен мені бұрын-соңды көріп пе едің? –Жоқ, бұрын көргенім жоқ,- дейді сатушы. – Онда сен менің мен екенімді қайдан білесің?»- дейді Қожанасыр.

Бұл әңгіме қарапайым әзіл ретінде қабылданып, адамдар Қожанасырды бір ақымақ адам екен деп түсінуі мүмкін. Бірақ оның сырын тағы да бізге сопылық ағым түсіндіріп береді. Мұнда да мәселенің мәні тереңде жатыр.

Қожанасыр хикаяларына адамдарды белгілі бір қалыптасқан ойға бағыттайтын философиялық жүйе емес, өзіндік ой-пікірді сақтайтын, оны қорғай алатын мүмкіндік ретінде қараған жөн.

Қожанасыр жайлы хикаялардан алынған кейбір тіркестер афоризм ретінде тілімізге еніп кеткен. Мысалыға айтар болсақ:«Шындығында бұл солай», «Мен ешқашан шындықты айтқан емеспін», «Мен білгіштер өздеріне қоятын сұрақтарға ғана жауап беремін», «Үлгінің аты үлгі, бірақ мен үйімнің қышын көрсетсем, оны ешкім алмайды».

XII-XIII ғасырларда өмір сүрген Ахмед Иүгнекидің «Ақиқат сыйы» еңбегінде тіл өнері жайлы «Ойлы сөз көпті ұтар, ойсыз сөз басты жұтар» деген сөзі тапқырлыққа, шынайылыққа негізделген Қожанасыр жайлы хикаялардың мәнін аша түседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Идрис Шах Суфизм М.- 1994
2. Тимошинов В.Культурология М.-1988 г.
3. Арабско-русский словарь. Ташкент «Камалак»,- 1994 г.
4. Сөз тапқанға қолқа жоқ А.-1988 ж.

УДК 372.461: 81

ЭТНОКУЛЬТУРОВЕДЧЕСКАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ СТУДЕНТОВ КАЗАХСКИХ ОТДЕЛЕНИЙ

Карташёва А.Н.

*Атырауский государственный университет имени Х.Досмухамедова
akartasheva@mail.ru*

Язык – один из существенных признаков нации – тесно связан с национальной психологией, с самосознанием и самобытностью народа.

Немецкий филолог, философ, языковед В.Гумбольдт указывал, что язык выражает индивидуальное мирозерцание народа.

За каждым языком – целая культура, оригинальное видение мира.

Расширение горизонта мира через получение информации на другом языке – основной мотив изучения неродного языка.

По мнению С.М.Соловьева, «народы, живущие особняком, не любящие сблизиться с другими народами, жить с ними общей жизнью, - это народы наименее развитые ... Самым сильным развитием отличаются народы, которые находятся друг с другом в постоянном общении. Но понятно, что для плодотворности этого общения необходимо, чтобы встречался, общался с таким другим народом или народами, с которыми могла бы установиться мена мыслей, знаний, опытности» [1,161].

Подобную же мысль продолжил Абай Кунанбаев в «Словах-назиданиях». Обращаясь к казахскому народу, он пишет в «Двадцать пятом слове»: «... Главное – научиться русской науке. Наука, знание, достаток, искусство-все это у русских. Для того, чтобы избежать пороков и достичь добра, необходимо знать русский язык и русскую культуру ... Если ты будешь знать их язык, то на мир откроешься и твои глаза.

Человек, изучивший культуру и язык иного народа, становится с ним равноправным и не будет жить позорно. ... Изучай культуру и искусство русских. Это ключ к жизни. Коли ты получишь его, жизнь твоя станет легче.

... Если хочешь, чтобы сын твой стал человеком, учи его и сделаешь тем благо ему и своему народу» [2, 187-188].

В наше время мотивация к изучению русского языка несколько изменилась.

В контексте диалога культур любая культура представляет собой совокупность неповторимых и незаменимых ценностей, поскольку именно через свои традиции и формы выражения каждый народ заявляет о себе всему миру.

Ни одна культура не может претендовать на право быть универсальной . Все культуры составляют единое целое в общем наследии человечества. Культурная самобытность народов обновляется и обогащается в результате контактов с традициями других народов.

В Республике Казахстан русский язык в соответствии с государственным общеобязательным стандартом образования является учебным предметом, который изучается во всех казахских группах неязыковых факультетов.

Основной целью обучения русскому языку является формирование и развитие речевых навыков студентов в соответствии с их профессиональными интересами и для общения в общественно-политической и социально-культурной сферах.

Задача курса сводится к формированию у студентов коммуникативной компетентности, которая охватывает знания языковой системы, владение языковым материалом, системными знаниями о мире, зафиксированными в языке, соблюдение социальных норм речевого общения.

Коммуникативная компетенция имеет системную организацию, структура которой формируется целым рядом составляющих, между которыми устанавливаются определенные связи и отношения.

Основными базисными составляющими коммуникативной компетенции являются лингвистическая, языковая, речевая, этнокультуроведческая.

Понятие «коммуникативная компетенция» в группах с казахским языком обучения выступает как ведущая, подчиняющая себе лингвистическую, языковую, речевую и этнокультуроведческую.

Лингвистическая компетенция включает в себя знание о русском языке как системе, элементарные и необходимые сведения о современной русистике.

Языковая компетенция включает знание самого языка, владение всеми языковыми нормами, в том числе орфографическими и пунктуационными.

Речевая компетенция предполагает овладение различными видами речевой деятельности: аудированием, говорением, чтением и письмом.

Этнокультуроведческая компетенция предполагает знание наименований предметов и явлений традиционного быта, национальных обычаев, обрядов, игр, изобразительного искусства, устного народа творчества, русского речевого этикета и т.д. В нее входит и знание невербальных средств общения – жестов и мимики.

Важную роль в формировании этнокультуроведческой компетенции занимает текст художественной литературы как материал для упражнений и разборов, как средство духовного и эстетического воспитания студентов.

Практический курс русского языка на многих факультетах является едва ли не единственным предметом, открывающим для студентов возможность расширения знаний о культуре народов, соседствующих с Казахстаном, гуманитарных знаний о мире.

Расширение кругозора и погружение в новую культуру ведет к формированию новых запросов в процессе познания.

Большие возможности для развития этнокультуроведческой компетенции студентов дает программный речевой материал.

Например, при изучении речевой темы «Праздники. Обычаи. Традиции» студенты знакомятся

1. с лексикой, обозначающей русские бытовые реалии:

- наименования пищи и напитков

(студень, окрошка, блины, кулебяка, кулич, квас, кисель, сбитень, медовуха и др.).

- наименования одежды, обуви, головных уборов

(зипун, салоп, шушун, косоворотка, полушубок, кокошник, армяк, толстовка, кафтан, понева, лапти, валенки и др.);

2. с лексикой, связанной с культурой и религией русского народа

- названия праздников, обычаев

(рождество, масленица, крестины, святки и др.)

- наименования игр

(лапта, городки и др.);

3. с терминами родства

(зять, теща, тесть, золовка, невестка, сноха, деверь и др.).

Этнокультуроведческий материал целесообразно подавать в сопоставлении с текстами о родной культуре студентов.

При работе над понятием «обряд» сравниваются свадебные обряды (сватовство, свадьба) казахов и русских.

Изучение текста «Масленица» проходит в сопоставлении с текстом «Наурыз». Студенты определяют обычаи, связанные с Наурызом и Масленицей, которые кажутся им похожими, самостоятельно подбирают материал о русских народных играх и забавах.

Сопоставление с родным языком поможет студентам более глубоко осознать культуру своего народа и ближе познакомиться с культурой другого народа.

Занятия по темам, на которых идёт постоянное сравнение культур, завершаются дискуссией. На обсуждение может быть вынесена какая-либо проблема. Например, по теме «Семья» может быть проведена дискуссия о межнациональных браках. В процессе обсуждения студенты могут научиться критически мыслить и вести диалог.

Большие возможности для формирования межкультурной компетенции студентов даёт работа с фразеологическими единицами, фразеологический фонд русского языка является одним из важнейших компонентов языковой коммуникации.

Опыт преподавания русского языка в казахской аудитории показывает, что студенты не всегда адекватно воспринимают и используют фразеологические единицы, так как слабо владеют экстралингвистической информацией.

Фразеология, в отличие от лексики, менее подвержена языковым изменениям, сохраняет в себе устаревшие слова, архаические формы и синтаксические конструкции (например, бить баклуши, притча во языцех, на босу ногу, точить лясы, попасть впросак, сломя голову, прописать ижицу и т.д.). Эта способность к «исторической аккумуляции» особенно ярко проявляется в содержательном спектре. Значительная часть устойчивых сочетаний связана с различными реалиями русского быта,

фактами истории, древними народными верованиями, обычаями и обрядами [3, с.5]. Фразеологизмы воспроизводят менталитет народа, его культуру.

Целесообразно включать фразеологические единицы в лексические темы занятий, что расширит словарный запас студентов, сделает изучаемый материал более ярким и увлекательным. Например, при изучении темы «Язык и общество» можно включить в материал занятия такие фразеологизмы, как «найти общий язык», «говорить на разных языках», «тянуть за язык», «вертится на языке», «держат язык за зубами», «давать волю языку», «распускать язык» и др, микротемы «Человек. Портрет. Характер» - фразеологические единицы «ума палата», «семи пядей во лбу», «куры не клюют», «хоть пруд пруди», «семь пятниц на неделе», «задать стрекача», «наострить лыжи», и др., микротемы «Праздники» - фразеологизм «не всё коту масленица». Упражнения по активизации в речи обучаемых фразеологических единиц могут быть самыми разнообразными: подбор фразеологических синонимов и антонимов, составление предложений, поиск аналогов в родном языке и др.

Таким образом, занятия по формированию этнокультуроведческой компетенции способствуют пониманию и уважению друг друга людей разных национальностей, культур и религий.

Список литературы:

1. Соловьев С.М. Чтения и рассказы по истории России. – М., 1989.
2. Кунанбаев Абай. Избранное. – М., 1981.
3. Бирих А.К., Мокиенко В.М., Степанова Л.И. Словарь русской фразеологии. Историко-этимологический справочник. - СПб, 1998.

ӘОЖ 82

СЕМБАЙ БЕРДІМҰРАТОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТУҒАН ЖЕР ТАҚЫРЫБЫ

Аманғалиева М.Ж.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Республикамызға танымал ақын Сембай Бердімұратов 1921 жылы 15 қыркүйекте қазіргі Атырау облысы он алтыншы кейде Теңізшіл аталатын ауылында дүниеге келген. Әкесінің аты-жөні Қолдасынұлы Бердімұрат. Ол да сол жерде туып өскен екен. Октябрь революциясына дейін Гурьевтегі орыс байларына балықшы болып, кейін колхозда балықшы болып еңбек еткен. Ол өзінің жас кезінде толғаған бір өлеңінде:

...Нардай әке құлады мәңгілікке
Өмір тынды, қойылды заңды нүкте,
Мүшел жасқа толмаған сәбилікте
Жетім қалу шылылдап сәнділік пе?!
Жатыр бұған қайғырмай қай бауырың,
Көтермекке бөлісіп қайғы ауырын.
«Тұлдыр жетім-сорлылар қалдыңдар», - деп
Құлпа апам жүр осқылап ойбауырын! [6].

деп жырлағандай Сембай ақын он екі жасында әкеден жетім атанып, өзінен төрт жас кіші інісімен ана қамқорлығында қалады. Тапшылық пен ащылықтың дәмін ерте тартқан жасөспірім белі бекінбей жатып қолға күрек ұстайды. 1933 қайтыс болған. Сембай Бердімұратов 1940 жылы Гурьевтегі педучилищені бітірген соң сол кездегі Бақсай ауданы аталған ауданның Сорочинко селосындағы жетім балаларды тәрбиелейтін үйде тәрбиеші болып қызмет атқара жүріп кейін оқу ісінің меңгерушісі, одан соң мектепке мұғалім болып орналасты. Сол кездері ақындық өнері бастау алып 1939 жылы 29 мамырда Гурьев облысының ақындарының бірінші слетіне қатысқан.

С.Бердімұратов 1942 жылы қаңтар айының басында Совет Армиясының Қатарына алынды. Соғыс жалдарында үш рет жараланған. Майдан даласында көрсеткен жауынгерлік батылдығы үшін екі «Қызыл Жұлдыз» орденімен және «Ерлігі үшін» медальдарымен наградталды. 1946 жылы елге аман-есен елге оралған соң аудандық оқу білімінде мектеп инспекторы болып тағайындалды. Әр жылдарда Талғайраң, Бақсай мектептерінде директор болып қызмет атқарды. 1957-1961 жылдары аудандық «Ленин жолы» газетінің бөлім бастығы, 1965 жылы аудандық оқу білімінің меңгерушісі, 1975 жылы «Қазақ ССР мектептерінің үздік мұғалімі», 1984 жылы «ССР мектептерінің үздік мұғалімі» атағы берілді. С.Бердімұратов 1957 жылдан бастап ауданда ақындар айтысын өткізуге жетекшілік еткен ақын. 1958 жылдан бері Журналистер Одағының

мүшесі. Өзі де облыстық, республикалық ақындар айтысына қатысып, облыстың «Бас ақыны» куәлігін алған. Сырттай оқи жүріп жоғары білім алған. Облыстық, республикалық ақындар айтысына қатысты.

Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі, соғыс және еңбек майдандарының сарбазы, ордендер мен медальдар омырауын көмкерген ардагер ақын Махамбет Өтемісов атындағы тарихи-өлкетану мұражайын қолынан құрып, жәдігерлермен толықтырылуына өзіндік мол үлес қосты. С.Бердімұратов жиырма жылға жуық осы қасиетті орынның директоры болып қызмет етті. 2001 жылы 80 жас мерейтойына орай ақынға «Ауданның Құрметті азаматы» атағы берілді[6].

Орайлы ойы оралымды, өлең жырының өрісі кең, елдік пен ерлікті жырлаған, туған жері туралы толғанған Сембай Бердімұратовты Атыраудың ақиық ақыны, ардақталар ақсақалдарының бірегейі деуге әбден болады. 1986 жылдан 1991 жылға дейін аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарды.

Ақынның алғашқы өлеңдері «Жазушы» баспасынан шыққан «Жайқоныр», «Көңіл әуендері», «Дала дауасы» кітаптарына енген. Өлке баспасынан шыққан «Туған жер тынысы» (1996ж), «Өмір кезеңдері» (2000ж), Астанадан қаласынан шығарылған «Тағдыр таңбалары» (2002ж), Ақтөбе қаласынан шығарылған «Сезім саздары» (2006 ж) атты жинақтары басылып шығарылды. 2002 жылы «Арыс» баспасынан шығарылған Атырау ақын жазушылары кітапханасы сериясымен басылған жүз томдықтың он бесінші томы С.Бердімұратов шығармашылығына арналды. 2004 жылы «Тіршілік тынысы» атты өлеңдер жинағы жарық көрді.

Біз осы мақаламызда С.Бердімұратовтың туған жер туралы жазған толғаныстарын сөз етеміз. Дана халқымызда «Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас» деген салмақты сөз бар. «Туған жер-тұғырың», деп еді көреген ұлы бабаларымыз. С.Бердімұратовтың туған жері – Махамбеттей ұлы батырдың кіндік қаны тамған, асау Жайықтың бойы. Қазақта туған жер тақырыбына қалам тартпаған, Отанды, туған елді жырға қоспаған ақын жазушылар кемде-кем. С.Бердімұратов солардың бірі де бірегейі.

Әдебиет теоретигі, академик З.Қабдолов; «Лирикалық образ – сыршыл өлең- жырлардағы ақынның өз бейнесі; оның ішкі бітімі; ақынның мың иірім көңіл күйінен – нәзік сыры мен сылқым сезімінен өріліп жасалған өзгеше кейіпкер» дейді. С.Бердімұратовтың туған жер жайлы жазылған өлеңдерінде ақынның ішкі дүниесінің сыртқы себептермен, әсерімен аса қатты толқынуы, автордың өз басының алуан – алуан нәзік түйсіктері, күйініш – сүйініштері анық аңғарылады. Барлық жақсы игі істердің бастауы, жақсылықтың жаршысы – Отан ана, туған жер. Туған елге деген ыстық сезімді, ыстық ықыласты сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Оны тек өз жүрегіңмен сезіне отырып, көрсете білуің керек.

Атырау туған өлкем келбеті кең
Еркелеп бауырыңда ер жетіп ем.
Жырынан Махамбеттің жігер алып
Күйімен Құрманғазы тербетілген.
Тайсойған, Кең Жылой мен ата Нарын
Жырыма сенен жалын от аламын [7].

деп толғанады ақын «Туған жер» атты өлеңінде.

«Туған жер тынысы» атты жинағы жыр сүйер қауым үшін шоқтығы биік туынды. Салиқалы да салмақты көркем сөздің ісмері жыр жазу жолына кездейсоқ келген жоқ. Ақын бозбала шағында-ақ өлең өрісіне қадам басқан болатын. Қарымды қаламын қарумен алмастырып майдан төрінде жауымен де айбынды айқаса білген қаламгер 1946 жылы соғыстан сағынышпен елге оралып, ұстаздық қызмет атқарды. Жоғары білім алды. Еліне танылып, еңбегі жанып, Одақтық халыққа білім беру қызметінің үздігі атанды. Туған жеріне деген ыстық сезімін мына өлең жолдарымен жолдайды:

Ақын жаным сені тежер бүгін кім?
Ырғақ жаңа, сарын бөлек бүгінгі үн.
Жә... Туған жер, асқақатаман алдыңда?
Ғұмыр бойы құдіретіңе жүгіндім!
Туған жерін қадірлемес жан бар ма?
Кең жазық па ол, қия тас па, заңғар ма?
Атамекен ыстық болып қалар-ау,
Жүрегінде жылуы бар жандарға!

Бұл ақынның туған жер алдындағы кішілігі. Кісілік, туған жер алдындағы кішілігі. Ақындық ақтарылуы, дархандықтың белгісі.

«Туған жер тынысы» жыр жинағы ақынның ұзақ жылдар жолдарынан сөз маржандарын терген бедерлі ойларының жемісі. Ақынның бұл жинағында азаматтық әуен, туған жер табиғаты мен болмыс бейнесі, жастық пен махаббат сезімдерінің, әкелік пен ағалық ақыл, намыс оты мен ерлік жолдарын паш ететін байлыққа кенелгендей боламыз.

Туған ел сенен бөлек бар ма мұңым,
Арналған бәрі саған арман, ұғым.
Татаусыз ақ жүректен ақтарылайын
Көңілімде айтылар сыр барда бүгін
Жыр бердік таусылмайтын өміріме
Сенен асқан асыл жоқ көңілімде
Соқпақты сапарыңда бірге келем,
Көтеріп ауырын да жеңілін де.
Сенім артып ынтымақ, бірлігіңе,
Арқа тандым, туған ел, ел, ерлігіңе
Ата-бабам ғұмыры тең келмейді.
Менің кешкен бүгінгі бір күніме [1].

- деп жырланған «Мақтанышым туған елге» атты өлеңінде ақын туған жерге деген еркелігін, жан сырын ақтара салған. Ақынның асыл маржандай айшықты ойлары талай оқырманның жүрегін тебірендетеді.

Туған өлкем құдіретінді жай ұқтым,
Шөл қаныпты тұнығынан Жайықтың
Атыраудың ақ шабағын азақ қып,
Кең Нарынның құмдарынан байыппын.
Аяулы өлкем, дағдыры-егіз, сыры-егіз,
Не көрдің сен, не бердің сен білеміз.
Ол туралы қанша дастан жазылды [2].

«Құдіретіңе жүгіндім» өлеңінде тарихыңнан сіресіп тұр сөреміз – деп алады да әрмен қарай туған жердің тарихына үңілдіріп, атамекеннің шежіресін төкпелетіп тізіп, адамзатты оның киесіне бас иіп, тағзым етуге шақырады:

Ей, адамзат кеуде қақпа «өзім» деп,
Ақжайықтың жағасына тізе бүк!-немесе,

Ей, бауырым дандайсыма «тоқпын» деп,
Атыраудың айдынына басыңды ій, -немесе,

Зәру күнде жарылғаған елімді
Мұнайлы өлке кәрі Ембіні қадірле! -немесе,

Ей, адамзат бойың пәкте” нәзденбе
Махамбеттің зиратына түс аттан
- деп ескертіп отырады [2].

Ерлік тасып, өнер өрген мақтаныш мекенін жыр шумақтарына былай деп сыйғызады.

«Сүйенішім туған ел»

Туған елім құлатпас сүйенішім,
Сүйенішім болмасақ сүйемісің.
Жүрегіме суынбас жылу құйып,
Мейріміңді елжіреп иемісің.
Сәл қажысам жаныма қуат болған
Сәл мұңайсам көңіліме шуақ толған
Қанатымды қақтырған қияндарға
Қаймықтырмай соқса да мың ақ боран- деп толғайды [5].

Осы өлеңдері арқылы ол туған жеріне көзінің тірісінде-ақ ескерткіш тұрғызды деуге болады. Туған жер қасиетінің ұлылығын терең сезіммен тербете жырлаған арналы ақын осылайша, Отанға, елге құрмет көрсетудің өшпес өнегесін танытты.

Ол - өзінің көркемдік дәрежесі биік, тілі жатық, ғибраты мол, идеялық мазмұны терең шығармаларымен қазақ өлең өнеріне зор үлес қосқан көркем сөздің шебері. Сондықтан да, С.Бердімұратов-жан-жақты өсіп өркендеген, кемелденген ақынның бірі болуға лайықты.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Жайық шұғыласы» аудандық газеті 1982 ж 17 тамыз 4 б
2. С.Бердімұратов «Туған жер тынысы». Өлеңдер, балладалар, поэмалары «Жазушы», 1996 ж 4 б
- 3.3.Қабдолов. «Сөз өнері». Алматы, Жазушы, 1983 ж 126-127 бб
4. «Жайық шұғыласы» аудандық газеті 1981ж 26 қыркүйек 4б
5. «Жайық шұғыласы» аудандық газеті 1985ж 30 қараша 4б

6. «Жайық шұғыласы» аудандық газеті 1991ж 24 тамыз 26

7. «Жайық шұғыласы» аудандық газеті 1997 ж 5 тамыз 36

ӘОЖ 81.242

ТУҒАН ТІЛ

Тәжіғалиева А.С.

«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институт директорының ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары

Жеті атасынан келе жатқан рухани дүниені бойына сіңірген ұрпақтың өкілі ретінде «алдыңғы толқын – ағалар мен кейінгі толқын – інілерге» тіршілік үшін ұрпақтан өзге өзекті нәрсенің жоқ екені мәлім.

Осы сәтте мені шешімі беймәлім сұрақтар мазалайды... Біз адасып барамыз ба?

Жоқ, мүмкін емес... Біз тарихтан сабақ алған ұрпақпыз! Үш ғасыр бойы зарыға аңсаған арманымыз орындалып, тәуелсіздік туын тіккен ұрпақпыз. Мәңгілік ұрпақпыз! Талай бодандықты бастан кешіріп, «тар жол, тайғақ кешуден» өткен қазақ ұрпағы қалайша жойылып кетеді. Біздің ұрпағымыз адаспауы тиіс. Өйткені, ата-баба салтын ұстана отырып тәрбиеленген ұрпақта жігер бар, жалын бар, ұлттық рух, ой, намыс бар.

Бұдан бір ғасыр жарымнан астам уақыт бұрын қазақ даласына саяхат жасаған поляк Адольф Янүшкевич халқымыздың болашағы туралы дәл болжам айтқан екен: «Жо-жоқ! Имандай сырым. Тәңірім бойына осыншама қабілет дарытқан халық - өркениетке жат болып қалуы мүмкін емес. Оның рухы қазақ даласына күндей көтеріліп, жарқырап, сәуле шашатын болады... Өзіне менсінбей қарайтын халықтар арасынан бұл көшпенділердің де құрметті орын алатын кезі келеді...» - деген көрегенділігіне қалай танданбассың! Иә, уақыт көшіне ілесіп, тәуелсіздіктің туы желбіреген кез де келді...

Тәуелсіздік пен тіл... Осындай қасиетті ұғымдарды қатар атау олардың адам өміріндегі алатын орнын айшықтайды. Яғни, тілсіз тәуелсіздіктің, тәуелсіздіксіз тілдің ғұмырының баянды болуы мүмкін емес-ау.

Тіл – ұлттың ұлт болып қалыптасуының ең бірінші шарты. Тіл – ұлттың ұлы игілігі. Жетпіс жыл бойы басқа тілдің көлеңкесінде қалып келген тілімізді М.Әуезов өзінің «Көксерек» әңгімесінде ұлу тілімен (қасқыр-алпауыт тілімен) астарлай көрсетеді. Заңғар жазушы ұлттық идеологияға осы туындысы арқылы қызмет етті дей аламыз. Өйткені, шығармада қасқыр да, ит те адамзатпен қатар өз әлемімен сипатталады. Қандай шығарма болсын, белгілі пікірді-идеяны үндейтіні сөзсіз. Идеясыз көркем шығарма болмайды. Автор оларды адамның теңемесі сияқты алып, адамның мәнін хайуанаттар бойына жасырған. Адам баласы айта алмайтындарды олар айтады. Апанынан өз еркінен тыс жат ортаға әкелінген Көксерек жаңа ортадан бостандық пен мейірбандық дәметті. «Көксеректің жат ортаны жатсынуы, еркін әрекеті – оның ішкі бостандығының көрінісі. Осындағы қатыгездік, сатқындық мәселелерінде қоғамдағы ахуалдың көлеңкесі тұрғандай».

Кеңес заманында қанша орыс ұлтының тілін меңгеріп, мәдениетін игерсек те ұлттық болмыс-бітіміміздің өзгермейтінін былайша астарлы түрде аңдату бар: «Көксерек адамдардың одан не тілейтінін түсінуге тырысты, бірақ түсінбеді. Қасқыр иттің күйіне түсті, ал ит ешқашан қасқыр бола алмайды. Өмірдің тепе-теңдігін жоғалтқан Көксерек маңайын жатсына бастады. Бәрібір қашты. Бірақ бәрібір өз қандастарынан бөлектігін байқатты».

«Көксерек» әңгімесі жарыққа шығысымен-ақ, сол тұстағы баспасөзде әр түрлі ұстанымдағы сындар жазылған екен. Сондай сынның бірі С.Мұқановтікі: «Әңгіме өте терең астармен жазылған. Мұхтар мұны жазғанда қасқырды, аң қып алып отырған жоқ, адам қып алып отыр. Өйткені, Көксеректе мақсат бар. Сол мақсатқа ұмтылушылық, өз мақсатына жетушілік бар... Көксерек, сөз жоқ, адамның – біреуі. Біреуі болғанда Көксерек бүкіл бір ұлтты елестете ме, тапты елестете ме, яки жеке адамды елестете ме, ол жағы бізге қараңғы...». С.Мұқанов ойын ары қарай тапшылдық сана ықпалымен өрсе де, бізге керектісі Әуезовтің идеялық - көркемдік ойлау машығына өзінше барлау жасай отырып, көркемдік сананы зерделеуге жол көрсеткені.

Әуезов әрбір қимыл қозғалыс арқылы астарлы ойын сабақтай түседі: «Жалғыз қалған Көксерек қандастарын іздемейді де, аштық азабын басып, қарны тойса болды». Бұл – өз ортасынан жат жерде тәрбиеленген ұрпақтың болмысын ақтарудың бір парасы. «Тағы да аштықтан жер тарпып, қар боратып, көп ұлыған кезде топ қасқыр қасына келді. Өткенде ақ қасқырды да ұлыған кезде тапқан». Иә, жанамалай айтсақ, «аштық азабын басуға» ниет еткен, шетел асқан

қандастарымыздың «ақ қасқырларын» өзге ұлттан тауып жүргені, тамырсыздық індетіне душар болғаны жасырын болмас.

Көркем туындыда: «Өз ортасынан бөлінген Көксерек оларды жатсынады, топ қасқыр да Көксеректі де бөтенсиді. Тек оларды бір-біріне жақындастырған – ұлу, яғни тіл» - деген суретке пара-пар жолдар бар. «Қазақ прозасында ойды символикамен жеткізу әдісін батыл игерген жазушының бірі М.Әуезов кеңестік жағдайда тікелей, тура айту мүмкін емес ойдың есесін қайтарып, тіл арқылы ғана бауырлас, қандастарыңды табасың деген пайымдауын санаға сығалатады».

Өз тілінің өгей ұлы болмауға үндеу – ұлтқа жаны ашыған патриоттардың ұлағаты деп қабылдаймыз.

Осылайша «Көксеректі» қазбалай түссек, оның көркемдігі алдыңыздан өзгеше кеңістік ашатындай. «Көксерек» шығармасының көркемдігі әлі қанша буынды тамсандырар екен... Шығарманың басты кейіпкері Құрмаштың өзі бауырына басқан Көксерекке жем болып, ауызында кеткені сықылды, «жаһандану жағдайында жан-жақтан анталаған тілдерді білу үрдісі біздің ұлттық тілімізге көлеңкесін түсірмегей» - деп, тілейік! Жазушы М.Әуезов бізді сақтандыра отырып, төнер қауіпті де аңдатып отырғандай.

Біз – тәуелсіздіктің төл перзенттеріміз. «Қарнымыз тойса болды»-деп емес, ұлттың жасампаздығын ілгерлететін, өз еліміздің әл-ауқатын көтеруге атсалысатын, өміршеңдікті ойлайтын ұрпақпыз. Осындай асыл мұратты жанымызға серік ете отырып, ізденіс машығында білім мен ғылымның көкжиегін кеңейтуге берік ұстаным ұстанамыз.

Егеменді еліміздің ертеңі жарқын болуының шарты – тілге құрмет көрсету. Тәуелсіздік алғалы қазақ тілінің өсіп өркендеуіне біраз жағдайлар жасалуда. Соның бірі-қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы. Алғаш рет 1989 жылы мемлекеттік мәртебеге ие болды. Содан бергі уақыт ішінде тіліміздің қанатын кеңге жайғаны байқалады. Бірақ ата-бабамыздың мұрасы-қаймағы бұзылмаған қазақтың қара сөзін тек заң шығару арқылы ғана сақтап қалуға бола ма? Жоқ! Жүрегі «Ұлтым» деп лүпіл қаққан ұлтжанды әрбір адамның үлкен әріппен басталатын «Азаматтық парызы» – өз тілінің терезесін өзге тілмен тең ету, оны шын жан-тәнімен сүю, оны көзінің қарашығындай сақтау. Осы қасиеттердің барлығын өзінің және ұрпағының бойына сіңіру. Міне, сонда ғана ұлағатты да ұлы тілді сақтап қалуға болады.

Екіншісі, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін үйренуге деген құлшынысың арта түсуі. Ия, еліміз егемендік, тіліміз мемлекеттік мәртебе алғалы қазақ тілін үйренушілер қатары өсе түсуде. Мемлекеттік тілді меңгеруге өз республикамыздың азаматтары ғана емес, шет елдерден келген адамдардың да ден қою көңілге қуаныш ұялатады.

Тіліміздің осылай шарықтап қанат қағуымен қатар, көңілді су сепкендей басатын көлеңкелі жайттар да кездеседі. Туған тілін шұбарлап сөйлейтіндер, тіпті, туған тілден безетін сорақыларды да кездестіріп жатамыз. Әуезов тіліндегідей: «Қасқырды қанша баптаса да аспанға қарап ұлымас үшін», өзгенің жасығы мен асылына қызығып, ел аралап кетпес үшін ұлтын сүюге, ұлтының көсегесін көгертіп, халқына қызмет ету қажеттігін ұғынуға үндейміз. Өйткені, ана тілі – ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау.

Тіліміздің мәртебесі көтерілсе, елдің де мәртебесі биік болатыны хақ. Тілге көрсеткен құрметің – елге жасаған қызметің. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек. Ана тілін сүйген адам – туған жерін, елін, отанын, атамекенін сүйеді деген сөз. Ал, бұлардың бәрі – адам баласы үшін ең қасиетті ұғымдар. Өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіңе басты себепкер – сол ана тілің. Бірақ қазақ халқы бұған ерекше зер салған. Қазақ – сөз қадірін өз қадірім деп білген халық. Сөзге кеңдігін де, елдігін де, кемеңгерлігі мен көсемдігін сыйғыза білген жұрт. Оның тарихы, тағдыры да, тәлімі мен тәрбиесі де, даналығы мен дала көңілі де сол сөздерде жатыр.

Тіл – күн шалмас қараңғы көңілді шалады, күн – жылытпас суық көңілді жылытады. Тіл – ел мен елді, халық пен халықты жақындастыратын алтын көпір. Егер ана тіліміз саф алтындай жарқырап тұрса, еліміздің еңсесі түспесі анық.

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала,

Әр адамда өз анасынан басқа да

Болу керек құдіретті төрт ана:

Туған жері – түп қазығы, айбыны.

Туған тілі – сатылмайтын байлығы.

Туған дәстүр, салт – санасы – тірегі,

Қадамына шуақ шашар үнемі.

Және туған тарихы, еске алуға қаншама,

Ауыр, әрі қасіретті болса да,

- деп М.Шаханов тебіренгендей әр адамның адамдығының, әр халықтың халықтығының кепілі құдіретті төрт ана болса, сол киелі төрт ананы пәле-жаладан, жаманшылықтан сақтап, қорғайтын, желеп-жебейтін бойтұмары – еркіндік, егемендік!

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Алдымызда асу-асу белдер бар, ұлт жолында ұйтқи соғар желдер бар. Бел де талар, жел де беттен қағар. Бәріне көну керек, төзу керек, жас ұрпақ!» - демеп пе еді. Ендеше, ұлттың ұлылығын паш етер ойлы ұрпағымыздың амандығын тілейік, ағайын!

ӘОЖ 37.01

ХАЛЫҚ МҰРАСЫ –ТӘРБИЕ КӨЗІ

Қаражігітова Н.Қ.

*Атырау қаласы № 24 орта мектебінің
I санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері. Ол өзінің өресі биік, сан саналы өскелең мәдениетіне бір күнде, бір ғасырда жеткен жоқ. Ежелгі ата-бабаларымыздың күмбірлеген күміс күйімен, сыбызғы сырнай үнімен, батырлар жырымен, мақал-мәтел, шешендік сөз, айтыс өлеңдерімен сан ғасыр бойы өз ұрпағын «сегіз қырлы, бір сырлы» өнегелі де өнерлі адамгершілік, ар-ожданы жоғары азамат тәрбиелеп келгені ақиқат.

Әр халықтың өзіне тән ұлттық ерекшеліктері туған жер, тіл, тарих, салт-дәстүр деген ұғымдармен өрнектелмек. «Төрт анадан» нәр алатын рухани мұралар жүйесі жинақтала келе ұлттық болмыс ерекшелігін құрайды. Жас ұрпақты ұлтжандылық рухта тәрбиелеудің қуатты құралы ұлттық болмысты сезіну мен түсінуден басталады.

Өнер – адамзат баласының рухани байлығы. Өнердің кәусар туындысы халық өмірінің терең және мөлдір қайнарларынан шымырлап шығады да, сол халықтың өзінің рухани сусынына айналады. Шәкірттің бойында отаншылдық сезімнің оянуына түрткі болып, ұлтжандылықтың ұғымын сіңіретін пән – әдебиет. Әдебиет пәні арқылы оқушылардың рухани дүниесі байиды, туған тілін сүйөден елін, ұлтын сүйө, адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдері тәрбиеленеді. Әдебиет – рухани, жан байлықты дамытудың пәрменді құралы. Отансүйгіштік, ұлтжандылық, адамгершілік қасиеттердің жас ұрпақ бойынан табылуы ана тілімізбен, әдебиетімізбен даритыны заңдылық. Әдебиет пәні арқылы берілетін рухани білім «тағдырымыздың тынысы болатын» төрт тіректің (туған жер, тіл, салт-дәстүр, тарих) негізінде қарастырылады.

Ата – бабаларымыз туған жердің әрбір сүйемін жаудың сұқты көзінен қорғау үшін жат жұрттықтармен өмір бойы шайқасып өтті. Қазақ жерінің тауы мен қырқасын, орманы мен тоғайын, өзені мен көлін көзінің қарашығындай сақтады. Халқымыз талай қиын кезеңді бастан кешірді. Жеңіс қуанышын тойлаған қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған шақтар да, туған жерден еріксіз босып, жеңіліс күйігі көкірекке шер толтырған шақтар да болды. Туған жерге деген сүйіспеншілік сезіміне бөлейтін ғұн патшасы Мөде батыр оқиғасының тәрбиеләк мәні зор. Ел іргесін бекітіп ала алмай жатқан Мөдеге көрші ел күш көрсетіп: «Күніне мың шақырым жүгіретін тұлпарын беріп жіберсін!» - дейді. Билерінің намыс қылып, келіспегеніне қарамастан тұлпарды беріп жібереді. Біраздан соң Мөденің ханымын сұратады. Билері: «Патшамыздың ханымын сұратқаны қай басынғаны, бермейміз», - дегеніне қарамай, оны да береді. Ақыр соңында: «Арада иесіз жатқан жерің бар, соны да бер» дегенде, Мөде: «Тұлпарымды берсем, ол-менің мүлкім. Ханымымды берсем, ол да менікі. Ал, жер халықтікі, оны бере алмаймын», - деп соғысқа шыққан.

Батырлар жырының оқиға желісінде күш –қайраттың серігі ретінде көрініс тауып отыратын ақыл-ой зұлымдыққа қарсы қойылған халықтық қасиет сипатына беріледі. Алапат күштің қуаты жетпеген қысылтаяң кезеңдерде ақыл-ой жол табады. Бұл тұстағы бір ерекшелік – ақыл иесінің көп жағдайда батырдың өзі емес, сүйген жары, сенімді досы, ел-жұрты болып келуі. Қаһарман күрес-тартыс үстінде, өмір талқысында шыңдалып, кемелдене түседі. Жырдың айтары да адам баласының кемелдікке жетуі ақыл-парасатқа байланысты деген ойға саяды.

Эпостық жырлардың ең басты тақырыбына орай, айырықша мән берілетін тәрбие түрі-отаншылдық, ұлтжандылық тәрбиесі болып табылатыны анық. Жырлар сюжетінде қамтылған оқиғалар мен іс-әрекеттердің де, оларды талдау арқылы айқындалатын көркем идеялардың да, сол идеялар негізінде сабақ барысында жүзеге асырылатын тәрбие түрлерінің де тоғысатын тұсы- Отанды сүйө, туған жер мен елді қорғау мәселесі. Жырлар өзегіндегі әрбір көркемдік бөлшек отаншылдық идеясынан бастау алады, осы идеяның ашылуына қызмет етеді. Сол себепті батырлар жырына арналған әрбір сабақтың арқауына отаншылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатының алынуы- басты талап.

Батырлар жырындағы халықтың үлгі етері- басқыншылыққа қарсы тұрған қаһармандар ерлігі. Елін қорғаған, жерін жауға бермеген қаһарманды өз елімен қатар, дұшпан тобындағы кейіпкерлердің де құрметтеп, іштей тілеулес болып ғана қоймай, қиналғанда қол ұшын беруі жыр

сюжеттерінде осы үлгідегі желілердің жиі кездесуі – халықтың отаншылдық қасиетті жоғары бағалауынан туындап жатыр. Отанды сүю идеясы бірде ашық көрінсе, кей сәттерде кейіпкерлер әрекетінің астарына ой жүгірту арқылы ашылады. Мәселен, Ер Тарғынның: «Еділдің ар жағына,

Аттанбадым олжа үшін,
Сыңсып жатқан мал үшін,
Аттанғаным кәуірге,

Атамның ежелден ескі кегі бары үшін!»- деген сөзінде жыр идеясы ашық айтылса, «Алпамыс батырда» қаһарманның хас дұшпаны Тайшық ханның қызы Қаракөзайымның Алпамысқа достық ниетпен қол созуын, «Ер Тарғында» хан қызы Ақжүністің тегі төмен болса да Тарғынды таңдауын көрсетудің негізінде де отаншылдық идеясы жатыр. Демек, мектеп бағдарламасында оқытылатын батырлар жырын өту барысында Отанды сүю идеясының мейлінше жан- жақты ашылуына баса зер салу қажет. Жырдың басты идеясын жете ашу арқылы жас ұрпақ бойында Отанға, туған ел, жерге деген құрмет сезімін қалыптастыруға, отаншылдық рухта тәрбиелеуге толайым мүмкіндік туары сөзсіз.

Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы «Соғыс психологиясы» атты еңбегінде: «Ұлттық мақтаныш сезімі дегеніміз- белгілі бір ұлт адамының жеке мақтаныш сезімі, белгілі бір немесе басқа ұлт адамының жеке мақтаныш сезімі, белгілі бір немесе басқа бір ұлт адамының көптеген мақтаныш сезімінің жиынтығы болып табылады, ұлттық мақтаныш сезімі- әрбір ұлт адамдары үшін бұзылмас заң. Кімде- кім өз ұлтын сыйламаса және оны мақтан тұтпаса, ол сөзсіз барып тұрған арамза, отансыз қаңғыбас», - дейді. Ұлтжандылық адам бойындағы ұлттық рухтың көрініс табуы, Бауыржан Момышұлының сөзімен айтсақ: «Ұлттық рух тамаша қасиеттерге ие, өз ұлтыңды тануға көмектеседі, ол бізге осы асыл қасиеттерді дамыта түсу үшін қажет, осындай адам ғана отандастарының алдындағы өз халқының және ең алдымен халықтардың бауырластығы алдындағы өз борышын терең де жоғары сезінеді».

Ұлттық мақтаныш қай ұлтқа болса да тән. Оған ешкімнің күмәні жоқ. Ол мақтаныш көбінесе әдебиет, өнер, мәдениет, ғылым т.б. салалардағы мақтануға тұрарлық дарынды адамдардың еңбегімен өлшенеді. Ұлттық сезім ғасырлар бойы қалыптасып халқымыздың қанына, тәніне әбден сіңген. Жас ұрпақты ұлттық сезімді қастерлеуге үйрету әрқайсымыздың қасиетті борышымыз деп білемін. Ұлттық сезімді қастерлеу дегеніміз- ұлтыңды, халқыңды жан- тәніңмен сүю, соған шын берілгендік, оның өрлеп дәуірлеуіне, көркеюіне күш- жігерінді, білімінді, еңбегінді аямай жұмсап, үлес қосу. Ұлтжандылық- ұлтыңды сүю, туған жерінді, аялау, қастерлеу, халықтың мәдениетін, әдебиетін, тарихын, аяулы ұл- қыздарын мақтан тұту, дәстүрді қастерлеу, қадірлеу. Қазағым, халқым деп көкірегі қарс айырылған өз ұлтының бостандығын, жарқын болашағын көксеген, сол жолда күрескен бабаларымыздың тағдырын танып білу арқылы тарихымызды таразылау.

Жас ұрпақ ұлтжанды болып өсуі үшін өзінің ана тілін, сол тілде жасалған халқының баға жетпес бай мәдениетін, рухани қазынасын меңгеруі шарт, ата- баба дәстүрінен нәр алуы тиіс. Ұлтымыздың жарық жұлдызындай ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады», - деп бекер айтпаған болар.

Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәлім- тәрбиенің белгілі жүйесінде жас буын жадына біртіндеп сіңіріп отыратын арнаулы жолдар, тиісті тәсілдер болған. Мәселен, мақал- мәтелдерде адамгершілік, имандылық тәрбиесіне байланысты әр әдет- ғұрыптар насихатталса, жұмбақтар мен айтыстарда – ақыл- ой тәрбиесі, өлең, жыр, дастандарда эстетикалық тәрбиенің негізгі принциптері, ал ертегілер халықтық тәрбиенің сан алуан мәселелерін қозғайтын тәлімдік материал ретінде пайдаланылған. Ең негізгі мақсат ұлттық тәрбиеге бағыттау болып табылады. Жас ұрпақты сан ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық тәрбие негізінде тәрбиелеу шарттылығы алға тартылғанда, халқымыздың мәдени- рухани қазынасымен сусындаған Абай мұрасының шоқтығы биіктігін аңғарамыз. Абай тағылымы әр жанның жүрегінен мызғымас орын алғанда ғана ұлтымыздың көркейе түсері, таным, ой- сана деңгейінің асқақтайтыны даусыз.

Абай жиырма бесінші сөзінде «орысша оқу керек» деп жазды да, соңыра «залалынан қашық болу керек» деп ескертуді ұмытпайды. Абай айтқан залал- өз тілінен безіну, өз ділін, дінін тәрк ету, ата салтынан ажырау қаупі. Елін шексіз сүйген ұлы ақын игілікті өмірге, өркениеттілікке ұлттық бірлік арқылы ғана жетуге болатынына елдің көзін жеткізуге тырысқан.

Тарихты білу, алдымен, өзіңнің өмір тарихыңды, туған өлкеңнің, туған халқыңның, еліңнің тарихын оқып үйренуден басталады. Ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл- Фараби бабамыздың «Тарихты білмей өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын» деген тұжырымы тарихтың тұңғыш тереңіне бойлаудың тарихи заңдылық екенін сездіргендей. Тарихымызды таразылау арқылы халқымыздың қасиетін ұсынып қоймай, қасіретін де сезінеміз. Ақын Мұхтар Шахановтың сөзімен айтсақ «Тарихты білмеу - тамырсыздық». Әдебиет пен тарих – егіз ұғым. Әдебиет сабағы арқылы оқушының тарихи таным көкжиегі кеңейе түседі.

Еліміздің тарихында жариялылық пен демократия салтанат құруының нәтижесінде еліміз егеменді, тіліміз мемлекеттік болғалы бері ана тілімізді құрметтеп, қазақ әдебиетін жан- жақты қырынан ашып, талдап оқыту, тарихпен ұштастырып оқыту оқушы жан дүниесін нұрландырып, ұлтжандылық сезімін, құштарлығын арттыра түседі. Әл- Фараби бабамыздың пайымдауынша: «Әке баласы үшін қандай жауапты болса, әр халық өз тарихының алдында сондай жауапты ».

Жас ұрпақты тәрбиелеудің, оқытудың басты мақсаты – оның бойына ұлттық діл-болмысты, жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіру, әлемдік өркениеттің бағалы ой-пікірлерін насихаттау. Баршамызды да ана тіліміздің көсегесін көгертіп қолдану аясын кеңейту мемлекеттік тілдің қамы, туған тіліміздің тылсым иірімдеріне деген құмарлық толғандырары аян. Оның үстіне елдің үкілі үмітін артып отырған ұрпақ тәрбиесінің аясында жүргендіктен, менің де сол салаға өзімше үлес қосу міндетім, қала берді борышым деп санаймын.

Қазақ табиғатынан ділмар, шешен халық. Шешендік нақылдар мен толғаулар-ділмар ата-бабаларымыздың алтыннан соққан сөз сарайы, тіл маржаны, ақыл-ойдың дариясы, қасиетті ата-бабамыздың келер ұрпаққа айтып кеткен кір шалмас ғұмырлы өсиеті. Бүгінгідей нұрлы күнге қол жетіп отырғанда осындай ұлы мұраларымызды үлгі етіп, ұрпақ санасына сіңіріп бойларына дарыта баулу қоғамның басты мақсатына айналып отырғандай.

Халықтағы «ақылды адам сөзді нақылсыз айтпайды, бір айтпаса нақылды ақылсыз айтпайды» деген тұжырым бары белгілі.Осы ретте сөз құдіретінің діңгегі, алтын тағы бұл шешендік сөздер яғни шешендік өнер десек қателеспеспіз. Сондай діңгек пен тақты ұрпақ тәрбиесі мен болашағына қатыстырмау мүмкін бе?! Осындай толғамнан кейін менде осы тақырыпты ойға алдым.

5- сыныптағы тұрмыс-салт жырлары-төрт түлік туралы оқығанда түліктің пірлері қой-шапан ата,жылқы-қамбар ата,сиыр-зеңгі баба,түйе-ойсыл қара,ешкі-шекшек ата деп оқыдық.Пір дегенді түсіндіру,мағынасын ашуда Досбол шешеннің (Баймұрат)

Кедейдің пірі – қалтақ ата

Ұрының бірі – жалтақ ата

Шебердің пірі – тепшім ата

Кәрінің пірі – кекшіл ата

(деген сөзін пайдаландым, түсініп беру).

5-сыныптағы Ахмет Байтұрсынұлының «Егіннің бастары»

мысалын оқығанда Бала бидің:

Жерден ауыр дегенім-ақыл,білім

Судан терең дегенім-оқу-ғылым

Оттан ыстық дегенім-фәни жалған, адамның өмірі.

Көктен биің дегенім-тәкаппардың көңілі, - шешендігімен байланыстырдым.

Көркем сөз – көрікті ойдың көрінісі десек, аса құнды сөз құнарлы ойдан ғана туады.Сөз бен ойдың бірлігі өмірлік нәрлі тіл болып табылады.Сөз өнері адамның ойын өрістетіп, сезімін сәулелендіреді.Осы тұрғыдан алғанда сөз өнерінің жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызы ерекше.Сөз өнерінің құдіреті арқылы талғамы биік, ойы ұшқыр ұлтжанды ұрпақ тәрбиелейміз.Сондықтан ұлтжандылық тәрбиеге өнер мектебіндегі терең білім мен іс- тәжірибе арқылы қол жеткізуге болады.

3-СЕКЦИЯ

ӨЛКЕТАНУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

КРАЕВЕДЕНИЕ И ТЕХНОЛОГИЯ ОБУЧЕНИЯ

ӨЛКЕ ТАРИХЫНЫҢ ТАРЛАНЫ

Танатарова Ж.Т.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Туған өлке тарихының түйткілдерін толық тарқату бүкіл Қазақ тарихымен тұтасқанда ғана ұлттың жасампаздық рухы екі есе асқақтайды. Өлке тарихын – Отан тарихынан бөліп қарауға болмайды. Осы жолда ұзақ жылдар бойы жұмыс жасап жүрген белгілі ғалым, көрнекті тарихшы, ұлағатты ұстаз, Қазақстан Республикасы Қоғамдық Ғылымдар академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Хисмет Бозанұлы Табылдиев ағамыз . 1936 жылы Хисмет Бозанұлы Махамбет ауданының Бесікті ауылының іргесіндегі Қарасу көлінің жағасында дүниеге келген. Балалық шағы Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарына дәл келген Хисмет бар қиыншылықты бастан өткерді. Қаршадайынан еңбекке араласып, өзек талмас үшін өзен жағалап балық аулап, атшоңқай деген өсімдікті азық етіп, соғыстағы жауынгерлерге киім кешек жіберіп ауылдағы бала шағаға қарасу сияқты міндеттерді атқара жүріп, есейген ұрпақ өкілі.

1957 жылы Атырау қаласындағы Орджоникидзе атындағы орта мектепті бітірген соң, Алматыдағы Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының (КазПИ) тарих филология факультетіне оқуға түседі. Мектепте жүргеннен әртүлі тақырыптарға мақала жазып, қаламы ұшталған ол институт студенттерінің қоғамдық өміріне бел шеше араласып, ізденумен машықтану мектебінен өтеді. 1962 жылы институтты жақсы аяқтаған Хисмет Бозанұлы Гурьев педагогикалық институтына оқытушылық қызметке шақырылады. Сонан бері бүгінгі күнге дейін оның бүкіл еңбек жолы мен ғылыми қызметі осы институт негізінде құрылған Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетімен тығыз байланыста өттуде. Ғылыммен айналысуды мақсат етіп Мәскеу, Санкт-Петербург, Орынбор, Алматы, Атырау мұрағаттарын тынбай ақтарды.

Осының нәтижесінде 1972 жылы Ш. Уәлиханов атындағы тарих және археология ғылыми зерттеу институтында академик Салық Зимановтың ғылыми жетекшілігімен «Гурьев қаласының тарихы» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғап, Атырау қаласының өткені мен бүгіні туралы көптеген деректерді ғылыми айналымға шығарды.

Еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты Отан тарихын терең әрі жан-жақты зерттеу мәселесі тұрды. Осыған байланысты Х. Табылдиев алғашқылардың бірі болып, тарихтағы ақтаңдақтар мәселесін зерттеуді қолға алды. 1997 жылы академик М.Қозыбаевтің кеңесімен тарих ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін «Қазақстандағы сауатсыздықты жою: тарихи тәжірбие және тағлым» деген тақырыпта диссертация қорғады. Тынбай ізденістің арқасында ғалым профессор, академик дәрежесіне дейін көтеріліп, ғылымның биік шыңына жетті. Қоғамның демократиялық негізінің бірі болған бұқаралық тарихи сананы қалыптастыруға белсенді ат салысып жүрген тарихшы

Сауатсыздықты жою қиыншылықтарымен ерекшеліктеріне ғана арналған бірнеше ғылыми зерттеулермен қатар(1).«Ақтаңдақтар ақиқаты» атты мақалалар жинағын баспадан шығарды(2). Екі томдық «Боздақтар» кітабы, Қазақ энциклопедиясы мен «Атырау» энциклопедиясында, «Жеңісті жақындатқан жандар», «Отты жылдар»(3) атты және көптеген жинақтарда кәсіби тарихшының пайымдары мен тұжырымдары мен көзмайын тауысқан қажырлы ізденісі жатыр.

. Ол қоғам қайраткері санатында өзінің бар күшін Тәуелсіз еліміздің тұғырын нығайтуға атсалысып жүрген азамат- тарихшы.

Сонымен қатар, басшылық қызметте жүрген кездерінде де ел тарихының ақтаңдақ беттерін ашып, оларды жаңаша бағалап, елдіктің, тәуелсіздіктің талабы тұрғысынан қайта бағалауда өзінің іскерлік қабілетімен, кең білімімен, үлкен ұйымдастырушылық еңбегімен, қаламының ұшқырлығымен жұртшылыққа кеңінен танылды.

Кейінгі жылдарда ғалымның зерттеу еңбектеріне 1918-1930 жж. ұлттық-мемлекеттік құрылыс, тағдыры Кеңес өкіметінің Қазақстандағы мәдени-ағарту реформалары, республикадағы қоғамдық-саяси өмір мәселелері енді. 1990 жылдардың бас кезінде қоғамдық-саяси өмірдегі түбегейлі өзгерістерге байланысты Қазақстанның тарих ғылымында да бетбұрыс кезеңі басталды.

Қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар алдында өткен тарихи жолды жаңа тұрғыдан зерделеу міндеті тұрды. Бірінші кезекте Қазақстан тарихындағы «ақтаңдақтарды» жою, халықтың мәдени мұрасын жаңғырту бағдарламасы жасалды. Сол кезеңнен бастап, Хисмет Бозанұлы Қазақстан Республикасы тарихының өзекті мәселелерін зерттеуге зор үлес қосып келеді. 1996 жылдары жарық көрген «Кіші

жүз руларының шежіресі» атты еңбегінде көне заманнан бүгінге дейінгі қазақ халқының мекендеген жерлерін анықтап, Қазақ мемлекетінің тарихы сонау сақ, ғұн, түркі кезеңінен бастау алатынын толыққанды Ұлттық тарихты зерделеу ру-тайпалар тарихын түгендеуден басталатынын сол кезде-ақ жазады. Х.Табылдиев пен А. Қалмұратовтың 1994 жылы жарық көрген «Кіші жүз рулары (шежіресі мен тарихы)» өлке тарихын зерттеуге қосылған сүбелі еңбек(4) деп атауға болады. Кіші жүз рулары жайлы еңбекті жазу барысында осы кезге дейін көпшілікке ұзынсонар аты ғана емес-емес белгілі, бірақ көзге көрінбей келген XVII ғасырда Тәуке хан жарлығымен жазылған шежіре-кітап, Жетірулық Нұрпеке халпе шежіресі авторлардың ой елегінен өтті. Тәуке ханның шежіре кітабы жайлы, ондағы қазақ руларының түп-төркінінің баяндалуы жайлы біршама мәліметтер берілген.

Аталмыш еңбекті даярлау барысында авторлар шежірешілердің қалыптасқан дәстүрінде қалып қоймай, оған өзіндік бағыт-бағдар белгілеп, оқушы назарын ең алдымен жалпы адамзат тарихы жөніндегі діни, ғылыми, ауыз-екі шежірелік бұлақтар дәйектеріне аударуға тырысқан.

Кітапта қазақ халқының ұлт, халық болып қалыптасуының ру, тайпа, ұлыстар тарихымен байланыстылығын әңгімелей отырып, халқымыздың тегін түзеген тайпалар атауының этимологиясына, олардың мекендеген географиялық орнына, басынан кешкен уақиғаларына байланысты мәліметтер де келтіреді. Сонымен қатар қазақ руларына байланысты шежірелік деректер салыстырмалы түрде, бірнеше шежірелік нұсқалар мен ауыз-екі деректердің мәліметтеріне сын көзімен қарай отырып тұжырымдайды.

Алшындар деп аталатын кіші жүз руының қалыптасуы мен ол рудан шыққан атақты тұлғалар жайында танымдық деректерге де орын беріп, көп ретте бұрын көпшілікке белгісіз есімдер мен деректерді ғана айналымға енгізуге ұмтылған. Сондай-ақ, Кіші жүз руларының жалпы саны жөнінде де нақтылы мәліметтер келтірген.

Бұл еңбегінен ғалымның жастарға тарихи білім беру мәселесіне жанашырлық танытқанын байқауға болады. Тарихшылар ғана емес, қарапайым кез келген қазақ мектепке барып жүрген балаларына оқытылатын әр дүниеге алаңдайды. Ал осының ішінде баласының өз елінің, жерінің, туған мекенінің тарихын білу, ата-бабасының жауынгерлік, батырлық рухын сезініп өсуіне септігін тигізетін Қазақстан тарихының үлесі басым. Ұлттық идеология да тарихты танудан басталады. Өлкетану – бұл тарихпен тәрбиелеу, ұлттық таным мен тарихи есте сақтау қабілетін қалыптастыру. Туған өлкеңді танып, білу арқылы ғана, оны сүйіп, сақтауға тырысасың. Жас ұрпақ санасында жаңа тарихи көзқарас қалыптастыру мен оны насихаттау баршамыздың міндетіміз. Х.Бозанұлы Атырау облысы, Атырау қаласының тарихын жазу ісінде де бастама көтеріп жүр. Жоғарғы оқу орындары мен мектепте оқытылатын тарихтың міндеті - тарихтың жарқын беттерін, адамзат өркениетіне қосқан қомақты үлесін сипаттауға мейлінше көп орын бере отырып, жастарды отаншылдыққа тәрбиелеу, сондықтан мектеп, жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтарға енгізілетін материалдарды іріктеуге мұқият қарау қажеттігіне баса назар аудару қажет дейді. Ғалымның зерттеу ауқымы барынша кең, әрі сан салалы, Қазақстан тарихының әртүрлі кезеңдеріне арналып, тың тақырыптарды көтерген, күрделі мәселелерді қозғаған, олардың шешілуіне өз пайымдауларымен, ой-тұжырымдарымен үлес қосты. Ғалымның қаламынан 5 монография, 200-ден астам мақалалар жарық көрді. Отандық ғылымға сіңірген еңбегі жоғары бағаланып, Қазақстан Республикасының орден, медальдарымен марапатталды. Хисмет Бозанұлы жоғары білікті ғылыми кадрлар даярлау ісіне зор көңіл бөліп келді. Оның ғылыми жетекшілігімен бірнеше кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды. 50 жылдан астам уақыт Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Қазақстан тарихы» кафедрасында оқытушы профессор қызыметінде жүріп, магистранттарға дәріс оқуын әліде жалғастыруда

Қорыта айтқанда, құрметті ұстаз, академик Хисмет Бозанұлы сөйтіп көп ізденіс пен еңбектің арқасында өлке тану тарихының басында тұрған ғалым, тарихшы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Табылдиев Х.Б. Сауатсыздықтың білім шыңында. Алматы. Өлке.
2. Табылдиев Х.Б. Сауатсыздықтың жойылуымен оның қорытындысы. Алматы. Ғылым, 1996.
3. Табылдиев Х.Б. Қазақстанда сауатсыздықты жоюдағы қиыншылықтармен ерекшеліктер. Алматы. Ғылым. 1997.
4. Табылдиев Х.Б., Нығметов Ғ.Н. Ақтаңдақтар ақиқаты. Алматы. Өлке. 1999.
5. Табылдиев Х.Б. Боздақтар. Алматы. т.1.41-54бб.
6. Табылдиев Х.Б. Боздақтар. Алматы. т.2.2-41бб.
7. Табылдиев Х.Б., Қалмұратов А. Кіші жүз рулары: Шежіресі мен тарихы, Алматы. 1994.

БАЛЫҚ КӘСІПШІЛІГІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

Меңдігереев К.Б., Бердіғожин Л.Б.

Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

XIX ғасырдың II жартысында Каспий аумағындағы балық кәсіпорындары әр түрлі және кең көлемді балық өңдейтін жерлерді иеленді. Каспийдегі балық және итбалық кәсіпшілігінің Басқармасына қарайтын бүкіл аймақ 19 бекет бөлімшесіне бөлінді. Оның 9-ы өзендікі, қалған 10-ы теңізге кірді [1].

Теңіздегі бекет бөлімшелерінің 5-і қазіргі Қазақстанның аумағына кірді. Солтүстіктен оңтүстікке қарай жылжыған балықшылар өзендердің сағаларынан құнды болып табылатын балықтардың мол қорларына кездесіп қалып отырды.

Балықтарды аяусыз аулаудың, әсіресе, уылдырық шашатын уақыттарда үлкен аулармен аулануы балықтардың теңізге қарай кетуіне себеп болды.

Өзендерде балық аулау көбінесе суларды иелену шарттарына байланысты болған. Тарихи қалыптасқан жағдайларға байланысты өзендердің жағалауларына иелік жасаушылардың бәрі бірдей балық аулау құқығын ала бермеген.

Яғни, балық аулайтын жерлерге біреулері иелік жасаса, ал онда балық аулауды, екіншілері ұйымдастырған. 1900-1901 жылдары Мемлекеттік мүлік және жер өңдеу министрлігі бұл мәселені шешуге тырысады. Министрлік көп жағдайларды салыстырмалы түрде қарастыра отырып, бұдан былай балық кәсіпкерлеріне жалға берілетін жерлер және одан балық аулайтын уақыттары жылдың бір мезгілінде белгіленіп жалпы мерзімі, алты жылға ғана аулау құқығын берді. Егерде келісім-шарттар бұзыла қалған жағдайда, жерді иелену де, одан балық аулау уақыты да бір мезгілде тоқтатылатын болды [2].

Дегенмен, Каспий теңізі мен оның аумағындағы өзен-көлдердің басым бөлігі қазыналық болып есептелді. Қазына 1895 жылы бұл жерлерді 144 бөлікке бөліп тастады. Оның 125-ін аукцион өткізу арқылы жалға берсе, ал қалған 19 бөлігін үздіксіз бақылауда ұстады. Ал қалған балық аулайтын жерлер жекелердің, мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың иелігіне қалдырылды.

Сол кездегі жекеменшік иелері мыналар еді: Жайық казак әскерлері, қалалық және селолық қауымдастықтар, сондай-ақ әр түрлі деңгейдегі жеке тұлғалар. Соның ішінде шаруалар, мешандар, көпестер. Осылардың арасынан «Ағайынды Сапожниковтар» мен Ф.И.Базилевскойдың фирмалары ерекше байып шықты.

Мысалы, «Ағайынды Сапожниковтар» фирмасы 16730 десятина немесе 161 шаршы верст балық аулайтын суларды иеленсе, Ф.И. Базилевскийдың фирмасы 29064 десятина немесе 279 шаршы верст болатын аумақты иеленді. Екі ірі иелікте Жайық өзенінің Каспий теңізіне шығатын атырабында орналасып, сапалы түрде балық аулайтын орындарды қамтыды [3].

Жалға алушылардың қатарын, негізінен көпестер, казактар, шаруалар құрады. Олар теңіз және өзен суларының көптеген бөлігін жалға алған соң, оларды қайтадан жекелерге қымбатына жалға беріп отырған. Сондай-ақ жалдамалылар теңіз және өзен суларын жалға алғаннан кейін маңайындағы шаруаларды ығыстыра бастайды.

Қысымға шыдамаған село шаруалары 1900-1906 жылдары Каспийдің балық және итбалық кәсіпшілігі жөніндегі Басқармаға, содан кейін жер иелену және жер өңдеу Басқармасына шағымданумен болады. Шаруалардың шағымдарының дерлігі жалға алушылардың қысымына деген наразылықтар, теңіздегі балық аулайтын билеттің қымбаттауы, астықтың шықпай қалуы, сондықтан балық аулайтын мемлекеттің меншігіндегі бөліктерді аукционсыз жалға берілуін талап етуден тұрды [4].

Осыған байланысты, 1906 жылы Мемлекеттік жер мүліктерінің департаменті Жер өңдеу департаментіне былай деп хабарлайды: «Департаменттің ұйғарымы бойынша Каспийдің балық және итбалық кәсіпшілігі жөніндегі Басқарма шаруаларға мемлекет меншігіндегі балық аулайтын жерлерді ешқандай сауда-саттықсыз жалға беруге рұқсаттың қажеті жоқ. Өйткені 1903 жылы шыққан ауыл шаруашылық Жарғысының 771-ші бабында көрсетілгендей шаруаларға бұл жерлер ешқандай шартсыз жалға беруге болады» [5].

Қазына суларын жалға алған село шаруалары да көп жағдайда басқаларға қайтадан жалға беріп, өздері ауыл шаруашылығымен айналысқан.

1883 жылы қабылданған кондиция деп аталатын сауда шарттарында үкімет теңіз және өзен суларын жалға алушыларға өздерінің қайықтарын қоюға және құрал-саймандарын кептіру үшін жағалаудан он саженге (21 метр) дейінгі жерлерді пайдалана алды. Бірақ ондағы шөптерді шабуға рұқсат берілмеді. Алайда патша үкіметі орыс шаруаларының мүдделерін қорғауға тырысып бақты.

Дегенмен кондицияның 9 бабында үкімет шаруаларға тиесілі жерлерден көктемгі тасыған су қоймаларын алып, оны балықшыларға жалға берді. Шаруалардың азығына пайдалану үшін тек он саженге дейінгі аралықта қабыршақ тұқымдас балықтарды аулауға рұқсат берді [6].

Теңіз және өзен суларынан балық аулағандықтан жалға алушы қазынаға келісімді салық төлеп тұрды. Балық және итбалық кәсіпшілігі жөніндегі Басқарма балық аулауды қоғамдық бақылауға алғанына кеткен шығындардың орнын жабуға да белгілі бір пайыз ұстап тұрған.

Қазынаның қандай да болмасын шығындарға ұшырамас үшін жалға алушы жарты жылдық салығын алдын ала ақшалай кепілдеме ретінде үкіметке беріп отыруға мәжбүр болған. Бұл сома жалға алушының мерзімі біткенге дейін Басқармада сақталған. Сонымен қатар үкімет жалға алынған бөліктерді қазынаның қажеттілігіне кез-келген уақытта алып қою құқығын иеленген. Ал жалға алушы болса ешқандай наразылығын білдіре алмаған, тек төленген салығын қайтара алған [7].

Жайық казак әскерлерінде балық аулаудың өзіндік ерекшеліктері қалыптасты. Балық аулау жаздық және қыстық болып екіге бөлінді. Жаздық балық аулау 15 наурыздан 15 қарашаға дейін созылып теңіз және өзен сулары жалға беріліп тұрды. Қысқы балық аулау 15 қарашадан бастап 15 наурызға дейінгі мезгілді қамтып балыққа бүкіл станица және команда болып шықты.

Жайық өзенінің сағасында орналасқан казак станицаларында балық аулау негізгі кәсіп болып табылды және жеке кәсіпкерлермен бәсекеге түсіп отырды. Казактар көктемдегі балықты өздерінің және жалға берген суларынан аулады. Өздеріне тиісті өзен суларын жалға берген кезде казактар көктемде одан қалтқылы аумен аулау құқығын сақтайтын еді [8].

Жалпы алғанда әскери қорға жалға беруден жыл сайын 96-97 мың сом ақша түсіп тұрған. Балық аулау кәсібі XIX ғасырдың аяғында балық өндірісінің өндіру және өңдеу сияқты екі саласын қалыптастырады. Яғни, балық кәсіпшілігі дамуының нәтижесінде бірінші жағынан өндіру кәсібінің өңдеу және сату кәсібінен бөлінгені байқалса, екінші жағынан жақын және алыс рыноктарға балықтарды сатуды жекелеген ірі өндіріс иелерінің жүзеге асырғанын көреміз.

Теңіз және өзендердегі тең емес жағдайдағы балық аулау дәстүрлері қалыптасқандықтан, онда бір-біріне ұқсамайтын әр түрлі қатынастарды орнатады. Өзендегі балық аулау кәсіпшілігінде өзіне бірнеше балықшылар мен жұмысшыларды жалдап, оларға барлық жұмыстарын орындататын ірі балық өндіріс иесімен қатар жаңадан аулаған жас балығын рынокке өткізіп, өзіне-өзі қожайын ұсақ балықшы болған.

Теңізде балық аулаудағы еңбек ақы бөлінді. Теңіз балықшысы ауланған балығын жағалаудағы ватагада өңдеу үшін алыпсатарға немесе балық өндіріс иесіне өткізген. Теңіз жағалауында негізінен қызыл балықты өңдейтін балық өндіріс орындары көп болса, өзендердің жағалауы болса, қабыршақты тұқымдас балықтарды тазалайтын батағалардан тұрған.

Жағалаудағы өндіріс орындарын құру және оны сақтап тұру, оған жұмысшыларды жалдау көп қаражатты қажет етті. Сондықтан балықтарды өңдеу тек қана ірі және орташа кәсіпкерлердің қолынан келді. Кейбір кездері өзен балықшылары ауланған балықтарын өздері өңдейтін. Алайда, олардың балықтарын алыпсатарлар сатып алғандықтан рынокке бірден түспейтін.

Теңіз балықшылары жағалаудан алыс жерде балықты аулаған кезде оны арнайы өндіріс қайықтарында тұздаған. Астрахандық рынокта мұндай әдіспен тұздалған балықтардың құны жағалауда дайындалған балықтың бағасынан кем түсетін [9].

Теңіз жағалауына жақын суларда ауланған балық жаңа күйінде жағалаудағы өндіріс орындарына жеткізіліп, сол жерде жалдамалы балықшылар өндіріс иелеріне алдын-ала белгіленген көтерме бағамен немесе еркін балықшылар оларға нарықтық бағамен өткізеді.

Алайда, көбінесе өндіріс иелерінің қойған бағалары балықшылардың көңілінен шықпағандықтан ортаға алыпсатарлар араласады. Алыпсатарлар өздерінің кемелерімен теңізге шығып балықшылардың ауланған балығын сатып алып, сол арада балықтарды өңдейтін болған. Мұны білген жағалаудағы өндіріс иелері кемелерін теңізге жіберіп жалдамалы және еркін балықшылардың өнімдерін сатып алып, келген кемелерінде балықтарды тазалап, алыпсатарлармен бәсекеге түскен.

Алыпсатарларда бәсекеден қалыспай балықшылардың жаңа балығымен қоса жартылай өңделген өнімді де, кейін дайын балық өнімдерін қабылдайтын болған. Осылайша теңіздегі балықтарды көптеп сатып алушылықтың дамуы және алыпсатарлар мен жағалаудағы өндіріс иелерінің арасында болған бәсекелестіктің нәтижесінде балық өңдейтін қозғалмалы өндіріс орындары пайда болды.

Теңізге шыққан өндіріс орындары кемелері өндірушілерге жақын жерде жүзіп жүрді. Жылжымалы теңіз өндіріс орындары әсіресе, XX ғасырдың басында қабыршақты балық тұқымдастарын аулауды дамытқан кезде күшейеді.

Сол уақыттары балық тұздайтын бөлмелерімен қатар, мұздықтар, балық аулайтын құрал-саймандарды сақтайтын қоймасымен бірге, жұмысшыларға арналған казарма, асхана, наубайхана және фельдшерлік бөлмесі бар тұтас жүзетін өндіріс орындары пайда болды. 1894 жылы дәл осындай екі баржы болса, 1913 жылы олардың саны 8-ге жеткен [10].

Өзендерде балық өнімдерін өңдейтін өндіріс орындары болған. Оларды өзен батағалары деп атаған. Батағалар бөлмелерінің құрамына балық өнімдерін қабылдайтын және дайындайтын салдар, ұн сақтайтын жәшіктер, мұздықтар, тұзға арналған амбарлар, балықтарды кептіретін және тұздайтын бөлмелер, жұмысшылар жататын казармалар, өндіріс орындары әкімшілігінің үйі, монша, емхана және тағы басқалары кірді [11].

Балық тұздайтын ыдыс өндіріс орынындағы негізгі құрал-сайман болып есептелді. Беті жабылып жерде тұрған ағаш кеспектер лабаз деп аталып, балық тұздайтын жылы бөлменің рөлін атқарды. Шаруаларды немесе казактарды кіші стандарты он шақты кеспектен тұратын лабаздан тұрды. Ал Ф.И.Базилевский, «Ағайынды Сапожниковтардың» лабаздары жүздеген кеспектерден құралды.

Әр орташа кеспекте шамамен 30-40 мың торта шабақ немесе ұсақ қабыршақ тұқымдас балықтар сиып кеткен. Сонымен қатар барлық өндіріс орындарында бірдей болып келетін балық тұздайтын суық бөлмелер болған. Бұл бөлмелер ағаш үй ретінде жерге жартылай көмілген, ішкі жағы үшке бөлінген. Бірінші бөлігінде мұздықтар тұрса, ортасындағы бөлік үлкендеу болғандықтан онда астаулар мен жәшіктер қойылған. Әр жәшіктерде кем дегенде 75 мыңға дейін май шабақ сақталса, астаулардың ұзындығы 40-50 саженге (85-107 м) дейін жеткен [12].

Өндіріс орнының ең маңызды құрал-саймандарының бірі – сал еді. Ол бағаналар арқылы жағалаудан қашықтау салынғаны соншалықты, оған балық тиелген қайықтар мен баржалар да жақындай алатын. Салдың жанына қызыл балықтың уылдырығына арналып бөлімше орналасты.

Ауланған балықтың бір бөлігі тұтынушыға тірідей немесе мұздалған күйінде жөнелтілген, ал қалған бөлігі сатуға өңделініп тұздалған, сүрленген түрінде жеткізілді. Сонымен қатар саудаға: уылдырық, май, желім сияқты балық өнімдерінің басқа да түрлері түскен.

Теңіз батағалары кемелердің келу ыңғайына қарай аралдар мен төбешіктерде, селолардан қашық емес, қауіпсіз жерлерде орналасты. Теңіз жағалауындағы өндіріс орындары өзен батағаларынан айырмашылығы сонда, теңіздегі қызыл балық батағаларында жылы кеспектер және жұмысшылар мен балықшыларға арналған казармалар болмады, ал қалған тұстары ұқсас келді.

Каспий теңізі мен оған құятын өзендердегі балық аулау сапасының көтерілуі өндірістік және транспорттық кемелердің өсуіне әкеліп, оның ішінде механикалық қозғалтқышы бар кемелер жыл өткен сайын көбейіп отырды (2 кестені қараңыз) [13].

Кесте 2 - Өндірістік және транспорттық кемелердің өтуі

Жылдар	Кемелердің саны, олардың бағасы		Оның ішінде			
	1	2	3	4	5	6
	Саны	Жалпы Бағасы	Желкенді	ескекті	Механикалық қозғалтқыш	
			Саны	Бағасы	Саны	Бағасы
1874	2769	-	2769	-	-	-
1911	35658	4541000	35605	3994000	53	547000
1913	55024	8027000	54846	5515000	178	2512000

2 кестеде көрсетілгендей балық өндіріс иелері кемелерінің саны жылдан-жылға артқан. 1913 жылы бүкіл балық өндіріс иелерінің флотындағы кемелердің жалпы құны 8027 мың сомды құраған. Оның ішінде бумен жүретін кемелері 2512 сом болып 31 пайызға жетсе, кемелердің қалған түрлері 5515 мың сомға жетіп, 69 пайызға жеткен.

1913 жылғы өзендердегі балық аулау құралдарының бағасына тоқталатын болсақ: онда өзендегі балық өндіріс иелерінің құрал саймандары 825000 сом тұрса, балықшылардың құралдары 720000 сомды құрап, жалпы бағасы 1545000 сом тұрған.

Теңіз балықшыларының құрал-саймандарының (аулау құралдары) жалпы құны 4,5 млн. сомды құрады. 1913 жылы балық аулаудың барлық құрал-саймандарының жалпы құны 6045000 сом болды, оның: 25 пайызы өзеннен балық аулау құралдарына және 75 пайызы теңіз құралдарына тиесілі еді. Барлық аулау флотының құны 6685000 сомға, оның ішінде: өзеннен балық аулау - 655 мың сомға - 9 пайызға, ал теңізден аулау - 6230000 сомға - 91 пайызға бағаланды.

Каспий теңізі аймағынан балық өндіру кәсіпшілігінің негізгі капиталының жалпы құны: балық өндіріс иелерінде - 8852000 сомды, балық аулаушыларда - 12105000 сомды құрады.

Балық өндіру кәсіпшілігіне салынған барлық капитал 20957 мың сомды құраса, оның 8852 мың сомы (41 пайыз) ірі және орта балық өндіру шаруашылықтарына және 12105 мың сомы (59 пайыз) балық аулау шаруашылықтарына тиесілі болды.

Каспий балық және итбалық өндірісі басқармасының бағалауынша балық өңдеу өндірісінің барлық негізгі капиталы 1910 жылы - 2717757 сом, В.И.Мейснердің есебі бойынша 3 млн, сом болып есептелген [14].

Балық өңдеу қарапайым тәсілдермен жүргізілді. Ауланған барлық балық түрлерінің басым бөлігі тұздауға жіберілді. Тұздау XVIII ғасырдың аяғынан бастап қолданылған дәстүрлі әдістермен жүргізілді. Балық өңдеу саласындағы жалғыз жетістік алғаш рет инженер Ф.А. Пелль қолданған шабақты салқын тұздау тәсілі болды.

Бұл тәсіл бойынша шабақ алдымен тұз қосылған мұз түйіршіктерімен қатырылып, сонан соң тұздалатын. Бұл жетістік өндіру кәсіпшілігіне де өз ықпалын тигізді, бұл кезде балықты бүліну қаупінен қорықпай теңізден аулауға немесе сатып алуға болатын еді, ал өңдеу кәсіпшілігінде шабақты дайындаудың сапасын едәуір жақсартты.

Ірі мөлшеріне қарамастан барлық балық өңдеу кәсіпшілігі арзан маманданбаған жұмыс күшін қолдануға негізделген берекетсіз сипатта болды. Барлық жұмыс түрлері машина мен механизмдер қолданылмай, қолмен атқарылды. Өңдеуде қарапайым әдістер мен құралдарды қолданудан келетін шығындар ескерілмейтін, өйткені базарда тауардың аз болуы оның сапасын жақсартуға ерекше талаптар қойған жоқ. Балық тауарларының негізгі көпшілік тұтынушылары қала және ауыл тұрғындарының тұрмысы төмен тобы болды, сондықтан сұраныс тек арзан тауарларға болды. Бірақ, ірі өндіріс орталықтары мен шетел нарықтарының жас балықтарға сұранысының өсуіне байланысты Астрахан балық өндірісі иелері балықты қатыруға көше бастады. 1913 жылы «Ағайынды Сапожниковтер» фирмасы бірінші тоңазытқыш сатып алса, Астрахан қаласында балық қатыратын және сақтайтын екі тоңазытқыш «Уникон» және (жалпы сыймдылығы 55 мың центнер) «Астраханский холодильник» шығарылды.

Тұздау арқылы балықты өңдеу ірі капитал салуды талап етпейтін болғандықтан ұсақ және ірі кәсіпорындарда да жүргізіле беретін, сондықтан ұсақ кәсіпшілікте ірі кәсіпшілікпен бәсекеге түсу мүмкіндігі болды. Л.И. Гурвич өзінің Каспий аумағын зерттеуінде қазыналық бөліктердегі орналасқан кәсіпшіліктерді Каспий балық және итбалық өндірісі басқармасының 1910 жылы жүргізген бағалауы негізіндегі қуаттылығы бойынша кестесін жасады (3 кестені қараңыз) [15].

Кесте 3 - Балық кәсіпшілігі орындарының негізгі капиталының құны бойынша топтастырылуы (1910 жыл)

Кәсіпшілік құны	Кәсіпшілік саны				Барлығы			
	2	3	4	5	6	7	8	9
1		%	теңізде	%	Кәсіпшілік	%	Жалпы құны. Сом	%
5000 сомға дейін	290	76,2	154	69,8	444	73,7	564520	21
5 мыңнан 10 мыңға дейін	44	11,5	48	21,7	92	15,3	699770	26
10 мыңнан 15 мыңға дейін	19	5,0	14	6,3	33	5,5	418940	15
15 мыңнан 20 мыңға дейін	7	1,8	3	1,4	10	1,7	183566	7
20 мыңнан 25	6	1,6	1	0,4	7	1,2	172281	6
1	2	3	4	5	6	7	8	9
25 мыңнан 30 мыңға дейін	5	1,3	-	-	5	0,8	162530	6
30 мыңнан 35 мыңға дейін	6	1,6	1	0,4	7	1,2	240150	9
35 мыңнаы 40 мыңға дейін	1	0,3	-	-	1	0,1	37000	1
40 мың және одан жоғары	3	0,7	-	-	3	0,5	239000	9
Барлығы:	381	100	221		602	100	2717757	100

Егер Басқармамен 5000 сомға дейінгі кәсіпшіліктер ұсақ қарапайым типіне жатқызылып бағаланғанын ескерсек, онда 4 кесте бойынша барлық кәсіпшіліктің жалпы санының 73,7 пайызы (444 кәсіпшілік) ұсақ өндіріс иелерінде болған, бірақ құны бойынша олар тек 21 пайызды құраған. 5 мыңнан 10 мыңға дейінгі кәсіпшіліктерді орта деп алатын болсақ, онда олар 15 пайызды (92 кәсіпшілік) құрайды, 10 мыңнан жоғары бағаланған кәсіпшіліктер (ірі кәсіпшіліктер) барлық санының 11 пайызын құрап, бұл екеуі тиісінше құны бойынша 26 және 53 пайызды көрсетеді.

Бұл мәліметтер тек қазыналық бөліктерде орналасқан кәсіпшіліктерді қамтығандықтан, Сапожниковтердің, Хлебниковтердің және басқа да иеленушілердің ірі кәсіпшіліктері (15 балық кәсіпшілігі орындары) бұл мәліметтерге енгізілмеген. Бұл кестеде көрсетілген мәліметтер ұсақ және орта балық өңдеу кәсіпорындарының болғандығын және олардың санының айтарлықтай екенін көрсетеді, бірақ негізгі капиталының жалпы құны бойынша жетекші жағдайды ірі кәсіпшіліктер алды (53 пайыз болған).

Балық кәсіпшілігі орындарындағы капитал айналымы бойынша мәліметтерге сүйене отырып, бұл кәсіпшіліктерді капитал айналымы сомасы бойынша топтастырайық (4 кестені қараңыз) [16].

Кесте 4 - Балық кәсіпшілігі орындарының капитал айналымы сомасы бойынша топтастырылуы (1913 жыл)

Капитал айналымы сомасы бойынша орындар мың сом	Барлық балық кәсіпшілігі орындары	%	Оның ішінде			
			4	5	6	7
1	2	3	өзен	теңіз	қала маңы	Баржа
5 мың сомға дейін	221	26,7	164	43	14	-
1	2	3	4	5	6	7
5 мыңнан 10 мыңға дейін	121	14,6	64	24	33	-
10 мыңнан 50 мыңға дейін	326	39,3	115	88	123	-
50 мыңнан 100 мыңға дейін	69	8,3	28	17	24	-
100 мыңнан 1млн. дейін	91	11,0	28	18	37	8
1 млн. жоғары	1	0,1	1	-	-	-
Барлығы	829	100	400	190	231	8

Балық кәсіпшілігі орындарын капитал айналымы сомасы бойынша сипаттайтын 5 кесте 4 кестеде келтірілген мәліметтерді нақтылайды:

Айналымы жылына 5 мың сомнан аспайтын кәсіпшіліктер шартты түрде ұсақ кәсіпшіліктерге жатқызылған, саны 221 дананы (26,7 пайыз) құрайды, орта кәсіпшілікке жатқызылған жылына 5 мыңнан 10 мыңға дейін айналымы болатын кәсіпшіліктер саны 12 (14,6 пайыз), 10 мыңнан аса айналымы бар кәсіпшіліктер саны 487 (58,7) болды. Осылайша ірі балық өңдейтін өндіріс орындары барлық балық өндіру орындарының арасында ең алдыңғы қатарда тұрды.

Ал ұсақ балық кәсіпшіліктерінің ұзақ жасағыштығының себебі, жоғарыда көрсетілгендей, балық өңдеуге қолданылған техниканың өте төмен болғандығында, ондағы тесіктен балықтарды төгуден бастап ыдысты тығындауға дейінгі барлық өндіріс процесіндегі жұмыстарды тәжірибесі жоқ жұмысшы күші қолмен атқарады. Арзан жұмысшы күші болғандықтан балықтарды өндіру және өңдеуге машиналардың көмегімен рационалдық тәсілдерді қолдануы өзін-өзі ақтамады. Мұндай тәсілдің нәтижелі шығуы үшін оны жыл сайын бірнеше ай бойы қолдану қажет еді.

Міне, осылайша балық өңдейтін өндіріс орындарының негізгі капиталына аз шығын салуы ұйымдаспаған балық кәсіпшілігі жағдайында балық өндіріс иелерінің есебі ақталып, барлық қаржыны айналымға сала, яғни, бүкіл сәтсіздіктерді балықшылар мен жұмысшылар көтерді.

Енді өзендегі балық аулауға тоқталып, ондағы ұйымдасушылық ерекшеліктерін қарастырайық. Өзендегі балық аулаудың негізі ау тарту болғандықтан көлеңкелі балық аулаудың динамикасын көрсетуді жөн көрдік. [17]. (5 кестені қараңыз).

Кесте 5 - 1898-1913 жж. аралығынлағы балық аулау ұйықтарының динамикасы

1898 ж - 464 ұйық 1899 ж-554 ұйық 1900 ж-589 ұйық 1901 ж -556 ұйық	1904 ж - 654 ұйық 1905ж - 527 ұйық 1906 ж - 497 ұйық 1907 ж - 648 ұйық	1909 ж - 602 ұйық 1910 ж - 620 ұйық 1911 -1913жж-740 ұйық
5ж. орташа 525	5 ж. орташа 574	1909-1913жж. орташа 654

Жоғарыдағы 5 кестеде көрсетілгендей 15 жылдың (1889-1913 жж) ішінде өзендегі ұйықтар баяу өскен. Мәселен 5 жылдың (1899-1903 жж) ішінде ұйықтардың саны 525 болса, кейінгі 5 жылда (1904-1908 жж) ұйықтардың саны 574-ге ғана көтерілген, яғни, 9 пайыз ғана болған. Ал соңғы 5 жылда (1909 -1913 жж) ұйықтардың саны 654-ке дейін көбейген, яғни, 25 пайызға артқан. Бұдан шығатын қорытынды ХХ ғасырдың бас кезінде өзендерге ау салу барынша жоғарыға көтерілгенін көрсетті. Тек ұйықтардың бір-бірінен 2 верст аралық тиым ғана одан сайын көтерілуден сақтады.

Он бес жылдың ішіндегі ау салу процесі ұйықтардың көбейгенін көрсетіп қана қойған жоқ, сонымен қатар, ау салатын жұмысшылардың санының да ұлғайғанын білдірді.

1895 жылға дейін ұйықтан балық аулау ережесі бойынша әр ұйықтан 2 ау мен 4 кермешеден артық құрал-сайман пайдалануға және әр ауда 20 сажен сайын бір адамнан тұруға рұқсат етілді. Мұндай тәсілмен ауды тәулік бойы тартуға балықшылардың күші жетпеді.

Балық өніміне деген сұраныс жыл өткен сайын артып отырғандықтан балық өндіріс иелері, әсіресе ірі кәсіпкерлер ау тартатын балықшылардың санын көбейтуді үкіметтің алдына мәселе ретінде қоюмен болды.

Нәтижесінде, 1895 жылы 4 ақпанда балық аулаудың мөлшерін арттыру мақсатында ау тартатын балықшылардың санын ұлғайтуға шешім қабылдайды.

«1895 жылғы ереже, - деп жазылды деректерде, - балық өндіріс иелеріне жұмысшылардың санын көбейтуге мүмкіндік жасағанымен пайдаланатын құрал-саймандарды қысқартуға мәжбүр еткізеді. Бірақ оның есесіне балықшылар ұйықтардың санын көбейтіп, ережені өз пайдаларына жұмыс істеткізеді» [18].

Осы жағдайдың өзі-ақ 1898 жылы шыққан ереженің үш жыл ішінде ұйықтардың саны 464 –ке жетіп, одан әрі көбейе бергені түсінікті еді. Ұйықтар санының мол болуы балық өндіріс иелеріне ау тартатын жұмысшылардың арзан қол еңбегін көп қажет етті. Ау тартатын жұмысшы күшінің артуы ХІХ ғасырдың аяғы мен 1913 жылға дейінгі аралықтағы ұйықтан балық аулау процесін күшейтіп жібереді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 ГАОО. Ф. 398., Оп. 69. Д. 2334.
- 2 ГАОО. Ф. 398. Оп.69. Д. 24039.
- 3 ГАОО. Ф. 194. Оп. 1. Д. 517.
- 4 ГАОО. Ф. 1. Оп. 1а.Д. 1404.
- 5 ГАОО. Ф. 20.Оп. 7. Д. 168.
- 6 Москалев Г.Н. Хозяйственный облик дореволюционного Уральска //Научное Западно-Казахстанское отделение ГО СССР. Вып. 7. Уральск, 1956. - С.50-82.
- 7 ГАОО. Ф. 663. Оп. 1. Д. 15.
- 8 ГАОО. Ф. 20. Оп. 7. Д. 169.
- 9 Арнольд И.Н. Рыбная промышленность //Богатства СССР. М, 1926. №3. - С.20-32.
- 10 Список рыбопромысловых заведений, казенных, частновладельческих и казачьих вод, подлежащих обложению особым процентным сбором на 1913 год. Астрахань, 1913. -69 с.
- 11 Кондиции на отдачу в оборочное содержание речных участков казенных рыболовных вод, состоящих в заведывании Астраханского управления рыбными и тюленьями промыслами. Астрахань, 1895.-98 с.
- 12 ГАОО. Ф. 20., Оп. 7. Д. 171.
- 13 Составлено и подсчитано по: Труды научного института рыбного хозяйства. М, 1929. Т.IV. -255 с.
- 14 Материалы к познанию русского рыболовства. Т.2. Вып.1. -СПб., 1910. -150с.
- 15 Мейснер В.И. Рыбная промышленность. —М.-Л., 1926. -285 с. 87.Об организации надзора за рыбными промыслами в районе Управления Каспийско-Волжских рыбных промыслов. -Астрахань, 1906. -235 с.
- 16 Гурвич Л.И. //Управление Каспийско-Волжских рыбных и тюленьих промыслов. - Астрахань, 1910. –С.150 с.
- 17 Отчет Управления Каспийско-Волжских рыбных и тюленьих промыслов и обзор Каспийско-Волжского рыболовства за 1889-1913 годов. -Астрахань, 1914.-170 с.
- 18 Наказ чинам рыбопромыслового надзора. -Астрахань, 1895.-109 с.
- 19 ГАОО. Ф. 20. Оп. 7.Д. 152.
- 20 Степанов В.Г. Ловецкие станья на береговой полосе Северного Каспия. -Астрахань, 1914. -240 с.

**АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛДЫҚ АЙМАҚТАРЫНА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ-
ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН БАҒА БЕРУ**

Нұрғалиева Г.Ж.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Қазақстан Республикасының соңғы жылдардағы тұрақты экономикалық даму қарқыны көңілді көншіткенімен, халықтың саны мен денсаулығы, туу мөлшері, табиғи өсуі және өлім мөлшері, әлеуметтік – мәдени қажеттіліктерінің қамсыздандырылу деңгейі сияқты көрсеткіштері әлі де өте нашар деңгейде. Сондықтан, халық санын, халықтың өсуін, жастық-жыныстық құрамын, географиялық орналасуын, тығыздығын, қала мен ауыл халқының ара қатынасын, аймақтық ерекшеліктерін білудің маңызы зор.

Жалпы, мұнай-газ кешені дамуы, әскери полигондар қызметі және ауылшаруашылығы кәсіпорындарының қызметі, Каспий теңізі деңгейі көтеріліп, едәуір аумақты су басуына байланысты табиғат ортасының күшті ластануы облысымызда соңғы жылдары экологиялық апат туғызуда. Каспий маңында шөлдену процесі қарқынды жүруде. Сол себепті аймақтағы атмосфера қабаты жұқа шаң тозаң мен тұз қабаттарының ұшу мөлшерінің көбеуінен ластануда. Соның салдарынан ауру адамдардың санының көбеюі, аймақтағы халықтың өсуі және өлім мөлшері, суармалы жердегі өнім мен егіннің төмендеуі, аймақтық және ғаламдық климаттың өзгеруі, адамдардың өмір сүру жағдайының төмендеуі нәтижесінен жаңа демократиялық жағдай қалыптасты. Жалпы облыста халық санының өсуіне халықтың туу деңгейі, өлім көрсеткіші, табиғи өсімі, миграциялық ағымы тәрізді көптеген процестер әсер етеді

Атырау облысы республиканың батысында орналасқан, 1938 жылы құрылған (1992 ж. дейін – Гурьев облысы). 118,6 мың шаршы километр кеңістікті алып жатқан облыс аумағында 2009ж. санаққа қатысты 510,7 мың адам немесе Қазақстан Республикасы тұрғындарының 3%-ы тұратын, халқының орналасу тығыздығы әр шаршы км-ге 3,8 адамнан келеді. Облыс орталығы Атырау қаласында облыс тұрғындарының(250,1 мың адам) 48,9 %-ы шоғырланған.

Облыстың 2009ж. қатысты әкімшіліктік-аймақтық бөлімдері 7 ауылдық аудан мен 2 қаладан, 12 кенттен, 190 селолық және ауылдық аймақтардан тұрады.

Атырау облысы аудан орталықтарының желісі 1-кестеде көрсетілгендей, қалалардан, сондай-ақ қала типіндегі кенттер мен селолардан құрылған.

Ауыл тұрғындарының 01.01.2009ж. қатысты саны 260,6 мың адамды (бүкіл облыс тұрғындар санының 51%) құрайды. Ауылдық елді мекендердің шашыраңқы орналасуы жайылымдық мал шаруашылығы мен олардың сумен қамту көздеріне жақын шоғырлануымен байланысты болып табылады. Мал шаруашылығының айдау-жайылымдық түрлері дамыған және адамы аз шөлдік аудандарда көптеген маусымдық түрде мекенделетін елді мекендер пайда болған. Кейбір елді мекендердің қалыптасуы мұнай-газ кеніштерін игерумен қазумен байланысты болып келеді [1].

Ауылдық елді мекендердің адамдармен мекенделуі оның аймақтық құрылымына, экономикалық немесе өндірістік бағытталу саласына және елді мекеннің ауыл тұрғындарының орналасуының сатылық дәрежелік жүйесіндегі алатын орнына байланысты болатын интегралдық көрсеткіш болып табылады.

Жергілікті табиғи жағдайлар кез келген түрдегі елді мекендер үшін маңызды болып келеді және ауылдық орналасуда ерекше елеулі мәнге ие болады.

Кесте 1. Әкімшіліктік-аймақтық бөліну

Аймақтық-әкімшіліктік бірлік	Аймақтың көлемі, мың шаршы км	Облыстық, аудандық орталықтың атауы	Ауылдық аймақтар	Елді мекендер	
				кенттер	Ауылдар
Атырау облысы	118,6	Атырау	48	12	190
1. Жылой	29,4	Құлсары	4	3	14
2. Индер	29,6	Индер кенті	4	1	16
3. Исатай	14,7	Аққыстау с.	6	-	20
4. Құрманғазы	20,9	Ганюшкино с.	13	1	55
5. Қызылқоға	24,9	Миялы с.	8	-	31
6. Махамбет	9,6	Махамбет с.	7	-	26
7. Мақат	4,9	Мақат кенті	-	6	-

Демографиялық жағдай аталмыш аймақта орын алып жатқан демографиялық процестердің әсер етуімен қалыптасуда. Демографиялық процестерге ең алдымен тұрғындардың ұрпақ жалғастыру процесі жатады, себебі тұрғындар санының өзгеруі ең алдымен соған байланысты болады.

Оған туылу, өлім-жітім, табиғи өсім, сондай-ақ тұрғындардың механикалық қозғалысы жатады. Тұрғындардың саны 1993 және 2009жж. аралығында Атырау облысының демографиялық дамуында тұтастай республикаға тән болып келетін ортақ заңдылықтар мен беталыстар айқындала бастады.

Аталмыш уақыт аралығында Атырау облысының бүкіл тұрғындарының саны 434,4 мың адамнан 510,7 мың адамға дейін (5%), ал ауыл тұрғындарының саны 172,3-тен 260,6 мың адамға дейін артты. Атырау облысы тұрғындары санының өсу серпіні 2 кестеде келтірілген.

1997ж. бастап Атырау облысы тұрғындары санының көбею беталысы байқала бастады [2].

01.01.1993ж. мен 01.01. 2009ж. аралығындағы барлық тұрғындар санының көбею қарқындары 105,1%, ал тұрғындардың саны 435,2-ден 510,7 мың адамға дейін өсті.

Тұрғындар санының көбеюін табиғи өсіммен, сондай-ақ мұнай-газ саласының дамуына орай аталмыш аймаққа тұрғындардың келуімен және жұмыс орындарының болуымен түсіндіріп беруге болады.

Ауыл тұрғындарының 10-жылдық кезең ішіндегі өсу қарқындары 140,6%-ды құрады және барлық тұрғындар санының өсу қарқынына қарағанда жоғары болды.

1993 және 2009жж. аралығында ауыл тұрғындарының меншікті салмағы 39,7%-дан 51%-ға дейін 11,3 есе артты [3].

Атырау облысының тұрғындары әртүрлі тығыздықпен орналасқан: шамамен алғанда тұрғындардың жартысынан артық бөлігі (48,9%) Атырау қалалық агломерацияда шоғырланған және тұрғындардың 51%-ы 7 әкімшіліктік ауданда орналасқан.

Тұрғындардың ұлттық құрамы жөнінен 1999ж. санақ деректеріне сәйкес облыстың ұлттық құрамында жергілікті ұлт тұрғындары басым болған – 78,2%, Жылой әкімшілік ауданында қазақтардың саны – 97,5%, Индер әкімшілік ауданында – 95,4%, Исатай әкімшілік ауданында – 99,5%, Қызылқоға әкімшілік ауданында – 99,8%, Құрманғазы әкімшілік ауданында – 96,2%, Мақат әкімшілік ауданында – 96,7%, Махамбет әкімшілік ауданында – 98,8% құрады.

Ауыл тұрғындарының 10-жылдық кезең ішіндегі өсу қарқындары 140,6%-ды құрады және барлық тұрғындар санының өсу қарқынына қарағанда жоғары болды.

1993 және 2009жж. аралығында ауыл тұрғындарының меншікті салмағы 39,7%-дан 51%-ға дейін 11,3 есе артты [3].

Кесте 2 Тұрғындар санының серпіні (жыл басына қатысты)*

	Барлық тұрғындар, мың адам	Соның ішіндегі ауыл тұрғындары, мың адам	Ауыл тұрғындарының меншікті салмағы, %
1993	434,4	172,3	39,7
1994	436,1	174,7	40,1
1995	435,7	181,4	41,6
1996	435,2	181,9	41,8
1997	436,4	182,1	41,7
1998	437,9	382,4	41,7
1999	439,4	183,7	41,8
2000	441,7	185,4	42,0
2001	443,6	185,4	41,8
2002	447,6	186,6	41,9
2003	451,9	188,4	41,7
2004	457,2	196,1	42,9
2005	463,5	201,8	43,5
2008	498,9	257,1	51,5
2009	510,7	260,6	51,0

Атырау облысының тұрғындары әртүрлі тығыздықпен орналасқан: шамамен алғанда тұрғындардың жартысынан артық бөлігі (48,9%) Атырау қалалық агломерацияда шоғырланған және тұрғындардың 51%-ы 7 әкімшіліктік ауданда орналасқан.

Тұрғындардың ұлттық құрамы жөнінен 1999ж. санақ деректеріне сәйкес облыстың ұлттық құрамында жергілікті ұлт тұрғындары басым болған – 78,2%, Жылой әкімшілік ауданында қазақтардың саны – 97,5%, Индер әкімшілік ауданында – 95,4%, Исатай әкімшілік ауданында – 99,5%, Қызылқоға әкімшілік ауданында – 99,8%, Құрманғазы әкімшілік ауданында – 96,2%, Мақат әкімшілік ауданында – 96,7%, Махамбет әкімшілік ауданында – 98,8% құрады.

Атырау облысы тұрғындарының ұрпақ жалғастыруының аймақтық ерекшеліктері ең алдымен салыстырмалы түрде жоғары туылу мен соған сәйкес жоғары табиғи өсімге негізделген болып келеді. Тұрғындардың табиғи қозғалысының ерекшеліктеріне негіз болатын факторлардың біріне оның жыныстық-жастық құрылымы жатады. Облыста еңбектік потенциалдың бар екендігін тұрғындардың жыныстық-жастық құрылымын талдау көрсетіп отыр. Тұтастай алғанда Атырау облысында ең жоғары меншікті салмақ ер адамдардың басым болуымен және 5-14 жас аралығындағы жастық топтардың үлесіне тиюде [4].

Әкімшілік аудандарында облыстағы жағдайдағыдан біршама өзгеше жағдай орын алуда: мысалы, Жылой, Қызылқоға және Мақат әкімшілік аудандарында ер адамдардың, сондай-ақ әйел адамдардың арасында 15-39 жас аралығындағы жастық топтардың басым болуы байқалып отыр.

2000-2004 жж. Атырау облысы тұрғындарының туылу көрсеткіштерінің 18,6-дан 21,4%-ға артуы байқалды. 2009ж. Атырау облысында туылу көрсеткіші – 20,9%, Қазақстан Республикасы бойынша – 16,6% және де ауылдық жерлерде туылу көрсеткіштері Атырау облыстық статбасқармасының мәліметтеріне сәйкес қаладағыдан 9,0%-ға төмен болды. Кейінгі жылдары облыс бойынша тұрақтану және өлім-жітімнің азаюына деген беталыс байқалуда. 2004ж. өлім-жітім көрсеткіші 8,5%-ға ие болған болатын. Ауылдық жерлердегі тұрғындардың өлім-жітім көрсеткіші қаладағымен салыстырғанда 2,5% төмен, табиғи өсім көрсеткіші 6,4% төмен (3-кесте) [5].

2004ж. бойынша аудандар шеңберіндегі барлық тұрғындардың ең жоғары туылу көрсеткіші Жылой әкімшіліктік ауданында байқалған және ол 23,7% құрады, ең төмен көрсеткіш – Индер әкімшілік ауданында (18,0%) анықталды. Тұрғындардың арасындағы ең жоғары өлім-жітім көрсеткіші Атырау қалалық агломерациясында (10,0%), ең төмен – Жылой әкімшілік ауданында (5,9%) байқалды. Мақат әкімшілік ауданында тұрғындар санының табиғи себептерге орай азаюы туылу деңгейімен өтеліп отырады.

Кесте 3 Тұрғындардың табиғи қозғалысы мен балалар өлімі көрсеткіштерінің серпіні, %

Жылдар	Туылу	Өлім-жітім	Табиғи өсім	Балалар өлімі
1993	24,5	8,0	15,3	33,7
1994	24,1	9,2	14,5	35,6
1995	21,4	9,6	11,9	29,6
1996	19,8	9,5	10,3	21,3
1997	20,2	9,7	10,5	26,3
1998	18,9	9,1	9,8	25,6
1999	18,5	9,1	9,4	21,1
2000	18,6	8,8	9,8	18,5
2001	18,5	8,6	9,8	22,0
2002	19,2	9,1	10,1	18,1
2003	20,9	8,9	12,0	16,5
2004	21,2	8,5	12,7	14,1
Қалалық жерлер	25,3	9,9	15,4	16,4
Ауылды жерлер	16,3	7,3	9,0	10,0

2004 жылы оның алдындағы 2003 ж. салыстырғанда ауыл тұрғындарының барлық табиғи қозғалыс (туылу, өлім-жітім, табиғи қартаюу, нәрестелік өлім) коэффициенттерінің азаюы байқалды. Атырау облысы тұрғындарының негізгі өлім-жітім себептеріне қан айналымы органдарының аурулары, қатерлі ісіктер, ас қорыту органдарының аурулары мен тыныс алу органдарының аурулары жатуда.

Нәрестелік өлім соңғы онжылдықта тұтастай Қазақстан Республикасы бойынша, сондай-ақ Атырау облысы бойынша азаю беталысына ие болып отыр. Бұл ретте айта кететін нәрсе, нәрестелік өлімнің орташа облыстық көрсеткіші республика бойынша ең жоғары көрсеткіш болып отыр [6].

Аудандар шеңберінде ең жоғары балалар өлімі Құрманғазы ауданында – 14,8%, ең төмен – Индер мен Исатай әкімшілік аудандарында – 9,8% байқалған. Үш әкімшіліктік ауданда – Құрманғазы, Қызылқоға, Махамбет аудандарында, сондай-ақ Атырау қалалық агломерациясында (қ.а.) нәрестелік өлімнің деңгейі орташа облыстық деңгейден жоғары болды.

Нәрестелік жастағы балалардың ауруға шалдығуы мен шетінеуінің негізгі себептеріне бірқатар аурулардың алдын алу жөніндегі шаралардың азаюы, толыққанды тамақтанбау және науқас балалардың уақытындағы емделмеуімен байланысты болып келетін жеткіліксіз түрдегі медициналық күтім жатады.

Ауыл тұрғындарының кейінгі жылдары табиғи өсімінің 11,8% дейін артуы мен Атырау облысына тұрғындардың келуінің арқасында облыс халқы жалпы өсу беталысына ие болған болатын. Ауыл шаруашылық пайдаланудағы жерлерінің экологиялық жағдайының нашарлауы ауыл тұрғындарының тіршілік қабілеті төмен деңгейде болып келетін депрессивтік аудандардың қалыптасуына әкеп соқтырды. Депрессивтік аудандар проблемасын шешу мүлде жаңаша негізде ауыл тұрғындарының тіршілік қабілетінің деңгейін көрсететін бағалау критерийлерін әзірлеп шығаруды қажет етеді. Ауыл тұрғындарының тіршілік қабілетінің деңгейі өмір ұзақтығының, өлім-жітімнің көрсеткіштерімен (жалпы және нәрестелік), денсаулық жағдайымен белгіленеді [6].

2001-2003 жж. аралығында облыста көші-қон көлемінің 9396 адамнан 9582 адамға дейін көбейгені байқалады. Атырау облысының 2001-2003 жж. аралығындағы көші-қон процестерін талдау көрсеткендей, көші-қон сальдосы минус 456-дан минус 196 адамға дейін азайып кетті, сонымен қатар облысқа келгендердің саны 4470 адамнан 4693 адамға дейін көбейді. Облыстан кеткендердің саны 4926 адамнан 4489 адамға дейін азайды.

Облыс аудандарының шеңберінде қоныс аударушылардың ағымдары біркелкісіз бөлінген. Қоныс аударушылардың ең жоғары ағымы 2003 жылы Жылой әкімшіліктік ауданында байқалған болатын, ол 1585 адамды немесе облыстағы қоныс аударушылар көлемінің 18,5%-ын құрады, Құрманғазы әкімшіліктік ауданында – 1059 адам (12,4%), Қызылқоға әкімшіліктік ауданында – 676 адам (7,9%), қоныс аударушылардың үштен бір бөлігі Атырау қалалық агломерациясының үлесіне тиіп отыр. Табиғи өсімнің өсуі біріншіден демографиялық көрсеткіштің тұрақтануына байланысты.

Адам өлімі жасы мен жыныстық ерекшелігіне қарай ерекше сараланды. Мысалы, 2007 жылы ерлер өлімі әйелдер өліміне қарағанда 1,5 есеге өсіп 2413 (жалпы өлім санының 59,5%-ын), ал әйелдер өлімі 1642 (40,5%) құрады. Қайтыс болған адамдардың негізгі үлесі (46,2%) 63-тен асқан адамдар, мұндағы әйелдер өлімі ерлерден 1,2 есеге артты. 16-дан 62 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер өлімінің қатынасы 3:1 (тиісінше 1254 және 455) құрады. Жұқпалы және паразит, асқорыту органдарының ауруларынан 2007 жылы қайтыс болған ерлер саны әйелдерге қарағанда 1,5 есеге және қан айналу жүйесінің бұзылуынан болған ерлер өлімі әйелдерге қарағанда 1,5 есеге артық тіркелінді. Тыныс алу органдары ауруынан ерлер өлімі әйелдер өліміне қарағанда 2,8 есеге жиі байқалынды. Ал әйелдер арасында эндокриндік және зат алмасу жүйесінің бұзылуынан болған өлім жағдайы 2007 жылы ерлерге қарағанда 1,7 есеге басым болды. Ерлер мен әйелдердің өмір сүру ұзақтығының айырмашылығы елеулі азайғандығы байқалды, 2007 жылы 12,52 жас (ерлерде –60,59 жас, ал әйелдерде –73,11 жас) құрады.

Атырау облысы бойынша аурулық деңгейі жұқпалы және паразит ауруларының өсуімен сипатталады 1999 жылдан 2007 жыл аралығында 100 мың адамға шаққандағы туберкулез ауруынан болған өлім саны 34,7-ден 17,21-ге азайғанымен, 2007 жылы оның үлесі Атырау облысы бойынша жұқпалы аурудан болған жалпы өлім санының 71,3%-ға жуығын құрады. Эндокриндік аурулардың өсуі де байқалында. Мысалы 18 және одан ересек жастағы тұлғалардың эндокриндік аурулығы жөніндегі алғашқы қойылған диагнозы 1999 жылдан 1,8 есеге, қан органдарының, оның ішінде иммундік механизмінің бұзылуы 48,7%-ға, қуық жүйесінің ауруы 78,8%-ға артты. Соңғы жылдары 15-17 жастағы жас өспірімдердің әр түрлі ауру қатарларының өсуі ерекше алаңдатушылық туғызуда. 1999 жылдан 2007 жыл аралығында эндокриндік аурулардың бұзылуы ер балаларда 2,4 есеге (сол жастағы қыз балалар 8,9 есеге), тыныс алу органдарының ауруы ер балаларда 3,8 %-ға (қыз балалар 15,6%-ға), несеп-тыныс жүйесінің ауруы ер балаларда 52,0%-ға, ал қыздарда 2,2%-ға артты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Статический ежегодник Казахстана. Статический сборник/Под ред. К.С. Абдиев.- Агентство Республики Казахстан по статистике, Алматы, 2004.
2. Фондовые материалы Республиканской СЭС по состоянию на начало 2009 г. в разрезе административных районов Атырауской области.
3. Итоги обследования сельских населенных пунктов Республики Казахстан на основании индикаторов социальной и инженерной инфраструктуры по состоянию на 1 января 2009 года. Том 1. Серия 15. Демография .- Астана: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2009.
4. Калжигитов Х.С., Ергалиев Т., Сагын Х. Анализ заболеваемости сельского населения Атырауской области //Современные проблемы геофизики, геологии, освоения, переработки и использования углеводородного сырья: Матер. Междунар. науч.-техн. конф., посвящ. 20-летию образования Атырауского ин-та нефти и газа. – Атырау: АИНИГ, 2001. – С. 423-426.
5. Жандосов Ш.У., Толемисова А.Т., Калжигитов Х.С., Ергалиев Т. Состояние здоровья населения г. Атырау по оценке анализа заболеваемости //Матер. Междунар. науч.-техн. конф., посвящ. 70-летию юбилею акад. Н.К.Надирова. – Атырау: АИНИГ, 2001. –т. 2. – С. 295 – 302.
6. Ботагариев Т.А., Иванов Г.Д., Тыныбаев Б.Г., Калжигитов Х.С., Кушембаев Р.К. О состоянии здоровья детей Атырауской и Мангистауской областей, неблагополучных в экологическом отношении //Здравоохранения Казахстана. – 1995. - № 12. – С. 21-23.

ӘОЖ 0.70

ТАРИХ ҚОЙНАУЫНАН СЫР ШЕРТКЕН...

Есетова А.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

В данной статье рассматривается работа известного казахского журналиста О.Алимгереева о расселении казахов вдоль берегов Волги. Об историческом месте и роли казахских ханов в образовании Астраханского ханства, о вкладе казахов Астраханской области в укреплении дружбы между народами Казахстана и России.

This article examines the work of a famous Kazakh journalist O. Alimgereeva the resettlement of Kazakhs along the banks of the Volga. On a historical place and role in the formation of the Kazakh khans of the Astrakhan Khanate, the contribution of the Kazakhs Astrakhan region in strengthening the friendship between the peoples of Kazakhstan and Russia.

Белгілі қаламгер, журналист Өтепберген Әлімгереев – өткен ғасырлар легінде өз өмірлерін кейінгі ұрпаққа өнеге етіп қалдырған батыр да дана ата-бабалар жайлы тарих тұңғығынан көптеген дерек көздерін тапқан публицист. Халқының бостандығы, елінің еркіндігі, ұрпақтарының тәуелсіздігі үшін өмірлерін сарп етіп, артында сөз қалдырған, бостандық таңы үшін жан кешкен елім деп еңіреп туған ерлер туралы қаншама зерттеу еңбектер бар екенін, әрине білеміз. Дей тұрғанмен, қаламгер-жазушы Ө.Әлімгереев зерттелуерінде бұрын-соңды қозғалмаған дерек көздерін табуымен құнды.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша 2012 жылы «Атажұрт» баспа орталығынан «Қауымдастық кітапханасы» сериясымен шыққан «Еділ жайлаған қазақтар» атты деректі зерттеуінде Еділ жайлаған қазақтардың кешегісі мен бүгінгісі, қазақстандық қандастарымызбен араласы, Бөкей ордасы өңірінің бір туар өрендері жайлы сыр шертеді.

Осы зерттеу еңбегінде «Еділ жайлаған қазақтар» деген атпен (167 б) жарияланған мақаласында Ө.Әлімгереев Ресейдің Астрахань өлкесін мекен еткен қазақтар өмірі жайлы тарихи материалдарға сүйене отырып, сонау XIV ғасырда өмір сүрген қазақтың дана философы Асан қайғыдан бастау алып, Қазтуған жырау, Доспамбет жырауға жалғасқан кезеңдерге тоқталады.

«XV ғасырдың орта тұсынан аса Алтын Ордадан қашып шыққан Мамұт хан мен оның інісі Ахмет Еділ өзенінің төменгі сағасында Астрахань хандығын құрып, билік жүргізе бастап еді, бірақ адам ғұмырының өзі ғасырдан ғасыр асып жалғаса бермейді ғой, оның мұрагері болып таққа ұлы Қасым отырады» дей келіп, одан әрі ауызбіршілік болмағандықтан хандықты казактар басып алады да, 1558 жылы қала Ресей патшалығы империясы қол астына өтті, - деген дерек көздерін келтіреді.

Бірақ біздің қандастарымыз өздері іргесі қалаған қаладан айырылса да, ол аймақтан қол үзген жоқ. Достықтың алтын көпірін жалғап, ұрпақ өсіріп, елге тұтқа болатын азаматтар өсірді. Астарахань облысының Алтынжар, Володар, Құмөзен, Красный Яр, Икрян, Қарабайлы, Привольжие аудандарында, облыс орталығында қазақтар жергілікті халықпен тау-ту-тәтті, «ауылы аралас, қойы қоралас» дегендей бір кісінің баласындай тұрып жатыр.

Астрахань өңірінде 200мыңға жуық қазақтар тұрады екен. Бір қызығы олар тарихи Отаны Қазақстан десе, Ресей туып-өскен, тұрып жатқан мекеніміз. Біз үшін екеуі де қымбат. Біздің екі Отанымыз бар деп мақтаныш сезіммен айтады. Екі елді жалғастырып Бөкей хан мен Сейіт баба тұр. Бірі - Қазақ елінің елшісі болса, екіншісі Ресейдікі тәрізді. Бұл – екі елдің үлкен достығының белгісі. Сейіт баба қорымы бұрын халық үшін хан мен әулие жатқан боз төбе болса, қазірде шекара шетінде тұрған имандылық пен бірлікті, халқына қызмет етер ерлікті насихаттайтын көпшілік орынға айналған, - деген Астрахань қазақтарының «Жолдастық» қоғамының төрағасы Никита Ысқақов сөзін келтіре кетуді жөн көрдік. Өйткені автор (Ө.Ә.) «Кесене де біріктіруші күшке айналды» деген тарауда осындай нақты пікірлерге сүйене отырып, талдау жасайды. Осындай ұлылықтың түп қазығы терең діңгегі Бөкей хан есімімен тығыз байланысты. Жергілікті халықтың Бөкей хан туралы «Ол өз заманында сауатты, заман ағымын жақсы түсінген көреген адам болған. Көршілес орыс елінде етек алған отырықшылық, елді сауаттандыру, жаңа мәдениетке, жаңалыққа көңіл бөлген. Кейіннен дәстүрге енген көп бөлмелі қарағай үйлер мен шикі тастан соғылған тас қыстаулар сол Бөкей заманында салынып, қолға алынды» деп еске алып отырады. Бөкей ордасы өңірінің бір туар азаматтары, елім деп еңіреген ерлері туралы, Құрманғазы, Дина, Сейтек сияқты ұлы күйшілер туралы жазылған зерттеу еңбектің тағылымы да, тарихи мәні де зор.

Тарих қойнауынан сыр шертер қаламгер еңбектерінің маңызы өте зор.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан–2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек. Біз қоғамдық келісімді сақтауға және нығайтуға тиіспіз. Бұл – біздің мемлекет ретінде, қоғам ретінде, ұлт ретінде өмір сүруіміздің айнымас шарты... Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек» делінген.

Өткен тарихымызды білу, оны қорғау, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – аға буынның абыройлы борышы. Олай болса, тарих тұңғығынан сыр шертер, көпті көрген данагөй ақсақалдардың пікірін жинап, елімізден шет жүрген қандастарымыздың тіршілігі, олардың шалғайда жүрсе де, атамекенге деген ыстық ілтипаты, жүрек түбіндегі сағыныштары публицист-қаламгер Ө.Әлімгереевтің жоғарыда аталған еңбектерінің қазақ журналистикасы мен тарихындағы сүбелі үлесі деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
2. Әлімгереев Ө. Еділ жайлаған қазақтар. Алматы; «Атажұрт», 2012

ӘОЖ 911.2: 551.4

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Тоқсабаева М.Е., Шынтемирова А.О.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Елің түзу болсын десен бесіңді түзе деген қазақ мақалы тегіннен тегін айтылмаса керекті. Бір жерлер жасыл желекке бөленеді, ал бір жерлер мүлдем құрғақ шөлге айналады. Қазіргі таңда болып жатқан барлық табиғи апаттардың барлығы да осы адам іс әрекеттерінің салдарынан болып жатыр. Біз басқа елдер қол жеткізе алмай жүрген, байтақ елдің, ұлан ғайыр жердің азаматтары саналамыз. Бірақ бүгінгі күнде біз барымызға шаттанып, жоғымызды ұмытқан күнге жеткен сыңайлымыз. Соның бір дәлелі ретінде Каспий теңізі мен оның айналасындағы жерлердің мәселесін айта аламыз. Каспий Евразия құрлығындағы үлкен теңіздердің бірі [1].

Каспий теңізінің ғарыштан түсірілген сұлбасы



Теңіз жағалауының жалпы ұзындығы шамамен 7000 км, соның 1/3 бөлігі Қазақстан үлесіне тиеді. Қазақстан бөлігі Солтүстік Каспийдің шығыс беткейі мен Орталық Каспийдің шығыс жағалауын алып жатыр. Каспий теңізіне 130-ға жуық өзендер мен ағынды сулар құяды. Олардың теңізге құятын жиынтық ағыны жылына орташа есеппен 300 км³. Осы мөлшердің 80%-ы Еділ өзенінің, 5%-ы - Жайықтың үлесіне тиеді. Ағынның 10-11%-ын Батыс жағалаудағы өзендер Терек, Сулак, Самур, Кура және т.б. береді. Қалған 4-5%-ы Иран жағалауы өзендерінен келеді. Шығыс жағалауларда тұрақты ағын сулар жоқ. Каспий теңізі қазаншұңқырларының бедеріне қарай үшке бөлінген. Солтүстік бөлігінің шегі Маңғыстау түбегі бойымен өтеді. Ортаңғы бөлігі содан Апшерон түбегіне дейін созылған, қалған жері оңтүстік бөліктің үлесіне келеді. Солтүстік бөлігі таяз, көп жерінде 5 м-ден аспайды, ең терең жері 26 м, жалпы теңіз ауданының 24%-ын алады. Орталық Каспийдің орташа тереңдігі 200 м, ең терең жері 788 м, жалпы теңіз ауданының 36%-ын қамтиды. Оңтүстік бөлігінің орташа тереңдігі 345 м, ең терең жері 1025 м, теңіз ауданының 40%-ын, ал теңіз суының 66%-ын алып жатыр. Қазақстанға жататын солтүстік және орта бөлігінің солтүстік анағұрлым тайыз болып келеді. Аралдар саны аз, жалпы ауданы 2045 км². Қазақстан жерінде олардың 88%-ы орналасқан. Ең ірілері Төленді аралдар тобындағы (архипелаг) Құлалы (73 км²) және Морской (65 км²) аралдары.

Каспийге шығыс жақтан Маңғыстау, Түпқараған, Бозашы сияқты үлкен түбектер сұғына еніп жатыр, шығыс жағалауында шығанақтар да көбірек кездеседі. Олардың қатарында Маңғыстау мен Қазақ шығанақтары бар. Ауданы 376 000 км². Меридиан бағытында 1200 км-ге созылған, орташа ені 300 км. Жағалау сызығының ұзындығы 7000 км.^[1] Теңіз екі климаттық белдеуле орналасқан. Солтүстігі қоңыржай континентті климатта, оңтүстік батысы — құрғақ субтропиктер, шығысы Орта Азия шұғыл континентті климаттар арасында жатыр. Жазда Каспий теңізінің беті қатты қызады, температура барлық бөлігінде де бірдей: шілдеде орташа температура 24^o-26^oС. Қыста температура өзгеше. Солтүстігінде қысы аязды болып келеді. Қаңтар айының орташа температурасы -7-11^oС. Орта бөлігінде 10^o-50^oС, ал оңтүстікте 8^o-10^oС. Қаңтардың ең төменгі температура -38^oС-қа жетелі. Теңіздің шығыс жағалауының қысы барлық ендікте де батыс жағалауға қарағанда суықтау келеді. Қыс айларында Каспий теңізінің тек солтүстік таяз бөлігі ғана қатады. Мұздың қалыңдығы 2 м-ге дейін жетелі. Судың жоғарғы қабаттарының қысқы температура солтүстігінде -1^o-тан 0^o-қа дейін, оңтүстігінде 10^o-11^oС-қа дейін жоғарылайды. Тамыз айында температура айдыңның бірқатар бөлігінде 24^oС, ал оңтүстікте 28^oС-қа дейін көтеріледі. Теңіз деңгейі үнемі өзгеріп тұрады. 1830-1929 жылдары 25,5 және 26,6 м көрсеткіштен айнымалы. 1929 жылдан 1977 жылға дейін деңгейдің күрт төмендеуі (-29 м) байқалды. 1978 жылдан бастап Каспий қайта көтерілді, 1995 жылдың басында - 26,5 м-лік көрсеткішке жетті. Жағалауды теңіз суы қайта басты. Еділ сағасында 4-5 км, Жайық сағасында 6-12 км, Қаратон, Теңіз, Прорвада кен орындарының тұсында 35-45 км, Бозашы түбегінде 4-10 км жер су астында қалды. Теңіз суының қазіргі деңгейінің жоғарылауын климаттық жағдайға байланысты түсіндіреді. Каспий суының көтерілуі 45%-ы теңізге құятын өзендер, 16%-ы айдыңға жауатын жауын-шашынның молаюы, 25%-ы теңіз үстінен булану мөлшерінің азаюы және 14%-ы Қарабұғазкөл Шығанағына құйылатын суды шектеуге байланысты [2].

Бар байлықты меңгеру бір іс болғанымен, қалған проблемаларды шешу де маңызды істердің бірі саналады. Біз үшін экологиялық проблемалардың жаңа нүктесіне айналып отырған Каспий теңізіндегі техногендік апаттар мен ластанулар көмірсулы ресурстардың қомақты көлемде игерілуімен байланысты. Мұнай өндіру мен оны тасымалдауда болатын апаттар шетелдік компаниялардың жүргізілген жұмыстарының толық экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын еместігін көрсетеді.

Каспий теңізі дүние жүзіндегі ең үлкен көл болып саналатын көлдердің бірі. **Каспий теңізі** (ескі тарихи атаулары: Каспи, Гиркан, Хвалын, Хазар, т.б.) — Еуропа мен Азия аралығында орналасқан жер шарындағы ең үлкен тұйық көл. Үлкендігіне қарап, оны теңіз деп атайды. Каспий теңізі неоген дәуірінің аяғында жер қыртысының көтерілуінен Қара теңізден бөлінді. Бұл кезді Каспий теңізінің пайда болған уақыты деп есептеуге болады. Каспий теңізінің жалпы ауданы 376 мың км². Оның беті теңіз деңгейінен 28 м төмен жатыр. Теңіз солтүстіктен оңтүстікке қарай 1200 км-ге созыла орналасқан. Теңіздің ендірек жері - 435 км, ал еңсіз жері - 193 км. Каспий теңізінің жағалау сызығының ұзындығы - 7000 км. Оның сы 5 мемлекеттің нсағалауын шайып жатыр. Жағалау сызығының Қазақстан Үлесіне 29% (2340 км), Ресейге - 16%, Әзербайжанға - 20%, Түрікменстанға - 21%, Иран Ислам Республикасы - 14% тиеді.

Каспий теңізінің су деңгейі соңғы он жылдықтарда бір қалыпты, су тұздылығы тұрақты, теңіз жануарларының өсіп-өнуіне қолайлы. Бірақта теңіздің экологиялық жағдайы, біріншіден суының сапасы жылдан жылға төмендеуде. Бұл жағдайдың бүкіл теңіздің биологиялық ресурстарына зиянды әсер туғызып отырғанын барлық Каспий жағалауы елдерінің жүргізіп жатқан ғылыми- зерттеу жұмыстары анықтап отыр. Теңіздің антропогендік ластануының бірнеше жолдары (көздері) бар. Бірінші Еділ, Жайық т.б. өзендер арқылы келіп құйылатын улы заттардан тазартылмаған өндірісте, ауыл шаруашылығында пайдаланған қайырма сулар. Екінші, теңіз деңгейі көтерілген жағдайда жайылған су астында және жағалауға жақын жерде қалған мұнай скважиналары (ұңғымалары). Үшіншісі соңғы жылдары теңіз бойында аса қарқынмен өріс алып келе жатқан мұнай, газ ресурстарын барлау және өндіру шараларынан жинақталатын мұнай қалдықтары, бұрғылау ертінділері, тағы да басқа улы қоспалар. Каспийдің жоғары деңгейде ластануының көптеген себептері баршылық. Соның бірі ретінде теңіз астындағы көмірсутегі шикізаттардың белгілі бір мөлшерде сақталуы, халықтың және өнеркәсіптің жоғары тығыздығы, құлама өзендердің бойындағы ауыл шаруашылығының белсенді игерілуі, «өзен-теңіз» деген айқын көрінерлік геохимиялық тосқауылдың болмауы, бассейндік тұйықтығы және т.б. Мұнай, фенол сияқты ластаушылардың кей мөлшерінің теңіз суына түсуі табиғи процесстердің нәтижесінде болады. Теңіздің басты ластаушысы мұнай болып табылады. Мұнай – өзіндік иісі бар қара-қоңыр түсті тұтқыр майлы сұйықтық. Мұнай өнімдері шекті, шексіз қатарлардан тұратын көмірсутегілердің күрделі қоспасынан тұрады. Қоршаған орта мен оның тұрғындарына мұнай және оның өнімдері қандай зиян келтіреді? Судың көп бөлігінің бетін жұқа пленка түрінде жайылу арқылы мұнай көптеген тірі микроорганизмдерге зиян әсер етіп, биологиялық тізбектің барлық өкілдерін жоя алу мүмкіндігі бар.

Мұнаймен ластану Каспийдің көк-жасыл мен диатомды балдырлар ретінде белгілі фитобентос пен фитопланктондарының дамуын тежейді. Теңізге түскен мұнай өнімдері балықтардың уылдырығы, дернәсілі мен шабақтарының сапасына кері әсер етіп, қоректің базаны жояды. Тек мұнайдың 1 тоннасы теңіздің 12 км² беттік көлемін ала алады. Теңіздер мен мұхиттар бетіндегі мұнай пленкалары энергия, жылу, ылғалдылық және су қоймалар мен атмосферадағы газдар алмасуын бұза алады; физико-химиялық процесстерді өзгертеді: су беткейінің температурасы жоғарылайды, газ алмасу нашарлаған соң, балық кетуі не өлуі мүмкін, сондай-ақ су түбіне тұнған мұнайда барлық тірі организмдерге зиянды әсер етеді: мұнайдың жинақталуы жоғары ұйымдастырылған жануарлар мен қарапайымдылардың қоректену тізбегінде болады. Мұнай балықтардың өзенде емін-еркін жүруіне өзіндік ықпалын тигізіп қана қоймай оның желбезегін зақымдап, оларды жаппай қырылуға және адамдар арасындағы көптеген аурулардың пайда болуына себепші болады. Қысқасы, қазір теңіз тіршілігіне қатер төнуде. Балық қоры мүлдем азайды. Оны броконьерлерден көреді. Олар бір-бір ұшқыр моторларға мініп алып, балық сақшыларын маңайлатпай кетеді дейді. Мемлекеттік қорықшылар сондай ұшқыр кемелерге неге мінбейді? Балық инспекторларының тікұшақтар алуына да мүмкіншіліктері де бар. Осы тұрғыдан алғанда қызыл балықтарды броконьерлер тауысып жатыр деген пікір – алдамшы сөз. Биылғы бозторғайлардың қырылуына да броконьерлер кінәлі ме? Жоқ, оның бір ғана себебі бар, ол – Батыс, Шығыс Қашағанды қазу кезіндегі теңізге жіберілген лай су, ыссы фонтан, жер астынан атылған инертті газ. Нәтижесінде теңіз тіршілігі қырғынға ұшырауда. Оны басшылар көрсе де көрмеген, білсе де білмеген болады. Әрине, мұнай керек, бірақ теңіз табиғаты құрыса, ол байлықтың құны көк тиын. Теңіз тіршілігі қалай болғанда да жойылуға тиісті емес [3].

Айтылған және басқа да ластану көздері әсерінен теңіз суында металлдар, әсіресе мыс, мырыш, қорғасын, мұнай қалдықтары және пестицидтер қоспалары балық шаруашылығы айдындары үшін белгіленген мөлшері шектелген жинақталуы (МШЖ) деңгейінен көптеген есе жоғары

екендігі анықталды. Ауыр металлдардың және мұнай қалдықтарының ең жоғарғы мөлшері (6-14 МШЖ) Еділ-Жайық өзен аралығында, Жайық өзенінің құяр жерінде және Солтүстік Каспийдің оңтүстік шығыс бөлігінде, демек Қаражанбас, Қаламқас т.б. мұнай кен орындары маңайында тіркелді. Теңіз суында хлорорганикалық пестицидтер оның ішінде ГХЦГ изомерлері мен ДДТ метаболиттерінің барлығы анықталды. Бұл улы заттардың жоғарғы мөлшері орташа есеппен ГХЦГ 0,12-0,59 мкг/дм³, ДДТ 5,59-7,51 мкг/дм³ теңіз суына Еділ және Жайық өзендері тікелей әсер ететін аймақтарында, Солтүстік және Орталық Каспийдің шығыс жағалауы суларында тіркелді. Пестицидтердің жоғарғы деңгей мөлшері теңізге Еділ өзені суымен құйылатыны біздің 2003-2005 жылдары жүргізген зерттеулер нәтижесінде анықталған. Ғалымдардың бағалауы бойынша, антропогендік ластану әсерінен теңіз жануарларының әр түрлілігі қысқарып олардың биологиялық өнімділігі төмендеп келеді, әсіресе бұл бекіре тұқымдас балықтар мен итбалық қорына қатысты. Егер өткен жылдар деректеріне жүгінсек теңіздің бекіре тұқымдас және басқа да бағалы балықтар қорына бірінші үлкен соққы берген өткен ғасырдың 50-ші жылдарында Еділ өзенін және оған құйылатын салаларын су қоймалар (водохранилищалар) тізбегіне айналдыру болды. Ресей мамандарының бағасы бойынша, әсіресе бекіре балықтарының өзенге көтеріліп уылдырық шашу мүмкіндігінен айырылуы жыл сайын 230 мың т. зиян әкелген. Бұның үстіне 1965-1988 жылдары Еділ өзеніне апат жағдайында 228 рет улы қоспалардан тазартылмаған өндірісте, ауыл шаруашылығында пайдаланған үлкен көлемдегі ағын сулары құйылған. Осындай көп жылдар бойы улы заттармен ластану нәтижесінде Еділ-Каспий алабында бекіре балықтарының ет ұлпасы талшықтанып, уылдырық қабығының осалдау дертіне әкеліп соқты. 1987-1989 жылдары Одақтың көптеген алдыңғы қатардағы ғылыми-зерттеу институттарының мамандары бұл дертті терең зерттеп, оған кумулятивный политоксикоз деген диагноз қойды. Демек бұл ауруға себеп болған суда және балықтар денесінде улы заттардың жиналуы.

Қазіргі кезде Каспий теңізінде биологиялық әртүрлілікті сақтау үлкен проблемаға айналып отыр. Каспий теңізінің мұаймен ластануына байланысты. Соңғы жылдары кәрі Каспийден мұнай өндіру мәселесі қатты қолға алынып жатыр. Мол байлық бірнеше шет ел алпауыттарын дедектетіп біздің республикамызға алып келгеніне де бірнеше жыл болды. Олар қазір ақ тер, көк тер болып теңізге мұнай соратын қондырғыларды орнатып жатыр. Пиғылы белгілі – оларға мұнай керек. Және көп мұнай керек. Ал ертең мұнай сора бастағанда теңізіміздің табиғаты не болады? Алтынға парапар бекіре балығы мен қара уылдырық өндіре аламыз ба? Басқа да теңіз жәндіктері қырғынға ұшырамай ма? Айталық, ана жылы итбалықтар қырылды, балықтар да өлді. Сонда осы мол мұнай Қазақстанның келешекте соры болмай ма? Себебі деректер бойынша Каспийдің Қазақстан жақ бетіндегі биоқорлардың жалпы құны 500 млрд доллар. Ал теңіз тіршілігі жойылса, халықаралық сот жыл сайын сондай мөлшердегі айыпты біздің елге салады да отырады. Мүмкін ол бірнеше ғасырғы созылар? Осы сұрақтар еріксіз ойландырады. Ең қиыны, теңізіміздің ертеңі не болады? Теңіздің жерасты қойнауында байлықтың мол қоры жатқанына қай жақта күдіктенбеді. Кеңес үкіметін ойландырған бұрғылау кезіндегі теңіз экологиясын сақтау болатын. Оған Кеңес Одағының көзін жеткізу үшін халықаралық мұнай бірлестігі компаниясы мамандандырылды. Менім ойымша Каспий теңізіндегі экологиялық проблемалардың бірнеше жолдары бар. Олар:

Теңіз жағасындағы мұнай компанияларын барлау және судағы мұнайды анықтау үшін Каспий теңізі жағасында белгілі ұйым құрылып, теңізді бақылап отырса;

Теңізге басқада өзен көлдерден, шет елдерден балық түрлері алып келініп оларды қамқорлыққа ала отырып Каспий теңізінің фаунасы мен флорасын қайтадан қалпына келтіру;

Мұнай компанияларына теңізге төгілген мұнай қалдықтарын есепке ала отырып олардан әр ай сайын салық төлету арқылы, теңіздің мұнайын арнайы сүзгілер арқылы тазарту;

Мұнай бұрғыларын теңізден бірнеше км шақырымға орналастыру арқылы теңізді болашақта мұнай қалдықтарынан қорғау;

Ата-бабамыз су ырыстың көзі деп бекер айтпаса керекті. Әр жердің табиғатында, оны пайдалану немесе қорғау көздері де әртүрлі. Су жүрген жер-береке, ел жүрген жер-мереке деген мақал тегін айтылмаса керекті. Өзге елдер шөлдерінде де туризмды дамытып жатады, ал біз бар мүмкіндікті қолдан жіберіп отырған жайымыз бар. Ұлан-байтақ жерімізде туризмді дамыта отырып, біз еліміздің болашағына сенімді қарай аламыз деп ойлаймын. Еліміздегі сондай аймақтардың бірі болып қазіргі таңда Каспий теңізін айта аламыз [4].

Каспий теңізінің жағалауында қазіргі таңда Ақтау, Маңғыстау сынды үлкен әрі әсем қалалар орналасқан. Қазіргі кезде бұл жерлердің халқының саны күннен күнге артуда. Ең алдымен осы қалалардың табиғат жағдайларымен танысып алайық.

Маңғыстау облысының орталығы саналатын Ақтау қаласының бұрынғы атауы Шевченко болатын. Қала атауы 1991 жылы өзгерді. Каспий жағасында орналасқан әсем қала-газ бен мұнай өндіретін өнеркәсіп орталығы. Қала Каспий теңізінің шығыс жағасында орналасқан. Қаланың оңтүстік шығысында 40 шақырым жерде әйгілі Қарақия ойысы жатыр. Жер бедері тегіс, ол негізінен

коррозиялық және дефляциялық әрекеттерден түзелген. Кеңестік ғылымға сәйкес Еуропа мен Азияның шекарасы Мұғалжардан басталып, Ембі өзенінің бастауына дейін, одан Ембі бойымен Каспий теңізіне дейін жүргізілетін. 1950 жылдарға дейін Қазақстан аймағындағы Еуропаның шекарасы Жайық өзенінің бойымен өтетін. 2010 жылдың сәуір-мамыр айларында Орыс географиялық қоғамының экспедициясы Еуропа шекарасын Мұғалжар арқылы, одан Каспий маңы ойпаты (Шығыс Еуропалық жазығы бітіп, Үстірт үстіртінің батыс бөлігі өтетін жер) арқылы өту керек деген қорытындыға келді. Мұндай жағдайда Еуропа шекарасы қазіргіден әлдеқайда оңтүстікке қарай ығысады. Қазіргі кезде Орыс географиялық қоғамының ғалымдар тобының пікірі Халықаралық географиялық одақтың қолдауына ие болмады [5].

Демек, егер Халықаралық географиялық одақ Орыс географиялық қоғамының қорытындысын қолдаса, Маңғыстау облысының бір бөлігі Еуропада орналасқан болып шығады. Егер Маңғыстау Еуропаға кіретін болса онда Каспий теңізіндегі порттар саны көбейіп, шет елдерден келетін туристтер санын біршама көбейтуге мүмкіндік алатын едік. Және де теңіз арқылы шекара бекетінен өтетін кемелер санын көбейтіп, оларды жүк тасымалдау үшін емес адамдарға теңіздегі аралдарды аралатып, немесе теңізді көрсетіп, ал кешқұрым уақытта жағалауда әр-түрлі фестивальдар, қазақы ойын түрлері өткізіліп, мейрамханаларды көптеп аша отырып, әр елдің ұлттық тағамдарымен қоса Қазақтың тағамдарында тыс қалдырмаса біз еліміздің туризмін екі жақтылы дамытып, туристтердің көңілін аудартуға болады деген пікірдемін

Мұнай қанша жерден пайдалы десекте, оның да сарқылар кезі туады. Сондықтан Мақтанба ертеңгі күніңмен, Сол күннің не әкелерін білмейсің сен дейді ғой, деп ертеңгі күнімізді де бір сәт болсада ойлағанымыз жөн.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстанның физикалық географиясы, Алматы: Атамұра, 2008. ISBN 9965-34-809-X
2. Ә.Бейсенова, А.Самақова, Т.Есполов, Ж.Шілдебаев; Экология және табиғатты тиімді пайдалану, Алматы. -2004, 328 бет.
3. Қазақстанның байлықтары, 3-том. - Алматы, 1988ж.
4. А. Г. Қасымов Каспий теңізі. - Л, 1987 ж.
5. Каспий экологиялық программасы, Информационный бюллетень, 2001, №2. -61 бет.

ӘОЖ. 334.71

ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ – КАСПИЙ ӨҢІРІНДЕГІ ЖЕТЕКШІ ИНВЕСТОР

Сабыров А.Р.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Қазақстанның өз алдына тәуелсіздік алуы оның экономикалық дербестігіне жол ашты. Қазақ елінің егемендікке ие болуы әлемнің көптеген елдерімен қарым-қатынас жасауға ықпал етті. Елімізге көптеген шетел инвесторлары келді. Олар тәуелсіздік тұғырындағы жас мемлекеттің экономикалық-әлеуметтік тұрғыдағы өрісін кеңейтті. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін араға бірер жыл салып, Қазақстан Республикасы мен «Шеврон» корпорациясының өзара келісім шарты негізінде «Теңізшевройл» кәсіпорны дүниеге келді. Кәсіпорын шетел инвесторларын тартудың тиімділігін алғашқылардың бірі болып дәлелдеді. Өндірістің көрсеткіші жылдан-жылға өсіп отырған кәсіпорынның Қазақстан экономикасына қосып отырған үлесі де қомақты.

«Теңізшевройл» - бұл Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін және геологиялық барлаумен, мұнай қорларын қазбалаумен, мұнай мен оның ілеспе өнімдерін сатумен шұғылданатын, өз қызметін қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғаудың ең жоғары стандарттарына сай жүзеге асыратын кәсіпорын.

Қазақстандық-Американдық жоба Қазақстанның мұнай державасы ретіндегі зор келешегінің бар екендігіне ғана емес, Қазақстан экономикасының түбегейлі реформаларға дайын екеніне көз жеткізді. Әлемдегі ең ірілердің бірі болып саналатын, шығарылып жатқан қорлары 750 миллиарднан 1 миллиард 125 миллион тоннаға дейін бағаланатын мұнай жинауыштарының бірінде кен орнының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты күрделі техникалық және технологиялық міндеттер табысты шешілуде. Бұл өнімді горизонттардың 4000 метрден астам тереңдікте жатуы. Жер қабаты ішіндегі қысымның шектен тыс жоғары болуы, сондай-ақ күкіртсутектің жоғары шоғырланысы. Уақыт кәсіпорын ұжымының кез-келген қиындықтарды жеңе білетінін көрсетті. Сондықтан да, бүгін кәсіпорын алдыңғы қатарлы мұнай компанияларының қатарына кіреді.

«Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорны бүгін тек үлкен мұнай ғана емес, 1993 жылы құрылған сәтінен бастап ТШО өзіне Атырау облысын дамытуға жәрдемдесу жөнінде міндеттеме алған болатын. Кәсіпорын 10 жыл ішінде Бонус қоры әлеуметтік бағдарламасы мен оның орнына келген «Игілік» бағдарламасы бойынша тұрғындар үшін неғұрлым өзекті деген мәселелерді шешу ісіне 75 млн-ға жуық доллар бағыттады, ал 2002 жылы «Игілік» бағдарламасының шеңберінде әлеуметтік жобаларға 8 млн доллар бөлінді. Осының арқасында Атырауда қуатты нан зауыты, қазандық пен газ құбыры, жаңа аурухана, су тазартқыш құрылыстар салынды. Тек соңғы үш жылдың өзінде ғана ТШО-ның каражатына облыс орталығында Жайық өзені арқылы өтетін автомобиль жолы қайта салынды, жағалауды темірбетонмен бекіту жүзеге асты, жергілікті университеттің бас корпусының құрылысы аяқталды, туберкулезге қарсы диспансерде науқастарды емдеудің қазіргі заманғы әдістемесі енгізілді. Кәсіпорын орналасқан Жылыой ауданының орталығында су тасқынынан зардап шеккен адамдар үшін 20 тұрғын үйдің, қазіргі заманғы жедел медициналық жәрдем ауруханасының құрылысын салуға қаржы бөлінді. ТШО жыл сайын медициналық, білім беру және мәдени бағдарламаларға демеушілік көмек және халықтық тұрмысы төмен, әлеуметтік жағынан қорғалуы төмен жіктеріне қайырымдылық көмек көрсетіп отырады.

Қазіргі кезде ТШО-ның штатында 3400-ге жуық адам бар. Компания бірінші кезекте Атырау мен жақын жатқан облыстардың мамандарын жұмысқа қабылдайды. Соның нәтижесінде қазақстандықтар компания жұмыс істей бастаған кездегі 50 %-мен салыстырғанда, қазір оның қызметкерлерінің 77,7%-ын құрайды. Қазақстандық мамандардың саны жалпы қызметкерлер санының 80%-ына дейін көбейеді деп күтілуде. ТШО штатында жұмыс істейтін 2400 қазақстандықпен қоса, 3200-ге жуық қазақстандық маман ТШО-ның мердігерлері үшін жұмыс істейді. Олардың саны ТШО кен өндіру деңгейін жоғарылатуға бағытталған ірі құрылыс жобаларын жүзеге асырған сайын көбейіп отырмақ. Қазіргі кезде қазақстандықтар мамандардың жалпы санының 62%-ын және бөлімдер мен топ жетекшілердің 80%-дан астамын құрайды. Сондай-ақ Лондонда Екінші Буын Зауыты мен Шикі Газ айдау жобалары бойынша жұмыс істеп жатқан қазақстандық мамандардың тәжірибесі баға жеткісіз. Олар негізінен Теңіз, Королев кен орындарын жақсы білетін әзірлеуші, геолог, экологтар болып табылады. Теңізге қайтып келгеннен кейін олар жаңа зауыт пен кәсіпшілікте технологиялық үрдістерге басшылық ететін болады. Аймақты дамытуға енгізіп отырған ТШО-ның үлесі қазірдің өзінде-ақ оң нәтиже беруде. ТШО қызметкерлерінің негізгі құрамы тұрақты әрі жоғары еңбекақы алып отырған Атырау облысының тұрғындары болып табылады. Қазақстан компаниялар орындайтын мердігерлік жұмыстарға келетін болсақ, қазірдің өзінде негізгі үлес Атырау облысында тіркелген жергілікті компанияларға тиесілі, осы арқылы жергілікті бюджетке түсетін салықтық аударымдар арта түсуде. Бүгінгі күні ТШО объектілерінде сапалы және сенімді жұмыс істеуді үйреніп жатқан компаниялар ертең басқа объектілерде негізгі мердігер ретінде дербес жұмыс атқара алады. ТШО басшылығы кадрларды дамытуға ерекше көңіл бөледі, арнайы кадрлық саясат концепциясы бар. Қазір қазақстандық кадрларды дамытуға, әрбір қызметкердің әлеуетін неғұрлым толық пайдалануға бағытталған бағдарлама (біліктілікті жоғарылату бағдарламасы, мансаптық өсу жоспары, материалдық ынталандыру және т.б.) жүзеге асырылуда. Жұмысқа қабылдау кезінде басымдық қазіргі заманғы білім алған және мұнай бизнесін халықаралық компаниялар деңгейінде жүргізуге көбірек бейімделген жас мамандарға беріледі. Сондай-ақ ТШО жергілікті мамандарды қазақстандық жоғары оқу орындарында оқытуға ақша төлеп отыр. Атырау қаласындағы маман-мұнайшыларды қайта даярлау жөніндегі білім беру орталығын құруға белсенді қатысуда.

Атырау Бонус қоры мен «Игілік» бағдарламасы шеңберінде бөлінген 109 млн доллардан астам қаржыға облыстың денсаулық сақтау, білім беру салаларындағы жаңарған ғимараттар, су тасқынынан баспанасыз қалған жылыойлық отбасыларының жаңа баспанаға қоныстануы, мектептердің компьютерлендірілуі, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің оқу корпусының пайдалануға берілуі секілді сан алуан игілікті істер ойға оралады. Атыраудағы Жайық өзенінің қос жағалауын жалғастырып тұрған орталық көпір де осы кәсіпорынның қаржысымен жаңарған. Аймақта бұл кәсіпорынның қолдауын көрмейтін сала жоқ десе болғандай. Өнер мен мәдениет те, кәсіп ашқысы келген кәсіпкер де ТШО-ға арқа сүйейді. Атқарушы билік те, қарапайым халық та қаржысын қайда сыйғызарын білмей отырған байшыкеш деп емес, шын мәнінде елдің экономикасы, еңсесі көтерілгеніне үлес қосуға ынталы алып деп таниды ТШО-ны.

Тұтас бір ауылды жаңа мекенге көшіру де ТШО-ның қаржыландыруымен жүзеге асты. Айналасын бұйра құмдар көмкеріп, экологиялық апат аймағында қалған Сарықамыс ауылының тұрғындары аз жылдың ішінде жаңа мекенге қоныс аударды. Олар үшін Жылыой ауданындағы Жаңа Қаратон елді мекені мен Атырау қаласындағы «Орман шаруашылығы» шағын ауданында тұрғын үйлер бой көтерді. Дербес жылу қазандығы секілді адамдардың тұрмысына қажеттінің бәрімен жабдықталған жаңа тұрғын үйлерді тамсана қарар көз керек. Атырауда да, Жаңа Қаратонда да сарықамыстық тұрғындардың балаларына арналған орта мектептерде оқушылар орта білім алып қана қоймай,

Интернет желісіне қосылған компьютерлерді меңгереді. Қыздар іс тігу, ұлдар ұсталық шеберханасында кәсіптік білімін шыңдайды.

Бірлескен кәсіпорынның әлеуетін әлеуметтік салаға бөлінген қаржының молдығымен ғана сипаттау жеткіліксіз. Өйткені, мұнай өндіруде де ТШО-ның тасы өрге домалап тұр. Жыл сайын қара алтын селін тасқындатқан бірлескен кәсіпорын оған қоса бутан, пропан секілді өнімдерді еуропалық сапамен өндіреді. Кеніштегі мұнайдың құрамындағы күкіртті кәдеге асыру мақсатымен түйіршік және қабыршақ күйіндегі өнімге айналдырады. Бір ерекшелігі, мұнаймен ілесе шығатын шикі газды жер астына кері айдауды іске асыратын жобаны қолға алған. Бұл жоба толығымен іске асқанда газ өңдеу зауытында күні-түні жанып тұратын алау азаймақ. Бұған қоса мұнай өндіру көлемін күрт ұлғайтатын екінші буын сатысындағы жаңа зауыт құрылысы да қарқынмен жүргізілуде. Жаңа зауыт жұмыс істей бастағанда өндірілетін мұнайдың көлемі 24 млн. тоннаны құрайтыны кім-кімді де қызықтырғандай.

ТШО-дағы елең еткізерлік бір жәйт – қазақстандық мамандардың жетекші буынын қалыптастыруға бетбұрыс. Білімі мен біліктілігі жоғары ұлттық менеджерлер мен басқарушылар құрамы 68 пайызға жетуі, жалпы қазақстандық мамандар қатары 80 пайызды құрауы осының дәлелі. Осы ретте бірлескен кәсіпорынның қазақстандық тауар өндірушілер мен сервистік қызмет көрсетушілерді де әріптестікке көбірек тартуын баса айтқан жөн. Бұл мақсатқа биыл 600 млн. АҚШ доллары көлеміндегі қаржыны игеру көзделгенін ескерсек, бұдан қазақстандық кәсіпорындар алдымен қаржылық қабілетін жақсартады. Екіншіден, жоғары сапалы өнім өндіріп, бәсекелес бола алатындай деңгейге көтеріледі.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Теңізшевройл» ЖШС-нің құрылғанына жиырма жыл толуы қарсаңында белгілі мұнайшы, мемлекет және қоғам қайраткері Р.Т.Шырдабаевтың «Қазақстан мұнайы. Ғасырлық тарих» кітабы. Атырау, 2013.
2. Оразбаев Қ. «Теңіз ғаламаты» деректі-публицистикалық дастаны. «Жібек жолы» баспасы. 2013.
3. Теңізшевройл 10 жыл, Атырау, 2003.
4. Қазақстан игілігі үшін, TENGIZCHEVROIL, 2004.
5. ТШО ШГА/ЕБЖ жобалары, Атырау, 2004.

ӘОЖ 796.011(09)

1990-2000 ЖЫЛДАРДАҒЫ АТЫРАУ СПОРТЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Нажмеденов О.М.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Еліміздің даму бағытын белгілеп берген «Қазақстан-2050 стратегиясы, дамыған мемлекеттің жаңа саяси бағыттары» атты Елбасы өзінің биылығы бағдарламасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене тәрбиесі, жастардың спортпен шұғылдану мәселелеріне жан-жақты тоқталғандығы белгілі. Дене шынықтыру мен спорттың жас ұрпақты салауаттылыққа тәрбиелеуде қашанда орны ерекше. Біз қозғағалы отырған Атырау өлкесіндегі дене шынықтыру мен спортының даму тарихы сонау ХХ-шы ғасырдың 20 жылдары басталған болатын. Ол кездерде дене шынықтыруға көбіне-көп жастар кеңінен тартылған болатын.

1990 жыл Кеңес Одағы ыдырап, құрамындағы 15 республика өз егемендігін жариялады. Солардың бірі Қазақстан республикасы болды.

Осы уақытқа дейін үлкен жарыстарға одақ атынан қатысатын қазақ спортшылары ендігі жерде дербес, тәуелсіз Қазақстан атынан шыға бастады. Егемендіктің келуімен Гурьев қаласының атауы «Атырау» атауымен өзгерді, республика, қала ішілік жарыстар көптеп өткізілді. 1991 жылдың 15 маусымында облыстық «Атырау» газетінің жүлдесі үшін шахматтан жасөспірімдер арасындағы екінші қала аралық жарыс, 27 маусымдағы халық батыры И.Таймановтың 200 жылдығына арналған бокстан ашық біріншілік, осы жылдың 2 наурызында Қазақ политехникалық институтының Атырау филиалының спорт саласында институт оқушылар мен қызметкерлерінің волейбол, стол үсті тенісі, баскетбол, шахмат, мини футбол, арқан тарту сияқты спорт түрлерін қамтыған спартакиадасы және 5 ақпанда Белоруссияның Гомель қаласында еркін күрестен облыс намысын Балықшы ауданының Амангелді мектебінің оқушылары Ержан, Сержан Гайниденовтар (1 орын), Мұрат Тапенов (2 орын) қорғаған т.б. бірнеше жарыстар болды.

1993 жылы облыстық білім департаментінің бастығы Жайлы Бөкешқызы Өмірбекованың ұсынысы бойынша облыс әкімінің шешімі мен балалар және жасөспірімдер спорт мектебіне «Ескі

әуежай» аймағында орналасқан кооперативтік училищенің бос тұрған ғимараты берілді. Спорт мектебі өзінің жеке базасына ие болды. Осы жылдың 21 қыркүйегіндегі Атырау газетінде: «Данияның астанасы Копенгаген қаласында байдарка мен каноэ есуден әлем чемпионаты өткізілді. Оған Қазақстан ескекшілері тұңғыш рет дербес команда болып қатысты. Осы әлемдік жарыста ел намысын Атыраулық спорт шебері Сергей Сергеев пен Андрей Сафарян да қорғады. Әлем чемпионатына алғаш қатысқанына қарамастан сәтті өнер көрсетті. Сонымен бірге Мәскеу қаласында атыраулық желаяқтар бейбітшілік марфонына қатысты. 1993 жылға дейін бұл марафон 13-ші рет өткізіліп отырса, атыраулықтар соның 8-не қатысқан екен. Соның ішінде 3500-дейі марафондық 42 км 195 метр қашықтыққа жүрген. Бұл марафонда атыраулықтар намысты қолдан берген жоқ. Осы жылы «Атырауэнерго» бірлестігінде «Қуат» әуесқой жүргізушілер клубы құрылды. Осы клуб мүшесі Тілепбергенов Қайырғали Москва марафонына тұңғыш рет қатысқан» - деп жазды.

1997 жылы «оңтайландыру» саясаты кезінде облыстық білім басқармасы жанындағы екі облыстық спорт мектебі бір мектепке біріктіріліп, 10 спорт түрінен құрылған үлкен мекемеге айналды. Еркін күрес грек-рим күресі, самбо, қазақша күрес, шахмат, тоғызқұмалақ, ауыр атлетика, байдарка мен каноэ есу баскетбол және футбол бөлімшелерінде 1500-ге жуық балалар мен жасөспірімдер өздері таңдаған спорт түрінен шеберліктерін шыңдады.

1997 жылы 7 қазанда облыстық білім департаментінің бұйрығымен №5-ші ықшам ауданындағы қазақ – түрік лицейінің ғимараты балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі қарамағына берілді. Спорт кешендері жоқ Вокзал маңы ықшам-ауданындағы мектеп оқушылар спортпен айналысуға мүмкіндік алды.

1999 жылы спорт мектебінде таэквандо бөлімшесі, ал 2000 жылы дзюдо бөлімшесі ашылды.

1954-99-шы жылдар аралығында облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебін 1500-ден астам спортшылар бітіріп шықты, 25 спорт шебері, бір халықаралық гроссмейстер, 400-дей спорт шеберлігінен үміткерлер, 7000-ға жуық разрядшылар, 800-ден астам облыстық жарыстар жүлдегерлері мен жеңімпаздары, 280 республикалық жарыстар жеңімпаздары мен жүлдегерлері, әр спорт түрлерінен Қазақстан құрама командасының 80-нен астам мүшелері даярланды.

Осы жылдар аралығында спорт мектебі шәкірттерінің шеберліктерін шыңдап, жеңіс биіктерінен көрінуіне бар күш – жігерін салып аянбай еңбек еткен жаттықтырушы – мұғалімдер Тен Николай Иванович, Есырев Станислав Геннадий Тимофеевич, Авдеева Надежда Александровна, Быченков Герман Федорович, Рахимов Фидван, Козанов Сулико Антонович, Мазмулян Сейран Амякович, Загорко Георгий Фантелеевич, Загорко Ольга Петровна, Ухов Евгений Михайлович, Строго Борис Сергеевич, Сурмак Т. А. , Андреева Валентина Ильиничина, Шынбаев Аман, Ли Анатолий Евгеньевич, Ли Олег Семенович, Есеналиев Асхат, Жаменов Мубин, Өтебадиев Жалғас, Ботагориев Төлеген, Геннадий Люфт есімдері мектеп тарихымен лайықты орынға ие болды.

2000 жылдары спорт мектебінің жеткен жетістіктері ауыз толтырып айтарлықтай. Республикалық біріншіліктер мен чемпионаттардың 147-жүлдегерлері мен жеңімпаздары, 95-спорт шеберлігінен үміткерлері, 19-Қазақстан Республикасының спорт шебері, Бүкілқазақстандық оқушылар спартакиадасының 6 жүлдегері мен 9 жеңімпазы, Азия чемпионатының 3 жүлдегері мен 2 чемпионы, Әлем чемпионатының 5 жүлдегері мен 3 әлем чемпионы даярланды. Олардың арасынан самбо күресінен жастар арасындағы әлем чемпиондары Қошқаров Бисенбай мен Ибрагимов Ринатты, Ермұратов Рустем, Баймұратова Бибігүл, Тайжанова Қалжанды ересектер арасында таэквандодан қола жүлдегер Сардарова Сәулені атауға болады.

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің спорт бөлімшелері де тәуелсіздіктің таңы мен дамуы сатысынан өтті. Солардың алғашқысы баскетбол бөлімшесі, 1991 жылдың мамыр айында облыстық спорттық өміріндегі маңызды оқиға – баскетболдан халықаралық турнир өткізілді. Облыстық білім департаментінің басшысы Ж.Б. Өмірбекованың қолдауымен демеушілер: «Жайық» фирмасы, Химия заводы мен Мұнай өңдеу заводының көмек арқасында Гурьев қаласында өткен бұл турнирге Польшаның Белосток, Белоруссияның Грозно, Украинаның Донецк, Россияның Волжак, Қазақстанның Алматы, Қостанай, Шевченко, Жаңаөзен қалаларынан командалар келіп бақ сынасты. Шешуші кездесу ОБЖСМ баскетболшылары мен поляктар арасында өтіп 72:69 есебімен қонақтар пайдасына шешілді. Ең бастысы << спорт бейбітшілік жаршысы! >> деген қағиданың дұрыстығы тағы да дәлелденді

1991 жылдың тамыз айында спорт мектебінің баскетбол командасы Польша мемлекетіне баруға мүмкіндік алды. Құрамында Максим Бажейко, Николай Дурманов, Жәнібек Нұржанов, Андрей Бахненко, Вадим Вишенин, Нұрлан Тілемісов, Амантай Айтпаев, Алмаз Дайдулов, Жан Шалқаров және Анатолий Чебышев сияқты баскетболшылар бар аға жаттықтырушысы В.И.Андрееваның командасы өздерінің осал команда еместігін шетелде де дәлелдеп, жүлделі 2-ші орынмен оралды.

1993-94 жылдардың ел экономикасына ауырлық әкелуі спортқа да кері әсерін тигізді. «УС-99», «Строитель» спорт залдары жабылып, балалар мен жасөспірімдер мектептері жабыла бастады,

қаржыландару қысқартылып, көптеген жаттықтырушылар қаржының жоқтығынан, жалақының ұзақ уақыт кідірілуінен жұмыстарын тастап, басқа бағыттарға кетуге мәжбүр болды.

1993 жылы В.И.Андреева Атырау педагогикалық институтына жұмысқа шақырылып, «Спорт пәндері» кафедрасына қабылданды. Спорт мектебінің баскетболы тарихында қиындықтар кезеңі туды. 1997 жылы «Оңтайландыру» кезінде 2 спорт мектебінің біріктірілуі онсыз да қаржының жеткіліксіздігінен қиындық көріп отырған спорт мектептерінің жағдайын нашарлатып жіберді. Спорт базасының жоқтығы, қаржының кемдігі футбол, баскетбол сияқты түрлерінің алға қарай дамуына кедергі жасады. Осы жағдайлар мен штатты баскетбол жаттықтырушысының жоқтығы «баскетбол бөлімшесін жауып тастау қажет» деген ойларға да жетеледі.

ОБЖСМ – нің тәрбиеленушілері М. Божейко, Б. Жандауов, И. Алипов, А. Дайдулов, А. Айтпаев, М. Каримов, К. Мусин, А. Азизовтардың «ФОК» командасы құрамындағы ойындары, Атырау университеті командасын құрайтын: Павел Болдырев, Қанат Мусин, Азамат Зұлхаров, Дамир Зұлхаров, Алмас Жүнісов, Азамат Атаниязов, Берік Өткелбаевтар Атырау балалар баскетболының көшбасшысы болған, «ОблОНО» командасы деген атпен Қазақстанға ғана емес, басқа да алыс – жақын елдерге белгілі болған спорт мектебінің әлі де өзін талай жарыстарда атына лайық деңгейде көрсете алатынына сенім тудырды.

Тоғызқұмалақ ойыны 1990 жылы қаңтар айында №2 ОБЖСМ – де бөлімше болып ашылды. 1990-94 жылдары Қазақстан Республикасының «спорт шеберлері» дайындалды. Олар Ашетов Құрманбай, Нұралин Берік, Нұралин Нұрбек, Құмарғалиев Бауыржан, Ізімов Аманқос, Қағазғалиева Бақыт, Қадыралиева Жаңылсын, Сағиева Айнұр. 1997 жылы мамыр айында облББ бұйрығымен №2 ОБЖСМ – і №1 ОБЖСМ – не қосылды.

1987-1997 жылдар арасында шахмат бөлімшесінде №1 ОБЖСМ – де Мубин Сейітбатаұлы Жаменов жаттықтырушы мұғалім ретінде табысты еңбек етті. 1987 жылы М.Сейітбатаұлының шәкірті Жанна Ағашина Шымкент қаласында өткен Қазақстан біріншілігінде қола жүлдегер атанған М.Сейітбатаұлы 1991 жылы Ресей, Украина, Қазақстан шахматшыларының қатысуымен өткен турнирдің ұйымдастырушысы болды. 2001 жылдан бастап Гайсин Сабырбай Төлегенұлы аға жаттықтырушы – мұғалім болып еңбек етіп келеді. Қазіргі уақытта Исабаев Нұртай, Тоқпаев Тахир жаттықтырушы болып жұмыс жасайды. С. Төлегенұлының шәкірті Мұсағалиева Бибінұр – 2002 жылы Иран, Азербайжан, Ресей, Қазақстан шахматшы студенттерінің қатысуымен өткен 2- Халықаралық Универсиядада қола медальды жеңіп алса, 2003 жылы Апуов Алмас Москва қаласында өткен халықаралық фестивальдің жеңімпазы атанды.

20 жылдық тарихы бар шахмат бөлімшесі жалпы облыстағы шахмат спортының дамуына ерекше ықпал жасады.

2003 жылдың Повладар қаласында наурыз айында өткен Қазақстан Республикасының жастар мен жасөспірімдер арасындағы чемпионатында тоғызқұмалақтан Абуев Аслан мен Есқалиев Ерлан 2- орынды иеленсе, 2004 жылы Ақтобе қаласында өткен Қазақстан Республикасының жастар мен жасөспірімдер чемпионатында Нуфтуллаев Айдос 1- орын, Жұмағазиева Ақбота 2-орын және осы жылы Шымкент қаласында өткен 2- республикалық мектеп және колледж оқушылар арасындағы спартакиадада Жұлқашева Ардақ 3- орын алды.

2004жылы 3 оқушы «спорт шеберлігіне үміткер» атағына ие болды. Қазірде төғызқұмалақ бөлімшесінде Ашетов Құрманбай, Нұрсалимова Жанна, Қуанов Қайрош және Құмарғалиев Бауыржан жаттықтырушылық қызмет атқатуда. Спорт мектебіндегі аудан 35қв. м тоғызқұмалақ залында 2 жаттықтырушы топпен жаттығу жүргізеді. Абай атындағы мектепте 1 топ, Кеңөзек орта мектебінде 5 топтармен жаттықтырушылар Қуанов Қ мен Құрманғалиев Б жаттығу жүргізеді

Спорт бөлімшелерінің ішінде ең жоғарғы дәрежеде дамыған самбо бөлімшесі жетістіктерге 90-шы жылдардан кейін жете бастады. 1993 жылы Омбы қаласында өткен жастар мен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатының жасөспірімдер арасындағы 48 кг салмақта белдескен Данияр Жақсиев чемпион атанса, жастар арасынан Нұрбай Сахипов жүлдегер атанды.

Самбо күресінің алғашқы жетістіктері мен баспалдақтары осылай басталған еді. Самбо күресінің спорт мектебінің шәкірттерінің соңғы 10 жылдан астам уақыттағы жетістіктері қазіргі облыстың аға жаттықтырушысы 2003 жылы Қазақстан Республикасына еңбек сіңген жаттықтырушы атағын алған Табынбаев Қошқарбайдың есімімен тығыз байланысты. Ол палуандар мыналар: Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, жасөспірімдер арасындағы әлемнің 2 дүркін чемпионы, 2000жылы Испанияда, 2001 жылы Молдавияда өткен әлем чемпионатының чемпионы, Саха елінде, Ресейде, Түркияда, Жапонияда, Германияда, Канар аралында өткен Халықаралық жарыстардың жеңімпазы және жүлдегері атанған атыраулық балуан Хатип Арсен – самбо және дзю-до күресінің спорт шебері.

2002 жылы Ташкент қаласында өткен Азия чемпионатының күміс жүлдегері, спорт шебері Мұхамедрахим Оралбеков Югославия елінде өткен әлем чемпионатында жастар арасында әлем чемпионы атанса, жасөспірімдер арасынан Қошқаров Бейсенбай қола жүлдегер атанды. 2003 жылы

Орал қаласында өткен әлем біріншілігінде 20 елден 300-ден аса балуандар қатысты. Осы әлемдік додаға Атырау облыстық білім басқармасы жанындағы №1 спорт мектебінің шәкірті Қазақстан құрамасының балуандары сапында 56 кг салмақта ел намысын қорғаған Бейсенбай Қошқаровтың алтын жүлдені жеңіп алуы үлкен жетістік еді.

ҚР мен бүкілодақтық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері Қазақстан чемпионатының 2 дүркін қола жүлдегері Қайрат Досқалиев, Ерманов Рүстем, Жұмағалиев Арман, Жұмағалиев Аслан, Серік, Болат Жұмбаевтар, Ермұқанов Нұржан, Жақсылықов Нұрбек, Жұмабеков Қалди, Салыхов Бекболат, Бейсалиев Тыныс, Отарғалиев Мақсат, ағайынды – Арман, Нұрлан, Амантай Усеевтар, Ғалымұлы Ерболат, Әбікереев Ербол, Мырзақұлов Айтқали Атырау самбосының мақтаныштары болды.

1990-2000 жылдардағы Атырау спортының дамуы қазіргі таңдағы облыс спортының жеткен жетістіктерінің тек қана бастамасы болды. Болашақта Атырау спорты мен спортшылары бұдан да толағай табыстарға жететініне сенеміз

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан Республикасы президентінің 2013 жылғы халыққа жолдауы.
- 2.Атырау газеті 1993 жыл 21 қыркүйек. № 148
- 3.№ 1 Облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне 50 жыл. Жинақ. 2004.
- 4.Атыраудың желаяқ жүгіргіштері. Атырау. 1997 жыл

УДК:373:26.8

ИСТОРИЯ ГЕОГРАФО-КРАЕВЕДЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ ТЕРРИТОРИИ ПРИКАСПИЙСКОЙ НИЗМЕННОСТИ

Имангулова Т.В., Саванчиева А.С.

*Казахская академия спорта и туризма, г. Алматы
E-mail: tanya_geo@mail.ru; Armanay75@mail.ru*

История географических и краеведческих знаний о территории современного Западного Казахстана и Прикаспийской низменности тесно связана с историей заселения людьми территории не только Казахстана, но и всей земли. Археологические находки свидетельствуют, что здесь человек поселился еще десятки тысяч лет назад и пользовался природными ресурсами. Однако, древнейшие письменные материалы, характеризующие природные богатства территории края, не сохранились. Сведения о природных условиях Западного Казахстана содержатся в сочинениях античных географов и ученых, среди которых выделяются сочинения Геродота, Страбона и Клавдия Птолемея. Затем в истории географического познания Прикаспийской низменности и Западного Казахстана наступает эпоха арабского владения. В этот период о странах Внутренней Азии наряду с арабскими писали и местные «среднеазиатские» авторы, сочинявшие свои труды на арабском языке. Среднеазиатская географическая школа развивалась через изучение и описание природы своей родины, с одной стороны, и через собиранье сведений, относящихся к иным странам, с другой. Многие среднеазиатские географы были еще и путешественниками.

Очень важные сведения о Прикаспийской низменности оставили западноевропейские путешественники, проникавшие на территорию Казахстана. Многолетние странствования многих путешественников до сих пор поражают огромной протяженностью маршрутов и обилием собранных сведений [1].

Наиболее выдающийся вклад в познание природы Прикаспийского региона внесли русские исследователи. Связи России со Средней Азией и Казахстаном становятся более регулярными, начиная с XV-XVI веков, когда закончилось образование казахской народности и укрепилось централизованное русское государство. Русское правительство уже тогда интересовалось казахским народом и собирало различные сведения о нем и о его землях. О Казахстане первоначально узнавали от различных посольств русских царей к казахским и среднеазиатским ханам и от предприимчивых торговых людей, проникавших на Восток. Имена многих из них утрачены. Однако сохранился первый географический свод о Средней Азии и Казахстане в русской науке - «Книга Большому чертежу».

В XVII веке торговые и дипломатические отношения России с Казахстаном получили дальнейшее развитие. Они способствовали расширению географических знаний. Собранные по крупнице географические сведения позволили русским к концу века соединить карты Средней Азии и Казахстана (карты Семена Ремезова) [2].

В древние и средние века просторы южного Приуралья и Зауралья служили местом обитания, кочевий и ареной передвижения различных племен и народов. Обилие пастбищ и плодородных земель, богатые рыбой реки и озера, месторождения медных и железных руд издавна способствовали освоению нашего края. Ко II в. до н. э. в степях Урала и Казахстана сложился хозяйственный уклад, сочетающий кочевое скотоводство, примитивное земледелие и металлургию, а также товарообмен с соседями.

В восточной части Прикаспийской низменности обнаружены остатки древних городов эпохи бронзы, охватывающей III—II тыс. до н. э. Считают, что эти города были построены древними арийцами, которые затем переселились из южно-уральских степей на запад и стали основой формирования многих народов зарубежной Европы.

В течение многих веков Урало-Каспийский регион был воротами на пути великих переселений. Волны народов одна за другой накатывались на оренбургские степи, вытесняя друг друга, оставляя следы своего пребывания в археологических памятниках и географических названиях. В I в. до н. э. Оренбуржье было местом тысячелетнего пребывания племен сарматов, занимавшихся кочевым скотоводством. С IV по XIII столетие регион, сменяя друг друга, населяли гунны, авары, гузы, печенеги, болгары, половцы, монголо-татары.

Несмотря на древность культуры народов, населявших Казахстан, литературные источники по его географии и природным условиям были крайне скудны. Письменный источник, дошедший до нас, где упоминается о казахской земле - Бехистунская надпись (VI-V вв. до н.э.), составлен от имени персидского царя Дария I. Походы Дария и его предшественника Кира II в страну, где в то время проживали саки и массагеты, относятся к числу исторически установленных фактов [3].

Наиболее древние сведения о территории Прикаспийской низменности приводит греческий историк и путешественник *Геродот*. В «Истории», написанной Геродотом в середине V в. до н. э., описывается Каспийское море, за которым, раскинулась «равнина на необозримом пространстве», за которой начинается «земля каменистая и неровная», а за ней «стоят высокие непроходимые горы». В описании Геродота угадываются бескрайние равнины Прикаспийской низменности, «каменистый и неровный» Общий Сырт и «высокие и непроходимые» Уральские горы.

В записях ученых круга А.Македонского (330-327 гг. до н.э.) упоминается ряд географических объектов (Каспийское море, Сырдарья), описание их запутано. Хотя А.Македонский не смог овладеть территорией Казахстана, его походы дали возможность греческим ученым пополнить знания о природе и народах казахских земель.

Ряд важных сведений оставили римские ученые-географы Страбон и Птолемей.

Страбон (63 г. до н. э. - 24 г. н. э.) в отличие от Геродота, Страбон считал Каспийское море не изолированным бассейном, а заливом Северного океана. Сушу Страбон представлял в виде острова, омываемого океаном или внешним морем. Океан образует 4 больших залива. Гирканское (Каспийское) море он принял за северный залив.

Клавдий Птолемей (90-168 гг. н. э.) - выдающийся ученый древнего мира, основатель александрийской географической школы. Его «Руководство по географии», где обобщены и систематизированы все, имевшиеся тогда географические сведения о Земле, являлось энциклопедией своего времени. Во второй карте Азии, посвященной азиатской Сарматии, Каспий изображен замкнутым бассейном. Делает это на основании достоверных данных, так как ему была известна река Ра (Волга) и река Даикс (Яик), текущая с гор. Таким образом, после 500 летних заблуждений создалось правильное представление о Каспийском море. Однако, Птолемей считал большую ось Каспийского моря направленной с запада на восток. С этим ошибочным понятием было покончено лишь во времена Петра I. Птолемей разделял ошибочное мнение предшественников о том, что Амударья и Сырдарья впадают в Каспийское море и поэтому имеется непрерывный водный путь от Каспия до Индии [4].

Для того времени, когда формировались наиболее общие представления о мире, созерцание природы имело принципиальное значение. В античном мире отношение к природе было наивно-материалистическим. Люди имели дело с реальными явлениями природы, нуждаясь в конкретном знании о них. Мировоззрение древних состояло частично из гипотез, но они основывались на наблюдениях. Около тысячи лет античные ученые старались разгадать тайны природы, но печальный базис познания не позволял им подняться выше гипотез и отдельных элементов научных знаний.

Представления античных географов о средней Азии и Казахстане, как бы они не были скудны, надолго сохранились в Европе без особых изменений, пока не были добыты новые материалы.

В середине первого тысячелетия большая часть Казахских степей оказалась под властью Тюркского каганата. В 568 году византийский император Юстиниан II направил к тюркскому кагану Дизабулу посольство Земарха Киликийского. Обратный путь Земарха был кратко описан византийским историком второй половины VI века Меандром Протиктором: "проделав немалый путь, (они) достигли... великого и широкого озера (Арала). Здесь Земарх пробыл три дня". Затем он в

"продолжение 12 дней шел вдоль песчаных берегов этого озера... (затем) достиг берега Иха (Эмбы)... Даиха (Яика) и разными болотами (Прикаспийской низменности) прибыл к Итилю (Волге)". В 900-1200 гг. н. э. арабские ученые, следуя Птолею, представляли Каспий замкнутым и круглым. Каспийское (Хазарское) море можно объехать кругом, возвратившись в то место, откуда отправился, и не встретит препятствий, кроме рек, впадающих в море, писал Истахри.

Неверное представление о форме Каспия сохранялось в западном ученом мире до начала XVIII столетия, пока не было опровергнуто русскими гидрографами.

Интересные записки оставил известный арабский путешественник и писатель *Ибн-Фадлан*. В 921-922 году он побывал с посольством в Волжской Болгарии (на территории современного Татарстана). Его путь лежал через Прикаспийскую низменность и Заволжье. Ибн-Фадлан в своих записках перечисляет речные переправы после спуска с плато Устюрт. Путешественник называет реки Джам (Эмба), Джакым (Сагиз), Узил (Уил). Описывает озера Индер ("Вода его похожа на море, не текущая") и Шалкар. Около современного города Уральска Ибн-Фадлан переправился через реку Джаих (Яик). "Это самая большая река, которую мы видели... и с самым сильным течением..." [5].

В описаниях ал-Идриси географы находят очень много достоверного. В реке Руза узнается Урал, Магре - Сакмара, текущая среди лесистых гор. Гузы - тюркоязычные племена, кочевавшие южнее Урала и в Зауралье [6].

Имеется рукопись X в. неизвестного автора среднеазиатского происхождения, написанная на персидском языке под названием «Худуд ал-алам мин ал-машрик ил-ал-магриб» («Области мира от востока к западу»). Рукопись открыта в 1892 г. А.Г.Туманским, в ней дано описание Каспийского и Аральского моря, 25 городов и поселений.

В X-XII вв. арабам уже была хорошо известна река Руза (Урал). Западные купцы и миссионеры также неоднократно пересекали южноуральские степи. Среди них - посол римского папы Палацио Карпини (1246 г.), посол французского короля Виллем де Рубрук (1253 г.), итальянцы братья Николо и Матео Поло (1265 г.) - отец и дядя знаменитого Марко Поло [7].

В 1333 г. на пути в Хорезм пересек Прикаспийскую низменность и Устюрт знаменитый путешественник Востока Ибн-Батута. Он описал реку Урал, озера.

Таким образом, в древние времена наиболее ценные географические сведения о казахской земле получены соседними азиатскими народами. Европейцы в качестве исследователей Средней Азии и Казахстана появляются лишь в XIII веке.

С XIV века в Западной Европе начали создаваться новые географические карты, где территория Казахстана передавалась правдиво - «Каталонская карта» (1375 г.) - значительная часть Азии, северо-западный Казахстан - Каспийское море и Аральское море, полуостров Мангышлак и Средняя Азия. В конце XVI в., после присоединения Западной Сибири к России, границы русского государства и казахских ханств стали общими. В 1594 г. в Москве было принято первое посольство, направленное казахским ханом Таукелем. В ответ в 1595 году из Москвы к Таукел-хану направлен переводчик Вельямин Степанов, гостивший два месяца и собравший сведения по истории и географии.

В конце XVI - начале XVII вв. казах Кадыргали Хошум Джалаири, живший сначала в Москве, позже в городе Касимове, составил книгу «Джами ат-таварих» («Сборник летописей») - документ о казахском народе и его земле. Книга написана по просьбе Бориса Годунова. Рукопись хранилась в библиотеке Казанского университета, лишь в 1854 году была опубликована профессором И.Н.Березиным.

В течении XVII века историко-географические материалы добывали не только торговые и дипломатические агенты, но и царские чиновники. В Самаре местный воевода Д.П.Лопата-Пожарский в январе 1613 года во время допроса хивинского и бухарского послов, интересовался местоположением «кочевьев казачьей орды» и состоянием степной дороги из Самары через реку Яик и Эмбу в Среднюю Азию. В 1620-1622 годы в Хиве и Бухаре побывал посол царя И.Д.Хохлов, который проехал морем из Астрахани до Мангышлака, по Устюрту до реки Амударьи. Многие русские послы становились «по совместительству» географами-путешественниками [8].

Таким образом, в XVII веке русские имели достаточное представление о земле казахов, расположении кочевий, караванных путях. Об этом свидетельствует «Большой Чертеж» - карта всего Московского государства, составленная русскими землемерами в конце XVI века. Это была дорожная карта-гигант, на которую наносились реки, озера, горы и города не только Московского государства, но и прилегающих к нему земель Заволжья и Зауралья. К сожалению, сам «Чертеж» и его копии не сохранились. До наших дней дошла только опись карты 1627 года, получившая название «Книга Большому Чертежу». На карте «Книги Большому чертежу» обозначена территория Казахстана от реки Урал до рек Ишим и Сырасу, гор Улытау и Каратау на востоке и юго-востоке и Ташкента на юге. Отмечены два крупных водоема - Хвалынское (Каспий) и Синее (Арал), все основные реки: Сыр (Сырдарья), Яик (Урал), Изле (Илек), Гем (Эмба), Вор (Орь), Иргиз, Саук (Тургай), Сарысу и озеро

Акбашлы (Челкар-Тенгиз), горные возвышенности на западе Казахстана: Оралтав (Южный Урал) и Урак (Мугоджары), горы Улутау и Каратау. Это подтверждает, что русские хорошо знали земли казахов, особенно западную часть. К сожалению, сама карта не сохранилась. До наших дней дошло только описание карты в «Книге Большому Чертежу». В ней написано: «Река Яик вытекла поровень с Оралтовой горой (Южный Урал) против верховья Тобола-ре ки. Потекла река Яик в Хвалынское море, а протоки реки Яика до моря 1050 верст ... Река Юрюк Самар (Сакмара)... пала в Яик против Аралтовы горы с правой стороны ... пала в Яик, с левые стороны Яика, Илез-река, ниже горы Тустеби, по-нашему та гора Соляная, ломают в ней соль...». Из описания «Большого Чертежа» видно, что составителям было неплохо известно междуречье Волги и Урала. В описи упоминаются Рын-пески (Нарын) длиной 300 км, озера Баскунчак и Индер, Камыш-Самарские озера, Чижинские и Дюринские разливы. Составителям «Большого Чертежа» были известны характерные песчаные гряды Прикаспия, впоследствии названные "бэровскими буграми" [9].

XVIII век в русской истории ознаменован новой эпохой - реформами Петра I. В планах внешней политики России, Казахстан, в силу своего выгодного стратегического положения, занимал особое место. Петр I считал его «ключом и вратой азиатским странам и землям», и, по свидетельству посла Таукелова, говорил: «Киргиз-кайсацкая орда потребна под российской протекцией быть, чтобы только через их во всех азиатских странах комоникацию иметь и к российской стороне полезные и способные меры взять» [10]. В эпоху Петра I усилено естественно-географическое изучение казахского края. Снаряжались новые экспедиции с целью найти полезные ископаемые. В 1714 году Петр I снаряжает две военные экспедиции с целью проникнуть в глубь Азии: Бековича-Черкасского - со стороны Каспия, и Бухгольца - из Сибири. Экспедиция Александра Бековича-Черкасского дважды, в 1714 и 1717 годы, направлялась к каспийским берегам и через них сухим путем по маршруту Астрахань - Гурьев (Атырау) - низовья Эмбы - Устюрт - Хива. Во время первой экспедиции Бекович-Черкасский начал плодотворные исследования: вел съемки северного и северо-восточных берегов Каспия, установив близкие к действительности его очертания, добыл первые сведения о нижней части долины Узбоя. Съемочные работы в 1715 году продолжил А.Кожин.

В 1719 году картографы капитан-лейтенант Карл Ван Верден и лейтенант Федор Саймонов занимались съемкой южного и западного берегов моря. В результате их работы в 1720 г. была составлена новая карта Каспия, изданная в Нюрнберге в 1720 г. Карта была доставлена в Европу Шумахером по указу Петра I и представлена Французской академии, избравшей его своим почетным членом.

В 1768 году организована вторая Академическая Экспедиция, инициатором был Ломоносов. Три экспедиции под руководством П.С. Палласа, И.И. Лепехина, И.П. Фалька отправлены в Оренбургскую губернию, две - С.Г. Гмелина и И.А. Гильденштеда - в Астраханскую. Члены экспедиции осмотрели западную, северную и северо-восточные части казахстанской территории. П.С. Паллас из Оренбурга направился в Сибирь, посетил города Троицк, Петропавловск, Омск, Семипалатинск [11].

Выдающаяся роль в изучении природы Казахстана принадлежит академику *П.С.Палласу*, который уделял внимание связям между компонентами природы, описал сотни видов животных, влияние климата на другие особенности ландшафта на границе черноземной с солончаковой, дал характеристики ландшафта, почвы и растительности, лежащего между Уральском и Астраханью. Он объяснил особенности природы Прикаспийской низменности, создал гипотезу о связи Черного моря с Каспийским через Манычский пролив. Паллас впервые отмечает существование в Индерских горах соляного карста.

Вклад в изучение Казахстана внесен Г.Ф. фон Генсом, военным инженером, служившим в Оренбурге. Во время поездок по казахской степи интересовался разведкой месторождений полезных ископаемых. Он составил геолого-географическое описание пространства между Тоболом и Тургаем, дал характеристику каменноугольных месторождений Центрального Казахстана.

В этот период был собран огромный материал по характеристике природных условий казахских земель. Этому способствовали русско-казахские связи. Мировая наука благодаря данным географических путешествий получила обширные и достоверные географические сведения об Оренбургском крае.

Таким образом, в данной статье, нами была сделана попытка систематизировать сведения о географических и краеведческих исследованиях территории Прикаспийского региона, собранных учеными-исследователями и путешественниками.

Список литературы:

1. Бейсенова А.С. Физико-географические исследования Казахстана. - Алма-Ата: «Казахстан», 1982.
2. Казахско-русские отношения XVI-XVIII вв. Т. I. - Алма-Ата: АН КазССР, 1961.
3. Герасимов И.П., Рязанцев С.Н. История географических исследований Казахстана. - Москва, 1950.
4. Бейсенова А.С. Первооткрыватели. - А.: Жалын, 1987.

5. Бейсенова А.С. Исторические основы географических исследований Казахстана. - Алматы, 2001.
6. Магидович И.П. Очерки по истории географических открытий. - М.: Просвещение, 1957.
7. Мурзаев Э.М. Рассказы об ученых и путешественниках. - М., 1979.
8. Березина Г.П. Исследователи Оренбургского края. - Оренбург, 1980.
9. Бейсенова А.С. Комплексные физико-географические исследования территории Казахстана // География, вып. 1. - Алма-Ата, 1969.
10. Дорофеев В.В. Над Уралом - рекой. - Челябинск, 1988. - 272 с.
11. Чибилёв А.А. Природа Оренбургской области. Физико-географический и историко-географический очерк. Часть I. - Оренбург, 1995. - С.120-121.

УДК:373:26.8

СОВРЕМЕННЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ И ОСВОЕНИЕ ТЕРРИТОРИИ ПРИКАСПИЙСКОГО РЕГИОНА

Саванчиева А.С.

Казахская академия спорта и туризма, г. Алматы

E-mail: Armanay75@mail.ru

Пристальное внимание к обширной территории Казахстана Царская Россия начала проявлять в конце XVI и в течение всего XVII в., периодически отправляя отряды купцов, военных топографов и естествоиспытателей в целях укрепления восточных границ империи, поиска торговых путей в южные страны. Первые сведения о наличии нефти на территории Атырауской области были обнаружены в записках Бековича-Черкасского, организовавшего по Указу Петра I в 1717 г., военно-топографическую экспедицию в Хиву через нижнее течение р. Эмба, затем в опубликованном отчете географа Н.А.Северцова в 1869. В отчетах научной экспедиции, организованной в 1768 г. (С. Гмелин, И. Лепехин, П. Паллас), имеются некоторые сведения о геологии и полезных ископаемых Западного Казахстана - угле, нефти, горючих сланцах и минеральных веществах. Горный инженер Геологического комитета России Д. Кирпичников, обследовавший в 1874 г. выходы нефти на Карашунгуле, Доссоре и Иманкаре, писал: «Несомненно, имеются большие скопления нефти, воспользоваться этим богатством очень трудно, так как нет пресной воды, нет путей сообщения с населенными пунктами, нет лугов и степей, удобных для сенокосов».

Особое внимание исследователей Западного Казахстана было направлено на полуостров Мангышлак. Изыскания начались в 1846 г., когда экспедиция М.И. Иванова на полуострове Мангышлак обнаружила первые признаки нефтепроявлений. В 1887 г., геологи Н.И. Андрусов, М.В. Баярунас приступили к маршрутным съемкам [1].

Проявления нефти и естественных производных на поверхности Земли были известны коренному населению с древних времен. Об этом свидетельствуют многочисленные казахские названия оро- и гидрографических объектов: урочищ, источников, колодцев и т.д., таких как Майтобе (масляный холм), Караарна (черное русло), Майкомген (место захоронения масла), Карашунгул (черная впадина), Жаксымай (хорошее масло), Карамай (черное масло), Каратон (черный затвердевший грунт), Мунайлы (нефтяное) и др.

В народе сохранилось предание «О святых огнях» в районе Аукетай-Шагыла (междуречье Урал-Волга), приуроченных, как выяснилось позже, к выходам горючих газов. В XIX веке знаменитый религиозный деятель и лекарь Матенкожа лечил чесотку скота и кожные заболевания людей черным маслом, выходящим из-под песков в нижнем течении р. Ойыл. Имеется упоминание путешественников о том, что торговые караваны, следовавшие из Китая и Индии по древнему Шелковому пути, использовали скопления черного масла в урочище Карамай в Зайсанской котловине для смазки колес своих телег.

В 1851-1853 гг. продолжались исследования полуострова Бозащи. Материалы экспедиции были опубликованы в Вестнике Русского географического общества в 1855 г. В этих работах подробно описаны рельеф, гидрография, растительный покров, проведен геологический обзор, характеристика грунтовых вод, почв и климата Устюрта, полуостровов Мангышлак и Бозащи.

Большое значение для целенаправленного геологического изучения и раскрытия нефтяных богатств региона имели исследования специальной экспедиции, направленной в 1892 г. в Западный Казахстан во главе с геологом С.Никитиным с целью изыскания намечавшейся трассы железной дороги в Туркестан и изучения природных богатств края. При исследовании выходов нефти экспедиция впервые использовала ручные буровые станки. Одновременно велись усиленные поиски пресных вод, несколько позже - фосфоритов и углей.

Установленные и положительно оцененные экспедицией С.Никитина нефтепроявления на Карашунгуле, Доссоре и Искене привлекли внимание нефтяной общественности того времени. Уже в конце 1892 г. Появились первые заявки предпринимателей на разведку отдельных участков Доссора. Вскоре образовались многочисленные общества, товарищества и фирмы для поисков и разведки нефти в Урало-Эмбинском и других регионах Западного Казахстана. Среди них наиболее крупными были: Урало-Каспийское нефтяное общество (УКНО), «Эмба-Каспий», «Уральская нефть», «Эмба» и др. В 1894 г. Группа петербургских предпринимателей получила разрешение на поиски и разведку нефтяных месторождений. Первыми объектами разведки нефти были Доссор, Каратон, Карашунгул и Искене. Компания С. Лемана, получившая в свое распоряжение концессию общества «Эмба-Каспий», пробурила на Карашунгуле 21 скважину глубиной от 38 до 275 м. В ноябре 1899г., здесь в скважине №7, на глубине 40 метров из загипсованных пород карстовой полости был получен фонтан легкой нефти. Это событие справедливо считается началом открытия нефти на древней земле казахов. В 1906-1909 гг. непромышленные притоки нефти отмечались в 3-4 скважинах из верхнемеловых отложений на Каратоне. В 1910 г. компания С. Лемана, привлекая средства английских предпринимателей в общество «Урал-Каспий», организовала глубокое бурение на Доссоре. 29 апреля 1911 г. на Доссоре в скважине №3, вскрывшей на глубине 225-226 м. отложения средней юры, был получен мощный фонтан нефти. Скважина фонтанировала в течение 30 часов и дала 16 700 пудов нефти [2].

В Обзоре Уральской области за 1913 г. (Приложение к отчету военного губернатора) говорится «... в Гурьевском уезде, Уральской области начатые издавна разведки увенчались успехом. Урало-Каспийскому нефтяному Обществу отведено 5 участков по 10 десятин каждый на Доссоре, 1 участок в 10 десятин в местности Макат, и 1 участок в 10 десятин в Искене. К 1 января 1914 г. состояло 29 участков, отведенных в различных местностях Гурьевского уезда под добычу нефти. В 1913 г. Уральско-Каспийское Нефтяное Общество на Доссоре добыло нефти 4 450 615 пудов» («Обзор Уральской области за 1913г. Приложение к Всеподданнейшему отчету Военного губернатора», Государственный архив Западно-Казахстанской области, Архивная библиотека).

В 1900-1917 гг. поисково-разведочными работами были охвачены, кроме Эмбинского района, междуречье Урал-Волга (Новобогатинск, Черная Речка), западное Предмугоджарье (Мортык, Итассай), центральная часть Прикаспия (Матенкожа) и Актюбинское Приуралье (Жуса). Были вовлечены в разведку 20 структур и площадей, на которых пробурено 166 разведочных и 177 эксплуатационных скважин. Разведочные работы проводились на Макате, Северном Искене и ряде других площадей. На Северной Искене пробурено 7 скважин, на Карашунгуле - 19. На Доссоре пробурено 32 разведочных и 100 эксплуатационных скважин, а на Макате - 12 скважин. В 1915 г. начинается пробная эксплуатация Маката. Промышленную нефть получили из юрских отложений, в одном из скважин нефть фонтанировала 18,5 часов, выбросив 250 т нефти. Компания Н. Лемана пробурила на Каратоне 20 разведочных скважин. Почти во всех была обнаружена нефть, из которых выкачивали от 8 до 160 т нефти в сутки. В начале нефть добывали фонтанным способом, затем, по мере истощения самоизлива скважин, нефть выкачивали из углубления, построенного у устья скважины. Этот способ добычи действовал на Эмбе более 20 лет [3].

Особое место в истории добычи нефти принадлежит Нефтепромышленному и торговому акционерному обществу «Эмба» (1911-1919 гг.), учрежденному правительственным актом от 10 апреля 1912 г. Учредителями его были: действительный статский советник Э.Л.Нобель, статский советник Т.В. Белозерский и потомственный почетный гражданин И.И.Стахеев. Все финансовые операции нефтепромышленного акционерного общества проводились через Русско-Азиатский банк.

В 1915 г. на месторождении Макат, ставшим своего рода полигоном для нефтепромыслового характера исследований - условий залегания и строения залежей и пород-коллекторов, со скважины 105 уже шла добыча. В 1916 г. Товариществом «Братья Нобель» на Жусинской структуре было пробурено две скважины глубиной 238 и 132 м. вскрытая здесь соль позволила сравнивать Жусинское нефтепроявление с месторождениями Урало-Эмбинского региона.

Проблема широкого промышленного освоения Урало-Эмбинского района была поставлена В.И. Лениным в 1920 г., вскоре после освобождения этого района от белогвардейцев. По его инициативе была начата постройка железной дороги Александров Гай-Эмба с целью соединить отдаленный и пустынный Эмбинский край с центром страны. Проведение железной дороги являлось необходимым условием для создания и широкого промышленного разворота мощной нефтяной промышленности [4].

В 20-е гг. XX столетия казалось, что добыча нефти не может стать определяющим фактором в развитии индустрии Уральского региона. Во «Введении к краткому плану работ Уральского губернского земельного отряда на 1922-23 операционный год» в разделе «Полезные ископаемые», в частности, говорилось: «Полезными ископаемыми Уральская губерния не богата. Из них пока имеют промышленное значение нефть и соль. Нефтяные земли находятся на востоке и часть на юго-западе

губернии вблизи Каспийского моря. В Уральской губернии в 1914 г., в лучший год нашей нефтяной промышленности, добыто 16 654 700 пудов, что составляет 34-ю часть добычи в России и 224-ю часть мировой добычи нефти».

В 1926-27 гг. промыслы треста «Эмбанефть» перешли на добычу нефти глубинными насосами и компрессорами. Одновременно начал использоваться природный газ - для отопления котлов и бытовых нужд. На Доссоре была проложена газовая магистраль, к которой были подключены эксплуатационные скважины.

В начальном этапе изучения геологического строения и оценки нефтеносности Западного Казахстана большое значение имели исследования. С. Никитина, П.Православцева, А. Замятина, С.Миронова и Н.Тихоновича по Прикаспию, Н.Андрусова и Баярунаса по Мангыстау. Из геологических результатов исследований этого периода важнейшими являются: разработка стратиграфии юрских, меловых и кайнозойских отложений, установление солянокупольной природы, распространенных в Прикаспии структур, составление ее тектонической схемы, выделение Н. Андрусовым Мангыстауской сложной мегаантиклинали, освещение в общих чертах условий нефтеносности и составление крупномасштабных карт ряда месторождений, разработка представлений о материнских нефтеносных толщах.

Во второй половине 20-х гг. XX века нефтяники Эмбы начали применять роторное вращательное бурение, что способствовало развитию буровых работ, росту глубины скважин, темпа вскрытия и разведки нефтяных залежей. Вращательное бурение на Эмбе было применено впервые в бывшем Советском Союзе. В результате этого, средняя глубина скважин с 196,7 м в 1929 г. возросла до 637,7 м в 1932 г. Нефтяники Эмбы первыми в бывшем Советском Союзе и Европе освоили на Доссоре и Макате сверхглубокое бурение того времени, до 2500-2800 м.

Новый импульс развитию геолого-разведочных исследований на территории Западного Казахстана был дан в 1925-1926 годах. В 1925 г. по результатам проверки работы треста «Эмбанефть» перед нефтяниками была поставлена конкретная задача: в течение 5-7 лет разведать структуры с признаками нефтегазоносности площадью 3500 квадратных верст на территории северных районов (Темирского района) Актюбинской области. Согласно этим задачам, к началу 30-х годов поисковые работы вышли за пределы Южной Эмбы и стали проводиться на территории Актюбинской области. В связи с этим возникла необходимость организации территориального треста «Актобенефтеразведка», а позднее - треста «Казнефтеразведка» в г. Гурьеве (Атырау). Такая реорганизация диктовалась необходимостью функционального разделения нефтяной отрасли на добычные предприятия и организации, занимающиеся только поисками и разведкой месторождений, поскольку сосредоточие в одних руках двух названных функций превращало отрасль в громоздкую структуру, что создавало некоторые трудности в проведении оперативных работ, связанных с поисками и разведкой нефтегазовых месторождений.

В 1931 г. бурением скважины №10 вновь организованным трестом «Актобенефтеразведка» в Актюбинской области открывается месторождения Шубаркудык. Двумя годами позже открытое месторождение Жаксымай. Оба месторождения находились далеко от г. Гурьева (Атырау).

Таким образом, к концу 20-х гг. геологоразведочные работы расширились, чему способствовал охват геологоразведочными работами значительной части Актюбинской области. Если до национализации нефтяных богатств края было пробурено 42328 п.м. скважин (в среднем 5300 м в год), то после 1920 г. пробурено 284 тыс. п.м. (в среднем 20600 п.м. в год). С 1920 по 1929 гг. на промыслах Урало-Эмбинского района было добыто 1630 тыс. т нефти, или на 19% больше по сравнению с количеством, полученным за весь дореволюционный период. Максимальная добыча была достигнута в 1931 г. – 417536 т.

С 1925 г., вслед за появлением первых геофизических опытов в Европе (1912-1916 гг., Этвеш), в Эмбинском нефтеносном районе началось применение новых геофизических методов исследований. В 1930 г. при создании геологоразведочной конторы в тресте «Эмбанефть» был организован самостоятельный гравиметрический сектор под руководством будущего академика Э. Фотиади. В 1932 г. геологоразведочная контора, вследствие наращивания объемов работ, отделилась от треста, а позднее была преобразована в трест «Казнефтегеофизика».

К 1940 г. Было выполнено 92 съемки в масштабе 1:100000 – 1:200000. С 1932 г. при детализации солянокупольных структур использовались съемка масштаба 1: 25000 -1: 50000. В 1939-1937 гг. территория Устюрта была покрыта редкой сетью маятниковых наблюдений.

Промысловые геофизические исследования в скважинах начали проводиться в 1932-1934 гг. на промыслах Доссор, Макат (трест «Эмбанефть») и Мортук, Жуса и др. (трест «Актобенефтеразведка»). Каротаж скважин проводился совместно с фирмой Шлюмберже методами кажущихся сопротивлений и самопроизвольной поляризации.

В целом поисково-разведочные работы этого периода позволили определить рациональный комплекс исследований, необходимый для детального изучения соляных куполов, в который вошли

прежде всего гравиметрия и сейсморазведка. Осознание необходимости активизации поисковых и разведочных геолого-геофизических работ привело к организации в 1940 г. первой в республиканском масштабе геофизической службы. Тогда при Казахском геологическом управлении была создана геофизическая группа под руководством М.Морозова.

В годы Великой Отечественной войны вошло в строй месторождение Жаксымай. Нефтяники урало-эмбинского района в годы войны применяли такие прогрессивные методы, как форсированный отбор жидкости, дополнительный прострел дыр, торпедирование методов эксплуатации и т.д. Разведчики открыли на Эмбе три новых месторождения нефти, которые были успешно введены в промышленную разработку уже в период Отечественной войны и дали тысячи тонн высококачественной нефти. Были введены в эксплуатацию новые предприятия, в городе Гурьеве (Атырау) построен крупный нефтеперерабатывающий завод [5].

С 1996 г. велись разведочные работы на месторождениях нефти Лактыбай, Жанатан, Восточный Акжар, Алибекмола и Кожасай. К концу 1997 г. в надсолевом комплексе было известно уже 7 нефтяных месторождений, а в подсолевом - 6 нефтяных и 4 нефтегазоконденсатных.

С 1946 г. объемы геологоразведочных работ в Прикаспийской впадине резко возросли, проводились геофизические исследования, бурение глубоких опорных и параметрических скважин. Поисково-съёмочные, аэрогеологические работы на обширных территориях Западного Казахстана сопровождались картировочным бурением, геофизическими, геохимическими, геоботаническими и др. исследованиями. С 1948 г. на территории всей Прикаспийской впадины начала работать Аэрогеологическая экспедиция. Интенсивно велись разведочные работы в различных нефтеносных районах. На Эмбе они привели к открытию нефтяных месторождений: Теренозек (1951г.), Тажигали (1956 г.), Караарна (1957 г.). Промышленная нефтеносность была установлена на Жыланской структуре (Актюбинское Приуралье). Из многочисленных военных публикаций, посвященных геологии, тектонике, нефтеносности Западного Казахстана, важное значение имеют труды А.Яншина, Ю. Никитина, Ю. Косыгина, Г. Айзенштадта, Н. Неволлина, В. Вахромеева и др.

В послевоенный период начинается интенсивное совершенствование методики и техники сейсморазведочных, полевых и камеральных работ, создаются многоканальные сейсмические станции. Изучаются районы Северного Устюрта, Актюбинского Приуралья, междуречья Урал-Волга, а также Торгайской, Тенизской впадин и южной части Западно-Сибирской плиты.

В становлении республиканских научных исследований по комплексному изучению недр Западного Казахстана большую роль сыграла выездная сессия Академии Наук, проведенная в г. Гурьеве (Атырау) в 1949 г. по инициативе академика К.И. Сатпаева. Тогда под его руководством, с участием видных ученых и специалистов в области нефтяной геологии, разработки, техники и технологии бурения, были рассмотрены основные проблемы поисков и разведки, добычи и транспортировки углеводородов, нефтехимии и др. Были намечены основные пути дальнейшего развития нефтегазовой отрасли в Западном Казахстане.

Идеи академиков К.И.Сатпаева и А.Л.Яншина о необходимости резкого расширения фронта нефтепоисковых работ выходом за пределы старой Эмбы и охватом невоскритых глубин были вскоре обоснованы учеными и воплощены в жизнь организаторами отрасли. Здесь следует отметить заслуги В. Федынского, Н. Байбакова, П. Аврова, Б. Дьякова, П. Неволлина, Ю. Васильева, Н. Чарыгина, С. Оруджева, П. Еникеева, С. Утебаева, Н. Калинина, Ж. Досмухамбетова, Н. Имашева, Г. Хакимова и др.

В конце 1958 г. в г. Гурьеве (Атырау) Министерством геологии и охраны недр Казахстана было создано Западно-Казахстанское геологическое управление, объединившее все нефтепоисковые буровые предприятия Западного Казахстана, которое за время своей деятельности принимало непосредственное участие в открытии важнейших нефтегазовых месторождений на Прикаспийской впадине, Мангыстау и полуострове Бозащи.

10 июня 1965 года первый эшелон Мангыстауской нефти по железной дороге был отправлен на Гурьевский нефтеперерабатывающий завод. С открытием Южно-Мангыстауского нефтегазоносного региона с его крупнейшими месторождениями Узень и Жетыбай разведанные запасы нефти по промышленным категориям увеличились в 20 раз, а годовая добыча в 14 раз. В последующие 10 лет были выявлены, разведаны в разработку новые месторождения: Тенге, Тасболат, Каранмандымас, Восточный Жетыбай и др. С резким увеличением добычи нефти, возникла острейшая необходимость строительства нефтепровода для ее транспортировки на Гурьевский нефтеперерабатывающий завод и другие заводы на территории бывшего Советского Союза.

Открытие и ускоренное освоение мангыстауской нефти сыграло решающую роль в многократном увеличении разведанных запасов и способствовало выходу Казахстана в число ведущих нефтедобывающих республик бывшего Союза. В 70-х годах фронт поисковых и разведочных работ разворачивается на полуострове Бозащи, завершившееся открытием и разведкой крупных месторождений Каражамбас, Северное Бозащи, Каламкас и др.

В послевоенной истории изучения Западного Казахстана, в научном обосновании его перспектив на углеводородное сырье и поднятии эффективности поисков и разведки значительный вклад внесли научные сотрудники Урал-Эмбинской научно-исследовательской базы, созданной в 1946 г. по инициативе академика К.И. Сатпаева для изучения природных ресурсов Западного Казахстана.

Крупным событием в нефтеразведочном производстве Западного Казахстана стало бурение сверхглубоких Аралсорской, Биикжальской скважин (до 7000 м). Управление «Казнефтегазразведка», организованное в г. Гурьеве (Атырау) в 1972 г. приступило к бурению глубоких скважин с целью вскрытия нефтегазовых залежей в подсолевых отложениях. Вскоре были открыты подсолевые месторождения Жанажол и гигантские нефтегазоконденсатные залежи Карашыганака. В начале 70-х годов буровые работы по вскрытию подсолевого комплекса привели к открытию гигантского нефтяного месторождения Тенгиз, входящего в число 5 крупнейших месторождений мира.

Как отмечалось, крупные открытия произошли в 70-х гг. на полуострове Бозаши, где за короткое время были обнаружены и подготовлены к разработке Каражамбасское, Северо-Бозащинское, Каламкасское, Жалгизтобинское и другие нефтегазовые месторождения. Нефть названных месторождений отличается большим удельным весом и высоким содержанием ванадия, достигающим до 250мг/т. За счет открытия этих месторождений, запасы которых относятся к категории крупных, особенно Каламкасского, сырьевая база Мангыстау заметно расширилась и укрепилась [6].

3 декабря 1993 г. Правительство РК подписало международное соглашение с зарубежными компаниями SHELL (Голландия), STATOIL (Норвегия), MOBIL (США), BP (Англия), TOTAL (Франция), AGIP (Италия) о создании международного консорциума, оператором в котором являлась государственная компания «Казахстанкаспийшельф».

В 1994-1996 гг. в акватории на площади более 100 тыс. км² проведены сейсмические, экологические, инфраструктурные и другие исследования. Сейсмическими работами изучено региональное строение казахстанского сектора Каспия, выявлено большое число локальных ловушек, в том числе Кашаган, Курмангазы, Каламкас-море и др., часть из которых была детализирована для постановки поискового бурения. В июле 2000 г. Консорциум объявил об открытии нефти на Восточном Кашагане.

Список литературы:

1. Буренков В.М. Мангышлак. - Алма-Ата: «Кайнар», 1984. - 176 с.
2. Карпеков К.Д. Прикаспийская низменность // Казахская ССР. Краткая энциклопедия. Том 2. - Алма-Ата, 1988. - С.414-415.
3. Мирзоев М.А. Мангыстау: голоса столетий. - Алма-Ата: «Казахстан», 1994.
4. Шаукенбаев Т. Экономика нефтяной промышленности Казахстана. - Алма-Ата: «Казахстан», 1974.
5. Сагингалиев Б. История «Большой Эмбы». - Алматы: «Олке», 2002.
6. Каспийский шельф: взгляд с казахского побережья. - Алматы: «Олке», 1997.

ӘОЖ:373:26.8(574)

ӨЛКЕТАНУ САБАҚТАРЫНДА ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕР ГЕОГРАФИЯСЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕМЕСІ

Тургумбекова Н.М.

*Қазақтың спорт және туризм академиясы, Алматы қаласы
E mail: nturgumbekova@mail.ru*

XXI ғасыр жаңарған, дамыған реформалар ғасыры болып тарих сахнасына енуде. Сондықтан оқу-ағарту, ғылым саласында жаңа реформалар жасалуда. Әр елдің ұлттық салт-дәстүрі терең зерттеліп, соны игеруге мол мүмкіндік туды. Қазақстан Республикасы соңғы 20 жыл ішінде әлем таныған ел болды. Қазіргі жастарға зор міндеттер жүктелді, білімді ұрпақ қажеттілігі туындады. Қазақ халқының көне тарихын, мол мұрасын оқып үйрену жаңа буын оқулықтарында көрсетілген. Соған қарамастан, қазіргі тарих оқулықтарында жергілікті өлкеміздің тарихы аз жазылған, толық зерттелмеген мәліметтер көп. Сондықтан студенттерге болашақта мектепте сабақтан тыс уақытта өлке тарихын оқуға мән берулері қажет.

Өлкетану – белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы; шағын аумақтың табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын және мәдениетін, елді мекендерін оларға жақын орналасқан объектілермен

қоса зерттеу. Салалық өлкетану (тарихи, этнографиялық, топонимиялық және т.б.), табиғи және әлеуметтік құбылыстардың өзара байланысын зерттейтін кешендік географиялық өлкетану болып бөлінеді. Өлкетанудың негізгі әдісі – аумақ туралы ақпаратты, табиғи үлгілерді (геологиялық, топырақ, биологиялық, зоологиялық), материалдық мәдениет заттарын және т.б. деректерді жинау және жүйелеу[1].

Жалпы орта мектептердің алдына қойған мақсаттарының бірі мектеп ішіндегі өлкетану сабақтарын жүргізу болып табылады. Өлкетану дегеніміз бұл белгілі бір аумақты зерттеу. Зерттеу объектісіне ауыл, қала, облыстардың әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуын жатқызамыз. Сондықтан мектептерде ел тарихын білу – бұл білім берудің және тәрбиенің негізгі бір әдісі. Ол оқушыларды эстетикалық, жан-жақты дамуына әсерін тигізеді. Тарихты оқыту үрдісінде елдімекен тарихын білудің маңызы зор.

Туристтік-өлкетану іс-әрекеттері арқылы мектеп оқушыларының қазақстандық патриотизмінің қалыптасуы моделі эмоционалдық-мотивациялық, танымдық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттері бірлігінде байқалып, нақты өлшемдер мен көрсеткіштер, деңгейлер арқылы сипатталады және бүгінгі өскелең ұрпақты қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуде бағыт-бағдар береді.

Бүгінгі таңда көп ұлтты Қазақстан халқының болашағын қамтамасыз ету үшін жеткіншек жас ұрпақтарды мемлекеттік рәміздер мен «Мәдени мұра» нысандарына, жалпы ұлттық құндылықтарды құрметтеп, қастерлеуге бағдарланған патриоттық тәрбие беру өзекті мәселеге айналууда. Бұл жөнінде еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстан-2030» атты Қазақстан халқына жолдауында «Оқушыларды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет», - деп атап көрсетті. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-ші бабында білім беру жүйесінің басым міндеттерінің қатарында «азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу» туралы да айтылған [2].

Бүгінгі XXI – ғасырда егеменді Қазақстанда өмір сүріп жатқан жас ұрпақтың бойындағы ерлік пен елдік қасиеттің рухани негізі туып-өскен жері мен елінің салт-дәстүрінен, ұлттық мәдени мұраларынан, ел мен жер байлығын қорғап қалған Күлтегін, Тоныкөк, Қобыланды, Ер Көкше, Ер Қосай, Едіге, Қарасай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Сұраншы, Саурық батырлардың ерлік істерінен бастау алады. Сонымен қатар, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мәдени-рухани мұралар, тастағы жазбалардағы өсиет, өнеге, нақыл сөздер, өлкетану мұражайларына орналасқан мұрағаттар жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік, ерлік сезімді ұялатып, олардың туған жерге, өскен елге, ұлт мәдениетіне деген сүйіспеншілік қасиеттерді қалыптастыруға игі ықпал етеді [3].

Қазіргі талап деңгейіне сай мектептерде оқу-тәрбие үрдісі арқылы оқушыларға терең білім берумен қатар, өлкетану экологиялық мәдениеттіде қалыптастыру басты мақсат болып отыр. Демек, бүгінгі таңда әрбір мұғалімнің мақсаты — сабақ сапасын көтеру түрлерін жетілдіру, оқушылардың пәнге деген қызылығушылығын арттыру, іздену, таным деңгейін көтерумен бірге сабақта өлкетану материалдарын кеңінен қолдана отырып, географиялық, экологиялық білім беру.

Бүгінгі күннің негізгі мақсаты мен міндеттері: оқушылардың қоршаған ортаға, туған өлке табиғатына, жергілікті флораға сүйіспеншіліктерін қалыптастырып, ол арқылы туған өлке табиғатының байлығын сақтау, табиғатын қорғауға тәрбиелеу, жас ұрпаққа географиялық, экологиялық, өлкетанулық тәрбие беру. Елбасының жолдауымен 1999 жылы «Экологиялық білім бағдарламасы» деген құжаттар қабылданған. Сонымен қатар Елбасының жолдауымен қабылданған «Жасыл ел» бағдарламасы да іске асырылууда. Бұл бағдарламалар

Қазіргі уақытта жас ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуына ізгіліктік, ғылымилық, жүйелілік ұстанымдарына негізделген үздіксіз экологиялық, өлкетанулық білім беру жүйесін құру, оның тәрбиелік мүмкіндіктерін саралау өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Өлкетану сабақтарының басты бөлімі оқушыларды табиғатпен таныстыру бөлімінен бастау алады. Туған өлкенің табиғатымен таныстыру-балалардың танымын дамытудағы басты құралдардың бірі. Оқушыларға экологиялық тәрбие ұғымдарын беру теориялық-практикалық әдістері төменнен жоғарыға, қарапайымнан күрделіге өрлеуден тұратын үрдіс. Мысалы: экология тәрбиесімен әртүрлі пән мұғалімдері, өнер адамдары, табиғат зерттеушілері, тағы басқа мамандық иелері айналысады. Оның ішінде, әсіресе, мектеп оқушыларын көбірек қамтитын география пәнінің орны ерекше. Әрбір халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан сан салалы тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы күнделікті қоғамдағы өмірі, жалпы ұлттық ерекшелігі, айнала қоршаған ортамен байланысты болады. Адам табиғат перзенті. Адам табиғаттан жеке дара тыс өмір сүре алмайды. «Судың да сұрауы бар», «Суырыстың көзі», «Сулы жер-нулы жер, бұлақты жер — тұрақты жер» деген нақыл сөздер де бар. Осы нақыл сөздердің өзі де жастардың бойында табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін оятып, оны аялауға тәрбиелейді.

Ал өлкетану-жергілікті белгілі бір шектелген өңірді немесе еліміздің шағын бөлігін оқып үйрену. Оқушылар өз өлкесі жөніндегі білім қорын меңгеруді алғаш рет мектеп табалдырығын аттаудан бастайды. Бастауыш сыныптарда өлкетану өз туған жерін тани білумен басталады. Қоршаған орта, табиғатты көз көріп, араласып, табиғат өзгерістері туралы ұғым қалыптастырады. Ал 3-4 сыныптарда өлкетану жұмыстары барған сайын күрделене әрі кеңейе түседі, оқушылардың енді өз өлкесі жөніндегі географиялық, экологиялық білім негіздері қорлана түседі. Оқушылар 3-4 сыныпта туған өлкесінің табиғаттың маусымға қарай өзгеруін, соған сәйкес адамдардың еңбектегі іс-әрекетінің өзгеруін бақылай алады.

Бастауыш сыныптардағы экология, өлкетану жұмысы дүниетану пәніне байланысты жүргізіледі.

Төменгі сынып оқушыларында мұндай дағдыларды қалыптастыруда табиғат көріністерін бейнелейтін суреттерді пайдаланудың, олар бойынша жұмыс жүргізудің маңызы зор. Туған өлкені суреттей отырып, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, табиғатын аялай білуге баулиды. Бастауыш сыныптарда табиғат қорғау, табиғатты тани білу, ең алғаш өзінің көріп жүрген туған жерінен басталады.

Мектепте оқылатын жаратылыстану пәндерінің ішінде экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы маңызы ерекше пәннің бірі - география. Географияны оқытудың басты міндеттері – табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесуінің тарихи сипатын ашу, оқушыларға қоршаған ортаны өзгертудегі антропогендік факторларды түсіндіру, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қоршаған ортаны ұқыпты қорғауға үйрету.

Осыған орай, кең байтақ қазақ жеріне тән өзіндік ерекшелік — оның үлкен континентшілік орналасуы. Көптеген жерлерде халық аз қоныстануына байланысты бұл жерлер әскери базалар мен атом жарылысын сынайтын полигондарға беріліп, жер қойнауының байлығын — жалпы өндіріс орындарына, құнарлы жерлерді-ауыл шаруашылығының өнімдерін өндіруге, егіншілікті көтеруге, мал жайылымдарын — мал шаруашылығын дамытуға беріліп, біздің табиғатымызға көптеген жылдар бойы өте зор зиян тигізілді.

География пәні бойынша әр тақырып экологиялық проблемалармен таныстыру және өлкетанулық білім беруде зор маңызы бар.

Өлкетанулық білім беруді бүгінгі күннің талабына сай жетілдіру үшін оның үздіксіз ұстанымын жүзеге асыру керек өйткені өлкетану курсы пән ретінде оқытудың 1-11 сыныптарға арналған мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру керек. Бұл ХХІ ғасырдың күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Әр сабақта жергілікті жердің компоненттері жайлы мағлұмат пайдаланылуы – елі мен жерін танудың, оны қорғаудың, болашақ ұрпаққа сақтаудың басы екендігін, әрі әр адамзаттың борышы екендігін ұғындыруда.

Мұғалім – туған өлкені танудағы ғылымға жол ашушы, соған бағыттап бейімдеуші.

Оқушы – ізденуші, кейінгі іні-қарындастарына географияның жаңа қырын ашушы.

Әрбір жергілікті елді мекендерде туристік-өлкетану үйірмелері жұмыс жасайды. Өлкетанудың жергілікті орталықтары ретінде тарихи-өлкетану мұражайлары, мәдениет үйлері, түрлі үйірмелер құрылған. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері жергілікті жерлердегі өлкетану мекемелерінің ісін жандандыру, бұрынғы жер-су атауларының шығу тегін зерттеп, қалпына келтіру, халыққа көп танымал емес бай мұраны жинастыру, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға алу ісі қолға алынды. Жергілікті жерлерде облыс, аудан өлкетану мұражайлары жұмыс жасауда. Қазақстанның әр өлкесіне арнайы ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру да ілгері дамуда.

Қазақстан туризмінің өзекті күрделіліктері, кластерлі брендке айналдыру құндылықтары, дамуы мен болашағы, сондай-ақ туризмнің кластерлі-инновациялық дамуы мен өлкетану жұмыстарын ұйымдастыруға қатысты мәселелері талқылау болып табылады. Басты мақсат – Қазақстандағы өлкетану туризмін дамыту және отандық әрі шетелдік ғалым-мамандар арасында туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру мен бірлесе жұмыс істеуге әрекеттесу, аймақтарды зерттеуде тәжірибе алмасу, ақпаратты-коммуникациялық технологияны пайдалана отырып, географиялық өлкетану және туризм бойынша оқу сапасы мен білім жүйесінің деңгейін жақсарту

Әдебиеттер тізімі:

1. Оқушыларды өлкетану материалдары арқылы елжандылыққа тәрбиелеудің әдістемесі // «Қазақстан және әлем: тарих және заман». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары / Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті. – Алматы, 2005. – 122–124 бб.
2. Оқу-тәрбие үрдісінде өлкетану материалдарын пайдалану арқылы елжандылыққа тәрбиелеудің тиімді әдіс-тәсілдері // Қазақстан республикасындағы білімнің даму тарихы мен қазіргі тенденциялары. Қоғам және мемлекет қайраткері, пед. ғыл. д-рлық, КСРО Педагогика Ғылымдары Академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстан ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, проф. Ә.І. Сембаевтың 100 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –

Алматы, 2005. – 333–336 бб.

3. Оқу тәрбие үрдісінде оқушыларды елжандылыққа тәрбиелеудегі «Өлкетану» бағдарламасының маңызы // Білім – образование. – 2005. – № 3 (21). – 51–53 бб.

4. «Өлкетану» таңдау курсының кіріктірілген бағдарламасы. (5–9 сыныптар бойынша) Тарих, әдебиет, география, биология пәндеріне қосымша // Авторлық бағдарлама. – Алматы, 2007. – 36 б.

ӘОЖ: 37.013

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТӘЛІМДІК ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ

Базарғалиев Ғ.Б.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Түркі халықтарының педагогикалық мұрасы мен тәжірибесі негізінде жастарға отансүйгіштік тәрбие берудің *тарихи алғышарттарына* адамзаттың даму тарихында әрбір халық өз субъектілерінің сапалылығына, табиғи сұрыпталуға төтеп беретін тұлғалар қалыптастыруға, өмір мен тәжірибе арқылы шыңдалып өсуіне аса мән беріп, «жан-жақты жетілген» ұрпақ қалыптастыруға бағытталған. Ол үшін биік талаптар қоя отырып, соны ұмтылатын құндылыққа айналдырған, ол талаптар мыңдаған жылдар бойы мәдени-тарихи дамудың өз тәжірибесінен алынған, халықтың менталитеті мен қоғамдық ой-пікіріне сүйенілген. Себебі өткен ата-бабалар өсиеті осы сахаралық мекенді мәңгілік сақтауды үнемі келер ұрпаққа табыс етіп отырды. Сондықтан өздері мекендеген «Жоғарыдағы Көк Тәңірі мен Төмендегі Қара Жер» далалық көшпелілердің қасиетті мекеніне, алтын ұясына айналды, өзіндік ықшам ғарышты құрады. Бұл туған жеріне махаббат пен жұртына деген сүйіспеншілікті орнатты – олар еркіндік қадір тұтатын халық үшін ел қорғауды ізгілік және мәртебелі іске айналдырды. Осыған сәйкес, уақытында көне мұраларымыз бен тарихи жәдігерлерімізді, атадан балаға жеткен бабаларымыздың тәлімдік тәжірибелерін қайта жаңғыртуға Президентіміз Н.Ә.Назарбаев ұсыныс жасап, төмендегідей бағыттарды ұсынды, олар:

- біріншіден, халықтың орасан зор мәдени мұрасын, соның ішінде осы заманғы ұлттық мәдениетін, дәстүрлері мен салттарын зерделеудің біртұтас жүйесін жасау;

- екіншіден, ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар елеулі мәдени-тарихи және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді қамтамасыз ету;

- үшіншіден, түркі әдебиеті мен жазудың сан ғасырлық тәжірибесін қорыту және кеңейтілген ғылыми зерттеулер жүргізу;

- төртіншіден, мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойдың, мәдениет пен тәрбиенің үздік жетістіктері негізінде гуманитарлық зерттеулердің толымды қорын жасау» [1]

Түркі тарихының дереккөздері арасында бірінші орынды Енисей жазбалары алады. Енисей жазбаларының табылуы бір кездейсоқтықтың нәтижесі емес және оның оқылуы батыс ғалымдары тарапынан жүзеге асырылған. Енисей жазбалары швед Джонанн Филипп тарапынан 1730 жылы жарияланған «Еуропа мен Азияның солтүстік және шығыс бөлігі» атты кітабы арқылы ғылым әлеміне танылған. Орхон жазбалары Н.М.Ядринцев басқарған ғылыми одақ тарапынан 1889 жылы 18 шілдеде табылған. Атақты түрколог В.Радлов бұл жазбаларды оқу жұмыстарын жүргізіп жатқанда, венгрлік Х.Вамбери осы зерттеуге көңіл бөлгенімен, Орхон жазбаларын оқу ісі даниялық В.Томсенге оқып мағынасын ашқан болатын. Осылайша, түркі тарихының құнды дереккөздерімен бірге әліпбиі де ғылым әлеміне жаңалық болып енді.

Ал, түркілердің пайда болуына келсек, ескі Қытай жазбаларында түркілер туралы «Тугю», яғни Дуылға деп аталады. Сол деректер бойынша түркілердің ата-бабалары Батыс теңіздің жағалауына қоныстанған болатын. Оның қалыптасуы жайында мифологиялық деректерге келетін болсақ: «Бөрінің құтқарушылық бейнесі туралы аңыздар түркі халықтарының бәрінде де кездеседі. Мысалы, түркілерді жаулары қапыда шабуыл жасап, бүкіл халықты қырып тастайды. Ауыр жарақатпен он жастағы бала аман қалады. Сол балаға қаншық қасқыр кездесіп, ет беріп баланы асырайды. Бала ер жетіп қасқырмен бірге аң аулайды. Бірде қасқыр ғайыптан сұлу қызға айналады. Жігіт қасқырға үйленіп он бала туылады. Содан тараған ұрпақ көбейе келе мемлекет болған», - деп келтіреді [2].

Еуразияда болсын, Еуразиядан басқа жерде болсын құрылған түркі мемлекеттері құрылымы мен болмыстарын сақтап қалу үшін өмір сүрген заманына сай алдыңғы қатарлы соғыс технологиясымен және тәжірибесімен жабдықталған. Қытай шекарасынан Орта Еуропаға дейінгі үлкен территорияға билік жүргізуінің басты себептері де осы. Мысалы, Атилла мен Шыңғыс ханның әскери күштерінің арқасында әлемдік мемлекет деңгейіне жеткендіктері тарихи шындық. Бүгінгі таңда әскери күш және

соғыс технологиясын бір жерде қолдана алған мемлекеттердің де үш құрлық үстінен билік құрулары әскери күшпен, технологиямен тікелей байланысты. Түркі мемлекеттері де күшті әскері мен керекті құрал-саймандардың арқасында көптеген басқа қауымдарға билік жүргізген. Сондықтан түріктерде «әскери ұлттық дәстүрі» үстем болған. Бұл әрбір түркі азаматы бейбіт өмірде, яғни күнделікті өмірде отбасына, обасы (тайпа) мен мемлекетіне қауіп-қатер төнетін болса дереу бір жауынгер, яғни әскер адамы болып шыға келеді деген мағынаны береді.

Осыған сәйкес, *философиялық алғышарттары бойынша*, түркілік тағылымдардағы түркілік рухтың сынақ аймағы ретінде бізге ұлы тәжірибелерді ұсынады. Сондықтан жеке тұлғаның бойында түркілік бауырмалдық, отансүйгіштік сананы нығайту мен олардың бойына ұлттық рухты сіңіру мәселері туындайды. Белгілі философ А.Т.Тайжановтың пікірінше: «Рух – әрбір адамның әлеуетін ашатын, көптің қуатын ортақ арнаға қосатын халық даналығының жиынтығы, еркіндіктің түрі» [4]. Яғни, рухы биік, күшті елдердің қашанда бағы таймаған, «мың өліп, мың тіріліп» жасампаздыққа қол жеткізген. Бүкіл жасампаздық істерді жасаған да рухы биік тұлғалар. Ал, ондай тұлғаларда әкелетін көп факторлардың бірі тарихи тағылым мен тәлімдік тәжірибелер болып табылады.

Түркілердің отансүйгіштік *идеологиясы мен саяси алғышарттары* мемлекет бірлігін нығайтумен сипатталады. Сондықтан еліміз ашық қоғам болғандықтан рухани кеңістігіне қандай идеялар енуде, идеологиясы қалай қалыптасу үстінде екендігін бағамдап отыру да жеке тұлғаның бойында түркілік отансүйгіштік сананы қалыптастыру үшін қажетті мәліметтер болып табылады. Яғни, этностармен бірлікте, эволюциялық қағидалар бойынша дамуы және белгілі бір нақты этностың өзіндік ішкі имманентті жағдайдағы дамуы да бүгінгі таңдағы басты ахуал болып табылады. Демек, бұл тұжырымдамаларды саралай келе, еліміздің саяси-әлеуметтік стратегияларын байыптай отыра «ұрпақтарымызды осындай қауымдастықтарға бірігуге қалай тәрбиелеуіміз қажет» деген сауал туындайды. Оның түркілік саяси негіздерінің пайда болуы мен бекуі тәуелсіз еліміздің күшейіп алға жылжуымен тығыз байланысты. Сондықтан түркілік патриотизмнің мемлекеттік саясат пен идеологиядан өзіндік орнының айшықталуы объективті шынайы құбылыс болып табылады. Ол мемлекеттің біртұтастығы мен халық бірлігіне негізделген күштің қайнар көзіне айналады және азаматтардың саяси сауаттылығында көрінеді. Түркілердің отансүйгіштік идеологиясы әрқашан ақиқат, гуманизм мен демократия жағында болады. Отансүйгіштік қоғам алдында тұрған стратегиялық міндеттерді шешуге ұмтылдырады, тездетеді. Осыдан әртүрлі елдердегі отансүйгіштіктің саяси аспектілерінің негізі мен ерекшеліктері анықталады. Ал түркілік бауырмалдық дегеніміз, сол халықтың құрамындағы тұлғалардың өздеріне тән халықтық рухани-мәдени және материалдық құндылықтарын сақтай отырып, елдің ілгері дамуын, өмір сүруін қамтамасыз етуді көздейтін негізгі нысаналы ортақ мақсаты. Сондықтан да түркілік бауырмалдық өмірдің бар саласында бірінші кезекте тұруға тиіс. Саясатта да, экономикада да, мәдениетте де, таным-талғамда да, қысқасы күнделікті жасалатын іс-әрекеттің бәрінде де мәселенің түркілік бауырмалдық тұрғысынан шешілуі – елдің тұрақты өркендеуінің, мемлекеттігінің нығаюының басты кепілі болып табылады. Сол себепті де түркілік бауырмалдықты қорғау – қоғам мүшелерінің бәріне бірдей ортақ қажеттілікке айналады. Бұл ретте түркілік бауырмалдық уақыт талабына сай белгілі бір нәтижелі мақсаттарға бағыттап отыратын пәрменді тетік мемлекеттік институттар болуға тиіс. Шындығында, бұл үдерістің арнайы құрылымдары мен оны іске асырудың құралдарын жетілдіруді қажет етеді, оның идеясы мен идеологиясының технологиясын өздігімізше зерделуіміз керек. Мәселен, бүгінгі таңдағы түркілердің рухани-мәдени кеңістігіндегі отансүйгіштік тәрбие мен басқа да идеяларды ажыратып, оны ұрпақтарымызға түсіндіру де маңызды міндет. Қазіргі заманғы америкаландыру мен әр түрлі діни секталық немесе постмодернистік үрдістердің элементтерін қоғамдық үрдістің көрінісі деп дәлелдеушілер бар, ал моральдық-рухани құлдырау саласын да әлемдік объективті жағдай деп бағалайтын ұсыныстар да кездеседі. Сондықтан педагогиканың міндеті, жағымсыз үрдістерден, біздің менталитетіміз бен рухани құндылықтарға қайшы келетін үрдістерден оларды сақтандырып, алдын-алу шараларын ұйымдастыру болып табылады. Осы көптүрлі дамудың жобаларының ішіндегі ең ақиқат және тарихи тәжірибеде өзінің өміршеңдігін көрсеткен салт-дәстүр мен әдет-ғұрып қағидамыз шындығында, адасуды болдырмау үшін объективті қажеттіліктер шартынан туындап отыр. Осыған сәйкес этнопедагогика объектісі мен бағдарлары барынша тиімді тәсіл деп бағаланады.

Түркі халықтарының педагогикалық мұрасы мен тәжірибесі негізінде студенттерге отансүйгіштік тәрбие берудің *әлеуметтанушылық алғышарттары бойынша* талдау жасайтын болсақ, «Қоғам мен адам» – қатар аталатын импликациялы, әрі органикалық бірлік. Сондықтан қазіргі әлеуметтану мен педагогикадағы әлеуметтендіру үдерісі – кез-келген адамды біріктіру, қарым-қатынас оның нормалары мен қағидаларын мойындауға мәжбүрлеу болып табылатын тұжырымдамалық бағытты құрайды. Түркілік тағылымның құрылымы жөніндегі әлеуметтік-саяси мәселелер өз кезегінде әлеуметтік педагогиканың да маңызды буындарының бірі болып отыр. Шындығында, бұл үдерістің арнайы құрылымдары мен оны іске асырудың құралдарын жетілдіруді қажет етеді, оның идеясы мен идеологиясының технологиясын өздігімізше зерделуіміз керек. Мәселен, бүгінгі таңдағы Қазақстанның

рухани-мәдени кеңістігіндегі отансүйгіштік тәрбие мен басқа да идеяларды ажыратып, оны ұрпақтарымызға түсіндіру де маңызды міндет. Қазіргі заманғы әр түрлі діни секталық немесе постмодернистік үрдістердің элементтерін қоғамдық үрдістің көрінісі деп, ал моральдық-рухани құлдырау саласын да әлемдік объективті жағдай деп бағалайтындар да кездеседі. Сондықтан этнопедагогиканың міндеті, біздің менталитетіміз бен рухани құндылықтарға қайшы келетін үрдістерден сақтандырып, алдын-алу шараларын ұйымдастыру болып табылады. Осы көптүрлі дамудың жобаларының ішіндегі ең ақиқат және тарихи тәжірибеде өзінің өміршеңдігін көрсеткен салт-дәстүр мен әдет-ғұрып қағидамыз шындығында, адасуды болдырмау үшін объективті қажеттіліктер шартынан туындап отыр. Осыған сәйкес этнопедагогика объектісі мен бағдарлары барынша тиімді тәсіл деп бағаланады.

Жалпыадамзаттық және әлеуметтік маңызды мәселелердің бірі – интерэтникалық коэволюционизм және субэтникалық өркениет. Яғни, ұлттар мен этностардың бірлікте, эволюциялық қағидалар бойынша дамуы және белгілі бір нақты этностың өзіндік ішкі имманентті жағдайдағы дамуы да бүгінгі таңдағы басты ахуал болып табылады. Бұл жағдайдағы Қазақстанның дамуы мен өрлеуі, оның өзге мемлекеттермен бірлікте даму идеясы қоғамдық ғылымдармен қатар этнопедагогиканың да басты нысаны болып отыр. Мәселен, субэтникалық өркениет пен бүкіләлемдік мәдениет талаптарына жауап беретін түркілік бауырмалдық, түркілік әдеп, түркілік рух, түркілік мәдениет пен тұраншылдық идеясын атап өтуге болады. Демек, түркілік қауымдастықтың мегатенденциясында мұндай субынтымақтастық өзіндік маңызды қызметтерін атқара алады және еліміздің этноболмысын өз деңгейінде сақтап тұра алады, сырттан таңылған жағымсыз факторларға берілген жауап болып табылады. Олай болса, бізге түркілік рухпен қоса тұраншылдық та қажет. Жоғарыда ғалымдарымыз атап өткендей, түркіліктің негізгі белгісі болып табылатын тұраншылдық – түркілердің бірігу идеясы. Түркілік – мұрат, саясат болса, билікке қол жеткізу – оны жүзеге асырудың әдіс-тәсілі болып табылады. Сондықтан негізгі сенім мен көзқарас болып табылатын мұрат ешқашан өзгермейді, ал саясат, яғни саяси әдіс ұстанымы үнемі динамикалық тұрғыда болуы мүмкін деп айта аламыз.

Түркі халықтарының педагогикалық мұрасы мен тәжірибесі негізінде студенттерге отансүйгіштік тәрбие берудің *мәдени алғышарттары бойынша* – түркілер әлемдік аренадағы өркениеттілік мәдениетті таратушы, дүние жүзіне табиғи экстенсивті дамудың, өмір сүрудің қолайлы модельдерін ұсынушы қызметтерін көре аламыз. Бізге жеткен деректерге қысқаша шолу жасайтын болсақ, Тұран тайпаларының одағы, сақтар мен ғұндар және түріктер мыңдаған жылдар бойы Қытай, Үндістан, Еуропа халықтарына билік жүргізгендігін, Байкал жеріндегі түркі қорғандарының таралуы сонау Дон мен Дунайға дейін созылып жатқандығын, қола дәуірінің басталуы Қарғалы жеріндегі мыс өндірістерінен туғандығын, ғұндардың адамзат тарихындағы орны жаңа әлеуметтік-экономикалық формация феодализмді тудыруда прогрессивті роль атқарғандығын, ғұндардың Еуропаға руникалық жазу мен монша сияқты өркениет белгілерін таратқандығын т.б. атап айтуға болады.

Яғни бұл түркі халықтарының байырғы дәуірлерінен бастау алған мәдени өркениеттік қызметін де айғақтай түседі. Оның кейбір формаларына тоқталар болсақ, Қазақстан аумағындағы Андронов мәдениетінің кеңістік бойынша географиялық ауқымдылығы белгілі ғаламдық тұтастық пен ортақ мәдениеттің алғашқы бастауларын ниеттеп, ғұндар дәуіріндегі түркіорталықтық қағидаға бағынғандығын байыптауға болады. Түркілердің Ғұндар дәуірі әлемге мәдениет пен қуаттылығы арқылы мәлім болып, өзіндік тұтастыққа ұмтылған алғашқы үлгілер деп пайымдауымызға болады. Өткенді зерттеуші тарих ғылымы көрсеткендей, ғұндар заманы Қытайдан бастап, батыс Римге дейінгі аймақты қамтып, өзіндік этномәдениетін құруға және таратуға мүмкіндік алды. Мәселен, Римдік Капитолий скульптурасы – ғұндардың көк бөрі тотемінің аналогиясы болғандығы, аңыз бойынша Еділ бойында дүниеге келген зороастризмдік дәстүрдің Орта Азия мен Иран жеріне және батыс Еуропаға таралғандығы, оның сол дәуір үшін озық дәстүрлер болғандығы, қазақ даласында қола дәуірінің аяқ кезінде пайда болған шаманизм сенімінің де әлемге таралуы т.б. атап өтуге болады. Мәселен, зороастризмнің мәдени қызметінің көріністерін байыптауға болады:

- бүгінгі күнге дейін әлемнің көптеген елдерінде атап өтілетін «Наурыз» мейрамы осы зороастризмдік дәуірдің туындысы;
- оның сенімдеріндегі басты элемент – отқа табынудың әлем халықтарына таралып, қастерленуі.

Осы түркілік мәдени синкретизмнің таралуы да прототүріктік мәдени өркениет үрдісінің айқын көрінісі болмақ. Сәйкесінше, шаманизм сенімінің бүгінгі күнге дейінгі сарқыншақтары және қазіргі заманғы неошаманизм ағымының тууы осы құбылысты дәйектей түседі. Одан кейінгі сақтар дәуіріндегі түркіорталықтық көріністер де әлемдік мәдениеттер мен экономикалық қатынастардың дамуы мен өркендеуіне өздігінше ықпал ете бастады. Мәселен, сақтардың әлемге саяси-әлеуметтік ықпалдылығы Геродот еңбектерінде анық айшықталады, олармен дәуірлес Греция мәдениетінде сақтар туралы мистификация немесе олардың өмір сүруінің символдық образы – кентавр бейнесі әлемге әйгіленген түркілік бейнені елестетеді. Сақтардың мәдениеті мен шаруашылығы сол дәуірлерде әлемге әйгіленіп

ғаламдық мәдениеттің өзіндік құрамдас бөлігін құрады. Жоғарыдағы тарихи ретроспекция көрсеткендей, түркілік дәуірдегі әлемдік тұтастық эпицентрі болып келген ата-бабамыздың әлемдік аренадағы саяси-мәдени этноцентризмдік билігі сан ғасырлар бойы дүниежүзілік өркениетке өз ықпалын айтарлықтай тигізген. Жоғарыда саралап көрсеткендей, біз әр дәуірдің этноцентристік белгілерін бағамдай отыра, ондағы дәстүрлік тағылымдардың көріністерін тани аламыз. Түркілік мәдени дәстүрдің негізгі мұрагерлері – қазақтар, өзбек, қырғыз, түркімен, қарақалпақтар, татарлар, башқұрттар, ноғайлар т.б. болып табылады. Яғни аталған ұлттарға тән белгілер көшпенділік өмір салтының тағылымдары, тіл, дін, әдет-ғұрыптарының сәйкестігі т.б. тұтас көшпенділік отансүйгіштік сезімдерімен сипатталады. Бұлайша топтастырудың негізгі себебі, біріншіден, географиялық тұрғыдан Қазақстан мемлекетімен шекаралас аймақтарда орналасқандығы, екіншіден, салт-дәстүрлерінің тым ұқсастығы, үшіншіден, тілдік тұрғыдан өте жақындығы деп айтуға болады.

Бірақ бұл түркілік тәлімгерлік дағдыдағы үдеріс бірін-бірі қайталамайды, өзіндік ерекшеліктермен сипатталады. Түркілік «жетілген тұлға» (жетілген ұрпақ) көшпенділер дүниетанымынан басты орын алатын жалпыадамзаттық отансүйгіштік құндылықтар мен халықтың ата салты қағидаларын сақтау өлшеміне негізделген. Сондықтан әрбір тұлғалықты құрметтеу персонализмі – оны халықтық рухта жігерлендіру, өзінің түркі жұртының айбынды өкілі екендігін сезіндіру болып табылады. Мұндай өз заманының талабынан туындаған «әскери өкіл-ұрпақ» бүгінгі замандағы отаншылдыққа тәрбиелеу үшін де аса маңызды үлгі. Жеке тұлғалыққа өту сынағында сол жеткіншек ата-ананың немесе әлдебір бауырларының көмегінсіз өзі ғана шыңдалады. Демек, тәлімгерлік ой-пікір ұрпақтардың өз бетіншелігі, өзін-өзі іске асыруда, өзін-өзі өмірге дайындауда, тіршілікке белсене араласуда ешкімнен көмек күтпейтіндей өз істерін жеке оқшау атқаруы қажеттілігі мойындалды. Оның идеяларында он бес-он алтыға келген бала, өмірге өзінше жолдама алады, «ұядан ұшады». Оның алдында сайын даланы еркін мекендеген, өршіл рухты, асқақ жігерлі көшпенділердің биік талаптары тұрады. Сондықтан намысшылдыққа булыққан өмірге аттанған ұрпақ кейде «не ерлік, не өлім» деп ерлік пен өлімді талғауға шығарады.

Қазақ дәстүріндегі этнопедагогикалық ресми бастаулардың, арнайы құрылған ұлттық тәрбие негіздерінің, халықтың дала мәдениетіндегі өнегелілік үлгілердің, рухани кеңістіктегі шартты орталықтың бастапқы тұлғасына айналған түркілердің тағылымдық мұралары өзіндік тәлімдік ой иірімдері арқылы, төлтума озық ғибраттық идеялары бойынша, парасаттылықтың биік деңгейінен көрінетін отансүйгіштік тәрбиелік үдерістермен халық педагогикасында айрықша орын алады. Осыған сәйкес, түркілік тағылымдарын бүгінгі күнгі тәрбие үдерісінде қолдану уақыт талабына сай туындаған деп, айта аламыз. Содай-ақ әрбір түркі халықтарының тәрбиелік қағидаларымен отансүйгіштік тәрбие идеяларында түркілік бауырмалдық қағиданың бар екенін түсінуге болады. Түркілердің тағылымдық өнегелерінде ел бірлігі мен ұрпақтар сабақтастығы жүйесі, әлемдегі түркілік жұрттың орнын айқындап, оның өміршеңдігін сақтау үшін «қандай жолмен өмір сүру керек» деген сауалға сан алуан өмір сүру дағдыларын сезіне отырып, бірден-бір мызғымас ерлік дәстүрін сақтауды ұсынады да, ондағы ұлттық тәрбие үрдістеріне басымдылық береді. Түркілердің тағылымдық өнегелерінде ұрпақтарды тәрбиелеу қашанда ата салтын құрметтеуді, өткенді бағалауды, дәстүршілдікті негізге алуды қоса қамтиды. Түркілік рухы мықты, өсімтал ұрпақ мыңдаған жылдар бойы үздіксіз сақталған өмір сүру шарттарымен келісуі тиіс, түркілік рухани дүниеге қарсы әрекетке барғандар қатаң жазаланатын болған. Яғни, сайын даланың «өз ережелерін» қабылдап, сақтап, кейінге қалдыру формуласын әрбір оғыз-қыпшақ ұлысының азаматы мойындауға тиісті және орындауға борышты болған.

Демек, мұндай ғылыми зерттеулерді саралай келе, еліміздің саяси-әлеуметтік стратегияларын байыптай отыра «ұрпақтарымызды ел бірлігін сақтауға, бауырмалдыққа тәрбиелеуімізге» негіз болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Ә. // «Егемен Қазақстан» газеті, 5 сәуір 2008 ж., №79. – 1– 2 бб.
2. Махаева А.Ш. Көне түркілердің рухани мәдениеті. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2000. – 68 б.
3. Тайжанов А.Т. Этномәдени білім мен тәрбие. – Ақтөбе, 2009. – 122 б.

**МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ
ПРОБЛЕМАЛАРЫ****Қаржаубаев А.Б.***Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті*

Егеменді еліміз тәуелсіз мемлекет мәртебесін алып, қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманын іске асыру барысында, өз жеткіншегін жан-жақты жетілген, парасатты азамат етіп тәрбиелеу, тиісті мамандық беру, өлкетану жұмысын жандандыру-кез келген мемлекеттің естен шығармайтын негізгі мақсаттарының бірі. Қазіргі кезеңде орын алып отырған қиыншылықтарды, келеңсіздіктерді жеңетін де, жаңаша жол табатын да, нарықтық қатынастардың дұрыс бағытын анықтайтын да іскер, білгір мамандар болатындығына дау жоқ, Сондықтан осы бағытта өлкетану жұмысын жүйелі ұйымдастырудың да өзіндік ерекшелігі бар.

Атырау алқабы тұнып-тұрған көне шежіренің куәсі. Қарт Каспий тек Ақ Жайық суымен ғана емес, ата-бабалар тарихына да толы. Өйткені, осы мекенді азат халқына атамекен етсем деп талай аталарымыз, аяулы ардагерлеріміз қанын төкті. Бұл жерден қалың қазағына жер ұйығын іздеген Асанқайғы бабамыз, алмастай өткір сөзді Сырым Датұлы, жауға шапқан Исатай Тайманұлы, қара бала қамы үшін қылышы мен жырын қоса көтерген Махамбет өтті, одан әрі қайғы мен қасиетін Құрманғазы мен Дина күйін тартты. Мұхит әнін шырқап, Мұрат Мөңкеұлы жырға қосты.

Атырау жері тарихи-ескерткіштерге бай. Тарих сабағында және үйірме жұмыстарында өлкетану материалдарын дидактикалық тұрғыдан тиімді пайдалану немесе мектептегі сыныптан, мектептен тыс жұмыстарда жас ұрпақтың бойындағы туған жерге, елге сүйіспеншілік, патриоттық сезімді арттыруға жағдай жасайды. Өлкетану материалдарын пайдалануға баса көңіл бөлуге болады.

Қазақстанда өмір сүрген ежелгі тайпалар туралы өткенде Аралтөбе деген жерден «алтын адамның» табылуы туралы айтуға болады. Мен өзім сол жерде туғанмын. Онда Киров атындағы колхоз деп аталды. Бұл соғыстан кейінгі жылдарда Жылой өңірінде 19 колхоз болды. Ал 60 жылдарда соның бәрі бірігіп 5 колхоз, 5 совхозға айналды. Сол аралтөбеден «алтын адамның табылуы туралы айтқанда балалық кезден менің есімде қалғаны айналасы су, судың ортасында төбешік тұр. Үлкен қарт кісілердің айтуынша, сол жерде ертеде өздерінің батыры ма, не көсемі ме жерленген делінеді. Тағы бір менің есімде қалғаны қалың жыңғыл мен шөп, толған жыланның ұйығы. Үлкен кісілер: «бармаңдар, жылан шағып алады», - дейтін.

Енді ой келеді Жыланда сол алтынды қорғады ма екен немесе сол жерге неліктен шоғырланған екен? Бұндай жағдайдың басқа жерде де болғанын газеттерден оқығанмын.

Туған өлке шежіресін жасауға оқушыларды қатыстыру, сабақта жергілікті жер материалдарын пайдалану пәннің, өтетін тақырыптың тартымдылығын арттырады. Әрбір пән бойынша жергілікті материалдарды пайдаланудың тиімді әдістерінің бірі - әрбір тақырыпқа сәйкес қолда бар материалды іріктеп алу. Содан кейін әр түрлі әдістер арқылы фактілерді, деректерді орынды пайдалана білген жөн. Мазмұнды, жүйелілік пен бірізділікке құрылған деректерді келтіру шәкірттердің білім сапасын арттыруына көп себебін тигізеді. Бұндай жұмыстар көбіне өлкетанумен ұштасып жатады. Қазіргі уақытта өлкетануға әліде заман талабына сай мән берілмей отырғанын білеміз.

Барлық мектептерде өлкетануды пән ретінде танып, сол өлкенің тарихын білу, жер су аттарын этимологиялық шығу тегін түсіндіру, әрбір елді-мекенге табиғаттанудың түрлі оқушылар үшін саяхатын ұйымдастыру, оқушылардың шығармашылық байқауын өткізуге болады.

Кез-келген адам саяхатқа барғанда сол жердің тарихымен танысады. Жақсы нәрселерді көріп, үйренеді. Біздің ата-бабамыздың болашақ ұрпағына асыл мұра етіп қалдырған жақсы істері баршылық. Олар болашақ ұрпақтың тәрбиелі болуын армандаған.

Ұстаздың ұтымды әдістерінің бірі-материалды саналы меңгерту үшін оқушыларға өзі бағыт берді. «Мысалы, мұғалім оқушыларға жергілікті материалдармен байланыстырғанда қазақтардың өзен жағасында жем бойында қоныс тебу себептері, бірлесіп еңбектенуін айтады». Мен өзім Жылой өңірінде туып, отыз жасқа дейін сол жерде тұрдым. Осы мақалада өлкетану жұмыстары туралы жастарға айтқанда Құлсары деген кісі кім болған, Бекбике деген кім? Осы туралы айтпақпын. Бала кезде естіген әңгіме ұмытылмайды. Үлкендерден естігенім Құлсары бір мәліметтерге қарағанда шамамен 1820 жылы туып, 1898 жылы қайтыс болған. Құлсары өте бай адам болған делінеді. Бір мәліметте 4000-дай қойы, 800 жылқы, 250 түйесі болған делінеді. Қыста Маңғыстау жақта, алты ай жаз, үш ай күзде Жем өзенінің бойы мен Ойылды мекен еткен. Бірақ бай болғанмен ағайын тұмаға қайырымы мол, елге сыйлы ерекше құрметті ақсақал болған. Халық арасында атағы байлығы, жомарттығы, шешендігі, көріпкелдігі және атбегілігімен шыққан. Болашақта Құлсары деген биік төбе

болатынын өзінің атымен аталатынын және осы жерге жерлеуді өтінеді және өзінің түс көргенін, түсінде бұл жер құт мекен болатынын, яғни болашақта мұнай шығатынын айтып кеткен дейді.

Құлсарының күмбезін саларда жылқының күзелген жалы мен құйрығын көп қылып жинап, туралып сазға араластырады, балшығы жылқының сүті қосылған сумен иленді, - дейді. Бұл берік болу үшін осылай жасау – қазақта бұрыннан бар.

Енді поездпен кетіп бара жатқанда Бекбике деген жер бар. Бұл жердің тарихы туралы да қысқаша баяндап өтейін. Шежіре – халқымызды туысқандыққа, бауырмалдыққа, ағайын-жекжат арасында достыққа, сыйластыққа бағыттайтын асыл мұра. Ұлтымыздың бір-бірінен ешқандай бөтендігі жоқ. Соның ішінде қазақ халқы да басқа халықтардай ақылға кенде болмаған. Жауына мейірімсіз болғаны ол өз алдына бөлек әңгіме. Бұл әңгімені суыртпақтап шығару үшін Мұрат Мөңкеұлының атақты батыр Құлбарақтың әкесі Табылды туралы айтқан бір өлеңі еске түседі: «Олжасыз өзге қазақ құр қайтқанда Табылды найзасына қыз байлаған», - дейді. Яғни соғыстан кейін батырлар жауын жеңгеннен кейін еліне сұлу қыздарды ала келіп, құрдастарына берген немесе өздері әйелдікке алған делінеді.

Қазақта осы кезде Тәңірберген деген атақты батыр болған[2]. Ол қалмақты жеңіп, шапқаннан кейін олардың Бекбике деген сұлу қызым «ақ биенің сүтіне шомылдырып» әйелдікке алған дейді. Бекбике ханымнан тараған ұрпақтар Маңғыстау, Атырау өңірінде баршылық. Сонау Мақаттың маңындағы Бекбике стансасы осы қалмақ қызының есімін иеленіп қалуы да көп сырдың барын аңғартады. Әрбір оқушы өзінің тұрған жерінде бұрында жаугершілік заман болғанын, батырлар ерін, жерін қалай қорғап, қандай салт-дәстүрден кейін, жер аттарының тарихын біледі.

Болашақта ел тұтқасын ұстар азаматтардың өнегелі тәрбиесі бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелердің бірі: Отан сүйгіштік сезімін, бойына сіңіруі, өзінің тұрған жеріндегі өлкетану жұмыстарын білуі, құзыреттілігін, рухани-адамгершілік құндылықтары арқылы қалыптастыру қажеттілік екені белгілі.

Өлкетану деген ұғым белгілі бір аймақты танып-білудің жиынтық ұғымы.[1]

Мына бір қағида даусыз: намыс пен отаншылдық сезім-ажырамас егіз ұғым. Нағыз азаматтың елі мен жеріне деген сүйіспеншілігі жас кезде көрген өлкетану жұмысынан қалыптасатыны белгілі. Патриоттық туралы ойды сабақтағанда адамға шапағаты тиер нақты әрекеттерден әрбір адамның сөзі мен ісі бір жерден шығып көрініп санаға сіңіп жатса қандай ғанибет.

Ақын Мұзафар Әлімбаев:

Туған жерді сүю – парыз

Сүю үшін білу - парыз

Қасиетін ұғу - парыз

Күзетінде тұру - парыз, - [3]

деп айтқандай кең байтақ еліміз жайлы, оның тарихын жастар терең білуі керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2008, 652-бет
2. Атырау газеті. 27 тамыз, 2013 ж.
3. М.Әлімбаев. Ту тіккен. Өлеңдері мен поэма. «Жазушы» баспасы. Алматы – 1974. 156 бет.

УДК:94 (47)

ИЗ ИСТОРИИ ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХОВ РОССИИ

Койшигулова Л.Е.

*Атырауский государственный университет им.Х.Досмухамедова
laila_12.68@mail.ru*

Происходящие в нашем обществе изменения сопровождаются сложными процессами перемен в сознании людей. В настоящее время одной из актуальных проблем современности становится возрождение культурно-исторического наследия прошлого. Дружба и единство, прочные исторические связи, современная неразрывность русского и казахского народа - общее бесценное достояние. Но и каждый народ имеет свою уникальную специфику, такую, как вклад в общечеловеческую копилку. Каждому следует знать историю, культуру, язык своей нации, народности, местной группы, изучать и быть внимательным к национальным особенностям. Развитие и укрепление всесторонних отношений с Россией является важнейшим приоритетом внешней политики Казахстана. Это обусловлено объективными историческими, геополитическими, экономическими и культурно-гуманитарными

факторами. Два государства, связанные более шестью тысячами километрами совместной сухопутной границы, огромными обжитыми сопредельными пространствами, в то же время имеющие различные обычаи, культурно-религиозные традиции, сумели в течение столетий накопить богатый опыт добрососедства. История отношений между нашими народами переживала период взлетов и падений. [1]

Закономерностью развития человечества на всем протяжении его истории является взаимодействие народов и их культур. В многонациональном государстве определяющим императивом должно являться нахождение оптимального соотношения между общегосударственными и национальными интересами. Отсюда и постоянный интерес исследователей к разнообразным аспектам развития образования в условиях полиэтничности.

Особый интерес, на наш взгляд, представляет исследование развития системы образования для нерусских народов в XIX — начале XX веков. Это объясняется тем, что школа в этот период переживала сильные преобразования и служила инструментом для сохранения баланса интересов в сфере межнациональных отношений.

Развитие образования Астраханской области являлось неотъемлемым звеном в общероссийском процессе развития образования. В период с XIX до начала XX вв. шел процесс постепенного создания единого образовательного пространства.

Астраханский регион представляет обширный материал для исследования дифференцированного подхода правительства к проблеме образования нерусских народов России.

По данным статистического анализа в исследуемый период русское население (включая украинцев и белорусов) составляло 58,44%, казахское население - 27,31%. [2]

Трудность при создании государственных школ для нерусских детей состояла в том, что каждый из народов, проживающих в Астраханской области, искал своё место в социально - культурной и экономической жизни края, стремясь сохранить свою самобытность.

На примере Астраханской области можно проследить развитие 2-х различных подходов правительства к созданию сети государственных учебных заведений для нерусских народов.

Анализ исторического материала по исследуемой проблеме имеет большое значение для осмысления процессов, происходящих в системе российского образования в настоящее время.

Следует отметить, что развитие системы национального образования казахов в областях России находится на различных уровнях, зависит от многих факторов, в том числе от такого показателя, как численность компактно проживающих казахов. По данным переписи 1989 года, в России проживало 635900 казахов, сейчас проживает примерно 700000 тыс. казахов.

Распад Союза создал российским казахам новые политические и социальные условия, дал новый статус. Обретение Казахстаном своей независимости повлияло на рост национального сознания диаспоры казахов, повысило их интерес к знанию языка, истории, культуры своего народа, к их прошлому, настоящему и будущему.

Самая большая в России численность казахов проживает в Астраханской области (140 тыс.). На территории Астраханской области целиком помещается такая страна, как Нидерланды. В перспективе Евразийской концепции развития взаимоотношений Республики Казахстан и Российской Федерации область также удачно подходит в качестве объекта научного исследования национально-образовательных ресурсов и потенциала [3].

Начиная со второй половины XIX века, самодержавие проводило политику русификации, христианизации казахского народа. Имперское правительство преследовало цель - создать для себя опору в среде казахского народа, подготовить надёжные кадры для административного аппарата и для просветительской деятельности в духе русификаторства.

Влияние России на развитие культуры, просвещения и педагогической мысли нерусских народов, в том числе и казахского народа, было двояким, ибо две России, Россия реакционная и Россия революционная, по-разному влияли на развитие казахской культуры. Влияние передовой демократической педагогической мысли России на развитие культуры и просвещения казахского народа проникало в массы через всевозможные официальные и неофициальные, легальные и нелегальные каналы.

Но было бы неправильно недооценивать силу и возможности государственного аппарата, обладавшего мощными материальными и административными средствами.

Царское правительство всячески задерживало развитие культуры и просвещения казахского народа. Проводимые им меры по «просвещению» казахов, ни в какой мере не соответствовали огромным потребностям духовного развития и просвещения казахского народа.

С первых дней после Октябрьского переворота первоочередной задачей была выдвинута проблема коренной перестройки всей системы народного образования в России. Одним из главных был вопрос о национальной российской школе. Организация новых национальных школ в крае столкнулась, прежде всего, с проблемой необеспеченности учебниками, учебно-методическими и другими материалами нового

содержания. Но, тем не менее, в первое десятилетие советской власти проходит массовое становление национальной системы образования, увеличение сети национальных школ, открытие среднего специализированного национального учебного заведения. Существенную роль в подготовке профессионально - педагогических кадров и казахской интеллигенции края сыграло Астраханское казахское педагогическое училище.

Однако в этот период проявляется двойственное отношение господствующей политики к национальному образованию.

Окончательным решением по закрытию в области национальных школ можно считать семинар учителей и работников народного образования в Наримановском районе по переводу языка обучения национальной школы на русский язык.

Прогрессивная часть учителей, понимающая, что нельзя отрывать молодое поколение от национальных истоков, делала неоднократные попытки привлечь внимание общественности России и края, но отсутствие национальных консолидирующих сил в крае, официальная политика, направленная на нивелирование общества, привели к тому, что национальное образование казахов прервалось на долгие годы и позволило вырастить маргинальное поколение.

Изучение национальной политики советского периода имеет и психологическое значение, так как социализм выступал не просто как иной социально-экономический строй, а имел особую жизненную философию, нравственность, культуру, социальную базу, которые накладывали свой отпечаток на всю личную и общественную жизнь.

Рассматриваемое время советской истории отражает генеральную линию осуществления, во что бы ни стало, утопической идеи унификации наций в единое и монолитное сообщество. Однако надо видеть и положительные тенденции, ростки которого зрели и в лоне тоталитарного режима. Это позволило казахам сохранить свою национально-традиционную, своеобразную материальную и духовную культуру вкупе с унифицированным советским образом жизни. Менталитет казахов предопределил его место в многонациональной семье народов России, в которой проживает более 150 народов, обладающих спецификой, социально-профессиональной структурой, особенностями хозяйственной деятельности, языком, самобытностью материальной и духовной культуры.

Президент Казахстана Н.А.Назарбаев в своей книге «В потоке истории» пишет, что «...казахи не поменяли за долгие годы ни своей конфессиональной, ни этнической идентичности. Устойчивость казахского самоописания, самоотнесения именно к своей нации удивительна» [4].

В настоящее время, когда стало возможным возрождение национального образования, целью его должно стать становление личности как носителя и культуротворческого продолжателя этнической самобытности, как поликультурного индивида, направленного на общечеловеческие ценности, как гражданина многонационального отечества.

Национальное образование, развитие, воспитание должны быть приоритетом, базисом, основой, на которой строится дальнейшее образование. Не зря выдающиеся педагоги (Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский и другие) обосновали идеи начального обучения на родном языке.

Мысль Ушинского о том, что «...общей системы народного воспитания для всех народов не только не существует на практике, но и в теории. У каждого народа своя особенная национальная система воспитания» [5] приобретает сегодня ключевое значение при том внимании, которое уделяется развитию национальной школы.

Демократизация сфер нашей жизни обусловила необходимость перестройки общеобразовательной школы на национальной основе, что особенно важно для многонациональной республики. При этом важно исходить из интересов разных национальностей, экономических возможностей, изучать историческую ретроспективу образования.

На наш взгляд, особое внимание следует придавать обеспечению языковых условий учебным заведениям. Мы придерживаемся мнения, что система обучения и воспитания подрастающего поколения должна строиться на существенном повышении статуса родного языка, истории, культуры, развития литературного, исторического, музыкального краеведения; активизации внедрения семейной этнопедагогике.

Список литературы:

1. Тажибаев Т.Т. Развитие просвещения и педагогической мысли в Казахстане во второй половине XIX века. Алма-Ата, 1962, 508 с.
2. ЦГА ф.№78 Временный совет по управлению Внутренней Киргизской Ордою
3. Урастаева Г.Ж Национальное образование казахов России: история и тенденции. - Алматы: Галым, 1998, 269 с.
4. Н.А.Назарбаев «В потоке истории». Атамұра 1999
5. К.Д.Ушинский «О средствах распространения образования посредством грамотности» 1860г

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ДҮНИЕТАНУ ПӘНІН ОҚИТУ АРҚЫЛЫ ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Туленова Ұ.Т.

Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде біздің елімізде оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру оларды оқытудың, тәрбиелеудің және жетілдіріп дамытудың бөлінбес бір бөлігі екендігін атап көрсетті.

Бастауыш мектепті жаңарту үрдісі ең алдымен, бастауыш білім мақсаттарына түзету енгізуден басталады. Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Бастауыш мектеп балаға білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.

Мектептің бастауыш сатысында оқытудың мақсаты:

- оқытудың келесі сатысындағы оқу бағдарламаларын игерту мақсатында оқушылардың танымдық қабілеттерін және біліктіліктерін дамытуды қамтамасыз ететін қарапайым білім негіздерін меңгерту;
- негізгі оқу іс-әрекеті дағдыларын қалыптастыру;
- ұлттық ділін, өз елінің мәдени-тарихи ерекшеліктері мен дәстүрлерін ескере отырып, отандық және әлемдік мәдениетті таныту.

Дүниетану пәнін оқытудың мақсаты: қоршаған орта жөнінде білімін кеңейту, заттарды және қоршаған ортадағы өзгерістерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.

«Дүниетану» пәнінің ерекшелігі оқу үрдісінде оқушылардың адамды қоршаған ортамен байланыстырылуында.

Пәннің мазмұнына «Табиғат» «Адам», «Қоғам» - өзара байланысты білім блоктары енеді. әрбір блоктың мазмұны бірінші сыныптан төртінші сыныпқа тізбекті күрделене түседі.

Пәннің мазмұны оқушыларға ғылыми білімнің әртүрлі салаларынан мағлұмат бере отырып, дүниені танудың әдістерімен (бақылау, тәжірибе, эксперимент, моделдеу, сараптау, салыстыру, синтездеу т.б.) таныстырады.

Пән мазмұны мектептің кейінгі сатыларында география, биология, химия, физика, тарих және қоғам тану курстарын оқып-үйренуге мүмкіндік беретін пропедевтикалық сипатын анықтайды.

Дүниетану пәнін оқытуға 1-4 сыныптарда аптасына 2 сағаттан уақыт бөлінген.

Бастауыш мектептің оқу үрдісінде оқушылардың танымдық қабілетін арттырып, шығармашылық әрекетін дамытуға жол ашылу қажет. Соған сәйкес ең негізгі мақсаттардың бірі – оқушы тұлғасының дамуы, оның ерекшеліктерін ескере отырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту, оқушыларға жалпы оқу, пәндік білік-дағдыларды және түрлі іс-әрекеттерді жүзеге асыру тәжірибесін меңгерту, оқуға деген құштарлығын, танымдық қызығушылықтарын тәрбиелеу. Көптеген ғалымдардың, практик-мұғалімдердің пікірінше аталған мақсатты жүзеге асырудың бірден-бір жолы – тұлғалық бағдарлы оқытуды қамтамасыз ету.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту идеясы бүгін бастауыш мектептің жаппай көпшілігінде қабылданған. Бұл мұғалімнің оқытудың авторитарлық, инструкторлық-репродуктивті түрінен бас тартып, демократиялық, шығармашылық-ізденушілік сипаттағы оқытуға бет бұрғандығын көрсетеді.

Бүгінгі білім берудегі жеке тұлғаға бағыттай оқытудың мақсаты – баланың жасырын, тіпті тым тереңде жатқан қабілеттерінің көрінуіне мүмкіндік жасау, дарынды тұлға тәрбиелеу. Бұл тек жеке тұлғаға бағыттай оқыту арқылы ғана нәтижелі болмақ.

Бастауыш сынып оқушыларын тұлғалық бағдарлы оқытуда сипаттау үшін оның психологиялық статусына қайшы келмейтін (мүмкіндіктері, қызығушылықтары, икемділіктері) әрбір баланың дербес дамуын қамтамасыз ету өте маңызды. Бұнда даму тек үйретілетін білім көлемінің ұлғаюын ғана емес, оқушының ертеңгі және жаңа құраушылардың қалыптасуын да анықтайды. Олар:

бастауыш сынып оқушысы білімді түрлі жағдаяттарда, соның ішінде

стандартты емес жағдайларда қолдана білуі керек;

бастауыш мектепте оқу кезінде оқушы түрлі құралдарды (оқулық,

тәжірибе, лайықты анықтамалық әдебиет т.б.) пайдалана отырып, білімді жинақтауға көмектесетін біліктерді игеруі тиіс, ізденушілік әрекеттің қарапайым элементтерін тани білуі керек (мұғалімнің басшылығымен және өз бетімен);

оқушы кез-келген оқу тапсырмасын шығармашылықпен орындай алу мүмкіндігіне ие болуына, бастамашылдық пен тапқырлық көрсете білуге жол беру;

оқушы оқу барысында өзі орындайтын іс-әрекетті бақылау мен бағалауда толық құқылы қатысушы болуы тиіс.

Тұлғалық бағдарлы оқыту идеясы негізде өлкетану материалдарын бастауыш сатыда қарастырудың жөні бар. Осы орайда "Бастауыш мектепте алған тәрбиенің, әсерлі, күшті, сіңімді болуы, қай халықтың мектебінде болса да оқу кітаптары ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан, һәм табиғаттан жазылып, баяндап оқытудың асыл мақсатында муафик үйретуден осылай біліп, баяндап оқытқанда, балқыған жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухы сіңісіп, ана тілін анық үйреніп, керекті мағлұмат алып шығады,"- деген М.Дулатовтың пікірін негізге ала отырып, біз баланың бастауыш сыныптан бастап тұлға ретінде қалыптасатынын байқаймыз [19, 259 б.].

"Орман, теңіз, тау, өзен, бұлақ - бұлар табиғат ісінен жаралатын мәселелер ... жасалынды нәрселерді жасауға адамның ақыл-ойы, білімі керек", – деп құнды ой салған А.Байтұрсынов болатын [20, 72 б.]. Ол адам баласының сәби шақтан-ақ қоршаған орта туралы танып, оқып үйренуі шарт екендігін атап өткен. Жоғарыда аталған зиялы тұлғалардың пікірін назарға ала отырып, өлкетану мәселесін бастауыш сыныптан бастау керек деген тұжырымға толық қосыламыз.

Жалпы өлкетану материалдарын сабақтың бір кезеңінде (білімді тексеру, жаңа сабақты түсіндіру, қорытындылау, өткенді қайталау, өзіндік жұмысты орындау барысында) қолдануы мүмкін. Туған өлке туралы мәліметтерді әсіресе, жаңа материалдарды өту барысында қарастыру, оқушылардың пәнді оқуға деген қызығушылығы мен ынтасын арттырады.

Дүниетану сабақтарында өлкетану материалдарын қолдану мен өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру және де олардың табысты болуы белгілі бір жағдайларға байланысты болмақ. Олардың ішінен аса маңыздысы мұғалімнің теориялық және әдістемелік жұмысы, өлкетану жұмыстарын оның практикалық дайындығының болуы. Ең алдымен мұғалім оқушылардың ғылыми білім жүйесін, ұғымдарды, сенімдерді, ойлау әрекетінің белсенділігін туған өлке туралы білімсіз қалыптастыру мүмкін еместігін түсіне білуі қажет. Өлкетану материалдарын пайдалану арқылы біз қоғамның, табиғат өмірінен қоршаған шындықтың фактілері арқылы құбылыстарды, ғылыми ұғымдар мен процестерді нақтылап, түсінеміз.

Осы тұрғыда бастауыш сынып мұғалімдерінің өлкетану материалдарын қолдану негізіндегі педагогикалық шеберлігін арттыратын әдістемінің қажеттілігі туындап отыр. Өлкетану материалдары негізінде тұлғалық бағдарлы білім беру әдістемесін құру және одан әрі жетілдіру мектеп мұғалімдеріне жүктеледі. Әдістеме заман талабына сай жаңарып, толықтырулар енгізілуі тиіс. Сонда ғана мектептегі оқыту жүйесі теория мен практиканың ұштасуы негізінде тиімді жүзеге асады.

Өлкетану материалдары мен өлкетану жұмыстары мұғалімнен үлкен педагогикалық шеберлікті, терең тиянақты білімді, оқу үдерісін дұрыс ұйымдастыруды талап етеді. Мұғалім өлкетану жұмыстарына дайындала отырып, өлкетану туралы түрлі әдебиеттермен танысып, туған өлкенің табиғи жағдайларын жетік зерттеуі қажет, жергілікті жер туралы мәліметтер мен фактілерді жинастыруы керек. Сонымен бірге, бастауыш сынып оқушыларымен топсаяхаттарды, түрлі бақылауларды жүргізіп отыруы шарт. Өйткені, оқушылардың жас ерекшелігі мен қызығушылығына сай түрлі белсенді әдістер мен оларды ұйымдастыруды талап етеді. Ана тілі, Дүниетануды оқытуда өлкетану жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру үшін мұғалімнің өз өлкесі туралы білімі жетік болуы керек.

Бастауыш сынып мұғалімі алдына өлкетану жұмыстарын ұйымдастыруда екі міндет тұрады: 1) өз өлкесінің табиғи ерекшеліктерін білу, оны жан-жақты зерттеп, өлкетану материалдарын жинау; 2) жиналған өлкетану материалдарын Дүниетану сабақтарында пайдалану.

А.З.Сафиуллин дүниетану сабағында өлкетану материалдарын пайдалануда төмендегідей тиімді әдістер мен тәсілдерді ұсынады:

1) түсіндірмелі – иллюстративті, сөздік әдістері (әңгімелесу, түсіндіру) өлкетану материалдарының мазмұны бойынша (карта, схема, гербарий, коллекциялар) иллюстрациямен байланысатынын; 2) оқушылардың өмірлік, танымдық тәжірибесі және де өлкетану білімдерін пайдалануға негізделген, ішінара іздеу (қайталау, оқыту, эвристикалық, әңгіме); 3) өлкетану әдебиетімен жұмыс (оқулықтар, құралдар, анықтамалар, мерзімді баспасөздер; 4) табиғат құбылыстары мен объектілерін тікелей зерттеуді көздейтін зерттеу әдісі (табиғатты бақылау, материалды өңдеу) [34, 27 б.].

Бастауыш сынып оқушыларының өлкетану негізінде тұлғалық бағдарын қалыптастыруға арналған материалдарды жинау және зерделеу барысында түрлі әдістер қолданылады: өлкетану әдебиеттерімен танысу, бақылаулар, қысқа мерзімді топтық жорықтар, саяхаттар, осы әдістер негізінде табиғат объектілерін суретке түсіру, күнделік жазу, шығарма жазу, сурет салу.

"...Бала бұлақтың былдырын, судың сылдырын, жапырақтың сыбдырын, орманның күңіренгенін, теңіздің күрілдегенін естісін; жымыңдаған жұлдыздар себілген көк шатыр көркі, түрлі түсті кемпірқосағын, буыны жоқ бұрандаған қайыңды көрсін"- деген ғылыми тұжырым жасай келе, "Фантазия ақылды кеңейтеді, фантазиясыз жаңадан бір нәрсені ойлап табуға мүмкін емес. Фантазия құлықты түзейді.

...Фантазия әдемілік сезімін тереңдетеді – біз неше түрлі әдеміліктерден фантазия арқылы ғана ләззат аламыз” – дей келе, баланың қиялы бай болу үшін, оның білімі болу керектігін айтады: “Адам неғұрлым білімді, тәжірибелі болса, хиялы да сонша бай болмақ. Міне осы себептерден баланың хиялы терең, бай болсын десек, оның білім де болуына иждиһат қылу керек”, - деп тұжырымдайды. Сонымен қатар автор бала қиялын тереңдететін, байытатын бірден бір жолы – оның туған өлке деп қарастыруын мына жолдары арқылы білеміз: “Бала тұрмыспен көзбе-көз таныссын, оның есінде, жанында көп білім болсын, жан-жануардың тұрмысын бақыласын, жаратылыстың тұрмысымен таныс болсын. Міне, сонда баланың хиялы өткір һәм бай болмақ”-деп М.Жұмабаев оқу-тәрбие жұмысында оқушыларға туған өлкесі туралы білім беруді ерекше атап өткен болатын [17, 281 б.].

Жоғарыда аталған бірқатар авторлардың пікірлерін түйіндей келе, бұл мәселенің қай қоғамда да өзекті болғандығын байқаймыз.

Бала қоршаған әлемді танымдық қызығушылығы мен қабілеттері арқылы қабылдайды. Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден- кез келген бала адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақтаған тәжірибесін меңгертуге бағытталған оқу әрекеті арқылы дамиды, білім, білік, дағдыны қабылдайды.

Екіншіден - кез –келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы: ол баланың өзін-өзі қалыптасуына өз идеясын жүзеге асыруға бағытталған жаңа әдіс-тәсілдер іздейді. Проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды [49].

Екі әрекетте оқушылар - екі түрлі мүдделер көзделген әр түрлі мақсатты шешеді. Мысалы: оқу әрекетінде белгілі дағдыны қалыптастыратын, белгілі бір ережені меңгеретін жаттығулар орындаса, шығармашылық әрекеттерде баланың іздену жұмысы басты нысана болып табылады. Оқу әрекеті баланың жалпы қабілетін дамытса, шығармашылық әрекет нақты жағдайды шешу барысында нәтижеге жеткізетін қабілеттерін дамытады.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін, әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Олар мынадай:

1. Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау.
2. Арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру.
3. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу. (сөзжұмбақ, құрастырмалы ойындар)
4. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс. (мәтін мазмұнын өңдеу, шығарма, шағын әңгіме мәтінін құру т.б)
5. Әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу.
6. Қиялдау арқылы сурет салғызу.

Оқушыларды жеке тұлға ретінде өз бетінше қалыптастыру әдістемесі олардың құзыреттілігін қалыптастыратын әдістердің ішіндегі ең негізгі әдістердің бірі болып табылады. Оны сабақта да, сабақтан тыс уақыттарда да пайдалануға болады. "Зерттеу" түсінігі жаңа білім алу үдерісі және танымдық әрекет түрлерінің бірі болып табылады. Зерттеу - белгісізді іздеу, яғни жаңа білімді іздеу үдерісі. Бұл жағдай оқушының жеке тұлға ретінде қаншалықты деңгейде қалыптасқандығын тексерудегі ең басты әдіс болып табылады.

Мұндағы зерттеушілік мақсатым - оқушының жеке тұлға ретінде адамзаттық мәдениеттің қай саласында болмасын өз бетімен шығармашылық жаңа іс-әрекет тәсілдерін игеруге дайындығы мен қабілетін қалыптастыру болып табылады. Зерттеу жұмыстарын жүргізген кезде мен мынадай ережелерді ескердім

- Оқушыны өз бетінше әрекет етуге баулу;
- Нұсқау беруден гөрі баланың ұсынысына назар аудару;
- Талқылау кезінде оқушы білімін бағалауға асықпау;
- Жаңа тақырыпты меңгеру кезеңінде оқушыға көмектесу;
- Өз ойларын ұсына білуге, қате пікірден бас тартуға, шыдамдылық таныта білуге үйрету.

Зерттеу жұмысыны жүргізу барысында төмендегідей әрекеттеріді ұстандым:

- зерттеу проблемасы мен бағытын анықтау;
- зерттеу тақырыбын таңдау,
- міндеттері мен мақсатын анықтау;
- зерттеуде қолданатын әдістерді таңдау;
- зерттеуді жүргізу (ақпарат жинау және оны өңдеу, бақылау жасау, сынақ жүргізу т.б.);
- жинақтаған материалдарды талдау;
- негізгі түсініктерге анықтама беру,
- зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып хабарлама жасау, қорытындылау; қорғау, презентация жасау,
- сұрақтарға жауап беру; рефлексия, аяқталған жұмыс қорытындысын талқылау.

Оқушылар жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін мен мұғалім ретінде оқушының өз бетімен білім алуына жағдай жасап, яғни оқушының өз іс-әрекетін өзі ұйымдастырып, басқаруына мүмкіндік тудырдым. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында сыныпта еркіндік жағдайын жасадым. Оқушыларға жаңа зерттеу жұмысы жүргізілетіні хабарланды. Зерттеу кезеңдері таныстырылды. Оқушылар бастапқы зерттеу жұмыстарын өзіндік жобаларын ұсынды.

Бастауыш мектеп мұғалімі сынып оқушыларына өлкетану мәселесіне қатысты зерттеу тақыбын құрып, ұсынады. Ал оқушылар зерттеу тақырыбын өздері таңдайды: "Табиғат", "Үй жануарлары", "Құстар", "Мұражай", "Ата-баба салтымен". Таңдап алған тақырыптары бойынша шағын баяндама немесе хабарлама жасауы керек екені ескертілді. Ол үшін таңдап алған тақырыптары туралы ақпарат жинауларына болатыны тапсырылды.

Бастауыш сынып оқушыларына бұндай жұмыстар әрі жаңалық, әрі қиындау болғандықтан мұғалім оқушыларға алдында тұрған міндеттерін айқындап алуға бағыт-бағдар беріп отыруына болады. Кей жағдайда ата-аналар да қалыс қалмайтынын байқаймыз. Ата-аналар балаларымен бірге өлкетану жұмыстарына қызыға араласады, материал жинауға көмектеседі.

Оқушыларды қатыстыра отырып, зерттеуді неден бастау керектігін, қандай әдістер қолдануға болатынын нақтылауға болады. Кейбір оқушылар кітаптан оқитынын, теледидар арқылы көретінін, үлкендерден сұрайтынын, интернеттен іздейтінін т.б. түрлі нұсқада жауап беруі мүмкін. Бұл орайда мен әр түрлі әдістерді ұсынып, жоспар құрудың жолдарын көрсеттім.

Бастауыш сынып мұғалімдері зерттеудің тақырыбын жоспарлау барысында мынадай талаптарды басшылыққа алуы қажет. Тақырыптар:

1) ана тілі, дүниетану бойынша оқу материалдарымен тығыз байланысқан, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық маңызының болуы; 2) қоршаған дүниеге диалектикалық көзқарас қалыптастыруға ықпалын тигізу; 3) оқушылардың жас ерекшелігін, деңгейлері мен қызығушылықтарын есепке алу; 4) мұғалімнің берілген сұрақ бойынша дайындығы мен олардың мүдделерін ескеруі.

Кез-келген табиғат объектілері белгілі бір жүйелікте зерттелген жөн:

- 1 Тақырыпты таңдау, зерттеудің мақсаты мен міндетін анықтау;
- 2 Зерттеудің жоспарын жасау;
- 3 Зерттеудің әдістемесін құру;
- 4 Тақырыпшаларға бөлу, жұмыс түрлерін бөлу, оларды өткізудің мерзімін анықтау;
- 5 Әдебиет материалдарды, статистикалық материалдарды оқып білу;
- 6 Жұмыс формасын, әдісін, тәсілін анықтау;
- 7 Материалдарды дайындау;
- 8 Мұғалімнің оқушылар жұмысын бақылап, қадағалауы, кеңесі, келісімділігі;
9. Жиналған материалдардың дұрыстығын тексеру;
10. Жиналған материалдарды өңдеп жүйелеу;
11. Жиналған материалдарды оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану.

Зерттеу жүргізудің ең негізгі тәсілі оқушылардың өз бетімен ойлана білуі екеніне әр оқушы көз жеткізуі керек. Ол үшін мұғалім оқушыларға зерттеуді өз бетінше жүргізетінін, қандай жаңа ой келсе де қорытындысын өздері ұсынып отыратынын ескерттім.

Ең әуелі осы тақырып бойынша не білетіндерін анықтап, ұмытып қалмау үшін дәптер бетіне суретін немесе аттарын жазып қоюды ескерттім. Бұл мәліметтерді жазумен емес, әр түрлі белгілермен көрсетеді. Осы тектес өлкетану материалдарын қолдану әдістемесін әр мұғалім өз шығармашылығымен байланыстырады.

Зерттеуші-оқушы барлық мәліметтерді жинақтап болған соң ол мәліметтерге талдау жасатып үйрету керек. Жинақталған материалдарды пайдалана отырып олардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін негізгі ұғымдардың мәнін ашу жұмыстарын ұйымдастыруға болады. Оқушыларды жаңа ұғымдарға өз түсініктері бойынша анықтама беруге дағдыландыру керек.

Жоғарыда атап кеткендей өлкетану негізінде тұлғалық бағдарын қалыптастыруға арналған материалдарын зерттеп, оларды жинауға түрлі әдістер қолданылады. Ондай әдістердің бірі -бақылау.

Бақылау - арнайы мұғалімнің басшылығымен ұйымдасқан, мақсатты түрдегі оқушылардың табиғат құбылыстары мен объектілерін белсенді қабылдауы. Бақылаудың өзі мерзімдік, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып келеді.

Бастауыш сынып оқушылары туған өлкесі туралы мағлұматты топсаяхат барысында алады. Өкінішке орай бағдарламада көрсетілген міндетті топсаяхаттарын көпшілік мектептерде жүзеге асырылмайды. Топсаяхат барысында өлкетану негізінде тұлғалық бағдарын қалыптастыруға арналған материалдары жинақталып, оларды дүниетану сабағында табысты пайдалануға болады. Өлкетану топсаяхаттары барысында оқушылар туған өлке туралы нақты, айқын мәліметтер алады. Әр өлкетану топсаяхаттары жақсы ғылыми ұйымдастырылған дайындықты талап етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аймағамбетова Қ.А. Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың теориялық негізі. – Алматы: Балауса, 2003. – 144 б.
2. Мухаметжанова Ә.М. Бастауыш білімнің интеграциясы арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру: пед. ғыл.канд. ... автореф.: 13.00.01. – Алматы, 2000. – 25 б.
3. Манкеш А.Е. Манкеш А.Е. Үздіксіз білім беру үдерісіндегі экологиялық тәрбие сабақтастығының ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғылым. докт. автореф.: 13.00.01. – Алматы, 2008. – 39 б.
4. Албытова Н.П. Қазақ балалар фольклоры арқылы бастауыш мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру. –Қала, 1999. – 25 б.
5. Текесбаева А.М. Өлкетану негізінде бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дисс.: 13.00.01. – Алматы, 2004. – 26 б.

ӨОЖ 37.061

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТА

Қожрақова А.С.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Елбасының дәстүрлі әрбір жылғы Жолдауында маңызды мәселелердің бірі ретінде - қоғамның ең бір әлсіз қорғалған мүшелерінің, соның ішінде даму мүмкіндігі шектеулі балалардың өмірін лайықты қамтамасыз ету, оларға сапалы білім беруді қалыптастыру екені айқын көрсетіледі.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылық, әрбір баласы – еліміздің ертеңі екенін ескерсек, әрбір мүмкіндігі шектеулі оқушының сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау міндетіміз болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі бір оқушының болса да білім сапасының жоғарылауы, ұлтымыздың саналы келешегіне қазіргі уақыттан бастап жинақталынып жатқан қор деп түсінуіміз қажет.

Мүмкіншілігі шектеулі балалардың сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсуіне, өзін әлеуметтік ортамен байланысуы арқылы жеке тұлға санай алатын дәрежеге жетуіне нақты үлес қосатын уақыт жеткен секілді. Бұл - балалардың тағдырына дұрыс мән беріп, оларды оқыту мен тәрбиелеуде кездесетін проблемаларын уақытылы шешу болып табылады.

Педагогтар мен дефектологтардың пікірінше, біздің елімізде мұндай балалармен жұмыс жүргізетін, нәтижелі бағдарламалар мен әдістемелер жоқтың қасы. Демек, мүмкіндігі шектеулі балалар отбасының әлеуметтік-педагогикалық проблемаларын зерттеп білу және оларды шешуге әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, отандық тәл мамандарды тарту – бүгінгі күн тәртібіндегі ең өзекті мәселе. Жанұяда мүмкіндігі шектеулі баланың өмірге келуі бірінші кезекте ата-ананың және жанұя мүшелерінің өмірге көзқарасын, өзгелерге және өзіне деген қарым-қатынасын өзгертпей қоймайды. Отбасында бала үшін де, ата-ана мен жанұя мүшелері үшін де ауыр психологиялық атмосфера қалыптасатыны белгілі. Әйгілі ғалым Л.С.Выготский баланың өсіп-дамуы бірінші кезекте әлеуметтік даму жағдайына негізделгенін дәлелдеген.

Дамуында ауытқуы бар баланың кейінгі тағдыры өзі туып, тәрбиеленіп жатқан отбасының жағдайына байланысты. Баланың дамуы көбінесе медицина және педагогикалық қызметкерлердің назарынан тыс қалып, басты ықпал етуші күш ата-ана болып табылады. Сондықтан мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеуші отбасы қандай да болмасын медициналық, педагогикалық, психологиялық, құқықтық ақпараттық қолдауды қажет етеді. Дер кезінде алынған қандай да қолдау түрі баланың немесе отбасының кез-келген әлеуметтік-психологиялық мәселесінің шешілуіне әсерін тигізеді. Шындығында да, ауру баланың әр-түрлі проблемаларына байланысты күтімнің қажеттілігінен ата-ананың (ең болмағанда біреуінің) жұмыс істеу мүмкіндігі шектеледі. Бұл жанұяның әлеуметтік және экономикалық статусына кері әсерін тигізбей қоймайды. Осыған байланысты туындайтын ішкі жанұялық қарым-қатынастың бұзылуы баланың онсыз да бұзылған психофизикалық жағдайына жағымсыз әсер етіп, оның психикасының ауытқуына әкеп соғады.

Баланың кішкентай кезінен өзін қоршаған жандармен қарым-қатынасынан үйренген тәжірибесі оның психикалық дамуының ірге тасы болатынын және кейінгі тағдыры осыған байланысты анықталатынын терең түсіне бермейміз. Жанұя баланың (оның органикалық бұзылуларынан тыс) психикалық дамуының негізгі ошағы болып табылады. Осыған байланысты мүмкіндігі шектеулі баланы оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде ата-ана бауырларының рөлі мен жауапкершілігі бірнеше есе өсіп отырады. Ол тек баланы өмірлік қажеттіліктермен қамтамасыз етуден ғана тұрмайды, оны үнемі сүйіспеншілікпен қамқорлық аясына алу, сезімталдықпен қолдау қажет. Бірақ ол баланың өзінің өмірлік тәжірибесін меңгеруіне жағдай жасауы үшін өзіндік белсенділігін қолдау және қалыптастыруға

бағытталған болуы керек. Түсініктірек айтқанда, баланың әлеуметтік дағдылары жас және жалпы даму деңгейіне қарай мүмкіндігінше ересек адамдар мен балалар арасындағы өзара іс-әрекет арқылы қалыптасады.

Ата-аналар тарапынан болатын жоғары дәрежедегі қамқорлық та баланың өздігінен жуыну, киіну, тамақтану, қажетін өтеу дағдыларын игере алмауына себеп болады. Тәгіп-шашады, бүлдіреді деген сылтаулармен көп жағдайда ата-аналар баласы үшін өздері істегенді тиімді көреді. Осындай себептермен балада өз-өзіне қызмет ету дағдысының қалыптасуы қиындайды. Түзету, әлеуметтік бейімдеу орталықтарына осындай бағытта жүргізілетін нәтижелі жұмыстар ата-ана тарапынан қолдауды бекітілуді қажет етеді.

Кез келген қоғамда, даму дәрежесі қаншалықты жоғары болғанына қарамастан әлеуметтік қиындықтар болып тұрады. Әсіресе, біздің еліміз сенімді даму жолына жаңа түсіп, қоғамдық құрылымы бір сипаттан екіншісіне ауысқан өтпелі кезеңде ондай мәселелер көбеймесе, азайған жоқ. Осындай себептердің салдарынан, қазіргі кезде әлеуметтік көмекке мұқтаж болып отырған мүмкіндігі шектеулі балалар күннен-күнге көбеюде.

Әр мұғалімнің өзіне кішкене ғана болып көрінетін еңбек жолы бар. Әрине, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп, әлеуметтік тұрмысқа баулуда, ата-ана мейірімімен қатар, мұғалім тарапынан шексіз, сүйіспеншіліктің қажеттілігі бірден айқын көрінеді. Бұл жұмыста да үлкен жауапкершілік, төзімділік, тәжірибе қажет. Осының барлығы ұстаздардың шығармашылық іс-тәжірибелері арқылы қалыптасуда.

Жас ұрпақты тәрбиелеу, оның бойындағы туа біткен табиғи мүмкіндіктерін дамыту, бағалау, үлгі көрсету мен талап ету арқылы жауапкершілігін жетілдіруге, ынтымақтастық педагогикасын пайдалану арқылы жеке тұлғаны қалыптастыруға жол ашады.

Әр ұстаздың алдына қойған жалпы білім меңгертудегі мақсат, міндеттері бар. Қазіргі озық технология заманында мүмкіндігі шектеулі балаларды заман талабына сай, түрлі әлеуметтік жағдайлардан адаспай, дұрыс жол таба алатын, еңбекқор азамат етіп қалай әзірлеп шығаруға болады деген сұрақ, жұмыс жасап жүрген әрбір ұстазды шығармашылық жұмыстар мен инновациялық технология әдіс-тәсілдерін іздеуге итермелейді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік педагогикалық түзету арқылы қолдау дегеніміз тұрмыс тіршілігіндегі шектелуді жою және оның орнын толтыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету, оларға басқа азаматтармен бірдей қоғам өміріне қатысу мүмкіндіктерін жасау болып табылады.

Қазіргі уақытта республикалық арнайы түзету мекемелерінде мүмкіндігі шектеулі балалар мен жас өспірімдер тәрбиеленуде, осы топқа жататын арнайы мектептерде сырқаттары және басқа себептерге байланысты оқуға мүмкіншіліктері жоқ оқушылардың жалпы орта мектептерде білім алуы қиыншылық туғызады. Осы себепті әлеуметтік тәрбиенің мәселелерін көре білу, сезіну және шешу жолдарын қарастыру, мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтендіруге қолайлы шарт жасау және қатарға қосу мен тәрбиелеуді жүзеге асыруды міндет етіп алға қою керек. Бұл барлық педагогтардың, әсіресе әлеуметтік педагогтің парызы.

Егер әлеуметтік педагогикалық үрдісте мүмкіндігі шектеулі балаға алғашқы сәттерде көмек беру үшін оның отбасын, ол өмір сүріп отырған ортасын зерттеп, талдай алсақ, онда баланы өзі өмір сүрген әлеуметтік ортаға араластыру, бейімдеу, әлеуметтендіру мәселелеріне белсенді қатыстыру мүмкіндігі туады. Тек осы жағдайда ғана әлеуметтік педагогикалық үрдісін дұрыс ұйымдастырып, түрлі әлеуметтік кедергілерге қарсы тұра алатын, білімді, мәдениетті, еңбекқор жеке тұлғаны қалыптастыру мүмкін болар еді. Бұл қасиеттерді бала бойына дарыту үшін мүмкіншілігі шектеулі балалардың психологиясын терең, жетік меңгеру керек.

Мүмкіндігі шектеулі балаларда әртүрлі қабілеттіліктер байқалуы мүмкін. Олардың бірі музыкаға, екіншісі математикаға, кейбірі шетел тілдерін үйренуге және т.б. қабілетті болып келеді. Олар тек сыртқы қолайлы жағдайлардың ықпалынан ғана дарындылықтың формаларын бойларына сіңіре алады.

Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік бейімдеу үшін психолог, емдік денешынықтыру, логопед, олигофренопедагог мамандарының арнайы тапсырмалары қажет.

Әлеуметтік бейімдеудегі, тәрбиелеудегі кемшіліктерді жеңу үшін ата-аналар мен бірігіп арнайы түзету жұмыстарын ұйымдастыру қажет және оны неғұрлым ерте бастаса соғұрлым әлеуметтік бейімделуде нәтижелі болады. Әр адам қайталанбас тұлға болып есептеледі, сондықтан адам, адамгершілік тұрғылық қарым-қатынасқа құқылы. Әлеуметтік ортаға енгізу-әлеуметтік қатынастың жалпы жүйесіне және баланың өз жағдайына қарай білім алу ортасына мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік бейімделуін қалыптастыру.

Мүмкіндігі шектеулі баланы қоғамға енгізудің қиындығы, бір жағынан бала дамуындағы дене және психологиялық ауытқулары болса, екінші жағынан әлеуметтік жүйенің дұрыс қалыптаспағандығы, мүмкіндігі шектеулі баланың қалыпты өмір сүруіне кедергі келтіреді. Әлеуметтенудің мәні адамның қоғамға бейімденіп, жекеленуі болып табылады. Тұлғаны

әлеуметтендіруде тек қана қоғам емес, ең бірінші әрбір адам белсенді рөл атқаруы тиіс. Мүгедек бала еркіндікті, әлеуметтік интеграцияны қамтамасыз ететін ортада толыққанды және лайықты өмір сүруіне көмектесетін ерекше күтім, білім және қажетті дайындық алуға құқылы. Бейімделу – бұл жеке тұлғаның әлеуметтік құрылымдарға енуі арқылы көрінеді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік ортаға енгізудің негізгі бір факторы, әлеуметтік ортаны мүмкіндігі шектеулі баланы қабылдауға дайындау. Мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға енгізудің екі жолы бар. Бірінші жолы, мүмкіндігі шектеулі баланы қоршаған ортаға бейімдеу. Бұл жолдың кемшілігі – біржақтылығы. Бұл жолмен керекті нәтижеге жету мүмкін емес, әлеуметтену үдерісі екі жақтылы болуы керек. Бұл дайындық үдерісінде интеграцияның объектісі ғана емес, сонымен қатар белсенді субъектісі болуы керек. Екінші жолы мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға енгізу дайындығымен бірге, әлеуметтік ортаны мүмкіндігі шектеулі баланы қабылдауға дайындау екендігі белгілі. Негізгі факторы да осы.

Мемлекет даму мүмкіндігі шектеулі азаматтардың білім алуына, дамуында ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасауды қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулығын қорғау жөніндегі заң құжаттарында айтылғандай, мүгедектер, оның ішінде мүгедек балалар және бала жасынан мүгедектер медициналы-әлеуметтік көмек алуға, оңалтылуға (реабилитация), дәрі-дәрмектермен протездермен, протезді-ортопедиялық бұйымдармен, жеңілдік жағдайларда қозғалыс құралдарымен қамтамасыз етілуге, сондай-ақ кәсіби даярлану мен қайта даярлануға құқықтары бар. Лев Семенович Выготский: «Бала бойындағы кемістігін толықтырудың екі түрлі ерекшелігі бар, оның бірі – бала психикасының даму шамасына орай тәрбие талаптары, екіншісі – кемістігін қалпына келтірудегі өз бойындағы ерекшеліктері мен мүмкіндіктері», - деп атап көрсетеді. Сондай-ақ, ол бала бойындағы кемістікті әлеуметтік жолмен толықтыруға болады деді, ол үшін кемтар балаларға үнемі қамқорлық көрсетіп, оқыту мен тәрбиелеу істерін жүйелі түрде жүргізіп отыру керектігіне ерекше мән берген.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әтемова Қ. Әлеуметтік педагогика. Алматы, 2012.
2. Мектептегі психология. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. Алматы. 2013. №6.
3. Педагогика мәселелері. Ғылыми-теориялық журнал. Алматы. 2013. №1.
4. Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану. Республикалық педагогикалық-әдістемелік журнал. Алматы. 2013. №1.

ӘОЖ. 373.31

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА С.ҚАЗЫБАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ - ӘДІСТЕМЕЛІК ЕҢБЕКТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Сүйеуова А.С.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің магистранты

Қазіргі кезде ұлттық мәдениеттің, өнердің жалпы ұлттық құндылықтарымызға қайта үңіліп, тіліміздің өзіндік болмысын тарихи тұрғыдан тани отырып, қазақ тілін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін әдістеме тарихынан іздестіру міндеті тұр.

Олардың ішінде осы өлкемізден шыққан әдіскер тілші ғалымдардың өнегелі өмірі мен еңбектерін, олардан қалған ғылыми-әдістемелік мұраларды насихаттау, оны бүгінгі ғылымның дамуына оңтайлы пайдалануға шақырады.

Батыс өңірдің тумалары қазақ лингвистикасының және тілді оқыту әдістемесінің алғаш ғылыми негізін салушылар: Қ.Жұбанов, Г.Бегалиев, С.Жиенбаев, Ш.Сарыбаев, Р.Сыздықова, С.Рахметовалардың қатарынан орын алушылардың бірі - Сабыр Қазыбаев.

Өлкеміздің мәдени өмірінде өзіндік із қалдырған, бар ғұмырын халық ағарту саласын дамытуға, ұрпақ тәрбиесіне арнаған «Қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерінің бірі – майдангер ұстаз, әдіскер ғылым Сабыр Қазыбайұлы», деген болатын п.ғ.д., профессор Қ.Сейталиев.

Республикамызда қазақ тілін оқыту әдістемесі мәселелері қарастырылған ғылыми еңбектерде С.Қазыбаев есімі тілші ғалымдармен тең дәрежеде қатар айтылады.

Қазақ тілі әдістемесінің қалыптасып дамуына үлкен үлес қосып құнды еңбектер жазған, артына мол мұра қалдырған Сабыр Қазыбаевтың ғылыми - әдістемелік еңбектері арнайы зерттеуді қажет етеді.

С.Қазыбаев еңбектерін бастауышта оқытуда пайдалануда қандай сабақтастық тапқанын байыптауға мол мүмкіндік береді. Сол арқылы қазақ тілі әдістемесінің қалыптасу, өзгерту, жаңарту үдерісі танылады, әдістеме ілімінің даму деңгейі, ондағы түрлі жаңа бағыттар айқындалады.

Ұлағатты ұстаз, әдіскер – ғалым С.Қазыбаевтың өмір жолы мен педагогикалық мұрасын 3 кезеңге бөліп қарастыруға болады:

Бірінші кезең – ХХ ғасырдың 20-30 жылдары жас ұстаз ретінде дүниетанымының, ағартушылық – педагогикалық көзқарасының қалыптастыру кезеңі. Алғаш рет ауыл мектебінде сауат ашуы, 30-жылдардағы зұлмат жылдарының қиындығын басынан көшіруі, алғашқы ұстаздық жолының басталуы.

Екінші кезең – ХХ ғасырдың 40-50 жылдарында әртүрлі білім беру жүйелерінде жауапты ағартушылық - педагогикалық қызметтерді атқаруы, педагогикалық әдістемелік шеберлігінің шындалу кезеңі, республика деңгейінде ғылыми - әдістемелік еңбектерінің жарық көруі.

Үшінші кезең - ХХ ғасырдың 60-90 жылдары ғылыми - әдістемелік, ғылыми-педагогикалық жұмыстарымен жемісті айналысқан кезеңі. Оған басты себеп болған 1960 жылы әдіскер – ұстаздың Гурьев педагогика институтына ауысып, қазақ тілі мен әдебиеті, кейін педагогика және психология, бастауыш мектеп әдістемесі кафедрасында, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, декан сияқты жауапты жұмыстарын атқаруы ғылыми – зерттеу жұмысымен біржола айналысуға мүмкіншілік жасады. Институт қабырғасында еңбек еткен кезеңінде әдіскер – ғалым ағамыздың қаламынан қазақ тілін оқыту әдістемесі, педагогика мәселелеріне байланысты бірнеше оқулықтары мен оқу құралдары, бағдарламалары дүниеге келді.

Қазақ тілі мен әдебиетін бастауыш орта мектепте және жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесінен республикада алғашқылардың бірі болып оқулықтар мен оқу құралдарын жазуды қолға алған ғалымдардың қатарынан орын алады. Мәселен, Сабыр Қазыбайұлының әр жылдары республикалық баспалардан жарық көрген оқулықтары мен оқу - әдістемелік құралдарының ішінде «Қазақ тіліндегі сабақтас құрмалас сөйлемдерді оқытудың тиімді әдістері» (Алматы: «Мектеп» баспасы, 1971), «Бастауыш кластарда қазақ тілін оқыту» (Алматы: «Мектеп» баспасы, 1985), «Қазақ тілі методикасы» (Алматы: «Мектеп», 1990), «Мектепте қазақ тілін оқыту тәсілдері» (Алматы: «Мектеп», 1997), «Құрмалас сөйлемдер кестесі» (Алматы, Мектеп, 1993), кейіннен профессор Қадыр Жүсіптің құрастыруымен жарық көрген «ХҮ-ХІХ ғ.ғ. қазақ әдебиеті» (жыраулар поэзиясы, 2004) еңбектерді ерекше атауға болады.

Осы еңбектерді зерттеп, зерделей отырып, бастауышта қазақ тілін оқытуды пайдалану біздің міндетіміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Рахметова С. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесінің негіздері. Алматы, 2012ж.
2. Қазыбаев С. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, 1990ж.
3. Сейталиев Қ. Ұлағатты ұстаз. Кітапта: С.Қазыбаевтың ғылыми- педагогикалық және әдеби мұралары. Құрастырған: Жұмағалиева Г. Атырау-2008ж.
4. Уайсова Г. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихы.

ӘОЖ 81.276.6:81.233

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫНЫ СУБЪЕКТ РЕТІНДЕ ДАМУДАҒЫ БИОИНФОРМАТИКА ЖӘНЕ СИНЕРГЕТИКА ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Усенова Л.А.

Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Кенбай орта мектебі

Қазақстан Республикасындағы 12-жылдық білім беру Концепциясында « Қазақстандық қоғамның өзекті мәселелерінің бірі өзгермелі әлеуметтік, экономикалық жағдайда тек өмір сүріп қана қоймай, сонымен қатар қалыпты жағдайдың жақсы жағына қарай өзгеруіне белсенді түрде әсер ете алатын бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру», - деп жазылған. [1] «Бәсекеге қабілеттілік мәселесі- бұл ең алдымен сапа мәселесі», - деп атап көрсетті елбасымыз Н.Ә. Назарбаев.

Қазіргі кездегі білім беру саласына қойылып отырған міндет-сапалы білім беру, заман талабына сай жаңа оқу технологияларын компьютер, интернет жүйесін, электронды оқулықтарды пайдалана отырып оқушының білім алуына мүмкіндік жасау. Ал шетел тілі пәні мұғалімдері қазіргі заман талабына сай жаңашыл, ізденімпаз, өресі биік, білімді, білікті, тіл үйретудің жаңа формаларын, тиімді технологияларын меңгерулері қажет.

Технология туралы өз пайымдауымызға келсек, ол диагностиканы басшылыққа алған, жеке тұлғаға бағытталған мақсатты, сапалы оқу әрекетін ұйымдастыру. Жеке тұлға өз әрекеті арқылы ғана дамиды. Технология – жеке тұлғаны дамытуға негізделген мақсатты педагогикалық жүйе. Баланың білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу, оған басшылық ету, технологиялардың басты белгілері болып табылады.

Қоғамдағы өзгерістерге байланысты бүгінгі білім беру жүйесінде оқытудың жаңа әдістеріне көшу қажеттілігі туып отырғандығы белгілі. Осыны ескеріп, алдыма қойған мақсатым: жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, оқушыларға сапалы да терең білім беру, олардың ойлауы мен есте сақтау қабілеттерін жетілдіре отырып, еркін сөйлеу дәрежесіне жеткізу.

Субъектілік- адамның өзінің іс- әрекетін басқара білу (бастамашы болу), мақсатын айқындап алдына қоя білу және оны әртүрлі қалыптасқан жағдайға сәйкестендіре алу, өз бетінше ұстанымы мен пікірін іске асыра білу қабілеттілігі. Субъект психологиясының алғашқы ғылыми ілімдері С. Л. Рубинштейн, Д.Н. Узнадзе, Б. Г. Ананьев еңбектерінен бастау алады. С. Л. Рубинштейн тұрғысынан субъект категориясы үздіксіз, « жоғары қарай», үдемелі жетілуді, дамуды білдіреді. [2]

Оқушының оқу- тәрбие процесінде субъект ретінде қалыптасуы біріншіден ұстаздардың оқыту іскерлігінің нәтижелілігін, тиімділігін арттырады. Өйткені оқытушының функциясының бір бөлігін оқушы атқарады. Екінші жағынан –ұстаздан терең пәндік және психологиялық дайындықты, неғұрлым күрделі, тиімді педагогикалық технологияларды қолдануды талап етеді. Яғни қазіргі ұстаз оқытушы ғана емес, жасампаз зерттеуші, ізденімпаз үйлестіруші, рухани демеуші, шығармашылыққа бағыттаушы болуы тиіс. Биоинформатика және синергетика технологиясы білім сапасы мен қазіргі заман талабына сай субъект қалыптастыру арасындағы қайшылықты жоюды ұсынады.

Зерттеудің мақсаты- оқушылардың іздену, өзін- өзі дамыта білу қабілеттерін арттыра отырып, субъект ретінде дамыту. Сапа көрсеткіші арқылы бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Зерттеудің міндеттері :

- биоинформатика және синергетика технологиясын қолданудың мүмкіндіктерін анықтау және негіздеу;
- зерттеуге алынған сыныптың ерекшеліктерін оқып-үйрену, сараптау;
- олардың іскерлігінде жаңартуды қажет ететін жағдайларды анықтау;
- биоинформатика және синергетика технологиясының жағдайында оқу бағдарламалары мен оқу жоспарына мемлекеттік стандарттың талаптарына сәйкес салыстырмалы талдау жасау;
- оқушылардың субъектілік белгілерін анықтайтын қағидалар құрып, зерттеуге алынған сыныптың құрамына субъектілік категориялар бойынша талдау жасау.
- Талдау, сараптау нәтижесі бойынша іс- шаралар жоспарлап, жүзеге асыру.

Зерттеу нысаны- ағылшын тілін 8 «а», 10«а» сыныптардың оқу танымдық іскерліктері.

Зерттеу пәні- биоинформатика және синергетика технологиясының тиімділігі, сол арқылы оқушылардың субъект ретінде дамуы.

Зерттеудің ғылыми болжамы: Егер оқу процесіне биоинформатика және синергетика технологиясын тиімді енгізе алсақ, дәстүрлі оқыту кезінде өзекті болып келген сапа мәселесін толық шешуге болады. Білім сапасы 100%- ға артады. Тұлғаның таным белсенділігін арттыруға, өздігінен танып білуге ұмтылуын қамтамасыз етуге, сын көзбен бағалауға, өзінің ойын, көзқарасын негіздей алуға үйретуге мүмкіндік туады. Сөйтіп, ол оқушының ғылыми көзқарастарын тереңдетіп, пәнге қызығушылықтарын арттыруға, өздігінен жұмыс жасау белсенділігін арттыруға көмектеседі.

Биоинформатикалық жағдай- біздің миымыздың биологиялық орта ретінде ақпараттық мүмкіншіліктерімен байланысты.

Синергетикалық жағдай- күрделі және дәстүрлі емес құрылымдарды өз бетінше ұйымдастыру құбылыстарымен байланысты. Бұл сөзсіз оқытудың субъектілерінің өзара әрекеттесуіне қатысты.

Синергетика- оқу материалдарын сапалы меңгеруге бағытталған, барлық субъектілердің өзара бірлесіп әрекет етуінің сапасын өлшеу. Өлшем механизмінің синергетикалық принципі оқушылар ұжымының біріккен мүмкіншіліктерінің ерекшеліктерін, заңдылықтарын бейнелейді және нақты ұжымның мүмкіншілік шеңберінде бірыңғай сапа стандартын құруға бағытталған.

Әлемдік түсінікте «сапа» ұғымы нені білдіреді? ISO 9000:2000 халықаралық стандарт негізінде « сапа» ұғымының жаңаша анықтамасы нысанның белгіленген және күтілетін қажеттіліктерді қанағаттандыра алу қабілетіне қатысты сипаттамалар жиыны ретінде түсіндіріледі. [3]

БИС технологиясының авторы Ф. Я.Вассерман сапа өлшемдерінің тамаша жүйесінің негізінде жалпы білім беретін мектепті басқарудың біртұтас жүйесін жасаған. Өлшем процедурасы басқарудың, диагностика және бақылаудың ыңғайлы құралы, сонымен қатар даралау деңгейінің реттеушісі болуымен қатар келесі талаптарға сай келуі қажет.

– Әрбір жеке оқушылар ұжымы оқушылардың оқу даярлықтарының жекелей мүмкіншіліктерінің қосындысын ала алады. Сондықтан өлшем процедурасы білім меңгеруді даралау процесін оқушылардың жекелей мүмкіншіліктерімен үндестіріп тұруы қажет;

– әрбір оқушылар ұжымының өзінің тапсырманы орындау сапасы мен жылдамдығының жекелей биоинформациялық (ақпаратты өңдеуді ойластыру қабілеті) ерекшеліктерінің болатынын ескеру;
 – талап етілген жұмыс қорытындысы бойынша үздік оқушылардың жетістігіне көңіл аудару. Бұл оқыту сапасын төмендететін білім жүйесінде кең тараған орташа және нашар нәтижені жояды;
 Осындай қағидалардың жүзеге асуы биоинформатика және синергетика технологиясының негізіне алынған.

Зерттеуге алынған математиканы тереңдетіп оқитын 10 «а»-сыныбында сауалнама, тест және педагогикалық байқау нәтижесінде субъектіліктің мәнді сипаттамалары бойынша диагностика жүргізілді. «Өз- өзіне сенімділігін өлшеу» атты сауалнама жүргізіліп , белсенділігі, көшбасшылық сипаттамасы анықтайтын тестер өткізілді.

Кесте 1.

белсенді	дербес	саналы іс- әрекет	бастамашы	өзіне сенімді және басқаларға сенім артуға қабілетті
52%	92%	80%	40%	32%

Аталған технологияның өлшеуіштер жүйесінің бірі «фразалық етістіктер». Тапсырманың күрделілігінің деңгейін анықтау әдісі ретінде ұсынылған «фразалық етістіктер»- әртүрлі тест, тапсырмалар мазмұнының құрылымының нормалар және стандарттар жүйесі. Бұл етістіктер құрылымы жағынан өзара байланысты өлшеу және бақылаудың екі бөлігінен тұрады:

1. оқушылардың оқу материалын меңгеру деңгейі бойынша даралау.
 2. оқу материалының мазмұнының деңгейі бойынша даралау.
- Оқушылардың оқу материалын меңгеру деңгейі бойынша өлшеу, бақылау және мазмұнды даралау механизмі үш өлшем бірлігінен тұрады:
1. Қиындықтың төменгі деңгейі. Бұл баланың негізгі даму деңгейіне сәйкес келеді. (Выготский бойынша) Төмендегі көрсетілген кері байланысты синергетикалық өлшемдерге байланысты ең аз мөлшердегі оқу элементтерін беруді жоспарлайды.
 2. Қиындықтың орташа деңгейі. Жоғарыдағы оқу элементтерін аралық мөлшерде меңгеруді жоспарлайды.
 3. Қиындықтың жоғарғы деңгейі. Баланың жақын арадағы даму деңгейіне сәйкес келеді. (Выготский бойынша). Бұл қиындықтың орташа деңгейіне қатысты оқу материалындағы оқу элементтерінің мазмұнынан 2 есе, қиындықтың төменгі деңгейіндегі оқу элементтерімен салыстырғанда 3 есе күрделі.

Биоинформатика және синергетика технологиясы бойынша тақырыптық жоспарлау төмендегідей қадамдардан тұрады:

- берілген тақырып бойынша қандай білім, білік, дағды бар екенін анықтай білу;
- білім, білік, дағды уақыты бойынша бөлу;
- жеке сабақтағы білім, білік, дағдының әрбір компонентін меңгеруін жоспарлай білу.

Бұл жерде мынадай қағидаларды басшылыққа алу керек:

- меңгеру сапасын жоғалтпай, білім берудің ақпараттық бөлігін мейілінше азайту;
- білік, дағдыларын практикалық меңгеруге арналған уақыт ресурсын ұлғайту;
- жекелеген тақырыптарды ілгерілей, оза меңгеру есебінен уақыт ресурсын босату, сол арқылы пәндік білімді тереңдете меңгерту мүмкіншілік жасау.

Осылайша білімді хабарлама түрінде беру уақытын 30- 40 %-ға қысқарту- сонша мөлшерде пропорционал түрде білім сапасын арттыруға технологиялық әсер етеді.

Биоинформатика және синергетика технологиясында оқыту сапасы 1:30:1:1 есебінің негізінде анықталады. Бұл қатынасқа 1 оқытушының және 30 оқушының 1 сыныптағы 1 сабағы енгізілген. Ал көрсеткіш ретінде оқытушының әрбір оқушымен жұмыс жасау мүмкіншілігіне ие болған кездегі нәтижесінің сапасы талап етіледі. Бұл әрбір тақырып бойынша 63%-дан төмен болмауы керек. Ал тәжірибеде оқытушы 1 сабақта ең жақсы дегенде сыныптың $\frac{1}{3}$ бөлігін қамтиды , яғни 1:10:1:1 қатынасына сәйкес. Бұл білім сапасының 30%-дан аспайтынын көрсетеді.

Сонымен биоинформатика және синергетика технологиясының негізгі шарттарының бірі- сабақта барлық оқушылардың қатысуы, белсенділігі, бағалануы. Ол үшін оқу процесін басқарудың арнайы құралы- технологиялық картаны енгізу қажет. Технологиялық картаның сипаттамасының маңызы- оқытушының және оқушының іс- әрекетін кірістіре отырып, білім беру процесін технологиялық жобалау және құрастыру деңгейінде ұсынады.

1. Жаттықтыру картасы- оқушыларды белгілі бір тапсырмаға бағыттауға арналған. Сабақтың басында, оқытушының стратегиясы бойынша бұл картаны сабақтың кез- келген бөлігіне кірістіруге болады.
2. Алгоритм- білімдік компоненттерді беруге арналған. Мақсаты- оқушылардың зейінін дамыту, ойлау жылдамдықтарын, жадыны дамыту.
3. Биоинтернет- қатаң түрде « Алгоритм » картасынан кейін орындалады. Білімді және дағдыны сөздік қор арқылы бекітуге арналған. Материалды меңгеруге және сауатты түрде мазмұндауға көмектеседі.
4. Тренажер- қатаң түрде «биоинтернет» картасынан кейін жүреді. Білім, білік, дағдыны өңдеуге арналған, тақырыпты қорытындылайды. Мақсаты- автоматты дағдыны қалыптастыру.
5. Логика- логикалық (индукция және дедукция) және шығармашылық ойлауларын дамыту үшін қолданылады.
6. Лидер- кіріктіре оқыту кезінде көлемді материалдарды меңгерту үшін қолданылады.

Аталған технологиялық карталарды сабақтың типтеріне қарай қалай таңдауға болады?

Кесте 4.

р/с	Технологиялық карта	Кіріспе: білім	Бекіту: түсіну	Қолдану	Анализ	Синтез	Жалпылау	Бағалау
1	Алгоритм	+						
2	Биоинтернет		+					
3	Тренажер			+				
4	Лидер				+			
5	Логика				+	+	+	
6	Ауызша сабақ						+	+

Биоинформатика және синергетика технологиясымен танысып, саралай келе төмендегідей артықшылықтарды бөліп алуға болады:

- нақты нәтижеге, сапа көрсеткішіне бағытталуы;
- оқыту формасының белсенділігі;
- жекелей , даралап оқытуды қамтамасыз етеді;
- деңгейлеп оқытуды жүзеге асырады;
- түзету, коррекция және рефлексия жұмыстарын сабақтың әрбір кезеңінде іске асыруға болады;
- зерттеу- ізденушілік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Ағымдағы тексеру жұмыстары тек бақылау ғана емес диагностикалық сипатта да қызмет атқарады. Оның мақсаты- түзету жұмыстарының қажеттілік деңгейін анықтау.

Оқушылардың біріккен жұмыстарын топта, шағын топтарда ұйымдастыру олардың бойында субъектіліктің алғы шарты болатын төмендегідей дағдыларды қалыптастыруға бағытталған:

- жаңа материалды өз беттерінше игеру;
- шығармашылық тұрғыда ойлау, талдау, қорытынды жасау;
- өз ойларын басқа оқушыларға толықтай жеткізу;
- мәселе қою;
- ұйымдастыру, басқару іскерлігін жүзеге асыру;
- өзін- өзі тексеру, бағалау.

Сол арқылы оқушыларда пәннің мазмұнын білумен қатар белсенділік, жауапкершілік, бастамашылдық сияқты құнды тұлғалық қасиеттер қалыптасады, яғни субъект ретінде дамиды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 12- жылдық жалпы орта білім беру Концепциясы.
2. Ерментаева А. Р. Субъектілікті дамыту тренингі. С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы. 2007 – 12 б.
3. Управление качеством обучения в общеобразовательных школах на основе ИКТ Методическое пособие для учителя. Алматы, 2008
4. Ү.Б. Жексенбаева. Балалардың дарындылығын диагностикалау. Әдістемелік құрал. 19 б.
5. Өзін- өзі тану. Студент дәптері. Алматы, 2007- 171 б.
6. Жеткіншектер мен жасөспірімдердің қарым- қатынасын анықтауға арналған психологиялық әдістемелер жинағы. Өскемен, 2005 – 9 б.

ӨЛКЕТАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ, ҰЛТЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Керешов С.К.

М.Мәңкеұлы атындағы орта мектеп, Атырау облысы Индер ауданы Құрылыс ауылы

Ел Президенті Назарбаевтың тапсырмасы бойынша қазіргі таңда «Халық тарих толқынында» атты арнайы тарихи зерттеулер бағдарламасы әзірленуде. Бағдарламаның басты мақсаты озық әдіснама мен әдістеме базасында Қазақстанның тарих ғылымының сапалық серпілісін тудыру, қазақтың ұлттық тарихының көкжиегін кеңейту, ұлттың жаңа тарихи көзқарасын қалыптастыру, Қазақстанның қазіргі заман тарихының 20 жылдығын ұғындыру.

Еліміздің тәуелсіздігін алуы, халқымыздың өзінің өткенін, тарихын, мәдениеті мен әдебиетінің бастауларын тануға бетбұрыстар жасауы, жаңа көзқарас ғылымдағы жетістіктер алдымызға жаңа міндеттер жүктеуде.[1] Яғни тарихты тануға нақты қадам бастық деп айта аламыз. Соған орай еліміздің әр өңірінде алғашқы дайындық жұмыстары басталып кетті. Сол қатарда Атырау облысы мен Индер ауданындағы тарихшы ғалымдар мен зерттеушілер халқымыздың төл тарихын зерделейтін маңызды бастамаға белсене ат салысуда. Мектеп оқушылары арнайы бағдарламалар, сабақтан тыс шаралар ұйымдастырудың керектігін алға тартты, ал бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары арнайы айдарлар ашып, өлкетануға өзіндік үлесін қосатын болды.

Өлкетану дегеніміз өзінің туған жерінің, елінің тарихын, мәдениетін салт-дәстүрін, тілі мен дінін, ділін, табиғатын тану және зерттеу, оқып үйрену дегенді білдіреді. Өлкетануды оқып-үйрену, келешек ұрпақты Отансүйгіш, ұлтжанды, елін, жерін ардақтайтын азамат ретінде тәрбиелеудің басты бағыттарының бірі болып саналады.[2-3]

Өлкетану ғылыми ізденімпаздылыққа бастайтын нақты жол. Ізденіп, оқып үйрену барысында оқушылар белсенділік танытумен бүтіндей оқу материалдарын меңгереді, білімдерін танымдық іс-әрекетте күнделікті өмірде пайдаланумен қатар болашақта қажетіне жаратады. Өз туған өлкесі туралы оқып-үйреніп, тарихи ұғымдарды қалыптастырады, өлке тарихын сабақта, әсіресе тәрбиелік шараларда пайдалану қандай ғанибет.

Өлке тарихы туралы материалды сабақта пайдаланған мұғалімнің әңгімесі білімге айтарлықтай сенімдік береді, дәлдік береді, оқушының пәнге деген қызығушылығын қалыптастырумен қатар, тарихи оқиғаларды жергілікті факторлармен салыстыру арқылы сол тақырыпты есінде қалдырады. Өлкетану жұмыстарын жандандыру үшін мынандай жұмыстар атқарған жөн.

- 1) *Карталар сызу (пайдалы қазба, археологиялық қазба орындары мен көмбелерді анықтау)*
- 2) *Ауыл ішіндегі заттарды жинау, шежірелер мен әңгімелер, құжаттар, т.б.*
- 3) *Өлкетану үйірмелерін ұйымдастыру, секцияларға бөлу.*

Осындай жұмыстар оқушылардың ғылыми жұмысқа, ғылыми жоба жұмыстарына қатысуларына жиналған материалдар септігін тигізеді. Мектепте тарихи археологиялық өлкетану жұмыстарын жүргізу, жиналған материалдарды тарих сабақтарында пайдалану өте маңызды. Өлке тарихын зерттеу Отан тарихының мазмұнын байытады, тарихи санамызды қалыптастырады. [4]

Индер ауданының жері тұнып тұрған қазына, жер үсті баға жетпес байлық. Шөбі дәрі, суы бал, сондықтан бұл өңір Асан қайғы бабамыз айтқандай «Жерұйық» деп аталады. Біздің туып-өскен Құрылыс ауылының территориясында құпиясы мол тарихи қорғандар мен жер-су атаулары көптеп кездеседі. Соның бірі - «Тасоба» қорғаны болып саналады. 2008 жылы 15 маусымда Мұратов Нұрлан, Есқалиев Амангелді, Садиров Тоқтар, Орахов Фархат, Шотықбаев Бағдат және тарих ғылымының кандидаты, археолог-ғалым Хасенов Мараттың жетекшілігімен Құрылыс ауылынан күншығыс жақ беттегі 12 шақырым жерде «Тасоба» қорғанынан өздерінің жоспарланған далалық ғылыми-зерттеу жұмысын бастады. Біздің территориямыздағы аталған шығыс өңір бүгінгі күні аз зерттелген, тарихи құпиясы мол және қызықты өңір болып отыр. «Тасоба» қорғаны бұрынғы 6 ауыл қасынан 4000 метр қашықтықта орналасқан. Обаның орналасқан жері биіктеу, көтеріңкі. Үйіндісі тас және топырақ. Биіктігі 1,5 метр. Аумағы 14 метр. Обаға тән белгілердің барлығы бар. Барлау тобы обаны суретке түсіріп, жоспарға белгілеген. Осы «Тасоба» қорғанынан ежелгі замандағы нан пісіретін пеш, көне тиындар, қыш құмыралар табылған. Ғылыми-зерттеу тобының қысқа мерзім ішінде жүргізген жұмысының нәтижесі міне осындай болды.

Атырау облысының археолог ғалымдарының жүргізген нәтижелі жұмыстарының арқасында «Сармат ханшайымы» немесе «Қылыш» қорғандары өз құпиясын аша бастады [14].

Облыс әкімінің қолдауымен «Қазақстан» РТРК» АҚ Атырау филиалының ұсынысын қабыл еткен «Хазардан – қазаққа дейін» атты телеэкспедиция жолға шыққан болатын. Құрамында

тарихшылар мен археологтар бар топ Индер ауданына сапарында «Қылыш» жеріндегі қорғандардың бірін қазып, Сармат ханшайымының мәйітін тапты.

Жарсуат ауылынан шығысқа қарай 20-30 шақырымдай қашықтықта орналасқан бұл қорғандардың барын археологтар білгенмен анықтау мүмкін болмаған. Біздің эрамызға дейінгі V ғасырға жататын қорған ішіндегі үлкенінің биіктігі 5 метр, диаметрі 120 метр. Негізі бұл әуел баста пирамида істеттес әлде қайда биік болуы мүмкін. Археолог Марат Хасеновтің айтуынша, мұндай қорған елімізде сирек әрі Атырау облысында ең ірі қорғандардың бірі және бұл айналасындағы кішігірім қорғандарға қарап болжам жасағанда патша қорғаны екені сөзсіз дейді. Бұдан басқа жалпы 30-40 қорған бар көрінеді. Бұл бір тұтас тайпаның қонысы, заманында құтты мекен болған деседі.

– Кейін сарматтар ыдырағанда ғұндар, оғыздар, сосын қыпшақтар басқан. Бірақ ешкім ешқайда көшіп кеткен жоқ. Бүгінгі халықтың тамыры осы. Сондықтан сарматтарды зерттеу біздің арғы тегімізді, этникалық мәдениетімізді тану деген сөз. Сол арқылы өлкеміздің жаңа тарихи беттерін ашамыз. Оларды зерттеу арқылы тұтас қазақ елінің шығу тегін айқындауға болады. Мысалы, қолданған тұрмыстық заттарында аң -құс, т.б бейнеленген,– дейді ол. [15]

Сонымен үлкен қорғанды қазу көп қаржыны қажет еткендіктен әрі әліміз жетпейтіндіктен кіші қорғанды қазу басталды. Бұған «Дендер» қоғамдық жастар бірлестігі мүшелері де көмекке келді. Метрден аса қазған соң археолог қазу тәртібін қатаң сақтауды айтып, өзі өлшеп беріп, қай жерге күрек салу керектігін бағыттап жүрді. Сәлден соң жерді шұқылап үріп, «міне жатыр» деді де осы жерді жаймен қазуды тапсырды. Осылайша көзге адамның мәйіті көрініп, оның топырағы мұқият алынды. Оның жанынан екі құмырасы, айнасы және садақтың қоладан жасалған жебесі табылды. Археолог М.Хасенов: – Бұл сарматтың жауынгер әйелі – амазонка. Мына бойы 1,6-1,7 метр. Өте жақсы сақталған. Сарматтарда амазонкалар болған. Олар әскербасылық қызметтер атқарған. Бұл біздің еліміз үшін үлкен жаңалық, – дейді ол.

Жалпы сармат мәдениеті өте аз зерттелді, олар осы батыс өлкені мекендеген дейді тарихшылар.

Ендеше, бұл қазаққа дейінгі кім болғанымызды, мәдениетімізді танудағы алғашқы қадамдардың бірі болмақ. Ал сармат көсемінің қорғанын қазуға мемлекет тарапынан көмек қажет-ақ. Қасиетті Құрылыс өңірі Индер ауданының әсем бұрыштарының бірі. 2011 жылы 10-сынып оқушысы Бағытжанова Ақмөлдір «Құрылыс ауылының тарихы» атты тақырыпта «Дарын» ғылыми жоба байқауына қатысып, облыстан жүлделі II орынды иеленді. Ауылымыздағы төрткүл қорған орнындағы орта ғасырлық көне қалашықтың X-XI ғасырлардағы тарихи-мәдени ескерткіштің сырын ашуды, зерттеуді көпшіліктің назарын аударуды мақсат етті. Аталған жұмыс оқушының археология ғылымы туралы түсінігін байытса, екінші жағынан өлкетану бағытында Құрылыс ауылының тарихына жаңа бет ашуға, жас ұрпақтың отаншылдық сезімін дамытуға үлкен үлес қосады. 7- сыныпта орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы пәнінде «Қалалық мәдениеттің дамуы» тақырыбында өткен уақытта осы ауылымыздағы аталған қорған орнындағы қалашықтың аумағын, алып жатқан орнын, көлемі жағынан нешінші топқа жататынын айтып салыстырамын. Тақырыпты байланыстыра отырып түсіндіру арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырып, тарихи біліктері мен дағдыларын жетілдіру. [11]

«Мен ұлтты күшейтудің бірінші тетігі – тіл болса, ал екіншісі – тарих, ал тарих ғылымы ғылымдардың атасы» деген қағиданы басшылыққа ала отырып шығармашылықпен жұмыс істей білетін, өтілген тақырыптан дұрыс қорытынды жасай алатын тарих деректерімен өздігімен жұмыс істеуге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеуге баса ден қоямын. «Дүниеде туған еліңнен артық ел де, жер де жоқ» деген еді сөз зергері Ғабит Мүсірепов. Туған жер тарихынан аға ұрпақтың өнегелі істерінен хабардар ұрпақ патриоттық - азаматтық рухта өсіп – жетіледі. [6]

Оқушылар халқымыздың өткені мен болашағы туралы тарихты жете білмесе, қазіргі қоғамның даму заңдылықтарын толық түсіну мүмкін емес. Асылды алыстан іздеп әуре болмай, иегіміздің астындағы барымызды бағалай білсек. Сайып келгенде үлкеніміз бен кішіміз ежелгі Рим шешені, саясатшы Цицеронның: «Өзің туғанға дейінгі дүниеде не болғанын білмесең ғұмыр бойы нәресте қалпында қалдым дей бер» деген қағидалы сөзді ұмытпағанымыз жөн. [7]

«Жаңа тарих мәселелері бойынша тақырыптық зерттеулер аясын кеңейту қажет. Соның ішінде өлкетануға байланысты жұмыстарды жан-жақты зерттеу керек», - деді Марат Тәжин. Патриоттық сезімнің нысаны мен қайнар көзі Отан десек, мазмұны туған жер, табиғат оның байлықтары, тілі, дәстүрі, тарихи ескерткіштері туған өлкедегі тамаша киелі орындарын насихаттау. Осы мақсатта оқушыларға Елбасымыздың «Мәдени мұра» бағдарламасын басшылыққа алуға болады. Жас ұрпақ – біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы өкілі ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы. Елжандылық рухта тәрбиелеу – жастарды ерлікке, Отан сүйгіштікке, ар намысты қорғауға, адамгершілікке баулиды. Осындай халықшылдық идея, елжандылық сезім жастардың жүрегінен терең орын алып, оларды белсенді іс-әрекетке тәрбиелейді. [8]

Осындай мақсатқа туған жерінің қадір-қасиетін ұғындыру, туған жер тұлғаларына деген құрметтерін арттыру, туған ел тарихын тану мақсатында М.Мөңкеұлы атындағы орта мектепте 2006-

2007 оқу жылынан бастап «Зерде» атты оқушылардың кіші ғылыми қоғамының жетекшісі ретінде «Өлкетану» үйірмесін ашып, мектептегі дарынды, қабілетті оқушылармен жүйелі жұмыс жасап келемін. Нәтижесінде туған жер тарихы жайлы біраз мағұлматтар жинақталды. Атырау облысы оның ішінде Индер ауданы небір тарихи тұлғалар мен талантты ұл – қыз өрбіткен бұл мекеннің тарихы мол. Туған жерінің тарихи тұлғаларын, тарихи мәдени ескерткіштерінің құндылығын қастерлеуге үйрету, шығармашылық-ізденімпаздыққа баулу. Ата-баба шежіресін, аймақтың ақтаңдаққа толы кешегі тарихын, өткен ақиқатын білгіміз келсе, алдымен халық санасына, ғұламалар тұжырымдамаларына, сондай-ақ сартап болып сарғайған көне шежіре бетіне үңілеміз.

Әрбір адам үшін өзінің туған жерінің тарихын танып білу – перзенттік парыз. Асқар-асқар таулары көкорай белдері болмаса да, біз үшін ми қайнатар ыстығы сағым болған туған өңірімізден артық ештеңе жоқ. Сол өңірдің талай тарихты қойнауына бүгіп жатқанын білу, зерделеудің өзі бақыт. Осы орайда Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жазғы демалыс күндері бір топ мектеп оқушылары мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен «Тарихымды танып білгім келеді» тақырыбында тарихи танымдық өлкетану жорығы шежірелі, бай тарихы бар, қасиетті Сарайшық жеріне бастау алды. Оқушылар экспедициясының құрамына мектебіміздің үздік, белсенді, түрлі жарыстардың жеңімпаз оқушыларынан құралған 30 оқушы қамтылды. Сонымен қатар бұл жорыққа мектеп директоры Р.Рысбаева, мектеп директорының тәрбие істері жөніндегі орынбасары С. Қайырлиева, жоғары санатты тарих пәнінің мұғалімі С.Керешов, алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Н.Қадірімбетов бастап апарды. Жорық барысында оқушылар қасиетті де қастерлі Сарайшық өлкесінің тарихымен жан-жақты танысып қайтты.

Республикамыздың мәдени мұраларын қорғау патриот ұландардың, келешек ұрпақтың айнымас міндеті. Саяхаттан түйгеніміз, бүгінгі балғын ұрпақ топырағында көмулі жатқан тарихымыздың тағылымы орасан екенін білді. Иә, бүгінгі қоғам алдында тұрған міндет, әрбір ұстаз алдында тұрған міндет. Дарын – адам бойындағы асқан талант, ерекше қабілет. Яғни дарынды бала, асқан талант иесі. Меніңше адамды танып білу – оның бойындағы ерекше қабілетті көре білу мұғалім үшін аса қажет қасиет. Ол үшін ерінбей еңбектеніп, баланың ерекше қабілетін байқауда күнделікті сабақта, үйірме жұмысында оқушыны үзбей бақылап, бала бойындағы дарындылықты немесе жүйелі білім алуға қабілетті тұлғаны анықтауға болады. [9]

Соңғы уақытта білім ошақтарында ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысатын шәкірттерімізде ауданымыздың мәртебесін асқақтатуда. Қызығы мен қиындығы біте қайнасқан мектеп өмірінде сабағын оқи жүріп, зерттеу жұмыстарына белсене араласқан шәкірттеріміздің саны күннен – күнге көбейіп келеді. Жаңалыққа жаны құмар үйірме мүшелері, көп ізденіп ғылымға деген қызығушылықтары бейімделіп, келешекте осы саланы жетік игеріп, білікті маман атанғысы келеді. «Білімді ұрпақ ел болашағы» демекші ғылым көкжиегіндегі жасыл құрақтай желкілдеп өсіп келе жатқан «Өлкетану» үйірмесінің 5 оқушысы, атап айтқанда, олар: Орахова Айгерім, Орахова Ақсана, Шаукирова Гүлзира, Бағытжанова Ақмәлдір, Итенова Ақсұңқар аудандық және облыстық оқушылардың дарынды, қабілетті оқушылардың ғылыми жобалар байқауында «Ұлы Жеңіске үлес қосқандар», «Туған өлке – тұнған шежіре», «Құрылыс ауылының тарихы», «Жер – су атауларының тарихы», «Ауданым – қасиетті мекенім, мақтанышым» атты тақырыбындағы ғылыми жоба жұмыстарын сәттілікпен қорғап, қорытындысында I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталып, мектебіміздің және ауданымыздың мәртебесін жоғары көтеріп, біздің мақтанышымызға айналды. Аталған оқушылардың жоғарыда аталған ғылыми жоба жұмыстары республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық басылым саналатын «Қазақстан тарихы» әдістемелік журналында жарияланды. [10]

«Өлкетану» үйірмесінің мүшелері қандай да ғылыми конференция болса, тақырыптар бойынша қызығып, оқушылардың ғылымға деген көзқарастарының өте жоғары деңгейде екені анықталады.

Елбасымыз тарихтың маңызы туралы «Өркениетті алға бастырар ғылым десек, соның бірден – бір саласы жас ұрпақты дәл тарихтай отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, әділдікке тәрбиелей алмайды»- дейді. Өйткені ол бүкіл адамзаттың тарихын, жүріп өткен жолын, жинаған тәжірибесін баяндайды. Тарихты білу – өзінің отбасының, әулетінің, туып-өскен өлкесінің тарихын білуден басталады. Ел ертеңіне нық сеніммен қарайтын, жан-жақты дамыған, патриот, жүрегі елім, жерім деп соғатын, өмір сүруге құштарлығы мол тұлғаны еліміздің кетігіне кірпіш етіп қалай білсек, бұл біздің көздеген мақсатымызға жеткеніміз. Елбасымыздың «Қазақстан 2050» бағдарламасында әрбір пән мұғаліміне өлкетануда анық бағыттар берген. Келешек ұрпақтың Отанына деген сүйіспеншілігін, өзінің туған жеріне деген сезімін тәрбиелеу – әрбір мұғалімнің парызы. Ғасырлардан – ғасырларға кетер тарихты және мәдени ескерткіштерді қазіргі ұрпақ осы бастан жинап жасай бастау керек. Келер ұрпақ халқымыздың әргі-бергі тарихына, мәдени

құндылықтарына мағұлмат беретін дәлелді дәйектерді өз дәрежесінде оқу үшін өлкетану жұмыстарына байланысты барлық шараларды жандандыру қажет. [12]

Қорыта айтқанда ғасырлар бойы халықтық мәдени мұраның құндылығын түсіну үшін, бабалар есімін құрметтеуден бастап жерлестеріміздің дарындылығын мақтаныш етіп туған жерге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу мақсатында өлкетану жұмыстарын жыл бойы жүргізіп отырамын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Р. Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты тұжырымдамалық мақаласы. Алматы 2012 ж.
2. Қ.Р. Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауы. 14.12.2012 ж, Алматы.
3. «Қазақ тарихы» ғылыми әдістемелік журнал, №6 2006 ж.
4. «Қазақ тарихы» ғылыми әдістемелік журнал, №6 2007 ж.
5. Республикалық ғылыми әдістемелік журнал. «Тәрбие жұмысы» № 2 2011 ж.
6. Республикалық педагогикалық журнал. «Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар» №8 2010 ж.
7. «Қазақстан тарихы» әдістемелік журналы №2 2010 жыл
8. «Қазақстан тарихы» әдістемелік журналы №1 2013 жыл
9. «Қазақстан тарихы» әдістемелік журналы №6 2013 жыл
10. «Қазақстан тарихы» әдістемелік журналы №7 2013 жыл
11. «Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы». 7-сынып.
12. Атырау энциклопедиясы «Атамұра» баспасы. 2000ж.
13. «Дендер – бес қаруын асынып, бабалар жортып өткен жер». Алматы 1996 ж.
14. «Самал сарайы» газеті №14 2013 жыл
«Дендер» газеті №34 2013 жыл

ӘОЖ 159.923

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕГІ ХАЛЫҚТЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Султашева Г.К., Сабинова Ж.Н.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Төтенше жағдай дегеніміз – адамдардың қаза табуына әкеліп соққан немесе әкеліп соғуы мүмкін, олардың денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге нұқсан кетірген немесе келтіруі мүмкін, халықты едәуір дәрежеде материалдық шығындарға ұшыратып, тіршілік жағдайын бұзған немесе бұзуы мүмкін авария, зілзала немесе апат салдарынан белгілі бір аумақта туындаған жағдай;

Төтенше жағдай дамуының негізгі үш кезеңі. Реактивті өткір психоздардың түрлері. Зақымданудан кейінгі стрестік бұзылыстар (ПТСР) туралы жалпы түсінік. Өткір стрестік реакциялар төтенше жағдайдың салдарын жою жұмыстарын жүргізу кезінде құтқарушылар төтенше жағдай орын алған аумақтағы тұрғындармен қарым-қатынасқа түседі. Орын алған төтенше жағдай адамдардың психологиялық күйіне әсер етеді. Төтенше жағдай аумағында адамдардың психикасын зақымдаушы факторларды екі топқа бөлеміз.

** Бірінші топқа* адамдардың өмірі мен денсаулығына физикалық қауіп төніп тұрумен байланысты факторлар кіреді. Олардың ішінде – жарылыстар, өрттер, ғимараттар конструкцияларының қирауы, радиобелсенді ластану, сыртқы ортаның химиялық зиянды заттармен улануы, токсинді заттар және т.б. Осылардың әсері нәтижесінде пайда болатын психикалық бұзылыстар, негізінде физиологиялық (медициналық) күйі жағдайында байқалады. Оларға: зақымданулар, күйіктер, радиациялық жарақаттар, химиялық уланулар, аурудан және зақымданудан есеңгіреу және т.б. кіреді.

** Екінші топ факторлары* төтенше жағдай ауқымы мен оның салдары туралы нақты ақпараттың болмауымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына төнген қауіптің деңгейіне, туған-туыстарының тағдырына алаңдаушылық, күнделікті өмір сүру бейнесінің өзгеруіне, белгісіз болашақ алдындағы әлсіздік сезімімен байланысты. Төтенше жағдайдың салдарын жою кезінде адамға әсер етуші екінші топтағы психиканың зақымдаушы факторларын толық жою немесе күшін әлсірету мүмкін емес, бірақ медициналық қызметкерлер мен құтқарушылардың зақымданған адамдармен

жоспарланған психологиялық және әлеуметтік жұмыстар жүргізуінің нәтижесінде осы факторлардың әсеріне оларда айтарлықтай психологиялық тұрақтылықты арттыруға болады.

Зақымданғандарға психологиялық көмек көрсету үшін құтқарушылар төтенше жағдайда туындайтын психикалық бұзулулардың пайда болу себептері мен түрлері, өту барысы, оларды бір-бірінен қалай ажыратуға болады және қай жағдайда зақымданушыға қандай қолдан келетін көмек көрсетуге болатыны жөнінде білуі тиіс.

Қазіргі уақытта зақымданғандарда түрлі бейнедегі психикалық бұзылыстар байқалатын төтенше жағдай дамуының негізгі үш кезеңін ажыратуға болады:

Бірінші кезең аяқ астынан адам өміріне қауіпті жағдайдың пайда болуымен байланысты (өрт, жарылыстар, жер сілкіністері, цунами, су тасқыны, дауылдар және т.б.). Ол өз кезегінде уақыттық нормалармен шектеледі – төтенше жағдайдың туындау уақытынан авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуді бастағанға дейінгі аралық. Сараптамалық көрсеткіштер осы кезеңнің созылу уақыты 5 сағаттан аспайтынын көрсетеді. Осы уақытта күшті күйзелістер адамдарда қорқыныш, үрей, түрлі деңгейдегі естен шығу реакцияларын тудырады. Төтенше жағдайдың алқашқы уақытында адамдарда болып жатқан жағдайды түсінбей қалушылық, сасқалақтау күйлері байқалады.

Осы қысқа мерзімді уақыттық аралықтан кейін адамдарда қарапайым қорқыныш реакциясынан белсенділіктің артуы, қозғалыстардың нақтылығы және үнемділігі байқалады, сондай-ақ бұлшықеттердің күші артады.

Осымен қатар сөйлеу қабілеті нашарлайды. Бұл – сөйлеу темпінің ұлғайуы және дауыс ырғағы мен күшінің жоғарылауы кезінде байқалады. Осындай күйде адамға ерік-жігерін, қозғалыс функцияларын жұмылдыру тән болады. Қорқыныш пен үрейдің күрделі реакцияларында алдымен активті және пассивті түрдегі қозғалыстық бұзылыстар пайда болады.

Активті түрінде – адамдар тез шешім қабылдау үшін және қауіпсіз жерге көшу үшін кедергі келтіретін мақсатсыз және түсініксіз жүрістер жасайды. Кей жағдайларда үрейлі жүгірістер байқалады.

Пассивті түрі адамның қимылсыз бір орында тұрып қалуымен сипатталады. Бұл жағдайда оған көмек көрсету кезінде ол еріксіз бағынады немесе негитивті реакция білдіріп қарсылық тудырады. Ондай кезде адамның сөзі үздік-үздік болып, негізінен қысқа, мәні жоқ сөздермен шектеледі немесе мүлдем еш сөз айтпайды. Қорқыныш пен үрейдің қай түрінде болмасын, адамда сана-сезім тарылады, яғни нақ оқиғаны қабылдамайды. Аса күрделі психикалық бұзылыстар көбіне жабық күйдегі зақымданулар немесе жарақаттар алған адамдарда пайда болуы мүмкін.

Екінші кезең өз уақыттық өлшеміне қарай авариялық – құтқару жұмыстарын жүргізу кезеңіне сәйкес келеді. Бұл уақытта жоғалған немесе тағдыры белгісіз туған-туыстарымен, отбасының және мүліктерінің талқандалуымен негізделетін жаңа күйзелістік әсер еткіштер пайда болады.

Осы кезеңнің басында байқалатын психоэмоционалды кернеу, шаршағандық пен депрессияға ауысады. Зардап шеккендердің психикалық бұзылыстары психоздар мен невроздар бейнесінде көрініс береді. Зардап шеккен адам үшін психоздар өте қауіпті болады және білікті медициналық және психиатриялық көмекті талап етеді. Олар адамның мақсатталған іс-әрекет жасауына кедергі келтіреді.

Төтенше жағдай уақытында пайда болатын психоздардың негізгі түріне өткір есеңгіреу күйі және реактивті өткір психоздар кіреді. Өткір есеңгіреу күйі (қорқыныштың күрделі түрі) өмір мен денсаулыққа төнген қауіпті қатты уайымдау кезінде пайда болады. (өрт, жарылыс, жер сілкінісі және т.б.). Бұл психоздар активті немесе пассивті түрде көрінуі мүмкін.

Реактивті өткір психоздардың келесі түрлері байқалуы мүмкін:

- *психогенді депрессия*: қайғылы күйдің баяу дамуымен, бағыт-бағдардың күрделенуімен, қимыл-қозғалыстың тежеулігімен сипатталып, өз кезегінде қимылсыз тұрып қалуға (ступор) және мән-мағынасыздыққа әкелуі мүмкін.

истериялық депрессия: истерикалық қозғыштықтың қысқа кезеңінен кейін аушу-ызаға әкеліп соғатын апатия, қайғыру күйі туады. Алайда, бұл жағдайда

- психикалық әрекеттің бұзылуы байқалмайды.
- *параноидті психоз* – жанды қинайтын жағымсыз уайым, эмоциялық кернеу, уайымдаушылық.
- *параноидті-галлюцинативті синдром*: белсенді психикалық әрекет қиындай түседі. Кейде адам өзін басқа адам ретінде немесе басқа жағдайда жүргендей елестетеді. Бұл жағдайда адамда дауыстар, жас баланың жылағаны, көмек сұрап айқайлаған т.с.с түрлі дыбыстарға ұқсас галлюцинациялар байқалады.

Зардап шеккендердің көпшілігіне психикалық емес бұзылыстар тән. Олар *истерикалық невроз немесе неврастения* түрінде көрініс табады. Сонымен, олардың құрамына:

- қозғалыстың бұзылысы (қояншық, сал болып қалу, талма ауруы және т.б.). Олар ыңырсу, айқай және жылаумен бірге де көрініс береді. Сондай-ақ, кекештену, дауыстың жоғалуы, бұлшықеттердің жеке топтарының дірілі немесе керісінше, қимыл-қозғалыстың толық

сақталғандығымен, жерге «қадалып қалғандай» күйлер байқалады.

- сезім мүшелері жұмысының бұзылыстары (тері қабатының сезімталдылығының жоғалуы, истериялық соқырлық, кереңдік, саңылаулық. Физиологиялық бұзылыстар: тамақта бір нәрсе тіреліп тұрғандай сезім, истерикалық құсу, жүрек аритмиясы, іш өту);
- психикалық бұзылыстар (қорқыныш, көңіл-күйдің аяқ астынан бұзылуы, мінез-құлықтағы құлшыныстың болмайы және т.б.).

Неврастения қатты шаршаудың, демалу мен ұйқының жетіспеушілігі, психикалық зақымдаушы жағдайлардың әсер етуі нәтижесінде пайда болады.

Алғашқы кезде ол жоғары қозғыштық күйінде көрініс береді, кейіннен бұл жағдай адамның физиологиялық қорының таусылуына әкеліп соғады. Неврастения қатты шаршағандық, қозғыштық, әлсіздік, өзін-өзі ұстауға жарамсыздық. қай затқа болса да зейінін шоғырландыра алмау, бас ауруы, ұйқының бұзылуы күйінде көрініс береді.

Үшінші кезең зардап шеккен адамдар үшін төтенше жағдай салдары жойылғаннан кейін немесе қауіпсіз жерге орналасқаннан кейін басталады.

Психикалық бұзылыстар зақымданудан кейінгі деп аталатын стрестік бұзылыстардың (ПТСР) пайда болуымен сипатталады. Зақымданудан кейінгі стрестік бұзылыстардың (ЗКСБ) белгісі ретінде басынан өткізген оқиғаладың күшті эмоциялық қорқыныспен, орын алған оқиға алдында әлсіздікпен қатар келуі көрініс береді. ЗКСБ үшін ұйқының бұзылуы, қозғыштық, аяқ астынан ызаланушылық, зейіннің тұрақталуының қиындығы, алаңдаушылық, қорғаныштық реакцияға дайын болушылық тән. 20 жылдың ішіндегі аса ірі апаттардың сараптамасы негізінде, төтенше жағдай салдарынан зардап шеккендердің психикалық бұзылыстарының жүйесі қалыптасты.

Сонымен, төтенше жағдай орын алғаннан кейін бір сағат ішінде шамамен 70% адамдарда түрлі кезеңде көрініс беретін невротикалық және психикалық бұзылыстар байқалады. 5 сағат ішінде мұндай адамдардың саны екі есеге қысқарып, бір тәулік ішінде зардап шеккендердің хал-жағдайы қалпына түседі, олар өздерінің міндеттерін орындауға қабілетті болады. Психоздар, невроздар, созылмалы реактивті психоздар мен невроздар сияқты өткір реакциялар байқалатын зардап шеккен адамдар медициналық көмекті және білікті стационарлық ем қабылдауды қажет етеді. Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, адамдардың тек 6 – 7% ғана мұндай төтенше жағдайда қалыпты күйін сақтай алады. Осыған сәйкес, халықтың және құтқару жасақтарының төтенше жағдайда дұрыс қимыл-әрекеттер жасауы үшін психологиялық дайындығына аса мән беру қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Столяренко А.М. Адамдарға қысылшаң жағдайларда психологиялық назар аудару. Россия. 2002.
2. Осухова Н.Г. Қатаң және қысылшаң жағдайлардағы психологиялық көмек. Масква. 2007.
3. Александровский Ю.А. Психогения в экстремальных ситуациях Масква.1991.
4. Столяренко Л. Д. Психология делового общения и управления. — Ростов н/Д, 2001.

ӘОЖ. 37.032

ТҰЛҒАНЫҢ ЖАЛПЫ АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Нажикенова Г.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Қазіргі кездегі қарама-қайшылыққа толы күрделі әлемнің негізгі мәселелерінің бірі – мемлекеттік деңгейде де, әлеуметтік топтармен жеке адамдар деңгейінде іске асырылатын жаһандану процесі. Оның маңызды сипаттамасы ретінде адамның бүкіл іс-әрекеті іске асырылатын біртұтас кеңістіктің құрылуын айтуға болады. Ол адам өмірінің барлық жақтарына, атап айтсақ, экономикаға, саясатқа, мәдениетке, білім беруге және тағы басқаларға да өз әсерін тигізеді. Сондықтан жаһандану процесі жағдайында әлемдік қарым-қатынастарда, мәдениеттер диалогында жаңа философия қажет. Білім беруді қоғамдық сананың, өндірістік күштің анықтаушы факторы ретінде қарастыру керек және білім беруде ұлттық мүдде, басымдықтар, құндылықтар жетекке алынуы тиіс.

Адам мақсатын адамгершілік қасиеттер арқылы орындап, рухани қасиеттері арқылы жүзеге асырады. Олай болса құндылық-адамдық қасиеттің өлшемі, талпынысы, өзге адамдарға жанашырлығы, қоғамдағы орны, өмір сүру тәсілі, ізденісі және рухани-адамгершілік қасиеті.

Бұл міндеттерді шешуде адамзаттың рухани байлығы болып саналатын білім мен ілім мәдениетінің жаңа парадигмасына сай білім – ғылым – мәдениет – менталитет – дүниетаным – сезім – өзіндік сана – көзқарас – мұрат арасындағы байланыстарды қарастыра отырып, рухани – адамгершілік

құндылықтар мен мінез-құлық дағдыға қалыптастыру жолдары көзделеді. Өйткені, рухани-адамгершілік құндылық адамдық тәртіп пен рухани болмысты қалыптастыратын жүйе. Құндылық мәселесі сонау Сократ заманынан бастау алады. Сократтың «игілік» деген ұғымына ерекше мән беруі оны құндылыққа жақындатқаны дейді – философтар.

Адам құндылығының өзегін құрайтын және зерттейтін саланы аксиология деп атайды. Аксиология – («axia»-грекше «құндылық», «логос» - ілім, ғылым) құндылықтар туралы зерттейтін ғылым.

Жалпы құндылықтар тақырыбы бүгінгі күннің мәселесі емес бұл адамзат тарихындағы ұлы ойшылдар Қорқыт, Ж.Баласағұни, Қожа-Ахмет Иассауи, А.Игүнеки, М.Қашқари, Ө.Тлеуқабылұлы мен ағартушылар Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, ғалым-педагогтар Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ш.Құдайбердиев еңбектерінде де рухани-адамгершілік ойларын уағыздап, адам өмірінен орын алатындығын дәлелдейді.

Жалпы адамзаттық құндылықтарды түсіне танудың негізі қоғамға бағытталған идеялардың, сезімдердің ұғымдардың қалыптасуына; ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды байланыстыра білуге; қоғамға және басқа адамдарға болған қатынастарға орай құқы мен міндеттерін зерттеп тануға; азамат құқы мен міндеттерінің бірлігін түсінуге; азаматтық мінез-құлық пен сезімдерді тәрбиелеуге, пікір жүргізу еркіндігінің дамуы мен көңіл-күй ортақтығын сезінуге және т.б. орайлас әкеледі.

Бүгінгі, Қазақстандық қоғамда құндылықтар қатарында ұлтжандылық, отаншылдық сезімдері, яғни өз халқымызды, оның салт-дәстүрін, тілін, мәдениетін, әдеттерін, туған ел табиғатын құрметтеп білу – жоғары маңызға ие болып отыр. Сонымен, бірге әрбір адам үшін жоғары құндылық – бұл өмір, тіршілікке болған қамқорлық, гуманистік қатынастар негізі - әр адамның өз басын сыйлауы, өз адамгершілік – сапаларына болған құндылықты қатынас; ата-ананы, туған-туысқанды, отбасы, бала-шағаны ардақ тұту, табиғатты аялау және ең жоғары инабатты құндылық ретінде еңбекті қадір ету.

Қоғамдағы азаматтық, гуманистік құндылықтардың бекуі, өз міндеттері мен құндылықтарының өзара тәуелсіздігін сезінуші әрі азаматтық ұстанымы бар ерікті тұлғаны қалыптастыру көбіне тәрбие және оқу жүйесіне байланысты. Заман ерекшелігін ескерумен түзілген құндылықты бағыттардың дамуынан әр адам өзін планета азаматы, әлем адамы санатында сезінуге мүмкіндік алады.

Сондықтан адамгершілік құндылықтар негізінде білім беруде жан-жақты және үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қажетсіну қашанда болса өзекті.

Тәрбие жұмысының барлық шеберлігі адамның қандай болуы керектігін біліп, адамды өзінің көздеген мұратына жетуге рухтандыра білуде. Олай болса, рух-адамның психологиялық белсенділігінің көрінісі, адамның сана-сезімі мен қимыл қызметінің озық болжампазы.

Сонымен, адамгершілік пен рухани құндылықтар тығыз байланысты.

Рухани құндылықтардың – ең қайнар көзі адамгершілікке, моральдік қалыптарда, жамандықты жаман қасиеттерді жете білуінде. Мұндағы – рух – табиғи материалдық бастамадан өзгеше, затсыз идеалды бастаманы білдіретін философиялық ұғым; рухани, руханиялық – адамның ой-санасына, ішкі жан-дүниесінің дамуы, жетілуі, кеңеюі; рухани-қайраттану, жігерлену, шабытттану, белсенділік; рухтандыру – серпілту, құштарландыру, жігерлендіру, тазалау, жаңаландыру, қанағаттандыру, кемелдендіру, сүйсіндіру т.б.; рухтандырғыш – күш-жігер беруші, қайраттандырушы, шабыттандырушы, үлгі көрсетуші т.б. руханиялық – ішкі жан-дүниесінің байлығы, жан-жақты кемелденуі, сана болмысының тазалығы, идеялық үлгі, өнеге, тұрақтылық; руханият – ғасырлар бойы қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен саналы білімі мен ғылымы және мәдениеті. Ұрпаққа берілген тәрбиенің ең өзекті идеясына халықтың адами қасиеттері тұғыр болуы тиіс. Қай халық болмасын өзіне ғана дараланып тұратын ерекшелігінің тағы бірі – тәрбие. Тәрбие мәңгілік және адамзаттық. Бұл ерекшеліктер ғасырдан –ғасырға, ұрпақтан – ұрпаққа мирасқа қалдырып отырады.

Олай болса, жақсы мінез-құлық дағдымен пайда болатын болса қандай нәрселерге дағдыланған уақытымызды жақсы мінез-құлықтың пайда болатындығын айта кетуіміз керек. Міне, қазіргі таңдағы білім беру ұйымдастыруындағы оқушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыруды адам бойындағы асыл қасиеттердің көзін ашып, оны қоғамның белсенді мүшесі етіп дайындаудағы білім мен тәрбиенің бастауына осы жоғарыдағы айтылған құндылықтардың мәні жүйелі пайдаланса ғана қазіргі тәрбиенің өз дәрежесіне жүзеге асырары сөзсіз. Өйткені, жасөспірім шақта балалар адамгершілік құндылықтарды түйсінудің жаңа деңгейіне көтеріліп, адамгершілік бағалау қабілеттері дами түседі. Жасөспірімдердің айналасындағы адамдармен қарқынды түрде қарым-қатынасқа түсуі олардың адамгершілік мінез-құлықтарын шыңдайды. Рухани-адамгершілік қасиет-жасөспірімнің шынайы нығаюына игілікті әсер ететін, оның тұлғалық дамуына өзек болатын құндылық деп түсінеміз.

Оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда қарым-қатынастың да рөлі зор. Рухани-адамгершілікке негізделген тәрбие қарым-қатынастың қарапайым түрі – ұжымдық өмірдің талаптарымен, ерекшеліктерімен танысу арқылы жүзеге асырылады. Олардың қарым-қатынастарында бірте-бірте өзара көмек, бүкіл топқа тапсырылған қоғамдық жұмыстың

орындалуына бірдей жауапкершілік сезімі, бүкіл топтың жұмысын басқару кімге тапсырылса, соған бағына білу, топқа жетекшілік міндетін мойнына алып, жалпыға тән ережелер мен тәртіпке қатаң мойын ұсына отырып, атқара білуі қалыптасады. Ал, оқушылардың барлық белсенді іс-әрекетінде білімді, ізденімпаз педагог балалар жігерінің көзін ашып, әрбір оқушының шығармашылық күшін, қабілеттерін шешуге бағыттайтын мүмкіндік табады. Шәкірттердің адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру педагогикалық еңбектің үлкені болып табылады. Ұрпақ бойына адамгершіліктің ізгі қасиеттерін үйрете білу, бала жүрегінің бағбаны – ұстаздың қолынан келеді. Тәрбие процесінде жеке тұлғаның, адамгершілік қасиет сапаларын тәрбиелеуде пән мұғалімі мен сынып жетекшілерінің рөлі зор. Түрлі өмір жағдаяттарын әр қилы пайдалана отырып, тәрбиеші оқушының адамгершілік еркін жаттықтырады, оның ой-өрісін кеңейтеді және мінез-құлықтарын байытады. Мұғалім оқушыны күрделі қажеттіліктерге тәрбиелейді: бастаған ісін аяғына жеткізу, оның орындалуына жауапкершілікпен қарауды, тәртіптілікке және ұйымшылдыққа әдеттендіреді. Мұғалім – бала үшін, бала – мұғалім үшін қарым-қатынаста болу адамгершіліктің көзі.

Бірлескен іс-әрекеттің барысында балалар бір-бірін жақынырақ, тереңірек таниды. Балаларды бағалау көрсеткіші әр біреуінің оқудағы табыстары және оның мінез-құлқының негізгі қырларынан көрінеді. Адамгершілік іс-әрекет дегеніміз адамның жалпы игілік, жақсылық және тұлғаның ерік – күйі адамгершілік мақсаттарға жетуге бағытталған және адамгершілік мақсаттар бойынша дәлелденген тәсілдер арқылы жүзеге асқан іс-әрекетті реттейтін адамның белсенділігін, оның қоршаған дүниемен өзара қатынасының өзіндік түрі, нысаны деуге болады.

Бөбек қорының президенті С.А.Назарбаева «Өзін-өзі тану» атты әдістемелік оқу құралында: «Рухани-адамгершілік – адамдардың күнделікті қарым-қатынасына қатысты гуманизм принциптерін бейнелейтін моральдық қасиет. Адамдарға деген ізгі ниеттілік, құрмет, жанашырлық пен сезім, кеңпейілділік, басқалардың мүддесі үшін жан аямаушылық сияқты жеке қасиеттерді қамтиды, сондай-ақ кішіпейілдік, адалдық, шыншылдық та рухани-адамгершілікке жатады. Рухани-адамгершілік ұғымы ізгілік, гуманизмнің синонимі ретінде, адамның игілігі мақсатқа айналғанда пайда болатын қарым-қатынастар жүйесі мен қоғамдық ахуал ретінде неғұрлым кең мағынада да қолданады. Рухани-адамгершілік қоғамдық қатынастардың дамуы мен тарихи-мәдени, рухани қажеттіліктердің нәтижесі, рухани-адамгершілік туа біткен қасиет емес. Рухани-адамгершілік принциптері бірлікте өмір сүру, бақытқа талпыну, мүдделерді үйлестіру мен ұжым болып жұмылудың, жоқ-жітік пен ауру-кемтарға, бала мен кәріге жәрдемдесудің қажеттігін сезіну мен мойындау сияқты факторлар негізінде қалыптасады», - дей келе, қоғамдық дамудың жаңа сатысында, айталық, біздің еліміздегідей, тоталитарлық жүйеден қадам басқан өтпелі кезінде, тарихта талай рет болғандай, рухани-адамгершілік талаптары туралы түсінік те жаңғырулар, тіпті бұрмалаулар да орын алады. Мұндай қауіптен адамның рухани тазарып, кемелденуі мен қоғамның ізгіленуі негізінде ғана рухани-адамгершілік мұраттарды сақтап қалуға болатындығын атап көрсетеді.

Адамгершіліктің ең жоғарғы рухани қажеттілігінің бастау көзі - өзін-өзі көрсету, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту, қарым-қатынаста, дүниетанымда өзінің шығармашылық қабілетін таныту болып табылады. Бұл арада оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің шарттарының бірі – мектеп жасында жеке тұлғаның өздігінен даму заңдылықтарын білу болып табылады. Осы орайда, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың ойдағыдай, табысты болуы жеке тұлғаның өзін рухани дамыту мақсатында үздіксіз өзін-өзі жетілдіруіне байланысты. Адамның өзіндік сана-сезімінің көрінісі туралы басқа адамға үңіліп көз тоқтатып, өзін өзгелермен салыстырғанда ғана, ол өзін-өзі таниды.

«Жаным-арымның садағасы» деп халқымыз айтқандай, жанымызды жүдетпей, дүние жүзілік рухани қазынаны бойға сіңіруге ұмтылу – парыз, дүниені ұстап тұрған тіршіліктің алтын діңгегі үлкен адамгершіліктің иесі болу – парыз. Адамға қойылатын басты талап – асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, ұлағатты азамат болып шығу. Өйткені адам - өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты. Адамгершілік-адамның рухани арқауы

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаева С.А. «Самопознание»-возраждение истоков духовности и нравственных ценностей. Общественно политический литературно-художественный журнал. 2004. №1. С.4.
2. Назарбаева С.А. Өзіндік таным, Алматы – 2002.
3. Айджанова З.Ж. Бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру (сыныптан тыс жұмыстар негізінде): пед.ғыл.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дисс... – Атырау, 2009. – 174 б.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Байдалиев Д.Д., Алпысбаева Ғ. Б.

М.Х.Дуллати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қаласы

Кез келген әлем елдерінің болашағы білім беру жүйесі мен зиялылар қауымының деңгейіне байланысты болғандықтан, Қазақстан халқына да әлемнің дамыған елдерімен тең дәрежеде білім беру қажеттілігі күмән тудырмайды. Жастардың ақыл – ойы мен интелектісін барынша дамыту үшін білім беру жүйесін тиімді құра білген ұлттың еңсесі биік, абыройы артық болмақ.

Өлкетану жұмысының қазіргі кездегі маңыздылығы туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаев, «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты Жолдауында, қазіргі кезде еліміздегі оқу – ағарту саласында, өте көкейкесті болып табылатын өлкетану сынды пәннің жоқтығын атап көрсетті [1].

Оқу үдерісінде өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру мен оның деректерін пайдалану тек тәуелсіздік алған тұстан бері қозғалып келе жатқан мәселе емес ол өз тарихында ұзақ даму жолынан өтті.

Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мәдени-рухани мұралар, тастағы жазбалардағы өсиет, өнеге, нақыл сөздер, өлкетану мұражайларына орналасқан жәдігерлер қазіргі жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік, ерлік сезімді ұялатып, олардың туған жерге, өскен елге, ұлт мәдениетіне деген сүйіспеншілік қасиеттерді қалыптастыруға игі ықпал етеді.

Қазақ халқы ежелден – ақ қоршаған орта болмысын, оны бүкіл өзінің шаруашылығының дамуы мен қалыптасуының, тіршіліктің даму жүйесінің көзіне айналдыра білген. Қазақтың көшпелі өмірінің өзінде табиғатты пайдаланумен қатар, оны аялаудың, қорғаудың тамаша үлгілері қалыптасқанын байқауға болады.

Туған өлкедегі табиғат пен тарихты, шаруашылық пен саясатты, мәдениет пен адамдардың тіршілік әрекетін қосып адамға ауқымды білім мен тәрбие беретін өлкетану психолого – педагогикалық мәселе ретінде зерттеушілерге әрқашанда үлкен қызығушылық тудырған [2].

Қазақстанда өлкетану ғылымы патшалық Ресейдің қазақ даласын отарлау мақсатында алдын – ала арнайы әскери экспедициялар шығарып, ғылыми-танымдық зерттеулер жүргізу шеңберінде енсе, оқытудың ғылыми деңгейін арттыруда өлкетану жұмыстарының құндылығын ерте кезде – ақ түсінген. Алғашқы өлкетанымдық зерттеулердің алғышарттарын біз көне дәуір оқымыстылары Геродот, Эмпедокл, Гиппократ, Теофраст еңбектерінен байқауымызға болады. Өлкенің құбылыстарын зерттеушілер өсімдіктер мен жануарлар әлемінің қоршаған ортаға тәуелділігін қарастырған [3].

Ел ішінде халқының болашағы үшін жұмақ өмір іздеген Қорқыт ата, Асан қайғы туралы толып жатқан аңыз - әңгімелер бар. Қорқыт атаның даналық мұралары тұтас жылдар бойы ұлттық дүниетаным мен өлкетанудың негізгі өзегі болды.

Асан қайғы толғауларында туған елінің табиғаты, жер бетінің ерекшеліктері мен оның қойнауындағы байлықтары, өсімдік – жануарлар дүниесі кеңінен сипатталады. Ол жүрген жеріндегі әрбір өзен, көл, сай – сала мен елді мекенге сын айтып, баға беріп отырған.

Ауыз әдебиетінің ойшылдары Бұхар жырау, Шал ақын, Шортанбай, Ақтанберді, Қазтуған, Шалкиіз, Дулат, Майлықожа, Ақан сері, Махамбет, Шернияз, Сүйінбай және тағы басқалар өздерінің қоршаған ортаға, табиғатқа деген көзқарастарында материалдық, рухани байлықтарын, ақыл – парасатын, адамгершілік, қоғамдағы байлықтарды игеру мақсаттарын паш етті. Бұл өлкетанымның ақыл – оймен парасаттылық деңгейіне көтерілген шегі болатын. Олардың көксегені теңдік, бостандық, жерді сақтау, өлкені қорғау, адамдар арасындағы қарым – қатынас, үлкенді сыйлау және тағы басқалар өмір тіршілігіне тікелей қатысы бар мәселелерді талдау болды.

Асан қайғыдан бастап, Шал ақын, Шортанбай, Ақтанберді, Қазтуған, Шалкиіз, Дулат, Майлықожа, Ақан сері, Махамбет сияқты ақын – жыраулар шығармаларында ой – толғаныстары, тіршілік, өлке сырының мән - мағынасы, адам өмірінің әр кезеңімен, олардың іс - әрекеттері сөз болып отырады. Халқымыздың өлкеге деген сүйіспеншілігі және оны көзінің қарашығындай ұстап келуі жайында қазіргі ұрпаққа үлгі - өнеге боларлық дана ұғымдар, мақал – мәтелдер, нақыл сөздер, аңыз әңгімелер арқылы жетіп отырған [4].

Өлкетану деректері бұрыннан бері халықтар арасында ауызша ұрпақтан-ұрпаққа таралып, жалғасын тауып келді. Ресей патшасы I - Петрдің жарлығымен 1718 жылы 13 ақпанында өлкетанушылардың тапқан тарихи жәдігерлері, заттары патшаға жеткізіліп, өз өлкесіндегі ізденіс жұмыстары үшін марапаттап отыру талап етілді. Бұл сол кездегі қазақ даласына да қатысты еді.

XIX ғасырдада Қазақстанның ғылыми-танымдық өлкетануында орыс географиялық қоғамының 1868 жылы құрылған Орынбор бөлімшесі жетекші орын алды. Бөлімше өлкенің географиясын, тарихын, этнографиясын, қазба байлықтарын және статистикасын зерттеумен айналысты. Бұл бөлімшемен қатар Торғай статистика комитеті мен Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясы (1887) ашылды. Бұл өлкеде атқарылған жұмыстарға қазақтың біртуар ғалымдары Ы.Алтынсарин, С.Бабажанов, Б.Дауылбаев, Т.Сейдалин, С.Жантөрин және т.б. өз үлестерін қосты [5].

Еліміздің педагогикалық тархында 1920 жылдан бастап өлкетану жұмыстары бірте – бірте жолға қойыла бастады. Осы жылы Қазақстанда зерттеу қоғамы құрылды, 1921 жылдың 7 ақпанында Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты тарихи, мәдени ескерткіштерді қорғау туралы қаулы қабылданды. Онда Халық ағарту комиссариатының ғылыми бөлімінің рұхсатынсыз өлкедегі тарихи қорғандар мен ескерткіш орындар, төбелерді қазып, өздігінен зерттеу жұмыстарын жүргізуге тиым салынды.

1924 жылы зерттеу қоғамы өлкетанудың бесжылдық жұмыс жоспарын қабылдады. Онда елді мекендердің орналасу картографиясын, табиғи байлықтарын және табиғат жағдайларын зерттеу, гидрографикалық комиссия құру секілді мәселелер күн тәртібіне қойылды. Ең маңыздысы сонда бұл өлкетанымдық зерттеу қоғамы ауыл шаруашылығындағы мәселелерді де күннің кезек күттірмес мәселесі ретінде алға қойып, халыққа өлкетану ісіне байланысты дәрістер оқуды мақсат етті.

1929 жылы барлық мұражайлар мен Қазақстанды зерттеу қоғамдары алдында ескерткіштерді есепке алу жұмысы кең көлемде жүргізіліп, оларды ұқыпты түрде картаға түсіру мен сипаттау талап етілді.

Қазақстанда өлкетану ісінің дамуы С.Аспандияров, М.Д.Жолдыбаев, Ә.Жангелдин сында аса көрнекті мемлекет қайраткерлерінің есімдерімен байланысты. Сол кездегі О.Жандосовтың «Өз өлкеңді таны» мақаласы өлкетануға елеулі үлес қосты. В.Д.Гордецкийдің «Жетісу өлкесіндегі мектеп топсаяхатына мәліметтер» атты оқу құралы Жетісу өңіріндегі мектептерге таратылды. Бұл мектептердің оқушылары мен мұғалімдеріне арналған ең алғашқы өлкетану бойынша оқу құралы еді.

1930 жылы Қазақстанда зерттеу қоғамының белсенді мүшесі Ә.Жангелдин, ғалым – филолог Ә.Қоңыратбаев мүшелікте елеулі қызметтер атқарды.

1930 жылы сәуірде Өлкетану Бюросының жетекшісі қызметін атқарған С.Аспандияровтың басшылығымен алғаш рет бүкіл қазақтық өлкетанушылар съезі шақырылды. Оның жұмысына ірі ғалымдармен қоса 238 делегат қатынасты.

Шақырылған жиында, жоғары оқу орындарының студенттерін және мектеп оқушыларын тәрбиелеу барысында өлкетану ісін жандандыруға көңіл бөлініп, шешімдер шығарады.

Әр жеке тұлғаның, өз өлкесін, табиғатын, өндіргіш күштерін, тарихын, климатын, өсімдіктер әлемін т.б. білу, оны ғылыми тұрғыда еліміздің тарихын дамытуға пайдалана білу аса қажетті белгі болып табылатындықтан, өлкені танып – білу мен зертеу, оны іс жүзінде дәлелдеу жұмыстары студенттердің арасында әлі де болса кемшін қалып келеді - деген шешіммен, жоғары оқу орындарында өлкетану жұмыстарын жан – жақты жандандырып, үйірмелер ашуды көздеген.

«...Болашақ жастар өмір сүріп отырған мемлекеттің өткені мен келешегін, оның алдында тұрған жоспарларды жақсы білуі қажет. Оқушы өз елінің басынан кешкен қиындықтарымен танысып қана қоймай, сондай қиындықтан елін, халқын алып шығуға белсене қатысып, оған өзінің үлесін қосатындай болып тәрбиеленуі тиіс» - дей келе, «өлкетану жұмыстары Отанды сүю мен патриоттық тәрбие беруде маңызды роль атқарады» - деп тұжырымдады С.Аспандияров өз еңбегінде [6].

Педагог – ғалым өлкетану жұмысын туған өлкенің тарихын, мәдениетін, әдебиеті мен табиғатын, халық шаруашылығын танып білуде аса маңызды деп санады.

Егемендікке қол жеткізген уақыттан бастап туған өлкеге, туған жердің тарихын оқытуға ерекше назар аударылды, себебі өз өлкесінің тарихын білмей ұлтжанды ұрпақ қалыптаспайды. Бұған нақты дәлелдер де жетерлік, мысалыға 1994 жылы 26 тамыздағы гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы, 1995 жылы 30 маусымда қабылданған тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы, 1996 жылғы 15 шілдедегі этникалық – мәдени білім тұжырымдамасында сондай - ақ Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің мемлекеттік бағдарламаларында өлкетану жұмыстарының тәрбиелік мүмкіндіктері мен маңыздылығына ерекше мән берген.

Ал жоғары оқу орындарында өлкетану материалдарын пайдаланудың кейбір тұстарын Г.В.Аверкиева, Т.В.Данилова, И.В.Кишкин, А.А.Хуснитдинов отандық ғалымдардан Г.Қ.Тұрабаева, Д.Д.Байдалиев өз еңбектерінде қарастырған.

Жаңа білім беру жүйесіне көшу рухани бай, денсаулығы мықты, туған елін, жерін сүйетін, қадірлейтін оқушыны тәрбиелеуді ұсынады. Бүгінгі таңдағы білім берудегі басты мақсат жас ұрпақтың білім деңгейін көтеру және жан-жақты дамыған, білімді, сауатты, өмір сүруге бейім, белсенді, қабілетті жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Бұдан шығатын қорытынды, жаңа қоғамда мұғалімнің ішкі жан дүниесі де жаңаша болмақ, демек болашақ ұрпақтан да үлкен үміт күтіледі.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері жергілікті жерлердегі өлкетану мекемелерінің ісін жандандыру, бұрынғы жер-су атауларының шығу тегін зерттеп, қалпына келтіру, халыққа көп танымал емес бай мұраны жинастыру, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға алу ісі қолға алынды. Жергілікті жерлерде облыс, аудан өлкетану мұражайлары жұмыс істейді. Қазақстанның әр өлкесіне арнайы ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру да ілгері даму үстінде болды.

Алайда, қазіргі кезде өлкетану жұмыстарын дұрыс жолға қойып, ұйымдастыру, ол бойынша жүргізілетін жұмыстың дәрежесі, оқу – тәрбие үдерісінде кеңінен әрі тиімді пайдалану барлық білім беру мекемелерінде бірдей емес. Осы уақытқа дейін белгілі болғандай тек өз пәні мен мамандығын сүйетін алдыңғы қатарлы мұғалімдер мектептің тұрған жерін жүйелі түрде зерттеп білуді, ол жұмысқа оқушыларды көптеп тартып, ғылыми – зерттеу жұмыстарын жүргізуді жақсы ұйымдастырады және өзінің іс – тәжірибелерімен бөлісіп отырады.

Осы мәселелерді негізге ала отырып, соңғы уақыттағы жоғары оқу орындарындағы өлкетану жұмыстарының жай – күйіне талдау жасай кетсек, еліміздегі 2004 жылғы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын және іс – шараларын жүзеге асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты Жолдауының негізінде көптеген жоғары оқу орындарының іс – тәжірибелері мен оқу – тәрбие үдерісінде өлкетану жұмыстарының жандана бастағанын көреміз. Болашақ тарихшыларды даярлау жүйесінде «Тарихи өлкетану» міндетті пән ретінде енгізілсе, география саласында «Географиялық өлкетану» таңдау компоненті есебінен құрыла бастады. Сондай – ақ қазіргі жоғары оқу орындарында өлкетанымдық жорықтардың жанданғандығын атап өту қажет.

Соның бірі 2008 – 2009 жылдары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Археология институты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай университеттері Қазақстанда 30 – ға жуық қалашықтарда, қоныстарда, қорғандарда археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тұрғындармен пікір алмасқан. Аталған қалалардың оқу орындарында өлкетану мұражайлары ашылған. Мұндай өлкетанымдық жорықтар мен практикалық жұмыстар барлық өңірлерде де қолға алынған. Осындай өлкетанымдық іс – шараларды Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті 2001 жылдан бері жүзеге асырып келеді. Осы жылы алғаш рет студенттер мен мектеп оқушыларын ұйымдастырып «Өлкетану» экспедициясын құрды. Жастар Павлодар облысының мазарларын, ескерткіштерін, мұражайларының т.б. тарихи орындардың жай – күйімен танысып, универсиет мұғалімдері бағыт – бағдар беріп, дәрістер оқыған. Ал мұның бәрінің астарында танымдық мән жатқаны, патриоттық сезім мен ұлттық намысты оятатын құндылықтар жатқаны айтпаса да түсінікті. Университет басшылығымен болашақ мұғалімдерді педагогикалық өлкетану жұмысына даярлауда ауқымды істер атқарылған. Сондай – ақ бұл оқу орнының басшылығымен «Өлкетану - Краеведение» журналы шығып тұраған.

Қазір жоғары оқу орындарының білім беру саласында белгілі бір жүйеде өлке тарихы бойынша материал беріп қана қоймай, сонымен қатар мұражай бойынша және өлкетану көздерін оқыту мүмкіндігі туды. Мәселен Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің туризм кафедрасы жыл сайын студенттерді ұйымдастырып еліміздегі өлкетану мұражайларына барып, түрлі орындарға танымжорықтар ұйымдастырып отырады. Аталмыш оқу орнында мұндай іс – шара жылдан – жылға жақсарып келе жатқандығын аңғаруға болады.

Көптеген жоғары оқу орындарының іс – тәжірибелерінде экскурсиятану, аймақтану секілді пәндер енгізілуде. Бұл студенттерді соның ішінде, болашақ педагог мамандарды өлкетану жұмыстарына даярлауда маңызды белгі болып табылады.

Бірақ жоғары оқу орындарының да бұл салада әлі де болса шешімін таппаған мәселелер баршылық, олар студенттерді өлкетану жұмысына даярлау керектігіне байланысты пікірлер айтылғанмен де, мұнда аяқталмаған нақты теориялық және практикалық мәселелер жеткілікті. Оған жататындар: білім беру мен тәрбиені тұтас үдеріске біріктіру, өлкетану үйірмелері, тарих және қоғамтану сондай – ақ педагогикамен байланысы, өлкетану кешенінің болашақ педагог мамандарды мектептегі жұмыстарға даярлаудағы ролі және оның тәрбиелеудегі орны, өлкетану материалдарын зерттеу, жинау, педагогикада пайдалану мәселелері және т.б.

Жоғары оқу орындарындағы өлкетануға даярлау ісін ұйымдастырудағы кемшіліктерді былайша түсінідіруге болады, негізгі себеп өлкетануға байланысты іс – тәжірибелердің өз дәрежесінде еместігі, оқытушының өлкетанымдық іс – әрекеті тек пән негізінде болмаса, оның педагогикалық маңыздылығына қарамастан ақшасыз, төленбейді, мемлекеттік құжаттарда көрсетілсе де – кей жағдайларда міндетті емес деп те есептелінеді, тек мерейтой, түрлі іс – шараларға орайластырып қана тәрбие түрінде ұйымдастырылады.

Туған өлкенің, жергілікті жердің қала берді аймақтардың өзіндік ерекшеліктерін, табиғатын, тарихын, халқы мен шаруашылығын жан – жақты сипаттайтын факторларды зерттеу қазіргі білім беру саласының маңыздылығын арттыра түспек.

Қорытындылай келе айтарымыз, өлкетану жұмыстары жеке тұлғаның дүниеге дұрыс көзқарасының қалыптасуына қоршаған шындықты түсінуге, сенімін қалыптастырудың негізі болып табылады. Өлкетануды оқытудың жетістігі – ол оқытушылар мен мұғалімдердің, мектеп оқушыларының ізденісін, олардың шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін арттыра түсу, өлкетануға деген қызығушылығын арттыру, туған өлкесіне деген сүйіспеншілігін тереңдету болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам». //Егемен Қазақстан, 2012, 10 шілде.
2. Байдалиев Д.Д. Болашақ мұғалімдерді педагогикалық өлкетану жұмысына кәсіби даярлау: автореф. ...пед. ғыл. канд. дисс. –Алматы, 2009. – 23 б.
3. Орынбеков С. Өлкелік принцип негізінде жануартанудан экологиялық білім беру әдістері: пед.ғылым. канд. дисс... –Алматы, 1996. –186 б.
4. Текесбаева А.М. Өлкетану негізінде бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру: автореф. ...пед. ғыл. канд. –Алматы, 2004. – 26 б.
5. Раймханова К.Н. Тарихи өлкетану. – Тараз, 2004. - Б – 14-17.
6. Аспандияров С.Д. Қазақстан тарихының очерктері (оқу құралы). А.,: Санат, 1994. - Б – 12-15.

ӘОЖ 159.923.5

ӨЛКЕТАНУ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ МОДЕЛІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Таңатарова Ж.Ә.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Кенжиева Г.Р.

№ 24 орта мектеп, Атырау қаласы

Өлкетану негізінде бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық бағдарын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жүзеге асыру бағдарламасы педагогикалық шарттардың жүйесі ретінде құрылды.

Бастауыш сынып оқушыларының өлкетану негізінде тұлғалық бағдарын қалыптастыру моделін жүзеге асыру үшін дидактикалық принциптер басшылыққа алынады. Атап айтсақ, ғылымилық пен түсініктілік, жүйелілік, теорияның практикамен байланыстылығы, оқушылардың белсенділігін арттыру, оқушылардың жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі. Саналылық пен белсенділік принципі бастауыш сынып оқушыларының өлкетану материалдарын саналы түрде игеруін, маңыздылығын түсінуін, сабаққа белсенді қатысуын көздейді. Саналылық принципі дүниетану сабақтарында балалардың өлкетану материалдарына деген танымдық қызығушылығын арттырудың маңызды шарты болып табылады. Пайдаланатын өлкетану материалдарының мазмұны оқушылардың жас ерекшелігіне сай іріктеп алу жүзеге асырылады.

Дидактиканың принциптерін басшылыққа ала отырып, Л.В.Занков бастауыш білім жүйесін қайта құру туралы эксперименттердің барысында тұжырымдалған бірқатар жаңа принциптерді ұсынды. Яғни ол жаңа жүйенің маңызды принципі деп қиындық шараларын сақтай отырып, қиындықтың жоғары дәрежесінде оқытудың, бастауыш білімде теориялық білімдердің жетекші ролі принципін, сондай-ақ оқу үдерісін оқушылардың ұғып білуі және бүкіл сынып оқушыларының дамуын көздеу мақсатындағы мұғалімнің жұмыс істеуі принципін санайды.

Бастауыш сынып оқушыларының өлкетану материалдары негізінде тұлғалық бағдарын қалыптастыру моделін жүзеге асыруда, алдымен бастауыш сатыда білім беру құжаттары, оқу бағдарламалары, оқулықтары талданады.

Республикамыздың білім беру ұйымдарының барлық түрі мемлекеттік білім беру стандартын, оқу жоспарына сәйкес әзірленген оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Жалпы білім беру жүйесінің бастауыш деңгейі бойынша зерттеу мәселемізге байланысты төмендегідей міндеттерін атап көрсетуге болады:

- оқу жоспары мен бағдарламаларының жүзеге асырылуына жағдай жасау;
- оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, танымдық-қызығушылығын арттыру, ақыл-ойының дамуына мүмкіндік беру;

– өз еліне, Отанына деген сүйіспеншілік негізінде мемлекетті, халықтың мәдениетін құрметтеуге баулу;

– еліміздің әлеуметтік-мәдени өміріне саналы көзқарасын қалыптастыру және белсенділігін арттыру.

Жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сыныптарына арналған бағдарламаларына талдау жасайтын болсақ, зерттеу мәселемізге қатысты дүниетану пәнін алып отырмыз.

Білім мазмұнының бағдарламасын жасауда оқушыларға белгілі бір білім, дағдының жиынтығын беруді емес, олардың жеке тұлға болуын, яғни өз бетінше еңбек қызметін ұйымдастыруға дайын болу тәжірибесін меңгерту керек. Мұндай өмірлік маңызды функцияларға оқушылар білім беру мекемелерінде дайындалуы керек.

Тұлғаға бағдарланған оқытудың басты функциялары мыналар:

-таңдаулы (құндылық пен өмір салтын таңдау);

-сындарлы (сырттан ұсынылатын құндылықтар мен нормаларға қатысты);

-байланыстырушы (сыртқы ықпал мен ішкі импульстік тәртіпке байланысты);

-мақсатқа жетудегі өзін-өзі реттеудің еріктік функциясы;

-рефлексстік, шығармашылық, бағдарлылық (дүниенің тұлғалық құрылымы – ойлар жүйесі);

-қабылдаған шешіміне жауапкершілік функциясы, өзін-өзі реттеу (айналадағыларға өзінің «мен» образын мойындатуға талпыныс), шығармашылық қайта жаңаруын, ішкі дүниесінің беріктігін, тәуелсіздігін қамтамасыз ету;

-рухани деңгейді қамтамасыз ету.

Функциялар білім беру процесінде орындалса, онда ол жеке тұлғаға бағдарланған оқыту технологиясы арқылы жүзеге асады.

Тұлғалық бағдарлы білім беру үдерісін жобалау және жүзеге асыру мына негізге сүйенеді:

- оқушыны субъект ретінде тану, оның даралығының, өзіндік

құндылығының басымдылығы;

- тұлғаның толық дамуы үшін қажетті жеткілікті деңгейдегі

жағдайларды қамтамасыз ететін дидактикалық базаны жасау, пәндік мазмұнды өңдеу, оқыту технологияларын модельдеу;

- оқыту үдерісінде мониторинг өткізу;

- тұлғалық бағдарлы жүйесінде жұмыс жасау үшін мұғалімді даярлау.

Бұл жерде мәнді компонент ретінде тұлғалық бағдарлы үдерістің дидактикалық қамтамасыз етілуі маңызды орынға ие. Оған мынадай талаптар қойылады:

- Оқу материалы оқушының субъектілі тәжірибесінің (баланың жанұяда, әлеуметтік ортада, қабылдау арқылы мектепке дейінгі меңгерілетін өмірлік тәжірибесі) мазмұнын анықтау және оны қолдануды қамтамасыз етуі тиіс.

- Оқу материалының вариативтілігі. Білім берудің мазмұнында оқушының пән материалын, оның түрін, формасын таңдау мүмкіндігі, оқытудың әрбір кезеңінде оларды таңдау еркіндігі.

- Білім беру үрдісінің рефлексивті мән іздеуші диалог сипатында болуы.

Инновациялық жүйедегі сабақ (нақтырақ айтсақ, оқу) – пікірталас, білім алу тәсілдерін бірге іздеу, оқушы бұнда жаңа материалды жасаушы. Осы қағидаға сүйене отырып, дидактикалық материал, оқыту құралдары мен әдістері таңдалынады.

- Оқу бағдарламаларының негізіне субъект-объектілі, субъект-субъектілі жүйелерінде оқушыға еркін бағдар беретін іс-әрекет түрлерін меңгеру үшін қажетті барлық жағдайларды алу қажет. Тұлғалық бағдарлы оқу бағдарламалары базистік ғылыми ұғымдарды қалыптастырып қана қоймай, таным әдістерін де қалыптастыруға міндетті.

- Тұлғалық бағдарлы оқу үдерісін дидактикалық қамтамасыз ету оқушыларды өз бетімен жұмыстануға ынталандырып, олардың өздері үшін мәнді оқу материалын өңдеу тәсілдерін қолдануына жағдай жасау. Өз бетімен жұмыстану аясының кеңеюі, өз бетімен білім алу – тұлғалық бағдарлы педагогиканың ажырамас бөлігі болып табылады.

- Дидактикалық материал оқушының шығармашылық өзін-өзі анықтауына және табиғи түрде өзін-өзі көрсетуіне жағдай жасауы тиіс. Бұл ізденіс, зерттеушілік және шығармашылық сипаттағы тапсырмалар көмегімен жүзеге асады.

- Дидактикалық материалды меңгерілетін оқу материалының пәндік мазмұнының күрделілігін есепке ала отырып емес, оқушылардың интеллектуалдық әрекеттерін анықтау және бейнелеу негізінде жасау.

Тұлғалық бағдарлы білім беру үдерісін құруда оқу материалының мазмұнына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл мәселе Е.В.Бондаревская, И.С.Якиминская, В.В.Сериков, А.В.Вильвовская, А.А.Бейсенбаева, Ә.М.Мұханбетжанованың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.

Тұлғалық бағдарлы білім берудің мазмұнын жасауда мына ұстанымдар белгіленген:

Оқыту мазмұнын таңдау еркіндігі ұстанымы.

Білім беру мазмұнының ашықтығы ұстанымы.

Мазмұнды қалыптастыруда синхронды және диахронды тұрғылардың бірлігі ұстанымы.

Мәдениет пен оқушы түсініктеріндегі саналы және бейсаналық құрылымдардың бірлігін есепке алу.

Оқыту үдерісінің мониторингін өткізу тәсілдері: тұлғалық бағдарлы оқыту жүйесінде дәстүрлі сабақтарды өткізу барысын, оқушылардың тұлғалық бағдарлы оқыту үдерісінің спецификасына бейімделуін, бақылау және эксперименталдық топтардағы оқушылардың тұлғалық дамуындағы өзгерістерді бақылау; оқушылардың оқу әрекеттерінің нәтижелерін талдау; педагогикалық құжаттарды зерттеу; сұрау әдістері; тестілеу; эксперименттік жұмыс; теориялық зерттеу әдістері; математикалық және статистикалық әдістер.

Тұлғалық бағдарлы оқыту жүйесін жасаудың соңғы компоненті – инновациялық жүйеде жұмыс жасау үшін мұғалімдерді даярлау. Педагогтың тұлғалық бағдарлы оқыту жүйесіне көшуі мұғалімнің әлеуметтік-мәдени бағытталу механизмдерінің өзектіленуіне, оның әрекетіндегі мотивациялық және іс-әрекеттік құрылымдардың өзгертілуімен байланысты және инновациялық жүйеде жұмыс жасауға қажетті эмпатия, қызығушылық, толеранттық, оқушыға деген құнды көзқарасы, шығармашылық, ізденіс, рефлексия және т.б. тұлғалық қасиеттерді қажет етеді.

Осылайша, тұлғалық бағдарлы оқыту үдерісі – бұл сабақ беру және оқу үдерісінің бірлігі, монологтан диалог позициясына көшу; қоғамдық-тарихи және тұлғалық тәжірибенің үйлесімділігін, педагогтар ұжымын жүйелі және мақсатты түрде даярлауды қажет етеді.

Тұлғаға бағдарланған білім беру мазмұнын конструкциялау көптеген дидактикалық тұжырымдамаларда сөз болады. И.Я. Лернер, М.Н. Скаткин білім беру мазмұнына (табиғат, қоғам, адам, үлгі бойынша әрекет тәжірибесі, шығармашылық әрекет тәжірибесімен қатар) дүниеге эмоционалды-құндылық қатынас тәжірибесін, В.С.Леднев әрекеттің құндылықты-бағдарлы тәжірибесін енгізеді.

Білім беру мазмұнының эмоционалды-құндылық компоненті процессуалды-әдістемелік тұрғыда жасалады. Сондықтан да қазіргі таңда жаңа педагогикалық технологияларды жасап енгізу тенденциялары өте қажет болып отыр. Тұлғаға бағдарланған білім беру дәстүрлі бағдарлама-нұсқаулық формада (тақырыптар мен олардың мазмұны) берілмеуі тиіс, ол процессуалдық формадан бөлінбеуі керек. Оқушылар тұлғалық тәжірибені субъект – субъект қатынасы негізінде жинақтауы мүмкін. Бір құндылықты екіншісімен салыстыруды талап ететін оқу - өмірлік жағдаятқа, міндет-коллизияға, оқып жатқан материалының негізгі ойын іздеуге құрылған диалогқа, өмірлік жағдаяттағы имитацияға, бұл құндылықты әрекет пен басқа адамдармен қатынаста апробациялауға мүмкіндік беретін рөлдік ойындарға құрылған.

Тұлғаға бағдарланған білім берудің негізгі процессуалдық сипаттамасы оқушының тұлғалық функциясының белсенділігін арттыратын педагогикалық процестің жетекші құрамдас бөлігі–оқу жағдаяты болу керек.

Мұндай жағдаятты конструкциялау үш базалық технологиядан тұрады:

- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейдегі тұлғалық – бағдарлы міндеттер түрінде ұсыну;
- мазмұнды субъектілер қатынасын, рефлексияны, тұлғаның өзін іске қосуын қамтамасыз ететін диалог жағдайында меңгеру;
- іштей конфликт, коллизиялық,(қайшылық) жарыс, жағдайындағы тұлғалық функцияларды атауға болады. Бірақ бұл орайда тәжірибеде бұдан басқа да процессуалдық нұсқалар жасалуы мүмкіндіктері бар.

Сонымен, тұлғаға бағдарланған білім беруге көшу білім берудің білімдік-стандартталған және жеке тұлғалық компоненттерінің синтезін жасаумен, мазмұн мен педагогикалық технологияларды біріктірумен байланысты. Осы синтез негізінде педагогикалық процеске қатынасушылар тең дәрежелі серіктес болады.

Жоғарыда айтып өткендей, мақсат белгілеуде тоталитарлық режимде де, қазірде де әлеуметтік тапсырыс пен тұлғаға бағдарланған оқыту арасында қарама – қайшылық бар деді. Осы қайшылықты игеру үшін білім беруді гуманизациялау және нәтижесінде оқушыны жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы қоғамдық өмірге дайындау оның тұлғаға бағдарлылығы қажет.

Тұлғаға бағдарланған білім беру бағдары педагогикалық мақсаттарға (тәрбиелік, білімділік, дамытушылық)да қатысты. Бастауыш мектеп үрдісінде жеке тұлғаға бағыттап оқыту технологиясын іске асыру жолдары тәжірибеде бұл мақсаттар «тұлға», «дайындау», «қалыптастыру» сияқты ұғымдармен беріледі. Бұл сөздер оқушылардың «адамилық» сапалары, жоспарларында да, сыныптан тыс жұмыстарда да кездеседі. Бұл мақсат, міндеттер бір жағынан функционалдық сипатта, екінші жағынан әр оқушы дамудың, оқудың, тәрбиеленудің әр түрлі деңгейінде болады.

Тұлғалық-бағдарлық мақсаттарды шешудің қазіргі кезде түрлі көзқарастары бар. Оларды алып қарайтын болсақ:

1.Тәрбиелік, білімдік мақсаттарды бөліп қарауға болмайды, ол тұлғаның өзі тәрізді біртұтас. Тұлғалық қасиеттер сол бұрынғы білім мен дағды, бірақ оның ерекше адамның қылығын реттеп отыруда маңыздылығы бар тұлғалық мәні болады. Бір нәрсеге дайын болу үшін, тоқтау, сенім болу, құндылық бағдар болу, әрине, алдымен білім, дағды, өмірлік тәжірибе жинақтауды талап етеді. «Білім болмаса – ол туралы пікір де, сенім де және соған сәйкес тәртіп те болмайды» дейді педагог ғалым Г.И.Школьник. Сондықтан білім тұлғалық мәнге ие болу үшін оқыту процесінде білім мазмұнының құндылық – бағдарлы компоненті шешілуі керек.

2. Жеке тұлғаға бағдарланған білім беру аспектісінде мақсат белгілеу өте жоғары дәрежеде болу керек. Тұлғаға бағдарланған білім беру тек «социуммен» ғана емес, барлық объективті шындықпен байланыс орнату болып табылады.

«Адам – шексіз табиғаттың бөлшегі ғана, сондықтан оның мәні де, байлығы да барлық шындықпен өзара байланыс барлығында. Оған қоғамдық қатынастар жүйесі де кіреді» деген В.Л.Акулов. Сондықтан бастауыш мектеп үрдісінде жеке тұлғаға бағыттап оқыту технологиясын іске асыру жолдарын пәндерді гуманизациялап, тұлғаға бағдарлау қажет.

3.Тұлғаға бағдарланған білім беру мақсаттарының негіздеріне өз ісіне жауапкершілік, оптимизм, іске деген шығармашылық көзқарас, өз мақсатына жете білу т.б. тұлғалық қасиеттерді қамтитын интегралдық бағытты да енгізу керек.

Бастауыш мектеп үрдісінде жеке тұлғаға бағыттап оқыту технологиясын іске асыру белгілі бір мақсат көздеген білім беру бағдарламалары арқылы оқушыларға алдын ала диагностика жүргізіп алмай құрылмайды.

Тұлғаның қалыптасуы – қарым-қатынастар жүйесін заңды қайта құру, араласу мен іс-әрекеттер барысында мағыналы себептердің иерархиясында, сонымен қатар «тұлғалық мағыналық байланыстырушы жүйеде».

Бастауыш сынып оқушыларының өлкетану негізінде тұлғалық бағдарын қалыптастыруды жүзеге асыру оған негіз қалайтын педагогикалық шарттарды анықтау қажеттігі туындайды.

ОӘЖ 94(574)

КЕҢ ЖЫЛОЙ БАТЫРЛАРЫ МЕН АҚЫНДАРЫ

Әміргали Е.Т., Төлемісова Г.Б.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

«Атырау билері мен батырлары» атты Берік Қорқытов жазған еңбекке Хамит Ерғалиев «Ағалық ақ тілек» атты бет ашар сөзінде былай деген «Шын мағынасындағы халық қаһармандары өз дәуірінде қандай дәрежеге иелік етсе (хан ба, би ме, иман ба, бай ма)-бәрі бір, олардың халқымыздың елдігін сақтап қалуға, өсіп өркен жаюға сіңірген еңбегін жеріне жеткізе алмайынша, біз өтірік тарих жасаудан құтыла алмаймыз. Сорлы адамның тарихта қалмауы аксиома екенін мойындайтын уақыт жетті»-деген.

Соңғы жылдарда, неше ғасыр екені белгісіз, ата-бабаларымыздың мекендеген жері Кең Жылыой болыпты. Негізінде, Жылыойда Жем өзенінің бойында қыс қыстағымыз болған, жазғы жайлаулар әркімнің күйіне байланысты, әр жақта көрінеді. Халықтың негізгі кәсібі мал шаруашылығы мен балық аулау болғаннан кейін, Каспий теңізіне құяр жерде (Жем өзені) ақ балық пен қызыл балықтың қоймасы болыпты дегенді айтады, үлкендер. Әкімшілік жағынан Үйшікке (Гурьевке) қараған, Жем өзені арқылы кемемен Каспий теңізіне шығып Гурьев, Астрахань қалаларымен қатынас болған.

Жылыой орталығы «Құлсары». Жылыой Таз руының шоғырланған жері және олар Жылыойды ата-мекеніміз дейді. Таздар басқа жерлерде де бар, бірақ шашыранды түрде. Біздің әулетіміздің ішінде қаны мен терін төгіп, елі мен жерін қорығанда, қорғағанда ерлер мен батырлар бөлек тұрады, олар Төремұрат Жастабан (Байсары), Өтен Жастабан, Нарынбай Шарға.

Бұл аталарымыз Совет үкіметі орнағанша халық батырлары деп есептелсе де, істері отаршылық орыс саясатына қиғаш келгесін жағымпаздардың ұсынысымен, Совет үкіметі кезінде басылып қалды. Тарих бетінен алынып, халыққа сіңірген еңбектерін ұмыттыруға әрекеттелген. Жылыой таздары, Адайлар, Түрікмендер сияқты алғашында екі ғасырға созылған орыс патша үкіметінің отаршылық саясатын қолдамаған, соның салдарынан ел азаматтары көп зардап шеккен. Аты аталған аталарымыз Төремұрат, Өтен, Нарынбай батырлар өле-өлгенше сыртқы жаулармен, ішкі дұшпандармен, жемқорлармен (қалмақтар, орыстар, түрікмендер, Хиуа хандығы, т.б) бірдей соғысып, жауласып, ешқайсысында халық дәулетімен өз жеріне жолатпаған.

Аталарымыз Бала Ораз, Құрманғазы, т.б. осы ерлерді жырлаған, арнайы күй шығарған. Құрманғазы атамның әкесі Сағырбайдың шешесі Байсары таздың қызы, Төремұрат батырдың

апалары. Құрманғазы Төремұратты қарт нағашым деп арқа сүйеген. Сұлу жеңгесі Қызданайға да бірнеше күй арнаған.

Аласапыран мен қиын заманның орауына байланысты әр үй-ішінің бөлмесін қайғы мен қасірет басып, бір кезде бірге көшіп, бірге қонып тату-тәтті өмір сүріп жүргендер, бір қысқа уақыттың ішінде жер бетіне құмалақтай шашылды. Аралары алшақтады, бірін-бірі танымайтын бөтен адамдарға айналды. Зиялыларымыз да ежелден келе жатқан ұлттық, рулық ерекшеліктерді елемей, советтік ұғымға бой ұрды. Соның салдарынан көп тарихи мәліметтерден айырылған сияқтымыз. Бірақ, әлдеде ескі көздерден, ескі деректерден шындықты терушілер бар, солар дұрыс қазақ тарихын құрастырар деген сезім бар. Қалай болғанда да ата-тегін білмейтін ит сияқты болудың адамға тән емес екендігін барлық жасөспірімдерге жеткізу өте қажет, әйтпесе «танымасын сыйламас» деген заман орнауы мүмкін.

Бала Ораз атамиз әрі ақын, әрі сал болған. Ақындық жас бала кезінде қонған, қолына домбыра алып, жұлқына сайысқа түсіп, беделді ақындармен қатар айтысқа кіріскен. Сондықтан халық Ораз атауына «бала» деген қосқан. Әншілігімен «жезтаңдай» деген дәреже алған.

Бала Ораз атамиздың өмірі халықтың елеулі ерлерін көтеру, істерін мақтан ету болған. Соның ішінде алаштың ақындарымен айтысқанда, бірде тек қана Таз руының батырларын мақтайды, өзімен қатар өмір сүрген ағалары Төремұрат, Нарынбай, Өтен бар, бірде Он екі ата Байұлының батырларын, ақындарын мақтан етеді, ерліктерін мадақтайды, ақындарын ұстаз ретінде көрсетеді. Ақынның, айтыстың бағытына қарай өте әдемі етіп сипаттайды. Парасатты, тәрбиелі, суырып салма, жезтаңдай ақын деп есептелген.

Шеркеш руының батыры Тұрланның Қайраты жайында Бала Ораз ақын:

...Ол Тұрланның мәнісі

Төбесі биік ер еді.

Қарсыласқан дұшпанға

Құрулы тұрған жебе еді.

Арыстан деген бір аңды

Күзен алды деп еді,-деп жырлайды.

Өлеңдері халық аузында жүрген, біз өзіміз де бірнеше өлеңдерді айтып жүрсек те, оны Ораз атамиздікі екенін білмедік.

Әдебиеттер тізімі:

1. Б. Қорқытов «Атыраудың билері мен батырлары» Алматы, 1992,127б.
2. Ж. Доспанов. «Бала Ораз Өтебайұлының туғанына 160 жыл», «Ар-честь»газеті, 18.12.1997 ж.

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНЕ ТАТАРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖӘДИТШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ

Алмауытова Ә.Б., Қоқыбасова Г.Б

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Қазақстанның мәдени дамуына әсері болған татарлардың қазақтармен алғашқы қарым-қатынасы Ресейдің 1552 жылы Қазан хандығын өз қол астына алғаннан кейінгі жылдарда басталған. Ресей империясының қол астында қалған татарлар экономикалық дамуын одан әрі жалғастыру және ұлттық, діни салттарын жоғалтпау үшін қазақ жеріне көшуге мәжбүр болды. Осылайша татарлар мен қазақтар арасында алғашқы мәдени байланыстар құрыла бастады. Ресей екі халықтың достығын пайдалана отырып, көптеген іс - шаралар жасауға ұмтылды[1,33]. Осы мақсатпен ІІ Катерина 1787 жылы мұсылмандардың ең көп шоғырланған Орынборға қарасты Уфа қаласына мұсылмандардың құқықтарын қорғайтын бір діни орталық ашуды ұйғарып, 1788 жылы сенат шешімімен Орынбор мүфтиін сайлаған болатын. Мүфтилік құрылғаннан кейін Ақмола, Жетісу, Семей, Торғай және Орал аймақтарындағы қазақтардың бір бөлігі осы мүфтилікке қосылғылары келетіндіктерін білдірді. Бірақ, халық осы жағдайға байланысты екіге бөлінді. Бірінші жақ өз мүфтиліктерінің болғанын қаласа, екінші жақ Орынбор мүфтилігіне қосылғысы келетінін білдірді.Үкіметке білдірілген өтініштердің нәтижесінде жоғарыда көрсетілген аймақтарда тұратын қазақтар 1789 жылы Орынбор мүфтилігіне қосылған [2,103]. Қазақтар мүфтилікке қосылғаннан кейін қазақ жеріне татардың дін өкілдері келе бастады. Татар имамдарының діни насихаттары қазақ жерінде тез арада қолдау тауып жайыла бастады [3,64].

Ресей І Николай дәуірінде татардың дін өкілдері арқылы Қазақстанда құранның кең өріс алуына көп көңіл бөлді [4,52]. Үкіметтің Қаулысымен ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазан татарлары мен мишерлердің бір бөлігі Орынбор қаласына көшірілді. Бір айта кететін маңызды жағдай қазақтармен сауда жасайтын татарлар осы жерге қызмет жасау үшін орналастырылған болатын. Үкімет татар саудагерлерді қазақ жеріне орналастыру үшін қажет болған жағдайда күш те жұмсаған.

Мысалы, Орынбор қаласы құрылғаннан кейін екі жүзге жуық татар жанұясы қала маңындағы Қарғалы және Сейіт аудандарына орналастырылған [5,9]. Сауда - саттық мақсатымен қазақ жеріне орналастырылған татар саудагерлері жергілікті халықтың білім алуы және дінге деген бетбұрыстарын одан әрі дамыту жолында көптеген көмек көрсеткен. Радлов осы уақыт аралығында қазақ жерінде татар саудагерлерінің жергілікті халықтың үйлерінен ашып берген мектептерде сабақ бергендігін және діни бағытта қызу жұмыс жасағандығын айтады [3,124]. Татарлардың ең көп шоғырланған жері Семей қаласы болатын. 1897 жылы осы аймақтағы татарлардың саны 700 мыңға дейін жеткен.

Еділ, Орал аймағындағы медреседе білім алған татар оқушылары да қазақ жеріне әсер еткен бірден - бір фактор. Медреседе білім алған татар оқушылары әрі табыс табу әрі тәжірибе алмасу мақсатымен жаз айларында Қазақстанға келіп қазақ балаларын оқытқан. Атақты татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимов те бірнеше жыл қазақ балаларын оқытқан болатын. Оның «Қазақ қызы» атты романы осы күндердің жемісі болып табылады [6,100].

XIX ғасырдың алғашқы жартысында татарлардың Қазақстандағы әсері қарқанды дамып кетті. Жоғарғы лауазымды қызметкерлер, аудармашылар татарлардан шыға бастады. Тіпті татар тілі қазақ мектептерінде ресми тіл ретінде оқытыла бастады [4,52]. Татарлардың Қазақстандағы білім беру жұмысы аз уақытта өз нәтижесін беріп, татар мәдениетінің қазақтарға әсері көріне бастады. Бірақ, Ресей Қырым соғысынан кейін ислам саясатын өзгертіп, татарлардың әсерін қазақтарды орыстандыру үшін қауіпті деп санап өз шараларын қолдана бастады. Осы уақыт аралығында Ресейде белең алған ұлтшылдық саясатының нәтижесінде орыс ғұламалары да Орта Азиядағы татарлардың әсерін шектеу үшін Үкіметке хат жаза бастады. Ұлтшыл орыс ғұламаларының пікірінше, «Еділ, Орал аймағында усул-жәдид мектебін ашу басқа ұлттарды да татарға айналдыру болып табылады». Орыс ұлтшылдары үшін Орынбор мүфтилігінің ІІ Катерина дәуірінде ашылуы сол кездегі саясатшылардың ең үлкен қатесі болып табылады. Олардың ойынша, «мүфтиліктің қол астына қарайтын қазақтар татар дін өкілдері тарапынан алданып отыр. Татар молдалары Қазақ жерінде татарлардың санын көбейту және панисламизмді жаю мақсатын көздеген [6,80]».

Қазақстанда татарларға қарсы күрес 1818 жылы жасалған болатын. Күресте татар тілінде сөйлеу және татар аудармашылардың жұмыс жасауына қатаң тыйым салынды. 1870 жылы орыс емес ұлттардың білім алу ережесінің қайта қаралуы және қазақ мектептері мен орыс-қазақ мектептеріндегі орысша білім беруді күшейту мақсатында қаулы қабылданған болатын. Осылайша орыс үкіметіне керекті орысша білетін аудармашылар қазақтардан шыға бастады [7,56]. Қазақ аудармашыларын дайындап шығару үшін арнайы қаржы аударылды. 1882 жылдан бастап Үкімет орындарына татар аудармашылардың орнына қазақ аудармашылары орналасты [8,65].

Ресей Қазақстандағы татарлардың әсеріне қарсы тек қана ағарту саласында емес, сонымен қатар дін, басқару және ақпарат құралдарына да шектеу келтірді. 1868 жылы Ресей Үкіметі қаулы шығарып, Орынбор мүфтилігіне қарасты жерлерге шектеу келтіріп, Қазақтарды құрамнан алып тастады. Осылайша, діни шараларды ұйымдастыру жергілікті жерлерге тапсырылды [9,85]. 1886 жылы татарлардың Орта Азиядағы өрісі тарыла бастады [10,64].

Қазақ жастарының Уфа, Троицк, Қазан, Орынбор сияқты білім ордаларында ашылған татар медреселерінде білім алулары ХVIII ғасырдың соңғы жылдарында басталды. Орынбор мүфтиі Мұхамметжан Хусейннің қызы Фатиманың қазақ ханы Жәңгір ханмен үйленуі қазақ жастарының татар медреселерінде білім алуына жол ашқан болатын. Стерлітамақтағы медреседе 19. ғасырдың бастарында көптеген қазақ жастары білім алды. [11,125]

Осы уақыттарда Еділ - Орал аймағындағы мұсылман дін адамдарының басқаруымен жүргізілген білім беру жүйесі орыс Үкіметінен ешқандайда көмек алмай өз күшімен өркендеген болатын. Орыстар Христиан қыла алмаған татар және башқұрт халықтарын еркін жіберуді ұйғарып, білім беру жұмыстарын дін адамдарына тапсырған болатын. ХVIII ғасырдың соңына дейін жалғасқан осы саясаттың арқасында әр ашылған мешіттің қасынан медресе ашылды [5,179]. Осы ашылған медреселерде қазақ оқушылары да білім алған болатын.

Үкімет жаңа әдіспен білім беретін медреселерді халық арасына пантүркизм және панисламизм үгіт-насихат жүргізіп отыр деп көрсетіп, кедергі келтіргісі келді [8,47]. Ресей ішкі істер министрлігінің назарында болған медреселердің ішінде Ресулие медресесі, Құсаиния медресесі және Ғалия медресесі болған. Осы аталған медреселер қазақ жастарының көп шоғырланған жері болатын.

Ресулие медресесі Троицк қаласында ашылған. Басшысы әйгілі дін өкілі - Шейх Зейнуллах Ресули. 1884 жылы ашқан медреседе татар, башқұрт және қазақ жастары білім алды. Сол дәуірдің жәдидшілдерінің бірі болған Ресули медреседе жаңа педагогикалық білім беру жүйесін құрды. Медресенің білім беру жүйесіне Ыбырай Алтынсарин және қазақтың бай саудагерлері де оң қабақ танытқан. Зерттеуші Жемаладдин Валидов Ресулие медресесінде білім алған оқушылардың 10% қазақ және башқұрт оқушыларынан құралғанын айтады [11,123]. ХХ ғасырдың бастарында Қазақстан ақпарат құралдарының арасында маңызды орны бар Айқап журналының шығарушысы Мұхамметжан Сералин және Екрем Алиов осы медреседе білім алған [12,301].

Қазақ мәдениетіне әсер еткен тағы бір медресе - Ахмет Құсайновтың Орынборда ашқан медресі. Медресе 1890 жылы ашылған. Құсаиния медресесінде тек қана діни сабақтар емес, тарих, география, химия, зоология, түрік және орыс тілдері де оқытылған [5,182]. Медресені орыс мектептерімен жарысатындай дәрежеге жеткізген Құсаиния медресеге дәріс беру мақсатында сол дәуірдің атақты оқытушыларын жинап медресенің атын шығарған. Аталған медреседе дәріс алған қазақ оқушыларының арасында Құдайберген Жұбанов, Шамғали Сарыбаев, Жұмабай Оразалин, Елемес Керменов, Хайреттин Балғынбаев, әйгілі әдебиетші Кенжеғали Ғабдуллин т.б. [13,145].

Қазақ оқушыларының ең көп шоғырланған медресесі- Ғалия медресесі. Медресе Еділ – Орал аймағының жәдитші дін өкілі Зиаддин Кемали (1873-1942) тарапынан құрылған. Уфа қаласында 1906 жылы 10 қазанда құрылған медресе «Медресе-и Алие-и Діние» атымен ресми түрде ашылған. Кемали бір жағынан медреседе басшылық қызметін атқарса, бір жағынан хадис, тәбсір, сүннет және психология сабақтарын оқытқан. Дін сабақтарымен қатар математика, физика, химия және жаратылыстану пәндері оқытылған [14,94]. Жәдитше білім берудің алғашқы құрушыларының бірі болған медреседе 1909 жылы мен 1916 жылдар арасында 154-ке жуық қазақ жастары білім алған. Осы жастардың арасында Мағжан Жұмабаев, Ишанғали Арабаев, Мустафа Оразаев, Бекмұхаммет Серкебаев, Бейімбет Майлин, Абдолла Шоқаев т.б. білім алған.

Жоғарыда аты аталған медреселерден басқа қазақ жастарының білім алған медреселері Қызылжардағы Құснәддин Халфе, Уәли Ахунд, Әзиз Молла, Орынбордағы Мұхаммедия медресесі және Османья медресесі [15,502].

Алғашында Еділ - Орал аймағында діни ойларды жаңарту негізінде туған жәдитшілік, кейіннен Ресейде өмір сүретін мұсылман түркі халықтарының реформа және өзгеру талаптарын білдіретін бір термин ретінде қолданысқа түсті. Бұл ой Әбдунасыр Құрсауи мен Шахабеттин Маржанидің басшылығымен ойластырылған [16,25] Исмаил Гаспыралының « тіл де, пікір де, іс те бірлік» сөзімен жәдитшілік бір мақсатты көздеген ағым болып қалыптасты. Ресей империясының мұсылман түркі халықтарына жүргізген саясатына қарсы ұйымдастырылған жәдит қозғалысы ортақ бір тіл мен ділді қорғап қалуды көздеген.

Жәдитшілік қозғалысы Ресей империясының қарамағындағы түркі халықтарына қалай әсерін тигізсе, татарлар арқылы Қазақстанға да әсерін тигізіп отырды. Бұл қозғалыс Қазақстанда алғаш рет XIX ғасырдың соңғы жылдарында қазақ ақын - жазушыларының еңбектерінде жазыла бастады. Осы ақындардың ішінде усул-жәдитті жырлаған Әбубәкір Кердері. Кердері татар жәдитшілдерінің ашқан усул-жәдит мектептерінің Қазақстанда да ашылу керектігін айтқан. Жәдит қозғалысын жырлаған тағы бір ақын Муфтахетдин Камалетдинұлы Мұхаммедияров (Ақмолла) өзін «жәдитшілік» ағымның бастаушысы [Ш.Маржанидің](#) шәкіртімін деп есептеп, оның ағартушылық жолын дәріптейді. Ақын өз өлеңдерінде жаңа ағымның басшысы Маржаниді мадақтайды, жаңашылдықты, өнер-білімді, қоғамдық пәндер мен орыс тілін медресе жүйесіне енгізу туралы мәселелерді жырлайды.

XX ғасырдың бастарында Еділ – Орал аймақтарындағы жәдитші медреселерде білім алған қазақ жастары жәдитшілікті қолдап, жұмыстар атқара бастайды. Ғалия медресесінде білім алған қазақ жастары 1916 жылы Қазақстанда усул-жәдитті дамыту мақсатында «Садақ» атты қолжазба әдеби журнал шығарады. Журналдың мақсаты - жастарды әдебиетке тарту, өмірдің және ұлтшылдықтың маңызын түсіндіру, жауапкершілікті арттыру еді [17,64].

Жәдит медреселерінде білім алған қазақ жастарының жұмыстары Ресей тыңшыларының назарынан тыс қалмады. Осы жастар жайында былай баяндаған: «Жәдитші жастар Қазақстанда қазақ-орыс мектептерінің керек емес екендігін, орыс тілін татар медреселерінде де үйренуге болатындығын, қазақтардың қазіргі жағдайын қозғай отырып, «Оян, қазақ, «Маса» атты кітаптарды Уфадан шығарып халыққа таратып жатқандығын» [18,65].

Жәдит медреселерін бітіріп шыққан жастар Қазақстанға келіп ағарту саласында қызмет атқара бастады. Алғаш рет усул- жәдит әдісімен дәріс беретін мектеп Семей қаласында ашылған. Бұл жылдарда Семей қаласы маңызды сауда және кәсіпорын орталығы болғандықтан, ағарту саласына көмек беретін қоғамдардың пайда болуы және татар саудагерлері мен татар оқытушыларының қолдауымен Семей қаласын жаңа әдіспен дәріс беретін орталыққа айналдырды. Усулу - жәдит мектебінің ашылуы туралы «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы хабарлап отырды. Жалпы, Қазақстанда 1912 жылы жаңа әдіспен дәріс беретін мектептердің саны - 121-ге, оқушы саны - 1810-ға дейін көтерілген [8,45].

Усулу-жәдит әдісін қолдау мақсатында Мұқаммет Сәлім Кешимовтің «Қазақтарға өсиет», «Кітаптарды тану» сияқты еңбектері жарық көрді. Кітап оқушылар мен оқытушылардың көмекші құралы ретінде қолданылған. М.С.Кешимов қазақ балалары орыс тілінде білім алса, ұлттық құндылықтардан жұрдай болып өседі деп санап балаларды орыс мектептеріне жіберуге қарсы шыққан. Осы мәселе төңірегінде «Айқап» журналына көптеген мақалалар жариялаған.

Қазақ жәдитшілдерінің арасында Мұқамметжан Сералиннің еңбектерін атауға болады. Тройцк қаласындағы Ресулие медресесінде білім алған Сералин Маржанидің еңбектерін оқи отырып,

әлеуметтік, діни және әдет - салттарды сақтай отырып, Батыста дамыған білім мен жаратылыстануды үйренуге болатындығын және осыларға қол жеткізу үшін орыс тілін білу керек екендігін айтқан. М.Сералин медреседегі оқуын тәмамдап, Қостанайдағы қазақ-орыс мектебінде білім алған. Осы оқудан кейін Торғай уезінің Ырғыз қаласына қарасты ауылдық мекен - жайға өз мектебін ашып жаңа әдіспен білім берген [18,152]. Еділ –Орал аймағындағы ақпарат құралдарынан қатты әсер алған М.Сералин қазақ мәдениетінде маңызды орны бар «Айқап» журналын 1911 жылы жарыққа шығарған. Исмайл Гаспыралының басшылығымен дамыған жәдитшілдіктің қазақтарға әсерін М.Сералиннің И. Гаспыралының өлімінен кейінгі жазған «Орны толмайтын өлім» атты мақаласынан аңғаруға болады.

XX ғасырдың бастарында жәдитшілдікпен бірге дамыған түркішілдік ағымының символы ретінде Маған Жұмабаевты айта аламыз. М.Жұмабаев 1905 жылы Қызылжар қаласының байларының бірі, Стамбулда университет оқыған Мұқамметжан Беришевтің ашқан медресесінде білім алған. Бұл медресе Солтүстік Қазақстанның ең маңызды білім ошағы болатын. Медреседе араб, парсы және түрік тілінде білім берілген. Сонымен қатар, түрік тарихы жан - жақты тереңдетіліп оқытылған [19,33]. 1910 жылы Мағжан Жұмабаев медреседе бірге оқыған досы Бекмұқаммет Серкебаевпен бірге Уфа қаласындағы Ғалия медресесіне білім алуға келді. Бұл жылдары Ғалия медресесінде Сәлімгерей Жантурин мен Әлімжан Ибрахимов сияқты ұстаздар тәлім берген [4,6]. Жәдитші қайраткерлермен Уфада танысқан Мағжан шығармаларында Қазақстанда дамып келе жатқан түрікшілдік ойын қазақтардың менталитетіне қарай жаза бастады. Мағжанның өлеңдерінде 1910 және 1920 жылдары Түрік әлемі туралы тақырыптар көптеп кездеседі.

Осылармен қатар, Ислам дінін жаңашалап жәдитше жазған қазақ қайраткерлерінің бірі - Шәкәрім Құдайбердіұлы. Исламды қазақша айту, Құранды қазақшаға аудару, сонымен қатар, діни кітаптар жариялау сияқты қарқынды жұмыстар жүргізген Шәкәрім Құдайбердіұлы "Мұсылмандық шарты" атты еңбегінде Исмайл Гаспыралы туралы ойларын баяндаған. Шәкәрім «Абайдан кейінгі ұстазым ретінде Тержуман газетінің иесі Исмайл Гаспыралыны айтсам артық айтқандық болмайды. Оның газетін оқыдым, көп нәрсе үйрендім. Алла тағала екі дүниеде де мақсатына жеткізсін. Аумин» - деп Гаспыралы туралы пікірін баяндаған [21,649].

Татарлардың қазақ даласына келуімен басталған татар- қазақ қатынасы бастапқы кезде діни бағытта болған. Одан кейінгі жылдары Еділ-Орал аймақтарындағы медреселерде білім алған қазақ жастарының болуы, жәдит қозғалысына атсалысулары Қазақстан жерінде де қолдау тауып жатты. Жәдит қозғалысының арқасында Қазақстанда усулу-жәдид медреселері ашылып, білім туралы хабарлар ақпарат құралдары арқылы жарияланып отырды. Қазақ қайраткерлері Гаспыралының "тіл де, пікір де, іс те бірлік" сөзін дамытуға ат салысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әділжанов F, *Islam as part of the Kazak identity and Chokan Valihanov.*-Анкара, Билкент университеті, 2004.
2. Франк А., *Russian Muslim Institutions in imperial Russia*, Boston «Brill Pres», 2001.
3. Рой О., *Yeni Orta Asya'da ulusların İmal edilişi.* –İstanbul, Melis, 2000.
- 4.Зенковски А., *Rusya'da pantürkizm ve Müslümanlık*, Çev. İ Kantemir. – İstanbul, İpek, 1978.
5. Девлет Н, *Rusya Türklerinde Milliyetçilik (Türkçülük) şuurunun gelişmesi.* Türk Dünyası araştırmaları XIV,1984.
- 6.Түрікоғлы İ., *Rızaeddin Fahrettin.* –İstanbul, Ötüken, 2000.
7. Жексенбаева F. *Орыс-қазақ және отарлау саясаты. Қазақ тарихы*,1996.
8. Пірманов Ә., Капиева А., *Қазақ интелгенциясы.* –Алматы, Атамұра,1997.
9. Рүстемов С., *Орынбор мүфтілігі және қазақтар*, -Алматы, 2004.
10. Егембердиев М., *Туркистанские ведомости gazetesine göre Türkistan'da Ruslaştırma Siyaseti.* -Ankara, Yaşımlanmamış yüksek lisans tezi, 2002.
11. Алгар Х. *The last great Naqshbandi Shaykh on the Volga-Urals Region Muslim in the Central Asia* Expermissions on identity and Change, 1992.
- 12.Субханбердина Y., Дамиров С., -Алматы, Қазақ энциклопедиясы, 1993.
13. Ахметов F., *Алаш алаш болғанда.* –Алматы, Жалын,1996.
14. Рорлич А., *The Volga Tatars.* –California, Stanford,1986.
15. Арат P. *Kazan hanlığı* İ.A.VI:5005-552.
- 16.Андижан A.*Cedidizm'den bağımsızlığa hariçte Türkistan mücadelesi.*- İstanbul, Emre, 2003.
17. Аллаберген Қ., Оразов Ф. *Қазақ журналистикасының тарихы.* –Алматы, Жалын, 1994.
18. Әуезов М, *Әдебиет тарихы.* – Алматы, Өнер,1991.
19. Абдуллин Қ., Қасенов К. *Мұстафа мен Мағжан-Тұран елінің даналары.* -Алматы, Ана тілі, 1993.
20. Жұмабаев М. *Таңдамалы шығармалары.* –Алматы, Ғылым,1992.
21. Мектеп А., *İsmail Bey Gaspıralı ve Kazaklar İsmail Bey Gaspıralı için.* –Ankara,

**ӨЛКЕТАНУ МАТЕРИАЛДАРЫ - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ
БАСТЫ ҚҰРАЛ**

Аманбекова Г.М.

М.П. Русаков атындағы №2 санаторлы мектеп-интернаты, Балқаш қаласы
gulmira.74@mail.ru

Қазіргі кезеңде қоғамның даму бағыты бүкіл оқу-тәрбие жұмысының алдына жас жеткіншектердің тілін, ақыл-ойын, жалпы білім деңгейін, дүниетанымын дамыту мәселесін қойып отыр.

Қазақ елінің тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болуы ұрпақ тәрбиесіне жаңаша қарауды, оны жақсарту жолдарын нақты айқындауды талап етеді. Осындай аса жауапты міндеттердің баянды болуы жас республиканың ертеңгі қажетін өтерлік, елін, туған жерінің табиғатын сүйетін, оны қадірлеп, қорғайтын білімді, саналы азамат өсіру бала дүниеге келген шақтан, мектепке дейінгі кезеңнен басталады. Себебі, егеменді еліміздің ертеңі жас жеткіншектердің білім дәрежесінің тереңдігімен өлшенеді. Ал, бастауыш сынып кезеңіндегі білім қоршаған орта, табиғат жайында қарапайым ұғым беру арқылы баланың дүниетанымын қалыптастырудан басталады.

Мектеп жасындағы балаларға қоршаған ортаның заттары мен құбылыстарын таныстыру арқылы олардың бір-бірімен байланысын ғылыми түрде түсіндіру барысында балаларда алғашқы табиғат туралы ұғым негіздері қаланады. Балалардың мұндай табиғат жайында алған қарапайым дүниетанымдық ұғымдары, олардың бастауыш сыныпта дүниетанымды оқыту барысында және жоғарғы сыныптарда биологиялық пәндер бойынша берілетін білім жүйесінің алғашқы баспалдағы болмақ. Сондай-ақ табиғат заңдылығын жеңіл түрде ұғындыра отырып, берілетін білімнің өзара байланысы мен сабақтастығын қамтамасыз етуде баланың дүниетанымы кеңейіп, тереңделіп, толықтырылады.

«Жаста білген, басқа сіңген тәлімнің,

Өзің өлмей сүйегіңнен қала алмас», – деп классик жазушы Илияс Жансүгіров айтқандай балалық шақтан бойына орныққан, ана сүтімен даритын, ұлттық сезім нышандары, сөз өнері баланың болашақ шамшырағына айналып, рухани байлығын кеңейтуге жол ашады.

Баланы туған елге, жерге, халқына деген сүйіспеншілік, патриоттық сезімге баулып, жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеп өсіру – бүгінгі таңдағы аса жауапты міндеттің бірі. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», - демекші бала тәрбиелеудегі осындай міндеттерді іске асырушылар – мектепке дейінгі мекемелер мен отбасы. Осы екі арнада жүргізілетін тәлім-тәрбие сабақтаса, ұштаса өткізілгенде ғана көздеген мақсат нәтижелі болары сөзсіз.

Қоғамның дамуының қай кезеңінде болмасын табиғат – баланың дүниетанымын дамыту құралы ретінде орын алып, оған ерекше көңіл бөлінген.

XXI ғасырда қоғамымыз нарықтық кезеңнен тұрақты даму парадигмасына ойысып барады. Осы жаңа бағыттағы тенденциялар, жаңа концепциялардың мәні де, мақсаты да адамның экологиялық санасын, мінез-құлқын, табиғатпен қарым-қатынасын жақсарту, яғни жалпы адамзат ізгілігінің құндылығын биік деңгейге жеткізу. Ал, бұл болса тәлім-тәрбиенің ауқымды мақсаттарының бірі болып табылады. Соңғы жылдары көптеген зерттеушілер, Қазақстанның эколог-педагог ғалымдары экологиялық білім, экологиялық тәрбие мәселелерімен шұғылданып, бұл жалпы білім беретін мектептердің алдында тұрған күрделі міндеттерді шешуге атсалысуда. Солардың бірі оқушылардың экологиялық ұғым-түсініктерін қалыптастыру қоршаған ортамен қарым-қатынаста психологиялық жас ерекшеліктерін ескергенде ғана нәтижелі болады деген пікірлер.

Әрбір жеке адамның қоршаған ортамен байланысының басты бөліктерінің бірі – қарым-қатынас деп санайды. Ол табиғатқа адамгершілік қатынасы мен мінез-құлық нормаларын қалыптастыру екенін көрсете отырып, өзі өмір сүріп отырған өлкесінің ерекшеліктерін тану, түсіну, бақылау, жауапкершілікпен қарау деген сөз.

Осы жерде туындайтын мәселе бүгінгі күнге дейін бастауыш сыныптарда оқушылардың экологиялық дүниетанымын қалыптастырудың жүйелі ұғымы жете зерттелмеген, тың мәселе. Бұған байланысты төмендегідей қарама –қайшылықтарды атап айтсақ:

- оқушылардың табиғатпен дұрыс қарым-қатынаста болмауы;
- табиғат тазалығын сақтау дағдылары қалыптаспағандығы;
- табиғатқа қамқорлық жасау, экологиялық мәдениетті қалыптастырудың жеткіліксіздігі;
- табиғатты қорғау, дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыруға арналған және өлкетануға қатысты әдістемелік құралдардың аздығы.

Осы қарама-қайшылықтарды ескере отырып, Қазақстанның жергілікті табиғатына сай, өлке тану принципіне негізделген, нақтылы қай көлемде, қандай мазмұнда табиғат жайында материалдарды енгізу керек? Оны оқытудың жолын талдайтын, балаға табиғат жайында жүйелі ұғым бере отырып, оның экологиялық дүниетанымын қалыптастырудың жолдары мен әдістерін анықтап, саралайтын ғылыми зерттеу жұмыстарының теориялық-әдістемелік базасы жеткіліксіз даму деңгейде келе жатқаны нақтылы және тиімді зерттеулерді қажет етеді.

Экологиялық тәрбиедегі негізгі объект табиғат болғандықтан, оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың негізі өлкетану материалдарын талдау, оларға ғылыми әдістемелік педагогикалық тұрғыдағы сипаттама дайындаған дұрыс. Осы мақсатта мектеп оқушыларын табиғат аясында серуендету, көл жағасына апару, өзі тұратын ауыл, қала туралы фотосуреттер жинау, шығармашылық портфолиолар жасату, ғылыми жобалар дайындау қолға алынуда.

Экологиялық тәрбиенің көкейтестілігі Қазақстандағы экологиялық апат аймақтарының болуымен тығыз байланысты. Айталық, мен сабақ беретін мектеп Балқаш көлінің жағасында орналасқандықтан, оқушыларыма алдымен көл туралы қызықты мәліметтер беру арқылы, фотосуреттер мен видео-көріністер көрсетіп көлге деген таным қызығушылығын оятамын. Одан кейін, серуенге шыққанда көл жағасына барып бақылаулар жүргіземіз: судың түрін анықтау, толқындарды бақылау, құстарды есепке алу, тіпті көл жағасының тазалығына да сипаттама жүргізуге тырысамыз. Бұдан кейін жинаған ақпараттарымызды жүйелей отырып мәселелерге назар аудартуға тырысамын, оқушылар осы кезде өздігінен материалдар жинауға аса ынталы болып келеді. Осындай жұмыстар арқылы оқушылардың бойында өз өлкесіне деген патриоттық сезіммен қатар, экологиялық тәрбие жауапкершілік сезім арқылы қалыптаса берері сөзсіз.

Экологиялық білім мен тәрбие беруді өлкетану материалдарын қолдану арқылы дамытудағы мақсат:

- қоршаған ортаға жауапсыздықпен қараушыларға жол бермеу;
- жастардың бойында экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру;
- қоғамдық пайдалы еңбек және еңбек тәрбиесі арқылы табиғатты қорғау, күту және жақсарту;
- экологиялық білімді насихаттау.

Экологиялық тәрбиенің негізгі мақсаты - балалардың экологиялық көзқарасын, санасын, табиғатқа үлкен парасаттылық, жауапкершілік қарым-қатынасын қалыптастыру. Осы тәрбие арқылы адамның мәдениеттілік сезімі, экологиялық санасы қалыптасады. Экологиялық тәрбиенің басты міндеттері:

- өмірде және нақты іс-әрекетінде экологиялық білімді қолдана білу, іскерлікке төселу;
- табиғатты қорғау және өзгертуге байланысты оқушыларды жаппай қоғамдық пайдалы еңбекке қосу;
- мектепте экологиялық білім және тәрбие орталықтарын ұйымдастыру;

Ең басты міндеттердің бірі - оқушыларды табиғатты қорғау мәселелері туралы ғылыми теориялық және тәжірибелік біліммен қаруландыру.

МАЗМҰНЫ

УНИВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫ, ПРОФЕССОР Б.МАМРАЕВТЫҢ «ҰЛТТЫҚ ТАРИХТЫ ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ ӨЛКЕТАНУ РӨЛІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ – ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯҒА АРНАЛҒАН АЛҒЫ СӨЗІ	3
МӘЖИТОВ С.Ф. Өлке тарихы теориясы мен тәжірибесінің өзекті мәселелері.....	4
1-СЕКЦИЯ	
ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ӨЛКЕТАНУ: ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ, ЭТНОЛОГИЯ, ГЕОГРАФИЯ, ТУРИЗМ	
ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКОЕ КРАЕВЕДЕНИЕ: ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ, ЭТНОЛОГИЯ, ГЕОГРАФИЯ, ТУРИЗМ	
МАМРАЕВ Б.Б. Өлке тарихындағы өзекті мәселелер.....	9
ТАБЫЛДИЕВ Х.Б. Атырау өңірінде құрылған қорғаныс күштерінің жұмысы.....	13
САРСЕНОВ А.С., БОЗАХАЕВА Г.К. «Гурьев (Атырау) облысы халқының майдан мен тылға көрсеткен сан – алуан көмегі».....	15
ЖАУТИКОВ Б.А., АЙКЕЕВА А.А., ЖАУТИКОВ Ф.Б., МУХТАРОВА П.А. Инновационная технология хранения нефтепродуктов.....	16
ЖҰМАБАЕВА Ж.К. Тас кешу керуен сарайы – көшпелі өркениет ескерткіші.....	21
НАҒЫМОВ Ш.Н., ЖҰМАБАЕВ А.Ж. Мұрат Мөңкеұлы шығармаларындағы қазақ тарихының деректері.....	24
МҰСТАФИН Ж.Ж. Махамбет шығармаларындағы өлке тарихы.....	26
МҰСТАФИН Ж.Ж. Кіші жүз тарихының жаңа беттері	28
ТУРДАЛИЕВ.Ә.О., ТУРДАЛИЕВ Қ.О., ЖАУЫМБАЕВ А.А. Өлкемізде мұнай химиясының даму тарихынан.....	31
ДЖАМБАУЛОВА Г.А. Оралмандардың тарихи ортаға бейімделуі.....	34
САРМУРЗИНА Н. Ресейдегі ұлттық мектептердің ашылу тарихынан.....	36
ШАМҒОНОВ А. Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтерілістің бірінші кезеңі.....	38
ЖАНДАРБЕКҚЫЗЫ Г. Мәдени мұра – рухани қазына.....	40
НАСТИНОВА Г.Э. Самобытная культура калмыцкого народа как ресурс этнического туризма.....	43
НАСТИНОВА Г.Э., БЕКСАУТОВА А.Ш., АЛЬЖАНОВА Р.Ж. Природное и историко-культурное наследие прикаспийского региона как ресурс международного туризма.....	46
АЛЬДИБАЕВА А.Б., ОРЫНБАЕВА Л.Т., СЕНТАЕВА Р.Т. Ұлы жібек жолы және туризм.....	49
БЕСЕКЕЙ Е. Қонақ үй бизнесі кәсіпорындарының маркетингтік қызметін басқару жүйесінде сапаны басқарудың жалпы стратегияларын әзірлеу.....	55
АБЫЗБАЕВА А.Т. Экологиялық туризмнің дамуы.....	58
ТАЖИЕВА З. Д. Развитие туристического потенциала приаральского края.....	61
ТОҚСАБАЕВА М.Е., КАРИБЖАН М.Ә. Алматы қаласы - туризм орталығы	63
ТОҚСАБАЕВА М.Е., КАИРОВА А.Қ. Туристік-рекреациялық аудандардың туризмді дамытудағы орны (алматы облысы, панфилов ауданы мысалында).....	67
ТОҚСАБАЕВА М.Е., СҮГІР Н.М. Көлдердің туризмді дамытудағы маңызы мен рөлі (алматы облысы мысалында).....	71
GILAZNEVA S.M., RYSMAGAMBETOVA S.B. The problems of the caspian sea at the present level..	72
GILAZNEVA S.M., RYSMAGAMBETOVA S.B. Environmental security of the caspian sea.....	74
КАСЕНОВ М.С., ҚУАНЫШ С.О., ЗАЙНОВ А.М. Ақтөбе-лаэти қаласындағы археологиялық қазба жұмысы.....	77
КАСЕНОВ М.С., ТҰРАРҰЛЫ А. Қылыш II обасындағы қазба.....	83
КАСЕНОВ М.С. Теңізшевройл кеніші жеріндегі археологиялық ескерткіштер.....	88
АЛИПОВА Д.Ж. Қазақтың баспанасы мен тұрғын үй-жайы хақында	91
ҚЫДЫРАЛИН Ү.С. Қазақ этнографиясының зерттелуі, қалыптасуы.....	94
ҚАЙЫРҒАЛИЕВА Г., АЙБАРОВ Д. Атырау аймағындағы көне қалалар (Ақтөбе-Лаэти қаласының мысалында)	94

КУАНЫШ С.О. Вопросы организации областной летней археологической полевой школы	98
БИМАНОВА О.М. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнер бұйымдарының ішінде күмістен жасалған бұйымдардың алатын орны.....	101
НУРМАНОВА А.К. Батыс қазақстан өлкетануының даму тарихынан	103

2-СЕКЦИЯ

ӨЛКЕЛІК ӘДЕБИ МҰРА ЖӘНЕ ТІЛДІК ДҮНИЕТАНЫМ ЛИТЕРАТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КРАЯ И ЭТНОЛИНГВИСТИКА

САЛИХОВА А.З. Қазақ тіліндегі топонимдердің танымдық ерекшелігі.....	108
АТАШЕВ С.М. Қыпшақ даласындағы (X-XII ғ.) ру-тайпа атаулары.....	110
САДЫҚОВА А.Т.,ЕСЕТОВА А.Х. Ерғалиев шығармаларындағы тарихи тұлғалар бейнесінің сомдалуы.....	114
АЯПОВА Г.Б. Ұлттық драматургиядағы Махамбет бейнесін сомдаудағы көркемдік сабақтастық (Берік Қорқытовтың «Махамбет» драмасы негізінде).....	116
КЕНЖЕГАЛИЕВА С.К. Об учете социокультурного контекста изучения неродного языка.....	119
ТУЛЕПБЕРГЕНОВА Р.Р. Етістікті фразеологизмдердің ұлттық, этномәдени негізі (А.Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастаны бойынша).....	120
САЛИМОВА Н.С. Қазақ әйел бас киім атауларының этнолингвистикалық сипаты.....	122
СҮНДЕТҰЛЫ Қ. Өлке баспасөзінің тарланы.....	125
ЖОЛДЫГУЛОВА А. Фразеологизмдер жүйесіндегі антонимдік оралымдар.....	133
ҚҰЛШАРОВА А. Табиғат пен кейіпкер жанының үндестігі (<i>Жазушы Н. Әбуталиевтің «Наркескен» романы бойынша</i>).....	135
ИСМУРЗИНА Г.Б. Халқының мәдени-рухани қызметшісі.....	136
БОТАГАРИЕВА Г. Халық мұғалімі Құсиын Айтқалиевтің жемісті еңбектері.....	139
КАМИШЕВА Г.А. Сопылық әдебиеттегі Қожанасыр бейнесі.....	142
КАРТАШЁВА А.Н. Этнокультуроведческая компетенция студентов казахских отделений.....	145
АМАНҒАЛИЕВА М.Ж. Сембай Бердімұратов поэзиясындағы туған жер тақырыбы	147
ТӘЖІҒАЛИЕВА А.С. Туған тіл.....	150
ҚАРАЖІГІТОВА Н.Қ. Халық мұрасы –тәрбие көзі.....	152

3-СЕКЦИЯ

ӨЛКЕТАНУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ КРАЕВЕДЕНИЕ И ТЕХНОЛОГИЯ ОБУЧЕНИЯ

ТАНАТАРОВА Ж.Т. Өлке тарихының тарланы.....	155
МЕҢДІГЕРЕЕВ К.Б., БЕРДІҒОЖИН Л.Б. Балық кәсіпшілігінің ұйымдастырылуы.....	157
НҰРҒАЛИЕВА Г.Ж. Атырау облысының ауылдық аймақтарына экологиялық- демографиялық тұрғыдан баға беру.....	163
ЕСЕТОВА А. Тарих қойнауынан сыр шерткен.....	167
ТОҚСАБАЕВА М.Е., ШЫНТЕМИРОВА А.О. Каспий теңізінің экологиялық мәселелері және оларды шешу жолдары	168
САБЫРОВ А.Р. Теңізшевройл – каспий өңіріндегі жетекші инвестор.....	172
НАЖМЕДЕНОВ О.М. 1990-2000 жылдардағы Атырау спортының даму тарихы.....	174
ИМАНГУЛОВА Т.В., САВАНЧИЕВА А.С. История географо-краеведческих исследований территории прикаспийской низменности	177
САВАНЧИЕВА А.С. Современные исследования и освоение территории прикаспийского региона.....	181
ТУРГУМБЕКОВА Н.М. Өлкетану сабақтарында жергілікті жер географиясын оқытудың тиімді әдістемесі.....	185

БАЗАРФАЛИЕВ Ғ.Б. Түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесі мен педагогикалық мұралары негізінде жеке тұлғаны отансүйгіштікке тәрбиелеу жолдары	188
ҚАРЖАУБАЕВ А.Б. Мектеп оқушыларына өлкетану жұмысын жетілдірудің проблемалары.....	192
КОЙШИГУЛОВА Л.Е. Из истории образования казахов россии.....	193
ТУЛЕНОВА Ұ.Т. Бастауыш сынып оқушыларына дүниетану пәнін оқыту арқылы өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру.....	196
ҚОЖРАҚОВА А.С. Мүмкіндігі шектеулі бала және әлеуметтік орта.....	200
СҮЙЕУОВА А.С. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқытуда с.қазыбаевтың ғылыми - әдістемелік еңбектерін пайдаланудың маңызы	202
УСЕНОВА Л.А. Ағылшын тілін оқытуда оқушыны субъект ретінде дамытудағы биоинформатика және синергетика технологиясының тиімділігі	203
КЕРЕШОВ С.К. Өлкетану арқылы оқушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.....	207
СУЛТАШЕВА Г.К., САБИРОВА Ж.Н. Төтенше жағдай кезіндегі халықтың мінез-құлқының психологиялық ерекшеліктері.....	210
НАЖИКЕНОВА Г. Тұлғаның жалпы адамзаттық құндылықтарын қалыптастыру.....	212
БАЙДАЛИЕВ Д.Д., АЛПЫСБАЕВА Ғ.Б. Жоғары оқу орындарындағы өлкетану жұмыстарының жағдайы.....	215
ТАҢАТАРОВА Ж.Ә., КЕНЖИЕВА Г.Р. Өлкетану негізінде бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық бағдарын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жүзеге асыру бағдарламасы.....	218
ӘМІРГАЛИ Е.Т., ТӨЛЕМІСОВА Г.Б. Кең жылой батырлары мен ақындары.....	221
АЛМАУЫТОВА Ә.Б., ҚОҚЫБАСОВА Г.Б. Қазақ мәдениетіне татарлардың әсері және қазақ жәдитшілігінің дамуы.....	222
АМАНБЕКОВА Г.М. Өлкетану материалдары - экологиялық тәрбие берудегі басты құрал.....	226

Подписано в печать 2013 г.
Формат А4. Усл.печ.л. 27,75
Тираж 100 экз.



Отпечатано в типографии Атырауского государственного университета
имени Х.Досмухамедова
060011, г.Атырау, пр.Студенческий, 212